ISSN (online) 2959-6017
ISSN (print) 2959-6009

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 3(90), 2026

Алматы

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
№3(90), 2026

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**
(жауапты хатшы),
магистр оқытушы:
Б.А. Отаралы
(техникалық хатшы),
т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов,**
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов,**
PhD, проф. **Вирджиния Мартин**
АҚШ),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап** (Түркия),
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**
(Қырғыз Республикасы),
т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов,**
проф. **М.Майер** (Германия),
т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия),
т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев,**
PhD, доцент **К.С. Каримов**
(Өзбекстан Республикасы)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2026

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 20.09.2026 қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 57,9 е.б.т.
Тапсырыс 5.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Абенова Б.С., Абенов Д.Қ. Ресей әкімшілік заңнамасының Батыс Сібір қазақтарын басқарудағы аймақтық интеграциясы: Дала ережесі бойынша..... 5
Abenova B.S., Abenov D.K. Regional integration of Russian administrative legislation on the management of the kazakhs of Western Siberia: on the Steppe regulations
Абдыкулова Г.Х., Алиакбарова А.П., Еришева Т.А. Казахское кочевое общество в условиях Гражданской войны (1918-1920 гг.): повседневные практики и адаптация..... 21
Abdykulova G.Kh., Aliakbarova A.P., Yerisheva T. Kazakh nomadic society during the Civil war (1918s-1920s): everyday practices and adaptation
Кадиркулова Г.К., Омарова А.Е., Утешова А.С. Орталық Азиядағы жаңа әдісті мектептердің қалыптасуы және тарихи маңызы..... 37
Kadirkulova G.K., Omarova A.E., Uteshova A.S. The emergence of new-method schools in Central Asia and their historical significance
Джумабеков Д.А., Ыбырайхан М.Ы., Шапагатова Д.Д. 1920-1930 жж. Орталық Қазақстан мен шекаралас аудандарда тіршілік ету стратегиясы ретіндегі көшіп-қону..... 51
Dzhumabekov D., Ybyraikhan M., Shapagatova D. Migration as a livelihood strategy in the 1920s-1930s in Central Kazakhstan and border regions
Мухамбетгалиева А.К., Исламов М.К., Байшов Б.Б. Повседневная жизнь населения Актюбинской области в отражении периодической печати второй половины 1940- х – начала 1950 –х гг..... 66
Mukhambetgalieva A.K., Islamov M.K., Baishov B.B. Everyday life of the Aktobe region population as reflected in periodicals of the second half of the 1940s – early 1950s
Балахметова Г.К. Государственная политика в сфере подготовки научно-педагогических кадров в педагогических вузах Казахстана (1970-1985 гг.)..... 80
Balakhmetova G.K. State policy in the field of scientific and pedagogical personnel training in pedagogical universities of Kazakhstan (1970s-1985s)
Кочиев Э. Рафик-Оглы, Кабульдинов З.Е. Особенности адаптации турок-ахыска в Казахстане после отмены режима спецпоселения 1956 года..... 94
Kochiyev E. Rafik-Ogli, Kabuldinov Z.E. Peculiarities of adaptation of the ahiska turks in Kazakhstan after the abolition of the special settlement regime in 1956

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

Вальдемар Шмидт *(Германия)* Об эмиграции европейских евреев на территорию Африканского континента (на примере Южной Африки и подмандатных территорий Великобритании)..... 107
Waldemar Schmidt *(Germany)* On the emigration of european jews to the territory of the African Continent (Using the example of South Africa and the British Mandate Territories)
Алиев У., Таубаева М. Е., Жораева Г. Т. «История национально-государственного размежевания тюркских народов в Средней Азии: причины и последствия»..... 121
Aliyev U., Taubaeva M. E., Zhorayeva G. T. "The history of national-state demarcation of the Turkic peoples of Central Asia: causes and consequences"

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №3(90), 2026

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. **Г.К. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. **М.К. Койгелдиев** (зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. **Р.Р. Оспанова** (ответ. секретарь),
преп. магистр: **Б.А. Отаралы** (тех. секретарь),
д.и.н., проф. **Х.М. Абжанов,**
к.и.н., проф. **Б.С. Жумагулов,**
PhD, проф. **Вирджиния Мартин** (США),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (США),
д.и.н., проф. **Кара Абдиуакап** (Турция),
д.и.н., проф. **О.Д. Осмонов** (Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. **В.М. Козьменко** (Российская Федерация),
д.и.н., проф. **К.Т. Жумагулов,**
проф. **М.Майер** (Германия),
д.и.н., проф. **А.Б. Соколов** (Российская Федерация),
д.и.н., **Томохико Уяма** (Япония),
д.и.н., проф. **Т.Ходжаоглы** (Турция),
д.и.н., проф. **Г.М. Карасаев,**
PhD, доцент **К.С. Каримов**
(г. Коканд, Республика Узбекистан

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2026

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 20.09.2026.
Формат 60x84 $^{1}/_{8}$.
Объем 57,9 уч.-изд.л.
Заказ 5.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Ермеккалиев А.У., Асымова Д.Б. Эстонияның Кеңес Одағына қосылуының әлеуметтік-экономикалық аспектілері: тарихнамалық талдау..... 135
Yermekkaliyev A.U., Assymova D.B. Socio-economic aspects of Estonia's incorporation into the Soviet Union: a historiographical analysis

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

Kushenova G., Auanasova A. The paradox of colonization: Russia's role in the promotion of pan-turkism in the kazakh steppe (late 19th - early 20th century)..... 149
Кушенова Г.И., Ауанасова А.М. Отарлау қайшылығы: Ресейдің қазақ даласында пантүркішілдіктің дамуына әсері (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басы)
Saidirakhman U., Aubakirova K., Mamyrbekov A. *(Canada)* Evolutionary development of political and legal ideas in the Alash movement (based on the "Karkaraly charter" and the "charter of the kazakh county")..... 165
Сәйдірахман Ұ., Аубакирова К., Мамырбеков А. *(Канада)* Алаш қозғалысындағы саяси-құқықтық идеялардың эволюциялық дамуы («Қарқаралы құзырхаты» мен «қазақ елінің уставы» негізінде)
Kozgambayeva G.B., Karpikova T.K., Kozybakova F.A. The history of ethnic groups deported to the South Kazakhstan region during the 1930s-1950s..... 177
Козгамбаева Г.Б., Қарпықова Т. Қ., Қозыбакова Ф.А. Оңтүстік Қазақстан облысына XX ғасырдың 30-50 жылдарында депортацияланған халықтар тарихы
Бабақұмар Хинаят Этномедициналық білімнің мәдени логикасы мен функциялары: диаспора жағдайындағы трансформация (Түркиядағы қазақтар мысалында)..... 188
Babakumar Khinayat Cultural logic and functions of ethnomedical knowledge: transformation in a diasporic context (the case of kazakhs in Turkey)
Кали А.Б. Религиозные и образовательные практики в повседневной жизни татар Семиречья во второй половине XIX – начале XX веков..... 203
Kali A.B. Religious and educational practices in the everyday life of the tatars of Zhetysu in the second half of the 19th and early 20th centuries
Жумашев Ж.М., Оте Д.Е., Мейрамбеков А.С. Национализация транснациональной образовательной сети: реорганизация казахско-турецких лицеев в систему «Білім-инновация» (2016–2025 гг.)..... 218
Zhumashev Zh.M., Ote D.Ye., Meirambekov A.S. Nationalization of a transnational educational network: the reorganization of the kazakh-turkish lyceums into the «Bilim-innovation» system (2016s-2025s)
Balgabaeva G.Z., Yarochkina Ye.V., Bekmagambetov R. The role of the korean diaspora in the development of public education in northern Kazakhstan (1938-1980 yy.)..... 233
Балгабаева Г.З., Ярочкина Е.В., Бекмағамбетов Р.К. Солтүстік Қазақстандағы корей диаспорасының халықтық білім беруді дамытудағы рөлі (1938-1980 жж.)
Нурбетова Ж.О., Бесбаев М.А., Токжигитова М.А. Ишаны и муллы в казахской степи и их преследования советской властью..... 246
Nurbetova Zh., Besbayev M.A., Tokzhigitova M.A. Ishans and mullahs in the kazakh steppes and their persecution by the Soviet authorities

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
METHODS OF TEACHING HISTORY

Musabaev S., Tairova N.A., Toktarova T. Traditional methods of teaching the history of independent Kazakhstan: types and features..... 259

Abay Kazakh National Pedagogical University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political sciences»
№3(90), 2026

Periodic – 4 issues\year
Published since 2000

Editor-in-chief:
doctor of historical sciences
G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:
Koigeldiyev M.K. *doctor of historical sciences, professor*
(editorial-in-chief's assistant),
Ospanova R.R. *candidate of historical sciences, associate professor*
(responsible secretar),
Otaraly B.A. *master teacher*
(technical secretary),
Abzhanov Kh.M. *doctor of historical sciences, professor,*
Zhumagulov B.S. *candidate of historical sciences, professor,*
Virginia Martin. *professor, PhD* (USA),
Claudia Chang *professor, PhD* (USA),
Kara Abdiyakap *doctor of historical sciences, professor* (Turkey),
Osmonov O.D. *doctor of historical sciences, professor* (Kirgistan),
Kozmenko B.M. *doctor of historical sciences, professor* (Russian Federation),
Zhumagulov K.T. *doctor of historical sciences, professor,*
Mayer M. *doctor of historical sciences, professor* (Germany),
Sokolov A.B. *doctor of historical sciences, professor* (Russian Federation),
Tomokhiko Uyama *doctor of historical sciences* (Japan),
Khodjaogly T. *doctor of historical sciences, professor* (Turkey)
Karasayev G.M. *doctor of historical sciences, professor*
Karimov K.S. *PhD associate Professor*, *(Republic of Uzbekistan)*

Abai Kazakh National Pedagogical University, 2026

Registered in the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan, May, 8, 2009 №10102-Zh

Signed for print 20.09.2026
Format 60x84 $^{1}/_{8}$.
Volume 57,9 уч.-изд.л. order 5.

050010, Almaty
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house
Abai Kazakh National Pedagogical University

Мұсабаев С., Таирова Н.А., Тоқтарова Т. Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқытудың дәстүрлі әдістері: түрлері мен ерекшеліктері
Ерденбекова Ж.С., Мырзатаева З.Б., Мұратбеккызы Б. Семей семинариясы және алашшыл-педагог түлектер тәжірибесін мектепте оқытудың маңызы (1902–1920 жж.)..... 271
Yerdenbekova Zh., Myrzatayeva Z., Muratbekkyzy B. Semipalatinsk seminary and alash-oriented teachers: the importance of teaching the experience of its graduates at school (1902s–1920s)
Ахметова Г.М. Источниковедческий потенциал научного наследия И.В. Ерофеевой в преподавании новой истории Казахстана..... 283
Akhmetova G.M. The source-critical potential of I.V. Erofeeva's scholarly legacy in teaching the modern history of Kazakhstan
Сманова А.М., Ахметова Ж.К. XX ғ. басындағы ұлттық идеяның қазіргі отандық тарихта оқытылу мәселесі (Академик К. Нұрпейістің зерттеулері мысалында)..... 299
Smanova A.M., Akhmetova Zh.K. "The issue of teaching the national idea of the early 20th century in contemporary national history" (Based on the research of academician K.Nurpeis)

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

Суюндикова М.К., Утубаев Ж.Р. Аршалы-2 қонысындағы керамикалық кешен..... 311
Suyundikova M., Utubayev Zh. The ceramic complex of the Arshaly-2 settlement
Салимгереева Ш.А. Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық дамуы (2016-2026 жж.)..... 323
Salimgereyeva Sh.A. Ethnodemographic development of the population of the Aktobe region (2016s-2026s)
Ахметова У.Т., Байгалиев Ж.Р., Мұқтар Ә.Қ. Жошы ұлысы нумизматикасы контекстіндегі Сарайшық соғылымдары: таралу аймағы, экономикалық және саяси байланыстар..... 335
Akhmetova U.T., Baigaliev J.R., Mukhtar A.K. The Saraishyk mints within the context of the ulus of Jochi numismatics: areas of circulation, economic and political ties

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

Избасарова Г.Б., Агатаева Д.Ш. Тарихи картаны дерек ретінде зерттеу әдістері: Қазақстанның жаңа заман кезеңі мысалындағы кеңістікті талдау мүмкіндіктері..... 353
Izbassarova G.B., Agataeva D.Sh. Methods of historical map research as a source: possibilities of space analysis using the example of the modern period in Kazakhstan
Шорманова А.Қ., Абикенова Г.Е. Қазақстандағы оқу-ағарту саласының ұйымдасырылуының деректері ресми басылымдарда: сақталу формалары мен объективтілігі (XIX ғ. 2-ші жартысы)..... 374
Shormanova A.K., Abikenova G.E. Information on the organization of the education system in Kazakhstan in official publications: forms of preservation and objectivity (second half of the XIX th century)
Амангелді Қ., Ташағыл А. Қазақстан тарихының деректік негізін қалыптастырудағы Ресей империясы статистикалық экспедицияларының рөлі: «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары» мысалында..... 386
Amangeldi K., Tasagil A. The role of the Russian Empire's statistical expeditions in forming the source base for the history of Kazakhstan: the case of the «materials in Kyrgyz land use»
Нұратай А.А., Кундакбаева Ж.Б. Кеңестік тарихнамадағы Қазақстанның тау-кен өнеркәсібі туралы зерттеулер..... 397

Nuratay A.A., Kundakbayeva Zh.B. Research on the mining industry of Kazakhstan in Soviet historiography
Мендикулова Г.М., Кобландин К.И., Смайл Н.Б. Документальная история казахов в 1867–1918 гг., извлеченная из фондов Центрального Государственного Архива Республики Узбекистан..... 410
Mendikulova G.M., Koblandin K.I., Smail N.B. Documentary history of the kazakhs in 1867–1918, extracted from the holdings of the Central State Archive of The Republic of Uzbekistan

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY

Алпысбаева Н.К., Мұстафина Ә. Х., Макатова Ж.Ә. Мемлекет және қоғам қайраткері Б.Р. Рамазановаңың Қазақстан архив ісінің дамуына қосқан үлесі..... 425
Alpysbayeva N.K., Mustafina A.H., Makatova Zh. A. The contribution of the stateswoman and public doer B.R.Ramazanova to the development of archival affairs in Kazakhstan
Жуматай С., Муканова Г.К., Баяхметов С.У. Казахи - выпускники медресе Бухары, целители конца XIX - начала XX вв. Шаймерден Косшыгулов..... 439
Zhumatay S., Mukanova G.K., Bayakhmetov S.U. Kazakhs - graduates of the Bukhara madrasah, healers of the late 19th and early 20th centuries. Shaymerden Kosshygulov

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

Дүйсенбайқызы А. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау процесі (Абай атындағы ҚазҰПУ мысалында)..... 451
Duisenbaikyzy A. The process of professional training of history teachers in the system of higher pedagogical education (on the example of Abay Kazakh National Pedagogical University)

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді (2021 жылғы 9 қыркүйектегі No739 бұйрығы).

Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки» внесен в список для публикации основных результатов научных деятельности по историческим наукам изданий рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерсва образования и науки Республики Казахстан (приказ № 739 от 9 сентября 2021 года).

The bulletin Abai KazNPU, the series "Historical and socio-political Sciences" is included in the list for the publication of the main results of scientific activities in historical sciences of publications recommended by the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Order No. 739 dated September 9, 2021).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 974(54)
https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.001

Б.С. Абенова[1], Д.Қ. Абенов[2]*

[1]Т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: bibigul_aben@mail.ru
https: //orcid.org/0000-0002-1784-9874

[2]Т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: aben_60@mail.ru
https: //orcid.org/0009-0008-3140-9227

РЕСЕЙ ӘКІМШІЛІК ЗАҢНАМАСЫНЫҢ БАТЫС СІБІР ҚАЗАҚТАРЫН БАСҚАРУДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: «ДАЛА ЕРЕЖЕСІ» БОЙЫНША

Аңдатпа

XIX ғасырдың 70-80-ші жылдары Ресейдің өлкеде жүргізген әкімшілік, саяси қайта құруларының нәтижесінде қазақтар мекендейтін территориялар таралып, бірнеше әкімшілік құрылымдарға кіргізілді. Бұрынғы Бөкей хандығы территориясы Астрахань губерниясының құрамдас бөлігіне айналды. Манғыстау жері Закаспий облысының құрамына берілді. Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстары Дала генерал-губернаторлығына енгізілді. Сырдария облысы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында қалды. Қазақтар Далалық өлкемен іргелес Сібір, Алтай аймақтарында да мекендеді.

Әкімшілік басқару жағынан Дала генерал-губернаторлығы облыстарының өзі түрліше жүйеде болды. Жетісу облысында 1867 жылғы Ережемен енгізілген әскери-халықтық басқару жұмыс жасады. Семей облысын 1868 жылғы Ереже бойынша, әскер қолбасшылығын қатар атқарған, әскери губернатор басқарды. Ақмола облысында 1881 жылдан бастап губернатор басшылық етті. 1867, 1868 жылдардағы Ережелер арасында да елеулі айырмашылықтар сақталды. «Уақытша» мәртебедегі, тәжірибе ретінде екі жыл мерзімге енгізілген бұл Ережелерді өзгерту қажеттілігі өзекті мәселеге айналады. Осыған орай, 1891 жылы қазақ даласын басқаруды бірыңғайға келтіру мақсатындағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже» жасақталды.

Мақалада 1891 жылдың 25 наурызында бекітілген осы Дала ережесінің «Әкімшілік құрылым» бөлімінің баптарына талдау жасалады. Кейбір баптар 1867, 1868 жылдардағы Ережелер қағидаларымен салыстырыла сарапталады. Зерттеу нысанына сай, баптар Батыс Сібір өлкесіне қатысты фактілермен дәйектеледі. Қазақ даласын басқару ісінің империяның ішкі губерниялық әкімшілік жүйесіне сәйкестендірілгені атап көрсетіледі.

Кілт сөздер: Дала ережесі, далалық облыстар, әкімшілік заңнама, генерал-губернатор, уез, болыс

Алғыс: *Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН AP23489137 «Батыс Сібір қазақтарын басқару құрылымдары: XYIII ғ. соңы – XIX ғ.» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.*

Б.С. Абенова[1], *Д.К. Абенов*[*2]

[1] *К.и.н., доцент, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан*
E-mail: bibigul_aben@mail.ru
https: //orcid.org/0000-0002-1784-9874

[2] *К.и.н., доцент, КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Республика Казахстан*
E-mail: aben_60@mail.ru
https: //orcid.org/0009-0008-3140-9227

РЕГИОНАЛЬНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ РОССИЙСКОГО АДМИНИСТРАТИВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ПО УПРАВЛЕНИЮ КАЗАХАМИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ: ПО СТЕПНОМУ ПОЛОЖЕНИЮ

Аннотация

В результате административно-политических преобразований, проведенных Россией в регионе в 70-80-х годах XIX века, казахские территории были включены в несколько административных образований. Территория бывшего Букейского ханства стала составной частью Астраханской губернии. Мангыстау передан в состав Закаспийской области. Акмолинская, Семипалатинская, Семиреченская, Уральская, Тургайская области введены в состав Степного генерал-губернаторства. Сырдарьинская область находилась в составе Туркестанского генерал-губернаторства. Казахи заселяли и регионы Сибири, Алтая, прилегающих к Степному краю.

Административное управление в областях Степного генерал-губернаторства определялось по разному. В Семиреченской области действовало военно-народное управление, введенное Положением 1867 года. Семипалатинскую область по Положению 1868 года возглавлял военный губернатор, параллельно служивший командующим войсками. Акмолинской областью с 1881 года руководил губернатор. Существенные различия сохранились и между Положениями 1867, 1868 годов. Назрела необходимость изменений этих «Временных положений», введенных сроком лишь на два года. В этой связи, в целях упорядочения управления казахскими степями, в 1891 году разработано «Положение по управлению Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями».

В статье анализируется раздел Степного положения «Административное устройство» в сравнении с одноименными разделами Положений 1867, 1868 годов. Согласно объекту исследования, статьи Положения подтверждены фактами, касающимися Западно-Сибирского региона. Подчеркивается, что управление казахскими степями было приведено в соответствие с внутригубернской административной системой империи.

Ключевые слова: Степное положение, степные области, административное законодательство, генерал-губернатор, уезд, волость

Благодарность: *Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Структуры управления казахами Западной Сибири: конец XVIII в. – XIX век)» (регистрационный номер AP23489137).*

Abenova B.S. [1], *Abenov D.K.* *[2]

[1]*Candidate of Historical Sciences, docent, KazNPU named after Abai, Almaty, Republic of Kazakhstan*
E-mail: bibigul_aben@mail.ru
https: //orcid.org/0000-0002-1784-9874

[2]*Candidate of Historical Sciences, docent, KazNPU named after Abai, Almaty, Republic of Kazakhstan*
E-mail: aben_60@mail.ru
https: //orcid.org/0009-0008-3140-9227

REGIONAL INTEGRATION OF RUSSIAN ADMINISTRATIVE LEGISLATION ON THE MANAGEMENT OF THE KAZAKHS OF WESTERN SIBERIA: ON THE STEPPE REGULATIONS

Abstract

As a result of the administrative and political reforms carried out by Russia in the region in the 1870s and 1880s, the Kazakh territories were incorporated into several administrative entities. The territory of the former Bukei Khanate became part of the Astrakhan Governorate. Mangystau was transferred to the Transcaspian Region. The Akmola, Semipalatinsk, Semirechensk, Ural, and Turgay regions were incorporated into the Steppe Governorate-General. The Syrdarya region was part of the Turkestan Governorate-General. Kazakhs also settled in the regions of Siberia and Altai, which are adjacent to the Steppe region.

Administrative management in the regions of the Steppe Governorate was determined in various ways. The Semirechensk region was governed by a military-people's administration established by the Regulations of 1867. According to the Regulations of 1868, the Semipalatinsk region was headed by a military governor who also served as the commander of the troops. The Governor has been in charge of the Akmola Region since 1881. There were also significant differences between the Regulations of 1867 and 1868. It is time to amend these «Temporary Regulations», which were only in effect for two years. In this regard, in order to streamline the management of the Kazakh steppes, the «Regulations on the Management of the Akmola, Semipalatinsk, Semirechensk, Ural and Turgai Regions» were developed in 1891.

The article analyzes the «Administrative Structure» section of the Steppe Statute in comparison with the corresponding sections of the Statutes of 1867 and 1868. According to the research object, the provisions of the Regulations are confirmed by facts related to the West Siberian region. It is emphasized that the administration of the Kazakh steppes was brought into line with the empire's internal administrative system.

Keywords: Steppe regulations, steppe regions, administrative legislation, Governor-General, county, municipality

Acknowledgements: *The article was carried out with in the frame work of the implementation of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Management structures of the Kazakhs of Western Siberia: the end of the XVIII -XIX centuries)» (registration number AP23489137).*

Кіріспе. XIX ғасырдың 20-90-шы жылдарында өлкенің жекелеген аймақтарына қазақ қоғамын басқаруға қатысты кезең-кезеңмен енгізілген әкімшілік реформалар, әскери-басқын-шылық режим орнату арқылы, қазақтарды бір кездегі еркіндігі мен тәуелсіздігінен толығымен және түпкілікті айырды, Қазақстанның отарлық жағдайын нақты бекітті және қазақ халқын

қанау мен қазақ жерлерін тонау үшін шексіз мүмкіндіктер ашып берді. Қазақ өлкесін басқаруға қатысты әкімшілік реформалардың бәрі отарлық сипатты иеленді.

Империя үшін 1891 жылғы Дала ережесінің маңызы зор болды. Ол далалық облыстарды әкімшілік басқаруды біріздендіру ғана емес, оны империяның ішкі губерниялық басқару жүйесіне сәйкестендіру әрекетін жасады. Ереже Ресей әкімшілік заңнамасының қазақтарды басқарудағы аймақтық интеграциясын нақты дәлелдей түсті.

Дала ережесі қазақ даласын басқаруда туындаған ала-құлалықты, жеткілікті жетілмеген әкімшілікті, дұрыс ұйымдастырылмаған мекемелерді жетілдіруі және басқару ісін бірегейлеуі қажет болды. Яғни жаңа заңнамаға проблемаларды шешуде үлкен міндеттер жүктелді.

Түрлі ведомстволар мен министрліктер, генерал-губернаторлар, губернаторлар, мекемелер басшылары, қоғамдық басқаруды ұйымдастырушылар басқару ісін дереу өзгерту жөнінде ұсыныстар беріп жатты. Дала генерал-губернаторы бір өлкеге қатысты екі түрлі Уақытша ереженің қолданылатынына тоқтала келе, «бұл ережелер арасындағы көптеген негізсіз айырмашылықтар салдарынан, олардың бір мәселеге қатысты толық болмауы, басқа мәселелерге қатысты ескіруі немесе ымыраға келмеуі салдарынан, далалық облыстар үшін ортақ ереже жасақтауға айтарлықтай қажеттілік туындады; ол ережеде әрекеттегі қағидалар біріктіріліп, тәжірибе берген нұсқаулар бойынша шұғыл деп танылатын қосымшалар мен өзгерістер енгізілер еді» [1, 38-п.] деп мәлімдеді.

Ережені жасақтау үшін 1884 жылы Омбы қаласында Ақмола облысы вице-губернаторы Н.Курбановскийдің, 1885 жылы сенатор В.К. Плевенің төрағалығындағы арнайы комиссиялар жұмыс жасады. Соңғы комиссияның жұмысының нәтижесінде жасақталған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже» 1891 жылдың 25 наурызында бекітілді.

Мақалада «Дала ережесі» деген атаумен айналымға енген осы заңдық құжаттың әкімшілік басқаруға қатысты баптарын 1868 жылғы Ереженің тиесілі баптарымен өзара салыстыру негізінде далалық облыстарды басқаруды қайта құрудың ресейлік ішкі губерниялық басқаруға сәйкестендірілгенін талдауға талпыныс жасалды. Сонымен қатар, Ресей әкімшілік заңнамасының Батыс Сібір қазақтарын басқарудағы аймақтық саясатына негіз болғаны дәйектелді.

Материалдар мен әдістер. Мақала Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 15-ші, 64-ші қорларынан [2], Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің (РФМА-ГАРФ) 586-шы қорынан [3], Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінің (РМӘТА, Мәскеу қ.) 400-ші қорынан [4], РФ Омбы облысы тарихи архивінің (ООТА) 3-ші қорынан [5] алынған 1891 жылғы Ереженің дайындалу барысы, Ережені жасақтау мақсатында құрылған арнайы комиссия-лар материалдары, генерал-губернаторлар ұсынған Ереже жобалары және басқа да әкімшілік хат алмасу құжаттарын зерделеу негізінде дайындалды.

Зерттеу нысанын зерделеуде «Ресей империясы заңдарының толық жинағынан» алынған (РИЗТЖ-ПСЗРИ) 1867, 1868 жылдардағы Уақытша ережелер, 1886 жылғы Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже және 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереженің» мәтіндері [6, 445-535-бб.] сараланды.

Мәселенің дереккөзі ретінде И. Крафттың «Далалық облыстар қырғыздарын басқаруға қатысты заңдар жинағында» [7] келтірілген материалдар және «Батыс Сібір қазақтарын басқару құрылымдары. XYIII ғ. соңы – XIX ғ.» атты құжаттар жинағы да пайдаланылды. Мақалада аталған деректерді зерделеу және Ережелердің далалық облыстарды әкімшілік басқару құрылымдарына қатысты баптарын өзара салыстыру негізінде Ресей әкімшілік заңнамасының Батыс Сібір өлкесін әкімшілік басқарудағы аймақтық саясатының динамикасын, қазақ өлкесінің бірте-бірте Ресейдің ішкі губерниялық басқару жүйесіне сәйкестендірілуін ашып көрсетуге талпыныс жасалды.

Зерттеудің методологиялық негізі ретінде объективтілік, тарихилық, нақтылық, талдау принциптері басшылыққа алынды. Зерттеу мәселелері құжаттарды тарихи дереккөздерді зерделеудің кешендік әдіс-тәсілін қолдану арқылы жаңаша тарихи ойлау тұрғысынан қарасты-

рылды. Сонымен қатар, тұтас көзқарас, жан-жақты қарастыру, статистикалық, сараптау және ережені тарихи-салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды.

Нәтижелер. XIX ғасырдың соңына қарай қазақ даласын генерал-губернаторлық деңгейде басқару ісінде біршама өзгерістер жүзеге асырылды.

1881 жылдың 11 шілдесіндегі император жарлығы негізінде Орынбор генерал-губернаторлығы таратылды. Осыған орай, Орал, Торғай облыстары тікелей Ішкі істер министрлігіне бағындырылды [7, 418-б.]. Өлке әкімшілігінің қызметін бақылау министрліктің «қырғыз істерін» жүргізетін бөліміне тапсырылды. Кіші жүз өлкесін империяның нақты ішкі аймағына айналдыру үшін 50-ші жылдардың соңында-ақ қолайлы жағдайлар жасалған болатын. 1859 жылдың 24 наурызында Министрлер комитетінің қолдауымен Орынбор өлкесі қазақтарын басқару ісі Сыртқы істер министрлігінен алынып, Ішкі істер министрлігінің қарамағына берілген еді [7, 252-б.]. Осылайша, Орал және Торғай облыстары әкімшілік құрылымы, басқару жүйесі жөнінен Ресейдің Уфа, Орынбор секілді ішкі губернияларының құрылымына сәйкестендіріле бастады.

Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы жағдай басқаша қалыптасты. Алғашқы екі облыс Батыс Сібір генерал-губернаторлығының, соңғысы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді. Бұл облыстардың сипаттық ерекшеліктері, Дала генерал-губернаторының пікірінше, облыстар территориясын мекендейтін «... көшпелі қырғыз халқының орыс тұрғындарынан саны жағынан басымдығында, үлкен кеңістікте халықтың аз қоныстануында және отырықшы мекендер санының аздығында» [8, 2-артқы п.] болды.

Өлке әкімшілігі үшін «Аталған үш облысты өлкенің бір басшысының қол астына әкімшілік жағынан шоғырландыру олардың географиялық жағдайына және біздің басқару міндеттерімізге де сай келеді» [9, 3-п.] деп ұйғарылды. Сол кезде Жетісу және Семей облыстарының оңтүстік және оңтүстік-шығыс жерлері Қытай провинцияларымен 2000 шақырымға шектесіп жатты. Бұл жағдай генерал-губернатор тарапынан «Қытай үкіметімен және қытайлық провинциялық билікпен шекаралық қатынастарда осы аймақта жүзеге асырылатын ортақ мүдделер мен қимылдар бірлігін бақылау қажеттігіне мүмкіндік береді». Ал Ақмола облысы осы «шет аймақты Батыс Сібірдің жергілікті орыс аймақтарымен, Омбы мен Қазандағы әскери қоймалармен және еуропалық Ресейдің сауда нарығымен байланыстыратын жақын құрылық және су жолы» ретінде қызмет ететін болды [10, 3-артқы п.] деп есептелді.

Үш далалық облыстың өзара қатынастарының осылайша дамуы әкімшілік құжаттарда «олардың өлкеде бір жоғары билікке бағынуының орындылығын көрсетеді, өйткені, бұндай жағдайда мемлекеттік шекараның бүкіл өн бойын берік қамтамасыз етуге, тұтас өлкеде транзиттік жолдар салуға, өлкені толық отарлауға, азаматтықты дамытуға қажетті әдістер мен тәсілдердің ортақтығына және әкімшілік шаралар арқылы елдің өнеркәсіп күштерін арттыруға, Батыс Қытайдың іргелес провинцияларымен халықаралық сауда қатынастарын дамытуға кеңінен ықпал етуге қол жеткізуге болады [11, 4-п.] деп көрсетілді. Сонымен қатар, өлке әкімшілігі қазақ жерлеріне орыс шаруаларының қоныстануына кеңінен жол ашуға жағдай жасауды міндет етіп қойды. Бұл мәселелер қарастырылып отырған облыстарда жергілікті жағдайларға сай шұғыл әрекет жасауға бейімді, арнайы, қатал билік органдары мен басқару жүйесін құруды талап етті. Әрине, Батыс Сібір генерал-губернаторлығы бұл міндеттерді ендігі ойдағыдай жүзеге асыра алмас еді.

1882 жылдың 18 мамырында император Александр III Ақмола, Семей және Жетісу облыстарын басқару бойынша жоғары қадағалауды Дала генерал-губернаторының қолына шоғырландыру жөніндегі Жарлыққа қол қойды [12, 420-п.]**.** Жарлық бойынша Батыс Сібір генерал-губернаторы қызметі мен Батыс Сібір Бас басқармасы Кеңесі жойылды. Жаңадан Дала генерал-губернаторлығы, генерал-губернатор кеңсесі құрылды. Дала генерал-губернаторлығының орталығы ретінде Омбы қаласы белгіленді. Генерал-губернаторлық құрамына Ақмола, Семей облыстары және Түркістан генерал-губернаторлығының құрамынан алынған Жетісу облысы енгізілді.

Көрсетілген облыстардың территориясы 1 277 016 шаршы шақырымды алып жатты, оның ішінде, 22 мыңға жуық шаршы шақырымды Петербор келісімі бойынша қытайлық иеліктерден, яғни бұрынғы Құлжа ауданының бір бөлігінен және Қара Ертіс бойы бөлігінен алынған жерлер құрады [13, 39-артқы п.]. Территорияның көп бөлігін мал жайылымдарына қолайлы ұланғайыр далалық жазықтықтар, кей бөлігін Тянь-Шань, Алатау, Тарбағатай таулы жоталары және Алтай сілемдері алып жатты.

Дала генерал-губернаторының 1883 жылғы есебінде көрсетілгендей, «өлке халқы 1 667 652 адамды құрады, оның ішінде, 1 353 843-і – көшпенділер, 313 809-ы – отырықшылар» болды. Отырықшы халықты құрағандар – казактар, шаруалар және тараншылар мен дүнгендер. Орыс отырықшы халқы 275 мекен-жайда орналасты. Атап айтатын болсақ, олар 17 қала мен қалалық поселкелерді, 169 казак қоныстарын, 29 казак поселкесін, 60 шаруалар деревняларын мекендеді [14, 3-п.].

XIX ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында Ресей әкімшілігінің әскери-саяси, әлеуметтік, экономикалық міндеттері күрделене түсті. 1868 жылы енгізілген заңдық ережелер өзгерісті талап етті. Әрине, жергілікті әкімшілік басшылары Далалық облыстарды басқаруға қатысты тұрақты ереже жасақтаумен жұмыстанды. Алайда мәселені талқылау ұзаққа созылды. Өлке басшылары 80-ші жылдардың басында басқару жүйесінің қанағаттанарлықсыз жағдайына үлкен алаңдаушылық білдірді және заңнама мен әкімшілік тәжірибеге өзгерістер енгізу қажеттігін дәйектеді.

Дала генерал-губернаторы императорға жолдаған Есебінің бірінде «... Дала өлкесі барлық жағынан даму үстінде, ал 1868 жылғы патша ... мақұлдаған Уақытша ереже қазіргі кездің қажеттілігіне мүлдем сәйкес келмейді. Жиырма жыл бұрын Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының Қырғыз далаларында орыс шаруасы мүлдем болған жоқ, сондықтан, заң шығарушының әрекеті, негізінен, бұратаналарды басқаруға және сот ісіне бағытталды; қазір бұл далада шаруа қоныстары мен бірнеше қала өсіп шықты. Орыс мекендерінің және қалалардың одан әрі дамуы мен өркендеуі қырғыз даласын түпкілікті орыстандыруға мүмкіндік береді; сонымен қатар, бұрынғы ордалық иеліктерге православиеге деген орыс сенімін және православиелік Патшаға деген орыстың шексіз адалдығын алып келген орыс адамы, сонымен қатар, басқа сенімдегі өлкеде біздің түпкілікті нығаюымызға керемет кепіл бола алатын орыс адамы, - Дала генерал-губернаторлығында жеткілікті жетілген әкімшілікті де, дұрыс ұйымдастырылған сот мекемелерін де таба алмайды. ... Дала өлкесі басқару мен сот ісінде жекелеген қайта құру емес, өлкенің қазіргі даму деңгейіне сай келетін басқару құрылымын қажет етеді» [15, 62-п.] деп жазды. Әрине, әкімшілік қайта құрулардың астарында қазақ даласын отарлау мен қазақ қоғамын орыстандыру пиғылы жатқаны белгілі. Мұндай талаптар Орал, Торғай облыстары губернаторларынан да түсіп жатты. Жауап ретінде Орталық үкімет өлке басшыларының шұғыл талаптарын қанағаттандыруға шешім қабылдады.

1885 жылы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстарын басқару жөнінде ортақ Ереже жасақтау мақсатында арнайы комиссия құрылды, төрағалыққа сенатор В.К. Плеве тағайындалды. Комиссия құрамына: Бас штабтан Л.Н. Соболев, Сібір және Жетісу казак әскерінен П.С. Щербаков, Орынбор казак әскерінен И.Н. Стрельковский, Жайық казак әскерінен П.В. Мартынов, Сыртқы істер министрлігінен Азиялық департаменттің іс жүргізушісі Д.Л. Лисовский, Шәуешектегі консул Н.Н. Балкашин, Ішкі істер министрлігінен И.М. Лазаревский, Мемлекеттік мүлік министрлігінен В.Г. Тригоров, Әділет министрлігінен С.Г. Щегловитов, Министрлер кеңесінен құпия кеңесшілер Д.Ф. Кобеко, Ф.К. Гирс, мемлекеттік бақылаушы В.Д. Хмыров, Орал облысының вице-губернаторы И.П. Киреев, Дала генерал-губернаторлығынан Н.Л. Мордвинов кірді [16, 21-п.]. Көріп отырғанымыздай, Комиссия жоғары өкілетті болды. Ал казак әскерлерінің өкілдері казактар мен қазақтар арасындағы жер мәселесінің өз пайдасына шешілуіне мүдделі болды. Сондықтан, олар, өтініштеріне бола және Әскери министрдің қолдауымен, комиссия құрамына кіргізілді.

Жаңа Ереже жобасы, орталық биліктің пікірінше, аса үлкен маңызды иеленуі тиіс болды. Комиссия төрағасы «Далалық облыстарды басқаруға арналған жаңа Ереже Дала генерал-губернаторлығы үшін төтенше ғана емес, ұзақ мерзімді мағынаға ие Ереже болады» [17, 11-п.] деп көрсетті.

Арнайы комиссия жұмысы 1885 жылдың 5 қазанында басталды. Сол кезге дейінгі барлық заңдық Ережелер, Уақытша ережелерден кейінгі жобалар мен түсіндірме жазбалар, министрліктер пікірлері мен ескертулер жинақтары, қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне қатысты статистикалық материалдар Комиссияның талқылауына жинақталды. Даулы мәселелерге қатысты қосымша мәліметтер алынды.

Даулы мәселелер, негізінен, қазақтар мен казактар арасындағы жер мәселесіне қатысты туындады. Бұл мәселе XIX ғасырдың 70-ші жылдарында қазақ жерлерін отарлаудың күшеюіне байланысты шиеленісе түсті. Осыған орай, Омбы қаласында 1884 жылы құрылған арнайы комиссия материалдары сұратылды. Бұл комиссия Сібір казак әскері мен қазақтар арасындағы «он шақырымдық белдеуге» (Ертіс жағалауындағы 1 271 084 десятина құнарлы жерлер) [18, 468-468-артқы пп.] қатысты туындаған өте даулы қатынастарды қарастыру үшін құрылған болатын. «Он шақырымдық белдеу» XIX ғасыр ортасында Сібір казак әскерінің пайдалануына берілген. Кейін «Ертістің сол жағалауындағы 6, 7, 8 және 9-шы полктік Округтер казактарына үлестік жерлер ретінде беру де жоспарланған» [19, 3-п.]. Ал ата-қоныс жерлерінде көшіп-қонған 30 мың қазақ бұл жерлердің жалдаушыларына айналды. Сібір казактары оларға өте ауыр жалдық шарттар ұсынып отырды. Казактар мен қазақтардың бұл жерлерге қатысты құқықтары заңдық негізде анықталмады. Арнайы комиссия материалдарында «он шақырымдық белдеуді» мекендеген қазақтар мүддесін белгілі бір шамада қорғау және казактар озбырлығын шектеу қажеттілігі жөнінде пікірлер айтылған. Бұл мәселе 1865 жылы құрылған Далалық комиссияның Уақытша ереже жобасына қатысты Түсіндірме жазбасында [20, 468-496-пп.] да көтерілген болатын. Жинақталған материалдар 1885 жылғы арнайы Комиссияның қарауына түсірілді. Комиссияда казак әскерлерін басқару бөлімдері мен облыстық әкімшілік арасындағы қарым-қатынас мәселелері де талқыланды. Ақырында, он шақырымдық белдеудің Сібір казак әскерінің меншігіне берілгені Мемлекеттік кеңестің тек 1904 жылдың 31 мамырындағы шешімімен заңды түрде рәсімделді [21, 259-б.].

Жалпы, Комиссияның төрт жылдан астам қызметінің нәтижесінде жергілікті отарлық әкімшіліктің, жекелеген министрліктер мен ведомстволардың ұсыныстары ескерілген жаңа жоба жасақталды. 1890 жылдың 2 мамырында Ішкі істер министрі жобаны, мүдделі ведомстволардың пікірлерімен бірге, Ресей империясының Мемлекеттік кеңесіне тапсырды. Далалық облыстарды әкімшілік басқаруды қайта құру жобасы Мемлекеттік кеңесте бір жылдай талқыланды. Тек 1891 жылдың 25 наурызында ғана император Мемлекеттік кеңестің пікірін [7, 1-13-бб.], «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ережені», далалық облыстарды басқару мекемелерінің штаттарын заңдық негізде бекітті [7, 449-б.].

Жаңа Ереже арқылы алғаш рет барлық далалық облыстар әкімшілігін біріктіру әрекеті жасалды. Алайда, оларды толық біріздендіруге қол жеткізе алмады. Мәселе бес облыс құрамындағы уездер санының түрліше болуында емес (Орал, Торғай облыстарында – 4 уезден, Ақмола, Семей облыстарында – 5 уезден, Жетісу облысында – 6 уез), аймақтық басқару бірлігінің бұзылуында болды. Ақмола, Семей, Жетісу облыстары Дала генерал-губернаторлығының қарамағына берілді (13-бап), ал Орал, Торғай облыстарында дербес басқару органдары құрылды және Ішкі істер министрлігінің құзырында қалдырылды.

Дегенмен, далалық облыстарды империяның басқа бөліктерімен жақындастыру аймақты түрлі орталық ведомстволық бөлімдер арқылы басқарудың енгізілуінен және ішкі әкімшіліктің түрлі деңгейлерінен көрінді. Мысалы, казак әскерлерін, әскери бөлімдерді, қаржыны, мемлекеттік мүлікті, халық ағарту ісін, кейбір мемлекеттік бақылау ісін басқару жалпы ортақ ережелермен заңдастырылды (10-бап). «Облыстар бұратаналары, көшпенділер мен отырықшылар ауыл тұрғындарының құқықтарын пайдаланады. Империяның басқа сословиелеріне

берілетін құқықтар мен артықшылықтарды бұратаналар жалпы заңдар негізінде иеленеді» (11-бап) деп көрсетілді. «Православие дінін қабылдаған бұратаналар, қалаған жағдайда, қоғамдардың келісімінсіз және босату үкімінсіз, қалаларға немесе орыс мекендеріне жатқызылады және өмір бойы әскери міндеткерлік өтеуден босатылады» (12-бап) деп жарияланды [6, 515-б.].

Бұл бап әкімшілік құжаттарында «Шоқынған қырғыздар әдетте адамдардың ең кедей тобына жатады, олар күнкөрісін қалаларда және орыс селоларында жұмыс істеумен қамтамасыз етеді. Өз ортасында, қоғамдастарынан – мұсылмандардан тәуелділікте қала отырып, олар қабылдаған діні үшін жеккөрушілікке және қысымшылыққа ұшырауы мүмкін, ал христиандар қоғамына кірсе, бұрынғы жағдайындағы материалдық пайдасынан айырылар еді, өйткені олар орыстар сияқты, жүктелген салықтар мен міндеткерліктерден басқа, әскери міндеткерлікті де өтер еді. Христиандықты қабылдауға дайын бұратаналар пиғылына кедергі келтіретін қолайсыз жағдайларды жою үшін, оларға қоғамның келісімінсіз қалаларға немесе селоларға өту құқығы берілді және өмір бойы әскери міндеткерліктен босатылды» [7, 31-б.] деп түсіндірілді. Расында, православие дінін қабылдағандардың басым көпшілігін қазақ жерлерінің отарлануы салдарынан тұрмыстары нашарлап, кедейленген және көмектесетін, жаны ашитын туыстары болмағандықтан, осы жолға түсуге мәжбүр болған қазақтар құрады. Ал Ереже кедейленген қазақтарды бұл бағытта ынталандыруға заңдық негіз берді.

Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын басқаратын Дала генерал-губернаторы өзінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруда Жалпы губерниялық мекемелер баптарын (415-462- баптар) және Дала ережесі бекіткен нормаларды басшылыққа алуы қажет болды. Генерал-губернаторға арнайы тағайындалған несиелер бойынша сатылымдарды, жобалар мен сметаларды, жеке тұлғалар мен қазына арасындағы отыз мың рубльге дейінгі мөлшердегі келісім-шарттарды бекіту құзыры берілді (16-бап). Оған «саяси сенімсіз, зиянды бұратаналарды, империяның Ішкі істер министрімен келісілген жерлеріне бес жылға дейінгі мерзімге жер аудару» міндеті жүктелді. Генерал-губернатор мұндай өкімдер жөнінде, бұндай шараларды қабылдауға негіз болған себептерді нақты түсіндіре отырып, Ішкі істер министріне хабарлауы тиіс болды (17-бап) [6, 516-б.].

Дала генерал-губернаторы өзіне жүктелген міндеттерді жанындағы Кеңсесі (18-бап) арқылы жүзеге асырды. Кеңсе құрамына оның меңгерушісінен басқа, 2 аға, 4 кіші іс жүргізуші, қазақ даласына қатысты айрықша тапсырмаларды орындайтын – тау кен ісіне қатысты, жол құрылыс ісіне қатысты, Қытай істері бойынша хат алмасатын – 3 айрықша тапсырмалар шенеунігі, қазақ тіліне тәржімалайтын 1 аға аудармашы, 1 кіші аудармашы, 4 кеңсе шенеунігі, агроном, жазғыштар (писарь), журналист және экзекутор кіруі керек болды [7, 143-144-бб.]. Мұндай қуатты шенеуніктік құрылым іс жүзінде кеңсе меңгерушісін өлкедегі екінші билік иесіне айналдырды.

«Облыстық басқаруды әскери губернатор мен облыстық басқарма құрады. Жетісу және Орал облыстарының әскери губернаторлары казак әскерлерінің тағайындалған атамандары болып табылады» (19-бап). «Әскери губернаторлардың құқықтары мен міндеттері Жалпы губерндік мекемелердің 489-657-ші баптарымен және осы Ереженің қаулыларымен анықталды» (20-бап). 21-бап бойынша «Әскери губернаторлар Ішкі істер министрінің Әскери министрмен алдын-ала келісімі негізіндегі ұсынысы бойынша, Үкімет сенатының атаулы Жарлығымен және жалпы белгіленген тәртіптегі бұйрықпен анықталады және жұмыстан босатылады». Ал вице-губернаторлардың, кеңесшілердің және облыстық басқарма мүшелерінің тағайындалуы мен жұмыстан шығарылуы империяның жалпы ережелеріне сай жүргізілетіні көрсетілді.

Қазақ даласын басқарудағы бірізділіктің болмауы жұмысқа келмеген немесе сырқаттанып қалған әскери губернаторды ауыстыру тәртібінен және облыстық басқармалар міндетінен көрінді. Ереже бойынша әскери губернаторларды Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында генерал-губернатор, ал Орал, Торғай облыстарында Ішкі істер министрі ауыстыратыны белгіленді (23-бап) [6, 516-517-бб.].

Облыстық басқармалар «губерниялық басқару құқықтарын пайдаланады және міндеттерін атқарады. Осыған қарамастан, облыстық басқарма облыс бойынша айрықша мекемелері жоқ

істің барлығын бақылайды. Облыстық басқарма бұратаналарды және басқа да село тұрғындарын қоғамдық басқару істері бойынша шаруалар істеріне губерниялық қатысу құқықтары негізінде әрекет етеді» (25-бап) деп жарияланды. Ал Орал, Торғай облыстық басқармалары облыстар аумағындағы мемлекеттік мүліктерге қатысты Мемлекеттік мүлік министрлігіне бағына отырып, қосымша мемлекеттік мүлік басқармаларының міндеттерін атқаратын болды (25-бап. Ескерту). Облыстық басқарма жалпы қатысудан және кеңседен тұрды. Жалпы қатысудың құрамы, мүшелерінің құқықтары мен міндеттері губерниялық басқару мекемелері тәртібімен бірдей болды (26-бап). Ал облыстық басқарма кеңсесіне губерниялық кеңселерде жалпы губерниялық мекемелер негізінде жүргізілетін хат алмасуды жүзеге асыру жүктелді (27-бап) [6, 517-б.]. Осылайша, Дала ережесі негізінде қазақ даласын басқару ісі және оны жүзеге асыру тәртібі Ресейдің ішкі губерниялық басқару жүйесіне сәйкестендірілді.

Әр әскери губернатор жанында 2 (аға және кіші) айрықша тапсырмалар шенеунігі қызметі енгізілді. Облыстық басқармалар құрамына вице-губернатор, 2 кеңесші, 4 іс жүргізуші, олардың 4 көмекшісі, есеп және экзекутор бөлімдерінің шенеунігі, облыстық дәрігерлік инспектор, тіркеуші, архивариус, 2 аудармашы кірді. Айта кету керек, облыстар басқармалары құрамы жағынан да ерекшеленіп отырды. Мысалы, Жетісу басқармасында, құрамында облыстық инженер және сәулетші, кіші сәулетші, хатшы, 2 сызбашы және жазғышы бар, құрылыс бөлімі де құрылды. Сонымен қатар, Жетісу облыстық әкімшілігі құрамына манчжур және қытай тілдерінің аудармашысын енгізу жоспарланды [7, 149-б.]. Ақмола, Семей, Жетісу облыстық басқармаларында «жалпы губерниялық негіздегі типографиялар тұратыны» (28-бап) көрсетілді.

Далалық облыстардың барлық әкімшілік мекемелерінің түрлері, құрылымы, функциялары және құзырлары өзгеріссіз қалдырылды. Орал, Торғай облыстарының құрамы 1868 жылғы Ережеге сай сақталды. Тек Ақмола, Семей және Жетісу облыстары уездерінің құрамы ұлғайды.

«Ақмола облысы бес уезден: Омбы, Петропавл, Ақмола, Көкшетау және Атбасар уездерінен тұрады» (2-бап) деп жарияланды. Ал 1868 жылғы Уақытша ереже бойынша облыс төрт уезге бөлінген болатын, олар – Омбы, Петропавл, Ақмола және Көкшетау уездері (§15) [6, 451-б.]. Сол кездің өзінде, облыстың оңтүстік бөлігін басқаруды жеңілдету үшін Сарысу өзені бойында бесінші уездік басқарма ашу қарастырылады. Министрлер комитетінің 1869 жылдың 3 қазанындағы №47476 ережесі Батыс Сібір генерал-губернаторына «Ақмола облысының оңтүстік бөлігі қырғыздарын басқару үшін дереу бесінші уез ашылсын, ол ... облыстың басқа уездері құрылған негіздерге сай құрылсын» деп тапсырады. Комитет Ережесіне сай бесінші Сарысу уезі ашылады, бірақ уезді басқару орталығы, қолайлы пункт табылғанға дейін, уақытша, Атбасар станицасында орналасады. Кейін, Батыс Сібір генерал-губернаторының уез орталығын оңтүстікке көшірудің ыңғайсыздығы, мүмкін еместігі жөніндегі ұсынысы ескеріліп, Министрлер комитетінің 1878 жылдың 13 қыркүйегіндегі №58846 Ережесіне сай, уез басқармасы Атбасарда қалдырылады және уез атауы Атбасар уезі деп өзгертіледі [7, 402-б.]. Дала ережесіне сай, Атбасар уезі Ақмола облысының бесінші уезі ретінде рәсімделді.

«Семей облысы бес уезден: Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және Зайсан уездерінен тұратын болды» (3-бап) [6, 514-б.]. Облыс 1868 жылғы Ереже бойынша төрт уезден (§16) құрыл-ды, ал Зайсан өлкесі айрықша приставтықты құраған болатын [6, 451-б.]. Шәуешек келісіміне сай Қытай шекарасы жүргізілгеннен кейін, Зайсан приставтығы екі бөлікке бөлінді, бөліктерді Зайсан көлі мен Қара Ертіс айырып жатты. Екі бөлік бір-бірімен тек Қытай территориясы мен Алтай жотасы арқылы ғана байланыса алатын, немесе Көкпекті қаласы арқылы айналып өтетін, және екі жағдайда да, өту қиындық туғызған. Сонымен бірге, Бийск және Бұқтырма шептері бойындағы казактар мекендерін уезге қосқаннан кейін, Зайсан приставтығы қазақтары мен казактар арасындағы тұрақты болып тұрған қақтығыстар және уез орталығының алшақ орналасуы, Көкпекті уезін басқаруды да ыңғайсыз күйге түсірген. Осы жағдайларға орай, Батыс Сібір әкімшілігі 1869 жылы уез бен приставтық территориясын қайта бөледі, ал олардың арасындағы шекараны шығыстан батысқа бағыттайды және солтүстік территориядағы Көкпекті уезі мен Зайсан приставтығының бөліктерінен орталығы Өскемен

қаласы болатын жаңа уез ашады, ал Зайсан приставтығы оңтүстік бөліктен құрылады. Көкпекті қаласы Зайсан приставтығы аумағында қалды және уезсіз қалаға айналды. Зайсан, Күршім және Бұқтырма өлкесі территориясы бөлінгеннен кейін, «империяға қосылған жерлерді қорғау ісін шоғырландыру мақсатында құрылған Зайсан приставтығы өзінің айрықша маңызын жоғалтты» [7, 19-б.]. Сонымен қатар, осы кезде, әскермен қорғалған шекаралық пост ретінде және сауда үшін қолайлы орын ретінде Зайсан постына орыс шаруалары көптеп қоныс аударып жатты. Посттың да, жалпы приставтықтың да тұрғындары саны тез өсті және 1881 жылы Қытаймен жасалған Санкт-Петербор келісімі бойынша қосылған жерлер есебінен, приставтық ауданы ұлғая түсті. Батыс Сібір әкімшілігі тарапынан 1871 және 1875 жылдары жергілікті басқару мен бақылауды күшейту мақсатында приставтықты уезге айналдыру жөнінде ұсыныс жасалды [22, 110 артқы-111-пп.]. 1883 жылы Дала генерал-губернаторы бұл ұсынысты қанағаттандырды [23, 1-4-пп.]. 1891 жылғы Ереже Зайсан уезін Семей облысының бесінші уезі ретінде рәсімдеді.

«Жетісу облысы алты уезден: Верный, Қапал, Лепсі, Пржевальск, Пішпек және Жаркент уездерінен» тұрды (4-бап) [6, 514-б.]. Ал 1867 жылғы Ереже бойынша «Жетісу облысын Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстықкөл және Тоқмақ уездері құрады» (§11). Ал Қапал, Алатау және Сергиополь уезінің бір бөлігі сол жылы Семей облысы құрамынан алынып, жаңа қосылған жерлермен бірге, жаңа Жетісу облысының құрамына енгізілген болатын. 1869 жылы Сергиополь уезінің мекемелері Түркістан генерал-губернаторының бұйрығымен Лепсі станицасына көшірілді. Әкімшілік құжаттарында бұл бұйрыққа «Сергиополь қаласының қолайсыз орналасуы, сонымен қатар, сауда және өнеркәсіп дамуы тұрғысынан, Лепсі станицасының артықшылығы негіз болды» деп көрсетілді. Министрлер комитетінің 1880 жылдың 29 тамызындағы №61337 ережесіне сай, Лепсі станицасы Лепсі қаласына, ал Сергиополь қаласы станицаға айналды. Түркістан генерал-губернаторының бұйрығымен Ыстықкөл уезінің орталығы ретінде 1869 жылы негізі қаланған Қаракөл қаласы, ал Тоқмақ уезінің орталығы ретінде Қоқан бекінісінің орнында 1878 жылы негізі қаланған Пішпек қаласы белгіленді. Қаракөл қаласы, императордың 1889 жылдың 7 наурызындағы №5820 жарлы-ғы негізінде, Пржевальск деп өзгертілді [7, 413, 440-бб.] және Қаракөл уезі Пржевальск уезі деп атала бастады. Ал жаңа Жаркент уезінің ұйымдастырылуы 1881 жылғы Санкт-Петербор келісімі бойынша Іле өлкесінің батыс бөлігінің империяға қосылуына және Жетісу облысына орыс шаруаларының қоныстануына байланысты болды. Дала ережесі негізінде, Жаркент уезі, атаулары өзгертілген уездермен қоса, Жетісу облысының құрамына алтыншы уез ретінде ресми енгізілді.

Осылайша, Ресей әкімшілік заңнамасы далалық облыстардағы империялық билікті одан әрі нығайту және қазақ даласын империялық басқару жүйесіне кіріктіру мақсатындағы саясатының ыңғайлылығы мен икемділігі үшін қазақ жерлерін оңды-солды бөлшектеп, кесіп-пішуге жағдай жасап берді.

Ереже бойынша уез бастығының құқықтары мен міндеттері кеңейтілді. Уездерді басқару, бұрынғыша, уез бастықтарының қолына жинақталды. Олардың тағайындалуы да облыстарда, әскери губернатор қызметінің уақытша ауыстырылуындағыдай, түрліше көрініс тапты: Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында уез бастықтарын әскери губернаторлардың ұсынуымен – Дала генерал-губернаторы, ал Орал, Торғай облыстарында әскери губернаторлар тағайындады және қызметінен босатты (30-бап).

Уез бастығы уез күзетшісінің, уездік полицейлік басқарманың және шаруалар істері бойынша уездік қатысу төрағасының құқықтары мен міндеттерін иеленді (31-33-баптар). Шаруалар істері бойынша уездік қатысу төрағасы міндеттерінің енгізілуі өлкеде орыс шаруаларының ұлғайғандығын көрсетеді. Расында, 90-шы жылдардың ортасына қарай Ақмола, Семей, Жетісу облыстарына орыс шаруаларының қоныс тебуі өрши түскен. Бұл кезде аталған облыстарда 179 шаруа селениесі құрылған, оларда 144 000 адам, о.і. 71 946 ер жыныстылар қоныстанған. Тек бір 1896 жылы қоныстанған ер жынысты шаруа саны Ақмола облысында – 20 767, Семей облысында – 713, Жетісу облысында – 73 адамды құраған [24, 316-артқы, 319-пп.].

Уез бастығының жанында көмекші, кеңсе және жалдамалы полиция қызметкерлері жұмыс жасады. «Қытай империясымен шекаралас жатқан өткізу пункттері: Жетісу облысының Бахты, Қорғас және Теректі пункттерін басқару үшін уез бастықтарының қарамағында жергілікті тілді меңгерген айрықша шенеуніктер жұмыс жасайтын» болды (41, 43, 44-баптар)**.**

1868 жылғы Ережемен салыстырғанда Дала ережесінде уез бастығының құқықтары нақты анықталды және кеңейтілді. Ол уез аумағындағы болыстық, ауылдық және селолық сиездер мен жиындардың барлық шешімдерін қайта қарау құқығын иеленді. Аталған органдар шешімдерімен келіспеген жағдайда, уез бастығы, «үкімнің орындалуын тоқтатып, өзінің пікірімен бірге, оларды Облыстық басқармаға жібереді» (36-бап) деп көрсетілді. Сиездің немесе жиынның үкімін бекітуді немесе жоққа шығаруды Облыстық басқарма шешетін болды. Дегенмен, Облыстық басқарма мен уез бастықтарының көрсетілген органдар шешімдерін қандай негізде жоққа шығаратыны, қандай негізді басшылыққа алатыны анықталмады, түсініксіз сипат алды. Тек «уез бастығы, сиездің немесе жиын үкімінің заңға сәйкес келмейтініне немесе қоғамға айқын зиян келтіретініне немесе жекелеген қоғам мүшелерінің заңдық құқығын бұзатынына көз жеткізсе ...» (36-бап) деп қана ескертілді. 1891 жылғы Ереженің бұл баптары 1868 жылғы әкімшілік реформа негізінде қазақ даласында құрылған «қоғамдық басқару» органдары құқықтарының шектелгенін көрсетеді.

Полицейлік тұрғыдан уез бастықтары «бұратаналарды, биліктің заңдық негіздегі бұйрықтарына мойынсұнбағаны үшін және теріс қылықтары үшін, жеті күнге дейін қамауға алуға немесе он бес рубльге дейін ақшалай айып салуға құқылы» және оның тұтқынға алу жөніндегі қаулысы дереу орындалуы керек болды (39-бап). Уез бастығының 39-бапта көрсетілген мәселелерге қатысты қаулылары бойынша, «қаулы шыққан күннен бастап, екі апта ішінде шағымдануға мүмкіндік» берілді (40-бап). Уез бастығының шешіміне шағымдануға халыққа берілген бұндай «құқық» дегеннің мағынасыз, тек сөз жүзінде екені анық еді. Олай дейтініміз, жеті күн тұтқында болып келген немесе айыппұл төлеп қойған адамның Облыстық басқармаға шағым беруінің ешқандай мәні жоқ екені түсінікті.

Жалпы, 1891 жылғы Дала ережесі бойынша уездік басқармалардағы шендер саны, 1868 жылғы Ережемен салыстырғанда, біршама азайтылды. Уез қызметкерлерінің қызметтік міндеттерінен басқа, қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аудару қозғалысының жыл сайын күшейе түсуі, олардың шаруашылық-қоғамдық құрылымын ұйымдастыру, қоныстанушыларға жәрдемақылардың уақытылы, дұрыс берілуін қадағалау, шіркеулер мен мектептер салуды бақылау да уез басшылығына жүктелді. Мұндай жағдайдағы әкімшілік қызметін өлке генерал-губернаторы «Дала генерал-губернаторлығында әкімшілік тұлғалардың қызметі өте қарбалас және олардан үлкен жұмысты талап ету мүмкін де емес; бұл жұмыс қайсыбір асығыстықтың, аяқталмағандықтың, қатаң ойлау мен жүйеліліктің жоқтығының ізін қалдырады. ... Мұның негізгі себебі – басқару органдарына жүктелген міндеттердің көптігінде: уез бастығы – полиция органы, әкімшілік органы, земство органы; облыстық басқарма – облыстағы жоғары полицейлік, земстволық, әкімшілік және сот мекемесі» деп жазды. «Сонымен қатар, Сібір темір жолының жүргізілуі, соған орай, Ақмола облысына шаруалар легінің ағылуы уездік басқарманың қазіргі құрамының мүлдем жеткіліксіздігін және оларға жүктелген міндеттерді орындау мүлдем мүмкін еместігін көрсетеді» дей келе, 1896 жылдың 1 наурызынан бастап, Ақмола облысында шаруалар істері бойынша шенеуніктер институтын құруды өтінеді. Олай болмаған жағдайда, «қоныстандыру ісіне де, уездік басқарма міндеттерінің орындалуына да зиянын тигізетінін» атап өтеді. Ал 1897 жылдың қаңтарында генерал-губернатор «...уез басқармаларының штатын шұғыл күшейту, ол үшін Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының уездерінде учаскелік приставтардың айрықша қызметін енгізу қажеттігін және бұл басқармаларға бөлінетін кеңсе, жол шығындарын ұлғайту, сонымен қатар, Семей облысының Қарқаралы қаласында және Жетісу облысының Пішпек қаласында қала приставтары қызметін енгізу қажеттігін» [25, 276, 313-313 артқы пп.] де ұсынады.

«Уақытша ережемен» салыстырғанда 1891 жылғы Ережеде «Қалалардағы басқару» деп аталатын тараудың енгізілуі өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуының көрінісі болды. Далалық облыстарда қалалар ретінде «облыстық және уездік басқармалар орналасқан мекендер, және, Семей облысындағы Көкпекті мекені танылады» (49-бап) деп көрсетілді. 1870 жылдан бастап Омбы, Верный, Орынбор сияқты облыстық қалалар Қалалық ережемен басқарылып келді. «Қоғамдық басқару енгізілмеген қалаларда шаруашылық пен абаттандыруды басқару, қалалық қоғамдар депутаттарының қатысуымен, уез бастықтарына жүктеледі және губернаторлар мен облыстық басқармалардың бақылауында болады. Губернаторларға, мұндай қалаларда, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында Дала генерал-губернаторының рұқсатымен, Орал, Торғай облыстарында Ішкі істер министрінің рұқсатымен, Жалпы губерниялық мекеменің 2109-бабы негізінде, қала старостасынан тұратын жеңілдетілген басқару енгізу тапсырылды» (50-бап).

Омбы, Петропавл, Семей, Верный және Орал қалаларында дербес полицейлік басқармалар құру ұйғарылды, бұл басқармалар империяның жалпы заңдары негізінде басқарылатын болды (51-бап). Бұл қалалардың әрқайсысының штатын бір полицмейстр, бір хатшы, екі столбасшы (Омбыда - 3), екі полицей приставы (Омбыда - 5), бір қалалық дәрігер фельдшер және бір акушер құрады. Ақмола, Көкшетау, Зайсан, Павлодар, Өскемен, Көкпекті, Жаркент, Қапал, Лепсі, Пржевальск және Николаев қалаларында полицей істерін жүргізу үшін қалалық приставтар қызметі бекітілді, олар тікелей уез бастықтарына бағындырылды (52-бап). «Қатардағы полицейлік міндеттерді орындау үшін қалаларда жалданған адамдардан полицейлік командалар құрылатыны», бұл командаларды ұстап-күту шығындары қалалар қаржысы есебінен, тиісінше, жұмсалатыны (53-бап) жарияланды. Дала ережесі енгізілгеннен кейін, Ішкі істер министрі 1894 жылдың 15 қарашасында Омбы қаласының полицейлік командасының штатын бекітті. Штатты 10 аға городовой (әрқайсысына жылдық жалақы – 150 рубль, формалы киім – 25 рубль) және 43 кіші городовой (әрқайсысына жылдық жалақы – 120 рубль, формалы киім – 25 рубль) құрады. Ал Өскемен полицейлік командасының 1897 жылдың 22 сәуірінде бекітілген штатын 2 аға городовой және 10 кіші городовой құрады, әрқайсысына жылдық жалақы – 120 рубль, формалы киім – 25 рубль мөлшерінде белгіленді [7, 72-б.].

Дала Ережесі жергілікті әкімшілік-территориялық бірліктерді ұйымдастыру приниптеріне біршама өзгерістер енгізді. Болыстар мен ауыл қоғамдарының ауқымын жергілікті жағдайларға қарай анықтау құқығы Облыстық басқармаға жүктелді. Алайда «мүмкіндігінше, түтін иелерінің санын болыстарда – екі мыңнан, ауылдық қоғамдар үшін – екі жүзден асырмау» (56-бап) ескер-тілді. Ауыл бастапқы әкімшілік-территориялық бірлік ретінде, жерді бірлесе пайдаланатын түтін иелерінен тұруы қажет болды (58-бап). Бұл баптар ауыл әкімшілік-территориялық бірлігін қазақтардың қоғамдық ұйымдасуының дәстүрлі құрылымдық элементіне жақындатты.

Қазақтардың уездерден тыс жерлерге көшу жағдайындағы әкімшілік-полицейлік бағыныңқылығы Дала ережесінде нақты анықталды. Бұл мәселе бұрын уездік басқармалар үшін қиындықтар туғызатын. Ереже бойынша «Уездерінен тыс жазғы жайылымдарына немесе қыстауларына өту кезінде, сонымен қатар, басқа уездер мен облыстардан өткен кезде, көшпенділер, полицейлік тұрғыдан сол жерлердегі жергілікті билікке бағынады, ал қазыналық және земство алымдары мен міндеткерліктерді өздерінің уездеріне өтейді». Бұл ретте, болыс басқарушылары немесе ауыл старшындары өздерінің уез бастығынан көшетін түтіндер саны көрсетілген арнайы куәлік алуға және куәлікті көшіп баратын жердегі уез бастығына тапсыруға міндетті болды (61-бап). Осылайша, Ереже, ылғи да әкімшілік қызметінде объективті қиындықтар туғызатын мәселені белгілі бір деңгейде шешіп берді. Енді көшпенді қазақтарды «жоғалтып алмау» үшін олардың белгілі бір уездік әкімшілікке бағынатыны жөнінде «куәлік» беру жүйесі енгізілді.

Болыстарды болыс басқарушылары, ауылдарды ауыл старшындары басқарады (62-бап). 1868 жылғы Ережедегі сияқты, олар «үш жыл мерзімге сайлау арқылы тағайындалатын» болды

(63-бап). Дала генерал губернаторы мен Орал, Торғай губернаторлары, ерекше жағдайларда, болыс басқарушыларын сайлау өткізбей-ақ тағайындау құқығын иеленді (63-бап. Ескерту). Сайлауға түсетін болыс басқарушылары мен ауыл старшындарына қойылатын шектеулер жұмсартылды. 25 жас цензі сақталды. Алғаш рет ауыл старшындарын тікелей сайлау енгізілді. Алайда сайлау рәсімінің өзі көбіне ресейлік басшылықтың еркіне тәуелді болды. Егер бұрын губернаторлар болыс басқарушылары мен олардың кандидаттарын сайлау қорытындыларын бекітетін болса, Дала ережесі бойынша, әскери губернаторлар, болыс басқарушысы қызметіне кандидаттар мен оның кандидатын сайлауға қатысты болыстық сиез шешімдерін бекіту немесе бекітпеу құқығын иеленді. Бекітпеген жағдайда ол жаңа сайлау бекітеді немесе бұл қызметтерге өз қалауымен басқа адамдарды ауыстыра алады (70-бап). Уез бастығының жалпы ауыл жиынымен сайланған ауыл старшындарын және оның кандидаттарын бекіту міндеті бұрынғыша сақталды (74-бап).

Болыс басқарушысының, ауыл старшынының, болыстық және ауылдық сиездердің міндеттері өзгерген жоқ. Бірақ олардың құқықтары мен міндеттері «империяның село тұрғындарын қоғамдық басқару мекемелерінің тиесілі ережелерімен анықталады» (78-бап) деп көрсетілді. Дала ережесінен, сонымен қатар, көрсетілген басшылардың қол астындағы тұрғындарды жазалауға қатысты құқықтары жазылған баптар алынып тасталған. Бірақ, 1868 жылғы Ережеде мүлдем болмаған, болыснайлар мен ауылнайлардың қызметтік қылмыстары мен теріс әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылатыны (83-бап) толық жазылған. Маңызды қызметтік қылмыстары мен теріс қылықтары үшін көрсетілген тұлғалар және болыс басқарушыларының жанындағы жазғыштар да облыстық басқарманың сотына тартылатын болды (84-бап). Кішігірім теріс қылықтары үшін уез бастығының бұйрығымен 15 рубль айыппұл салынады немесе жеті күнге дейін қамауға алынады (85-бап) [6, 523-524-бб.].

Казактар мекендеріндегі қоғамдық басқару мен станицалық сот айрықша ережелермен реттелді. Отырықшы орыс тұрғындарды басқару ішкі Ресейдің село тұрғындарын басқарумен бірдей ұйымдастырылатын болды. Әскери губернатор болыстық және селолық басқарманың қызметкерлерін маңызды емес теріс қылықтары үшін де, Жалпы губерндік мекеменің 516-шы параграфында көрсетілген жазаларға тарту құқығын иеленді. Ерекше жағдайларда губернатор жергілікті қоғамдық басқару қызметкерлерін қызметінен босата алды, ал болыстық старшындарды қызметін атқарудан уақытша аластатты, сонымен қатар, «облыстық басқармаға кінәлілерді қызметінен түпкілікті босатуды немесе оларды сотқа беруді ұсынды». Болыстық соттың шешімдерінен бас тартуға қатысты шаруалар істері бойынша уездік қатысудың құқықтары мен міндеттері облыстық басқармаға берілді (88-90-баптар).

Дала ережесінде тағы бір отырықшы халық өкілдері – дүңгендер мен тараншыларды бастауыш басқаруды ұйымдастыру мәселесі нақты берілген. Ереже бойынша «Уездердегі дүңгендер мен тараншылар қоныстары болыстарға, ал болыстар ауылдық қоғамдарға бөлінеді» (91-бап). Жетісу облысының отырықшы халқын басқару, осылайша, екі сатылы формада құрылды. Өйткені, Түркістан өлкесінің тәжірибесі бойынша отырықшыларды бір сатылы басқару, қоғамдардың өзі үшін де, әсіресе, әкімшілік үшін өте қолайсыз болды: «уез бастықтарының, болыстың қатысуынсыз, қоғамдық басқарумен тікелей байланысуы, ауқымды хат алмасуды тудырған және писарьларға жұмсалатын шығынды шамадан тыс ұлғайтып жіберген» [7, 88-б.]. Осыны ескере отырып, Ережені жасақтаушылар дүңгендер мен тараншылар қоғамына болыстық басқаруды енгізген.

Дүңгендер мен тараншыларда «Селолық қауымдар жерді және суару каналдарын (арықтарды) пайдалану бойынша ортақ шаруашылық пайдасы бар аралас қоныстардан құрылады» (92-бап). Өйткені, Жетісу облысы отырықшыларының болыстары үшін түтіндер санын анықтау мүмкін емес еді. Оның себебі дүңгендер мен тараншылардың қоныстары сандық құрамы жөнінен түрліше болды, өзара айтарлықтай қашықтықта шашырап жатты, сондықтан, олардың қоныстары үшін орын таңдау және олардың топтасуы, негізінен, топырақтың сапасы мен суландыру құрылғыларының қолайлылығына байланысты болды. Сондықтан, Ережені

жасақтаушылар тарапынан, тараншылар мен дүңгендер болыстары үшін түтіндердің қалыпты санын, басқа жағдайдағы Түркістан өлкесі отырықшылары қоныстарының санына сай келтіру, Жетісу облысы отырықшыларының қалыптасқан шаруашылық қатынастары мен мүдделерінің бұзылуына алып келетіні ескерілген.

«Болыстарды болыс басқарушылары, ал ауыл қоғамдарын ауыл старшындары басқарады» (95-бап). Оларды сайлау және бекіту тәртібі, сонымен қатар, құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, болыстық сиез бен село жиыны жұмысының тәртібі сияқты, далалық облыстардың көшпенділер қоғамы үшін тағайындалған ережелерге сәйкес анықталатыны (96-бап) көрсетілді.

Жергілікті халықтың діни істерін басқару жөніндегі баптар Дала ережесінде 1868 жылғы Ережемен салыстырғанда кеңірек берілген. Негізгі ұстанымдар сақталған, және отырықшы халыққа да таралған. Дала ережесі бойынша «Көшпелі бұратаналарға және отырықшыларға бір болысқа бір молдадан болуы рұқсат етіледі» (97-бап). «Молдаларлы бұратаналар өз арасынан сайлайды. Сайланған молдаларды қызметіне, бұрынғыдай, әскери губернаторлар тағайындайды және алып тастайды (98-бап). Мешіттер салу да тек жоғарғы басшының – Дала генерал-губернаторының немесе Ішкі істер министрінің (облыстардың тиесілігіне қарай) рұқсатымен ғана салынады. Мешіттер мен мектептер, бұрынғыша, ерікті қоғамдық жиындар есебінен ұсталады, ал вакфтерге тыйым салынады (99-100-баптар). Қазақ қоғамдары тарапынан мешіттер бар болыстарда мешіт салу жөніндегі сұраныстарын қанағаттандыру қажет пе деген мәселеге Ішкі істер министрі «жергілікті басшылық бір болыста біреуден артық мешіт салуға жол бермеуі керек» деп жауап берген (Ішкі істер министрінің ұсынысы. 1895 ж. 10 ақпан. №6500) [7, 92-б.].

Талқылау. Жалпы, қазақ даласын басқаруға қатысты енгізілген әкімшілік реформалар, оның ішінде, 1891 жылғы Ереже негізінде ұйымдастырылған Далалық облыстардың саясиәкімшілік құрылымы және оларды әкімшілік басқару жөнінде орыс тарихнамасында арнайы еңбек жоқ. Дегенмен, реформаларға сай әкімшілік басқару құрылымдарының ұйымдастырылуы орыс әкімшілік шенеуніктері еңбектерінде қарастырылған. Олардың арасынан А.К. Гейнстің, В.А. Остафьевтің, Н.М. Ядринцевтің, И.Н. Крафттың, Н.И. Красовскийдің, В.В. Радловтың еңбектері көңіл аудартады.

Атап айтатын болсақ, И.Н.Крафттың «Далалық облыстар қырғыздары жөніндегі заңдар жинағы» атты еңбегінде «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереженің» мәтіні және қазақ өлкесіне қатысты қабылданған жарлықтар, нұсқаулар, әкімшілікті ұйымдастыру шаралары жөнінде ақпарат берілген. В.В. Радлов «Сібірден» деп аталатын кітабында XIX ғасырдағы әкімшілік реформалардың енгізілуінен кейін қазақ халқының әл-ауқатының төмендегенін атап көрсетеді. Н.М. Ядринцев «Сібір бұратаналары, олардың тұрмысы және қазіргі жағдайы» атты шығармасында қазақтар және Ресей империясын мекендейтін басқа да халықтар, олардың шаруашылық-экономикалық тұрмыс салты мен әкімшілік-саяси құрылымын өзгерткен жағдайда, ресейлік қоғамға интеграциялауға дайын екендігін жазады. Н.И. Красовскийдің, Н.Я. Остафьевтің далалық облыстардың отарлануына қатысты еңбектерінде Ресейдің Сібір өлкесін иемдену бағытындағы саясаты, басқару реформалары негізінде Батыс Сібірде әкімшілік-территориялық бірліктердің ұйымдастырылуы, аумақтың орыс шаруаларымен отарлануы зерделенген. Жалпы, бұл кезеңдегі еңбектердің ерекшелігі – реформалардың империялық әкімшілік позициядан бағалануында. Зерттеушілер, негізінен, биліктің идеологиясын тасымалдаушылар болды, сондықтан, мемлекеттік қызметті атқара отырып, олар өздері қатысқан оқиғаларды жазып қалдырды.

Қазақстандық тарихнамада Ресейдің қазақ даласында жүргізген аймақтық саясатына өзіндік баға берген, өлке дамуының проблемалық мәселелерін ашып көрсеткен еңбектер ішінде С.Д. Асфендияровтың, Б.С. Сүлейменовтің, С.З. Зимановтың, Н.Е. Бекмахановаңың еңбектерін атауға болады.

Тәуелсіздік кезеңдегі қазақстандық тарихнамада XIX ғасырдағы реформалардың дайындалуы, қазақ өлкесіне енгізілуі, салдарлары мәселелерін зерттеумен К.А. Жиренчин, С.К. Жакыпбек, Б. Абдрахманова, Б.С. Абенова, С.Акимбеков айналысқан. Б.Абдрахмановаңың еңбегінде [26] Қазақстан территориясында XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап соңына дейін жасақталған ресейлік басқару құрылымдары мен билік органдарының қызметі зерттелген. Еңбекте әкімшілік реформалардың мәні, олардың жүзеге асырылуы сыни тұрғыдан қарастырылады.

1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже» А.Т. Ахметжановаңың ғылыми жұмысының [27] зерттеу нысаны болғанын атап өткіміз келеді. Ізденуші-ғалым Ереженің Далалық өлкеге енгізілуін және отарлық әкімшілік қызметінің қазақ зиялылары тарапынан сыналуын зерделеген.

Ресейлік тарихнамада біз қарастырып отырған мәселе А.В. Ремневтің [28], Д.В. Васильевтің [29] зерттеулерінде көрініс тапқан. А.В. Ремнев патша үкіметінің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығында Сібір аймағында жүргізген әкімшілік саясатына, әкімшілік реформалар негізінде құрылған басқару құрылымдарына талдау жасаған. Д.В. Васильев еңбегі Ресейдіің XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарында қазақ даласында құрылған әкімшілік құрылымдардың қалыптасу процесіне, Ресей заңнамасының қазақ қоғамына кіріктірілуіне арналған.

Қорытынды. 1891 жылғы Ереженің әкімшілік құрылымға қатысты тарауына талдау жасау, бұл Ереженің 1868 жылғы Уақытша ереженің заңды жалғасы болғанын және қазақ өлкесіндегі басқару құрылымдарын жалпыимпериялық жағдаймен жақындастыру тұрғысынан алғанда Уақытша ережеден бірталай алға кеткенін көрсетеді. Бұл, далалық облыстарда жалпыимпериялық ведомстволардың жергілікті мекемелерін құрудан, барлық далалық облыстарды ортақ заңнамалық нормалар ауқымында біріктіруден, далалық облыстарды басқару кеңестерін жоюдан, «көшпенді» және «отырықшы халықтар» үшін Түркістан өлкесімен ортақ жергілікті басқаруды құрудан көрінеді. Тіпті далалық облыстарды басқаруды Дала генерал-губернаторы мен Ішкі істер министрінің арасында ажырату, үкіметтің, барлық өлкені жалпыимпериялық жағдайға жақындату мақсатын көздегенін дәйектей түседі.

«Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже» 1868 жылғы Уақытша ереже мен 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже» сияқты Ресей әкімшілік заңнамасымен сабақтас болғанын және Сібір, Орынбор ведомстволарының далалық облыстарын басқару жөніндегі 1870-ші, 1880-ші жылдары дайындалған ережелер жобаларымен тығыз байланыста жасақталғанын көрсетеді.

Дала ережесі Ресейдің аймақтық саясатындағы қазақ өлкесін әкімшілік және қоғамдық басқаруды бірегейлендіру бағыттарын және империяның әкімшілік жүйесімен толықтай кіріктірудегі стратегиялық қадамдарын айқындай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *ҚР ОМА. 64-қ. Дала генерал-губернаторлығының кеңсесі. 1-т. 125-іс. 2-том. 38-п.*
2. *ҚР ОМА. 15-қ., 64-қ.*
3. *Журнал комиссии для пересмотра действующих постановлений об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской // Ресей Федерациясы Мемлекеттік архиві (РФМА-ГАРФ). 586-қ. 1-т. 41-іс.*
4. *Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві (РМӘТА-РГВИА). 400-қ. Әскери министрліктің Бас штабы. 1-т. 120-іс.*
5. *РФ Омбы облысы тарихи архивінің (ООТА) 3-қ. Батыс Сібір Бас басқармасы. 4-т. 6666-іс.*
6. *Структуры управления казахами Западной Сибири (конец XYIII в.-XIX в.). Сборник документов /Составители: Абенова Б.С., Абенов Д.К., Купенова Г.Ы., Саркенова К.А. - Алматы: «Нұрлы әлем», 2025. 552 с.*
7. *Крафт И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. 532 с.*
8. *ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 2-артқы п.*
9. *ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 3-п.*

10. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том.3-артқы п.
11. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 4-п.
12. ООТА. 3-қ. Батыс Сібір Бас басқармасы. 4-т. 6666-іс. 420-п.
13. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 39-артқы п.
14. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 3-п.
15. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 62-п.
16. РФМА. 586-қ. 1-т. 41-іс. 21-п.
17. РФМА. 586-қ. 1-т. 41-іс. 11-п.
18. РФМА. 586-қ. 1-т. 41-іс. 468-468-артқы пп.
19. ООТА. 3-қ. Батыс Сібір Бас басқармасы. 4-т. 6666-іс. 3-п.
20. РМӘТА. 400-қ. 1-т. 120-іс. 468-496-пп.
21. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начала XX века (1867-1916). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. 411 с.
22. ҚР ОМА. 15-қ. Семей облыстық басқармасы. 1854-1919 жж. 1-т. 2048-іс. 110-артқы, 111-пп.
23. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 1-4-пп.
24. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 316-артқы, 319-пп.
25. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс. 2-том. 276, 313-313-артқы пп.
26. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998. 132 с.;
27. Ахметжанова А.Т. Степное положение 1891 года в Казахстане: исторический аспект. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алматы, 2010. 141 с.
28. Ремнев А.В. Самодержавие и Сибирь. Административная политика второй половины XIX – начала XX века. Омск: Изд-во Омского университета, 1997. 252 с.
29. Васильев Д.В. Бремя империи. Административная политика России в Центральной Азии. Вторая половина XIX в. М.: Политическая энциклопедия, 2018. 638 с.

References:

1. QR OMA. 64-q. Dala general-gubernatorlyǵynyń keńsesi. 1-v. 125-is. 1, 2-tomdar.
2. QR OMA. 15-q, 64-q.
3. Zhurnal komissii dlya peresmotra deystvuyushchikh postanovleniy ob upravlenii v oblastyakh Ural'skoy, Turgayskoy, Akmolinskoy, Semipalatinskoy i Semirechenskoy // Resey Federatsiyasy Memlekettik arkhivi (RFMA-GARF). 586-kٟ. 1-t. 41-ís.
4. Resey memlekettik äskerï-tarïxï arxïvi (RMÄTA-RGVÏA). 400-q. Äskerï mïnïstrliktiñ Bas ştabı. 1-t. 120-is.
5. RF Ombı oblısı tarïxï arxïvi. (OOTA) 3-q. Batıs Sibir Bas basqarması. 4-t. 6666-is.
6. Struktury upravleniya kazakhami Zapadnoy Sibiri (konets XVIII v.-XIX v.). Sbornik dokumentov /Sostaviteli: Abenova B.S., Abenov D.K., Kupenova G.Y., Sarkenova K.A. Almaty: «Nūrly әlem», 2025. 552 s.
7. Kraft I. Sbornik uzakoneniio kirgizah stepnyh oblastei. Orenburg, 1898. 532 s.
8. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 2-artqi p.
9. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 3-p.
10. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 3-artqi p.
11. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 4-p.
12. OOTA. 3-q. Batıs Sibir Bas basqarması. 4-t. 6666-is. 420-p.
13. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 39-artqi p.
14. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 43-p.
15. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 62-p.
16. RFMA. 586-kٟ. 1-t. 41-ís. 21-p.
17. RFMA. 586-kٟ. 1-t. 41-ís. 11-p.
18. RFMA. 586-kٟ. 1-t. 41-ís. 468-468-artqi pp.
19. OOTA. 3-q. Batıs Sibir Bas basqarması. 4-t. 6666-is. 3-p.
20. RMÄTA. 400-q. Äskerï mïnïstrliktiñ Bas ştabı. 1-t. 120-is. 468-496-pp.
21. Sulejmenov B.S. Agrarnyi vopros v Kazahstane posledneitreti XIX-nachala XX veka (1867-1916). Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1963. 411 s.
22. QR OMA. 15-q. Semey oblıtıq basqarması. 1854-1919 gg. 1-t. 2048-is. 110-artqi-111-pp.
23. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 1-4-pp.
24. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 316-artqi, 319-pp.

25. QR OMA. 64-q. 125-is. 2-tom. 276, 313-313-artqi pp.

26. Abdrahmanova B.M. Istoriya Kazahstana: vlast', sistema upravleniya, territorial'noe ustrojstvo v XIX veke. Astana, 1998. 132 s.

27. Akhmetzhanova A.T. Stepnoye polozheniye 1891 goda v Kazakhstane: istoricheskiy aspekt. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Almaty, 2010. 141 s.

28. Remnev A.V. Samoderzhaviye i Sibir'. Administrativnaya politika vtoroy poloviny KHİKH – nachala KHKH veka. Omsk: Izd-vo Omskogo universiteta, 1997. 252 s.

29. Vasil'ev D.V. Bremya imperii. Administrativnaya politika Rossii v Central'noj Azii. vtoraya polovina XIX v. M.: Politicheskaya enciklopediya, 2018. 638 s.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.09; 03.20.31
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 94(574)"1918/1920":392 https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.002

*Г.Х. Абдыкулова[1], А.П. Алиакбарова[*2], Т.А. Ершева[3]*

[1]PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана,
e-mail: gabdykulova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8403-072X

[2]PhD, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Казахстан, Астана,
e-mail: ainurap@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2236-170X

[3]Костанайский региональный университет им. Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан, Костанай,
e-mail: tolkyn_yerisheva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9939-9055

КАЗАХСКОЕ КОЧЕВОЕ ОБЩЕСТВО В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ (1918-1920 гг.): ПОВСЕДНЕВНЫЕ ПРАКТИКИ И АДАПТАЦИЯ

Аннотация

Статья посвящена изучению повседневных практик и адаптации казахского кочевого общества в условиях Гражданской войны 1918-1920 гг. На основе архивных материалов Государственного исторического архива Омской области, Центрального государственного архива Республики Казахстан и Центра документации новейшей истории Восточно-Казахстанской области рассматриваются политическая ситуация в Степном крае, влияние военно-политического кризиса на традиционный уклад жизни казахского населения, а также его действия в условиях многовластия и экономического давления. Методологическую основу исследования составили историко-антропологический, микроисторический и сравнительно-исторический подходы.

В результате исследования установлено, что одной из форм адаптации стало сохранение аульных сходов и практики коллективного принятия решений. В условиях многовластия казахское население также выстраивало отношения с различными политическими и административными структурами и предпринимало попытки защитить свои хозяйственные и имущественные интересы. Характер этих действий во многом зависел от конкретной политической или хозяйственной ситуации. Вместе с тем реквизиции, повинности, земельные конфликты, имущественные потери, сокращение поголовья скота, голод и эпидемии существенно

ограничивали возможности адаптации населения. Сделан вывод о том, что выявленные практики помогали решать отдельные проблемы, возникавшие в повседневной жизни аулов, но не могли предотвратить последствия общего хозяйственного кризиса.

Ключевые слова: казахское кочевое общество, Степной край, Гражданская война, повседневные практики, адаптация, аульный сход, военный коммунизм.

*Г.Х. Әбдікұлова[1], А.П. Алиакбарова[*2], Т.А. Ершева[3]*

[1]PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана,
e-mail: gabdykulova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8403-072X

[2]PhD, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Қазақстан, Астана,
e-mail: ainurap@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2236-170X

[3]Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай,
e-mail: tolkyn_yerisheva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9939-9055

АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫ (1918-1920 жж.): КҮНДЕЛІКТІ ТӘЖІРИБЕЛЕР ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУ

Аңдатпа

Мақала 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы жағдайындағы қазақ көшпелі қоғамының күнделікті тәжірибелері мен бейімделуін зерттеуге арналған. Омбы облысының Мемлекеттік тарихи архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының архив материалдары негізінде Дала өлкесіндегі саяси жағдай, әскери-саяси дағдарыстың қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына ықпалы, сондай-ақ көпөкіметтілік пен экономикалық қысым жағдайындағы халықтың іс-әрекеттері қарастырылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-антропологиялық, микротарихи және салыстырмалы-тарихи тәсілдер құрады.

Зерттеу нәтижесінде бейімделудің бір түрі ретінде ауыл жиындары мен ұжымдық шешім қабылдау тәжірибесінің сақталғаны анықталды. Көпөкіметтілік жағдайында қазақ халқы әртүрлі саяси және әкімшілік құрылымдармен қарым-қатынас орнатып, өзінің шаруашылық және мүліктік мүдделерін қорғауға әрекет жасады. Бұл әрекеттердің сипаты көбіне нақты саяси немесе шаруашылық жағдайға байланысты болды. Сонымен қатар реквизициялар, міндеткерліктер, жер даулары, мүліктік шығындар, мал басының азаюы, аштық пен індеттер халықтың бейімделу мүмкіндіктерін едәуір шектеді. Анықталған тәжірибелер ауылдардың күнделікті өмірінде туындаған жекелеген мәселелерді шешуге ықпал еткенімен, жалпы шаруашылық дағдарыстың салдарын еңсеруге жеткіліксіз болғанын көрсетті.

Кілт сөздер: қазақ көшпелі қоғамы, Дала өлкесі, Азамат соғысы, күнделікті тәжірибелер, бейімделу, ауыл жиыны, әскери коммунизм.

*G.Kh. Abdykulova[1], A. P. Aliakbarova[*2], T. Yerisheva[3]*

[1] PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Astana,
e-mail: gabdykulova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8403-072X

[2] PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan,
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Kazakhstan, Astana,
e-mail: ainurap@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2236-170X

[3] Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay
e-mail: tolkyn_yerisheva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9939-9055

KAZAKH NOMADIC SOCIETY DURING THE CIVIL WAR (1918-1920): EVERYDAY PRACTICES AND ADAPTATION

Abstract

The article examines the everyday practices and adaptation of Kazakh nomadic society during the Civil War of 1918–1920. Drawing on archival materials from the State Historical Archive of the Omsk Region, the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, and the Documentation Center of Contemporary History of the East Kazakhstan Region, the study examines the political situation in the Steppe Region, the impact of the military-political crisis on the traditional way of life of the Kazakh population, and its actions under conditions of multiple competing authorities and economic pressure. The methodological framework of the study is based on historical-anthropological, microhistorical, and comparative-historical approaches.

The study found that one form of adaptation was the preservation of aul assemblies and the practice of collective decision-making. Under conditions of multiple competing authorities, the Kazakh population also interacted with various political and administrative structures and sought to protect its economic and property interests. The nature of these actions largely depended on the specific political or economic situation. At the same time, requisitions, compulsory obligations, land conflicts, property losses, declining livestock numbers, famine, and epidemics significantly limited the population's capacity to adapt. The study concludes that the identified practices helped address specific problems arising in the everyday life of auls but could not prevent the consequences of the broader economic crisis.

Keywords: Kazakh nomadic society, Steppe Region, Civil War, everyday practices, adaptation, aul assembly, war communism.

Введение.

Проблематика повседневной жизни кочевого населения Степного края в годы гражданского противостояния 1918-1920 гг. приобретает особую значимость в современной исторической науке Казахстана в связи с расширением исследовательского фокуса на микроисторические процессы.

Несмотря на высокую степень разработанности политической и военной истории Гражданской войны в Казахстане, вопросы, связанные с функционированием традиционного кочевого общества в ситуации слома прежних норм, разрыва хозяйственных циклов и трансформации социальных практик, освещены фрагментарно и требуют комплексного междисциплинарного анализа.

В период 1918-1920 гг. кочевое население столкнулось с беспрецедентными вызовами: быстрым изменением политических режимов, борьбой между различными центрами власти,

вооружёнными столкновениями, реквизициями скота, засухами и бескормицей, экономическим кризисом, усугублённым политикой «военного коммунизма». Эти обстоятельства привели к разрушению устойчивых моделей хозяйствования, вынужденному перераспределению ресурсов, обострению социальных противоречий и появлению новых форм адаптивного поведения. Изучение этих процессов позволяет глубже понять, как традиционное общество приспосабливалось к условиям тотальной неопределённости и каким образом трансформировались структуры повседневности в такой среде.

Для определения степени изученности поставленной проблемы и существующих исследовательских пробелов необходимо провести анализ историографии данного периода.

Историография Гражданской войны в Казахстане отличается значительным объёмом, тематическим разнообразием и высокой степенью разработанности политиковоенных аспектов периода. Имеющуюся литературу по проблематике исследования можно систематизировать по нескольким направлениям, отражающим основные исследовательские подходы, сложившиеся в науке.

Первую и наиболее фундаментальную группу источников составляют сборники документов и труды советского периода, такие как «Колчаковщина: сборник документов и боевых воспоминаний» [1], «Боевые подвиги частей Красной Армии (1918–1922): сборник документов» [2], «Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане» [3], «Гражданская война в Казахстане: летопись событий» [4]. Эти издания включают обширный фактический материал, отражающий динамику военных действий, деятельность различных органов власти, а также меры в сфере мобилизации, продовольственного снабжения и территориального управления. Несмотря на выраженную идеологическую обусловленность и субъективный характер представленных материалов, данные сборники содержат важную фактологическую информацию о ходе военных действий, политике военного времени и социально-экономических условиях, в которых находилось население регионов, охваченных вооружённым противостоянием.

Вторую группу образуют исследования политической истории советского периода [5], [6], [7]. В центре внимания этих работ – становление Советской власти, «классовая борьба», противостояние различных политических сил, развитие партизанского движения. Социальные последствия войны анализируются в общих чертах.

Третье направление представлено исследованиями постсоветского периода, развивающими региональный и социально-исторический подходы [8], [9], [10], [11].

Особое место занимает группа исследований, посвящённая политике «военного коммунизма», реквизициям, трудовым повинностям, формированию социальной базы большевизма и механизмам хозяйственного принуждения в Степном крае [12-13], [14]. В них подробно описываются экономические и административные преобразования, давление на хозяйства населения, мобилизационные практики власти, а также кризисы, вызванные нарушением традиционных экономических циклов.

В этом ряде работ выделяются труды Ю. А. Лысенко, посвященные изучению проблематики периода гражданской войны 1918-1920 гг. на территории Казахстана. В частности, в исследо-вании, посвященном изучению механизмов формирования социальной базы большевизма в Степном крае [15], автор акцентирует внимание на специфике социально-политических процессов в регионе, отличавшихся от общеимперской модели. Автор убедительно показывает, что ключевыми факторами эскалации вооружённого противостояния стали отсутствие широкой социальной базы большевизма, многополярность политических сил и затянувшаяся ситуация многовластия, сложившаяся в конце 1917 - начале 1918 гг. Данный вывод имеет важное значение при анализе повседневной жизни кочевого населения и адаптационных практик, поскольку позволяет рассматривать его не как активного субъекта политической борьбы, а как социальную группу, оказавшуюся в условиях внешнего давления и институциональной нестабильности.

Особое значение имеет тезис автора о несоответствии большевистских социально-экономических лозунгов специфике Степного края. Ю.А. Лысенко подчёркивает, что аграрная политика советской власти, ориентированная на оседлое земледельческое население и классовую дифференциацию деревни, игнорировала традиционные формы хозяйствования и землепользования кочевников. Это обстоятельство обусловило не только слабую восприимчивость кочевого населения к идеологии большевизма, но и вынужденную трансформацию их повседневных практик в условиях насильственного внедрения новых административных и земельных институтов.

Статья Е.И. Медеубаева [14], посвящённая политике советского государства в жилищной сфере в период «военного коммунизма» (1918-1921 гг.), рассматривает Гражданскую войну в Степном крае сквозь призму трансформации повседневной жизни и вмешательства государства в частное пространство. Автор показывает, что конфискация и муниципализация жилья в городах Казахской и Туркестанской АССР стали устойчивой практикой, превратившейся в повседневную норму революционного времени.

Существенным является вывод о правовой неопределённости и неординарном характере жилищной политики, когда экспроприационные меры нередко осуществлялись вне чётких нормативных рамок и легитимировались постфактум. Это создавало условия для произвола местных органов власти и усиливало ощущение социальной незащищённости.

Хотя исследование сосредоточено на городской среде, его выводы имеют более широкий методологический смысл для данного исследования: насильственные практики перераспределения и вторжение государства в частную жизнь формировали общий кризис повседневного порядка в Казахстане в годы Гражданской войны.

Ещё одно – широкое направление связано с изучением истории национального движения «Алаш», деятельности партии Алаш и его ярких представителей [16], [17], [18], [19], [20]. Исследования данного направления занимают значительное место в современной историографии, особенно на фоне возросшего в последние годы интереса к истории партии Алаш, её лидерам и деятельности правительства Алаш-Орды. В этих работах детально анализируются политическая ситуация рассматриваемого периода, идеологические противостояния и процесс формирования национальной элиты. В совокупности работы позволяют глубже понять мотивацию национального движения, его роль в структурировании власти на местах и влияние на политическую динамику периода Гражданской войны.

Незначительный пласт историографии истории гражданского противостояния на территории Казахстана образуют работы зарубежных исследователей, рассматривающих трансформации казахского общества в изучаемое время [21], [22]. В данных работах особое внимание уделяется изменениям в традиционных хозяйственных укладах и трансформации социальной структуры общества.

Часть исследовательского поля составляют публикации, размещённые на цифровых платформах. К примеру, статья, посвященная истории Казахстана в период Гражданского противостояния под авторством Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, размещенная на веб-сайте https://e-history.kz . В ней авторы рассматривают несколько ключевых событий периода: динамику военных действий**,** смену политико-военных центров власти и специфику регионального многовластия. Значительное внимание уделено локальным формам вооружённого сопротивления**.** Отдельный акцент в материале сделан на деятельности Алаш и Алаш-Орды, которые рассматриваются как важнейший политический фактор периода. В обзоре отмечается, что участие Алаш-Орды в противостоянии было не только военно-политическим, но и социальным явлением, отражавшим стремление части казахского общества к национальной самоорганизации и политической автономии.

Анализ рассмотренной литературы показывает, что обращение к истории Казахстана 1918-1920 годов носило непрерывный характер: ее проблематика исследовалась как в советский, так и в постсоветский периоды. В отмеченных работах освещались процессы установления

Советской власти, период двоевластия, переросший в открытое гражданское противостояние, политика «военного коммунизма» и социально-экономические последствия войны. Вместе с тем в этих исследованиях практически не рассматривалась жизнь коренного населения – рядовых кочевников. В большинстве трудов они предстали лишь как население территорий, оказавшихся в зоне вооружённого конфликта, или как ресурс, мобилизуемый различными политическими силами для реализации собственных целей. Не становились самостоятельными объектами анализа повседневная жизнь кочевников, их собственное восприятие происходящего и реакция на события. Это во многом объясняется доминированием событийной макроистории, характерной для исторической науки того периода.

В настоящее время, несмотря на смещение исследовательского интереса отечественной исторической науки в сторону микроисторических исследований и истории повседневности, повседневная жизнь казахского кочевого общества в годы Гражданской войны 1918-1920 гг. по-прежнему остается недостаточно изученной. Как показало изучение историографии, кочевое население рассматривается преимущественно как объект военно-политических, административных и мобилизационных процессов, тогда как его повседневные практики, формы самоорганизации и механизмы адаптации к условиям политического и социально-экономического кризиса не получили комплексного освещения. Недостаточно используются возможности историко-антропологического и микроисторического подходов, позволяющих реконструировать локальный опыт казахского общества и выявить особенности повседневной жизни и способы приспособления казахского населения к условиям гражданского противостояния.

В связи с изложенным, научная новизна исследования заключается в комплексном изучении повседневных практик и способов адаптации казахского кочевого населения в условиях Гражданской войны на основе ранее малоиспользованных архивных материалов. Документы местных органов управления, протоколы сходов и переписка раскрывают повседневную жизнь населения в условиях политической и социально-экономической нестабильности и отражают его действия в ответ на происходившие изменения. Тем самым исследование частично восполнит существующий историографический пробел и откроет новые перспективы для изучения социальной истории Казахстана в период Гражданской войны 1918-1920 гг.

Цель работы – проанализировать повседневные практики и выявить основные формы адаптации казахского кочевого общества в условиях Гражданской войны 1918-1920 гг.

Для достижения цели определены следующие исследовательские задачи: охарактеризовать политический контекст Степного края в 1918-1920 гг.; проанализировать основные вызовы и угрозы, с которыми столкнулось кочевое население; выявить и охарактеризовать основные повседневные практики и способы адаптации кочевого населения к изменявшимся политическим и социально-экономическим условиям.

Отмечаем, что в настоящем исследовании адаптация рассматривается как совокупность социальных, хозяйственных и политических практик казахского кочевого населения.

Материалы и методы.

Методологическую основу исследования составляет комплекс методов и подходов, позволяющих всесторонне реконструировать повседневную жизнь и адаптационные практики кочевого населения. В частности, в работе для выявления причинно-следственных связей и анализа процессов, повлиявших на трансформацию традиционного кочевого уклада в условиях Гражданской войны, применён историко-сравнительный метод.

Историко-антропологический подход применялся для изучения повседневной жизни кочевников, их социальных практик и действий в конкретных исторических условиях. Изучение адаптационных механизмов в условиях военно-политической нестабильности и социально-экономического кризиса на локальном уровне обусловило применение микроисторического подхода.

Эмпирическую базу исследования составили архивные материалы из фондов Государственного исторического архива Омской области, Центрального государственного архива Республики Казахстан и Центра документации новейшей истории Восточно-Казахстанской области. Значительная часть изученных документов была создана органами власти и местного управления, поэтому содержащиеся в них сведения отражают происходившие события преимущественно с позиции их составителей. В связи с этим при анализе источников их содержание рассматривалось критически. Особое внимание уделено протоколам сходов, обращениям и жалобам населения, административной переписке, а также документам о хозяйственных и земельных конфликтах.

Результаты. Отсутствие единых механизмов управления и состояние правовой неопределённости, обусловленные разрушением прежней административной системы и ещё не утвердившейся новой моделью власти, стали определяющими характеристиками политической ситуации в крае. После свержения монархии Временное правительство приступило к формированию новой системы управления. Как следует из архивных материалов об организации городской и уездной милиции Акмолинской области, «одним из первых распоряжений Временного правительства после февральского переворота было устранение от должности губернаторов и вице-губернаторов и возложение на них лежащих обязанностей и прав на губернских комиссаров. Также были уничтожены совершенно жандармские управления, конно-полицейская стража и поставлен на очередь вопрос о реорганизации полиции» [23]. 17 апреля 1917 г. Временным правительством было утверждено «временное положение милиции», в статье 1 которого отмечалось, что «милиция есть орган исполнительный, орган государственной власти на местах, состоящий в непосредственном ведении городских и общественных управлений» [23].

7 мая 1917 г. «постановлением Акмолинского областного съезда киргизских депутатов был образован Акмолинский областной исполнительный Киргизский комитет» [24]. В уездах были образованы уездные исполнительные органы, а также «сельские, аульные и волостные исполнительные комитеты» [24].

Вместе с тем в это же время в регионе предпринимались попытки модернизации системы местного самоуправления посредством создания земских учреждений. Как отмечает Г.Т. Каженова, земство рассматривалось как оптимальная форма местного самоуправления в условиях смены политического режима [11]. Иными словами, в регионе формировалась новая система управления, опиравшаяся на органы местного самоуправления.

В период с февраля по октябрь 1917 г. Степной край оказался в пространстве острой политической борьбы за власть между Временным правительством, советами, а также формировавшимися национальными политическими структурами, прежде всего движением Алаш и его органами.

Шығыстанушы Н. Сабитов еңбектерінде қазақ мектептері мен медреселерінің қызметі, сондай-ақ революцияға дейінгі кезеңдегі орыс-қазақ мектептері туралы мәліметтер қамтылған. Дегенмен автор мұсылмандық білім беру жүйесін кеңестік таптық көзқарас тұрғысынан бағалап, оның қызметін қоғам дамуына кедергі келтіретін құбылыс ретінде сипаттайды [9].

Отандық тарихнамада жәдидшілдіктің этномәдени және рухани аспектілерін зерттеуде Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектері маңызды орын алады. Ғалым Қазақстан мен Ресей мұрағаттарының материалдарына сүйене отырып, Батыс Қазақстандағы этномәдени байланыстар жүйесіндегі жәдидшілдіктің рөлін, татар зиялыларының ағартушылық қызметін және мұсылман қауымдастықтарының қоғамдық ықпалын талдаған [10].

Н.Д. Нұртазина Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының рухани даму мәселелерін қарастыра отырып, жәдидшілдіктің аймақтық ерекшеліктеріне назар аударды. Зерттеушінің пікірінше, Қазақстандағы жәдидшілдіктің негізгі мақсаты қоғамды жаңғырту, ұлттық сананы дамыту және отарлық тәуелділіктен арылуға бағытталған реформалық идеяларды жүзеге асыру болды [11].

К.К. Базарбаев пен Ж.Т. Төлепберген Түркістан өңіріндегі жаңа әдісті оқу орындарының қалыптасу тарихын зерттей отырып, білім беру жүйесін реформалау мұсылман халықтарының мәдени және рухани бірігуіне ықпал еткенін дәлелдейді. Авторлардың пікірінше, жәдидшілдік қозғалысы тек оқу-ағарту саласын ғана емес, жалпы рухани мәдениетті жаңғырту үдерісін қамтыды .

Посткеңестік кеңістіктегі зерттеушілердің еңбектері жәдидшілдікті кең ауқымда қарастыруымен ерекшеленеді. Татар және башқұрт ғалымдары Р.М. Мұхаметшин, Р.Х. Калимуллин, Р.С. Хакимов, Р.Г. Кузеев, Л.А. Ямаева, М.Н. Фархшатов, М.В. Рыгалова және басқа да зерттеушілер Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының ағартушылық қозғалыстарын зерттей отырып, қазақ даласындағы жәдидшілдіктің ерекшеліктеріне де тоқталады.

Жәдидшілдіктің тарихи бастаулары мен исламдық реформаторлық қозғалыстардың дамуын зерттеуде Ризаитдин Фахретдиннің еңбектері ерекше маңызға ие. Ол Еділ-Орал өңіріндегі жәдидшілдіктің таралу алғышарттарын, ислам институттарының тарихын және мұсылман қоғамындағы ағартушылық қызметтің эволюциясын қарастырған [12].

Қазіргі кезеңде Орталық Азия ғалымдары да жәдидшілдік мәселесіне белсенді түрде зерттеу жүргізуде. Тәжікстандық ғалымдар Н.Б. Хотамов пен Н.У. Гафаров, өзбекстандық зерттеушілер Д. Алимова, Н. Каримов, С.Б. Шадманова, З.Э. Халилова және басқалары Орта Азиядағы жәдидшілдік қозғалысының ерекшеліктерін талдай отырып, Қазақстан аумағындағы мәдени, әлеуметтік және саяси өзгерістерге де назар аударады.

Жәдидшілдік тарихын зерттеуге шетелдік ғалымдар да елеулі үлес қосты. А.Халид, А.Франк, Р.Крюс, С.Дюдуаньон және басқа зерттеушілер жәдидшілдікті мұсылман қоғамдарының модернизациялық қозғалысы ретінде қарастырып, оның саяси, мәдени және білім беру салаларындағы ықпалын жан-жақты талдаған. Әртүрлі кезеңдердегі авторлардың ғылыми ұстанымдары мен методологиялық ерекшеліктері салыстырылып, олардың жәдидтік білім беру жүйесіне берген бағалары анықталды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс Қазақстан мен Орталық Азия өңірлеріндегі жаңа әдісті мектептердің даму ерекшеліктерін өзара салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар аталған оқу орындарының пайда болуы мен қызметіндегі ортақ және ерекше белгілер, олардың жергілікті қоғамның әлеуметтік-мәдени жаңғыруына ықпалы айқындалды.

Жүйелік әдіс жаңа әдісті мектептерді қоғамдық-саяси, мәдени және ағартушылық үдерістермен өзара байланыста қарастыруға негіз болды. Осы тәсіл арқылы жәдидтік білім беру қозғалысының Ресей империясының отарлық саясаты жағдайындағы орны, мұсылман қоғамындағы реформаторлық идеялармен сабақтастығы және ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына әсері талданды.

Контент-талдау әдісі зерттеушілердің еңбектеріндегі негізгі тұжырымдар мен бағалауларды анықтауға қолданылды. Бұл әдіс арқылы жаңа әдісті мектептердің қызметі, олардың оқу бағдарламалары, ағартушылық бағыттары және қоғамдық маңызы туралы пікірлер жүйеленіп, әртүрлі ғылыми мектептердің көзқарастары салыстырылды. Осы әдістердің жиынтық қолданылуы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы жаңа әдісті

мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихи алғышарттарын, қызмет ерекшеліктерін және қоғамдық маңызын жан-жақты әрі объективті түрде ашуға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылман халықтарының басым көпшілігі ұлт ретінде жойылудың алдында тұрды. Сол заманда мұсылман жұртының ішінде ең сауаттысы һәм білімдісі болған татар және қырым татар жұрты да Ресей патшалығының тарапынан ұлттық езгіге түсіп, ұлт ретінде жойылып бара жатты. Алайда И.Гаспринский, С.Мақсұдов, Ғ.Исхаков, М.Бигиев, Ә.Топшыбашев т.б. елшіл азаматтар ұлттық езгіден арылудың жолын ұсынып, әр тараптан бас көтере бастады. Олар түбі бір түркі жұртының саяси күштерін біріктіру арқылы, ұлттық езгіден құтылудың жолын анықтады. Ол үшін ұлтына адал ұрпақ тәрбиелеп, «ұлт мәселесін» қолға алу керек деп шешті. Күллі Еуропада, яғни батыста жаңа дәуір басталғанда, татар және қырым татар халқы да әлемдік көштен қалғысы келмеді. Олар өздерінің ұлт ретінде жойылып бара жатқандығының себебі – діннің әлсіреуінен, ал халықтың надандығы – білім беру жүйесінің әлсіздігінен деп түсінді. Тарихтың осындай жауапты кезеңінде қырым татары Исмаил Гаспринскийдің бастауымен жәдитшілдік қозғалысы жанданып, мұсылман халықтарына тез тарады.

«Жәдидизм» терминінің өзі генетикалық тұрғыдан татарларда (бастапқыда Қырым татарларында) «жаңа әдісті» ағарту жүйесін қалыптастыру кезінде пайда болған «амбул-и джадид» («жаңа әдіс») ұғымымен байланысты.

Жәдидтік қозғалысы XIX ғасырдың 80-жылдарында қалыптаса бастайды. Қозғалыстың негізін салушы қырым татарларынан шыққан атақты ағартушы Исмаил Гаспралы болып табылады [13, 175-б.]. Ол алғашқы діни білімін Қырымдағы мұсылмандық медреседе алып, кейін Мәскеу кадет корпусында әскери білім алды. Сонымен қатар Түркия мен Францияда болып, Батыс Еуропа мен Осман империясының қоғамдық-саяси және білім беру жүйесімен жақын танысты. Бұл сапарлар оның дүниетанымының қалыптасуына және реформаторлық көзқарасының нығаюына елеулі ықпал етті.

Исмаил Гаспралы Қырым татарларының өкілі еді. XIX ғасырдың екінші жартысында Қырым татарлары түбек халқының шамамен төрттен бір бөлігін ғана құрады және этнодемографиялық тұрғыдан аздық жағдайда өмір сүрді. Осындай жағдайда түркі тілін сақтау мен дамыту олардың ұлттық болмысын, мәдени бірегейлігін және тарихи сабақтастығын сақтаудың негізгі тетіктерінің біріне айналды. Сондықтан Гаспралының ағартушылық қызметінде түркі тілінде білім беруді дамыту мен ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру мәселелері басым бағыт ретінде көрініс тапты.

Қозғалыстың негізінде мұсылман мектептерінде бірқатар зайырлы пәндерді енгізу және араб тілін оқытудың жаңа, дыбыстық әдісін арабша «усул-и жадид - «жаңа әдіс) қолдану жатқан болатын. Жәдидшілдікке сол кезеңде қарсы бағытталған қозғалыс қадымшылдық (консервативті) деп аталды. Қадымшылдық өкілдері заманауи жаңашылдықты қабылдамайтын, шарғиат жолынан ауытқымауды талап ететін консервативтік ұстанымда болды. Ескішіл, консервативті қоғамдық ағым ретінде қадымшылдық жәдидшілдікпен қатар өмір сүріп, онымен кескілескен күрес жүргізді.

«Усул-и жәдид» (дыбыс жүйесі) Ресей мұсылмандары үшін жаңа әдіс болды. Бұған дейін Қайым Насыри мен оның шәкірттері тарапынан оқытуда буын әдісі қолданылып келгендіктен, енді осы екі оқу әдісі арасында күрес басталады. Тарихта «қадымшылар» мен «жәдитшілдер» деп аталып кеткен екі түрлі бағытты ұстанғандардың, яғни ескі және жаңа әдістің арасында текетірес күшейе түсті. Алайда, халықтың көпшілігі «усул-и саутийа» әдісін қолдануды өздеріне пайдалы деп тапты. Соның нәтижесінде, түрлі мектептер ашылып, олардың бағыты «усул-и жәдид» деп аталды.

Патша үкіметінің ағартушылық саясатының негізгі бағыттарын дұрыс бағамдаған қазақ және қырғыз қоғамының ауқатты өкілдері – байлар мен манаптар – өз өңірлерінде жаңа үлгідегі білім беру ісін дамытуға белсенді түрде атсалысты. Олар өз қаражаттары есебінен заман талабына сай мектеп ғимараттарын тұрғызып, дәстүрлі қадымшылық оқыту жүйесінің

заман сұранысына жауап бере алмайтынын түсіне отырып, жаңаша оқыту әдістерін қолдады. Осы мақсатта Қазан, Уфа және Орынбор қалаларынан жәдиттік білім беру әдісін меңгерген мұғалімдерді арнайы шақыртып, олардың еңбекақысын өз қаражаттары есебінен төлеп отырды. Бұл бастамалар отарлық жағдайда өмір сүрген қазақ пен қырғыз халықтарының ұлттық санасының жаңғыруына, дүниетанымының кеңеюіне және жаңа қоғамдық құндылықтарды қабылдауына елеулі ықпал етті. Сонымен қатар, жәдиттік оқу орындарында діни біліммен қатар тарих, география, жаратылыстану және басқа да зайырлы пәндердің оқытылуы шәкірттердің қоғамдағы саяси-әлеуметтік үдерістерді тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді.

1882 жылы Исмаил Гаспралы Түркістан өлкесіне арнайы сапар жасап, мұсылмандық білім беру жүйесін реформалау және жаңа үлгідегі мектептер ашу мәселесі бойынша Түркістан генерал-губернаторы Н.О. Розенбахқа ұсыныс білдіргенімен, бұл бастама әкімшілік тарапынан қолдау таппады. Кейін, 1893 жылы ол Бұхара әмірі Абдулахад ханға (кейбір деректерде Абдулахан деп көрсетіледі) жаңа әдісті мектептер ашу жөнінде ұсыныс енгізді. Алайда әмірдің консервативті ұстанымы бұл жобаның жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Осыдан кейін Гаспралы Орта Азияда қоныстанған Қырым татарларының қолдауына сүйене отырып, жаңа әдісті мектептерді ұйымдастыру ісін қоғамдық негізде қолға алды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жәдитшілер мұсылмандық білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған кең ауқымды реформаларды жүзеге асырып, Түркістан өңірінде жаңа әдісті (усул-и жәдид) мектептердің желісін қалыптастырды. Кеңес тарихшысы Г.А. Хидоятовтың мәліметі бойынша, 1910 жылға қарай Түркістан өлкесінің әртүрлі аймақтарында шамамен 50 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеген [13, 175-б.]. Бұл оқу орындарының негізгі орталықтары Ташкент пен Қоқан қалалары болды. Ташкентте 20, ал Қоқанда 16 жәдит мектебі қызмет атқарған. Қазан төңкерісі қарсаңында Түркістандағы жаңа әдісті мектептердің саны жүзге жуықтап, оларда 8–10 мыңға дейін оқушы білім алған.

Жәдит мектептері өңірдің жаңа ұлттық интеллигенциясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Кейіннен белгілі ағартушылар мен әдебиет қайраткерлеріне айналған Хамза Хәкімзаде Ниязи, Ұйғыр және Айбек сияқты тұлғалардың алғашқы білім алуы осы оқу орындарымен байланысты болды.

XX ғасырдың басынан бастап жаңа әдісті мектептерде Қазан татарлары, Осман түріктері, парсы және әзірбайжан ағартушылары дайындаған оқулықтармен қатар жергілікті авторлардың оқу құралдары да кеңінен қолданысқа енгізілді. Жәдиттік білім беру тұжырымдамасы оқушылардың практикалық білім мен өмірлік дағдыларды меңгеруіне ерекше мән берді. Осыған сәйкес оқу бағдарламасына ана тілінде оқу және жазу, түркі немесе парсы тілдері, арифметика, тарих, география, дін негіздері сияқты пәндер енгізілді. Бұл бағдарлама дәстүрлі мұсылман мектептерімен салыстырғанда мазмұны жағынан әлдеқайда кең әрі зайырлы сипатқа ие болды.

Жаңа әдісті мектептердің білім беру жүйесі қоғамды жаңғыртуға қабілетті, заман талабына бейімделген сауатты ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етті. Осындай оқу бағдарламаларының бірін Ташкенттегі медреседе ұстаздық қызмет атқарған көрнекті жәдит қайраткері Мунаввар Қари Абдурашидханов әзірледі. Оның педагогикалық қызметі мен әдістемелік еңбектері Түркістандағы жәдиттік білім беру жүйесінің қалыптасуына елеулі ықпал етіп, кейіннен көптеген зиялы қауым өкілдерінің дүниетанымының қалыптасуына негіз болды.

Қазақстан тарихнамасындағы қазіргі зерттеулерде жәдидшілдік XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан исламдық реформаторлық және жаңашыл ағым ретінде қарастырылады. Оның негізгі мақсаты мұсылмандық білім беру жүйесін жаңғырту, оқу үдерісіне жаңа оқыту әдістерін енгізу және дәстүрлі діни пәндермен қатар бірқатар зайырлы пәндерді оқытуды жолға қою болды. Сонымен қатар, жәдидшілдер мектептерде ана тілінде білім беруді, исламды заман талаптарына сай реформалауды, оның қоғамдық-экономикалық өзгерістерге, соның ішінде буржуазиялық даму үдерістеріне бейімделуін, діни қызметкерлердің білім

беру ісіне ықпалын шектеуді, ұлттық әдебиет пен өнердің дамуын қолдауды, сондай-ақ әйелдердің құқықтық және әлеуметтік теңдігін қамтамасыз етуді жақтады.

1921 жылы Г. Сафаров жәдидтік қозғалыстың мәнін сипаттай отырып: «Мұсылман зиялылары жәдидтер арқылы мектеп жүйесін реформалауды, жаңа емле ережелерін енгізуді, арабтық және ежелгі грек схоластикасының үстемдігін жойып, ұлттық мәдениеттерді оқыту мен дамытуға кең жол ашуды талап етті. Уақыт өте келе бұл қозғалыс саяси тұрғыдан прогрессивті ұлттық қозғалысқа айналды. Оның дамуына татар және қырғыз (қазақ) зиялылары елеулі ықпал етті, өйткені бұл ортада жәдидшілдер бұрыннан-ақ берік ұстанымға ие болған еді», – деп атап көрсетеді [14, 41-б.].

Сонымен қатар, Г. Сафаров жәдидтердің өз халықтарының ұлттық мәдениетін жаңғыртуға ұмтылғанын және олардың православиелік миссионерлік саясатқа қарсы бағыт ұстанғанын ерекше атап өтеді.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңінде жәдидшілдер Ресей империясының саяси жүйесін реформалау қажеттігін қолдады. Бұл ретте жәдидшілдіктің ағартушылық және реформаторлық идеялары тек мектептегі білім беру жүйесін жаңартумен ғана шектелмей, ұлттық рухани мәдениеттің барлық салаларын қамтыды. Осы тұрғыдан алғанда, Н.У. Гафаров жәдидшілдік қозғалысының қалыптасуын үш негізгі кезеңге бөледі: діни (теологиялық) реформизм, мәдени реформизм және саяси реформизм [15, 24-б.].

Жәдидшілдік қозғалысының қалыптасуына ықпал еткен факторлар кешені болды. Солардың ішіндегі негізгі себептердің бірі – XVIII ғасырдан бастап ислам әлемінде орын алған жалпы өркениеттік және рухани дағдарыс. Осы кезеңде мұсылман қоғамының рухани өмірінде маңызды орын алған сопылық ілім өзінің бастапқы мазмұны мен қоғамдық қызметін біртіндеп жоғалта бастады. Бұрын сопылық адамның рухани кемелденуінің, өзін-өзі тануының, мәдени және адамгершілік құндылықтарының қалыптасуының маңызды тетігі ретінде қызмет етіп, қоғамдағы өзгерістерге бейімделудің тиімді жолдарын ұсынған болатын. Алайда уақыт өте келе сопылықтың жаңашылдық әлеуеті әлсіреп, оның орнына ишанизмнің догматтық және консервативтік бағыттары күшейді. Соның салдарынан сопылық мұсылман қоғамының рухани және зияткерлік жаңаруына ықпал ететін пәрменді күш болудан қалып, ислам өркениетінің даму серпіні бәсеңдей түсті. Осындай тарихи жағдайда мұсылман қоғамын жаңғыртуға, білім беру жүйесін реформалауға және исламдық ойды заман талаптарына бейімдеуге ұмтылған жәдидшілдік қозғалысының пайда болуы тарихи заңдылыққа айналды. Сондықтан жәдидшілдіктің қалыптасуын ислам әлеміндегі рухани тоқырауды еңсеруге бағытталған ағартушылық-реформаторлық қозғалыстың табиғи көрінісі ретінде бағалауға болады.

XX ғасырдың басында мектептер уақыттың өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыруды тоқтатты. Жәдидшілдер ұйымдастырған конфессиялық, яғни діни мектепті реформалау қозғалысы басталды. Олар оқытудың алфавиттік әдісін дыбыстық әдіспен алмастыруды ұсынды, зайырлы пәндерді мектептерде оқыту қажеттілігін дәлелдеді.

Алғашқы жәдидшілдер қатарында модернистер, батыстықтар мен зайырлылар болғандықтан, бұл қозғалысқа әртүрлі көзқарастар қалыптасты. Қазіргі тарих ғылымында жәдидтердің қызметін және жалпы осы қозғалысты бағалауда әртүрлі көзқарастар бар. Оның көшбастылары жәдидшілдік мәнін Батыс өркениетінің сынына шынайы интеллектуалды исламдық жауап ретінде бағалады және олар бұл туралы дұрыс айтты. Алайда, жәдидшілдік барлық зайырлылықты, соның ішінде батыс өркениетінің жетістіктерін жоққа шығарған жоқ. Біздің ойымызша, ол Шығыс пен Батыс арасындағы драмалық диалогта шынайы шығармашылық қозғалыс ретінде көрінеді. Оның идеологтары қоғамды рухани байыту, шығармашылық өсу, ұлттық сана мен мәдениеттің өзгеруі мен өсуі тиісті сындарлы диалогсыз мүмкін емес екенін шынайы түсінді.

Ғылыми әдебиеттерде жиі кездесетін тағы бір себеп, патшалық саясаты түркі халықтарының қоғамдық өмірін орыстандыруға және христиандандыруға бағытталғанын түсіндіреді. Жәдидтік қозғалыста патша үкіметі этникалық өзін-өзі танудың өсуінің қауіпті көзін көрді,

сондықтан ол мұсылман білімін түбегейлі жоюға тырысты, өйткені жәдидшілдер зайырлы және ұлттық мектеп құруға ұмтылды, ұлттық жаңғыру идеологиясын білдірді.

Жәдидшілдік мұсылман білімін модернизациялауды және медреселердің оқу бағдарламаларына заманауи білім мен ғылымдарды енгізуді жақтайтын қозғалысқа айналды. Ол тек діни ғылымдарды ғана емес, сонымен қатар математика, физика, химия және т. б. секулярлық пәндерді оқытуға шақырды.

Жәдистер сонымен қатар оқулықтарды, ұлттық тілдерді оқытуды және жаңа технологияларды қолдануды қоса алғанда, заманауи оқыту әдістерін қолдануды жақтады. Олар қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын болатын мұсылман зиялыларының жаңа буынын қалыптастыруға ұмтылды. Осылайша, Орталық Азиядағы мұсылман білімінің тоқырауы жәдидшілдіктің пайда болуының алғышарты болды. Жәдизм қозғалысы Орталық Азияның білім беру жүйесіне бүгінгі күнге дейін әсер етуді жалғастыруда.

XIX ғасырда Орталық Азия халықтары арасындағы мұсылман білімі айтарлықтай тоқырауға ұшырады, бұл бірқатар факторларға байланысты болды. Міне, осы кезеңнің негізгі нәтижелері:

1. Консерватизм және дәстүршілдік: білім беру жүйесі негізінен діни пәндер оқытылатын дәстүрлі медреселерге негізделген. Оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін жаңарту баяу жүрді, бұл зайырлы білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етпеді.

2. Ресурстардың жетіспеушілігі: мұсылман білім беру мекемелері көбінесе қаржылық және материалдық ресурстардың жетіспеушілігіне тап болды. Бұл инфрақұрылымды жақсарту және білікті оқытушыларды тарту мүмкіндіктерін шектеді.

3. Ресей империясының әсері: Орталық Азияның Ресей империясының құрамына енуі аймақтың саяси және әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әкелді. Ресей әкімшілігі көбінесе мұсылман білімін қауіп ретінде қабылдады және зайырлы мектептер мен орыстандыруды насихаттау арқылы оның ықпалын шектеуге тырысты.

4. Бірыңғай білім беру жүйесінің болмауы: аймақта мұсылмандық білім берудің бірыңғай жүйесі болған жоқ. Білім беру мекемелері әр түрлі жұмыс істеді, бұл олардың арасындағы үйлестіру мен тәжірибе алмасуды қиындатты.

5. Әлеуметтік стратификация: білімге қол жетімділік жалпы халыққа, әсіресе әйелдер мен төменгі әлеуметтік таптарға шектеулі болды. Бұл сауатсыздық пен әлеуметтік теңсіздіктің жоғары деңгейін сақтауға ықпал етті.

6. Білім берудің діни сипаты: медресенің негізгі бағыты Құранды, хадистерді және ислам құқықтануын зерттеу болды. Математика, астрономия және медицина сияқты зайырлы ғылымдар шектеулі көлемде оқытылды немесе оқу жоспарында мүлдем жоқ. Аталған факторлардың нәтижесінде XIX ғасырдағы Орталық Азиядағы мұсылмандық білім қоғамның уақыты мен қажеттіліктеріне сәйкес жауап бере алмады, бұл оның тоқырауына және сыртқы күштердің модернизациясы мен ықпалының күшеюі жағдайында біртіндеп маргиналдануына әкелді. Жаңа әдісті мектептердің оқыту ерекшеліктері көптеген зерттеушілер үшін маңызды саналды. Себебі, білім беру жүйесінің реформалануына алып келген оқыту жүйесінің өзіндік ерекшелігі болды.

XIX ғасырдағы мұсылмандық оқу орындарында қолданылған оқыту әдістемесінің жан-жақты сипаттамасы М.Н. Фархшатовтың еңбегінде берілген [16, 85-б.]. Зерттеуші мұсылман мектептері мен медреселерінің оқу-тәрбие қызметінің ерекшеліктерін талдай отырып, олардың басты сипаты мемлекеттік деңгейде бекітілген бірыңғай оқу бағдарламалары мен жарғыларының болмауы екенін атап көрсетеді. Осыған байланысты әрбір мұғалім оқу үдерісін өзінің білім деңгейіне, педагогикалық тәжірибесіне және қалыптасқан дәстүрге сүйене отырып ұйымдастырды. Соның нәтижесінде оқу бағдарламаларының мазмұны мен оқыту тәсілдері әр оқу орнында әртүрлі сипат алды.

Соған қарамастан, зерттеуші Я.Д. Коблов мұсылмандық мектептер мен медреселердің қызметінде дәстүрлі білім беру жүйесіне тән ортақ ұстанымдар сақталғанын көрсетеді. Оның

пікірінше, «барлық мұсылман мектептерінде белгілі бір деңгейде діни және ғылыми пәндердің кешені немесе сол ғылымдардың жекелеген бөлімдері оқытылды» [17, 42-б.]. Бұл мұсылмандық білім беру жүйесінде мазмұндық бірізділіктің болғанын аңғартады. Дегенмен, аталған пәндерді оқыту әдістері мен ұйымдастыру формалары оқу орнының ерекшелігіне және мұғалімнің даярлық деңгейіне қарай өзгеше болды.

Жәдидшілдік қозғалысы Орта Азиядағы ұлттық прогресшіл зиялы қауымның ағартушылық идеялары мен Ресей және Шығыс мұсылман реформаторларының интеллектуалдық ізденістері негізінде қалыптасты. Бұл қозғалыстың дүниетанымдық және идеялық негіздерінің қалып-тасуына бірнеше фактор ықпал етті. Ең алдымен, Орта Азиядағы жәдидшілдіктің бастауында Ахмад Дониш пен оның ізбасарларының ағартушылық қызметі тұрды. Олар дәстүрлі білім беру жүйесін жаңғырту, қоғамның мәдени және зияткерлік дамуын жеделдету қажеттігін көтерген алғашқы реформаторлардың бірі болды.

Сонымен қатар, XIX ғасырдың 80-жылдарында Қырым мен Еділ бойында қалыптасқан татар жәдидшілдігі Орта Азиядағы реформаторлық қозғалыстың дамуына елеулі ықпал етті. Әсіресе, татар жәдидшілдігінің негізін қалаушы Исмаил Гаспринский шығарған «Тәржіман» («Аудармашы») газеті (1883–1914) мұсылман халықтары арасында ағартушылық идеялардың кеңінен таралуына, жаңа білім беру жүйесін насихаттауға және түркі халықтарының мәдени-интеллектуалдық байланыстарының нығаюына маңызды үлес қосты. Сонымен қатар, Ресей мен Шығыс елдерінде жарық көрген мұсылмандық мерзімді басылымдар жәдидтік идеялардың таралуының негізгі ақпараттық және идеологиялық арналарының біріне айналды.

Жәдитшілдік қозғалысы Орта Азиядағы қоғамдық жаңғыру үдерісінің маңызды интеллектуалдық және әлеуметтік құбылыстарының бірі болды. Оның өкілдері реформаларды тек білім беру жүйесімен шектемей, тарихнама, әдебиет, кітап басу ісі, дін, мәдениет және өнер салаларын қамтитын кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Жәдит қайраткерлері қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын жетілдіруді, әділеттілік пен жауапкершілік қағидаттарын орнықтыруды, халықтың денсаулығын жақсартуды, әйелдердің қоғамдық мәртебесін көтеруді және әлеуметтік өмірдің барлық салаларын заман талабына сай қайта ұйымдастыруды көздеді. Осылайша, жәдитшілдік дәстүрлі мұсылман қоғамын сақтай отырып, оны заманауи өркениеттік үрдістермен ұштастыруға бағытталған реформаторлық қозғалыс ретінде қалыптасты.

Сонымен қатар жәдитшілер аймақтық бірегейлік пен тарихи-географиялық тұтастық мәселесіне ерекше назар аударды. 1913–1916 жылдары олардың еңбектерінде өздері өмір сүрген кеңістікті ортақ тарихи-мәдени аймақ ретінде «Түркістан» атауымен белгілеу үрдісі айқын көрініс тапты. Бұл ұғым жәдиттік зиялылардың көзқарасында қазіргі Орталық Азияның солтүстік-шығыс бөлігін ғана емес, кейбір еңбектерде Ресей протекторaты болған Бұхара Әмірлігі мен Хиуа хандығын да қамтитын тұтас тарихи-мәдени кеңістікті білдірді. Мұндай тұжырым аймақ халықтарының тілдік, діни және мәдени ортақтығына негізделген өңірлік тұтастық идеясын қалыптастыруға бағытталды. Осылайша, жәдитшілдік Орта Азия халықтарының ұлттық санасының жаңғыруына, зайырлы білім беру жүйесінің қалыптасуына және өңірлік қоғамдық-саяси ойдың дамуына елеулі ықпал етті. Жәдит қайраткерлері ұсынған реформалар мұсылман қоғамын заман талабына бейімдеуге, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, оны жаңа әлеуметтік-мәдени даму деңгейіне көтеруге бағытталған кешенді жаңғыру бағдарламасы ретінде тарихи маңызға ие болды.

Жәдидшілдердің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына пантүркизм мен панисламизм идеялары да белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Алайда бұл идеялар жәдидшілдіктің негізгі мақсатын емес, оның саяси және мәдени бағдарларының бір қырын ғана айқындады. Жәдидтік қозғалыстың басты ұстанымы мұсылман қоғамын білім беру жүйесін реформалау, ғылым мен ағартушылықты дамыту арқылы жаңғырту болды.

XX ғасырдың басындағы Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революция, Осман империясындағы 1908 жылғы Жас түріктер революциясы және Ирандағы 1905–1911 жылдардағы

Конституциялық революция Орта Азиядағы қоғамдық-саяси ахуалға елеулі ықпал етті. Бұл тарихи оқиғалар өңірде ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық-саяси белсенділіктің артуына және жәдидтік ұйымдар мен реформаторлық топтардың қалыптасуына қолайлы жағдай туғызды. Нәтижесінде жәдидшілдік Орта Азиядағы мұсылман халықтарының мәдени, ағартушылық және қоғамдық-саяси жаңғыруына бағытталған ықпалды реформаторлық қозғалыс ретінде орнықты.

Талқылау. Зерттеу барысында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орталық Азияда қалыптасқан жаңа әдісті мектептердің (усул-и жәдид) өңірдегі білім беру жүйесін жаңғыртуда шешуші рөл атқарғаны анықталды. Жәдидтік мектептердің пайда болуы дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесіндегі тоқырау құбылыстарын еңсеруге бағытталған реформаторлық қозғалыстың заңды нәтижесі болды. Бұл оқу орындары оқыту үдерісіне дыбыстық әдісті (усул-и саутия), сыныптық-сабақ жүйесін, оқу бағдарламаларын, жаңа үлгідегі оқулықтарды және зайырлы пәндерді енгізу арқылы мұсылмандық білім беру жүйесінің мазмұны мен әдістемесін түбегейлі жаңартты.

Зерттеу нәтижелері жаңа әдісті мектептердің қалыптасуына бірнеше фактор ықпал еткенін көрсетті. Олардың қатарында Ресей империясының отарлық басқару жүйесі жағдайындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер, мұсылман қоғамындағы рухани дағдарыс, Исмаил Гаспринский бастаған Қырым татар ағартушылығының ықпалы, Ахмад Дониш пен басқа да реформаторлардың ағартушылық қызметі, сондай-ақ Ресей, Осман империясы және мұсылман Шығысындағы реформаторлық идеялардың таралуы ерекше орын алады. Бұл факторлар Орталық Азиядағы мұсылман зиялыларының дәстүрлі білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігін түсінуіне негіз болды.

Жәдидтік мектептердің қызметі діни білім берумен ғана шектелмей, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына, ағартушылық идеялардың таралуына және жаңа зиялы қауымның қалыптасуына ықпал етті. Бұл оқу орындарында ана тілінде оқытуға, тарих, география, арифметика, жаратылыстану сияқты зайырлы пәндерді енгізуге ерекше көңіл бөлінді. Соның нәтижесінде шәкірттердің дүниетанымы кеңейіп, олардың қоғамдық-саяси үдерістерге сыни көзқарасы қалыптаса бастады. Осы тұрғыдан алғанда, жәдидтік мектептерді ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына негіз қалаған маңызды әлеуметтік институттардың бірі ретінде бағалауға болады.

Зерттеу барысында жәдидтік қозғалыстың тек педагогикалық реформа емес, исламдық реформаторлық қозғалыс болғаны да айқындалды. Оның негізгі мақсаты исламды жоққа шығару емес, керісінше мұсылман қоғамын білім, ғылым және ағартушылық арқылы заман талабына бейімдеу болды. Сондықтан жәдидтік мектептер дәстүрлі діни құндылықтарды сақтай отырып, оларды жаңа қоғамдық талаптармен үйлестіруге ұмтылған білім беру үлгісі ретінде қалыптасты.

Сонымен бірге зерттеу жаңа әдісті мектептердің қызметі қоғамның барлық топтары тарапынан бірдей қолдау таппағанын көрсетті. Қадымшылық бағыттағы діни топтардың қарсылығы, патша әкімшілігінің бақылауы және кейіннен кеңестік биліктің идеологиялық қысымы жәдидтік білім беру жүйесінің толыққанды дамуына мүмкіндік бермеді. Соған қарамастан, XX ғасырдың алғашқы ширегінде жаңа әдісті мектептер Орталық Азия халықтарының ағартушылық қозғалысының негізгі өзегіне айналып, ұлттық жаңғыру үдерісіне елеулі ықпал етті.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жәдидтік мектептердің тарихи маңызы олардың білім беру жүйесін реформалаумен ғана шектелмейтінін көрсетті. Олар ұлттық мәдениеттің жаңғыруына, зайырлы білімнің таралуына, ғылыми ойдың дамуына және жаңа буын ұлттық зиялылардың қалыптасуына негіз қалады. Сонымен қатар, жәдидтік мектептер мұсылман қоғамының дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру тәжірибесін қалыптастырып, кейінгі кезеңдердегі ұлттық білім беру жүйесінің дамуына идеялық және әдістемелік негіз болды. Осылайша, зерттеу нәтижелері Орталық Азиядағы жаңа әдісті мектептердің өңірдің әлеуметтік, мәдени және зияткерлік

дамуында ерекше тарихи рөл атқарғанын дәлелдейді. Жәдидтік білім беру жүйесі қысқа мерзім ғана өмір сүргеніне қарамастан, оның ағартушылық қағидалары, ұлттық білім беру тұжырымдамасы және қоғамды жаңғыртуға бағытталған идеялары бүгінгі күні де тарихи-педагогикалық зерттеулер үшін өзектілігін сақтап отыр.

Қорытынды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орталық Азия мен Қазақстанда қалыптасқан жаңа әдісті мектептер мұсылман қоғамындағы білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды реформалық құбылыс болды. Жәдидшілдік қозғалысының ықпалымен дәстүрлі мектептер мен медреселердің оқу бағдарламалары қайта қаралып, діни пәндермен қатар алгебра, геометрия, география, тарих сияқты зайырлы ғылымдар енгізілді. Сонымен бірге дыбыстық оқыту әдісінің қолданылуы, оқу мерзімі мен жас ерекшеліктерінің жүйеленуі білім беру сапасының артуына ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері жаңа әдісті мектептердің Түркістан өлкесі, Бұхара Әмірлігі, Хиуа хандығы және қазақ даласында ағартушылық идеялардың таралуына, ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына және қоғамдық сананың жаңғыруына елеулі әсер еткенін көрсетті. Бұл оқу орындары дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесін реформалаумен қатар, қоғамның мәдени және әлеуметтік дамуына серпін берді. Осылайша, жаңа әдісті мектептер Орталық Азия халықтарының білім беру тарихындағы маңызды кезеңді құрап, өңірдегі модернизациялық үдерістердің негізгі қозғаушы күштерінің бірі болды. Зерттеу барысында жинақталған деректер мен жасалған тұжырымдар аталған мәселені одан әрі терең зерттеуге ғылыми негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Васильев В.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург, 1896. – 72 с.

2 Алекторов А.Е. Очерк народного образования в Тургайской области: летопись 1744-1898 гг. Вып. 2. – Оренбург: Типо-литография Ф. Б. Сачкова, 1900. – 160 с.

3 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань: Типография императорского университета, 1883. – 49 с.

4 Граменицкий С. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. Составил инспектор народных училищ Туркестанского края 1-го района С. Граменицкий. – Ташкент: Типо-литография Братьев Каменских, 1896. – 75 с.

5 Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Казгосполитиздат, 1962. – 507 с.

6 Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане / Науч.-исслед. ин-т пед. наук М-ва просвещения КазССР. – Алма-Ата: Казучпедгиз, 1962. – 367 с.

7 Урашев С.А. Верный на рубеже XIX и XX веков. Исторический очерки. – Алматы: Казахский государственный педагогический университет имени Абая, 2006. – 274 с.

8 Айтмухамбетов А.А. Народное образование и формирование казахской интеллигенции Северо-Западного Казахстана во второй половине XIX – начале XX вв. – Омск, 2000. – 265 с.

9 Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата, 1950. – 42 с.

10 Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII начало XX вв.). – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.

11 Нуртазина Н.Д. Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже XIX-XX вв: автореф. … канд. ист. наук. – Алматы, 1993. – 27 с.

12 Фахретдин Р. Асар (Памятки). – Казань: Рухият, 2006. – Т.1, – 360 с.

13 Өскен М. Исмаил Гаспринский және Алаш идеясы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы: Филология сериясы. – 2022. – №2(186). – Б. 174-182.

14 Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). – М.: Госиздат, 1921. – 148 с.

15 Гафаров Н.У. Джадидизм: история и современность // Гражданское образование и общественная ориентация. – Худжанд, 2001. – С. 96-100.

16 Фархшатов М.Н. Народное образование в Башкирии в пореформенный период. 60-90-е годы XIX в. – М.: Наука, 1994. – 144 с.

17 Коблов Я.Д. Конфессиональные школы казанских татар. – Казань, 1916. – 192 с.

References

1 Vasilev V.V. Istoricheskii ocherk russkogo obrazovaniya v Turgaiskoi oblasti i sovremennoe ego sostoyanie [A Historical Outline of Russian Education in the Turgai Region and Its Current State]. Orenburg, 1896. 72 s. [in Russian]

2 Alektorov A.E. Ocherk narodnogo obrazovaniya v Turgaiskoi oblasti: letopis 1744-1898 gg. [An Outline of Public Education in the Turgai Region: A Chronicle, 1744–1898] Orenburg: Tipo-litografiya F. B. Sachkova, 1900. 160 s. [in Russian]

3 Ilminskii N.I. Iz perepiski po voprosu o primenenii russkogo alfavita k inorodcheskim yazykam [From the correspondence regarding the application of the Russian alphabet to the languages of non-Russian ethnic groups]. Kazan: Tipografiya imperatorskogo universiteta, 1883. 49 s. [in Russian]

4 Gramenickij S. Ocherk razvitiya narodnogo obrazovaniya v Turkestanskom krae. Sostavil inspektor narodnyh uchilishch Turkestanskogo kraya 1-go raiona S. Gramenicki [An Outline of the Development of Public Education in the Turkestan Region. Compiled by S. Gramenitsky, Inspector of Public Schools for the First District of the Turkestan Region.]. Tashkent: Tipo-litografiya Bratev Kamenskih, 1896. 75 s. [in Russian]

5 Tazhibaev T.T. Prosveshchenie i shkoly Kazakhstana vo vtoroi polovine XIX veka [Education and Schools in Kazakhstan in the Second Half of the 19th Century]. Alma-Ata: Kazgospolitizdat, 1962. 507 s. [in Russian]

6 Sembaev A.I. Istoriya razvitiya sovetskoi shkoly v Kazahstane / Nauch.-issled. in-t ped. nauk M-va prosveshcheniya KazSSR [The History of the Development of the Soviet School System in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazuchpedgiz, 1962. 367 s. [in Russian]

7 Urashev S.A. Vernyi na rubezhe XIX i XX vekov. Istoricheskii ocherki [Faithful at the Turn of the 19th and 20th Centuries: Historical Sketches]. Almaty: Kazahskii gosudarstvennyi pedagogicheskii universitet imeni Abaya, 2006. 274 s. [in Russian]

8 Aitmuhambetov A.A. Narodnoe obrazovanie i formirovanie kazahskoi intelligencii Severo-Zapadnogo Kazakhstana vo vtoroi polovine XIX – nachale XX vv [Public Education and the Formation of the Kazakh Intelligentsia in Northwestern Kazakhstan in the Second Half of the 19th and Early 20th Centuries]. Omsk, 2000. 265 s.

9 Sabitov N. Mekteby i medrese u kazahov [Kazakh Mektebs and Madrasas]. – Alma-Ata, 1950. – 42 s. [in Russian]

10 Sultangalieva G.S. Zapadnyi Kazakhstan v sisteme etnokulturnyh kontaktov (XVIII nachalo XX vv.) [Western Kazakhstan within the System of Ethnocultural Contacts (18th – Early 20th Centuries)]. Ufa: RIO RUNMC Goskomnauki RB, 2002. 262 s. [in Russian]

11 Nurtazina N.D. Kazakhstan i Srednyaya Aziya: tendencii razvitiya duhovnoi obshchnosti na rubezhe XIX-XX vv: avtoref. ... kand. ist. nauk [Kazakhstan and Central Asia: Trends in the Development of a Shared Spiritual Identity at the Turn of the 19th and 20th Centuries]. – Almaty, 1993. 27 s. [in Russian]

12 Fahretdin R. Asar (Pamyatki) [Asar (Monuments)]. Kazan: Ruhiyat, 2006. T.1. 360 s. [in Russian]

13 Osken M. Ismail Gasprinskii zhane Alash ideyasy [Ismail Gasprinsky zhene Alash ideas] al-Farabi atyndagy KazYU habarshysy: Filologiya seriyasy. 2022. №2(186). B. 174-182. [in Kazakh]

14 Safarov G. Kolonialnaya revolyuciya (opyt Turkestana) [The Colonial Revolution (The Experience of Turkestan)]. M.: Gosizdat, 1921. 148 s. [in Russian]

15 Gafarov N.U. Dzhadidizm: istoriya i sovremennost [Jadidism: History and Modernity // Civic Education and Social Orientation.]. Grazhdanskoe obrazovanie i obshchestvennaya orientaciya. Hudzhand, 2001. S. 96-100. [in Russian]

16 Farhshatov M.N. Narodnoe obrazovanie v Bashkirii v poreformennyi period. 60-90-e gody XIX v [Public education in Bashkiria in the post-reform period. 60-90s of the XIX century]. M.: Nauka, 1994. 144 s. [in Russian]

17 Koblov Ya.D. Konfessionalnye shkoly kazanskih tatar [Confessional schools of the Kazan Tatars]. Kazan, 1916. 192 s. [in Russian]

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 94(574)"192/193" https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.004

Д.А. Джумабеков[1], М.Ы. Ыбырайхан[2], Д.Д. Шапағатова[3]*

[1]тарих ғылымдарының кандидаты, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан, Қарағанды, e-mail: azmukhan@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-7714-717X

[2]PhD, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан, Қарағанды, e-mail: marat_19.93@inbox.ru
https://orcid.org/0000-0002-7035-1872

[3]тарих ғылымдарының магистрі, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан, Қарағанды, e-mail: tasdi.com@mail.ru
https://orcid.org/0009-0002-6305-3604

1920-1930 жж. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЕКАРАЛАС АУДАНДАРДА ТІРШІЛІК ЕТУ СТРАТЕГИЯСЫ РЕТІНДЕГІ КӨШІП-ҚОНУ

Аңдатпа

Мақалада 1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың ортасында Орталық Қазақстан мен шекаралас аудандарда орын алған жаппай көшіп-қону тіршілік ету стратегиясы тұрғысынан қарастырылады. Тарихнамада бұл құбылыс көбіне аштықтан стихиялы қашу деп сипатталады. Авторлар мұндай түсіндірме оқиғаның сыртқы жағы ғана берілетінін, халықтың неліктен дәл орын ауыстыру тәсілін таңдағаны ашылып көрсетілмейтіндігін нұсқайды. Зерттеу Н.Э. Масанов пен А.М. Хазановтың көшпелі мобильділік тұжырымдамасына сүйенеді: қозғалыс қуаңшылық жағдайындағы шаруашылықтың кездейсоқ емес, құрылымдық қасиеті болып табылады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві мен Президент Архивінің құжаттары, ОГПУ құпия-саяси бөлімінің арнайы сводкалары мен хабарламалары, жарияланған құжаттар жинақтары негізінде мынадай қорытынды шығарылады: 1930 жылдары халық осы дәстүрлі сценарийге жүгінді, бірақ оның материалдық негізі – мал, қыстаулар мен құдықтар, туыстық қолдау желісі – ұжымдастыру мен мәжбүрлі отырықшыландыру барысында жойылған еді. Дәстүрлі әрекет пен оны орындауға қажет құралдардың жоқтығы арасындағы қайшылық көшіп-қонудың құтқару тетігінен жаппай қырылу жағдайына айналуын түсіндіреді. Қозғалыс бағытының жайылымнан теміржол станциясы мен өнеркәсіп кәсіпорнына ауысуы ашаршылықтан кейінгі отырықшыландырудың негізгі тетігі ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: тіршілік ету стратегиясы, көшпелі мобильділік, көшіп-қону, ашаршылық, Орталық Қазақстан, ұжымдастыру, отырықшыландыру, ОГПУ, көш жолдары, әлеуметтік апат.

Д.А. Джумабеков[1], М.Ы. Ыбырайхан[2], Д.Д. Шапагатова[3]*

[1]кандидат исторических наук,
Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Казахстан, Караганда
e-mail: azmukhan@mail.ru

[2]PhD, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Казахстан, Караганда
e-mail: marat_19.93@inbox.ru
https://orcid.org/0000-0002-7035-1872

[3]магистр исторических наук, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Казахстан, Караганда
e-mail: tasdi.com@mail.ru
https://orcid.org/0009-0002-6305-3604

ОТКОЧЕВКИ КАК СТРАТЕГИЯ ЖИЗНЕОБЕСПЕЧЕНИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ И ПРИГРАНИЧНЫХ РАЙОНАХ В 1920-1930-е гг.

Аннотация

В статье массовые откочевки конца 1920-х – середины 1930-х годов в Центральном Казахстане и приграничных районах рассматриваются как стратегия жизнеобеспечения. В историографии это явление чаще всего описывается как стихийное бегство от голода. Авторы показывают, что такое объяснение передает лишь внешнюю сторону событий и не отвечает на вопрос, почему население избрало именно перемещение. Исследование опирается на концепцию кочевой мобильности Н.Э. Масанова и А.М. Хазанова, согласно которой движение представляло собой не случайное, а структурное свойство хозяйства в условиях аридности. На материалах Центрального государственного архива Республики Казахстан и Архива Президента, спецсводок и спецсообщений секретно-политического отдела ОГПУ, а также опубликованных документальных сборников сделан следующий вывод: в 1930-е годы население обратилось к традиционному сценарии в момент, когда его материальная основа – скот, зимовки и колодцы, сеть родственной поддержки – была уничтожена коллективизацией и насильственным оседанием. Противоречие между привычным действием и отсутствием средств для его исполнения объясняет превращение откочевки из механизма спасения в ситуацию массовой гибели. Смена направления движения с пастбищного на железнодорожную станцию и промышленное предприятие оценивается как основной механизм послеголодного оседания.

Ключевые слова: стратегия жизнеобеспечения, кочевая мобильность, откочевка, голод, Центральный Казахстан, коллективизация, оседание, ОГПУ, маршруты перекочевок, социальная катастрофа.

*D. Dzhumabekov[1], M. Ybyraikhan[*2], D. Shapagatova[3]*

[1]Candidate of Historical Sciences, Karaganda Buketov National Research University, Kazakhstan, Karaganda
e-mail: azmukhan@mail.ru

[2]PhD, Karaganda Buketov National Research University, Kazakhstan, Karaganda

[3]Master of Historical Sciences, Karaganda Buketov National Research University, Kazakhstan, Karaganda

OTKOCHEVKI AS A SURVIVAL STRATEGY IN CENTRAL KAZAKHSTAN AND THE BORDER REGIONS IN THE 1920s–1930s

Abstract

The article examines the mass otkochevki of the late 1920s and the mid-1930s in Central Kazakhstan and the adjacent border regions as a survival strategy. In the existing historiography this phenomenon is most often described as spontaneous flight from hunger. The authors argue that such an explanation conveys only the external side of events and does not answer the question of why the population chose movement in particular. The study draws on the concept of nomadic mobility developed by N.E. Masanov and A.M. Khazanov, according to which movement was not accidental but a structural property of an economy operating under conditions of aridity. Drawing on materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and the Archive of the President, on special reports of the secret-political department of the OGPU, and on published documentary collections, the study concludes that in the 1930s the population resorted to the traditional repertoire at the very moment when its material foundation — livestock, wintering grounds and wells, networks of kinship support — had already been destroyed by collectivization and forced sedentarization. The contradiction between a customary course of action and the absence of the means to carry it out explains the transformation of otkochevka from a mechanism of rescue into a situation of mass death. The shift in the direction of movement from pasture to railway station and industrial enterprise is assessed as the principal mechanism of post-famine sedentarization.

Keywords: survival strategy, nomadic mobility, otkochevka, famine, Central Kazakhstan, collectivization, sedentarization, OGPU, migration routes, social catastrophe.

Кіріспе. 1920–1930 жылдардағы Қазақстан тарихы – қазақ халқы тағдырындағы ең ауыр кезеңдердің бірі. Қазақ тарихнамасында «Ашаршылық» деп аталған жаппай аштық республика халқының едәуір бөлігін жойып қана қоймай, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық тәртібін түбегейлі өзгертті. Осы апаттың құрамдас бөлігі және сонымен бірге оған халықтың жауабы болған құбылыс – жаппай көшіп-қону.

Мәселеге қайта оралуға түрткі болған жағдайлар бар. Ашаршылықтың себептері мен ауқымы жөніндегі пікірталас әлі аяқталған жоқ, ал көшіп-қону осы пікірталастың шетінде қалып келеді. Жалпыреспубликалық көрсеткіштер апаттың жалпы көлемін берсе де, оның жергілікті тетіктерін жасырып тастайды, сондықтан аймақтық деңгейдегі жұмыс қажет. Оның үстіне көшіп-қону әдетте демографиялық шығын ретінде есептеледі; біз оны шаруашылық жүйесінің күйреу тәсілі ретінде де қарастырамыз.

Көшіп-қонуды аштықтан қашу, дағдарысқа берілген стихиялы жауап деп сипаттау тарих-намада орныққан. Оқиғаның сыртқы көрінісі шынымен осындай. Бірақ мұндай сипаттама екі сұраққа жауап бермейді. Халық неге дәл орын ауыстыруды таңдады? Ғасырлар бойы жұмыс

істеп келген бұл тәсіл 1930 жылдары неге апатқа айналды? Жауап іздеу үшін көшіп-қонуды дағдарыс аясында ғана емес, көшпелі шаруашылықтың өз логикасы аясында қарау керек.

Көшіп-қонуды бейімделу сценариі ретінде қарастыру апаттың тетігін нақтылайды: мемлекет саясаты мен халық әрекеті түйіскен жерде не болғаны көрінеді. Мұндай көзқарас ашаршылықты мобильділікті жоюдың құралы деп бағалайтын батыс тарихнамасына қарсы шықпайды. Ол сол тұжырымды екінші жақтан – көшпелі қоғамның ішкі логикасы жағынан – толықтырады.

Мақсатымыз – архив құжаттары негізінде 1920–1930 жылдардағы Орталық Қазақстан мен шекаралас аудандардағы көшіп-қонудың себептерін, барысын және салдарын көшпелі мобильділік тұжырымдамасы тұрғысынан талдау. Ол үшін көшіп-қонуды туындатқан факторлар кешені анықталады, қозғалыстың бағыттары мен мерзімдері дәстүрлі көш жүйесімен салыстырылады, көшудің материалдық негізі қандай күйде болғаны бағаланады. Соңында мемлекеттік көмектің неге нәтиже бермегені құрылымдық себептер арқылы түсіндіріледі.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері көшіп-қонудың жаппай сипат алған 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың ортасын қамтиды. Территориялық шеңберіне Орталық Қазақстан, ең алдымен Қарағанды облысы, және шекаралас аудандар – Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе облыстары, сондай-ақ көшіп-қонушылар бет алған Қырғызстан, Батыс Сібір, Еділ бойы аумақтары кіреді.

Аймақ кездейсоқ таңдалған жоқ. Орталық Қазақстан көшпелі шаруашылықтың негізгі өңірлерінің бірі болды, әрі дәл осы жерде Қарағанды көмір бассейнінің игерілуіне байланысты өнеркәсіптік орталық қалыптасып жатты. Екі үдеріс бір кеңістікте түйісті, сондықтан аймақ халықтың кету ауданы да, келу ауданы да болды. Мұндай қосарлы жағдай көшіп-қонудың механизмін басқа өңірлерге қарағанда айқынырақ көрсетеді: мұнда дәстүрлі қозғалыс пен жаңа, өнеркәсіптік бағыттағы қозғалыс бір кеңістікте қатар жүрді.

Жұмыс мынадай ретпен құрылды. Материалдар мен әдістер бөлімінде дереккөздердің танымдық мүмкіндіктері мен шектеулері талданып, тарихнамалық дәстүрлер салыстырылады және зерттеудің теориялық негізі айқындалады. Нәтижелер бөлімінде архив деректері бойынша көшіп-қонудың себептері, барысы мен салдары қалпына келтіріледі. Талқылау бөлімінде алынған деректер көшпелі мобильділік тұжырымдамасы аясында түсіндіріліп, отандық және шетелдік зерттеушілердің қорытындыларымен салыстырылады.

Осыған орай мақаланың атауында көрсетілген «тіршілік ету стратегиясы» ұғымы дайын тұжырым емес, тексеруге алынған болжам ретінде қолданылады. Көшіп-қону көшпелі қоғамда шынымен де ғасырлар бойы бейімделу стратегиясы қызметін атқарды. Мәселе оның 1930 жылдардағы төтенше жағдайда осы қызметін қаншалықты сақтағанында. Сондықтан жұмыста екі сұрақ қатар қойылады: халық қандай дәстүрлі тетікке жүгінді және сол тетік нәтиже берді ме? Зерттеу барысында көрсетілетіндей, бейімделу сценариі іске қосылғанымен, оның материалдық негізі бұл кезде жойылған еді, сондықтан стратегия өз функциясын орындай алмады.

Терминологиялық мәселені де алдын ала айқындап алған жөн. Кеңестік іс-қағаз жүргізуде қолданылған «откочевка» ұғымы қазақ тіліндегі «көшіп-қону» сөзімен беріледі, бірақ екеуі бірдей мағына бермейді. Ресми құжатта бұл сөз тәртіп бұзушылықты, белгіленген орыннан рұқсатсыз кетуді білдірді. Ал дәстүрлі шаруашылықта көшіп-қону қалыпты, жыл сайын қайталанатын әрекет еді. Осы екі мағынаның бір сөзге сыйып кетуі құбылысты бағалауда шатасу тудырды және тарихнамада да сақталып қалды. Мақалада бұл ұғым дағдарыстық қозғалысты белгілеу үшін қолданылады, ал дәстүрлі маусымдық қозғалыс «көш» немесе «көш жүйесі» деп ажыратылады.

Материалдар мен әдістер. Жұмыс көшпелі мобильділік тұжырымдамасына сүйенеді. Н.Э. Масанов қазақ көшпелі шаруашылығын архаикалық қалдық емес, қуаң аймақтың экология-лық шектеулеріне бейімделудің жүйелі тәсілі деп қарады [1, 82-б.]. Оның пайымдауынша, көшпелі қоғам жайылымдардың маусымдық ауысымына негізделген реттелген қозғалыспен өмір сүрді: қыстау, көктеу, жайлау, күзеу және оларды жалғайтын

тұрақты жолдар. Мобильділік мұнда еркіндіктің емес, өндірістің шарты. Осы тұста біздің болжамымыз ұсынылады: егер қозғалыс шаруашылықтың құрылымдық қасиеті болса, дағдарыс кезіндегі көшіп-қону да бұрыннан таныс мінез-құлықтың жалғасы.

А.М. Хазановтың пайымы бұл көзқарасты кеңейтеді. Ол көшпелі қоғамдардың ешқашан толық автономды болмағанын, отырықшы әлеммен айырбас арқылы байланысқанын және қиын жылдары дәл сол арналарға жүгінгенін көрсетті [2, 45-б.]. Көрші аймаққа немесе отырықшы орталыққа қарай бет алу көшпенді үшін жат амал болған жоқ. С.Е. Толыбеков жүйенің осал тұсын анықтайды: малдан айырылған көшпенді өндіріс құралын ғана емес, қозғалу қабілетін де жоғалтады, өйткені мал бір мезгілде капитал, көлік және азық көзі болды [3, 112-б.].

Соңғы жылдардағы жұмыстар осы ұстанымды нақтылады. Қазақ көшпенділерінің мыңжылдық жолдарына арналған зерттеулерінде маршруттар гидрографиялық және өсімдік жамылғысы жағдайларына бейімделген тұрақты жүйе ретінде сипатталады, ал XX ғасырдағы саяси қысым сол жүйені бұзғаны көрсетіледі [4, 195-б.]. Бұл біздің болжамға тікелей тірек болып табылады: 1930 жылдардағы қозғалысты бағалау үшін оны дәстүрлі маршрут жүйесімен қатар қою керек.

Аталған үш ұстаным бір болжамға алып келеді. 1930 жылдардағы көшіп-қону – жаңа құбылыс емес, көшпелі мәдениетте бұрыннан бар сценаридің соңғы рет іске қосылуы. Қалыпты жағдайда мұндай әрекет үш тіректі талап етеді: көлік әрі азық көзі ретіндегі мал, баратын нақты бағыт, сол бағытта күтетін қыстау немесе туыс. Ұжымдастыру мен мәжбүрлі отырықшы-ландыру осы үшеуін де жойды. Халық үйреншікті әрекетке барды, ал оны атқаратын құралдан айырылған еді. Көшіп-қонудың неге құтқарудың орнына қырылуға әкелгенін осы қайшылық түсіндіреді.

Тақырыпты зерттеу бірнеше дәстүрлі бағыттан тұрады. Қазақстандық бағыттың негізін М.Қ. Қозыбаев қалады: ол ашаршылықты жеке эпизод емес, кеңестік модернизация саясатының салдары деп қарауды ұсынды [5, 143-б.]. Қ.С. Алдажұманов жер аудару мен қоныс аудару саясатын тоталитарлық режимнің құралы ретінде талдады [6, 27-б.]. Ж.Б. Абылхожин көшпелі шаруашылықтың күйреуін ұжымдастырудың тікелей нәтижесі деп бағалады [7, 156-б.], ал Т.Омарбеков ашаршылықтың себептері мен ауқымын нақтылап, саяси мәнін ашты [8, 312-б.]. Бұл еңбектердің фактологиялық негізі берік. Бірақ көшіп-қону оларда негізінен демографиялық шығын ретінде қаралады.

Ресейлік тарихнамада мәселе жалпыодақтық ашаршылық аясында қойылды. В.В. Кондрашин құрастырған көп томдық жинақ деректік базаны түбегейлі кеңейтті, дегенмен республикалық ерекшеліктер онда бөлек ажыратылмайды [9]. Н.Верт сталинизмді жүйе ретінде талдап, аштықты басқару тәсілінің салдары деп бағалады [10, 218-б.]. Р.Дэвис пен С.Уиткрофттың еңбектеріне де тән әлсіз тұс осында: жалпыодақтық сипатқа баса назар аудару салдарынан жекелеген республикалардың, әсіресе көшпелі аймақтардың, өзгеше тетігі көлеңкеде қалады [11, 402-б.]. Р.Конквесттің классикалық жұмысы мәселені кең аудиторияға таныстырды, ал Қазақстан сюжеті онда жанама берілген [12, 189-б.].

Еуро-американдық зерттеулерде Қазақстан соңғы жиырма жылда дербес тақырыпқа айналды. И. Огайон ашаршылықты отырықшыландырудың бастауы деп қарап, оны қазақ қоғамының жаңа жағдайға өтуінің бастапқы нүктесі ретінде бағалады [13, 267-б.; 14, 192-б.]. С.Камерон апаттың ауқымы мен зорлық сипатын жаңа дереккөздермен дәлелдеп, оны кеңестік Қазақстанның қалыптасу тетігі деп қарады [15, 97-б.]. Р. Киндлер ұжымдастыру мен ашаршылықты «мобильділікті жою арқылы отырықшыландыру» жобасының бөлігі деп түсіндірді [16, 214-б.]. Н. Пьянчола көшпелі шаруашылықтың жойылуын кеңестік экономикалық саясаттың мақсатты аспектісі ретінде талдады [17, 158-б.], кейінгі еңбегінде азық-түлікті бөлу мен Қызыл Армияны жабдықтауды ашаршылық тетігімен байланыстырды [18, 33-б.].

Осы бағыттың артықшылығы – мемлекеттік саясаттың логикасын нақты ашуы. Бірақ онда үдеріс негізінен жоғарыдан, билік тарапынан сипатталады: көшпелі қоғамның өз ішіндегі

әрекет механизмі жеткілікті талданбайды. Соңғы жылдары бұл олқылыққа назар аударыла бастады. Н.Кузовова мен А. Жанбосинованың Украина мен Қазақстандағы аштық кезіндегі тіршілік ету практикаларын салыстырған зерттеуі халықтың өз бетінше әрекет ету стратегияларын алдыңғы қатарға шығарды [19]. Б. Дукеевтің ашаршылық жадына арналған жұмысы оқиғаның кейінгі қабылдануын талдау арқылы құжаттық және естелік дереккөздердің арақатынасы мәселесін өткір қойды [20]. Біздің жұмысымыз осы жаңа бағыттың шеңберінде орналасады, бірақ жадты емес, әрекеттің өзін – көшпелі бейімделу тетігін – зерттеу нысаны етеді.

Зерттеудің дереккөздік базасын құрайтын құжаттарды сипаттаумен шектелмей, олардың танымдық мүмкіндіктері мен шектеулерін ажыратып алу қажет. Негізгі массивті Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОММ) Р-30 және 1179 қорларының, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің (ҚР ПМ) 141-қорының құжаттары құрайды. Оларды жарияланған жинақтар – «Ашаршылық. Голод. 1928–1934» [21], «Трагедия советской деревни» [22], «Голод в СССР. 1929–1934» [9], «Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину [23] толықтырады.

Құжаттардың бірінші тобы – ОГПУ құпия-саяси бөлімінің арнайы сводкалары мен хабарламалары. Олардың артықшылығы – жеделдігі мен нақтылығында: өлім-жітім саны, көшіп-қонушы шаруашылықтардың саны, қозғалыс бағыттары апта сайын тіркеліп отырды. Бірақ бұл құжаттар бақылау ведомствосының логикасымен жазылған. Онда халық әрекеті ең алдымен қауіпсіздікке төнген қатер ретінде бағаланады, ал себептері «контрреволюциялық бай элементтің үгіті» сияқты саяси формулаларға сыйдырылады. Сондықтан сводкалардағы фактілік мәліметтерді (сан, күн, бағыт) және олардың ресми түсіндірмесін ажыратып қарау әдіснамалық талап болып табылады.

Екінші топ – партиялық және кеңестік органдардың баяндама хаттары мен қаулылары. Бұлар шешім қабылдау логикасын ашады, бірақ мұнда есеп берушінің мүддесі айқын көрінеді: жергілікті органдар өз тарапынан жіберілген кемшіліктерді жасыруға, ал республикалық деңгей жауапкершілікті жергілікті деңгейге ысыруға бейім болды. Мирзоянның 1934 жылғы баяндамасы осы тұрғыдан ерекше қызық: онда «асыра сілтеулер» мойындалады, бірақ саясаттың өзі емес, оны орындау тәсілі сынға алынады [22, 831-832-б.].

Үшінші топ – статистикалық сипаттағы анықтамалар мен ведомостар. Олар көрсеткіштердің динамикасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді, алайда сол кезеңдегі есеп жүйесінің әлсіздігі ескерілуі тиіс: құжаттардың өзінде көшіп-қонушылардың нақты есебінің жоқтығы бірнеше рет мойындалады. Демек, барлық сандық мәліметтер төменгі шек ретінде қабылданады.

Әдістемелік тұрғыдан жұмыс тарихилық және жүйелілік қағидаттарына сүйенеді. Құжаттарды өңдеуде мазмұндық талдау қолданылып, көшіп-қонудың себептері, бағыттары, ауқымы мен салдары бойынша мәліметтер жүйеленді. Негізгі әдістемелік жаңалық – кеңістіктік салыстыру: құжаттарда тіркелген қозғалыс бағыттары мен мерзімдері дәстүрлі көш жолдары және маусымдық жайылым жүйесімен қатар қойылды. Дәл осы салыстыру қозғалыстың кездейсоқ емес екенін көрсетуге және оны бейімделу сценариінің жалғасы ретінде бағалауға негіз береді. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, Орталық Қазақстан материалы республиканың басқа аймақтары бойынша деректермен салғастырылды.

Тарихнаманың дамуын кезеңдерге бөлу де әдіснамалық мәнге ие. Кеңестік кезеңде ұжымдастыру прогрессивті реформа ретінде түсіндіріліп, ашаршылық мәселесі саналы түрде айналып өтілді; көшіп-қону бұл әдебиетте мүлде дербес нысан болған жоқ. Тәуелсіздік жылдарында басымдық «ақтаңдақтарды» ашуға берілді, ашаршылық ұлт трагедиясы ретінде бағаланды, дереккөздер айналымға енгізілді. Бұл кезеңнің жетістігі даусыз, бірақ зерттеу назары негізінен шығын көлемін анықтауға шоғырланды. Соңғы онжылдықта үшінші кезең қалыптасты: зерттеушілер халықтың өз әрекетіне, бейімделу және қарсылық практикаларына назар аудара бастады. Біздің жұмысымыз осы үшінші кезеңнің проблематикасына жатады.

Дереккөздер хронологиялық тұрғыдан біркелкі таралмаған. Құжаттардың басым бөлігі 1932–1933 жылдарға, дағдарыстың ең өткір кезеңіне жатады. Ұжымдастырудың басталуы – 1928–1931 жылдар – әлдеқайда нашар құжатталған, сондықтан көшіп-қонудың жаппай сипат алғанға дейінгі кезеңі негізінен жанама деректер арқылы қалпына келеді. Осыған орай мақалада 1932–1933 жылдардағы материал негізгі талдау өрісі болды, ал оның алдындағы жылдар контекст ретінде беріледі.

Құжаттардың бір артықшылығы – өзара тексеруге жарамды әрі ыңғайлы болуында. ОГПУ сводкаларындағы өлім-жітім деректері партиялық органдардың баяндама хаттарымен, ал соңғылары статистикалық ведомостармен салыстырылады. Үш жақты тексеру сандық көрсеткіштердің шамамен алынғанын байқатады: құжаттар арасындағы алшақтық кейде екі есеге жетеді, бұл сол кездегі есеп жүйесінің жағдайын көрсетеді. Мұндай жағдайда біз ең төменгі көрсеткішті негізге алдық.

Жұмыста қолданылған әдістер мынадай. Құжаттар сыни талданып, олардың ведомстволық табиғаты ажыратылды. Мазмұндық талдау арқылы деректер жүйеленді, кеңістіктік салыстыру арқылы қозғалыс бағыттары дәстүрлі маршрут жүйесімен қатар қойылды. Сандық мәліметтер салыстырмалы бағаланды, ал алынған нәтижелер тарихнамалық талдау арқылы отандық, ресейлік және еуро-американдық зерттеу дәстүрлерінің тұжырымдарымен салыстырылды.

Нәтижелер. Архив құжаттары көшіп-қонуды туындатқан себептердің кешенді екенін көрсетеді, ал сол кешеннің ішінде шешуші рөл мал басынан айырылуға тиесілі. Қазақстандағы ұжымдастыру мәжбүрлі отырықшыландырумен қатар жүрді, ал екі саясаттың қиылысы көшпелі шаруашылықтың негізгі ресурсын жойды. Л.И. Мирзоян 1934 жылғы қаңтарда VII өлкелік партия конференциясында көшіп-қонуды «негізінен Орталық Қазақстандағы ұжымдастыру мен отырықшыландыру саласында жіберілген ерекше асыра сілтеулер мен қателіктердің нәтижесі» деп бағалады [22, 831-б.]. Мойындау бар, бірақ ол себепті саясаттың мазмұнынан емес, оны жүзеге асыру тәсілінен іздейді.

Малды күштеп қоғамдастыру халықты тіршілік көзінен де, қозғалу мүмкіндігінен де айырды. ОГПУ сводкаларында бірқатар ауылдарда «барлық қоғамдастырылған мал, соның ішінде жұмысшы мал үйлерге таратылып алынған» деп тіркелген [9, 104-б.]. Әдетте бұл стихиялы қарсылық деп түсіндіріледі. Алайда жұмысшы малдың бөлек аталуы басқа мағына береді: халық ең әуелі көлік қабілетін сақтап қалуға тырысқан. Мал бөліп алу қарсылық қана емес, алдағы қозғалысқа дайындық та еді.

Азық-түлік тапшылығы қозғалыстың тікелей түрткісі болды. КСРО ОГПУ құпия-саяси бөлімінің 1932 жылғы 22 мамырдағы хабарламасында Қарқаралы және Баянауыл аудандарында халықтың жұмыс іздеп Қарағандыға жаппай қозғалуы және жол бойында көпшіліктің әлсіреуден қайтыс болуы көрсетіледі [24, 134-б.]. ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылғы ақпандағы баяндама хатының деректері бойынша, көшіп-қонумен 71 аудан қамтылған, оның 50-і көшпелі және жартылай көшпелі, 21-і отырықшы-егінші аудандар [25, 5-п.]. Бұл арақатынас кездейсоқ емес: орын ауыстыру дағдысы сақталған аудандарда қозғалыс екі есе жиі тіркелген.

Қозғалыстың кеңістіктік құрылымы дәстүрлі көш жүйесінің іздерін сақтады. ПП ОГПУ-дың 1933 жылғы 12 ақпандағы сводкасы бойынша, Қарағанды облысындағы көшіп-қону негізінен тамыз-желтоқсан айларында өтті; Сарысу ауданынан шамамен 5000 шаруашылық Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қырғызстан бағытында, Жаңаарқа ауданынан 2195 шаруашылық Қарағанды мен Ақмолаға көшті [26, 167-п.]. Мерзім де, бағыт та назар аудартады: тамыз-желтоқсан – күзгі көш маусымы, ал оңтүстікке қарай жылжу қысқы жайылым бағытымен сәйкес келеді. О. Жандосовтың 1933 жылғы 17 қаңтардағы баяндама хатында жаңаарқалықтардың Шу арқылы Қырғызстанға топ-топпен өткені айтылады [27, 120-п.]. Шу арқылы өтетін жол ертеден белгілі көш жолы, ал топпен қозғалу – ауыл болып көшудің дәстүрлі формасы.

Қозғалыс ауқымы туралы деректер әртүрлі. ҚазАКСР ХКК-нің баяндама хаты бойынша республика ішінде 100 000-нан астам шаруашылық, яғни шамамен 300 000 адам орнынан қозғалған [25, 5-п.]. СПО ОГПУ-дың 1932 жылғы 2 қыркүйектегі сводкасы бойынша маусым аяғына дейін Қазақстанға 46 373 шаруашылық қайтып келген, оның ішінде Қарағанды облысына 3824 [23, 94-б.]. Осы екі санның айырмасы қайтарудың ішінара сипатын көрсетеді.

Дәстүрлі көшпен салыстырғанда басты айырмашылық – баратын нүктенің өзгеруінде. Құжаттарда қайтып келгендердің көпшілігі өз аудандарына оралмай, «ұйымдастырылмаған түрде азық-түлік жағынан қолайлы аудандарға, қалаларға, теміржол станцияларына» баратыны және өнеркәсіп кәсіпорындарында өздігінен орналасатыны атап өтіледі [23]. Қыстау мен жайылымның орнын теміржол станциясы мен кәсіпорын басты. Телеграммада көшіп-қонушылардың Қазалы, Жосалы, Қызылорда, Түркістан, Арыс, Әулиеата пункттерінде шоғырлануы тіркелген [28, 93-п.]. Қозғалыс жалғасып отырды: төрт ай ішінде 4500-ден астам шаруашылық қайта көшкен, көпшілігі Орта Азия мен Батыс Қытай бағытында [29, 121-п.].

Салдарлар апат сипатына ие болды, әрі олардың құрылымы көшудің материалдық негізі жойылғанын дәлелдейді. Қарағандыдағы жағдай туралы 1932 жылғы 7 қазандағы хабарламада 1 шілде мен 25 тамыз аралығында милицияның 806 мәйіт жинағаны көрсетіледі [30, 91-п.]. Шығыс Қазақстан бойынша 1932 жылғы 1 желтоқсаннан 1933 жылғы 1 ақпанға дейін тек он аудан мен Семей қаласында аштықтан 2636 өлім тіркелген [21, 500-б.]. Қарағанды қаласы мен маңында 15 қарашадан 1 ақпанға дейін «аштықтан және үсіп қалған» көшіп-қонушылардың 874 мәйіті жиналған [26, 167-п.]. Үсіп қалу себебінің жеке аталуы мәнді: дәстүрлі көште киіз үй, отын және межеленген қоныс болатын, ал бұл жолы олар жоқ еді.

Әлеуметтік байланыстардың ыдырауы балалар қараусыздығы арқылы айқын көрінеді. ҚазАКСР ХКК-нің құжатында көшіп-қону жағдайындағы шаруашылықтардың көпшілігі балаларын станцияларда, қалаларда қалдырып кететіні тіркелген [25, 5-п.]. Қарағанды облысында ресми деректер бойынша 9 мың қараусыз бала болған [31, 157-п.]. Көшпелі қоғамда бала қалдыру мүмкін болмайтын әрекет еді: туыстық және ауылдастық қамқорлық жүйесі оны болдырмайтын. Демек, бұл дерек аштық фактісінен гөрі әлеуметтік құрылымның күйреуін көрсетеді.

Инфрақұрылымның жойылуы да құжатта тіркелген. Мирзоянның баяндамасында көшіп-қонулардан кейін Орталық Қазақстанда тұрғын үй-жайлардың қирағаны, «шағын су шаруашылығы, әсіресе құдықтардың» қараусыз қалғаны айтылады [22, 833-б.]. Құдықсыз көш жолы жұмыс істемейді, сондықтан бұл дерек қозғалыс мүмкіндігінің техникалық тұрғыдан жойылғанын білдіреді. Мал басы 1933 жылғы 1 шілдеге қарай 5012 мыңға дейін азайған [22, 831-б.].

Мемлекеттік көмек жүйесіндегі кемшіліктер де кездейсоқ емес, құрылымдық сипат алды. ҚазАКСР ХКК-нің 1932 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен қайтару жоспары бекітіліп, 20 дәрігерлік-тамақтандыру пункті ұйымдастыру көзделді, ал қайтарылатын шаруашылықтарды бұрынғы емес, «қоныстандырудың жаңа орындарына» орналастыру шарты қойылды [32, 100-п.]. Осы шарт көшіп-қонуды қайтару емес, отырықшыландыруды бекіту құралына айналдырды. Есеп жүйесінің жоқтығы құжаттарда бірнеше рет мойындалады [31, 157-п.]. Азық-түлік көмегін талан-таражға салу жаппай сипат алды: Шығыс Қазақстан бойынша он ай ішінде 110,4 тонна көмек ұрланып, 853,2 тоннасы мақсаты бойынша жұмсалмаған [21, 500-б.]. Ең мұқтаж топтар – ауру және әлсіреген адамдар – еңбеккүн жүйесі салдарынан үлестен тыс қалды [31, 158-п.].

Көмекті жеткізудегі кідірістің себебі құжатта тікелей аталады: «күш-көліктің әлсіреуі», яғни жұмысшы малдың жоқтығы [26, 167-п.]. Бұл – апаттың тұйық шеңберінің дәл көрінісі: мал жойылғандықтан көмек жеткізілмейді, көмек жетпегендіктен қалған мал да қырылады.

Эпидемиялық жағдай да қозғалыс сипатымен тікелей байланысты. ПП ОГПУ сводкасында облыстағы эпидемиялық аурулардың 80 пайызы Петропавл мен Қарағандыға тиесілі екені, желтоқсаннан 5 ақпанға дейін қалаларда шешек бойынша 241, сүзек бойынша 737, іш сүзегі бойынша 38 жағдай тіркелгені көрсетіледі [26, 168-п.]. Аурулардың өнеркәсіптік орталықтар

мен станцияларға шоғырлануы кездейсоқ емес: әлсіреген адамдар антисанитарлық жағдайда, тығыз топтарда жинақталды. Дәстүрлі көште мұндай шоғырлану болмайтын, өйткені ауыл бөлек-бөлек қоныстанатын. Демек, эпидемия да қозғалыс формасының өзгеруінің салдары.

Шаруашылық ұйымдарының көшіп-қонушыларға қатынасы жеке назар аударуды қажет етеді. ПП ОГПУ хабарламасында жалдаушы ұйымдардың «ерекше ұятсыз қарым-қатынасы» атап өтіледі [30, 91-п.]. Нақты мысал ретінде Павлодарда 1800 адамды жалдаған құрылыс тресінің жағдайы келтіріледі: жалданғандардың ішінде еңбекке жарамдылар 15 пайыздан аспаған, қалғандары қарттар, кішкентай балалар және қатты әлсірегендер болған; трест оларды жұмысқа қабылдамай, азық-түлік пен баспанадан бас тартқан, соның салдарынан тәулігіне 300 адамға дейін өлім тіркелген [30, 92-п.]. Бұл дерек көшіп-қонушылардың жаңа жүйеге енуі бірден жүзеге аспағанын көрсетеді: өнеркәсіп оларды жұмыс күші ретінде де қабылдауға дайын болмады.

Мемлекеттің дағдарысты жеңу әрекеттері 1933 жылдан бастап жүйелі сипат ала бастады, бірақ олардың мазмұны сипатты. РСФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың 1933 жылғы 7 шілдедегі хатында қазақ көшіп-қонушыларынан құрылыс жұмысшыларын дайындау үшін төрт курс ұйымдастыру (Ақтөбе, Петропавл, Семей, Алматы) және 20 мың адамды оқыту көзделеді; сол жылы Қазақстан шегіндегі өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарында 30 500 көшіп-қонушыны орналастыру, ал жылдың екінші жартысында 25 мың еңбекке жарамды адамды республикадан тыс жерге жіберу жоспарланады [33, 102-п.]. Көмек шараларының мазмұны осылайша малшының бұрынғы кәсібіне жағдай жасауға емес, оны жалдамалы жұмысшыға айналдыруға бағытталды.

Мирзояннның баяндамасында Орталық Қазақстанды қалпына келтіру мәселесі қойылады: аймақ мал шаруашылығын дамытуда «елеулі және маңызды рөл атқаруы тиіс», ол үшін тұрғын үй мен құдықтарды ретке келтіру, «кем дегенде тұтынушылық астық шаруашылығын ұйымдастыру» қажет [22, 833-б.]. Соңғы тіркес назар аудартады: қалпына келтіру бағдарламасының өзінде егіншілік элементі көзделген, яғни аймақ бұрынғы шаруашылық жүйесіне толық оралмайтыны алдын ала болжанған.

Ұжымдастыру мен қуғын-сүргін саясаты қатар жүріп отырғанын құжаттар айқын көрсетеді. Қазкрайком бюросының 1932 жылғы 11 мамырдағы отырыс хаттамасында тұтас ұжымдастыру аудандарынан 3000 «кулак-бай» шаруашылығын ішкіөлкелік жер аудару көзделген [34, 887-п.]. Яғни халықтың бір бөлігі аштықтан өз бетінше көшіп жатқан кезде, екінші бөлігі мәжбүрлі түрде қоныс аударылды. Екі үдеріс бір мезгілде жүріп, дәстүрлі қоныстану жүйесін толық бұзды.

Қозғалыстың республика шегінен шыққанын көрші өлкелердің құжаттары растайды. Батыс Сібір өлкесі милиция басқармасы 1932 жылғы 1 қазанда Алей теміржол станциясына қазақ көшіп-қонушыларының келгенін хабарлайды [35, 128-п.]. Демек, көшіп-қону жалпыодақтық сипат алып, бақылау органдарының назарына ілікті.

Қаржылық шаралар қабылданғанымен, олардың көлемі мәселенің ауқымына жақындамады. Өлкелік комитетке жолданған телеграммада көшіп-қонушыларға байланысты барлық шараға өлкелік бюджеттен 80 мың рубль бөлінгені және облыстық бюджеттен сондай сома бөлу міндеттелгені айтылады [28, 58-п.]. Жүз мыңнан астам шаруашылық қамтылған қозғалыс аясында бұл символдық сома еді. Қаражаттың мақсатсыз жұмсалуы да тіркелген: бір ауданда мал сатып алуға арналған 32 мың рубль нұсқаусыз таратылып берілсе, екіншісінде 5 мың рубль трактор жөндеуге кеткен [31, 158-п.].

Балалар мекемелеріндегі жағдай апаттың ең ауыр көрінісі болды. Баяндама хатында балалар үйлерінің тек қара нанмен, оның өзі үлкен үзілістермен қамтамасыз етілетіні, үш ай бойы сүт және басқа өнімдердің келмегені айтылады. Нақты көрсеткіштер де келтіріледі: бір балалар үйінде бір ай ішінде 170 өлім, басқа жерде тоқсан баланың отызы, Қарағандыда бір онкүндікте жүзге жуық бала қайтыс болған [31, 158-п.]. Бұл деректер көшіп-қонудың ең осал

топқа тигізген әсерін көрсетеді және дәстүрлі қамқорлық жүйесінің орнын басатын институттың қалыптас-пағанын дәлелдейді.

Талқылау. Жоғарыда келтірілген деректерді көшпелі мобильділік тұжырымдамасы аясын-да түсіндіру бірқатар мәселені жаңаша қоюға мүмкіндік береді. Ең алдымен көшіп-қонудың табиғаты туралы сұрақты нақтылау қажет. Тарихнамада қалыптасқан «стихиялы қашу» форму-ласы қозғалыстың мәжбүрлі сипатын дұрыс береді, бірақ оны мазмұнсыз етіп көрсетеді: халық бағытсыз, ретсіз әрекет еткендей әсер қалдырады. Біздің материал басқа көріністі ұсынады.

Қозғалыстың дәстүрлі жағдайлардан бастау алғанын үш белгі аңғартады. Алдымен мерзім. Қарағанды облысындағы қозғалыс тамыз-желтоқсан айларына шоғырланған, ал бұл – күзгі көш мезгілі. Егер адамдарды тек аштық қуса, қозғалыстың мерзімдік үлгісі болмас еді: аштық жыл бойы бірдей қысты. Екінші белгі – бағыт: Сарысу ауданынан оңтүстікке, Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстан жағына жылжу қысқы жайылым бағытын қайталайды [26, 167-п.]. Үшінші белгі – форма. Жандосовтың хатындағы «топ-топпен жүрді» деген қысқа тіркес [27, 120-п.] ауыл болып көшудің дәстүрлі құрылымын білдіреді, яғни қозғалыс жеке-дара емес, ұйымдасқан түрде жүрген.

Н.Э. Масанов сипаттаған маусымдық қозғалыс жүйесі [1, 82-б.] 1930 жылдардағы дағдарыс-тық көшіп-қонуда да ізін қалдырды. Мұны мәдени инерция деп емес, ресурс деп түсінген дұрыс: белгісіздік жағдайында халық бұрыннан таныс, тексерілген әрекет үлгісіне жүгінді. Мыңжылдық маршруттар туралы соңғы зерттеу де осыған келеді: жол жүйесі географиялық жағдайға бейім-делген тұрақты құрылым болды, ал оны бұзу шаруашылықтың өзін бұзуға тең еді [4, 195-б.].

Дәл осы жерде негізгі қайшылық ашылады. Сценарий іске қосылды, бірақ оны атқаруға қажет үш шарттың бірде-бірі орнында жоқ болатын. Мал қоғамдастырылды, жұмысшы малға дейін таратылып алынды [9, 104-б.]. Қыстаулар мен құдықтар қараусыз қалды [22, 833-б.]. Ал баратын жерде күтетін туыстық желі аштықтан ыдырағанын балаларын станцияда қалдырып кету фактісі дәлелдейді [25, 5-п.]. Толыбеков көрсеткен тәуелділік [3, 112-б.] осы нүктеде көзге түседі: малынан айырылған көшпенді қозғалу қабілетінен де айырылады.

Нәтижесінде дәстүрлі әрекет өз қарама-қарсылығына айналды. Көш адамды құтқаратын тетік болудан қалып, өлімге апаратын жолға айналды. Құжаттардағы өлім себептерінің құры-лымы осыны растайды: «аштықтан және үсіп қалған» деген қос себеп [26, 167-п.] қозғалыстың материалдық жарақсыз жүргенін көрсетеді. Дәстүрлі көште киіз үй, отын, азық қоры және межеленген қоныс болатын; бұл жолы адамдар жаяу, паналайтын орынсыз жүрді. Демек, апаттың себебі қозғалыстың өзі емес, қозғалыс құралдарының жойылуы болды.

Осы тұрғыдан алғанда, ашаршылықты мобильділікті жою құралы деп қарайтын Р.Киндлер мен И. Огайонның тұжырымдары [16, 214-б.; 13, 267-б.] нақтылана түседі. Аталған авторлар үдерісті мемлекет тарапынан, саясаттың логикасы тұрғысынан сипаттайды. Біздің материал сол саясаттың көшпелі қоғам ішінде қалай өткенін көрсетеді: мобильділік бірден жойылған жоқ, ол алдымен өз негізінен айырылып, содан кейін ғана мағынасын жоғалтты. Яғни отырықшылан-дыру көшуге тыйым салу арқылы емес, көшудің толыққанды іске аспауы арқылы жүзеге асты.

Қозғалыс бағытының өзгеруі осы үдерістің шешуші кезеңі болды. Дәстүрлі көш жайылым-нан жайылымға бағытталса, 1930 жылдары ол теміржол станциясы мен өнеркәсіп кәсіпорнына бағытталды. Хазанов сипаттаған көшпенділердің отырықшы әлеммен байланыс арналары [2, 45-б.] мұнда жаңа мазмұн алды: айырбас орнына жалдамалы еңбек, маусымдық қайтып оралу орнына тұрақты орналасу келді. Қарағанды, Қарсақпай, теміржол станциялары көшпенді үшін жаңа «қыстауға» айналды, бірақ бұл қыстаудан жайлауға шығу жолы жоқ еді. Дәл осы ауысу – ашаршылықтан кейінгі отырықшыландырудың негізгі тетігі, әрі ол әкімшілік шешіммен емес, шаруашылық қажеттілікпен жүзеге асты.

Мемлекеттік көмек жүйесінің тиімсіздігі де осы тұрғыдан жаңаша оқылады. Тарихнамада бұл әдетте бюрократизм, сыбайлас жемқорлық және ресурс тапшылығымен түсіндіріледі. Аталған факторлар шынымен әрекет етті: талан-тараж көлемі [21, 500-б.], есеп жүйесінің жоқтығы [31, 157-п.] құжаттарда айқын тіркелген. Бірақ олардың бәрі жүйенің құрылымдық кемшілігін жасырады. Қайтарылатын шаруашылықтарды «жаңа орындарға» орналастыру шарты [32, 100-п.] көмекті қалпына келтіру құралы емес, трансформация құралы етті. Мемлекет көшіп-қонушыны бұрынғы шаруашылық жүйесіне қайтаруды мақсат етпеді, сондықтан көмек логикасы да отырықшы үлгіге бағытталды: еңбеккүнге нан беру [31, 158-п.] мал шаруашы-лығына емес, ұжымдық егіншілікке негізделген жүйенің тәртібі болатын.

Биліктің көшіп-қонуды түсіндіру тәсілі бөлек қаралуы тиіс. ОГПУ құжаттарында себеп ретінде жұтаң мен азық-түлік көмегінің кешігуі аталса да, оған міндетті түрде «контрреволюциялық бай элементтің үгіті» қосылады [26, 167-п.]. Мирзоян бұл ойды нақтылап, көшіп-қонуды «бай-кулак элементтерінің таптық күресінің ерекше формасы» деп атайды [22, 832-б.]. Мұндағы мәселе тек идеологиялық қалыпта емес. Мемлекет дәстүрлі шаруашылық мінез-құлқын саяси әрекет ретінде оқыды, өйткені көшпелі жүйенің логикасын танымады. Осы танымсыздық көмек шараларының сипатын да айқындады: егер қозғалыс саяси қарсылық болса, оны тоқтату керек; ал егер ол шаруашылық қажеттілік болса, оны қалпына келтіру керек еді. Билік бірінші жолды таңдады.

Жауапкершіліктің орталық пен жергілікті деңгей арасында бөлінуі бөлек мәселе. Жалпы саясатты орталық айқындады, ал ең ауыр бұзушылықтар төменде орын алды: көмек қорынан ұрлау [21, 500-б.], нанды «белсендіге» бөліп беру [31, 158-п.], еңбекке жарамсыздарды үлестен шығару [31, 158-п.]. Бұл фактілерден жергілікті аппараттың өз мүддесі көрінеді. Тек жемқорлықпен түсіндіру жеткіліксіз: ресурс тапшылығы жағдайында бөлудің өзіндік тәртібі қалыптасты, ал ол дәстүрлі өзара көмек нормаларына емес, жаңа әкімшілік иерархияға сүйенді. Әлеуметтік құрылымның қайта құрылуы ашаршылық кезінде-ақ басталды.

Соңғы жылдардағы жұмыстармен салыстыру тұжырымдарымызды нақтылайды. Н.Кузовова мен А. Жанбосинова Украина мен Қазақстандағы аштық кезіндегі тіршілік ету практикаларын салыстырып, әр қоғам өз мәдени сценариіне сүйенгенін көрсетті [19]. Қазақ қоғамында сол сценаридің негізгі элементі қозғалыс болды. Н. Пьянчоланың азық-түлікті бөлу мен әскери жабдықтауға арналған еңбегі [18, 33-б.] мемлекеттің ресурстық басымдықтарын нақтылап, көмектің неге кешіккенін жүйе деңгейінде түсіндіреді. Б. Дукеевтің жад туралы зерттеуі құжаттық және естелік дереккөздердің арақатынасын алға тартады – біздің болашақ жұмысымыз осы бағытта жалғасуы мүмкін, өйткені көш маршруттарын нақтылау шежіре мен ауызша дерек арқылы жүреді [20].

Түйіндей келгенде, ашаршылық пен ұжымдастыруды бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды. Абылхожин дәстүрлі құрылымның трансформациясын экономикалық үдеріс ретінде сипаттады [7, 156-б.], ал біздің материал сол трансформацияның нақты тетігін ашады: шаруашылық жүйесі бірден құламай, өзінің негізгі функциясын – қозғалу қабілетін – жоғалту арқылы күйреді. Сол себепті көшіп-қону ашаршылықтың салдары ғана емес, оның тетігінің бір бөлігі.

Ұсынылған тәсілдің шектеулері бар. Дәстүрлі маршрут жүйесі мен 1930 жылдардағы бағыттарды салыстыру архив құжаттарында тіркелген жалпы бағыттар деңгейінде жүргізілді; нақты картографиялық салыстыру арнайы жұмысты талап етеді. ОГПУ құжаттары қозғалысты сырттан бақылаушының көзімен береді, сондықтан көшіп-қонушылардың өз ниеті жанама ғана қалпына келеді. Аймақтық материал бойынша жасалған қорытындыларды бүкіл республикаға таратуға да негіз жоқ: Батыс және Оңтүстік Қазақстанда қозғалыс өзгеше өткен болуы ықтимал.

Сонда да ұсынылған көзқарас бұрын байланыссыз көрінген деректі бір қатарға қояды. Жұмысшы малды бөліп алу, қозғалыстың күзгі маусымға шоғырлануы, оңтүстікке бет алу, топпен жүру, құдықтардың қараусыз қалуы, үсіп қалудан болған өлім, балаларды станцияда қалдыру – әрқайсысы жеке алғанда аштықтың көрінісі. Бейімделу сценариі тұрғысынан қарағанда олар бір құрылымның бөлшектеріне айналады: әрекет үлгісі сақталды, ал оны орындау шарттары жойылды.

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда мұндай жағдай сирек емес. Аштық кезінде әр қоғам өз мәдени сценариіне жүгінеді, ал оның нәтижесі материалдық негіздің қаншалықты сақталғанына байланысты. Украина мен Қазақстандағы тіршілік ету практикаларын салыстырған зерттеу дәл осы айырмашылықты көрсетеді: отырықшы қоғамда жасыру, ұрлау, ауылдан қалаға жаяу бару басым болса, көшпелі қоғамда негізгі ресурс қозғалыс болды [19]. Айырмашылық практикалардың өзінде емес, олар сүйенген негізде.

Мемлекеттің ресурстық басымдықтары туралы соңғы зерттеулер осы көріністі толықтырады. Н.Пьянчола азық-түлікті бөлу мен әскери жабдықтауды талдап, көмектің кешігуін жүйе деңгейінде түсіндіреді [18, 33-б.]. Біздің материалда сол жүйелік себептің жергілікті көрінісі байқалады: Жаңаарқа мен Сарысу аудандарына азық-түлік көмегі мен тұқым несиесі шығарылмай қалды, ал себебі ретінде күш-көліктің жоқтығы аталады [26, 167-п.]. Орталық басымдық пен жергілікті мүмкіндік бір-бірін күшейтті.

Тарихи жадпен байланыс мәселесі ашық қалып отыр. Б.Дукеевтің зерттеуі ашаршылық туралы естеліктердің отбасылық деңгейде әлсіз сақталғанын көрсетеді [20]. Біздің тақырып үшін бұл түйінді жағдай: егер қозғалыс бағыттары мен маршруттары туралы естелік сақталса, оларды құжаттық деректермен салыстыруға болар еді. Мұндай материалды жинау – болашақ жұмыстың дербес міндеті, әрі ол шежіре мен жергілікті топонимикаға сүйенеді.

Көшіп-қонудан кейін қалыптасқан жаңа әлеуметтік құрылым бөлек айтуды қажет етеді. Құжаттар көрсеткендей, көмекті бөлу еңбеккүн жүйесіне негізделді, ал ол дәстүрлі өзара көмек нормаларын ығыстырды. Ауру және әлсіреген адамдардың үлестен тыс қалуы [31, 158-п.] жеке бұзушылық емес, жүйенің логикасы: ресурс еңбек нәтижесіне қарай бөлінді, ал көшпелі қоғамда көмек туыстық міндетке қарай берілетін. Осы ауысу жергілікті деңгейде жаңа иерархияға жол ашты, оның ұшында бөлуді бақылайтындар тұрды. Әлеуметтік құрылымның қайта құрылуы ұжымдастырудың соңында емес, ашаршылық барысында жүзеге асты.

Аймақтық ерекшелік те маңызды болып келеді. Орталық Қазақстанда көшіп-қонушылар үшін тартылыс нүктесі бір мезгілде екі сипатта болды: Қарағанды мен Қарсақпай өнеркәсіптік орталық ретінде жұмыс күшін қажет етті, сонымен қатар олар азық-түлік бөлінетін пункттер болды. Дәстүрлі жүйеде мұндай қосарлы функцияны қыстау атқаратын: ол әрі паналайтын орын, әрі азық қорының сақталатын жері еді. Өнеркәсіптік орталық осы функцияны сыртқы түрде қайталады, бірақ мазмұны басқа болды – онда орналасу еңбек шартымен байланысты еді. Осы алмасу арқылы көшпенді жұмысшыға айналды, ал қозғалыс маусымдық сипатынан айырылды.

Тарихнамалық тұрғыдан алғанда, ұсынылған көзқарас қазақстандық және шетелдік зерттеу дәстүрлерінің арасында дәнекер бола алады. Отандық тарихнама ашаршылықтың ауқымы мен саяси мәнін дәлелдеуге бағытталды [5; 8], шетелдік тарихнама мемлекеттік саясаттың логикасын ашты [15; 16]. Ал халықтың өз әрекетінің құрылымы екі дәстүрде де жеткілікті талданбады. Көшпелі мобильділік тұжырымдамасы осы олқылықты толтыруға мүмкіндік береді, өйткені ол әрекетті мәдени сценарий аясында түсіндіреді және мемлекет пен қоғам арасындағы қатынасты бір бағытты емес, өзара әрекет ретінде қарауға негіз болады.

Зерттеу нәтижелері терминологиялық нақтылауды да қажет етеді. Құжаттарда қолданылатын «көшіп-қону» ұғымы бір мезгілде екі түрлі құбылысты белгілейді: дәстүрлі маусымдық көш пен дағдарыстық қашуды. Мұндай терминологиялық біріктіру кездейсоқ емес – ол билік тарапынан құбылысты дұрыс танымаудың көрінісі. Зерттеу тәжірибесінде бұл екі мағынаны ажырату қажет, әйтпесе дереккөз тілі талдау тіліне айналып, құбылыстың мәнін жасырып қалады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу 1920–1930 жылдардағы Орталық Қазақстан мен шекаралас аудандардағы көшіп-қонуды көшпелі шаруашылықтың бейімделу сценариінің соңғы рет іске қосылуы ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Қозғалыстың маусымдық сипаты, бағыттары және ұжымдық формасы дәстүрлі көш жүйесінің іздерін сақтады, демек оны мазмұнсыз стихиялы қашу деп қарау деректерге қайшы келеді.

Бұл сценаридің үш материалдық тірегі – мал, қыстаулар мен құдықтар, туыстық қолдау желісі – ұжымдастыру мен мәжбүрлі отырықшыландыру барысында жойылған еді. Дәстүрлі әрекет пен оны орындауға қажет құралдардың жоқтығы арасындағы қайшылық көшіп-

қонудың құтқару тетігінен жаппай қырылу жағдайына айналуын түсіндіреді. Апаттың себебі қозғалыстың өзінде емес, қозғалыс құралдарының жойылуында.

Көшіп-қонумен республиканың 71 ауданы қамтылды, Қазақстан ішінде 100 000-нан астам шаруашылық орнынан қозғалды. Қозғалыстың негізгі бағыттары өнеркәсіп орталықтары мен теміржол станциялары, сондай-ақ Орта Азия, Батыс Сібір, Еділ бойы аумақтары болды. Дәстүрлі жайылым бағытының өнеркәсіптік бағытқа ауысуы ашаршылықтан кейінгі отырықшыландырудың негізгі тетігі ретінде бағаланады: отырықшылық әкімшілік тыйым арқылы емес, көшу мүмкіндігінің жойылуы арқылы бекіді.

Мемлекеттік көмек жүйесіндегі кемшіліктер – есептің жоқтығы, талан-тараж, балалар үйлеріндегі жағдай, көмекті уақытында жеткізбеу – ішінара әкімшілік себептерге байланысты болғанымен, негізінен құрылымдық сипатта кездесті. Қайтарылатын шаруашылықтарды жаңа орындарға орналастыру шарты көмекті қалпына келтіру емес, трансформация құралы етті.

Билік тарапынан көшіп-қонуды саяси қарсылық ретінде түсіндіру шаралардың сипатын алдын ала айқындады. Егер қозғалыс «бай-кулак элементтерінің» әрекеті деп танылса, оған жауап ретінде тыйым мен қайтару шаралары қолданылады; ал егер ол шаруашылық қажеттілік деп танылса, мал басын қалпына келтіру мен көш жүйесін жаңғырту қажет болар еді. Билік бірінші жолды таңдады, сондықтан көмек шаралары дағдарыстың себебін емес, көрінісін жоюға бағытталды.

Осы тұрғыдан алғанда, көшіп-қону ашаршылықтың салдары ғана емес, оның механизмінің бір бөлігі ретінде қаралуы тиіс. Шаруашылық жүйесі бірден құламай, өзінің негізгі функциясын – қозғалу қабілетін – жоғалту арқылы күйреді, ал сол қабілеттің жоғалуы жаңа, отырықшы және жалдамалы еңбекке негізделген құрылымның қалыптасуына жол ашты. Бұл қорытынды отандық және шетелдік тарихнаманың тұжырымдарына қайшы келмейді, бірақ трансформацияның нақты тетігін көрсетеді.

Аймақтық материал жалпыреспубликалық көріністі нақтылайды. Орталық Қазақстанның ерекшелігі оның бір мезгілде кету және келу ауданы болуында: дәстүрлі көш жүйесі мен жаңа өнеркәсіптік бағыт бір кеңістікте қатар жүрді. Осы қосарлылық трансформация тетігін басқа аймақтарға қарағанда айқынырақ көрсетеді, әрі алынған қорытындыларды тексеру үшін Батыс және Оңтүстік Қазақстан материалын салыстыруға негіз береді.

Ары қарайғы жұмыс үшін үш бағыт көрінеді. Бірінші – көшіп-қону бағыттарын XIX ғасырдағы маршрут атластары негізінде нақты картографиялық салыстыру. Екінші – ауызша дерек-көздер мен шежірені тарту арқылы қозғалыс маршруттарын жергілікті деңгейде қалпына келтіру. Үшінші – көшіп-қонушылардың қабылдаушы аймақтардағы жағдайын салыстырмалы талдау, оның ішінде Батыс Сібір мен Еділ бойы материалдары бойынша. Осы үш бағыт біріктірілген жағдайда ғана көшіп-қонудың толық картинасы қалпына келтіріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. – Алматы: Горизонт; Москва: Социнвест, 1995. – 320 с.

2. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир: избранные научные труды. – 4-е изд., доп. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2008. – 508 с.

3. Толыбеков С.Е. Концепции основного экономического отношения кочевого общества казахов в XII – начале XX веков / под науч. ред. акад. А.К. Кошанова. – Алматы: ИЭ КН МОН РК, 2013. – 256 с.

4. Ibadildin N. Kazakh Nomads: Thousand-Year Routes, Environment and Political Oppression // Brunn S.D. (ed.). Geography of Time, Place, Movement and Networks. Vol. 2. – Cham: Springer, 2024. – PP. 187–210. https://doi.org/10.1007/978-3-031-58029-1_8

5. Қозыбаев М.Қ. Тарих және заман. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 256 б.

6. Алдажұманов Қ.С. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. – Алматы, 1997. – 208 с.

7. Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспек-ты функционирования и трансформации (1920–1930-е гг.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 240 с.

8. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы:Өнер,2003. – 552 б.

9. Голод в СССР. 1929–1934: в 3 т. Т. 2: июль 1932 – июль 1933 / отв. сост. В.В. Кондрашин. – М.: МФД, 2012. – 912 с.

10. Верт Н. Террор и беспорядок. Сталинизм как система. – М.: РОССПЭН, 2010. – 447 с.

11. Davies R.W., Wheatcroft S.G. The Years of Hunger: Soviet Agriculture, 1931–1933. – London: Palgrave Macmillan, 2004. – 555 p.

12. Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. – New York: Oxford University Press, 1986. – 412 p.

13. Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline: collectivisation et changement social, 1928–1945. – Paris: Maisonneuve et Larose, 2006. – 420 p.

14. Ohayon I. Du campement au village: sédentarisation et transformations de l'aoul kazakh à la période soviétique // Cahiers d'Asie centrale. – 2004. - № 13-14. – PP. 177–198.

15. Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. – Ithaca: Cornell University Press, 2018. – 294 p.

16. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. – М.: РОССПЭН, 2017. – 382 с.

17. Pianciola N. Famine in the Steppe: The Collectivization of Agriculture and the Kazak Herdsmen, 1928–1934 // Cahiers du Monde russe. – 2004. – Vol. 45, № 1–2. – PP. 137–192.

18. Pianciola N. Sacrificing the Qazaqs: Food, Famine, and the Red Army in the Kazakh ASSR // Journal of Central Asian History. – 2022. – Vol. 1, № 1. – PP. 25–60.

19. Kuzovova N., Zhanbossinova A. The Holodomor in Ukraine and the Asharshylyk in Kazakhstan: A Comparative Analysis of Survival Practices // Journal of Asian and African Studies. – 2026. https://doi.org/10.1177/18793665251362859

20. Dukeyev B. Genocide or Not? The 1931–1933 Famine in the Collective Memories of Kazakhstan's Post-Independence Generations // Journal of Genocide Research. – 2025. https://doi.org/10.1080/14623528.2025.2561440

21. Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Құжаттық хроника. Құжаттар жинағы. Т. 3: 1932–1934 / жауапты ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 1028 б.

22. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание: документы и материалы. Т. 3: конец 1930–1933 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: РОССПЭН, 2001. – 1008 с.

23. «Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину о положении в стране (1922–1934 гг.): в 10 т. Т. 10 / отв. ред. А.Н. Сахаров, В.С. Христофоров. – М.: Институт российской истории РАН, 2017. – 712 с.

24. Голод в СССР. 1929–1934: в 3 т. Т. 1: 1929 – июль 1932. Кн. 2 / отв. сост. В.В. Кондрашин. – М.: МФД, 2011. – 560 с.

25. Көшіп-қонушылар жағдайы туралы ҚазАКСР ХКК-нің РСФСР ХКК-не баяндама хаты. 1933 ж. ақпан // ҚР ОММ. Р-30-қ. 7 рсч-т. 186-іс. 5 п.

26. Қарағанды облысындағы көшіп-қону қозғалысы туралы ПП ОГПУ арнайы сводкасы. 1933 ж. 12 ақпан // ҚР ОММ. Р-30-қ. 7 рсч-т. 186-іс. 167 п., 168 п.

27. О. Жандосовтың баяндама хаты. 1933 ж. 17 қаңтар // ҚР ОММ. Р-30-қ. 8 рсч-т. 12-іс. 120 п.

28. Өлкелік комитет пен ҚазАКСР ХКК-ге телеграмма. 1932 ж. желтоқсан // ҚР ОММ. 1179-қ. 5-т. 1-іс. 58 п., 93 п.

29. Қазақстандағы көшіп-қонушылар жағдайы туралы анықтама // ҚР ОММ. 1179-қ. 1-т. 19-іс. 121 п.

30. Қарағандыдағы көшіп-қонушылар жағдайы туралы ПП ОГПУ арнайы хабарламасы. 1932 ж. 7 қазан // ҚР ОММ. Р-30-қ. 7 рсч-т. 161-іс. 91 п., 92 п.

31. Қарағанды облысында қайтып келгендерді орналастыру туралы ҚазАКСР ХКК-не баяндама хат. 1932 ж. 3 қыркүйек // ҚР ОММ. 1179-қ. 1-т. 47-іс. 157 п., 158 п.

32. Көшіп-конған шаруашылықтарды қайтару және орналастыру жоспарын бекіту туралы ҚазАКСР ХКК-нің №22 қаулысы. 1932 ж. 27 сәуір // РМЭМ. 7486-қ. 37-т. 235-іс. 100 п.

33. РСФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың Қазкрайком ВКП(б) хатшысы Л.Мирзоянға хаты. 1933 ж. 7 шілде // ҚР ОММ. Р-30-қ. 7 рсч-т. 151-іс. 102 п.

34. Қазкрайком ВКП(б) бюросы отырысының хаттамасы. Кулак-бай шаруашылықтарын ішкіөлкелік жер аудару туралы. 1932 ж. 11 мамыр // ҚР ПМ. 141-қ. 1-т. 5019-іс. 887 п.

35. Батыс Сібір өлкесі милиция басқармасының Алей теміржол станциясына қазақ көшіп-қонушыларының келуі туралы хабарламасы. 1932 ж. 1 қазан // НОММ. 47-қ. 1099-іс. 128 п.

References:

1. Masanov N.E. Kochevaia tsivilizatsiia kazakhov: osnovy zhiznedeiatelnosti nomadnogo obshchestva. - Almaty: Gorizont; Moskva: Sotsinvest, 1995. - 320 s. [in Russian]

2. Khazanov A.M. Kochevniki i vneshnii mir: izbrannye nauchnye trudy. - 4-e izd., dop. - SPb.: Filologicheskii fakultet SPbGU, 2008. - 508 s. [in Russian]

3. Tolybekov S.E. Kontseptsii osnovnogo ekonomicheskogo otnosheniia kochevogo obshchestva kazakhov v XII-nachale XX vekov / pod nauch.red.akad. A.K.Koshanova. - Almaty:IE KN MON RK,2013. - 256 s. [in Russian]

4. Ibadildin N. Kazakh Nomads: Thousand-Year Routes, Environment and Political Oppression // Brunn S.D. (ed.). Geography of Time, Place, Movement and Networks. Vol. 2. - Cham: Springer, 2024. - PP. 187-210. https://doi.org/10.1007/978-3-031-58029-1_8 [in English]

5. Qozybaev M.Q. Tarikh jane zaman. - Alma-Ata: Gylym, 1991. - 256 b. [in Kazakh]

6. Aldazhumanov Q.S. Deportatsiia narodov - prestuplenie totalitarnogo rezhima. - Almaty, 1997. - 208 s. [in Russian]

7. Abylkhozhin Zh.B. Traditsionnaia struktura Kazakhstana: sotsialno-ekonomicheskie aspekty funktsionirovaniia i transformatsii (1920-1930-e gg.). - Alma-Ata: Gylym, 1991. - 240 s. [in Russian]

8. Omarbekov T. Qazaqstan tarikhynyn XX gasyrdagy ozekti maseleleri. - Almaty: Oner, 2003. - 552 b. [in Kazakh]

9. Golod v SSSR. 1929-1934: v 3 t. T. 2: iiul 1932-iiul 1933 / otv. sost. V.V. Kondrashin. - M.: MFD, 2012. - 912 s. [in Russian]

10. Vert N. Terror i besporiadok. Stalinizm kak sistema. - M.: ROSSPEN, 2010. - 447 s. [in Russian]

11. Davies R.W., Wheatcroft S.G. The Years of Hunger: Soviet Agriculture, 1931-1933. - London: Palgrave Macmillan, 2004. - 555 p. [in English]

12. Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. - New York: Oxford University Press, 1986. - 412 p. [in English]

13. Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline: collectivisation et changement social, 1928-1945. - Paris: Maisonneuve et Larose, 2006. - 420 p. [in French]

14. Ohayon I. Du campement au village: sédentarisation et transformations de l'aoul kazakh à la période soviétique // Cahiers d'Asie centrale. - 2004. - N 13-14. - PP. 177-198. [in French]

15. Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. - Ithaca: Cornell University Press, 2018. - 294 p. [in English]

16. Kindler R. Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane. - M.: ROSSPEN, 2017. - 382 s. [in Russian]

17. Pianciola N. Famine in the Steppe: The Collectivization of Agriculture and the Kazak Herdsmen, 1928-1934 // Cahiers du Monde russe. - 2004. - Vol. 45, N 1-2. - PP. 137-192. [in English]

18. Pianciola N. Sacrificing the Qazaqs: Food, Famine, and the Red Army in the Kazakh ASSR // Journal of Central Asian History. - 2022. - Vol. 1, N 1. - PP. 25-60. [in English]

19. Kuzovova N., Zhanbossinova A. The Holodomor in Ukraine and the Asharshylyk in Kazakhstan: A Comparative Analysis of Survival Practices // Journal of Asian and African Studies. - 2026. https://doi.org/10.1177/18793665251362859 [in English]

20. Dukeyev B. Genocide or Not? The 1931-1933 Famine in the Collective Memories of Kazakhstan's Post-Independence Generations // Journal of Genocide Research. - 2025. https://doi.org/10.1080/14623528.2025.2561440 [in English]

21. Asharshylyq. Golod. 1928-1934. Qujattyq khronika. Qujattar jinagy. T. 3: 1932-1934 / jauapty red. B.Abdigaliuly. - Almaty: Atamura, 2021. - 1028 b. [in Kazakh and Russian]

22. Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulachivanie: dokumenty i materialy. T. 3: konets 1930-1933 / pod red. V. Danilova, R. Manning, L. Violy. - M.: ROSSPEN, 2001. - 1008 s. [in Russian]

23. «Sovershenno sekretno»: Lubianka - Stalinu o polozhenii v strane (1922-1934 gg.): v 10 t. T. 10 / otv. red. A.N. Sakharov, V.S. Khristoforov. - M.: Institut rossiiskoi istorii RAN, 2017. - 712 s. [in Russian]

24. Golod v SSSR. 1929-1934: v 3 t. T. 1: 1929 - iiul 1932. Kn. 2 / otv. sost. V.V. Kondrashin. - M.: MFD, 2011. - 560 s. [in Russian]

25. Koship-qonushylar jagdaiy turaly QazAKSR HKK-nin RSFSR HKK-ne baiandama khaty. 1933 j. aqpan // QR OMM. R-30-q. 7 rsch-t. 186-is. p. 5. [in Kazakh]

26. Qaragandy oblysyndagy koship-qonu qozgalysy turaly PP OGPU arnaiy svodkasy. 1933 j. 12 aqpan // QR OMM. R-30-q. 7 rsch-t. 186-is. p. 167, p. 168. [in Kazakh]

27. O. Jandosovtyn baiandama khaty. 1933 j. 17 qantar // QR OMM. R-30-q. 8 rsch-t. 12-is. p. 120. [in Kazakh]

28. Olkelik komitet pen QazAKSR HKK-ge telegramma. 1932 j. jeltoqsan // QR OMM. 1179-q. 5-t. 1-is. p. 58, p. 93. [in Kazakh]

29. Qazaqstandagy koship-qonushylar jagdaiy turaly anyqtama // QR OMM. 1179-q. 1-t. 19-is. p. 121. [in Kazakh]

30. Qaragandydagy koship-qonushylar jagdaiy turaly PP OGPU arnaiy khabarlamasy. 1932 j. 7 qazan // QR OMM. R-30-q. 7 rsch-t. 161-is. p. 91, p. 92. [in Kazakh]

31. Qaragandy oblysynda qaityp kelgenderdi ornalastyru turaly QazAKSR HKK-ne baiandama khat. 1932 j. 3 qyrkuiek // QR OMM. 1179-q. 1-t. 47-is. p. 157, p. 158. [in Kazakh]

32. Koship-qongan sharuashylyqtardy qaitaru jane ornalastyru josparyn bekitu turaly QazAKSR HKK-nin N 22 qaulysy. 1932 j. 27 sauir // RMEM. 7486-q. 37-t. 235-is. p. 100. [in Kazakh]

33. RSFSR HKK toragasynyn orynbasary T. Rysqulovtyn Qazkraikom VKP(b) khatshysy L. Mirzoianga khaty. 1933 j. 7 shilde // QR OMM. R-30-q. 7 rsch-t. 151-is. p. 102. [in Kazakh]

34. Qazkraikom VKP(b) biurosy otyrysynyn khattamasy. Kulak-bai sharuashylyqtaryn ishki olkelik jer audaru turaly. 1932 j. 11 mamyr // QR PM. 141-q. 1-t. 5019-is. p. 887. [in Kazakh]

35. Batys Sibir olkesi militsiia basqarmasynyn Alei temirjol stansiasyna qazaq koship-qonushylarynyn kelui turaly khabarlamasy. 1932 j. 1 qazan // NOMM. 47-q. 1099-is. p. 128. [in Kazakh]

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20 (04.71**)**
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 316.728 (574.13) «366» https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.005

А.К. Мухамбетгалиева[1], М.К. Исламов[2], Б.Б. Байшов[3]*

[1]кандидат исторических наук,
Западно-Казахстанский медицинский университет им. Марата Оспанова,
Казахстан, Актобе, e-mail: k.alima.82@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-0293-2894

[2]PhD, Западно-Казахстанский медицинский университет им.Марата Оспанова,
Казахстан, Актобе, e-mail: islamov__marat@mail.ru
https://orcid.org/0009-0007-0560-0143

[3] PhD, Военный институт Сил воздушной обороны имени Т.Я. Бегельдинова,
Казахстан, Актобе, e-mail: dil_123@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-6656-9596

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ОТРАЖЕНИИ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ 1940-х – НАЧАЛА 1950-х гг.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности послевоенной реконструкции повседневной жизни населения Актюбинской области в 1946–1953 гг. на основе материалов советской периодической печати. Данный период характеризуется как этап послевоенного восстановления, оказавший значительное влияние на демографическую ситуацию и уровень жизни населения Казахстана. Проанализированы информационные, аналитические и публицистические публикации, отражающие различные аспекты городской повседневности, трудовые будни, материальные трудности, изменения в социальной структуре и настроениях населения.

Целью исследования является изучение отражения повседневной жизни региона на страницах местной прессы. Источниковую базу составили материалы региональных газет («Ферросплавщик», «Актюбинская правда», «За большевистские колхозы», «За металл», «За коммунизм»), позволившие выявить социально-экономические, бытовые и культурные аспекты жизни населения. Авторам удалось выявить особенности повседневной жизни, осмыслить роль женщин, а также отразить достижения колхозов и процессы строительства в регионе.

Газетные материалы являются одним из наиболее массовых и доступных исторических источников, позволяющих рассмотреть многообразие жизненных укладов в советских регионах. В то же время авторы не исключают, что газеты советского периода нередко конструировали «правильную» картину жизни, ориентированную на идеологические установки, в связи с чем реальные повседневные проблемы освещались фрагментарно либо не находили отражения вовсе. Сделан вывод о двойственной роли прессы: с одной стороны, достигалось усиление роли государственных органов, а с другой - власть получала сведения о настроениях и потребностях общества.

Ключевые слова: повседневность, Казахстан, Актюбинская область, послевоенные годы, периодическая печать.

А.К. Мухамбетгалиева * [1], *М.К. Исламов* [2], *Б.Б. Байшов* [3]

[1] *Тарих ғылымдарының кандидаты, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: k.alima.82@mail.ru*
https://orcid.org/0000-0002-0293-2894

[2] *PhD, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Қазақстан, Ақтөбе, e-mail: islamov__marat@mail.ru*
https://orcid.org/0009-0007-0560-0143

[3] *PhD, Т.Ж. Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты, Қазақстан, Ақтөбе, e-mail: dil_123@mail.ru*
https://orcid.org/0000-0002-6656-9596

1940 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – 1950 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСЫНЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Мақалада 1946–1953 жылдардағы Ақтөбе облысы тұрғындарының соғыстан кейінгі күнделікті өмірін қайта құру ерекшеліктері кеңестік мерзімді баспасөз материалдары негізінде қарастырылған. Бұл кезең Қазақстан халқының демографиялық жағдайы мен өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер еткен соғыстан кейінгі қалпына келтіру кезеңі ретінде сипатталады. Қалалық күнделікті өмірдің сан алуан қырларын, жұмыс күндерін, қаржылық қиындықтарды, әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді, қоғамдық көңіл-күйді көрсететін ақпараттық-сараптамалық, публицистикалық басылымдар талданады.

Зерттеудің мақсаты – аймақтағы күнделікті өмірдің жергілікті баспасөзде қалай көрініс тапқанын зерттеу. Бастапқы материал халық өмірінің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық, мәдени аспектілерін анықтауға мүмкіндік беретін облыстық газеттердегі («Ферросплавщик», «Актюбинская правда», «За большевистские колхозы», «За металл», «За коммунизм») материалдардан тұрады. Авторлар күнделікті өмірдің ерекшеліктерін анықтай алды, әйелдердің рөлін түсінді, сонымен қатар колхоздардың жетістіктері мен аймақтағы құрылыс

процестерін көрсетті. Газет материалдары кеңестік аймақтардағы өмір салтын алуан түрлілігін зерттеуге мүмкіндік беретін ең кең таралған және қолжетімді тарихи дереккөздердің бірі болып саналады. Сонымен бірге, авторлар кеңестік кезеңдегі газеттер өмірдің «дұрыс» суретін жиі жасап, идеологиялық көзқарасқа бағдарланғанын, соның салдарынан нақты күнделікті мәселелер үзік-үзік жазылғанын немесе мүлде көрсетілмегенін жоққа шығармайды.

Баспасөздің қосарлы рөлі туралы қорытынды жасалды: бір жағынан, ол мемлекеттік органдардың рөлін күшейтсе, екінші жағынан, билік қоғамның көңіл-күйі мен қажеттіліктері туралы ақпарат алды.

Ключевые слова: Күнделікті өмір, Қазақстан, Ақтөбе облысы, соғыстан кейінгі жылдар, баспасөз.

A.K.Mukhambetgalieva * [1], *M.K.Islamov* [2], *B.B. Baishov* [3]

[1] *candidate of Historical Sciences,West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: k.alima.82@mail.ru*
https://orcid.org/0000-0002-0293-2894

[2] *PhD, West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Kazakhstan, Aktobe, e-mail: islamov__marat@mail.ru*
https://orcid.org/0009-0007-0560-0143

PhD, T.Ya. Begeldinov Military Institute of the Air Defense Forces, Kazakhstan, Aktobe, e-mail: dil_123@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-6656-9596

EVERYDAY LIFE OF THE AKTOBE REGION POPULATION AS REFLECTED IN PERIODICALS OF THE SECOND HALF OF THE 1940s – EARLY 1950s

Abstract

This article examines the characteristics of the postwar reconstruction of daily life for the population of the Aktobe Region between 1946 and 1953, based on materials from the Soviet press. This period is characterized as a phase of postwar reconstruction, which had a significant impact on the demographic situation and the standard of living of the population of Kazakhstan. Analytical and journalistic publications that depict the various facets of urban daily life—workdays, financial difficulties, changes in social structure, and public mood—are analyzed.

1939–1940 жылдардағы халықаралық жағдайдың Эстонияның саяси және экономикалық мәртебесіне қалай әсер еткені қарастырылды. Екіншіден, сыртқы сауда, кеден, меншік және шетелдік капиталға қатысты кеңестік шешімдердің мазмұны анықталды. Үшіншіден, Эстониядан күштеп көшірілгендердің саны мен әлеуметтік құрамы туралы ведомстволық мәліметтер Қазақстан архивіндегі партиялық статистикамен салыстырылды. Төртіншіден, қоныс аударушылардың тілдік, діни және мәдени ортаға бейімделуін түсіндіретін жарияланымдар мен мемуарлық зерттеулер талданды. Осындай міндеттер мақала атауындағы әлеуметтік-экономикалық мәселені тек шаруашылық көрсеткіштермен шектемей, меншік пен еңбек жағдайының, діни институттардың және отбасылық мәдени сабақтастықтың өзгеруімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстандағы эстон қауымының қалыптасуын бір ғана депортациялық науқанның нәтижесі емес, патшалық қоныстану, соғыс кезіндегі эвакуация және саяси күштеп көшіру қатарынан тұратын бірнеше қозғалыс толқыны ретінде қарастырудан көрінеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік қорына Қазақстан Республикасы Президенті архивінің партиялық-статистикалық құжаттары енгізілді [5]. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдары жеке дерек тобы ретінде пайдаланылды [6]. Ресей Федерациясының мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталған НКВД–МГБ құжаттары да қарастырылды [7]. Сыртқы саясат пен экономикалық қатынастар туралы құпиясыздандырылған материалдар пайдаланылды. Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының құжаттар жинағы депортациялық операциялардың көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді [8]. Бұл материалдардан депортацияланғандардың саны мен әлеуметтік құрамы, оларды тіркеу тәртібі,

сыртқы сауданы қайта ұйымдастыру және партия ұйымдарындағы этникалық құрам жөніндегі мәліметтер іріктелді. GULAG-ONLINE жобасының материалдары қосымша дерек ретінде пайдаланылды [9]. Депортация туралы мемуарлық жинақтар жеке куәліктерді талдауға негіз болды [10]. Деректерді талдау үш кезеңмен жүргізілді. Алдымен құжаттардың жасалған уақыты, мекемелік тегі және ақпараттық мақсаты анықталды. Одан кейін әртүрлі қорлардағы сандық көрсеткіштер өзара салыстырылып, әкімшілік есеп пен жеке куәліктер арасындағы айырмашылықтар белгіленді. Соңында алынған нәтижелер кеңестік, посткеңестік және батыстық тарихнаманың тұжырымдарымен салыстырылды. Жұмыста тарихи-салыстырмалы, жүйелік, тарихнамалық және деректанулық сын әдістері қолданылды. Мемуарлық мәтіндер ресми статистиканы тікелей алмастыратын дерек ретінде емес, күштеп көшірудің күнделікті өмірге, тілге және мәдени жадыға ықпалын түсіндіретін куәлік ретінде қарастырылды.

Тарихнамалық материалдарды іріктеуде автордың саяси ұстанымынан гөрі еңбектің деректік негізіне және зерттеу сұрағына басымдық берілді. Бірінші топқа НКВД–МГБ қызметін көрсететін кеңестік және ресейлік құжаттық басылымдар кірді. Сыртқы саясат жөніндегі құпиясыздандырылған құжаттар халықаралық шешімдерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының соғыс кезеңіндегі қызметі арнайы жинақ негізінде қарастырылды . Эстондық әріптестік мәселесіне арналған архивтік жинақ та осы топқа енгізілді [11]. Екінші топтағы зерттеулерде Балтық елдеріндегі кеңестік қуғын-сүргін мәселесі талданады. Батыстық әскери тарихнамада аймақтағы соғыс пен оккупация үдерістері қарастырылады. Мемуарлық зерттеулерде жер аудару жады, бірегейлік және оралу мәселелері негізгі орын алады. Үшінші топқа Қазақстандағы депортация тарихына арналған құжаттар жинағы енгізілді. Қазақстандық эстонның өмірбаяны туралы жарияланым жеке қауым өкілінің тәжірибесін көрсетеді [12]. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту жөніндегі комиссия материалдары мәселенің деректік аясын кеңейтеді. Эстон қауымының қазақ мәдени ортасындағы тәжірибесі публицистикалық материал арқылы қарастырылды [13]. Осы топтастыру бір оқиғаны әртүрлі ұлттық тарихнаманың қалай түсіндіретінін салыстыруға жағдай жасады. Ғылыми еңбектердегі сандық мәліметтер бастапқы құжатқа сілтеме болған жағдайда ғана пайдаланылды; публицистикалық материалдар сандық дәлел ретінде емес, қоғамдық жад пен жеке өмірбаянның көрінісі ретінде бағаланды. Тарихи білім беру дағдарысы мен өткенді түсіндірудегі идеялық қайшылықтар туралы А.П. Мякшевтің пайымдары да тарихнамалық мәтіннің қоғамдық қызметін бағалауға мүмкіндік береді [14]. Ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарындағы Балтық тақырыбына арналған материалдар академиялық дәлелдің орнына жүрмегенімен, мәселенің қоғамдық пікірде қалай ұсынылатынын көрсету үшін пайдаланылды [15].

Сандық мәліметтерді түсіндіру кезінде есеп бірлігіне ерекше назар аударылды. «Ұсталған», «жер аударылған», «арнайы қоныстанушы», «эвакуацияланған», «партия мүшесі» және «партия мүшелігіне кандидат» ұғымдары бір санатқа біріктірілген жоқ. Әр көрсеткіш құжатта қалай берілсе, сол әкімшілік контекст аясында талданды. Мысалы, 1941 жылғы қауіпсіздік есебіндегі 9156 адам қуғын-сүргін операциясының нәтижесін көрсетеді, ал Қазақстандағы 24, 33, 44 және 75 адам туралы мәліметтер партия ұйымында тіркелген эстондарға ғана қатысты. Екі қатардың ақпараттық табиғаты бөлек болғандықтан, олардың негізінде тікелей демографиялық пропорция есептеу дұрыс емес. Салыстырудың мақсаты нақты жалпы сан шығару емес, әр мекеменің қандай адамдарды және қандай міндетпен есепке алғанын анықтау болды. Мұндай тәсіл архивтік цифрларды механикалық қосуға жол бермей, статистиканың жасалу логикасын зерттеу нысанына айналдырады. Географиялық атаулар мен мекеме қысқартулары да құжат жасалған кезеңдегі нұсқасымен беріліп, қазіргі атаулар қажет жерде жақша ішінде түсіндірілді.

Зерттеу барысында проблемалық-хронологиялық әдіс те қолданылды: Эстонияның КСРО құрамына қосылуы, экономикалық қайта құрулар, депортация және Қазақстандағы бейімделу мәселелері өзара сабақтас кезеңдер бойынша қарастырылды. Статистикалық топтау тәсілі архивтік есептердегі сандық көрсеткіштерді жылдары мен есепке алу санаттарына қарай

жіктеуге мүмкіндік берді. Деректерді өзара верификациялау әдісі арқылы ведомстволық құжаттардағы мәліметтер жарияланған жинақтармен және мемуарлық куәліктермен салыстырылды. Тарихнамалық салыстыру кезінде әр зерттеудің деректік базасы, ұғымдық аппараты және авторлық қорытындысы жеке бағаланды.

Нәтижелер

Жинақталған деректер Эстонияға қатысты кеңестік саясаттың саяси бақылау, экономикалық орталықтандыру және халықты күштеп көшіру шаралары қатар жүргенін көрсетті. 1941 жылғы 17 маусымда КСРО мемлекеттік қауіпсіздік органдары басшылығының ВКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған есебінде Эстонияда 3178 адамның ұсталғаны, 5978 адамның жер аударылғаны, барлығы 9156 адамның қуғын-сүргінге ұшырағаны көрсетілген. Бұл көрсеткіш алғашқы ұйымдастырылған операцияны сипаттайды. Соғыс басталғаннан кейін эвакуация, депортация және майдан шебінен көшіру ағындары араласып кеткендіктен, кейінгі санақтарда адамдардың құқықтық мәртебесі мен этникалық құрамы біркелкі тіркелмеген.

1939–1940 жылдардағы құжаттар Балтық кеңістігіндегі экономикалық мәселе халықаралық келіссөздерден бөлек болмағанын көрсетеді. Эстония, Латвия және Литвадағы кәсіпорындар мен қаржы активтеріне британдық және германдық капитал тартылған еді. Кеңестік басқару орнағаннан кейін меншік пен сыртқы сауда тәртібінің өзгеруі шетелдік салымдардың тағдыры туралы сұрақ туғызды. Құжаттар жинағында британ өкілдерінің өтемақы мәселесіне назар аударғаны байқалады [16]. Герман мүлкі мен сауда мүдделері бөлек келіссөздер аясында қаралған. Мұның өзі ұлттықтандырудың ішкі экономикалық шара ғана емес, КСРО-ның Ұлыбритания және Германиямен қатынасына әсер еткен мәселе болғанын дәлелдейді. Дегенмен қолда бар материалдар әр елдің шығынын толық есептеуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан мақалада «экономикалық пайда» немесе «өтемақы көлемі» жөнінде нақты сомалық қорытынды жасалмайды; оның орнына шешім қабылдау құзыретінің республикалық деңгейден Мәскеудегі одақтық органдарға өткеніне және меншік иелерінің құқықтық жағдайы өзгергеніне назар аударылады.

Сыртқы сауданы орталықтандыру бірнеше әкімшілік қадамнан тұрды. Одақтық өкілдердің тағайындалуы жаңа лицензия беру тәртібін енгізіп қана қойған жоқ, жергілікті кеден мекемелерінің бағыныстылығын да өзгертті. Бұған дейін Эстония үкіметі шешкен экспорт және импорт мәселелері КСРО Сыртқы сауда халық комиссариатының құзыретіне өтті. Осы өзгеріс республика кәсіпорындарының бұрынғы серіктестерімен тікелей жұмыс істеу мүмкіндігін шектеді және сауда ағындарын бүкілодақтық жоспарға бейімдеді. Экономикалық қайта құруды меншік иелерінің ауысуымен байланысты қарастырғанда, депортацияланған немесе қамауға алынған адамдардың кәсіпорны, тұрғын үйі, жері және тауар қоры жөніндегі мәселе алға шығады. Архивтік нұсқаулықтар мүлікті тізімдеу рәсімінің болғанын көрсеткенімен, кейін оның бұрынғы иесіне қайтарылу тетігі анық көрінбейді. Бұл сәйкессіздік ресми тәртіп пен нақты тәжірибені ажыратуды талап етеді. Күштеп көшірілгендердің материалдық шығынын анықтау үшін болашақта мүлік тізімдерін, жергілікті атқару органдарының қабылдау актілерін және кейінгі шағымдарды бір-бірімен салыстыру қажет.

Қауіпсіздік органдарының Эстониядағы қоғамдық көңіл күй жөніндегі хабарламалары саяси шешімдердің ақпараттық ортасын көрсетеді. 1940 жылдың жазында Мәскеуге Таллиннен митингілер, ұлттық азшылықтар және жаңа билікке қарсылық туралы жедел мәліметтер жіберілген. Мұндай құжаттарды қоғамның бейтарап көрінісі ретінде қабылдауға болмайды: арнайы қызмет хабарламасында қауіп-қатерді айқындау және орталық басшылықтың назарын белгілі бір топтарға аудару міндеті болды. Соған қарамастан олар кеңестік басшылықтың Эстониядағы ахуалды күн сайын бақылағанын және әлеуметтік топтарды саяси сенімділігіне қарай жіктегенін дәлелдейді. Кейінгі депортациялық тізімдердегі «әлеуметтік қауіпті» санаттардың қалыптасуы осы бақылау тәжірибесімен сабақтас болды. Деректерді салыстыру саяси айыптау үшін этникалық белгі жалғыз өлшем болмағанын көрсетеді: бұрынғы мемлекеттік

қызмет, әскери атақ, кәсіпкерлік жағдай, меншік көлемі, қоғамдық бедел және діни қызмет те тәуекел белгісі ретінде есепке алынған. Осы себепті депортацияны тек этностық көшіру ретінде сипаттау оның әлеуметтік құрылымын толық ашпайды.

Көшіру операциясының ресми тәртібі мен орындалуы арасында айырмашылық болды. Депортация құжаттарында отбасы мүшелерін тіркеу және жеке заттарды алуға рұқсат беру тәртібі көрсетілді. Мемлекеттік комиссия материалдарында мүлікті есепке алу мәселесі де көрініс тапқан. Қауіпсіздік органдарының нұсқаулықтарында баратын жерде баспана мен жұмыс ұсыну қарастырылды. Алайда тасымалдаудың жеделдігі, соғыс басталғаннан кейінгі көлік тапшылығы және қабылдаушы аудандардың дайын болмауы бұл талаптарды толық орындауға кедергі келтірді. Мемуарларда адамдардың жолға қысқа мерзімде жиналғаны, отбасы мүшелерінің әртүрлі бағытқа жіберілгені және мүліктің тағдыры туралы нақты ақпарат ала алмағаны жиі айтылады. Ресми құжат пен естеліктің арасындағы осы айырмашылық зерттеу үшін маңызды нәтиже береді: нұсқаулық мемлекет жоспарлаған тәртіпті көрсетеді, ал куәлік сол тәртіптің адам өмірінде қалай жүзеге асқанын танытады. Екеуін қарама-қарсы қоюдан гөрі, жоспар мен тәжірибе арасындағы алшақтықты өлшейтін өзара толықтырушы деректер ретінде қолдану орынды.

Лютеран дін қызметкерлерінің депортацияланғандар тізімінде жеке аталуы Балтық қоғамының әлеуметтік құрылымына жасалған қысымның тағы бір қырын ашады. Дін қызметкері тек ғибадат өткізуші емес, жергілікті қауымның білім беруі, қайырымдылығы және мәдени жадында орны бар тұлға еді. Оны қоныстан шығару қауымның ұйымдастырушылық орталығын әлсіретті; шіркеу ғимараты мен мүлкінің жаңа мақсатқа берілуі бұл өзгерісті материалдық жағынан бекітті. Қазақстанға келген діндарлардың тұрақты шіркеу, діни әдебиет және ана тіліндегі қауымдық байланыс құру мүмкіндігі шектеулі болды. Бірақ бір ведомстволық тізімнің негізінде барлық лютеран қауымының тағдырын бір үлгіге салуға болмайды. Нәтиже жаңа зерттеу бағытын ғана ұсынады: дін қызметкерлерінің жеке істерін, Эстониядағы приходтық тізімдерді және Қазақстандағы арнайы қоныстар құжаттарын салыстыру. Осындай микроисториялық зерттеу дінге қарсы саясаттың нақты отбасылар мен қауымдарға әсерін жалпы саяси тұжырымнан гөрі дәл көрсетуі мүмкін.

Қазақстандағы партия ұйымының статистикасы эстондардың әлеуметтік бейімделуінің бір ғана қырын көрсетеді. Партия мүшелігі кеңестік қоғамда қызметтік өсуге, басқару жұмысына және мемлекеттік мекемелерге орналасуға ықпал ететін маңызды ресурс болды. 1940–1943 жылдардағы өсім республикаға жаңа адамдардың келгенін аңғартуы мүмкін, бірақ олардың бәрінің өмір жолы мен Қазақстанға келу себебі есеп кестесінде жазылмаған. Кейбірі Балтықтан эвакуацияланған маман, кейбірі әскери құрылым қызметкері, енді бірі бұрыннан тұратын қоныстанушы болуы ықтимал. Сондықтан статистиканы толықтыру үшін партиялық жеке істер, сауалнамалар және кадрлық анкеталар қажет. Сол құжаттар ғана туған жерін, ұлтын, кәсіптік даярлығын және көшу бағытын нақтылауға мүмкіндік береді. Қолда бар сандардың маңызы – олар 1940-жылдардың басында Қазақстандағы эстондардың институционалдық көрінуі артқанын дәлелдейді. Бұл құбылыс депортацияланғандардың еңбекке орналастырылуы мен басқарушы кадрлардың қозғалысын зерттеуге жаңа сұрақ қояды. Қазақстандағы партиялық кадрлар құрамын түсіндіруде С. Сәдуақасұлының мемлекеттік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттар жинағы республикалық басқару ортасындағы ұлттық кадрлар мәселесін салыстырмалы контексте қарауға көмектеседі [17].

Архивтік нұсқаулықтарда көшірілетін отбасылардың мүлкін тіркеу, жүк алып шығуына мүмкіндік беру және жаңа қоныста еңбекке орналастыру тәртібі белгіленген. Соғыс жағдайында бұл талаптардың толық орындалмағаны депортация құжаттарынан байқалады. Мемлекеттік комиссия материалдары да ресми тәртіп пен нақты жағдайдың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сондықтан ресми нұсқаулықтар депортацияланғандардың нақты тұрмыс жағдайын түгел бейнелей алмайды. Әкімшілік тілде «көшіру» немесе «эвакуация» деп аталған шаралар-

дың едәуір бөлігі таңдау еркіндігін шектеп, мүліктік шығынға және бұрынғы әлеуметтік байланыстардың үзілуіне алып келді.

Экономикалық қайта құру ең алдымен сыртқы сауда мен меншік қатынастарынан көрінді. 1940 жылғы 22 тамыздағы БК(б)П ОК Саяси бюросының шешімі Эстония, Латвия және Литвадағы сыртқы сауда өкілдерін тағайындап, бұрын берілген экспорттық және импорттық лицензияларды қайта қарауды, кеден органдарын КСРО Сыртқы сауда халық комиссариатына бағындыруды көздеді. Соның нәтижесінде сыртқы экономикалық шешімдер республикалық мекемелерден одақтық орталыққа өтті. Британдық инвестицияларды өтеу мәселесі дипломатиялық деңгейде көтерілді. Құпиясыздандырылған сыртқы саяси құжаттар Балтық елдеріндегі ұлттықтандырудың халықаралық экономикалық салдары болғанын аңғартады.

Депортацияланғандардың әлеуметтік құрамы да біркелкі болмаған. 1941 жылғы ГУЛАГ есебінде Эстониядан көшірілгендер қатарында кәсіпкерлер, жер иеленушілер, ірі саудагерлер, бұрынғы офицерлер және дін қызметкерлері аталады. Лютеран дін қызметкерлерінің жеке санат ретінде көрсетілуі діни қауымдардың тек идеологиялық емес, мүліктік қысымға да түскенін білдіреді. Шіркеу ғимараттары мен жер иеліктерінің мемлекет қарауына өтуі, діни әдебиеттің тапшылығы және ашық ғибадат ету мүмкін-дігінің шектелуі қауымдық өмірдің сабақтастығын әлсіретті.

Қазақстан Республикасы Президенті архивіндегі статистика 1940–1943 жылдары республика астанасының партия ұйымында тіркелген эстондар санының өскенін көрсетеді. 1940 жылғы 1 қаңтарда 18 партия мүшесі және 6 кандидат, барлығы 24 адам есепке алынған. 1941 жылғы 1 қаңтарда олардың жалпы саны 33-ке, 1942 жылғы ақпанда 44-ке, 1943 жылғы қаңтарда 75 адамға жеткен. Төрт жылдағы үш еседен астам өсім Қазақстандағы эстон қауымының сандық өзгерісін жанама түрде танытады. Дегенмен партия есебі бүкіл этностың демографиялық көлемін көрсетпейді: оған тек партия мүшелері мен кандидаттары кірген. Сондықтан бұл деректі жалпы депортация санының тікелей өлшемі емес, көші-қон қозғалысын сипаттайтын қосымша индикатор ретінде қолданған жөн.

Эстондардың Қазақстанға келуі тек 1940-жылдардағы депортациямен шектелмеген. Ақмола өңіріндегі эстон қоныстанушылары туралы жарияланымдар олардың бір бөлігі қазақ даласына XX ғасырдың басындағы шаруаларды қоныстандыру науқандары кезінде келгенін көрсетеді. Демек, патшалық кезеңдегі ерікті немесе шаруашылық қоныс аударуды кеңестік саяси депортациямен араластырмау қажет. Осы айырмашылық Қазақстандағы эстон қауымының қалыптасуын бірнеше көші-қон толқыны арқылы қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Алынған нәтижелер шетелдік және посткеңестік тарихнамадағы негізгі пікірталастармен үйлеседі, бірақ олардың кейбірін нақтылауды қажет етеді. П. Буттар Балтық мемлекеттерінің Германия мен Кеңес Одағы арасындағы геосаяси бәсекеде қалғанын және соғыс жылдарындағы адами шығынның аса жоғары болғанын атап көрсетеді. В. Даволиуте мен Т. Балкелис редакциялаған мемуарлар жинағы ресми құжаттарда көрінбейтін жеке тәжірибені – үйден айырылу, отбасы байланысының үзілуі және оралу мәселесін – талдауға мүмкіндік береді. Ал Ш. Черноушектің жарияланымдары депортацияның аймақтық ауқымын салыстыруға арналған мәліметтер ұсынады. Бұл еңбектерді бірге қарастыру статистикалық сан мен адамның күнделікті тәжірибесі бірін-бірі толықтыратынын көрсетеді.

Кеңестік тарихнамада Балтық республикаларының КСРО құрамына енуі көбіне социалистік қайта құрудың заңды нәтижесі ретінде түсіндіріліп, халықтың бір бөлігін күштеп көшіру қауіпсіздік шарасы немесе таптық күрестің жалғасы ретінде баяндалды. Мұндай еңбектерде ұлттықтандыру мен жоспарлы шаруашылыққа көшу жағымды экономикалық өзгеріс ретінде көрсетілді, ал меншік иелерінің шығыны және еркін қозғалыстың шектелуі дербес мәселе болып талданбады. Посткеңестік ресейлік әдебиет біркелкі емес: зерттеушілердің бір бөлігі құпиясыздан-

рылған құжаттарды айналымға енгізіп, қуғын-сүргін ауқымын нақтыласа, екінші бөлігі оқиғаларды соғыс алдындағы қауіпсіздік мүддесімен түсіндіруге бейім. Эстония туралы оқу әдебиетінде мемлекеттің егемендігін жоғалту мәселесі алға шығады [18]. Балтық елдеріндегі қуғын-сүргінге арналған зерттеулерде адам құқығы мәселесі басым. Батыстық әскери тарихнама оккупациялық биліктің қалыптасуын қарастырады. Мемуарлық зерттеулер тарихи жад пен бірегейлікке ерекше назар аударады. Осы айырмашылық дерек таңдауға да әсер етеді: бір бағыт дипломатиялық хаттар мен мемлекеттік шешімдерге, екіншісі қуғындалғандардың тізімі мен жеке куәліктеріне көбірек сүйенеді. Мақаладағы салыстырмалы тәсіл осы мектептердің бірін алдын ала дұрыс деп жариялamай, олардың дәлелдік негізі мен түсіндіру шегін көрсетуге бағытталды.

Депортация көлеміне қатысты мәліметтердің алшақтығы көбіне зерттелетін кезең мен есептеу әдісінен туындайды. Қауіпсіздік органдарының жинағы 1941 жылғы маусым операциясының нақты көрсеткіштерін береді. Балтық елдеріндегі қуғын-сүргін туралы зерттеу кейінгі тұтқындау, жер аудару және арнайы қоныстандыру науқандарын да қамтиды. Әскери тарихқа арналған еңбек соғыс кезіндегі өлім мен босқындықты кеңірек демографиялық жағдайда қарастырад. Сондықтан әртүрлі сандарды қатар келтіру олардың бір құбылысты өлшейтінін білдірмейді. Зерттеуде 9156 адам туралы көрсеткіш нақты күні мен құжаттық контекстімен берілді; ол барлық кезеңдегі эстон депортациясының қорытынды саны ретінде қолданылған жоқ. Мұндай сақтық мақаланың тарихнамалық сипатына сәйкес келеді. Ғылыми пікірталаста мәселе ең үлкен немесе ең кіші цифрды таңдауда емес, санның қандай аумақты, уақытты және құқықтық санатты қамтитынын ашуда. Қазақстанға нақты қанша адамның жеткізілгенін анықтау үшін эшелон тізімдері, қабылдау пункттерінің журналдары, арнайы қоныстанушы-лардың есеп карточкалары және кейінгі босату құжаттары салыстырылуы керек.

Экономикалық орталықтандыру мен депортацияның байланысын тікелей себеп-салдар формуласына айналдырудан сақ болған жөн. Ұлттықтандыру бүкіл шаруашылық жүйесін қайта құруға бағытталса, депортация саяси сенімсіз деп белгіленген топтарды бақылау мен оқшаулаудың құралы болды. Дегенмен нақты адам өмірінде бұл екі саясат тоғысты: қамау немесе көшіру тұрғын үйден, кәсіпорыннан, жерден және кәсіби мәртебеден айырылуға әкелді; бос қалған мүлік жаңа басқару жүйесінің қарауына өтті. Сол себепті әлеуметтік-экономикалық салдарды тек мемлекеттік бюджет немесе өндіріс көрсеткіштері арқылы бағалау жеткіліксіз. Отбасының жинақ капиталы, кәсіптік дағдыларды пайдалану мүмкіндігі, еңбек ақысы, тұрғын үй жағдайы және ұрпаққа берілетін мәдени ресурс та есепке алынуға тиіс. Қазіргі мақала осы байланысты сапалық деңгейде көрсетеді, ал толық экономикалық бағалау үшін жеке мүлік актілері мен жергілікті бюджет құжаттарын қамтитын арнайы зерттеу қажет. Бұл шектеу қорытындыларды асыра жалпылаудан қорғайды.

Қазақстанға бейімделу мәселесінде қабылдаушы қоғамның рөлін де ескеру қажет. Арнайы қоныстанушылар өндіріс орындарына, ауыл шаруашылығына және әртүрлі аймақтарға бөлініп орналастырылды; олардың күнделікті тәжірибесі қоныс орнының климатына, еңбек түріне, жергілікті басшылыққа және тұрғындармен қарым-қатынасына қарай өзгерді. Қазақ және басқа жергілікті отбасылармен тұрмыстық байланыс жаңа ортаға икемделуге көмектескенімен, әкімшілік шектеулер қозғалыс еркіндігін тарылтты. Эстон тіліндегі білім беру мен баспасөздің болмауы ұрпақаралық тіл берілісін әлсіретті, ал орыс тілі мемлекеттік мекеме мен мектептегі негізгі қатынас тіліне айналды. Бұл өзгерісті біржақты «ассимиляция» деп атау жеткіліксіз: Қазақстандағы эстондар кейбір мәдени белгілерін отбасылық деңгейде сақтады. Мемуарлық зерттеулер тіл әлсіреген жағдайда да діни сенім мен отбасылық әңгіменің жалғасқанын көрсетеді. Демек бейімделу жергілікті қоғамға кірігу мен этномәдени айырмашылықты сақтау қатар жүрген көп деңгейлі үдеріс болды.

Оралу тәжірибесі де барлық депортацияланған халық үшін бірдей болған жоқ. Кейбір кеңестік этностарға Сталин қайтыс болғаннан кейін автономиялық аумақтарына жаппай қайтуға құқық берілді; Балтықтан көшірілгендердің оралуы жеке шешімдерге, құжат рәсіміне, баспана мен туыстық байланыстың сақталуына тәуелді болды. Ұзақ уақыт Қазақстанда немесе

Сібірде тұрған ұрпақ үшін тарихи отан таныс емес әлеуметтік кеңістікке айналуы мүмкін еді. Мемуарлық еңбектер «үйге қайту» ұғымының екіұштылығын жақсы көрсетеді: географиялық оралу бұрынғы мүлікті, кәсіби жағдайды немесе қауымдағы орынды автоматты түрде қалпына келтірмеді. Тәуелсіздік кезеңінде азаматтық пен тіл талаптары қосымша бейімделу мәселелерін туғызды. Осы тұрғыдан Қазақстандағы өмірді уақытша аралық кезең деп қана қарастыру дұрыс емес; бірнеше ұрпақ үшін ол тұрақты өмірбаяндық және мәдени тәжірибеге айналды. Бұл тұжырым депортация тарихын тек жөнелту және босату даталарымен шектемей, оның ұзақ мерзімді әлеуметтік салдарын зерттеудің қажеттігін көрсетеді. Қазақстан мен Қалмақиядағы күштеп көшіру салдарын салыстырған зерттеу әр этностың қайтуы мен жаңа ортаға бейімделуінің біркелкі болмағанын нақтылайды [19].

Тарихи жадтың қалыптасуы архивтің ашылуы, қоғамдық ұйымдардың жұмысы және мемлекеттік әлеуметтік саясатпен байланысты. Эстонияда қуғын-сүргінге ұшыраған адамның мәртебесін растау, жеңілдік алу және мемориалдық жобаларға қатысу үшін құжаттық дәлел қажет болды [20]. Соның нәтижесінде жеке отбасылық естелік ресми куәлікпен және архив анықтамасымен ұштасатын жаңа кеңістік пайда болды. Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссиялар бұрын жабық болған қорларды зерттеуге, депортацияланған этностар туралы құжаттар жинақтарын жариялауға мүмкіндік берді. Екі елдегі бұл үдерістер бір-бірін толықтыра алады: Эстония архивтері адамның қуғындалғанға дейінгі өмірін, ал Қазақстан қорлары оның қабылдануы мен кейінгі еңбек жолын көрсетуі ықтимал. Трансұлттық дерекқор құру бір адамның үзілген өмірбаянын екі архивтік кеңістікте қайта біріктіруге жағдай жасар еді. Мұндай жұмыс статистиканы нақтылаумен қатар, тарихи жадты саяси ұраннан жеке тағдырға негізделген ғылыми баяндауға көшіруге көмектеседі. Балтық өңіріндегі осындай жад тәжірибесінің нақты көріністерінің бірі – Цесвайне лютеран шіркеуінде 2003 жылы ашылған қуғын-сүргін және оккупация құрбандарына арналған мемориал [21].

Сонымен қатар тарихнамада қолданылатын ұғымдар бірдей емес. Кеңестік құжаттарда «әлеуметтік қауіпті элементтерді алып тастау», «арнайы қоныстандыру» және «эвакуация» тәрізді әкімшілік атаулар басым. Қазіргі Эстония мен батыстық әдебиетте сол әрекеттер оккупация және депортация ұғымдарымен түсіндіріледі. Терминологиялық айырмашылық жай ғана сөз қолданысы емес: ол оқиғаның заңдық сипатына, мемлекеттің жауапкершілігіне және зардап шеккендердің мәртебесіне берілетін бағамен байланысты. Сондықтан мақалада құжаттағы бастапқы атау мен зерттеушілік түсіндірме ажыратылып қолданылды.

Экономикалық деректер Балтық елдерінің қосылуын тек саяси шешім ретінде сипаттау жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Сыртқы сауданың Мәскеуге бағындырылуы, лицензиялардың күшін жою және мүлікті ұлттықтандыру жергілікті шаруашылық субъектілерінің дербестігін шектеді. Британдық капиталға қатысты шешімдер өтемақы мәселесімен сабақтасты. Германдық мүлікке қатысты құжаттар кеңестік басшылықтың экономикалық саясаты халықаралық жағдайға қарай сараланғанын аңғартады. Бұл тұжырым депортацияның экономикалық жағын да қайта қарауға итермелейді: көшірілгендердің баспанасы, жері және өндірістік мүлкі жаңа әкімшілік жүйеге өткен.

Дін қызметкерлері туралы архивтік мәлімет зерттеудің жеке нәтижесі ретінде маңызды. Бұрынғы еңбектерде Балтық тұрғындарының жалпы саны мен саяси санаттары жиі талданғанымен, лютеран дін қызметкерлерінің тағдыры мен шіркеу мүлкінің өзгеруі Қазақстан тарихнамасында арнайы қарастырылмаған. Бұл мәселе кеңестік атеистік саясатты депортацияның әлеуметтік құрылымымен байланыстыра зерттеуге мүмкіндік береді. Алайда қолда бар бір есеп барлық діни қауымға қатысты түпкілікті қорытынды жасауға жеткіліксіз; болашақта Эстония шіркеу архивтері мен арнайы қоныс аударушылардың жеке істерін салыстыру қажет.

Қазақстандағы партиялық статистиканың өсуін де сақтықпен түсіндіру керек. 1940–1943 жылдардағы 24-тен 75 адамға дейінгі өзгеріс көші-қонның ықпалын көрсеткенімен, оның барлығын депортациямен тікелей байланыстыруға болмайды. Өсімге эвакуацияланған маман-

дар, әскери қызметкерлер, бұрыннан тұрған қоныстанушылар және есепке алу тәртібінің өзгеруі әсер етуі ықтимал. Осы шектеуді ескеру архивтік санды алдын ала дайындалған саяси тұжырымға бағындырмай, оның нақты ақпараттық мүмкіндігін бағалауға жағдай жасайды.

Көшірілген отбасылардың Қазақстанға бейімделуі еңбекке орналасумен ғана шектелмеді. Эстон тіліндегі мектеп пен кітаптың болмауы, отбасылардың шашырауы және ресми қатынаста орыс тілінің үстем болуы ана тілін ұрпаққа жеткізуді қиындатты. Қазақстандағы эстондар туралы ауызша және публицистикалық материалдар олардың жергілікті ортаға бейімделе отырып, кейбір дәстүрлерін отбасылық деңгейде сақтағанын көрсетеді. Бірақ ұлттық мінезге қатысты жалпылама пайымдар нақты деректің орнын баса алмайды; сондықтан бейімделу тәжірибесін әлеуметтік орта, ұрпақ және қоныстанған аймақ бойынша бөлек зерттеген дұрыс.

1946 жылы Эстон КСР-іне кіру мен одан шығуды шектеу туралы хат алмасудың одақтық деңгейде қаралуы республикадағы қозғалыс пен сыртқы байланыстың орталықтан бақылауда болғанын дәлелдейді. Бұл жағдай соғыстан кейінгі қайта оралу мүмкіндіктерін де шектеді. Кейінгі кезеңде Балтыққа оралған адамдардың тіл білуі, азаматтық алуы және әлеуметтік ортаға қайта қосылуы әртүрлі өрбіді. Мемуарлық зерттеулерде «үйге оралу» әрдайым бұрынғы өмірді қалпына келтіруді білдірмейтіні көрсетіледі.

1990-жылдардан бастап Эстонияда депортация құрбандарын құқықтық және қоғамдық тұрғыдан мойындау күшейді. Архивтер ашылып, естелік кітаптары мен мемориалдық жобалар жасалды, зардап шеккен адамдарға арналған әлеуметтік қолдау тетіктері енгізілді. Бұл өзгеріс тарихнаманың деректік аясын кеңейтті, бірақ қазіргі саяси бағалардың архивтік құжаттарды түсіндіруге ықпал ету қаупін де сақтайды. Сондықтан зерттеуші кеңестік әкімшілік құжаттарды да, тәуелсіздік кезеңіндегі ресми материалдарды да деректанулық сыннан өткізуге тиіс.

Жалпы алғанда, салыстыру үш өзара байланысты үдерісті айқындады: Эстонияның шаруашылық жүйесін одақтық орталыққа бағындыру; саяси және әлеуметтік белгілер бойынша халықтың бір бөлігін күштеп көшіру; қоныс аударған адамдардың Қазақстандағы ұзақ мерзімді бейімделуі. Бұларды бір-бірінен бөліп қарастыру депортацияны тек демографиялық оқиғаға, ал қосылуды тек дипломатиялық шешімге айналдырып жібереді. Кешенді тәсіл саяси шешімнің меншікке, еңбекке, дінге, тілге және тарихи жадқа ықпалын қатар көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің шектеулері де бар. Қолданылған статистика әр жылда әртүрлі ведомстволық мақсатпен жиналған, ал кейбір қорлардағы мәліметтер толық жарияланбаған. Партиялық есептер этностың барлық өкілін қамтымайды, мемуарлар жеке тәжірибені ғана бейнелейді, ал интернет-ресурстардағы мәліметтердің деректік сапасы біркелкі емес. Сол себепті мақаладағы сандық көрсеткіштер нақты құжаттың шеңберінде түсіндіріліп, кең ауқымды демографиялық қорытынды ретінде ұсынылмайды.

Қорытынды

Зерттеу Эстонияның КСРО құрамына енгізілуі саяси басқару жүйесінің өзгеруімен ғана шектелмей, сыртқы сауда, меншік қатынастары және халық қозғалысына тікелей ықпал еткенін көрсетті. 1940 жылы кеден мен сыртқы сауданың одақтық орталыққа бағындырылуы республиканың экономикалық дербестігін азайтты. Ұлттықтандыру мен депортация барысында жеке және қауымдық мүліктің мемлекет қарауына өтуі бұл саясаттың материалдық салдарын күшейтті.

Архивтік мәліметтер Эстониядағы 1941 жылғы алғашқы жаппай операцияның көлемін, депортацияланғандардың әлеуметтік құрамын және олардың арасында лютеран дін қызметкерлерінің болғанын анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстандағы партиялық есептер 1940–1943 жылдары тіркелген эстондар санының 24-тен 75 адамға өскенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш көшіқон қозғалысының жанама белгісі болғанымен, оны республикадағы эстондардың толық саны немесе депортацияның тікелей нәтижесі деп қабылдауға болмайды.

Тарихнамалық талдау кеңестік әкімшілік құжаттар, батыстық зерттеулер және депортация куәгерлерінің естеліктері оқиғаларды әр қырынан көрсететінін дәлелдеді. Ресми есептер опера-

цияның ұйымдастырылуы мен сандық көрсеткіштерін береді; мемуарлар үйден, тілдік ортадан және әлеуметтік байланыстардан айырылудың ұзақ мерзімді зардабын ашады. Осы дерек топтарын өзара тексеру ғана саяси бағалаудан гөрі дәлелге негізделген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан жағдайында эстон қауымының қалыптасуын бірнеше көші-қон толқыны арқылы қарастырған жөн: XX ғасыр басындағы шаруашылық қоныстану, соғыс кезеңіндегі эвакуация және саяси депортация. Мұндай жіктеу адамдардың құқықтық мәртебесі мен бейімделу тәжірибесін шатастырмауға көмектеседі. Тілдік және мәдени сабақтастықтың әлсіреуі қоныс аударушылардың жергілікті ортаға кірігуімен қатар жүрген күрделі үдеріс болды.

Алдағы зерттеулерде Қазақстан мен Эстония архивтеріндегі жеке істерді, көшіру тізімдерін, шіркеу құжаттарын және ауызша тарих материалдарын бір дерекқорда салыстыру қажет. Бұл депортацияланғандардың нақты санын, қоныстанған аймақтарын және ұрпақаралық мәдени өзгерістерін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін XX ғасыр тарихына арналған жоғары оқу орны курстарында және оқу құралдарында деректердің әртүрлі түсіндірмелерін салыстыру үлгісі ретінде пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңестердің Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Жарлығы. Эстониямен бейбітшілік шартын ратификациялау // ВЦИК жаңалықтары. – 1920. – 8 ақпан. – № 28; Жұмысшы-шаруа үкіметінің заңдар жинағы. – 1920. – № 7. – 44-бап.

2. Балтық және геосаясат. 1935–1945 жж.: Ресей Федерациясының Сыртқы барлау қызметінің құпиясыздандырылған құжаттары. – М.: РИПОЛ классик, 2009. – 264 б.

3. Buttar P. Between Giants: The Battle for the Baltics in World War II. – Oxford: Osprey Publishing, 2015. – 325 p.

4. Никифоров И. Ресей империясы мен КСРО құрамындағы Балтық және Орта Азия: қазіргі оқулықтардағы мифтер. – М., 2009. – 116 б.

5. Депортация тарихынан. Қазақстан. 1939–1945 жж.: құжаттар жинағы. Т.3. – Алматы: LEM, 2019. – 468 б.

6. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғ. 20–50 жж.): құжаттар мен материалдар жинағы. Т. 11 / Жалпы ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 227 б.

7. Л.П. Берияның «Арнайы қалтасы»: КСРО НКВД–ІІМ Хатшылығы материалдары. 1946-1949 жж. – М.: Ресейдің соңғы тарихының мұрағаты, 1996. – Т. IV. – Д.150. – Л.179-184.

8. Ресей ФСК ОА. Ұлы Отан соғысындағы КСРО мемлекеттік қауіпсіздік органдары: құжаттар жинағы. Т.1. Кн.2. – М.: Кітап және бизнес, 1995. – 248 б.

9. Черноушек Ш. Балтық елдеріндегі кеңестік қуғын-сүргін және депортация // GULAG-ONLINE. – Маусым 2020. – Қолжетімді: https://gulag.online/articles/soviet-repression-and-deportations-in-the-baltic-states?locale=ru (қол жеткізілген күні: 28.10.2025).

10. Narratives of Exile and Identity: Soviet Deportation Memoirs from the Baltic States / Ed. by V. Davoliute, T. Balkelis. – Budapest: Central European University Press, 2018. – 230 p.

11. Эстония. Нацизмнің қанды ізі, 1941–1944: Эстондық әріптестердің қылмыстары туралы мұрағаттық құжаттар жинағы. – М.: Европа, 2006. – 266 б.

12. Қазақстандық Эстон Ян Кантер // Deutsche Allgemeine Zeitung. – 2016. – 14 сәуір. – Қолжетімді: https://daz.asia/ru/kazahstanskij-estonets-yan-kanter/ (қол жеткізілген күні: 10.09.2026).

13. Эстондықтардың қазақ дүниетанымы, мәдениеті мен дәстүрлері туралы. – 2019. – 31 наурыз. – Қолжетімді: https://365info.kz/2019/03/estontsy-o-kazahskom-mirovozzrenii-kulture-i-traditsiyah (қол жеткізілген күні: 28.10.2025).

14. Мяқшев А.П. Орыс идеясы Ресейдегі тарихи білім беру дағдарысы контекстінде // Тарих және тарихи жады: ЖОО арасындағы ғылыми еңбектер жинағы / Ред. А.В. Гладышева. – Саратов: Саратов мемлекеттік университеті, 2023. – Шығар. 27. – Б. 9–23.

15. Жойылған көтеріліс // Lenta.ru. – 2019. – 1 желтоқсан. – Қолжетімді: https://lenta.ru/articles/2019/12/21/bunt/ (қол жеткізілген күні: 28.10.2025).

16. Мәжбүрлі альянс: Кеңес-Балтық қатынастары және халықаралық дағдарыс, 1939–1940 жж.: құжаттар жинағы / Құраст. Н.Н. Қабанов. – М.: Орыс кітабы, 2019. – 348 б.

17. Смағұл Сәдуақасұлының мемлекеттік, қоғамдық және ғылыми-педагогикалық қызметі: құжаттар жинағы. – Алматы: Литера-М, 2023. – 456 б.

18. Токарева В. Эстония: тарих кітаптары қалай жазады // BBC News – Орыс қызметі. – 2013. – 31 қазан. – Қолжетімді: https://www.bbc.com/russian/international /2013/11/131031_history_textbook_estonia (қол жеткізілген күні: 28.10.2025).

19. Мұқанов Т. Қазақстан және Қалмақия: дала болды // Фемида, 2023. – №2(326). – Б.40-42.

20. Эстония әлеуметтік сақтандыру департаменті. – 2024. – Қолжетімді: https://www.eesti.ee/ru/pensii-socialnye-uslugi-i-posobia/posobia-i-vozmesenia/posobia-dla-repressirovannyh-lic (қол жеткізілген күні: 28.10.2025).

21. Цесвайне лютеран шіркеуіндегі мемориал. – 2003. – Қолжетімді: http://www.cesvaine.lv/turisms/apskates-objekti-cesvaines-novada/cesvaines-luteranu-baznica.html (қол жеткізілген күні: 28.10.2025).

References

1. Decree of the All-Russian Central Executive Committee on the ratification of the peace treaty with Estonia. (1920, February 8). VCIK News, No. 28; Collection of Laws and Orders of the Workers' and Peasants' Government, No. 7, Art. 44. [in Russian]

2. The Baltic and Geopolitics. 1935–1945: Declassified documents of the Foreign Intelligence Service of the Russian Federation. (2009). Moscow: RIPOL Klassik. 264 p. [in Russian]

3. Buttar, P. (2015). Between Giants: The Battle for the Baltics in World War II. Oxford: Osprey Publishing. 325 p.

4. Nikiforov, I. (2009). The Baltic and Central Asia within the Russian Empire and the USSR: Myths in modern textbooks. Moscow. 116 p. [in Russian]

5. Deportation history of Kazakhstan. 1939–1945: Collection of documents. Vol. 3. (2019). Almaty: LEM. 425 p. [in Kazakh]

6. Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920s–1950s): Collection of documents and materials. Vol. 11. (2022). Astana. 227 p. [in Kazakh/Russian]

7. L. P. Beria's "Special Folder": Materials of the Secretariat of the NKVD–MVD of the USSR, 1946–1949. (1996). Moscow: Archive of Contemporary History of Russia. Vol. IV, File 150, Sheets 179–184. [in Russian]

8. FSK of Russia. (1995). State Security Organs of the USSR in the Great Patriotic War: Collection of documents (Vol. 1, Book 2). Moscow: Kniga i Biznes. 248 p. [in Russian]

9. Chernoushek, S. (2020, June). Soviet repression and deportations in the Baltic States. GULAG-ONLINE. Retrieved from https://gulag.online/articles/soviet-repression-and-deportations-in-the-baltic-states?locale=ru (accessed 28.10.2025).

10. Davoliute, V., & Balkelis, T. (Eds.). (2018). Narratives of Exile and Identity: Soviet Deportation Memoirs from the Baltic States. Budapest: Central European University Press. 230 p.

11. Estonia. The Bloody Trace of Nazism, 1941–1944: Collection of archival documents on the crimes of Estonian collaborators. (2006). Moscow: Evropa. 266 p. [in Russian]

12. Kazakhstani Estonian Yan Kanter. (2016, April 14). Deutsche Allgemeine Zeitung. Retrieved from https://daz.asia/ru/kazahstanskij-estonets-yan-kanter/ (accessed 10.09.2026). [in Russian]

13. Estonians on Kazakh worldview, culture and traditions. (2019, March 31). Retrieved from https://365info.kz/2019/03/estontsy-o-kazahskom-mirovozzrenii-kulture-i-traditsiyah (accessed 28.10.2025).

14. Myakshev, A. P. (2023). The Russian idea in the context of the crisis of historical education in Russia. In A. V. Gladysheva (Ed.), History and Historical Memory (Vol. 27, pp. 9–23). Saratov: Saratov State University. [in Russian]

15. Suppressed uprising. (2019, December 1). Lenta.ru. Retrieved from https://lenta.ru/articles/2019/12/21 /bunt/ (accessed 28.10.2025).

16. Mazhbürli alyans: Keñes–Baltıq qatynastary jäne halyqaralyq dağdarys, 1939–1940 jjj.: qujattar jinağı / Comp. N. N. Kabanov. (2019). Moscow: Orys kitabı. 348 p. [in Kazakh/Russian]

17. Smagul Saduakasuly's state, social and scientific–pedagogical activity: Collection of documents. (2023). Almaty: Litera-M. 456 p. [in Kazakh]

18. Tokareva, V. (2013, October 31). Estonia: How history books are written. BBC News – Russian Service. Retrieved from https://www.bbc.com/russian /international/2013/11/131031_ history_textbook_estonia (accessed 28.10.2025).

19. Mukanov, T. (2023). Kazakhstan and Kalmykia: It was a steppe. Femida, 2(326), 40–42. [in Kazakh/Russian]

20. Estonian Social Insurance Department. (2024). Retrieved from https://www.eesti.ee/ru/pensii-socialnye-uslugi-i-posobia/posobia-i-vozmesenia/posobia-dla-repressirovannyh-licaccessed 28.10.2025).

*21. Memorial at Cesvaine Lutheran Church. (2003). Retrieved from http: //www.cesvaine.lv /turisms /apskates-objekti-cesvaines-novada/cesvaines-luteranu-baznica.html (accessed 28.10.*2025).

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI: 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 93/94
https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.011

*G.Kushenova [*1], A.Auanasova [2]*

[1] Associate Professor of L. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
**e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com.*
Orcid ID: 0000-0001-9438-8381

2 Professor of L. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
e-mail: auanasova_a@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-9214-8576

THE PARADOX OF COLONIZATION: RUSSIA'S ROLE IN THE PROMOTION OF PAN-TURKISM IN THE KAZAKH STEPPE (LATE 19th - EARLY 20TH CENTURY)

Abstract

Within the framework of the study, an analysis of key primary sources and scholarly works was conducted, providing a deeper understanding of the impact of imperialist policies on the spread of the ideology of Turkism.

During the late 19th - early 20th century, although the Russian Empire viewed Pan-Turkism as a threat to its territorial integrity, its policies toward nationalities inadvertently fostered conditions that facilitated the movement's development. This paradox highlights the intricate relationship between colonization and national identity, which evolved through close interaction and demonstrated a dynamic of mutual influence.

At the beginning of the 20th century, the paradoxical nature of imperial colonization policies became evident in Kazakh society. The empire's "civilizing" policies, implemented in the fields of education, culture, and religion, accelerated the formation of an intellectual elite and contributed to the strengthening of intellectual and political movements within Kazakh society. Concrete results of this development can be seen in the three political projects: the Alash Autonomy, the Turkestan Autonomy, and the activities of the Shura-i Ulema party.

Thus, the Russian Empire's policy of undermining local cultural identity actually acted as a catalyst for the spread of «Turkism» ideas and the strengthening of national consciousness in the Kazakh steppe.

Keywords: Pan-Turkism, colonization, Kazakh Steppe, Alash Autonomy, Turkestan Autonomy, Shura-i Ulema Party.

Acknowledgments. The work was carried out within the framework of grant funding for the project "The History of Islamism, Turkism, and the Alash Movement: Dialogue of Traditions and Features of the Formation of National Identity" (IRN AP23484987), with financial support from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Г.И. Кушенова [1], А.М.Ауанасова [2]*

1 Ассоцированный профессор*
Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,
кандидат исторических наук.
Астана, Республика Казахстан. e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-9438-8381

2 Профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,
доктор исторических наук.
Астана, Республика Казахстан. e-mail: auanasova_a@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-9214-8576

ПАРАДОКС КОЛОНИЗАЦИИ: РОЛЬ РОССИИ В ПРОДВИЖЕНИИ ПАНТЮРКИЗМА В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ (КОНЕЦ XIX-НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация

В рамках данного исследования проведён анализ ключевых источников и научных трудов, что позволило глубже понять влияние имперской политики на распространение идеологии тюркизма.

В конце XIX - начале XX века, несмотря на восприятие пантюркизма Российской империей как угрозы её территориальной целостности, проводимая ею национальная политика непреднамеренно создавала условия, способствовавшие развитию данного движения. Указанный парадокс выявляет сложный характер взаимосвязи между колонизацией и национальной идентичностью, формировавшейся в процессе их тесного взаимодействия и отличавшейся динамикой взаимного влияния.

В начале XX века парадоксальный характер колониальной политики империи стал особенно очевиден в казахском обществе. «Цивилизаторская» политика империи, реализуемая в сферах образования, культуры и религии, ускорила формирование интеллектуальной элиты и способствовала усилению интеллектуальных и политических движений в казахском обществе. Заметные результаты данного процесса нашли отражение в трёх политических проектах: Алашской автономии, Туркестанской автономии и деятельности партии «Шура-и улема».

Таким образом, политика Российской империи, ориентированная на подрыв местной культурной идентичности, в действительности выступила катализатором распространения идей тюркизма и укрепления национального самосознания в казахской степи.

Ключевые слова: пантюркизм, колонизация, казахская степь, Алашская автономия, Туркестанская автономия, партия «Шура-и улема».

Благодарность: Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования «История движений исламизма, тюркизма и Алаш: диалог традиций и особенности формирования национальной идентичности» (ИРН AP23484987).

Г.И. Кушенова [1], А.М.Ауанасова [2]*

[1] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты.*
Астана, Қазақстан Республикасы. e-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-9438-8381
[2] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Астана, Қазақстан Республикасы. e-mail: auanasova_a@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-9214-8576

ОТАРЛАУ ҚАЙШЫЛЫҒЫ: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ПАНТҮРКІШІЛДІКТІҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа

Осы зерттеу аясында негізгі дереккөздер мен ғылыми еңбектерге талдау жүргізіліп, империялық саясаттың түрікшілдік идеологиясының таралуына ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік берілді.

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында Ресей империясы пантүркішілдікті өзінің аумақтық тұтастығына төнген қауіп ретінде қабылдағанына қарамастан, оның жүргізген ұлттық саясаты бұл қозғалыстың дамуына қолайлы жағдайларды бейсаналы түрде қалыптастырды. Аталған парадокс отарлау мен ұлттық бірегейліктің өзара тығыз ықпалдастықта қалыптасқан күрделі байланысын айқындайды және олардың өзара әсерінің серпінді сипатын көрсетеді.

XX ғасырдың басында империяның отарлық саясатының қайшылықты сипаты қазақ қоғамында айқын көрініс тапты. Білім беру, мәдениет және дін салаларында жүзеге асырылған империяның «өркениеттендіру» саясаты зиялы қауымның қалыптасуын жеделдетіп, қазақ қоғамындағы зияткерлік және саяси қозғалыстардың күшеюіне ықпал етті. Бұл үдерістің айқын нәтижелері Алаш автономиясы, Түркістан автономиясы және «Шура-и улема» партиясының қызметі арқылы үш саяси жобада айқындалды.

Осылайша, жергілікті мәдени бірегейлікті әлсіретуге бағытталған Ресей империясының саясаты іс жүзінде түрікшілдік идеялардың таралуына және қазақ даласындағы ұлттық сананың нығаюына түрткі болды.

Кілт сөздер: пантүркішілдік, отарлау, қазақ даласы, Алаш автономиясы, Түркістан автономиясы, «Шура-и улема» партиясы

***Алғыс айту*:** Жұмыс «Исламшылдық, түрікшілдік және Алаш қозғалыстарының тарихы: дәстүрлер диалогы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру ерекшеліктері» (ИРН AP23484987) гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Introduction

At the end of the 19th and the beginning of the 20th century, ‘Pan-Turkism’ spread widely among Turkic peoples, and although the Russian Empire perceived it as a threat, its policies indirectly contributed to its development.

Therefore, the aim of this research is to uncover the paradox of the Russian Empire’s colonial policies, demonstrating how its efforts to suppress cultural identity in the Kazakh steppe inadvertently contributed to the spread and consolidation of Pan-Turkism.

The hypothesis of the research is that, despite the Russian Empire’s colonial policies being aimed at eliminating the cultural and religious distinctiveness of the Kazakh steppe, these policies, paradoxically,

contributed to the strengthening of the idea of Pan-Turkism within Kazakh society. In other words, Pan-Turkism emerged as a response to imperial pressure and played a significant role in the development of Kazakh national consciousness.

Thus, there is a need to understand the impact of the colonial regime on the development of national movements and cultural identities. In this regard, the relevance of the research topic can be demonstrated from several perspectives: first, the study is important for understanding how colonial policies aimed at weakening local cultures actually contributed to the development of opposing trends, and for analyzing the evolution of national movements.

Second, studying the paradox within the context of colonialism not only allows for a deeper understanding of historical phenomena, but also provides insight into the broader social and political processes that emerge in colonial conditions. In other words, it demonstrates how external interference in the pursuit of intended goals can lead to unintended consequences.

Third, the colonial regime was directed at assimilating local populations, which in practice led to cultural transformation among these communities. However, as a response to such efforts, intellectual movements emerged with the aim of preserving and reviving local cultural and religious traditions. This research, therefore, aids in understanding the complexities of adaptation and resistance processes. Fourth, we believe that issues related to resistance against colonial regimes and the formation of new cultural and political ideologies remain relevant today. Thus, the findings of this study offer valuable insights into current geopolitical and cultural transformations.

The scientific novelty of this research lies, first, in its focus on the relationship between colonial policy and the idea of Pan-Turkism. As a result, for the first time, the impact of Russia's colonial policies on the spread of Pan-Turkism is analyzed in a comprehensive manner, offering new interpretations. Second, the activities of the Kazakh intellectuals are re-examined in relation to Pan-Turkism ideas. Third, through the analysis of archival and historical data, the paradoxical nature of imperial policies is clarified, and their impact on the national movement of the Kazakh people is explored.

Materials and methods

The study analyzed key sources and scholarly works that provide a deeper understanding of the influence of imperialist policies on the spread of 'Turkism'. To this end, works published in English, Turkish, Russian, and Kazakh languages were examined.

The source base of this research consists of materials from the British Newspaper Archive of the British Library in the United Kingdom. These sources include materials related to interactions within the framework of Russia's colonial policy toward Central Asia. Specifically, the following periodicals were used: The Berkshire Chronicle [1], The Globe and Traveller [2].

Зерттеудің негізгі мақсаты этномедицинаның тиімділігін медициналық тұрғыдан бағалау емес, оның мәдени, әлеуметтік және танымдық функцияларын ашу болғандықтан, қолданылған әдістер де осы мақсатқа сәйкес таңдалды. Әдіснамалық тұрғыдан жұмыс интерпретативтік антропология, медициналық антропология және мәдени жад теорияларын ұштастыруға құлшынады.

Зерттеуде медициналық антропологияның негізгі теориялық модельдері арқауға етілді. Американдық антрополог Жорж Фостер этномедицинаның белгілі бір мәдени логикаға негізделетінін және ауру себептерін түсіндірудің өзіндік моделіне ие екенін тұжырымдады [1, 773–775 б]. Бұл тұрғыдан этномедицина кездейсоқ тәжірибелер жиынтығы емес, белгілі бір дүниетанымға сүйенген жүйелі білім формасы орнында жүреді.

Артур Клейнман батыстық емес медициналық моделді талдауында әрбір қоғамда медициналық жүйелердің бірнеше деңгейде ұйымдасатынын айтады. Ол ғылыми (био)медицинамен қатар өмір сүретін этномедицинаның кәсіби (professional), халықтық (folk) және тұрмыстық (popular) үш деңгейінің апражігін анықтағаны аталмыш саланың қоғамдағы орнын нақты салмақтауға мүмкіндік береді [2, 85–90 б.].

Ал, Клиффорд Гирц ұсынған интерпретативтік антропология кез келген мәдени құбылыстарды мағыналар жүйесі ретінде қарастыруға жол ашады [3, 12–15 б.]. Интерпретативтік тәсіл этномедицинаның тілін, терминологиясын, символдарын және емдеу кезіндегі вербалды әрекеттерді мәдени мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ян Ассманның мәдени жад теориясы этномедицинан тек практика емес, мәдени естеліктің жинақталған түріне, яғни символдық-мәдени деңгейге ауысатынын түсіндіруге қолайлы [4, 51-56 б]. Сонымен қатар Хоппал Михай «*дәстүрлі күнделікті мәдениеттің бөлігі ретінде қызмет ететін халықтық емшілігі күрделі ережелердің жиынтығы болғандықтан наным-сенімдерді нақты және пайдалы білімнен ажырату өте қиын, себебі көбінесе көрсетілгендей, сенімдердің емдік күшін де бағаламауға болмайды*» деген пікірін ұстана отырып [5, 287-291 б.], оған қоса осы автордың халық емшілігін символдық және ритуалдық қырларын түсіндіруге ұстанымын негізге алудың ғылыми-практикалық маңызы зор [6, 36–38 б.].

Түркиядағы қазақ диаспорасы тарихи тұрғыдан Шыңжаңдағы қазақ қауымының азғана шоғырының XX ғасырдың ортасында аймақтағы саяси тұрақсыздық, қарулы қақтығыстар мен репрессиялық саясат салдарынан жаппай қоныс аударуынан пайда болған. Қазақтар негізгі екі

көші-қон толқынымен (1941 және 1951 жылдары) Тибет арқылы Кашмирге жетті. Үндістан мен Пәкістан аумағында уақытша тұрақтағаннан кейін қазақтарға 1952–1954 жылдары халықаралық дипломатияның қолдауымен Түркия ресми қабылдаған 1850 қазақ босқыны елдің бес провинциясына (Кайсери, Кония, Ниғде, Маниса, Сакария) қоныстандырылған [7; 8, 56-114; 9:177-194; 10]. Қазақтар негізінен ауылдық ортада өмір сүруді таңдаған, дербес ауылдар да бой көтерген. Соның бірі Ниғде облысының Ұлуқышла ауданындағы жаңа қазақ ауылына тарихи мекеннің атын берілген (қазір Алтайкөй деген атпен танымал). Сол сияқты Маниса өңіріндегі Салихли қаласына көп қазақ қоныстанған [11, 73-102 б; 12, 15-73 б]..

1970-жылдардан бастап урбанизация үдерісін бастан кешірген қазақтардың едәуір бөлігі Ыстамбұлға шоғырланды, ал кейбірі еңбек мигранты ретінде Батыс Еуропа елдеріне қоныс аударды. Кейінгі кезеңдерде, атап айтқанда 1980-жылдары Пәкістаннан, 1990-жылдары Ауғанстаннан азғана қазақ Түркияға көшіп келді. Түркиядағы қазақтардың жалпы санына қатысты ресми статистикалық мәлімет жоқ, дегенмен шамамен 10–12 мың төңірегінде деп топшыланады [13, 139–141].

Эмпирикалық база және зерттеу амалдары. Аталмыш диаспораның мәдени өмірін, әсіресе этномедицина дәстүрін зерттеу бағытында автордың 1996 жылдан бері жинақтаған материалдарын, сондай-ақ 2022–2024 жылдары Түркия мен онан Батыс Еуропада арнайы жүргізілген көпнүктелі далалық зерттеу материалдарын арқау етті. Зерттеу Алтайкөй, Ыстанбұл (Зейтінбурны, Тұзла, Сефакөй, Гүнешлі аудандары), Салихли, Конья қалалары және Исмил, Алтай, Бор сияқты қазақтар тұрған локацияларды қамтыды. Сондай-ақ, Батыс Еуропада елдерінде (Германия, Австрия, Франция, Швеция) тұратын түркиялық қазақтардың аға, орта буыны өкілдерінен алынған мәліметтерге сүйенеді. Бұлар, өз кезегінде этномедицинаның әртүрлі әлеуметтік контекстердегі көрінісін салыстыруға және этномедициналық білімнің мәні мен қызметін ашуда елеулі мәнге ие.

Деректерді жинау барысында *тереңдетілген сұхбат, қатысушы бақылау және ішінара сауалнама және мақсатты іріктеу (purposive sampling) әдістері* қолданылды. Негізгі назар этномедицинана қатысты нақты тәжірибесі бар адамдарға бөлінді. Көбіне бірінші буын көшіп келгендер, халық емшілері, жартылай кәсіби емшілер және тұрмыстық деңгейде этномедицинаны қолданатын қауым мүшелері таңдалды. Ал алғашқы буын емшілерінің қызметі олардың ұрпақтары мен клиенттері арқылы жинақталған нарративті сипаттағы мәліметтер құрайды. Түркиялық қазақтар арасында емшілігі ерен бағаланған Шәми емші, рухани емші Ақмолда мен Мамилан, діни мистикамен емдейтін Рақи мен Омар, химиялық заттармен емдейтін Исаш Ялныз, Хұсайын Бүктел, сондай-ақ емдеу ісімен айналасқан молда мен тәуіптер аталады. Әсіресе, Көксеген қажы және Санияхан елті сияқты ғасыр куәгерлерімен және олардың аяғын басқан көштің тірі куәгерлерінің мәліметтері этномедицинаның экстремалды жағдайдағы рөлін ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Бір ғана Алтайкөй ауылында бір заманда Заркұм, Құсайын, Шәми сынды оташы, сынықшылардың емшара жасағандығын, емнің эффектілі болғанын куәгерлер қуаттап отыр. Ауылдағы босанған анаға (ол заманда үйде босанатын) көмек жасайтын «белтартушылар», арасында құшнаш Табылған, елті Саниахан сынды жандар қызмет көрсеткенін, бүгін орта буын өкілдері оларлы «кіндік шешелері» ретінде құрмет тұтады, яғни мәдени жадта сақталған. Осы тәрізді халық емшілігіне қатысты алуан түрлі кейстер мен оны бастан кешірген бір кездегі клиенттер қазақтың емшілік тәжірибесінің заманында толымды рөл атқара алғанын, кейбір шаралар әзірге дейін альтернативті медицина ретінде әлі де болса мәнін жоғалтпағандығы байқалады[*].

[*] Қазіргі таңда емшіліктің жолын жалғастырып отырғандар өте аз. Мысалы, атақты Исаш емшінің ұлы Самет дәрілік өсімдіктер мен химикат, минералдарды емдеу тәжірибесінде қолданады. Дін қызметшісі болған Жұмалы Ерташтың рухани емшіліктің соны түрімен айналысады, халық емшілігінің алуан түрін жасайтын Какима Арықбайқызы, Жамила Тайыпқызы, Райхан Сәдуақасқызы сынды емшілікпен айналысатындар бар. Оған қоса сан ондаған көзқарақты информаторлар әлі де болса емшіліктің нарративті сипатын сақтап отыр.

Зерттеу материалдары этномедицинаның тек бүгінгі фрагменттерін емес, оның тәжірибесін көші-қон жағдайындағы қолданысын және Түркияда жалғасқан тәжірибелерін шендестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Түркиядағы қазақтардың тәжірибесі Қазақстандағы және Шыңжаңдағы қазақ қауымдарының тәжірибелермен шендестірілуі этномедицина саласындағы тұрақты және өзгермелі элементтерді пайымдауға мүмкіндік берді.

Алайда зерттеудің белгілі бір ***шектеулері*** де бар. Урбанизация және құқықтық шектеулер этномедицинаның ашық қолданылуын азайтқан, бұл кейбір деректердің толық жиналуына кедергі келтірді. Сонымен қатар көптеген мәліметтер естелікке негізделген, бұл олардың субъективтілігін арттыруы мүмкін. Дегенмен, осы шектеулердің өзі этномедицинаның қазіргі трансформация процесін түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер.Түркиядағы қазақ диаспорасының этномедициналық тәжірибесін талдау тек жекелеген емдеу амалдарының жиынтығы емес, өзара байланысты бірнеше мәдени функциялардан тұратын жүйе ретінде диаспора өмірінде жаңа әлеуметтік, экономикалық және мәдени контекстерге бейімделе отырып, өзінің құрылымдық негізін сақтаған.

1. Этномедицина дәстүрлі білім жүйесі ретінде. Түркиядағы қазақ диаспорасы арасындағы этномедицина өзінің табиғаты жағынан жекелеген емдік амалдардың кездейсоқ жиынтығы емес, іштей құрылымданған, когнитивтік және практикалық деңгейлері өзара сабақтасқан біртұтас білім жүйесі сипатында байқалады. Бұл жүйе, ең алдымен, аурудың себептерін жіктеу, емшілердің кәсіби-әлеуметтік типологиясын айқындау, емдік заттарды қолдану регламентін (оны емшілер «емдеу шарты» деп атайды) сақтау, сондай-ақ нақты терапиялық тәсілдердің қолданылу шектерін (улы дәрі, қатерлі сырқат, обыр жағдайында) белгілеу сияқты ұстанымдарға негізделген.

Этномедициналық білімнің жүйелілігі оның терапиялық практикасындағы ішкі логикасынан айқын байқалады. Мәселен, «суық» категориясына жатқызылатын дерттер (*суық тию, шаншу қадалу, денеге сарысу жиналу, ағзаны жел-құз алу, құяң*) «ыстық» сипаттағы (халықтың физиотерапия) емдік процедуралар арқылы емделеді. Бұл жерде емдеу тәсілі мен ауру табиғаты арасындағы қатынас эмпирикалық бақылауға ғана емес, мәдени тұрғыдан қалыптасқан этиологиялық модельге сүйенеді.

Халықтық физиотерапиядағы *шөп қайнатпасымен бұлау, минералды ыстық ерітінділерді пайдалану, денені жылыту, жаңа сойылған мал терісіне түсу, маймен сылау* сияқты емдеу амалдары күні бүгінге дейін белсенді қолданыстағы тұрақты емдеу элементіне айналғанын көрсетеді.

Осыған ұқсас логика халықтық фармакология саласында да көрініс тапқан. Түркия қазақтарының емшілік тәжірибесінде ас қорыту бұзылыстары, іш түйілу және жұқпасыз сырқаттарға қарсы *жалбыз, қалақай, меңдуана, можы, арала, күшала, арша, қалампыр, адыраспан* [24, 5-18] тәрізді шөптер мен табиғи заттар әртүрлі формада дайындалған. Өткен ғасырдың соңына дейін дәстүрлі рецептура негізінде дайындалған препараттардың («*қарамай», сынапты жақпа, қайнатпа, оқдәрі*) эффектісін ерекше бағалаған.

Этномедициналық тәжірибеде күрделі фармакологиялық комбинациялар да кездеседі. Мәселен, атақты емші Шәми Зұқаұлы (1903-1980) бүйі мен жылан уытын құйрық маймен араластырып, алмас пен апиын қосу арқылы алынған «қарамай» атаған жақпаны тері аурулары мен қатерді жараларды емдеуге және ауырсынуды басуға қолданған. Алайда мұндай рецептуралар толық жүйеленіп, институционалданбағандықтан, олардың басым бөлігі кейінгі ұрпаққа үзік күйде жеткен. Мәселен аталған тәсілді емшінің ұлы Дәуіт қайта жаңғырту әрекеті нәтиже бермеген (мәлімет: Қасымхан Шәмиұлының баяндауынша).

Бұл – этномедициналық білімнің тек атаулық (номинативтік) деңгейде емес, функционалдық-операционалдық деңгейде де ұйымдасқанын көрсетеді. Яғни, емдік заттар белгілі бір ауру типологиясымен байланыста, нақты қолдану ережелері аясында игеріледі.

Мұндай құрылым Жорж Фостер ұсынған аурудың табиғи себептеріне негізделген түсіндірме моделіне сәйкес келеді және мәдени жүйе ішіндегі терапиялық әрекеттердің қисынды ұйымдасуынан хабар береді [1, 775–782 б].

Этномедициналық білімнің тағы бір маңызды сипаты – оның практикалық әрекеттік (трансмиссиясының) формасы. Бұл білім жазбаша мәтіндер арқылы емес, көбіне бақылау, тікелей қатысу, шәкірттік тәжірибе, отбасылық дәстүр және беделді емшілермен ұзақ мерзімді қарым-қатынас негізінде беріледі. Мұндай трансмиссия формасы білімнің «инкорпорацияланған» (embodied knowledge) сипатын көрсетеді, яғни ол тек ақпарат ретінде емес, тәжірибелік дағды ретінде меңгеріледі. Халық емшілерінің білімі көбіне туыстық желілер арқылы немесе ұзақ жылдық тәжірибе нәтижесінде жалғасады. Мысалы, Исаш Ялныз есімді емшінің ұлы Сәмет әкесінің тәжірибесін толық қайталамаса да, қазақ емшілігіне тән өсімдік және минералдық компоненттерді (күкірт, сынап, тотияйын, алмас) қолдану дәстүрін [14; 24] жалғастырып келеді. Бұл этномедициналық білімнің селективті түрде сақталатынын және оның өзгермелі әлеуметтік ортаға бейімделе отырып өміршеңдігін қамтамасыз ететінін көрсетеді.

Диаспора жағдайында этномедициналық білімнің трансформациясын түсіндіруде мәдени жад теориясы маңызды методологиялық құрал болып табылады. Ян Ассманның жіктеуіне сәйкес, бұрынғы «коммуникативтік жад» аясында сақталған тірі тәжірибе уақыт өте келе «мәдени жад» формасына ауысып, символдық және іріктелген сипатқа ие болады [4, 54–56 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, Түркия қазақтарының этномедицинасы тек практикалық емдеу жүйесі ғана емес, сонымен бірге тарихи-мәдени тәжірибені, көші-қон жадын және этникалық сәйкестікті тасымалдаушы күрделі семиотикалық құрылым ретінде көрінеді.

2. Этномедицина – мәдени мәтін. Этномедицина тек практикалық емдеу білімдерінің жиынтығы ғана емес, мәдени тілде сақталатын, әрі мәдени мағына өндіретін күрделі семиотикалық жүйе ретінде қарастырылуы қисынды. Бұл тұрғыдағы «мәтін» ұғымы тар мағынадағы жазбаша нұсқамен шектелмей, халықтық терминді, тұрақты сөз орамдарын, ауру-сырқат пен өсімдік атауларын, емдік әрекеттерді сипаттайтын формулаларды, ырымдық тіркестерді, фольклорлық, әсіресе паремиялық мәтіндерді қамтитын одағай мәдени-символдық кеңістік деген тұрғыдан қарастырылады.

Ауру, ем және дене туралы ұғымдардың атаулары ерекше мәдени кодтық функция атқарады. Клиффорд Гирцтің мәдениетті «оқылатын мағыналар жүйесі» ретінде түсіндіруіне сәйкес, түркиялық қазақтар арасында қолданылатын *жел-құз, шетпе, жын шарпу, арқасы құрысу, таңдай көтеру, ұшыну, тіл-көз тию* сияқты ұғымдар ауруды тек физиологиялық күй емес, мәдени интерпретацияланған құбылыс [3, 12–14 б.] ретінде қарастырғанын байқатады. Себебі, бұл атауларда дерттің себептері, сипаты және оған қатысты әрекет семантикалық тұрғыдан кодталған деуге болады. Осыған ұқсас, *сақина үзу, шетпе үзу, ауруды көшіру, ұшықтау* (қазан, су, жел, жер ұшық түрлері), «*қасиетті таяқпен» немесе «сарыала қамшымен ұшықтау», бел тарту, теріге түсіру, сынап суын ішу, сынаппен ыстау, сорпалау, терлету* сияқты ұғымдар емдеу әрекеттерін ғана емес, оған қоса белгілі бір ритуалдық-семантикалық құрылымды сипаттайды. Басқаша айтқанда, этномедицинаның тілі – дене мен дерт туралы қазақы дүниетанымның ықшамдалған лексикалық картасы. Бұл әсіресе түркиялық және еуропалық қазақтардың аға және орта буыны арасында әзірге өз сипатында сақталып отыр.

Айтылған жайттар этномедицинаның диаспоралық ортадағы мәдени код ретінде қызметін айқындайды.Осы орайда Хоппал Михай халық емшілігінің символдық жүйесін мәдени жадтың маңызды компоненті этномедициналық лексиканың тек тілдік емес, оған қоса мәдени жады тасымалдаушысы ретіндегі қызметін [5, 36–38 б.] түсіндіруге мүмкіндік береді. Тілдік ассимиляция үдерісі күшейген жағдайда да, арнайы салалық терминдердің ұзақ уақыт бойы сақталуы этномәдени жадтың селективті тұрақтылығын көрсетеді. Этномедицина осы тұрғыдан этномәдени жадтың ерекше арнасы ретінде көрінеді. Айталық, өсімдік атаулары мен олардың қасиеттерін сипаттайтын тұрақты тіркестер, мал өнімдерін емдік мақсатта қолдану формулалары (*жүрек үлпершегін жүрек ауруына, бауыздау қанын тіс сырқатына, қой майын массажға, жас*

тезекті күйікке, ашытылған сүт өнімдерін улануға қарсы қолдану) [15, 75–76 б.], сондай-ақ бала ауруының қазақы атаулары (*шетпе, таңдай түсу, тіл-көз тию* және т.б.) – мұның бәрі тілдік қор мен мәдени жадтың сақталуының көрінісі. Толық күйінде болмаса да, этномедицинаның лексикалық қабаты диаспора жағдайында этникалық шекараны ұстап тұратын, қазақ тілі мен бірегейліктің тасымалдаушысы қызметін атқаратын мәдени код ретінде өмір сүруін жалғастырып отыр.

Аталмыш функция тек вербалды деңгеймен шектелмейді, түркиялық қазақтар жағдайында ол бейвербалды таңбалар жүйесі арқылы да іске асады. Мысалы, емдеу тәжірибесінде *көк түстің қолданылуы (шетпе, мешел болған баланы көк матаға орау, көк ешкі терісіне түсіру), қызылшаға қарсы қызыл түсті киім киіп, науқас баланы қараңғыда ұстау, мыс пен жезден жасалған бұйымдарды қолданса емдеу тиімділігін арта түседі деген* сияқты «ұстанамдар» белгілі бір символдық мағыналарға ие немесе сол арқылы емнің әсері еселене түседі деген кодта әлі де өміршең. Осылайша, этномедицина тек сөз арқылы ғана емес, *түс, зат, дене қимылы, иіс, бу, жануар денесінің бөліктері арқылы да «сөйлейтін»* көпқабатты семиотикалық жүйе ретінде қызмет етуін фрагментарлы түрде болсын түркиялық қазақтар жалғастырып келеді.

Осыларға қарағанда, этномедицина мәдени мәтін ретінде кемінде үш деңгейде қызмет атқарады: біріншіден, ол тілдік-терминологиялық қорды сақтайды, екіншіден, дене мен дертті түсіндірудің жергілікті когнитивтік моделін ұрпаққа жеткізіп, дүниетанымды кодтайды, үшіншіден, символдық әрекеттер мен практикалық емдеуді біріктіріп, терапиялық процесті семиотикалық оқиғаға айналдырады. Осы арқылы этномедицина диаспора жағдайында мәдени мағына өндірудің, сақтаудың және трансляциялаудың маңызды тетігі ретінде имплицитті сипатта жұқанасын сақтап отыр.

3. Этномедицина – әлеуметтік институт. Этномедицинаны жекелеген адамдардың бей-ресми әрекеттерінің жиынтығы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Түркиядағы қазақ диаспорасы тәжірибесінде ол белгілі бір мамандану жүйесіне, мәртебелік иерархияға, бедел мен өзара міндеттерге, сондай-ақ қауымдық мойындауға негізделген өзінше бір дербес әлеуметтік институт ретінде қызмет атқарған. Бұл институт емдеу тәжірибесін ғана емес, әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың, реттеудің және қайта өндірудің маңызды тетігі болып табылады.

Экспедициялық материалдар негізінде анықталғандай, түркиялық қазақтардың халық емшілігімен айналысатын тұлғалары функционалдық және кәсіби деңгейіне қарай жіктеледі: қарапайым тәжірибелік деңгейдегі емсек тұлғалар, белгілі бір салаға мамандanған халық емшілері және кәсіби деңгейі жоғары шипагерлер. Соңғыларының *ішінде оташы, сынықшы, шөпші, қаншы, бала ауруларын емдеуші, шетпеші, босануға жәрдемдесетін құшнаш, белтартушылар* сияқты тармақталған мамандықтар бар. Ал *тәуіптер* аралас сипаттағы емдерді жүзеге асырса, *бақсы, елті, молда* рухани-психологиялық сипаттағы дағдарыстармен байланысты жағдайларға араласқан. Мұндай жіктеліс кездейсоқ емес, ол сайып келгенде, дене, ауру және ем туралы түсініктердің ертеде қалыптасқан жүйесін, сондай-ақ білімнің функционалдық сипатынан туындайды. Бұл құбылыс Артур Клейнман анықтаған этномедициналық жүйенің үш деңгейі қатар қызмет ете алатын алатындығын түркиялық қазақ диаспорасы тәжірибесі нақты айғақ бола алады. Дегенмен, уақыт өте келе мәдени жадтың әлсірі мен этномедицинаға шектеудің салдарынан, әрі аккультурациялық үрдіс күшейген кезеңнен этномедицинаның кәсіби түрі өзінің болмысын жоғалтып алды.

Мамандану деңгейінің болуы қауым ішіндегі емдік қажеттіліктердің институционалдық тұрғыдан реттелгенін аңғартады: әрбір емші белгілі бір салаға «жауап береді», оның кәсіби шекарасы мен әлеуметтік беделі айқындалады. Емшінің легитимациясы магиялық харизмамен ғана емес, ең алдымен, қауымдық мойындау арқылы бекітіледі. Қазақ емшілерінің беделі «атадан дарыған қасиет» немесе «киелілік» ұғымдарымен ғана емес, жасаған емінің тиімділігімен өлшенеді. Яғни *«шипасын тапты», «сынықты орнына салды», «баланың ауруынан айықтырды, «өлім аузынан алып қалды», «арашашы болды»* деген сияқты нақты

нарративтер халық емшісін әлеуметтік мойындаудың басты критерийіне айналады. Бұл этномедицинаның әлеуметтік институт ретіндегі прагматикалық негізін айқындайды, немесе емші абыройы абстракт сеніммен емес, ұжымдық тәжірибеде тексерілген тиімділікпен қалыптасқандығын байқатады.

Этномедицинаның институционалдық сипаты оның қауымдық байланыстарды ұйымдастырудағы рөлінен де анық байқалады. Емдеу тек терапиялық шарамен шектелмейді, кеңірек әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке ұласады. Атап айтсақ, қазақы ортадағы ем-домға байланысты жиналу, науқастың көңілін сұрау, моральдық және материалдық қолдау көрсету (*зәру ем-дәрмекті табуға жәрдемдесу*) сияқты тәжірибелер қатар жүреді. Түркиялық қазақтар жағдайында аталған жағдайда ауру немесе денсаулық туралы ғана емес, әңгіме ауаны қауымның тарихи жадын құрайтын мәліметтер (көші-қон тарихы, емшілердің әрекеті, отбасылық шежіре, қиын кезеңдердегі өмір тәжірибелері және т.б.) кеңінен талқыланады. Осылайша, емшілік тәжірибе ақпарат алмасу мен мәдени тәжірибені бөлісу кеңістігіне айналып, диаспоралық қауымның ішкі тұтастығын нығайтады [13, 145–148 б.].

Этномедицинаның әлеуметтік институт ретіндегі тағы бір қазақы сипатын жақсы сақталған сала әлеуметтік алмасу қағидасына негізделуі. Түркия қазақтары арасында XXI ғасырдың басына дейін сақталған «*науқастың көңілін сұрау», «мертікас жинау», «сорпалық беру», емнен кейін «ақтық» байлау, «сый-сияпат апару», қалжа беру* сияқты дәстүрлер емдеу процесінің экономикалық транзакциядан гөрі ритуалдық және этикалық мазмұнға ие екенін көрсетеді, яғни әлеуметтік мойындау мен алғыс білдірудің символдық формасы деуге болады. «*Емшінің қолына ақтық байлау*» – сауығудың әлеуметтік белгісі ғана емес, емші мен науқас арасындағы сакралданған байланысты бекіту механизмі.

Осы тұрғыдан алғанда, этномедицина тек ем алу кеңістігі емес, әлеуметтік байланыстарды қайта өндіру, қауымдық ынтымақты нығайту және ортақ мәдени идентификацияны бекіту алаңы деуге болады. Адамдар ем алу үшін ғана емес, ең бастысы өзара қарым-қатынасты жаңғырту, өткенді еске алу, ортақ топқа (түркиялық қазақ диаспорасына) тиесілігін сезіну, науқас пен оның жақындарына психологиялық, әрі материалдық қолдау көрсету мақсатында бірігетіндігінің дәлелі. Ойды жинақтай келгенде, түркиядағы қазақ диаспорасының этномедицинаға қатысты әрекеттері бұқл саладағы түрлі маманданған рөлдерді, беделмен легитимацияны, сый-алмасу жолдарын, ақпарат айналымын және топтық ұйымшылдықты реттейтін өзгеше әлеуметтік институт ретінде XX ғасырдың соңына дейін тиімді қызмет атқарған деген ой түюге болады.

4. Этномедицина – бейімделу механизмі. Түркиядағы қазақ диаспорасы жағдайында этномедицинаның негізгі функцияларының бірі – оның бейімделу механизмі ретіндегі қызметі. Бұл функция екі ірі тарихи кезеңде айқын көрінеді: біріншісі – көші-қонның төтенше ахуалдары (Тибет–Гималай арқылы қауіпсіз шекараға өту, Пәкістан мен Үндістан аумағында уақытша тұрақтау) кезінде, ал екіншісі – Түркиядағы жаңа әлеуметтік-экологиялық ортаға орнығудың бастапқы кезеңі. Осы екі жағдайда да этномедицина тек мәдени мұра ретінде емес, өмір сүру стратегиясының (survival knowledge) тікелей құралы ретінде әрекет еткендігі бұл жағдайды басынан өткерген куігерлердің өмірбаяндық естеліктерінде баяндалған [10; 12: 46–68, 61-177 бб.].

Экстремалды көші-қон жағдайларында (биік таулы аймақтар, азық-түлік тапшылығы, жұқпалы аурулар, жарақаттар, үсік, қарулы қақтығыстар) халық емшілерінің рөлі ерекше болған. Мұндай ахуалдарда қолданылған емдік амалдар классикалық медициналық теорияларға емес, эмпирикалық тәжірибе мен шұғыл бейімделуге мәжбүрліктен туындағын (оны емшілер «зәру-шілік» дейді). Мысалы, Ыстанбұлдағы қазақ информаторы Мінан Шәмиқызының естелігінде оның әкесі Шәми Зұқаұлының аю өтін «*ыс тию*» (гипоксиялық жағдай) кезінде қолдануы – нақты жағдайға бейімделген, өмір мен өлім шегінде қалыптасқан адаптивтік шешімнің айқын бір мысалы. Сол сияқты «*ыс тиюге» қарсы адам несебін пайдалану (уринотерапия), жүн-жұрқаны өртеп, иіскету, күш көліктеріне қой етін беру* сияқты амалдар [8; 9; 10] этномедицинаның дағдарыс жағдайындағы «өмірді құтқарушы» сипатын көрсетеді. Бұл тұрғыдан

этномедицина тек символдық-мәдени жүйе емес, нақты биологиялық тіршілікті қамтамасыз ететін прагматикалық білім қоры ретінде көрінеді.

Түркияға қоныстанғаннан кейін де этномедицина жаңа ортаға бейімделу үдерісінде өзінің құрылымдық тұтастығын сақтай отырып түрленді. Бір жағынан, Шыңжаңда қолданылған емдік өсімдіктер жергілікті баламаларымен алмастырылды, әсіресе Ыстанбұлдағы Мысыр базары (Mısır Çarşısı) мен дәмдеуіш дүкендері (baharat) емшілік заттардың қолжетімді көзіне айналды [12; 16]. Осы арқылы *зімбір, қара зере, ақжелкен* сияқты түрік флорасына тән өсімдіктер қазақ емшілік тәжірибесіне тез кірікті. Алайда бұл өзгерістер толық ассимиляцияны білдірмейді: этномедицинаның ішкі когнитивтік құрылымы (ауру себептері, емші категориялары, терапиялық логика) сақталып, тек материалдық компоненттері мен номинативтік қабаты (өсімдік атаулары мен жаңа дәрілік заттар) бейімделді [17: 81–87, 94].

Физиотерапиялық емдеу тәсілдерінің де тұрақтылығы назар аударарлық. Ағзадағы «жел» мен «суық» теңгерімсіздігін қалпына келтіруге бағытталған *бұлау, қыздыру, жаңа сойылған мал терісіне орау, мал жынына аяқ салу, ішек-қарынды жылы күйінде басу, балаларды теріге орау* сияқты әдістер [18, 20–21 б; 19, 63–66 б] қазақтардың жаңа ортада дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысуды жалғастырғанның арқасында Түркия жағдайында да ұзақ уақыт сақталған. Тіпті, 1970–80 жылдары қазақтар Ыстанбұл агломерациясына қоныстан емшілерге шалғай аймақтардағы науқас қазақтар арнайы келіп, қаладағы ірі базардан мал сатып алып, жоғарыда аталған қазақы ем түрлерін жасататындығы естеліктерде көп айтылады. Дегенмен, соңғы жиырма жылда мұндай тәжірибелердің біртіндеп қолданыстан шығып қалғанын информаторлар қынжылады.

Этномедицина – статикалық мәдени қалдық емес, динамикалық бейімделу жүйесі ретінде диаспораның мәдени тәжірибелерінің толық жойылмай, жаңа ортаға икемделе отырып сақталды [11: 145–150, 160–162], басқаша айтқанда дәстүрдег бұл саланың бейімделгіштігі оның өміршеңдігінің басты кепілі ретінде көрінеді. Бұл үдеріс Жорж Фостер сипаттаған экологиялық бейімделу логикасымен үйлеседі: этномедициналық жүйе жаңа ортада ресурстарды қайта игеру арқылы өзін қайта ұйымдастырады [1, 778 б]. Түрік хамамы мен шипалы су инфрақұрылымы, емдік әсері бар алуан түрлі өсімдіктердің, мәдени-экологиялық элементтер де қазақтардың этномедициналық тәжірибесін құрылымдық және технологиялық жақтан байыта отырып жалғастыруға мүмкіндік сыйлады.

1960-80 жж аралағында Түркиядағы этномедицина институционалдық қысымға жауап ретінде өзінің формасын өзгертті: ашық қоғамдық практикадан біртіндеп жасырын, шектеулі тәжірибеге көшкен. Салдарынан этномедицинаның әлеуметтік көріну формасын трансформацияға ұшырады, яғни оның бір бөлігі тұрмыстық ем деңгейінде сақталса, екінші бөлігі руханисимволдық практикаға, ал ауқымды бөлігі мәдени естелікке айналды.

Қазақ диаспорасының этномедициналық тәжірибесінің бейімделу динамикасына Түркиядағы құқықтық және институционалдық контекст де кері ықпалын тигізді деуге болады. Ресми медицинаның «рационалдық» және «заманауи» жүйе ретінде идеологиялық тұрғыдан толық үстемдік алуы халықтық медицинаның институционалдануына мүмкіндік бермеді. халық емшілігінің биомедицинамен альтернативті немесе комплементарлы түрде үйлесуіне деген бетбұрыс 1991 жылы акупунктура альтернативті медицина ретінде мойындалуымен басталды. 2014 жылдан Түркия Денсаулық сақтау министрлігі кейбір дәстүрлі және қосымша емдеу түрлерін (15 бағыт) шектеулі түрде болсын ресми заңдастырды [20, 48–50 б.].

Сонымен қатар, бұл жерде терапиялық плюрализм құбылысы айқын байқалады. Қазіргі кезеңде түркиялық қазақтар жеңіл немесе «халықтық» сипаттағы ауруларды емдеуде дәстүрлі емге, ауыр және күрделі науқастар биомедицинаға жүгінеді. Бұл – этномедицинаның модерндік медицинамен антагонистік қатынаста емес, комплементарлық байланыста әрекет ететінін көрсетеді. Басқаша айтқанда, биомедицина мен этномедицина «бірін-бірі жоққа шығармайтын», керісінше өзара толықтыратын көпқабатты терапиялық жүйе ретінде қатар өмір сүруге көшкені

байқалады. Мұндай үйлесім этномедицинаның тарихи икемділігін ғана емес, оның қазіргі заман жағдайында да өзінің функционалдық маңызын сақтап отырғанын байқатады.

5. Этномедицинасы ең маңызды функциясы – этникалық бірегейлікті бекітетін құрал ретіндегі қызметі. Диаспора жағдайында этномедицинаның ең ұтымды функцияларының бірі – оның этникалық бірегейлікті сақтаушы және бекітуші құралға айналуы. Бұл функция оның жоғарыдағы төрт қырымен тығыз байланысты болғанымен, өзіндік дара мағынаға ие. Өйткені бөтен ортада этникалық топ өзін тек тіл, киім, әдет-ғұрып арқылы емес, ауруды қалай түсіндіретіні, қалай емделетіні, кімге жүгінетіні, қандай емді, емдеу тәсілін «өзінікі» деп білетіні арқылы да таниды.

Этномедицина «*бірегейлікті сақтайтын мәдени код*» (identity-preserving cultural code) ретінде тек денсаулық сақтау саласындағы «көмекші тәжірибе» емес, қазақы болмыстың кодталған формасы ретінде бағаланады. Ауру атаулары, емдік шөп пен дәрі атаулары, емдік процедуралар мен дене мүшелеріне қатысты метафоралар тілдік кеңістікті ұстап тұратын арналардың бірі болды. Себебі дәстүрлі ем тәсілдерін, символдық әрекеттер әулеттің тарихи мемуары мен мәдени жадқа қатысты айтылатын нарративтерде жиі қолданылуы арқылы жаңғырып отырады. Қазақы емдік тәжірибелердің бір бөлігі қарт буын жадысында сақталып, «Алтайдағы өмірдің», «Шыңжаңдағы қазақ емшілігінің», «көш үстіндегі шипаның» естелігінің арқауына айналды. Яғни практикада тірідей қолданылмаса да, оның мағынасы этникалық өзіндік сананың өзгеше қабатына айналды. Ян Ассманның мәдени жад туралы тұжырымымен айтқанда, бұрынғы коммуникативтік тәжірибе енді мәдени естелік нысаны сипатына қарай ойысты [4, 51–59 б

Этномедиицинаға қатысты қазақы тіркестер мен атаусөздер урбанизациялық, әсіресе жаһандану үрдістері күшейген кезеңде этномәдени айырманы сездіретін белгіге айналды. Түркиядағы қазақтар үшін этномедицина осы кеңірек идентификациялық кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде дәстүрді сақтау, дүниетанымдық тұтастықты және өзіндік бірегейлікті сақтаудың арнасына айналған [13, 145–149]. Мысалы, қазақ қауымында әлі күнге дейін кейбір ауруды қазақы атаумен атап, қазақы жолмен емдеу – «біз басқамыз» деген үнсіз мәдени декларация, басқаша айтқанда символдық шекараларды сақтау амалы. Түркиядағы қазақтар арасында этномедицина-ның қазіргі күйі дәл осындай: ол бір жағынан қолданылып жатқан емдеу сорабы, екінші жағынан «қазақтың өз емшілігі» деген мәдени өзін-өзі тану образы.

Балаға қатысты емдік әрекеттерде қазақ әжелерінің бала кіндігіне май жағып, сағат тілі бағытымен сипап отырып «*Менің қолым емес, пірім Бибі Бәтиманың қолы*» деуі – этномедицинаның мәтіндік құрылымының айқын мысалы. Ол исламдық-орталықазиялық және қазақы мәдени қабаттардың синтезі арқылы этникалық-регионалдық дүниетанымнана хабар беретін жайт (репрезентация). Мұнда қол қозғалысы, май, дұға және киелі есім бір бүтін емдік мәтінге бірігеді. Бұл тәжірибе тек ем емес, мәдени сенімнің ауызша формула арқылы әрекетке айналуының көрінісі.

Түркиядағы қазақ диаспорасынан емшілік тәжірибесінде спиритуалды емдеу амалдары (бақсылық, ауруды магиялық тәсілдермен емдеу және сақтану) тірі тәжірибесі жоқ болғанымен (оның себебі елдегі ордоксалды діни орта мен символдық емдеуді шектеген мемлекет саясатымен байланысты), рухани емдеу әдістеріне, фольклорға, күнделікті әдет-ғұрыптарға және ұжымдық естелікке органикалық түрде кіріккен элементтер.

Этномедицина диаспора жағдайында этникалық шекараны ұстап тұратын нәзік, бірақ тұрақты тетік есебінде тілдік, символдық, тұрмыстық және естелік деңгейлерде қазақ болмысының жалғастығын қамтамасыз етуде өзгеше мәні болды. Емдеу үдерісінің шеңберіне енетін перифериялық шаралар, емдіктен гөрі көбірек мәдени функция атқаратын, шын мәніндегі бірегейлікті бекітуге қызмет ететін факторлар болды. Рухани (спиритуалды) емшілікте «сары ала қамшымен ұру», қасиетті ата-бабаларының қолданған мұраларымен ұшықтау сияқты жайттар архаикалық символиканың жалғасы қолданыстан қалмаған. *Үкі қауырсыны, аю тырнағы, жыланбас (каури), бүркіттің тегеуірінін* бесікке немесе үйге іліп қою, тұмар, мүсәтір,

назарлықты қалтаға салып жүру – көптеген түркиялық қазақтар үшін превентивті мәндегі шара. Емнен кейін «ақтық байлау» – әлеуметтік алмасудың әрі мәдени өзіндік ерекшеліктің нышаны.

Түркия қазақтарының мәдениетінде бақсылық дәстүр мен магиялық іс-әрекеттердің орны үлкен мәнге ие және ол диаспорадағы мәдени және коммуникативті жадыны ұстап тұруға, бірегейлікті қамтамасыз етуде ерекше мәні бар. Ғасыр куәсі Көксеген Шүкіроллаұлының пікіріне ден қойсақ, Түркияға келгендердің арасында «жыны бар», қасиетті жандар бірнешеу болғанымен, ондай адамдардың қызметін шектеген, қысымға алған саясаттан сақтанып құнттап, ұстамады, тек бір Саниахан елті ғана ашық ұстанған. 1970-жж. ортасында түркиялық қазақ елті қызметіне ден қойған Рахми Оруч Гүвенч бақсылық пен мұсылман аралығындағы емшілердің соңғы өкілдерінің бірі Саниахан елтінің сеанстарындағы би элементтерінің емдік құндылығын шынайы деп тауып оларды 1976 жылы құрылған «Түмата» ансамблінің репертуарына енгізді. Кейін мұндай аутентик ән-бимен емдеу қозғалысының еуропалықтар арасында үлкен қолдауға ие болды [21].

1998 жылы зерттеу жүргізгенбір топ түрік зерттеушілерінің бірі Сөнер Иалчин пікіріне ден қойсақ, «Алтайкөй шаманизмі» исламға дейінгі элемент тән, Саниаханның әдістері мен емдеу әдістерінде жартылай шамандық, жартылай мұсылмандық элементтер көрініс тапқанын келтіреді және ол ортаазиялық бақсылықты терең зерттеген Н.Басиловтың, кейінгі тың зерттеулердегі Патрик Гарронның пікірімен толықтай үйлеседі, яғни «исламданған шамандықтың» локалдық үлгісі екенін байқатады [22, 8-17 б; 23,18-39 б.]. Сөз болып отырған елті психикалық және эмоционалдық ауруларды емдеу процедураларының ішінде адам бойындағы аурудың басты себебін денеден аластаудың басты жолы - «жын шығару» емін жасайтынын, оны қамшымен, отпен және сумен тазарту рәсімі атқарылатынын айтады [19, 82-85 б.].

Талқылау.

Жоғарыда айқындалған этномедицинаның бес функциясын (білім жүйесі, мәдени мәтін, әлеуметтік институт, бейімделу механизмі, бірегейлік құралы) аналитикалық тұрғыдан жекежеке қарастыру зерттеуді жүйелеуге мүмкіндік бергенімен, нақты әлеуметтік практикада олар өзара тығыз байланыста әрекет ететін кешенді құрылым құрайды. Білім жүйесі ретінде ұйымдасқан этномедицина мәдени мәтінге айналып, сол арқылы әлеуметтік институттың семиотикалық және когнитивтік арқауын құрайды. Ал, әлеуметтік институт өз кезегінде бейімделу механизмдерін іске қосып, диаспоралық ортада этникалық бірегейлікті сақтаудың тиімді құралдарының өзгеше арнасына айналады. Мұндай астасқан байланыс Түркиядағы қазақ диаспорасы тәжірибесінде айқын байқалады. Шыңжаңнан басталып, Тибет–Гималай, Үндістан–Пәкістан арқылы Түркияға жетеп, жаңа отанда да ұзаққа жалғасқан халық емшілігі жаңа ортада өзгеріссіз «*қатып қалған*» құрылым емес, керісінше, динамикалық трансформацияға ұшыраған жүйе икемделе білген. Оны метафоралық тұрғыдан «*арнасы сақталған, бірақ суы мен жағалауы өзгеріп отыратын өзенге*» теңеуге болады: этномедицинаның ішкі құрылымы (емші категориялары, ауруды түсіндіру логикасы, негізгі символдық кодтар) сақталғанымен, оның материалдық базасы (емдік шөптер, дәрілік заттар), институционалдық контексті (құқықтық шектеулер, денсаулық сақтау жүйесі), әлеуметтік ортасы (урбанизация, исламдық институттар ықпалы) өзгеріске ұшырады.

Осы тұрғыдан алғанда, этномедицинаға қатысты «сақталды ма, әлде жоғалды ма?» деген бинарлы сұрақтан гөрі, қазақ емшілігінің «қай функциялары сақталды?», «қай қабаттары мәдени жадқа көшті?», «қай элементтері жаңа ортада қайта құрылды?» деген сұрақтар әлдеқайда өнімді аналитикалық перспектива ұсынады. Мұндай тәсіл этномедицинаны статикалық мәдени қалдық емес, тарихи-әлеуметтік контекстке тәуелді динамикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Этномедицинаның ішкі логикасын, емшілік типологиясын, терапиялық практикаларын және олардың өзгеру динамикасын толық түсіну үшін зерттеуді тек медициналық немесе этнографиялық сипатта шектеу жеткіліксіз. Бұл жерде көші-қон тарихы, босу тәжірибесі, қоныстану үдерісі,

әулеттік жад, сондай-ақ ауызша тарих материалдары шешуші мәнге ие. Этномедициналық білім көбіне дәл осы *мемуарлық және нарративтік деректердің «жасырын қабаттарында»* сақталады. Сондықтан информаторлық мәліметтерді, ауызекі әңгімелерді, тұрмыстық тәжірибелерді талдау этномедицинаның бейімделу функциясын және оның диаспоралық бірегейлікпен байланысын ашудың негізгі әдіснамалық тетігі болып табылады.

Басқаша айтқанда, этномедицинаның бейімделгіштігін түсіну үшін оның тарихи-әлеуметтік контекстін қалпына келтіру қажет, ал оның ішкі когнитивтік құрылымын ашпайынша, диаспора жағдайында этникалық бірегейліктің күнделікті өмірде қалай сақталғанын толық түсіндіру мүмкін емес.

Қорытынды

Түркиядағы қазақ диаспорасына қатысты материалдар этномедицинаның жекелеген емдік амалдардың жиынтығы емес, көпқабатты әрі функционалдық тұрғыдан күрделі мәдени жүйе екенін айқын көрсетеді. Ол көші-қон, босу, тіршілік үшін күрес, қауымдық ұйысу, мәдени жалғастық және этникалық өзіндік сананы сақтау жағдайында қалыптасқан әрі қызмет еткен тұтас жүйе ретінде сипатталады [13, 142–147 б.].

Біріншіден, этномедицина дәстүрлі білім жүйесі ретінде ауруды, емді, емші мамандануын және емдік заттарды ішкі логикаға сай ұйымдастырады. Екіншіден, мәдени мәтін ретінде ол ауру атауларын, емдік формулаларды, емдік шөп, минерал және химиялық зат атауларын, сондай-ақ түстік және ритуалдық таңбаларды сақтау арқылы қазақы дүниетанымның тілдік және семиотикалық кодтарын жалғастырады. Үшіншіден, әлеуметтік институт ретінде халық емшілері қауым ішінде беделді рөл атқарып, емдеу әрекеті сый-алмасу, әлеуметтік мойындау және коммуникация нысанына айналады. Төртіншіден, бейімделу механизмі ретінде этномедицина көші-қон жағдайындағы дағдарыс кезеңдерінде де, жаңа ортаға орнығу барысында да өмір сүру стратегиясының өзгертіп, түрленіп, толығып тұрады. Бесіншіден, этникалық бірегейліктің құралы ретінде этномедициналық таным тілдік қорды, мәдени кодтарды, тарихи жадты және «қазақы ем» туралы ұжымдық сананы сақтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, қазіргі жаһандану жағдайында бұл жүйенің едәуір бөлігі трансформацияға ұшырап, тірі практикадан мәдени жад деңгейіне ығысу үдерісін бастан өткізуде. Ресми медицинаның үстемдігі, құқықтық шектеулердің күшеюі және урбанизация үдерістері этномедицинаның бұрынғы әмбебап әлеуметтік рөлін тарылтқаны анық. Алайда бұл оның толық жойылуын білдірмейді: керісінше, этномедицинаның көптеген элементтері тілде, символдық жүйелерде, әңгімелерде, отбасылық тәжірибеде және этникалық санада сақталып, жаңа формада өмір сүруін ары қарай солғын, тіптің «жасырын» түрде жалғастыруда.

Осы тұрғыдан алғанда, Түркиядағы қазақтардың этномедицинасы – жоғалып бара жатқан тәжірибе ғана емес, ғылыми тұрғыдан жүйелеуді, құжаттауды және сақтауды қажет ететін маңызды мәдени мұра. Бұл тақырыпты зерттеу тек этнографиялық қызығушылық шеңберінде емес, диаспоралық мәдениеттің сақталу тетіктерін, білім формаларының өміршеңдігін және мәдени жадтың нақты қандай тәжірибелер арқылы ұрпаққа берілетінін түсіну үшін де ерекше маңызы бар.

Автордың далалық материалдарының құндылығы да осы жерде айқындалады: олар толық жойылып үлгермеген, бірақ жылдам трансформацияланып жатқан мәдени жүйенің соңғы «тірі қабаттарын» тіркеуге мүмкіндік береді. Демек, этномедицинаға қатысты мұндай зерттеулер тек өткенді сипаттаумен шектелмей, мәдени тұрақтылық пен өзгеріс арасындағы күрделі өзара байланыстарды түсіндіруге бағытталған ғылыми ресурс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізім:

1. FOSTER, George M. Disease Etiologies in Non-Western Medical Systems // American Anthropologist, 1976. Vol. 78, No. 4 (December), pp. 773–782.

2. KLEINMAN, Arthur. Concepts and a Model for the Comparison of Medical Systems as Cultural Systems // Social Science & Medicine, 1978. Vol. 12, pp. 85–93.

3. GEERTZ, Clifford. The Interpretation of Cultures. New York: Basic Books, 1973.

4. ASSMANN, Jan. A kulturális emlékezet: Írás, emlékezés és politikai identitás a korai magaskultúrákban [Мәдени жад: ерте жоғары мәдениеттердегі жазу, есте сақтау және саяси сәйкестік]. Ford. [аударған] Hidas Zoltán. Budapest: Atlantisz, 2004.

5. HOPPÁL, Mihály. A népi gyógyítás fogalma [Халық емшілігі ұғымы]. In: Paládi-Kovács Attila – Dömötör Tekla – Hoppál Mihály (szerk.) Magyar Néprajz VII. Folklór 3. Népszokás, néphit, népi vallásosság [Мажар этнографиясы VII. Фольклор 3. Халықтық әдет-ғұрыптар, халықтық нанымдар, халықтық діндарлық]. Budapest: Akadémiai Kiadó. 1990.

6. HOPPÁL, Mihály. Symbolic Healing in Hungarian Ethnomedicine // Ethnographica et Folkloristica Carpathica. 1992. Tom. 7–8/1, pp. 285–298.

7. ORALTAY, Hasan. Hürriyet Uğrunda Doğu Türkistan Kazak Türkleri. İstanbul: Türk Kültür Yayını,1961

8. АЛТАЙ, Халифа. Алтайдан ауған ел. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2014.

9. CANALTAY, Delilhan. Çetin Zaman Zor Günler. Çeviren ve haz.: Dr. Tekin Tuncer. İstanbul: Altay Yayınları, 2019. (қазақша нұсқасы: Алматы: Атажұрт, 2000).

10. ҚАРА, Әбдіуақап. Түркия қазақтары. Жеке сайт материалы. URL: https://www.abdulvahapkara.com (2024.12.22).

11. SVANBERG, Ingvar. Kazak Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change (Studia Multiethnica Upsaliensia, 8). Uppsala, 1989.

12. ЧОЛПАН, Құдыс Дәуітұлы. Алтайкөй қазақтары. Алматы: Мазмұндама, 2024.

13. KHINAYAT, Khinayat. A Hszincsiangból menekült kazakok sorsa és új hazára találása Törökországban [Шыңжаңнан босқан қазақтардың тағдыры және олардың Түркияда жаңа отан табуы] // Kultúra és Közösség, VI folyam, XV évfolyam, 2024. №3, pp. 137–149.

14. ҚАНАПИЯҰЛЫ, М.; ӘНУАРҰЛЫ, А. (құраст.). Қазақ емшілігінде ұдайы қолданылатын дәрілер. Үрімжі,1988.

15. ӘБДІРАМАНОВ, Ө. Мал өнімдері – дәрі-дәрмек // Ақыпбеков, Ө. (құраст.). Халық емінің құдіреті. Алматы: Қайнар, 1993. 75–-76-бб.

16. ÇETİN, Abdurrahman. Ömür Yolumdaki Son Göç. Çeviren: Aşur Özdemir. İstanbul: Anatolia Kültür, 2023.

17. YALÇIN, Söner. Niğde Altayköy Kazakları: Köyün Kuruluşu ve Ekonomik Durumu. // Türk Dünyası Dergisi, Yıl 6, Sayı 16, 1998, pp. 7–35, 81–87, 94.

18. АРҒЫНБАЕВ, Халел. Шынайы емшіліктің жөні бөлек. // Зерде. 1989. №12, 20–21-бб.

19. ЫСМАҒҰЛҰЛЫ, Ж. Жел-құз аурулары // Халық емінің құдіреті. Алматы: Қайнар, 1993, 63–66-бб.

20. AYSAN, Hasibe. Legitimating Outcast Practices: Professional Contestation over Introduction of Traditional and Complementary Medicine into the Turkish Healthcare System (2014–2018). Doctoral Dissertation. Ankara: Institute of Social Sciences, Yıldırım Beyazıt University, 2019.

21. Baksı Dansı. Tümata. URL: https://tumata.com/muzik-terapi/baksi-dansi/ (2024.02.07).

22. БАСИЛОВ, В. Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. Москва: Наука, 1992.

23. GARRONE, Patrick. Healing in Central Asia: Syncretism and Acculturation // Shamanism and Islam: Sufism, Healing Rituals and Spirits in the Muslim World. Zarcone Thierry, Hobart Angela (eds.) London: I. B. Tauris, 2013. pp. 17–46.

24. ПАЛЬМ, Р. Описание фармакогностических веществ, встречающихся в Средней Азии. Туркестанский сборник, Санкт-Петербург, 1873. Т. 53. 2–27.

References

1. FOSTER, George M. Disease Etiologies in Non-Western Medical Systems. American Anthropologist, 1976. Vol. 78, No. 4, pp. 773–782.

2. KLEINMAN, Arthur. Concepts and a Model for the Comparison of Medical Systems as Cultural Systems. Social Science & Medicine, 1978. Vol. 12, pp. 85–93.

3. GEERTZ, Clifford. 1973. The Interpretation of Cultures. New York: Basic Books.

4. ASSMANN, Jan. A kulturalis emlekezet: Iras, emlekezes es politikai identitas a korai magaskulturakban [Cultural Memory: Writing, Memory and Political Identity in Early High Cultures] Trans. Hidas Zoltan. Budapest: Atlantisz, 2004. (In Hungarian).

5. HOPPAL, Mihaly. A nepi gyogyitas fogalma [The Concept of Folk Healing] (In Hungarian). In: Paladi-Kovacs Attila – Domotor Tekla – Hoppal Mihaly (eds.). Magyar Neprajz VII. Folklor 3. Budapest: Akademiai Kiado, 1990. (In Hungarian).mek.niif.hu/02100/02152/html/07/449.html.

6. HOPPAL, Mihaly. Symbolic Healing in Hungarian Ethnomedicine // Ethnographica et Folkloristica Carpathica, 1992. Vol. 7–8/1, pp. 285–298. http://epa.niif.hu/04300/04300/00006/pdf/EPA04300_ethnographica_et_FC_1992_7-8_1_285-298.pdf

7. ORALTAY, Hasan. Hurriyet Ugrunda Dogu Turkistan Kazak Turkleri [Kazak Turks of East Turkestan in the Struggle for Freedom] Istanbul: Turk Kultur Yayini, 1961 (In Turkish).

8. ALTAY, Khalifa. Altaidan augan el [The People Who Migrated from Altai] Almaty: Duniyezhuzi Kazaktarynyn Kauymdastygy, 2014 (In Kazakh).

9. CANALTAY, Delilhan. Cetin Zaman Zor Gunler [Harsh Times, Difficult Days] Trans. Tekin Tuncer. Istanbul: Altay Yayinlari, 2019. (In Turkish).

10. KARA, Abduvakap. Turkiye Kazaklari [Kazakhs of Turkey] (In Turkish). Online resource: https://www.abdulvahapkara.com

11. SVANBERG, Ingvar. Kazak Refugees in Turkey: A Study of Cultural Persistence and Social Change. Uppsala. 1989.

12. CHOLPAN, Kudys Dauituly. Altaikoy Kazaktary [Kazakhs of Altayköy] Almaty: Mazmundama, 2024 (In Kazakh).

13. KHINAYAT, Khinayat. A Hszincsiangbol menekult kazakok sorsa es uj hazara talalasa Torokorszagban [The Fate of Kazakhs Fleeing from Xinjiang and Their Finding a New Homeland in Turkey] Kultura es Kozosseg, 2024. Vol. XV, No. 3, pp. 137–149. (In Hungarian). DOI: 10.35402/kek.2024.3.17

14. QANAPIYAULY, M.; Anuaruly, A. (eds.). Qazaq emshiliginde udayy qoldanylatyn dariler [Frequently Used Medicines in Kazakh Healing Practice] Urumqi, 1988 (In Kazakh).

15. ABDIRAMANOV, O. Mal onimderi – dari-darmek [Animal Products as Medicine] In: Aqypbekov, O. (ed.). Khalyk eminin qudireti [The Power of Folk Medicine] Almaty: Qainar, 1993.pp. 75–76. (In Kazakh).

16. ÇETIN, Abdurrahman. Omur Yolumdaki Son Goc [The Last Migration in My Life] Trans. Asur Ozdemir. Istanbul: Anatolia Kultur, 2023 (In Turkish).

17. YALCIN, Soner. Nigde Altaikoy Kazaklari: Koyun Kurulusu ve Ekonomik Durumu [Kazakhs of Niğde Altayköy: Establishment and Economic Structure of the Village] In: Turk Dunyasi Dergisi, 1998. No. 16, pp. 7–35, 81–87, 94.] (In Turkish).

18. ARGHYNBAEV, Khalel. Shynayi emshiliktin zhoni bolek [True Healing Has Its Own Distinct Nature] // Zerde. 1989, №12, pp. 20–21. (In Kazakh)

19. YSMAGULULY, Zh. 1993. Zhel-quz aurulary [Wind-Cold Diseases] Khalyk eminin qudireti [The Power of Folk Medicine]. Almaty: Qainar, pp. 63–66 (In Kazakh).

20. AYSAN, Hasibe. Legitimating Outcast Practices: Professional Contestation over Introduction of Traditional and Complementary Medicine into the Turkish Healthcare System (2014–2018). Doctoral Dissertation. – Ankara Yıldırım Beyazıt University, Institute of Social Sciences, 2019.

21. Baksy Dansy [The Shaman's Dance] (In Turkish). Tumata. https://tumata.com/muzik-terapi/baksi-dansi/

22. BASILOV, V. N. Shamanstvo u narodov Srednei Azii i Kazakhstana [Shamanism among the Peoples of Central Asia and Kazakhstan] Moscow: Nauka, 1992. (In Russian).

23. GARRONE, Patrick. Healing in Central Asia: Syncretism and Acculturation. In: Shamanism and Islam. London: I. B. Tauris, 2013. Zarcone, Thierry; Hobart, Angela (eds.). pp. 17–46.

24. PALM, R. Opisanie farmakognosticheskikh veshchestv, vstrechayushchikhsya v Srednei Azii [Description of Pharmacognostic Substances Found in Central Asia] Turkestanskii Sbornik, Vol. 53. St. Petersburg, 1873. pp. 2–27. (In Russian).

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 03.29
ӘӨЖ / УДК / UDC: 39(394) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.015

Кали А.Б. [1]*

Постдокторант SDU University, Казахстан, Каскелен
e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz
https://orcid.org/0000-0003-2582-376X

РЕЛИГИОЗНЫЕ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРАКТИКИ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ

Аннотация

В статье анализируется роль религии и образования в повседневной истории татар Семиречья во второй половине XIX – начале XX вв. Исследование основано на междисциплинарном подходе, объединяющем методы истории повседневности, историко-антропологического и педагогического анализа, что позволяет рассмотреть процессы формирования татарской диаспоры, особенности ее социальной идентификации и религиозно-образовательные практики в контексте полиэтничного и многоконфессионального пространства региона. Рассматриваются начальный этап расселения татар в Семиречье, употребление этносоциальных категорий «ногай» и «шалаказах», отражающих особенности взаимодействия татарской общины с местным населением и формирования ее региональной идентичности. В центре внимания находятся механизмы функционирования традиционных мусульманских учебных заведений – мектебов и медресе, а также школ нового метода, связанных с идеями джадидизма, и их влияние на образовательные стратегии и социальную мобильность.

В работе исследуется деятельность духовенства, представителей татарской интеллигенции и предпринимательских кругов, обеспечивавших организационную и материальную поддержку образовательных инициатив и способствовавших развитию просвещения. Анализируются повседневные практики, связанные с религиозным календарем, семейным воспитанием, благотворительностью, организацией быта, одеждой, жилым пространством и положением женщин в татарском обществе, через которые проявлялись религиозные нормы, социальные различия и процессы культурной адаптации.

Ключевые слова: Татары Семиречья, повседневная история, Капал, Верный, джадидизм.

Благодарность: *Статья подготовлена в рамках научного проекта, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP26101025).*

А.Б. Қали[1]*

SDU University постдокторанты, Қазақстан, Қаскелең
e-mail: azat.kali@sdu.edu.kz
https://orcid.org/0000-0003-2582-376X

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ТАТАРЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ДІНИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Жетісу татарларының күнделікті тарихындағы дін мен білімнің рөлі талданады. Зерттеу күнделікті өмір тарихы, тарихи-антропологиялық және педагогикалық талдау әдістерін біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Бұл тәсіл татар диаспорасының қалыптасу үдерістерін, оның әлеуметтік сәйкестігінің ерекшеліктерін және өңірдің полиэтносты әрі көпконфессиялы кеңістігіндегі діни-білім беру тәжірибелерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Жетісуға татарлардың қоныстануының бастапқы кезеңі, жергілікті ортада қолданылған «ноғай» және «шалақазақ» этноәлеуметтік атаулары, сондай-ақ татар қауымының жергілікті халықпен өзара қарым-қатынасы мен өңірлік бірегейлігінің қалыптасуын сипаттаудағы маңызы қарастырылады. Зерттеудің негізгі назарында дәстүрлі мұсылман оқу орындары – мектептер мен медреселердің, сондай-ақ жәдидшілдік идеяларымен байланысты жаңа әдісті мектептердің қызмет ету тетіктері және олардың білім беру стратегиялары мен әлеуметтік икемділікке ықпалы тұр.

Мақалада дін қайраткерлерінің, татар зиялылары мен кәсіпкерлік топтардың ағартушылық бастамаларды ұйымдастырудағы және материалдық қолдаудағы қызметі зерттеледі. Сонымен қатар діни күнтізбеге байланысты күнделікті тәжірибелер, отбасылық тәрбие, қайырымдылық, тұрмысты ұйымдастыру, киім үлгілері, тұрғын үй кеңістігі және татар қоғамындағы әйелдердің орны талданып, олар арқылы діни нормалардың, әлеуметтік айырмашылықтардың және мәдени бейімделу үдерістерінің көрінісі айқындалады.

Кілт сөздер: Жетісу татарлары, күнделікті тарих, Қапал, Верный, жәдидшілдік.

The educational policy of the tsarist administration in the Kazakh lands developed in parallel with the economic and political expansion carried out over the centuries. In this regard, the Semipalatinsk Teachers' Seminary, established at the beginning of the twentieth century, aimed to train professional teaching staff in the region who would implement the general imperial idea. However, the Kazakh youth who entered the seminary, having received education, developed into patriotic citizens capable of distinguishing truth from falsehood and understanding the interests of their country.

The purpose of the article is to determine the nature of the activities of the Semipalatinsk Teachers' Seminary, one of the first secondary educational institutions opened on Kazakh soil, to identify its goals and objectives, to analyze the activities and pedagogical legacy of the generation of Alash-oriented teachers who studied there, and to show the importance of transmitting their historical experience to today's youth through continuity.

Based on new archival documents, the article analyzes the student years of these pedagogical figures at the seminary in 1903–1920, as well as their subsequent activities related to the Alash movement in the 1920s–1930s. For the first time, the article provides a scientific and theoretical analysis, from the perspective of historical science, of the activities of a number of Alash-oriented teacher-graduates of the Semipalatinsk Teachers' Seminary.

The documents from secret archival collections presented in the twelve-volume collection The Alashorda Case, published in recent years, made it possible to reveal the socio-political activities of seminary graduates that had not previously been introduced into scholarly circulation. In particular, the article analyzes the personal case materials of Kasymkhan Bekenayev, a graduate of the seminary in 1910–1914, related to the "Tarbagatai case." In addition, the article uses documents that reveal new historical portraits of Biakhmet Sarsenov, who studied at the seminary in 1905–1909, Zhusupbek Aimautov, who studied there in 1914–1919, and Mukhtar Auezov, who studied there in 1915–1920. The new documentary evidence increases the scientific novelty and value of the article. The article also demonstrates the importance and specific features of teaching the experience of the above-mentioned figures at school.

Keywords: Semipalatinsk Teachers' Seminary, Alash-oriented teachers, school, continuity, repression.

Кіріспе. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов «Мектептің жаны – мұғалім» деп баса көрсеткендей жас ұрпақты тәрбиелеуде заманға сай педагог кадрын даярлау – қашан да өзекті іс. Соған сәйкес елімізде педагог кадрларының жаңа толқынына қойылатын негізгі талап, ол – ғылым мен

білімді қатар алып жүруге баулу. Соған сәйкес Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында «Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек» [1], – деген пікірін білдірді. Олай болса, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудің негізі өзегі – ұлтымыздың алғашқы педагог кадрлары – алаш қозғалысы қайраткерлерінің тағылымы болса керек. XX ғасырдың бірінші жартысы кезеңіндегі өз заманының озық педагог жастары – Семей мұғалімдер семинариясының түлектері – Барлыбаев Ахметолланың, Зейінов Әбікейдің, Нұркеев Тәуекелдің, Бекенаев Қасымханның, Мұқтар Әуезовтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, сол семинарияның ұстаздары Нұрғали Құлжановтың, Нәзипа Құлжанованың және т.б. бірқатар азаматтардың білім жолындағы құштарлығы, отанға қызметі, ұлттық ұстанымы бүгінгі жастарға зор өнеге болмақ. «Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді» [1], – деген мемлекет басшысының педагог даярлау саласына ерекше ден қойып, дабыл қағуы тегін емес.

Материалдар мен әдістер. Семей мұғалімдер семинариясы тақырыбына алғаш рет оқырман назарына ұсынылған салмақты еңбек – «Алаштың тұңғыш білім ордасы» [2] атты кітап. Кітапта тарихы терең М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің XIX ғасырдан бастап жүріп өткен кезеңдеріне қатысты архивтік құжаттар, ғылыми мақалалар, фотомәліметтер берілген. Әсіресе кітапта семинариядан түлеп ұшқан оның қазақ шәкірттері (кейін алаш қозғалысына қатысқан) туралы жаңа да, тың деректік құжаттар қамтылады. Даярланған еңбек отандық тарихнамаға қосылған сүбелі еңбек деп білеміз.

Омбы және Семей мұғалімдер семинарияларын бітірген қазақ түлектері проф. Т.Далаеваның зерттеулерінен [3] де орын алған. Автор Омбы және Семей семинарияларының қызметі, оның оқытушылары туралы салмақты тұжырымдар мен ғылыми талдау жасай келе, бітіруші қазақ жастарының ортасынан ірі саяси және мәдени қайраткерлердің, алаш қайраткерлерінің шыққанын баса көрсетеді. Жалпы, қазақ жерінің өзге де аймақтарынан ашылған мұғалімдер семинарияларының тарихы отан тарихнамасында бірқатар авторлар еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, А.Қ. Садыкова Жетісу және Сырдария облыстары бойынша «Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындары жөнінде (XIX ғ. II ж. – 1917 ж.)» [4] тақырыбында тарих ғылымы саласынан докторлық диссертация қорғады.

Сонымен қатар семинария тарихы ресейлік авторлар А.П. Герасимова [5] Қазақстандағы педагог кадрларын даярлау ісі мәселесін педагогика ғылымы аясында қарастырады. 1902–1920 жылдар аралығындағы Батыс Сібір өлкесі бойынша педагог кадрларын даярлау тарихы С.А. Кочуринаның [6] кандидаттық диссертациясында жан-жақты көрсетілсе, М.П. Войтеховская [7], О.В. Петрова [8] аталған тақырыпты жаңа фактілік материалдар негізінде көрсетеді. Сондай-ақ, халыққа білім беру ісі Дала генерал-губернаторлығы мен Түркістан өлкесі аумағында едәуір кең масштабта М.В. Рыгалованың [9] ғылыми мақаласынан көрініс тапқан. Алайда жоғарыда аталған авторлар Семей мұғалімдер семинариясының алаштық педагог түлектері мәселесіне тоқталмайды. Бұл еңбектерден біз Семей семинариясы оқу орнының оқытушылары, олардың қызметі туралы құнды мәліметтер кездестіре аламыз.

Сонымен қатар, әсіресе, түрлі жылдарда даярланған Семей облысының адрес-календарларынан, шолу кітаптарынан едәуір маңызды мәліметтер алуға болады. Жыл сайынғы өңірдің мәдени, экономикалық өзгерістері статистикалық мәліметтермен көрсетілген бұл семинария қызметін жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

Көріп отырғанымыздай Семей мұғалімдер семинариясын тәмамдаған, болашақ алашшыл азаматтардың педагогикалық, қоғамдық-саяси қызметіне арналған еңбектер бүгінге дейін жоқтың қасы деуге болады.

Қазақстан республикасының орталық мемлекеттік архивінің Семей мұғалімдер семинариясы аталатын № 503 қорда 1902 жылдан 1920 жылға дейінгі қызметін қамтитын отыз төрт құжат тіркелген, атап айтсақ: семинарияда түрлі жылдардағы білім алушылардың сабақ үлгерімі туралы тізімдемелер [10], оқу орнының жыл сайынғы есеп материалдары [11], педагогикалық кеңес хаттамалары [12] ж.б. құжаттар. Педагогикалық кеңестерде білім сапасын көтеру мәселесімен қатар, ондағы оқушылардың денсаулығы, тәртібі, үлгерімі туралы мәселелер қатаң күн тәртібіне қойылып, ол шешімін тауып отырғаны байқалады. Семинария кітапханалары жылда жаңа кітаптармен, музыка, гимнастика ж.б. сабақтарына қатысты құрал-жабдықтармен де толықтырылып отырған. Сондай-ақ ғимараттарды жөндеу жұмыстары, оны қыста жылыту ж.б. мәселелер қызу талдауға алынған. Бұл құжаттар негізінде семинарияның педагогикалық бағыттағы қызметі мен оның оқытушылары, оқушылары жөнінде ғана емес, сонымен қатар еліміздің қосимпериялық аумалы-төкпелі заман арнасындағы саяси өмірінен де хабар алуға мүмкіндік бар. Тағы да ескеретін дүние ол, семинариядағы шығыс, кіріс және ішкі құжаттарының кәсіби деңгейде рәсімделгенін, оның архивте сақтау мәдениетінің озық үлгілерін көре аламыз. 124 жыл бұрынғы семинария түлектерінің – кейін олар алаш қозғалысына қызмет еткен ірі тұлғалардың оқу жылдарындағы өмірінің ізін көреміз, мысалы сабақ үлгерімдері, қайраткерлердің өтініш хаттары, түлектік куәлік құжаттарының көшірмелері ж.б. сол қалпында сақталған.

2020 жылғы 24 қарашада республика президентінің Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі жарлығымен құрылған мемлекеттік комиссия (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 748 Қаулысы негізінде) жүз жыл жасырын жатқан жазықсыз жапа шеккендердің құжаттарын жарыққа шығарды. Бұрын-соңды қолжетімсіз болған құжаттар арасынан Семей мұғалімдер семинариясын бітірген, кейін Алаш қозғалысына қатысып, еліне қызмет еткен тұлғалар жөнінде жаңа тың деректер табылды. Сондай деректер қатарынан Жүсіпбек Аймауытовтың төте жазумен жазылған «Тез өлмен» өлең шумақтарын атауға болады [13, 19], сондай-ақ Шығыс Қазақстандағы советтік реформаларға қарсы бас көтерген 92 азаматтың істі болып сотқа тартылған («Тарбағатай ісі») [14], оның арты тағдырлары аянышты аяқталған азаматтардың құжаттары да ғылыми айналымға алғаш рет тартылды. 1910–1914 оқу жылдарының түлегі Қасымхан Бекенаевтың осы істі болған азаматтардың қатарынан еді. Алаштық қайраткер М.Әуезовтың да Алаш үстінен жүргізілген екінші сот процесі құжаттары [15] алғаш рет жүйелі түрде рәсімделіп оқырманға жол тартты. Мақаланы даярлауда тағы басқа да осы сияқты көптеген жаңа құжаттық деректер семинарияның алашшыл түлектерінің тағдырын, ұстанымын кеңінен тануға мүмкіндік берді.

Мәселені зерттеуде тарихи пәнаралық әдістер, күнделіктілік, әлеуметтік бағыт құралдары (микротарих, күнделіктілік) және тарихи-салыстырмалылық, тарихи-жүйелілік сияқты әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар қазіргі таңда мектепте алаш қайраткерлерінің жүріп өткен жолын жастарға жеткізу өзектілікке айналуда. Жаңадан ғылыми айналымға енген құпия қор құжаттары бойынша метепте оқыту әдістерін күшейту – қоғамда жастардың тарихи санасын қалыптастыраы анық. Сондықтан мақалада Қазақстан тарихын оқытуда деректік материалдар негізінде оқыту әдісі көрсетіледі.

Нәтижелер мен талқылау. Мектепте білім алушы жастарға патшалық Ресей империясының білім беру саясатын түсіндіруде ең алдымен оның түпкі мақсаты мен міндетін анықтап көрсеткен жөн. Ғасырларға созылған рухани экспансия саяси және экономикалық бағытпен қатар жүргентін. Оны төменде қысқаша мынадай кезеңдерге бөлу арқылы сипаттауға болады:

Бірінші кезең. XVIII-XIX ғ. бірінші жартысында мемлекеттік қазынаны жергілікті тұрғындарды тонау есебінен іске асыруды мақсат еткен әкімшілік ең алдымен аудармашы маман даярлауды қажет етті, сонымен қатар өңірден жаңа шикізат көздерін іздеп тауып, оны игеру

үшін әкімшілікке қазақ ортасынан империяға қызмет ететін шенеунік даярлау қажеттілігі артты, сондықтан орыс училищелері ашылды да, оған қазақ балалары тартылды [16].

Екінші кезең. XIX ғ. бірінші жартысы мен XIX ғ. соңында қазақ жерінде орыстық басқарма органдарының мықтап тұрып орнығуына байланысты, ендігі таңда халық ағарту ісіне жаңа талаптар қойыла бастады. Сонымен қатар рухани экспансияның екінші бағыты діни отарлаумен ұштасты. Мысалы, 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғыда»: «Қырғыз-қайсақтардың сенімі бүгінгі күнге дейін мұсылмандықтан гөрі пұтқа табынушылық болғандықтан, олардың көпшілігін христиан дініне оңай өткізуге үміт бар» [17], – делінді. Міне сөйтіп халықты орыстандыруға қарқынды түрде күш салына бастады [18]. Бұған қатысты зерттеуші Ю. А. Лысенко [19] да өз пікірін білдіреді, яғни христиан дініне мәжбірлеусіз енгізудің көзделгенін және мұны шіркеу жанынан ашылған мектептердің іске асыруы тиіс болғанын баяндайды.

Үшінші кезең. XIX ғ.с. – XX ғ.б. қазақ жеріне орыс шаруалары жаппай қоныс аударды, яғни әкімшілік шаруашылық тұрғыдан жерді иелену ісін қарқынды түрде іске асыра бастаған бұл кезеңде жергілікті тұрғындарды жалпыимпериялық «мәдениетке» тарту көзделінді, осы өңірден педагог кадрларын даярлау – педагогикалық училищелер мен семинариялар желісін қаптата ашу ісі жолға қойылды. Жалпыимперлік ортақ тілде сөйлейтін, империялық идеяны насихаттайтын ортаны қалыптастыру ісі патшалықтың назарынан еш түскен емес. Керісінше, осы рухани экспансияға қазына қомақты қаржы бөлумен болды. Міне осындай мақсатпен 1885 ж. шілдеде Батыс Сібір оқу округі құрылады. Оқу округі құрамына XX ғ. басында Тобыл және Томбы губерниялары, Ақмола және Семей облыстары енгізіледі...

Батыс Сібір оқу округіне қарасты Семей мұғалімдер семинариясы (ресми шешім 1902 жылы желтоқсанда қабылданды) 1903 жылдың 20 сентябрінде салтанатты түрде ашылып, жиын законоучительдің молебствия (құдайға құлшылық ету) рәсімімен басталады, содан соң семинария директоры оқуға түсушілерге оқытушылармен сәлемдесу, семинарияда қалай жүріп-тұру қажет екенін ескертті, сонымен қатар жастарды оқуға түсуімен құттықтап, нәтижелі тәмамдап шығуларына тілек білдірді [2, 16]. Осы жерде қазақ топырағында алғашқы Абай университеті жоғары оқу орнының ашылуында сөз сөйлеген ұлт ұстазы – А.Байтұрсыновтың да жастарға айтқаны еске түседі, ол білім мен ғылымның қазақ елінің тағдырында алатын орны жөнінде, яғни, ұлтты басқа жұртқа тәуелділіктен құтқаратын, оны басқа мәдениеттермен тең ете алатын жалғыз жол ол – мәдениет, білім мен ғылым жолы, жаңа техника мен технологияны игеру арқылы ғана ұлт өз жерінің байлығы мен берекесін қажетіне жарата алады деген пікірін білдірді. Ғасырлар бойғы езгіден ендігі таңда тек қана *ағартушылық* күрес жолымен құтылуға болатынын айтып, білімге шақырды, алғашқы университетті жаңадан отырғызылатын көшеттің орнына теңеді [20]. Біз келтірген бұл параллельдер арқылы білім жолының қай жақ болмасын және қашан да болмасын аса маңызды және зор құндылық болып табылатынына көз жеткізе аламыз. Ағартушы қайраткер А.Байтұрсыновтың бұл сөздері бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған. Оған қазіргі педагог кадларын даярлауды жетілдіру шараларының мемлекеттік тұрғыдан қойылуы дәлел бола алады.

Семей мұғалімдер семинариясының ғимараты орналасқан жер қаладан біршама қашық жерде болды. Бұл жөнінде архив құжаттарында: «семинарияның қала орталығынан қашық орналасуы семинарияның қаламен және оның түрлі мекемелерімен қарым-қатынасын қатты қиын-датты, осындай қолайсыздықтар бірнеше рет айтылды, телефон орнату шұғыл қажет» [21, 24], – делінетін архив құжатындағы мәліметтер, «Мұғалімдер семинариясы Семейдің терiскей тұсын-да, қаланың даламен шектелетін қиыр шетінде орналасқан. Көшесі де сол себепті «Степная» аталған. Семинария үйі сол күннің өзінде қаладағы ең еңселі, іші-сырты оюөрнектермен безен-дірілген, тіпті, қақпа, шатыржиектеріне дейін неше түрлі нақыштармен көркемделген...» [2, 234] деп суреттеген жазушы Медеу Сәрсекенің көрсетуімен дәл келетін еді, яғни семинария шынында қала шетінен бой көтерген болса керек.

Семинарияда физика, жаратылыстану, тарих пәндері оқытылды, сонымен қатар оқушының эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпалы зор, музыка, гимнастика, қол еңбегі сияқты

сабақтар да жүргізілді. Оқу процесіне қажет барлық әдістемелік құрал-жабдықтар болды, мысалы семинария жанындағы кітапхана жыл сайын жаңартылып отырды: 1903 жылғы есеп материал-дарында кітапханадағы кітап қорының құны 2740 сом 39 тиынды [2, 47] құраса, 1917 жылы оның көлемі 11107 сом 28 тиынға [21] өскен. Кітапхана Луи Пьердің «Английскии реформатор логики XIX в.», К.Ц. Ушинскийдің «Педагогическая сочинения», Спенсердің «Воспитание умственное, право и физическое», Белаевтың «Литературная хрестоматия», Бердяевтің «Философия свободы», Белинскийдің шығармалары, Тургеневтің шығармалары [22, 13-20] ж.б. көптеген тамаша философ, әдебиетші, психолог ғалымдардың кітаптарымен қамтылды. Ал музыка кабинеттерінде рояль, балалайка, флейта, кларнет, виолончель, мандолин, скрипка ж.б. аспаптар болды, сол сияқты қолөнер шеберханалары да қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыздандырылды. Мұндай жағдай білім алушылардың жан-жақты қалыптасуына, ой-өрісінің кеңінен дамуына ықпал етті.

Семинарияда білім алушыларға стипендия да тағайындалды, 1916 жылдың қорытынды есебі – стипендия көлемінің семинарияның ашылуынан бері қарай өткен он үш жыл ішінде 120 сомнан 180 сомға дейін өскенін көрсетеді [23]. Семинарияны қаржыландыру мемлекеттік қазына есебінен қамтамасыздандырылды, сонымен қатар жергілікті, қалалық немесе қоғамдық қаржы есебінен де стипендия төленіп тұрған [2, 17].

Семинарияның алғашқы (1903 ж.) оқытушылар құрамы 7 адамнан тұрды. Олар: дриектор А.Белый, құқық мұғалімі ол әрі, діни қызметкер – О.А. Балашев, 2 тәлімгер – И.Скорковскии және И.Преображенскии, ән сабағының мұғалімі – Н.В. Чулков, гимнастика сабағынан – Л.И. Рутилевский және өнерден – Н.Давыдов болса, 1916 жылғы есеп материалы негізінде оқытушылар құрамының онға жеткенін көреміз. Олар: 1. М.Н. Березников директор, стат кеңесші; 2. Б.И. Герасимов діни қызметкер; 3. И.П. Никитин тарих және геогрфия тәлімгері, стат кеңесшісі; 4. С.Н. Степанов физика және жаратылыстану тәлімгері, стат кеңесшісі; 5. Н.М. Харченко математика тәлімгері, стат кеңесшісі; 6. Н.Қ. Құлжанов коллеж хатшысы, қазақ тілі оқытушысы; 7. П.Г. Сарычев шені жоқ (не имеющий чина), ән сабағының оқытушысы; 8. П.С. Котлов шені жоқ (не имеющий чина), қол еңбегі сабағының оқытушысы, ол әрі бастауыш училищесінің мұғалімі; 9. И.Ф. Ламшаков шені жоқ (не имеющий чина), бастауыш училищесінің мұғалімі; 10. И.В. Гурбанов стат кеңесшісі; (И.М. Ложник – семинарияның құрметті қамқоршысы 2-гильдия көпесі және В.И. Попов – семинарияның дәрігері) [2, 29].

Көріп отырғанымыздай семинария оқытушыларының басым көпшілігінің стат кеңесшісі деген сол уақыттағы Ресей империясындағы 5-деңгейлі (ранг) азаматтық шені бар, ұзақ уақыт білім беру саласында жұмыс істеген тәжірибелі кәсіби маман иелері еді. Сондықтан олардың семинария тәрбиеленушілеріне қоятын талаптары да жоғары болды... Емтиханнан сүрінген оқушылардың стипендиялары тоқтатылған, емтиханды қайта тапсырып, одан сәтті өткенде ғана оларға (стипендия) қайта тағайындалған. Мысалы, семинария директорына жолданған әкімшіліктің (1911 ж. 5 қыркүйектегі) бір хатында: «Прошу Ваше высокородие, незамедлительно сообщить мне выдержал ли переэкзаменовку и переведены ли в следующий класс стипендианты Бабин, Бекенаев и Нюзюлько» [24], – делінген мәліметті кездестіруге болады. Бұл хатқа жауап ретінде 1911 ж. 21 қыркүйекте Қасымхан Бекенаевтың келесі курсқа сәтті өтіп, стипендиясын сақтап қалғанын көреміз [24, 63–64].

Қасымхан Бекенаев – семинарияның 1910–1914 жж. түлегі. Зайсан уезі Нарын болысында туған. 1910 жылы Көкпектінің 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқыған. Ол – алаш қозғалысына белсене қатысқан қайраткер тұлға. Соңғы жылдардағы жарық көрген жүзжылдық құпия құжаттарда оның бүгінге дейін белгісіз болып келген қайраткерлік қызметі көрсетіледі...

Қасымхан Бекенаевтың оқуға қабылдануына қатысты табылған мынадай бір маңызды құжатқа назар аударайық. Ол – 1920 жылдары Халық ағарту комиссары А. Байтұрсынұлының шақыруымен білім саласына ауысып, комиссариат алқасының мүшесі, әлеуметтік тәрбие бөлімінің басшысы, мектеп істері бөлімінің меңгерушісі секілді сол уақыттың жауапты қызметтерін абыроймен атқарған, Семей семинариясының 1905-1909 оқу жылдарындағы түлегі *Биахмет*

Сәрсенұлының хаты еді. Хат мынадай мазмұнда жазылған: «Глубокоуважаемый Николай Михайлович! Примите от меня пожелание всего наилучшего! Смею обратиться к Вам, на правах бывшего ученика, с покорнейшего просьбою не отказать в содействии подателю сего письма моему брату Касымхану Бекенаеву. Он окончил Кокпектинскую 2-х классную училище и желает продолжать свое образование в Семинарии. Если ему не будет назначена земская стипендия, то я уверен Вас, Николай Михайлович посодействуете ему в назначении казенной стипендии.

У Бекенаева нет в городе никого из знакомых, так что мы расчитываем, Николай Михайлович, на ваше содействие.

Остаюсь в надежде с почтением ученика ваше Бий-Ахмед Сарсенев. 1910 г. 1 августа» [21]. Небәрі 25 жастағы азаматтың өзі білім алған оқу орнындағы ұстазымен теңдей қарым-қатынас жасап, өтініш білдіруге алуы, өзінен кейінгі буынға қамқорлық көрсете алуы Биахмет Сәрсеновтың тұлғалық қасиетін көрсетеді. Б.Сәрсеновтың білім үлгерімі туралы құжаттар семинарияның қаншалықты талапшыл болса да, көп оқушылардан әлдеқайда озық оқығанын байқатады. 1905 жылғы табельде тарих, география сабақтарынан «үздік», ал арифметика, алгебра, геометрия, физика, жаратылыстану сабақтарынан «жақсы» [2, 53] деген бағалар алғаны көрсетілген.

Ағасының мұндай қамқорлығын ақтап шыққан Қасымхан Бекенаев семинарияны толық-қанды оқып, педагог мамандығын алып шыққан. Қ. Бекенаевтың семинарияны тәмамдауы туралы куәлік құжатында: «Семей семинария кеңесінің атынан мұғалімдер семинариясы туралы ереженің негізінде 4 жылдық оқу курсын бітірген Бекенаев Қасымханға өзінің өте жақсы тәртібімен келесі жетістіктері туралы куәлік берілді» [25] – делініп, төмендегідей мәліметтер көрсетілген: Құдай Заңы сабағын – «оқыған жоқ»; педагогика, орыс және славян-шіркеу тілдерін, математика (арифметика, геометрия, алгебра, және жер өлшеу), тарих, география, физика, жаратылыстану сабақтарынан – «қанағаттанарлық»; қазақ тілінен – «жақсы»; көркем жазу, сурет және сызу, ән сабақтарынан – «қанағаттанарлық»; практикалық сабақтардан – «қанағаттанарлық» деген бағалар қойылған. Куәлікте мұнымен қоса оның гимнастика бойынша, қол еңбегінен білім алғаны қоса жазылған [25, 29].

Сонымен гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары бойынша, сондай-ақ өнер, еңбек сынды эстетикалық талғамды қалыптастырушы пәндерден терең білім алған түлектер нағыз кәсіби педагог болып шықты. Олар жай ғана ұстаз емес, қоғам мәселелерін терең түсінетін, белсенді саяси-ағарту жұмыстарына даяр нағыз зиялылар қатарын құрды. Бұл тұрғыда біз патшалықтың қиянатшыл саясатын көріп өскен қазақ семинаристерін айтқан болар едік. Мысалы, семинарист Қасымхан Бекенаевты атаған болар едік. Бүгінде Қ. Бекенаевтың есімі, оның саяси қайраткерлік қызметі қоғамға жете таныс емес. Осы тұста біз 1921-1931 жылдар бойы ОГПУ жүргізген «Жігіт» операциясы туралы, яғни Қазақстанның барлық өңірлері сияқты советтік реформалардан жапа шеккен Шығыс Қазақстандағы алаш ұлт-азаттық күресінің қатысушысы, семинария түлегі – Қасымхан Бекенаевтың осы істе алатын орны жөнінде қысқаша тоқталғанды жөн көрдік. Қазақ азаттық қозғалысына белсенді атсалысқан алаш офицері Қасымхан Жақыпұлының ісіне қатысты берілген құжаттық материалдар саяси белсенділік танытқан әрбір қазақ азаматының советтік құпия, полицияның жіті назарында болғанын байқатады.

Қ. Бекенаевтың 1921 ж. 12 тамыздағы жеке парағында (личный листок) оның 1891 жылы туылғаны, Зайсан уезінің Нарын болысында дүниеге келгені, ұсталған уақытта халық ағарту бөлімінің меңгерушісі екендігі көрсетілген. Оның отбасы жөнінде әкесі – Жақып Бекенаев 66 жаста, ағасы Жүніс 50 жаста, немере інісі Нәби 4 жаста, Чултай 13 жаста, Ғайли 8-де, апайы 30-да делінеді. Анкетадағы білімі деген позицияда Қ.Бекенаевтың Семей мұғалімдер семинариясын бітіргендігі және мамандығы – мұғалім деп жазылған.

Ал Қ. Бекенаевтың ОГПУ қызметкерінің «Қазақ ұлттық-діни қозғалысының көрнекті қайраткер анкетасы» деп басталатын 1923 ж. 4 желтоқсанда толтырылған құжатында оның мекен-жайы: Зайсан қ., Садовая көшесі, № 21 үй; жеке мүлігі жоқ; отбасы жағдайы –

үйленбеген; мамандығы – мұғалім; ел ішінде беделді, интеллигент қатарынан; шетелмен байланысы – 1920 ж. совет үкіметінен қашып Қытайда жүрген деген де мәліметтер көрсетілген. Сонымен қатар аталған құжатта 1919 ж. 25 қарашасынан Зайсан қаласында Алаш орданың өкілі, 1917-1918 жж. Жар ауылдық училищесінде мұғалімдік қызмет еткендігі жазылған. ОГПУ-дың Қ.Бекенаевқа қатысты материалдары ішінен оның түр сипатына да анықтама бергенін көре аламыз: «бойы орташадан төмен; жүзі дөңгелек, қара бозғылт (смугло бледное); қасы қара; ерні әдеттегідей; көздері қара, әлсіз қиғаш қабақ; мұрты кішкентай қара; түрі зиялы қазақ; аяғы қарапайым, дене бітімі мығым, яғни бойына пропорционалды; маңдайы кең; мұрны сәл жазыңқы; шашының түсі қара; құлағы кәдімгідей; сақалы жоқ; жүрісі кәдімгідей; ерекше белгілері жоқ; қолы кәдімгідей» [14, 184]. Жоғарыда айтқанымыздай іздеріне ұзақ түсіп аңду жұмысы жүргізілген ОГПУ-дың бұл ісі «Жігіт» операциясы аталды. «Жігіт операциясы» басым түрде Шығыс Қазақстанның Тарбағатай өңірін қамтып шамамен 1921–1931 жж. аралығында жүргізілді. Бұл операция бойынша Тарбағатай ауданында контрреволюциялық ұлтшылдар алашордалық ұйымын құрып, советтік құрылысқа қарсы әрекеттер жасады деген айыптаумен жүзден астам аудан тұрғындары жауапқа тартылған. 1932 ж. 9 маусымда Қазақстандағы ПП ОГПУ жанындағы үштік қылмыс кодексінің 58/11 бабына сәйкес қамауға алынған 92 адамның біреуін (Жалаушинов Рақым) он жылға концлагерге, екуін (Ақжанов Дален, Қалқаев Құрманғали) сегіз жылға концлагерге, жиырма үшін концлагерге бес жылға, тағы бір жиырма үшін концлагерге (оның ішінде Қасымхан Бекенаев та бар) үш жылға, келесі он тоғызын екі жылға концлагерге, тағы бір тоғызын бір жылға концлагерге жабу туралы, қалған онын Қазақстан аумағынан, түрлі мерзімге жер аудару туралы шешімін жариялайды [26]...

Семинарияның жарқын түлектерінің бірі Жүсіпбек Аймауытовтың ондағы өмір жылдары көптеген авторлардың зерттеулеріне арқау болған. Бұл тұрғыда ф.ғ.к. Ш. Жанаева көлемді ғылыми мақала арнаған, автор онда Ж.Аймауытовтың әдеби-творчестволық еңбегінің семинария қабырғасында басталып, шыңдалғанын жазады. Архив құжаттарына сүйене отырып көрнекті жазушының семинариядағы оқу үлгерімі, замана арнасындағы аумалы-төкпелі өмірдің (1916-1917 жж.) Ж. Аймауытовтың да отбасына, әлеуметтік жағдайына ықпалы болғанын жан-жақты талдап көрсетеді.

Сондай-ақ, көрнекті жазушының өмірі мен қызметі т.ғ.к. Т. Каленованың «Жүсіпбек Аймауытов: қайраткерлігі, ағартушылығы, саяси көзқарасы» [22, 27] атты монографиялық зерттеуінде жан-жақты талдауға алынған.

Ж. Аймауытов оқыған 1914–1919 жылдар аралығы саяси тұрақсыз ең ауыр жылдарға сәйкес келді. Оның әсіресе архивте сақталған: «один брат взят на полевые работы, другой по болезни оставлен; в семье 8 человек, отец старик 80 лет, мать тоже; состояние родителей самое скудное; кроме меня нет годного к работе человека, помощь моя тем более нужна, что наступает время полевых передвижек» [22, 11], – деген мазмұндағы хаты елдің заман арнасындағы барлық мұң-мұқтажын көрсетіп тұр. Сол сияқты бұл жылдардағы ауыр өмір оның семинарист замандастарының да директорға жазған өтініштерінде айтылады, яғни, бірі отбасынан ер азаматтарды әскерге әкетілгенін жазса, ал енді бірі үй іші адамдарының денсаулықтарының жарамсыз екенін көрсеткен [22, 11]. Осы мазмұнда 72 оқушыдан өтініш түскен.

Қорытынды. Сонымен біз мақалада семинарияның қызметі және жоғарыда аталған бірқатар алашшыл педагог түлектері жөнінде тоқталдық. Мектепте Қазақстан тарихы бағдарламасына енгізілмеген семинарист, «Тарбағатай ісі» бойынша айыпталған алаштық офицер Қасымхан Бекенаев, мемлекет қайраткері алашшыл Биахмет Сәрсенов ж.б. да көптеген тұлғалардың жүріп өткен жолын жастарға жеткізудің маңызы зор. Сондай-ақ, Мұқтар Әуезовтің алаш сот ісіне қатысы болғанын, Жүсіпбек Аймауытовтың бүгінде көпшілікке белгілі «Тез өлмен» өлеңінің тарихын және де басқа көптеген алашшыл педагог түлектердің қайраткерлік қызметі мектепте архив құжаттары негізімен оқытылғаны дұрыс болмақ. Бұл өскелең ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Яғни, құжаттық деректерді ҚР Президенті Қ.-Ж.

Кемелұлы Тоқаевтың атап көрсеткеніндей жастардың «жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата біліп» өсуіне үйрететін тағылымы мол мұралар деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. [https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340] Қаралған күні: 4.05.2026 ж.

2. Алаштың тұңғыш білім ордасы – Семей: М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж, 2024. / Бас редактор: Шағанкүл Алдамжарқызы Жанаева. – 504 б.

3. Далаева Т.Т. Казахи-выпускники Омской и Семипалатинской учительских семинарий (конец XIX – начало XX в.). // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2025. – №3. – 48-64. https://doi.org/10.26577/JH202511835

4. Садыкова А.К. «Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы- 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында). 6D011400-Тарих маманд. филос.докторы (PhD) дәр.алу үшін дайынд. дисс.

5. Герасимова А.П. (1950) Из истории педагогического образования в Казахстане (1872–1917 гг.): автореф. дисс.канд. пед. наук. – Москва.16 с.

6. Кочурина С.А. Учительские институты Западно Сибири и их роль в подготовке педагогических кадров (1902–1920) Автореф.на сосиск.уч.ст.к.и.н. Томск 2005.

7. Войтеховская М.П. Подготовка учительских кадров для начальных училищ в Западно Сибирском учебном округе. [//https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-uchitelskih-kadrov-dlya-nachalnyh-uchilisch-v-zapadno-sibirskom-uchebnom-okruge Қаралған күні]: 4.05.2026 ж.

8. Петрова О.В. Формирование сети учительских семинарий в Западно-Сибирском учебном округе в конце XIX-начале XX века. // Вестник ТГПУ. 2009. Выпуск 12.

9. Рыгалова М.В. (Подготовка учительских кадров на территории Степного края и Туркестанского генерал-губернаторства в конце XIX – начале XX вв. [// chrome-extension: //efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://s.esrae.ru/timekguki/pdf/2020/2(29)/553.pdf]. Қаралған күні: 4.05.2026 ж.

10. ҚРОМА. 503-қор, 1-тізім, 1-іс (1903 ж.), 10-іс (1909 ж.), 1-іс (1903 ж.)

11. ҚРОМА. 503-қор, 1-тізім, 7-іс (1906 ж.), 8-іс (1906 ж.), 9-іс (1907 ж.), 14-іс (1911 ж.), 24-іс (1915 ж.), 28-іс (1916 ж.).

12. ҚРОМА. 503-қор, 1-тізім, 3-іс (1904 ж.), 12-іс (1910 ж.), 18-іс (1912 ж.), 19-іс (1912/13 ж.), 21-іс (1913 ж.), 29-іс (1916 ж), 30-іс (1916 ж.)

13. Аймауытұлы Ж. «Тез өлмен». // Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 6-том. «Алашорда үкіметі мүшелері мен осы ұстанымдағы тұлғаларды жою шаралары. 1933-1938 жж.» /Құраст.: М.Қойгелдиев, Х.Әбжанов, Г.Нұрымбетова, З.Мырзатаева, Ж.Өзбеков. Алматы: «Kitap», 2023. - 504 б.; ҚР ПА. 352 қ. 1-т. (Қарағанды обл.). 1093-іс. 2-т. 522-523 пп. (араб графикасынан аударма).

14. №5763 Тергеу ісі. Тарбағатай ұлтшылдарының (Алашордалық ұйымы). «Жігіт» операциясы. Следственные материалы на Бекенаева Касымхана. // Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 4-том. «№2370 М.Тынышбайұлы, М. Мурзин, Р. Урдабаев және басқаларды айыптау ісі. 1930–1932 жж. /Құраст.: М.Қойгелдиев, Қ. Әлімғазинов, З. Мырзатаева, Е. Чиликова. Алматы: «Кітап пресс», 2023. – 448 б.;

15. «Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикован-ного ОГПУ». В двух томах – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2022, 2023. Том первый: «Торғай ісі. 1922–1926 жж. № 78754 тергеу ісі. 1927–1930 жж. Торгайское дело. 1922–1926 гг. Следственное дело № 78754. 1927–1930 гг. Сост.: М.К. Койгелдиев (ответ. ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. – 984 с.; Том второй: «Алашское дело 1930-1932 гг.

Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ» / Сост.: М.К. Койгелдиев (ответ. ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. – 828 с.

16. Чуркина Н.И. Инородческое образование в Омском Прииртышье в контексте задач имперской политики второй половины XIX – начала XX в. Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки». 2018. № 4 (20). С. 122–129. DOI 10.25513/2312-1300.2018.4.122-129

17. Стурова М.В. Образовательная среда на территории Акмолинской и Семипалатинской областей (50–80-е гг. XIX в.) [https://cyberleninka.ru/article/n/obrazovatelnaya-sreda-na-territorii-akmolinskoy-i-semipalatinskoy-oblastey-50-80-e-gg-xix-v]. Қаралған күні: 4.05.2026.

18. Жакыпбек С., Садвакасова З. Из истории обучения казахской молодежи при царизме. // Вестник. Серия ист. – 1999. №13. –С. 54–59.

19. Лысенко Ю. А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX в.). – Барнаул, 2010. – 194 с.

20. Алғашқы. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарихынан (оқу орны бітірушілер мен оқытушыларының еңбектері мен естеліктерінен): Ғылыми-зерттеу жинағы /М.Қ. Қойгелдиев ж.б - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2013 – 184 б.

21. ҚРОМА. 503-қор, 1-тізім, 4-іс, 29 п. Дело по вопросам касающимся воспитанников семинарии: прошения, удостоверения, отзывы

22. ҚРОМА 503-қор, 1-тізім, 29-іс, 41 пп. Приложение к протоколу педагогического совтеа семинарии №3. 1917.

23. ҚРОМА 503-қор, 1-тізім, 28-іс, 29 п. Годовой отчет по Семипалатинской имени его ого Высочества наследника Цесаревича и Великого князя Алексея Николаевича учительской семинарии за 1916 г.

24. ҚРОМА 503-қор, 1-тізім, 1-іс, 29 п.

25. ҚРОМА 503-қор, 1-тізім, 23-іс, 29 п.

26. Қойгелдиев М. Кіріспе. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 3-том. № 2370 М. Тынышбайұлы М. Мурзин, Р. Урдабаев және басқаларды айыптау ісі. 1930-1932 жж.» / Құраст.: М.Қойгелдиев, Қ.Әлімғазинов, З.Мырзатаева, Е.Чиликова. Алматы:«Kitap» баспасы, 2023. – 544 б.

27. Каленова Т. «Жүсіпбек Аймауытов: қайраткерлігі, ағартушылығы, саяси көзқарасы». Монография. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2022. – 218 .

References:

1. Memleket basshysy Kasym-Zhomart ToKaevtyn «Bilim keleshegi: adal azamat, kəsibi maman» takyrybyndagy tamyz konferenciasynyn plenarlyk otyrysynda sojlegen sozi. [https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340] Karalgan kuni: 04.05.2026 g.

2. Alashtyn tungysh bilim ordasy – Semej: M.O. Әuezov atyndagy pedagogikalyk kolledzh, 2024. / Bas redaktor: Shagankyl Aldamzharkyzy Zhanaeva. – 504 b.

3. Dalaeva T.T. Kazahi-vypuskniki Omskoj i Semipalatinskoj uchitel'skih seminarij (konec XIX – nachalo XX v.). // Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya. – 2025. – №3. – 48-64. https://doi.org/10.26577/JH202511835

4. Sadykova A.K. «Kəsibi pedagogikalyқ bilim beru oku oryndarynyn tarihy (XIX gasyrdyn ekinshi zhartysy - 1917 zhyldardagy Zhetisu zhane Syrdariya oblystarynyn mysalynda). 6D011400-Tarih mamand. filos.doktory (PhD) dər.alu yshin dajynd. diss.

5. Gerasimova A.P. (1950) Iz istorii pedagogicheskogo obrazovaniya v Kazahstane (1872–1917 gg.): avtoref. diss.kand. ped. nauk. – Moskva.16 s.

6. Kochurina S.A. Uchitel'skie instituty Zapadno Sibiri i ih rol' v podgotovke pedagogicheskih kadrov (1902-1920) Avtoref.na sosisk.uch.st.k.i.n. Tomsk 2005.

7. Vojtekhovskaya M.P. Podgotovka uchitel'skih kadrov dlya nachal'nyh uchilishch v Zapadno Sibirskom uchebnom okruge //https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-uchitelskih-kadrov-dlya-nachalnyh-uchilisch-v-zapadno-sibirskom-uchebnom-okruge. Karalgan kuni: 6.05.2026.

8. Petrova O.V. Formirovanie seti uchitel'skih seminarij v Zapadno-Sibirskom uchebnom okruge v konce HIH-nachale HKH veka. // Vestnik TGPU. 2009. Vypusk 12.

9. Rygalova M.V. (Podgotovka uchitel'skih kadrov na territorii Stepnogo kraya i Turkestanskogo general-gubernatorstva v konce XIX – nachale XX vv. // chrome-extension://efaidnbmnnnibpcajpcglclefindmkaj/https://s.esrae.ru/timekguki/pdf/2020/2(29)/553.pdf). Karalgan kuni: 6.05.2026.

10. KROMA. 503-kor, 1-tizim, 1-is (1903 zh.), 10-is (1909 zh.), 1-is (1903 zh.)

11. KROMA. 503-kor, 1-tizim, 7-is (1906 zh.), 8-is (1906 zh.), 9-is (1907 zh.), 14-is (1911 zh.), 24-is (1915 zh.), 28-is (1916 zh.).

12. KROMA. 503-kor, 1-tizim, 3-is (1904 zh.), 12-is (1910 zh.), 18-is (1912 zh.), 19-is (1912/13 zh.), 21-is (1913 zh), 29-is (1916 zh), 30-is (1916 zh)

13. Ajmauytuly ZH. «Tez olmen». // Alashorda isi. 1920-1940 zhzh. Kuzhattar men materialdar. 6-tom. «Alashorda ykimeti mysheleri men osy ustanymdagy tulgalardy zhoyu sharalary. 1933-1938 zhzh.» /Kurast.: M.Қojgeldiev, H.Abzhanov, G.Nurymbetova, Z.Myrzataeva, Zh.Ozbekov. Almaty: «Kitap», 2023. - 504 b.; KR PA. 352-kor. 1-t. (Karagandy obl.). 1093-is. 2-t. 522-523 pp. (arab grafikasynan audarma).

14. №5763 Tergeu isi. Tarbagataj ultshyldarynyn (Alashordalyk ujymy). «Zhigit» operaciyasy. Sledstvennye materialy na Bekenaeva Kasymhana. //Alashorda isi. 1920-1940 zhzh. Kuzhattar men materialdar. 4-tom. «№2370 M.Tynyshbajuly, M. Murzin, R. Urdabaev zhane baskalardy ajyptau isi. 1930-1932 zhzh. /Kurast.: M.Kojgeldiev, K. Әlimgazinov, Z. Myrzataeva, E. Chilikova. Almaty: «Kitap press», 2023. - 448 b.

15. «Alashskoe delo 1920-1930 gg. Dokumenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPU». V dvuh tomah – Almaty: TOO «Izdatel'stvo LEM», 2022, 2023. Tom pervyj: «Torgaj isi. 1922-1926 zhzh. № 78754 tergeu isi. 1927-1930 zhzh. Torgajskoe delo. 1922-1926 gg. Sledstvennoe delo № 78754. 1927-1930 gg. Sost.: M.K. Kojgeldiev (otvet. red.), Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakulova. – 984 s.; Tom vtoroj: «Alashskoe delo 1930-1932 gg. Dokumenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPU» / Sost.: M.K. Kojgeldiev (otvet. red.), Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakulova. – 828 s.

16. Churkina N.I. Inorodcheskoe obrazovanie v Omskom Priirtysh'e v kontekste zadach imperskoj politiki vtoroj poloviny XIX – nachala HKH v. Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Istoricheskie nauki». 2018. № 4 (20). S. 122–129. DOI 10.25513/2312-1300.2018.4.122-129

17. Sturova M.V. Obrazovatel'naya sreda na territorii Akmolinskoj i Semipalatinskoj oblastej (50–80‑e gg. XIX v.) [https://cyberleninka.ru/article/n/obrazovatelnaya-sreda-na-territorii-akmolinskoy-i-semipalatinskoy-oblastey-50-80-e-gg-xix-v]. Karalgan kyni: 2026.04.05.

18. Zhakypbek S., Sadvakasova Z. Iz istorii obucheniya kazahskoj molodezhi pri carizme. // Vestnik. Seriya ist. – 1999. №13. – S. 54-59.

19. Lysenko YU. A. Missionerstvo Russkoj pravoslavnoj cerkvi v Kazahstane (vtoraya polovina XIX – nachalo XX v.). – Barnaul, 2010. – 194 s.

20. Algashky. Abaj atyndagy KazUPU-nің tarihynan (oku orny bitirushiler men okytushylarynyn enbekteri men estelikterinen): Gylymi-zertteu zhinagy/M.K. Kojgeldiev zh.b - Almaty: Abaj atyndagy KazUPU, «Ulgғat» baspasy, 2013 – 184 b.

21. KROMA. 503-kor, 1-tizim, 4-is, 29 p. Delo po voprosam kasayushchimsya vospitannikov seminarii: prosheniya, udostovereniya, otzyvy

22. KROMA 503-қor, 1-tizim, 29-is, 41 pp. Prilozhenie k protokolu pedagogicheskogo sovtea seminarii №3. 1917.

23. KROMA 503-kor, 1-tizim, 28-is, 29 p. Godovoj otchet po Semipalatinskoj imeni ego ogo Vysochestva naslednika Cesarevicha i Velikogo knyazya Alekseya Nikolaevicha uchitel'skoj seminarii za 1916 g.

24. KROMA 503-қор, 1-tizim, 1-is, 29 p.

25. KROMA 503-қор, 1-tizim, 23-is, 29 p.

26. Koigeldiev M. Kirispe. 1920-1940 zhzh. Kuzhattar men materialdar. 3-tom. № 2370 M. Tynyshbayuly M. Murzin, R. Urdabaev zhəne baskalardy ajyptau isi. 1930-1932 zhzh.» /Kurast.: M.Kojgeldiev, K.Alimgazinov, Z.Myrzataeva, E.Chilikova. Almaty: «Kitap» baspasy, 2023. – 544 b.

27. Kalenova T. «Zhysipbek Ajmauytov: қajratkerligi, agartushylygy, sayasi kozkarasy». Monografiya. – Almaty: «Evero» baspasy, 2022. – 218 .

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI: 03.20
ӘӨЖ/УДК/UDC: 94(574):37.091.3 https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.021

Г.М. Ахметова *[1]

[1] кандидат исторических наук, ассоциированный профессор,
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Казахстан, Усть-Каменогорск.
E-mail: gulzh.akhm@mail.ru
https://orcid.org/0009-0000-8652-331X

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ И. В. ЕРОФЕЕВОЙ В ПРЕПОДАВАНИИ НОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассматривается источниковедческий потенциал научного наследия И.В. Ерофеевой для преподавания Новой истории Казахстана в вузе. Цель исследования — систематизировать применявшиеся исследовательницей приёмы критики и взаимной проверки разнородных источников и определить возможности их использования при изучении политической и социально-экономической истории XVIII — середины XIX века. Источниковую базу составили монографии, археографические публикации, научные статьи и коллективные издания, посвящённые эпистолярному наследию, политической биографике, кочевому хозяйству, торговле, топонимике и материальным знакам статуса и власти. В работе применены источниковедческий, историографический, историко-сравнительный и проблемно-хронологический методы, а также серийный, формулярный и просопографический анализ. Сопоставление трудов И.В. Ерофеевой выявляет последовательную процедуру работы с историческими свидетельствами: установление происхождения и формальных признаков документа, сравнение оригинала с синхронным переводом, проверку содержащихся в нём сведений по административным, топонимическим, вещественным и визуальным материалам и последующее формулирование исторического вывода. Особое значение в этой процедуре имеют синхронные переводы, печати и факсимиле, использовавшиеся при атрибуции документов, уточнении их датировки и оценке заявленного политического статуса исторических деятелей. Сопоставление разнородных свидетельств уточняет различия в трактовке покровительства и подданства, соотношение ханского титула и фактического политического влияния, связь политического авторитета с мобильностью, торговлей и доступом к ресурсам, а также сочетание династических, служебных и экономических оснований общественного статуса. Научная новизна исследования заключается в реконструкции взаимосвязанной последовательности перехода от критики источника к историческому выводу. Реконструированные по трудам И. В. Ерофеевой приёмы могут быть

включены в университетский курс как пример источниковедческого анализа, позволяющий показать происхождение исторического знания и границы доказательности научной интерпретации.

Ключевые слова: Новая история Казахстана, И.В. Ерофеева, источниковедение, эпистолярные источники, университетское преподавание истории.

Г.М. Ахметова *[1]

[1] тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Өскемен.
E-mail: gulzh.akhm@mail.ru
https://orcid.org/0009-0000-8652-331X

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ И. В. ЕРОФЕЕВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа

Мақалада И.В. Ерофееваның ғылыми мұрасының Қазақстанның жаңа тарихын жоғары оқу орнында оқытудағы деректанулық әлеуеті қарастырылады. Зерттеудің мақсаты — зерттеуші қолданған әртекті тарихи деректерді сын тұрғысынан талдау және өзара тексеру тәсілдерін жүйелеу, сондай-ақ оларды XVIII ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихты зерделеуде пайдалану мүмкіндіктерін айқындау. Деректік базаны эпистолярлық мұраға, саяси өмірбаяндық зерттеулерге, көшпелі шаруашылыққа, саудаға, топонимикаға және мәртебе мен биліктің материалдық белгілеріне арналған монографиялар, археографиялық жарияланымдар, ғылыми мақалалар мен ұжымдық басылымдар құрады. Зерттеуде деректанулық, тарихнамалық, тарихи-салыстырмалы және проблемалық-хронологиялық әдістер, сондай-ақ сериялық, формулярлық және просопографиялық талдау қолданылды. И.В. Ерофееваның еңбектерін салыстыра талдау тарихи айғақтармен жұмыс істеудің бірізді тәртібін айқындайды: құжаттың шығу тегі мен ресімдік белгілерін анықтау, түпнұсқаны сол кезеңде жасалған аудармамен салыстыру, ондағы мәліметтерді әкімшілік, топонимиялық, заттай және визуалды материалдар негізінде тексеру және соның нәтижесінде тарихи қорытынды тұжырымдау. Бұл үдерісте құжаттарды атрибуциялау, олардың мерзімін нақтылау және тарихи тұлғалардың мәлімделген саяси мәртебесін бағалау үшін пайдаланылған сол кезеңдегі аудармалар, мөрлер мен факсимилелердің маңызы ерекше. Әртекті айғақтарды өзара салыстыру қамқорлық пен бодандық ұғымдарының түсіндірілуіндегі айырмашылықтарды, хан атағы мен нақты саяси ықпалдың арақатынасын, саяси беделдің көшіп-қонумен, саудамен және ресурстарға қолжетімділікпен байланысын, сондай-ақ қоғамдық мәртебенің әулеттік, қызметтік және экономикалық негіздерінің өзара ұштасуын нақтылайды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы деректанулық сыннан тарихи қорытындыға өтудің өзара сабақтас бірізділігін қайта құрудан тұрады. И.В. Ерофееваның еңбектері негізінде айқындалған тәсілдер тарихи білімнің қалай қалыптасатынын және ғылыми түсіндірудің дәлелділік шектерін көрсетуге мүмкіндік беретін деректанулық талдау үлгісі ретінде университеттік курс мазмұнына енгізілуі мүмкін.

Кілт сөздер: Қазақстанның жаңа тарихы, И.В. Ерофеева, деректану, эпистолярлық деректер, университетте тарихты оқыту.

G.M. Akhmetova *[1]

[1] *Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.*
E-mail: gulzh.akhm@mail.ru
https://orcid.org/0009-0000-8652-331X

THE SOURCE-CRITICAL POTENTIAL OF I. V. EROFEEVA'S SCHOLARLY LEGACY IN TEACHING THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines the source-critical potential of I. V. Erofeeva's scholarly legacy for teaching the modern history of Kazakhstan at the university level. The aim of the study is to systematize the methods of source criticism and cross-checking of heterogeneous historical sources employed by the researcher and to identify their potential for studying the political and socio-economic history of Kazakhstan from the eighteenth to the mid-nineteenth century. The source base comprises monographs, archaeographic publications, scholarly articles, and edited volumes devoted to epistolary heritage, political biography, nomadic economy, trade, toponymy, and material markers of status and power. The study employs source-critical, historiographical, comparative-historical, and problem-chronological methods, as well as serial, formulary, and prosopographical analysis. A comparison of I. V. Erofeeva's works reveals a consistent procedure for working with historical evidence: establishing the provenance and formal features of a document, comparing the original with a contemporary translation, verifying its contents against administrative, toponymic, material, and visual evidence, and subsequently formulating a historical conclusion. Contemporary translations, seals, and facsimiles are particularly important within this procedure, as they were used to attribute documents, refine their dating, and assess the claimed political status of historical actors. The comparison of heterogeneous evidence clarifies differences in the interpretation of political protection and subjecthood, the relationship between the title of khan and actual political influence, the connection between political authority and mobility, trade, and access to resources, as well as the combination of dynastic, official, and economic foundations of social status. The original contribution of the study lies in reconstructing the interconnected sequence through which source criticism leads to a historical conclusion. The analytical procedures reconstructed from I. V. Erofeeva's works may be incorporated into university teaching as an example of source-critical analysis that demonstrates how historical knowledge is produced and identifies the evidentiary limits of scholarly interpretation.

Key words: modern history of Kazakhstan, I. V. Erofeeva, source criticism, epistolary sources, university history teaching.

Введение. Изучение политической и социально-экономической истории Казахстана XVIII — середины XIX века в университетском курсе предполагает обращение не только к историографическим обобщениям, но и к источникам, на основании которых эти обобщения сформулированы. Это особенно существенно при рассмотрении российско-казахских отношений, ханской власти, административных преобразований, кочевого хозяйства, торговли и социальной структуры степного общества. Российская административная документация и свидетельства внешних наблюдателей фиксировали происходившие в степи процессы преимущественно с позиции учреждений и лиц, создававших эти материалы. Ханы, султаны и представители родовых объединений в таких документах нередко становились объектами административного описания и дипломатического взаимодействия. Публикация письменных памятников местного происхождения дала возможность сопоставить этот взгляд с позициями самих участников политической коммуникации. Однако происхождение документа само по себе не определяет степень его достоверности. Дипломатические письма, их переводы, служебные донесения,

путевые записки, карты, печати и вещественные памятники требуют анализа с учётом обстоятельств создания, назначения, языка, адресата, переводческой практики и условий сохранения.

Для настоящего исследования труды И.В. Ерофеевой важны прежде всего как пример последовательной работы с разными типами исторических свидетельств. Значительная часть её исследований была связана с выявлением, публикацией и сопоставлением новых документальных комплексов. Исследовательница обращала внимание на происхождение документа, его авторство, язык, адресата, время и обстоятельства создания и критиковала исторические построения, в которых документальная проверка подменялась героико-мифологической интерпретацией прошлого [1]. Такой подход особенно отчётливо проявился в работе с перепиской казахской правящей элиты, административными материалами, сведениями путешественников, топонимическими данными и вещественными памятниками.

Археографическая деятельность И.В. Ерофеевой, её исследования ханской власти, политической биографики и наследственной элиты получили отражение в историографической литературе [15–19; 21]. Вместе с тем применявшиеся ею исследовательские приёмы обычно рассматриваются применительно к отдельным темам или публикациям. Менее изученным остаётся их взаимное сочетание: серийное чтение корреспонденции, анализ дипломатического формуляра, сопоставление оригинала и современного ему перевода, изучение титулатуры, печатей, мест составления документов и состава адресатов. Рассмотрение этих операций в совокупности позволяет проследить, каким образом критика отдельного документа переходила в выводы о пределах ханской власти, понимании покровительства и подданства, хозяйственных основаниях политических решений и изменении положения степной элиты в условиях расширения имперского административного присутствия.

18. Kundakbayeva Zh. B., & Nuratai A. A. (2021). The Hereditary Elite of the Kazakh Society of the XVII–XIX Centuries in the Scientific Heritage of Irina Erofeeva. Nomadic Civilization: Historical Research, 1(2), 20–37. https://doi.org/10.53315/2782-3377-2021-1-2-20-37

19. Kosach G. G. (2000). Retsenziya na knigu: I. V. Erofeeva. Khan Abulkhair: polkovodets, pravitel' i politik [Book review of I. V. Erofeeva's Khan Abulkhair: Commander, ruler, and politician]. Vostok (Oriens), 3, 192–200. (in Russian).

20. Abashin S. N. (2008). Razmyshleniya o "Tsentral'noi Azii v sostave Rossiiskoi imperii" [Reflections on "Central Asia within the Russian Empire"]. Ab Imperio, 4, 456–471. (in Russian).

21. Istoriko-kul'turnoe nasledie Velikoi stepi: opyt, problemy i perspektivy issledovanii: materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posvyashchennoi pamyati I. V. Erofeevoi

[Historical and cultural heritage of the Great Steppe: Experience, problems, and research prospects. Proceedings of the international scientific and practical conference dedicated to the memory of I. V. Erofeeva]. (2025). Ust-Kamenogorsk: Berel Publishing House, S. Amanzholov East Kazakhstan University. 219 p. (in Russian).

ҒТМАР / МРНТИ / IRSTI 03.09.55
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 9(c)77 С 52
https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.022

А.М. Сманова[1], Ж.К. Ахметова[2]*

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aigulsmanova123@gmail.com
https://orcid.org/0000-0002-8241-9256

[2]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: akhmetova.zhanat73@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-6671-1954

ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХТА ОҚЫТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ

(Академик К. Нұрпейістің зерттеулері мысалында)

Аңдатпа

Мақалада академик Кеңес Нұрпейстің ғылыми зерттеулері бойынша, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің автономиялы мемлекет құру жолындағы күресі мен ұлттық идеяларының қазіргі ұлттық тарихта оқытылу мәселесі туралы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Алаш қозғалысының негізгі ұлттық идеологиясын, қозғалысының саяси бағдарламасын, қайраткерлерінің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресі мен рөлін терең зерттеген ғалым Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми еңбектерінің ұлттық тарихты оқытудағы маңыздылығын көрсету. Тарихи таным әдістемесі құрылымының элементтерін сипаттайтын академик Кеңес Нұрпейстің ғылыми мұраларындағы ақиқатқа ұмтылу, проблеманы шешу, мақсат қою, объективтілік, эмпиризм, тарихи-теоретизм, жаңашылдық әдістерін қолдану мақаламыздың әдіснамалық негізін құрайды. Кеңестер билік құрған тұста идеологиямен тұншықтырылып, қуғын-сүргінге ұшыраған, одан қала берді «құпия» белгімен жасырып тастаған тарихымыздың «ақтаңдақ» беттері жетерлік. Солардың ішіндегі маңыздыларының бірі, әрине ол – зиялы қауым өкілдері. Қазақ халқының саяси және ұлттық санасын оятуды мақсат етіп қойған, «Оян қазақ!» деп ұрандатқан, елімізде «Алаш қозғалысы» деп танылған ұлттық интеллигенттеріміздің тәуелсіздік жолындағы күрескерлігін алғашқылардың бірі болып зерттеген Кеңес Нұрпейісұлының «Алаш һәм Алашорда» монографиясы басшылыққа алынды. Еліміз тәуелсіздігін алғалғаннан кейінгі тарихымыздың қайта жаңғыруы мен қайта жазылуы және оның ұлттық тарихта оқытылу мәселесі сараланды. ХХ ғасырдың басындағы саяси қозғалыстардың, саяси партиялардың тарихы мен ұстанымдары ұлтымыз үшін де, ұлттық тарихымыз үшін де, ұлтжандылығымыз, тіпті ұлтымыздың болашағы үшін де маңызды мәселе. Сондықтан ұлттық идеяның, қазақ тарихының, қала берді қазақ ғылымының іргетасын қалаған зиялы қауым өкілдерінің ұлт болашағы үшін атқарған жұмыстарын ғылыми тұрғыдан

жан-жақты зерттеген, ұлттық сананы қалыптастыруға зор үлесін қосқан академик Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейстің орны ерекше.

Түйін сөздер: Алаш қозғалысы, академик Кеңес Нұрпейс, ғылыми мұра, ұлттық тарих, ұлттық таным, тәуелсіздік жолындағы күрес.

А.М. Сманова[1], Ж.К. Ахметова[2]*

[1]Казахский национальный женский педагогический университет
Кандидат исторических наук, доцент, г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: aigulsmanova123@gmail.com
https://orcid.org/0000-0002-8241-9256

[2]Казахский национальный женский педагогический университет
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: akhmetova.zhanat73@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-6671-1954

ПРОБЛЕМА ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ НАЧАЛА XX в. В СОВРЕМЕННОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

(на примере исследований академика К.Нурпейса)

Аннотация

По данным научных исследований академика Кенеса Нурпейса, в статье рассматриваются борьба и национальные идеи представителей казахской интеллигенции начала XX века за создание автономного государства, и их учение в современной отечественной истории. Цель исследования – показать значение научных трудов учёного Кенеса Нурпейисулы, глубоко изучившего основную национальную идеологию движения Алаш, политическую программу движения, борьбу и роль его деятелей на пути национальной независимости, в преподавании национальной истории. Достаточно «белых пятень» нашей истории, подавленных идеологией, репрессированных, а затем скрывавшихся под знаком «секретности», когда правило советское правительство. Одна из самых важных из них – это, конечно же, «алашордынцы». Цель пробудить политическое и национальное самосознание казахского народа: Оян қазақ!» («Проснись, казах!» – авт.), были обсуждены научные исследования Кенеса Нурпеисовича, который одним из первых исследовал борьбу за независимость нашей национальной интеллигенции, признанной в стране «движением Алаш». Дифференцирован вопрос возрождения и переписывания нашей истории после обретения нашей страной независимости и ее преподава-ния в отечественной истории. История и принципы политических движений, политических партий начала двадцатого века являются важным вопросом как для нашей нации, так и для нашей национальной истории, а также для нашей национальности и даже будущего нашей нации. Именно поэтому особое место занимает академик Кенес Нурпейисулы Нурпейс, научно всесторонне изучив труды интеллектуалов, заложивших основы национальной идеи, казахской истории, казахской науки для будущего нации, внесших большой вклад в формирование национального сознания.

Ключевые слова: движение Алаш, академик Кенес Нурпеис, научное наследие, отечественная история, историческое познание, борьба за независимость.

Aigul M. Smanova[1], Zhanat K. Akhmetova[2]*

[1]Kazakh NationalWomen`sTeacherTrainingUniversity
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: aigulsmanova123@gmail.com
https://orcid.org/0000-0002-8241-9256

[2]Kazakh NationalWomen`sTeacherTrainingUniversity
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: akhmetova.zhanat73@gmail.com
https://orcid.org/0000-0001-6671-1954

THE ISSUE OF TEACHING THE NATIONAL IDEA OF THE EARLY 20th CENTURY IN CONTEMPORARY NATIONAL HISTORY"

(based on the research of academician K. Nurpeis)

Abstract

According to the scientific research of academician Kenes Nurpeis, the article examines the struggle and national ideas of representatives of the Kazakh intelligentsia of the early 20th century for the creation of an autonomous state, and their teachings in modern national history. The purpose of the study is to show the importance of the scientific works of the scientist Kenes Nurpeyisuly, who deeply studied the main national ideology of the Alash movement, the political program of the movement, the struggle and the role of its leaders on the path to national independence, in the teaching of national history. There are enough «blank spots» in our history, suppressed by ideology, repressed, and then hidden under the sign of «secrecy» when the Soviet government ruled. One of the most important of them is, of course, the «Alash Orda». The goal is to awaken the political and national self-consciousness of the Kazakh people: «Wake up, Kazakh!», the scientific research of Kenes Nurpeisovich, who was one of the first to study the struggle for independence of our national intelligentsia, recognized in the country as the «Alash movement», was discussed. The issue of the revival and rewriting of our history after our country gained independence and its teaching in national history was differentiated. The history and principles of political movements, political parties of the early twentieth century are an important issue both for our nation and for our national history, as well as for our nationality and even the future of our nation. That is why academician Kenes Nurpeyisuly Nurpeys occupies a special place, having scientifically comprehensively studied the works of intellectuals who laid the foundations of the national idea, Kazakh history, Kazakh science for the future of the nation, who made a great contribution to the formation of national consciousness.

Keywords: Alash movement, academician Kenes Nurpeis, scientific heritage, national history, historical knowledge, struggle for independence.

Кіріспе. Тарих дегеніміз, әрине ол халықтың жадын жаңғыртып, өткенін, бүгінін және болашағын байланыстыратын ғылым саласы екені бәрімізге аян. Ал «ұлттық идеяны насихаттай отырып» тарихи білім беру – ұлттың ұлт болып қалыптасуын, тұтастығын, ұлттық таным идеясының құндылықтарын, отаншылдық рухани болмысты нақты жеткізе біледі. Сондықтан өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылыққа деген адамгершілік қасиеттердің сақталуын, еліне деген патриоттық рухта тәрбилеу мақсатында да тап осы тарих маңызды құрал болып табылады. Жасыратыны жоқ, ғасырлар бойы отаршылдықтың, қала берді кеңестік идеологияның құрбаны болған, тәуелсіздігін кеш алған еліміз үшін тарихи сананы қайта жаңғыртып, ұлттық идеямызды ұлықтай түсуіміз керек. Тарихты зерделеу арқылы жас ұрпақ халқымыздың басынан өткен қиындықтарды түсініп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, жауапкершілікті сезініп, елі мен жерін қорғауға деген сезімді нығайтады десекартық емес.

Тап осы тарих саласының, дәлірек айтқанда XX ғасырдағы Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелерін зерттеуге сүбелі үлес қосып, ұлттық тарих саласындағы іргелі зерттеулерге белсене қатысқан көрнекті тарихшы Кеңес Нұрпейістің ғылыми мұрасы мысалында ұлттық идеялардың ұлт тарихында қалай зерделенгенін түсіндіру. Мәселен, Кеңес Нұрпейістің өзі ғылыми ізденісін үзбей жалғастырып, үлкен нәтижелерге қол жеткізген ғалым. Көптеген монографиялар мен мектеп оқушыларына арнап орасан зор оқулықтар шығарған академик Кеңес Нұрпейісұлы жалпы тарихнамалық мәселелермен қатар, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын, ұлттық-мемлекеттік құрылысты, XX ғасырдағы Қазақстанның саяси және қоғамдық өмірінің өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалым болып табылады.

Тәуелсіздік тізгінін қолымызға алған аз ғана уақыт ішінде елдің өткен тарихына үңіліп, ақдаңдықтардың ақиқатын анықтау мәселесі мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндеттердің қасында тұрды. Ғалым үшін бұл жаңа жағдай ғылыми белсенділігін арттырып, қаламынан көптеген құнды еңбектердің тууына себепші болды. Жалпы, ғылыми зерттеулерде Кеңес Нұрпейіс айқындаған негізгі бағыттар: ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, 1917 жылғы Қос революцияны, азаматтық соғысты, Қазақстанның аграрлық мәселелерін, сонымен бірге XX ғасырдағысаяси қуғын сүргін тарихын жанжақты зерттеуге көпкөңіл бөлді.Отандық тарихының әркезеңдеріндегі қоғамдық-саяси өмірдің мәселелері де назарынан тыс қалған жоқ. Осы мәселелер төңірегінде Кеңес Нұрпейіс 400-ден астам ғылыми еңбектер жазып қалдырған, оның ішінде 20 дан астам монография, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жазды.

Академик Кеңес Нұрпейіс – танымал ғалым болумен қатар, ірі ағартушы-педагог. Ол тарих ғылымының жоғары маманданғанбірнеше буынын тәрбиелеуге үлкен үлес қосты. Ғалым осы салада өзіндік мектебін қалыптастырып, ел тарихы бойынша оннан астам ғылым докторлары мен қырықтан астам ғылым кандидаттарына жол көрсетіп, ғылым жолына түсірді.

Материалдар мен әдістер. Ұлттық тарихымыздың ең күрделі де түйінді нысаны болған – XX ғ. бірінші жартысындағы еліміздегі саяси және рухани мәселелердің айрықша кезеңі белгілі деңгейде зерттелген, зерттеліп те жүр. Ал біз концептуалды тұрғыдан алғанда, XX ғасырдың басындағы ұлттық идеяның қазіргі тарихта оқытылу мәселесі қалай жүргізіліп жатқанын Кеңес Нұрпейіс зерттеулері мысалында қарастырып отырмыз. Дегенмен де, ғылыми зерттеу бағыттарын алдыңғы қатарға шығарып отырған тарихи үдерістердің себеп-салдарын, қарым-қатынастары мен өзіндік байланыстарын, заңдылықтары мен ерекшеліктерін тағы да нақтылай түсу барысында теориялық-әдіснамалық тәсілдерді қолданып, жаңашылдық әдістерін игеруді қажет етеді. Сондықтан, мақаламызда кеңестік кезеңдегі одақтық көлемде «талқыланған» пленумдардың құжаттық материалдары тәуелсіздіктен кейінгі Кеңес Нұрпейіс еңбектерімен салыстыра қарастырылды. Атап айтқанда, «РКП (б)-ның V жалпықазақ конференциясы», «1930 жылғы 17-21 желтоқсандағы Бүкілодақтық коммунистік (б) партиясы мен Бүкілодақтық коммунистік (б) Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының бірлескен пленумының қорытындылары», «13-шақырылымдағы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 3 сессиясындағы Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің есебінің материалдары», «Ауылдар мен деревнялардағы партия жұмысының есебі туралы материалдар», «Қазақстан Коммунистік партиясы съездері, конференциялар мен пленумдардың қаулылары мен шешімдері (192-1937 жж.)» сияқты құжаттық материалдардың кейбір аспектілері пайдаланылды.

Академик Кеңес Нұрпейстің «Алаш һәм Алашорда» кітабы баспадан жарияланбас бұрын, ғалым Алашорда үкіметінің тарихы және оның қайраткерлерінің тәуелсіздік жолындағы қоғамдық-саяси қызметтері туралы халықаралық деңгейдегі теориялық-тәжірибелік конференциялар мен симпозумдарда баяндамалар жасап, жоғары оқу орындарында «шебер сыныптар» өткізіп, «Алаш» мәселесіне қатысты деректі қойылымда кеңесші де болған. Осылайша, академиктің «Алаш һәм алашорда» кітабының тұсауы кесіліп, жарыққа шығуы алдын ала қоғамдық талқылаулардан өтті. Алаш қозғалысын зерттеуге кеңес заманында ресми түрде тыйым салынды және тарихтың «ақтаңдақ» беттерінің бірі болып саналды.

Алаш қозғалысын зерттеуге кеңестік кезеңде ресми түрде тыйым салынды және тарихтың «ақтаңдақ» беттерінің бірі болып саналды. Академик Кеңес Нұрпейстің «Алаш һәм Алашорда»

монографиясында «Алаш» 1913 ж. бастап жалпыұлттық биресми газет ретінде, 1917 ж. «Қазақ» газетінде жарияланған дереккөздерде«Алаш» партиясының құрамдас бөлігі ретінде, сонымен бірге ұлт зиялы қауым өкілдерінің идеялары, сол кезде жүргізген саясаттары мен ұстанымдарына байланысты дерек ретінде «Жас Азамат», «Бірлік Туы», «Сарыарқа», «Ұлы Түркістан», «Жас Түркістан», «Еңбекшіл қазақ», «Үш жүз» газеттері мен журналдарының материалдары бір бірімен салыстыра отырып зерттелген.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының даму үдерісі барысында қалыптасқан қағидаттар мен академик Кеңес Нұрпейіс зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелерді, жаңаша ойлаудың тұжырымдамасы ретінде қарастыру басшылыққа алынды. Қазіргі кезде ұлттық тарихымызды зерттеу әдіснамасы жақсы даму жолына түсіп келеді, кеңестік замандағы сияқты идеологияға ғана бағынатын, қатып қалған теориялық-әдіснамалық жүйеден әлдеқашан арылып, әр өңірлерде, тіпті әр оқу орындарында өзіндік тарихи мектептер қалыптасты десек артық емес. Ал біздің қарастырып отырған мәселеміз үшін Кеңес Нұрпейстің ғылыми-зерттеулеріндегі ұлттық зиялы қауым өкілдерінің тәуелсіздік жолындағы күрескерлігі мен ұлттық идеяларына қатысты тұжырымдамалық пікірлерінің нәтижесі маңызды. Сондықтан әдіснамалық бағытымыз кеңестік және отандық мектептердің ой-тұжырымдарын сыни тұрғыдан талдай отырып, салыстыру әдісі арқылы қандайда бір нәтижеге қол жеткізу. Мақалада XX ғасырдың басындағы оқиғаларды жаңаша жариялаған ұлтымыздың интеллигенттері, атап айтқанда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Жаханша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов Мұхамеджан Тынышпаев, Сералы Лапин, Мағжан Жұмабаев және т.б. еңбектеріндегі тарихи таным мен ұлттық ұстанымдардың орны ерекше. Кеңестер кезінде «халық жауына» айналған бұл ұлтжандыларымыздың ендігі кезекте жеке адамның өмірін бағалайтын, тарихи таным мен ұлттық сананы, елінің тәуелсіздігін жоғары бағалайтын құндылықтар жүйесі тұрғысында қарастыру басшылыққа алынды.

Нәтижелер мен талқылау. Ұлт тарихымыздың іргесін жаңалап, тарихи таным мен ұлттық сананы қайта жаңғыртуда алдымызға қойған ең маңызды нысанының бірі, әрине ол «Алаш қозғалысының» тарихы. ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздік мерейтойы аясында біз осындай біртуар тұлғаларды есте сақтап, олардың мұраларын жастарымызға және бүкіл әлемге көрсетуіміз керек. Сонымен қатар, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың жұмыстарын да қолдау және бағалау қажет. Алаш арыстандарының асыл мұрасын дамыту жалға беруі тиіс»,–деген болатын [1, 1 б.].

XX ғ. соңында елімізде қоғамдық-саяси, мәдени-рухани салалары бойынша болып жатқан өзгерістер Отандық тарих ғылымында үлкен бетбұрыс кезеңіне жол салды. Ол кезде XX ғ. басындағы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» тарихы қолға алынып, белсенді зерттеле бастайды. Ал осы бастаманың көшбасшыларының бірі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс болатын. Ғалым жинақтаған деректеріне кең көлемді талдау жүргізіп, ой-тұжырымдарын «Алаш һәм Алашорда» монографиясында жариялады. Ал әріптестері болса, Кеңес Нұрпейіске «Алаш ұлт-азаттық қозғалысының және «Алашорда» автономиясының тарихын зерттеумен айналысатын «Алаштану» ғылыми мектебінің негізін қалаушылардың бірі деп бағасын берген болатын. Монографияда«қозғалыстың» жетекші қайраткерлері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Жаханша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Серәлі Лапин және т.б. сияқты ұлт зиялы қауым өкілдерінің шығармалары мен атқарған қызметтеріне қатысты құжаттар ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві құжаттары негізінде талданған.

XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларымыздың тәуелсіздік жолындағы күрескерлігі мен ұлттық идеялары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жан-жақты зерттеле бастады. Архив қойнауында «құпия» болып жатқан құжаттар айналымға шығып, ғалымдар арасында талқылана бастады. Осылайша, «тыйым салынған» тақырыптардың қыр-сыры ашылып, қайта саралау мүмкіндігі пайда болды. Бұл туралы академик М.Қ. Қозыбаевтың: «...егерде біз тарих ғылымының алдында тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңі талаптары тұрғысынан ажырататын болсақ,онда тарихшылардың өз халқы алдындағы борышы маңызды екені белгілі болады. ...тарих ғылымы субъективизмнің тоқырау идеологиясымен, сосын ...психологиялық шырмау-

да болып келді. ..бұл тұжырымды мен тарихшылардың талай ұрпағын ақтау үшін келтіріп отырғаным жоқ», – деп [2, 45 б.] айтқан тұжырымы осының дәлелді айғағы деп түсінеміз. Ғалым «Ақтаңдақтар ақиқатында» «Алаш» партиясының бағдарламасы мен бүкілқазақтық II-ші съездің құжаттық материалдарын талдай келе, кеңес дәуірінде бұл партияны «ұлтшыл саяси ұйым» деп кінәлаудың қаншалықты негізсіз екендігі баса айтылды [2, 272 б.]. Мәселен, осы тұжырымымен Ә. Тәкенов, Кеңес Нұрпейіс, Мәмбет Қойгелдиев сияқты ғалымдарымыз да келісіп, қазақ зиялылары мен «Алаш» партиясының Ақпан төңкерісіне дейінгі тарихын шатастыруға болмайды, қазақ зиялылары негізінен ағарту мәселелерімен айналысып, Ресей үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шықты деген қорытынды жасайды. Академик К.Н. Нұрпейіс: «әртүрлі әлеуметтік ортадағы қазақ зиялылары саяси күрес сахнасынашыққан либералды демократиялық партиялар ментоптар жағына шықты, сонымен қатар, олар қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде пайда болған Ресей мұсылмандарының саяси қызметіне де тікелей араласты», – деп [3, 256 б.] орынды тұжырымын айтқан болатын. Сонымен бірге, ғалым кейбір зерттеу-шілердің «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» кадет партиясының филиалы ретінде бағалауын орынсыз деп санайды, «Алаш» партиясының жетекші қайраткерлері қазақстандық кадет бөлімшесін құруға тырыспағанын, бірақ кадет үлгісіндегі ұлттық саяси партия құруға ниетті екенін түсіндірді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдық-саяси қызметке, яғни тілге, елге, тарихқа, болмыс пен бостандыққа ұмтылған қазақ зиялыларының мұрасы зерттеле бастады. Бұл туралы М.Қ.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» [4, 480 б.] құжаттар жинағы, Т.Омарбековтың «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» [5, 404 б.] көмекші оқу құралын, Д.А.Аманжоловаының «Алаш исторический смысл демократического выбора» [6, 400 б.] монографиясын, Д.Махаттың «Қазақ зиялыларының қасіреті» атты [7, 304 б.] сөздігін, Х.М. Әбжанов пен Ә. Әлпейісовтің «Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы» [8, 125 б.] ғылыми зерттеулерін, М.Құл-Мұхаммедтің «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» [9, 360 б.] және т.б. зерттеулер ғасырлар тоғысында қазақ зиялы қауым өкілерінің күрескерлік қызметі мен ұлттық көзқарасымыздың қалыптасуына байланысты жасаған идеялары қарастырылған.

XX ғасырдың соңғы ширегінде В.К.Григорьевтің «Кадеттер жолын ұстаған партия» [10, 62-69 б.), К.Н. Нұрпейстің «Саяси партия болып санала ма?» [11, 69-75 б.] және Т.Кәкішевтің «Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы» [12, 75-83 б.] деп аталатын мақалалары «Қазақстан коммунисі» журналында арнайы «Алаштың ақиқатын кімайтады» деген тақырыппен мақалалар жинағы жарық көрді, онда мақала авторлары осы тақырыпта «Алаш» партиясының құрылуын талдап, оның көшбасшылары мен Қазақ қауымдастығындағы әлеуметтік жағдайына ерекше назар аударады. Осылайша, Нұрпейіс Кеңесі «Алаш» партиясының жарғысын, бағдарламасын және ресми құрылымдарын талдады.

Ал енді мақаламыздың тақырыбына нақтырақ тоқталар болсақ, XX ғасырдың басындағы ұлттық идеяның қазіргі ұлттық тарихта оқытылу мәселесі алдымен «Алаш қозғалысының» көшбасшылары кімдер болғанын, олардың алдына қойған мақсаттарын, ең бастысы ұлттық идеялары басшылыққа алынған. Мәселен, қозғалыстың көсемдеріне «буржуазияшыл ұлтшылдар», буржуазиялық-либералдар», «ұлтшылдар» деп айдар тағылуының себеп-салдарын аша отырып, олардың қоғам дамуындағы саяси қызметтерінің бағытын айшықтау. Бұл тұрғыдан алғанда академик Кеңес Нұрпейстің ғылыми зерттеулеріндегі «Алаш» пен «Алашорда» тарихының неше түрлі аспектілеріндегі жекелеген тұлғаларға, атап айтқанда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Жаханша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов Мұхамеджан Тынышпаев, СералыЛапин, Мағжан Жұмабаев, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековжәне т.б. көптеген қайраткерлеріміздің өмірі мен атқарған қызметінің белгісіз беттерін ашып түсіндіру. XX ғасырдың бірінші жартысында «ұлтым» деп ұрандатқан, ұлттық идеяны басшылыққа алып, күрескерлік жолды таңдаған ұлт зиялыларының басшылыққа ала отырып, «Алаш қозғалысының» әлеуметтік табиғатын танып-білу мақсатында, оның қоғамдық-саяси бағдарын зерделеу.

Ұлттық тарихымыздың кеңестік дәуірі көптеген оқиғаларға толы кезеңнің бірі болды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңы Ресей жерінде Ақпан және Қазан революцияларына ұласып, нәтижесінде жетпіс жылдан астам уақытқа созылған кеңестік қатаң идеологияның қысымына ұласты. Ал қазақ Даласының арыстары осы қатаң идеологиядан азат болуға ұмтылудың дара жолын салып, негізін қалады десек артық емес. Әрине, біз мұны ойдан шығарып тұрған жоқпыз, еліміз тәуелсіздігін алған жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде студент болып жүрген кезімізде Кеңес Нұрпейстің «Алаш һәм Алашорда», Манаш Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», Мәмбет Қойгелдиев пен Талас Омарбековтың «Тарих тағылымы не дейді?» сияқты зерттеулерді алғаш оқығандардың қатарында болдық (авт.). Осы өтпелі кезеңде біз марксизм-ленинизм ілімі негізінде қалыптасқан, ал тарихты идеялогиялық саясатқа айналдырған кеңестік жүйеден арыла бастаған отандық тарихымыздың толығымен өзгеріске ұшырап жатқан кезінің куәсі болдық.

XX ғасырдағы орын алған оқиғалардың тарихи бағыттарын Элвин Тоффлердің [13, 544 б.] сөзімен айтқанда «...ескі қоғам жаңасымен ауыстырылып, «ақпараттық» немесе «постиндустриалы» қоғам, яғни стратегиялық жоспарларын өзгерту мүмкіндігі туралы ескертсе, Збигнев Бжезинский [14, 308 б.] «мәдени, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан технология мен электроника, әсіресе компьютерлер мен коммуникациялар саласында дамыған «технотрондық» қоғам туралы. Ал Юрген Хабермас [15, 416 б.] теориясындағы орталық ұғым «коммуникативті әрекетке» жету және оның мақсаты белгілі бір жағдайда бірлескен нәтижеге жетуге еркін келісімі, Сэмюэль Хантингтонның [16, 640 б.] «өркениеттер-тартысты» бүгінгі күннің саяси шындығын қайта қарастырып, бүкіл өркениеттің жаһандық дамуының болжамын жасауы біздің зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық негізінің бастауы болмақ.

Ресейдегі 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясының, Еуропада басталған 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыстың, 1916 жылғы еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстың, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының, 1917 жылғы Қазан социалистік революциясының, қала берді интервенция, «ақтар ісі», «Азамат соғысының» нәтижелері қазақ Даласының, нақтырақ айтқанда Қазақстанның қоғамдық-саяси даму бағытын айқындап берген болатын. Осыкезде «шоқ жұлдыздай» жарқ етіп көрінген тағы бір оқиға Алаш һәм Алашорда туы астында еліміздің бірлігін нығайту мен автономиялы мемлекет құру жолындағы «алашордашы» зиялыларымыздың күрескерлік идеялары еді.

Кеңес үкіметі әбден «атқа мініп» тізгінді өз қолына алғаннан кейін, авторитарлық биліктің күшеюімен шынтуайттық тарихи оқиғалар бұрмаланып, тарихи зерттеулер үлкен дағдарысқа ұшырады. Бұл біздің «алаштықтарымызды» да айналып өткен жоқ. Елім-жерім деп күрескен интеллигенттеріміздің ұлттық ұстанымдарына Кеңестік диктат қарсы шығып, «буржуазияшыл-ұлтшылдық идеологияға» қарсы күрес деп жариялады. Төңкеріске дейінгі (Қазан революциясы – авт.) «Алаш қозғалысының» «революциялық рөлі», кеңестер билікке келгеннен кейін «контрреволюциялық» болып қайта «жаңғырып», қарсыластықтың қағидатына айналды. Кеңестік марксизм-ленинизм идеологтары «Алаш қозғалысының» тарихын «контрреволюция-ның мәнін ашып көрсету, оның қазақ қоғамындағы жиіркенішті де жексұрын рөлін жою» деп жаза бастады. Ал 1935 ж. С.Х. Брайнин мен Ш.Ш. Шафироның «Очерки поистории Алаш-Орды» [17, 152 б.] атты зерттеулері жарияланып, қазақ Даласындағы болып жатқан «Алаш қозғалысын», 1916 ж. көтерілісті, Алаш интеллигенттері және олардың «ұлтшыл контрреволю-циялық үкіметінің» тарихы туралы таптық көзқарасқа негіздеп көрсетті. Осы кезеңнен бастап 1991 жылға дейін ұлттық тарихымыз ғана емес, бүкіл кеңестік тарих ғылымының бастаулары мен ұстанымдары, нәтижелері мен қорытындылары деректердің молдығына қарамастан, ғылыми ойлаудың идеологиялық тоқырауының құрбанына айналды. Тек еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана Алаш һәм Алашорда туы астындағы зиялыларымыздың күрескерлік тарихының жаңа кезеңі басталды. «Алаш қозғалысын» зерттеу жаңа ойдың жандануына ықпал етті, ал жаңа деректер қоры жұмыстың сапасын жақсартты. Алаш тарихының әртүрлі аспекті-лері халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, «дөңгелек үстелдер» мен ғылыми семинарларда айтыла бастаса, озық ойлы ғалымдарымыз монографиялар, энциклопедиялық сөздіктер, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазып, оны жоғарғы оқу орындарының студенттеріне дәріс түрінде оқи бастады.

Ал бұл жерде Мұстафа Шоқайдың «біз кімді ұлттық интеллигенция деп атаймыз» деген ойын жеткізу үшін «Таңдамалы» [18, 512 б.] шығармасынан үзінді айта кетсек «...егер біз білім беруде көрген барлық адамдарды «зиялылар» деп атауға және «ұлт зиялылары» қатарына жатқызуға «болады» депойласақ, қателесеміз. Зиялылар – бұл белгілі бір идеалды мақсат-тардың басында тұрған және осы танымал идеалдардың айналасында бірігетін «интеллегнция өкілдері» деп айтуға болады. Ұлтымыздың зиялы қауым өкілдеріөз халқының қоғамдық-саяси, әлеументтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына нақты қызмет ете алатындарды ғана қамтуы мүмкін», - деген болатын [18, 174 б.]. Бұл туралы Қыздар университетінің доценті Е.Т. Берлібаев: «...біз, зиялы қауым өкілдеріөз ұлты мен халқына қызмет жасаудың, сонымен қатар қоғамның әртүрлі мүшелерімен қарым-қатынас орнатудың ең тиімді де мағыналы жолдарын табуы керек деген идеяның қазіргі заманның талаптарымен қалай араласатынын көреміз», - деп [19, 15 б.] ойын ортаға сала келе, «Өткенімізді бұрмаламай түзетудің жалғыз жолы – бір кездері бүкіл өмірін халқымыздың болашағы үшін күресте өткізген ұлт зиялы қауым өкілдерінің рухани мұрасын зерттеу және ұрпақтан-ұрпаққа беру», – деп қорытындылайды [19, 17-19 б.].

Академик Кеңес Нұрпейіс «Алаш қозғалысының» Қазақстан тарихындағы рөлін және қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру үдерістеріне байланысты мәселелерді де талдады. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани және саясиөмірін терең зерттеген ғалым, артынан көптеген монографиялар, оқулықтар мен оқу-құралдарын және ғылыми мақалалар жазып қалдырды, дегенмен оның басты зерттеу миссиясы «Алаш қозғалысына» қатысты еді. Ғалым «Алаш қозғалысының» тарихи және ұлттық маңыздылығы мен идеологиясын ескере отырып зерттеп, сол кездегі «ұлттық-демократиялық қозғалыстың идеялары» мен «тәуелсіздік жолындағы күресін» ғылыми тұрғыдан айқындап көрсеткен болатын. Зерттеулерінен «Алаш Орда» үкіметінің алдына қойған мақсатын, атап айтқанда тәуелсіздік үшін күрескерлігі мен қозғалыс жетекшілерінің ұлттық идеяларына кеңінен талдау жүргізгенін байқаймыз. Сонымен бірге ғалым «Алаш қозғалысының» мәнін аша түсу үшін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов және Мұстафа Шоқай сияқты XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектеріне де ғылыми тұрғыдан баға берген. Осылайша, Кеңес Нұрпейіс «Алаш партиясы», «Алаш автономиясы» және оның «саяси бағдарламасы» мен «ұлттық идеяларын» зерттей келе, «Алаш Орданың құрылу тарихын» қазақ халқының алғаш рет мемлекеттілікке, тәуелсіздікке ұмтылысы ретінде баға берді. Нәтижесінде «Алаш қозғалысы» ғылыми негізделгеннен кейін «Алаш һәм Алашорда», «Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдыңдамуы (XX ғасырдың басы)», «Алаш қозғалысы: идеялар ментағдырлар» атты ғылыми зерттеулері дүниеге келіп, «Алаштанушылар» мектебінің іргесін қалаушылардың біріне айналды.

Міне, көріп отырғанымыздай Кеңес Нұрпейіс «халық жауларын» ақтап, «ақтаңдақтарды» анықтап, «құпияланған», «бұрмаланған» кеңестік идеологияның қылмысын әшкерелеуге ат салысты деуге толық негіз бар. Ал біздің міндетіміз (авт.) ғалым зерттеп, жазып қалдарған Алаш идеяларының тәуелсіз Қазақстан үшін қаншалықты бірегей екенін айта отырып, жоғарыда айтылған Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстанның кеңестік кезеңі», «Ұлттық элита және ұлт мәселесі», «Алаш және Алашорда тарихы» және т.б. пәндер бойынша дәріс оқып, болашақ жас зерттеушілер үшін өзектілігін насихаттау болып табылады.

Осы аталмыш «Алаш қозғалысы» мәселесіне қатысты қазіргі таңда жоғарғы оқу орын-дарының студенттері мен магистранттарына (Тарих факультеттерінде терең қарастырылады – авт.) «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстанның кеңестік кезеңі», «Ұлттық элита және ұлт мәселесі», «Алаш және Алашорда тарихы» және т.б. пәндер мен арнаулы курстар өткізіледі. Отандық тарихымыздың дамуына үлкен үлес қосқан белгілі алаштанушы ғалым, академик Кеңес Нұрпейіс Алаш қозғалысының мәні туралы: біріншіден, Алаштың саяси партия болып құрылуы, екіншіден, Алаш автономиясының мемлекеттік құрылымы, үшіншіден, автономияны басқау үшін Алаштың ордасы деген үш ұғымды атап өтеді. Ал отандық ғалым-тарихшыларымыздың тұжырымдамасы бойынша да 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан

бастау алған «Алаш қозғалысы» ұлттық идеялар аясында «Алаш партиясының» соданкейін «Алаш автономиясының» жариялануы мен «Алашорда үкіметінің» құрылуына жол салды.

Сонымен, 1989 жылдан бастап Қазақстанда «Алашорда» тақырыбы бойынша, мәселен, құрылуы, қызметі, жойылуы сияқты мәселелер төңірегінде пікірталастар басталады. Д.А. Аманжолова-ның «Казахский автономизм в России. История движения Алаш» атты «Алаш қозғалысы» тарихына арналған алғашқы монография Ресейде жарияланғаны белгілі [6, 216 б.]. Ал көп ұзамай алғаш рет қазақ тілінде Кеңес Нұрпейіс өзінің «Алаш һәм Алашорда» [3, 256] атты монографиясын шығарды. Сонымен бірге Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков және Тұрар Рысқұловтың өмірлері мен шығармалығы туралы құжаттық мареріалдарды жариялап, «Алаш ұлт-азаттық қозғалысы» тарихын зерттейтін ғылыми мектептің негізін қалаушылардың бірі болғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал бүгінгі таңда зерттеушілерімізге еліміздің тәуелсіздігі архив қорларын молынан пайдалануға үлкен серпін беріп жатқандықтан «Алаш» тақырыбын басқа да тарихшылар, филологтар, философтар, әлеументтанушылар, заңгерлер және т.б. саласының мамандары айналысып жүр. Дегенмен, зерттеушілер Кеңес Нұрпейістің Алаштың ұлттық-территориялық автономиясын іске асыру кезеңін (1917 ж. желтоқсан – 1920 ж. наурыз) бөліп көрсете отырып, Алаштың дербес республика ретінде өмір сүру фактісіне тарихи-құқықтық талдау жүргізудегі ерекше рөлін мойындайды [20, 62-67 б.].

Бүгінгі таңда елімізде болып жатқан өзгерістерді, бұрыннан келе жатқан қазақи оптимизмді, патриотизмді, менталитетті күйзеліс пен қуаныштың сабақтастығы тұрғысынан қарастырылу барысында Алаш қайраткерлерінің күрескерлігін, ұлттық идеялары мен ұстанымдарын, қалдырған мұраларын тәжірибеде қолданбау мүмкін емес.

Ал енді осындай тамаша дүниелерді зерттеп, артынан үлкен ғылыми мұра қалдырған Кеңес Нұрейісұлы туралы зерттеуші-ғалым, профессор Бүркітбай Аяған: «...әр азаматтың өмірінде жаман да, жағымсыз да адамдар бар. Менің өмірімде кездестірген бір адал азаматым болды. Ол менің ұстазым академик, белгілі тарихшы Кеңес Нұрпейісұлы», - деп ұстазын еске түсіріп отырып: «Қазіргі заман мен гуманитарлық ғылымдардың қазақстандық тарихшылары үшін Манаш Қабашұлы, Кемел Ақышев, Халел Арғынбаев, Кеңес Нұрпейіс озық идеялармен жол салып берді. 1990-2000 жылдары бұрынғы ғалымдардың арасында «марксизм-ленинизм» принципінен бас тартқан азаматтар болды. Жаңа озық азаматтар қазақстандық ғылымды тығырықтан шығарып, қазақстандық тарих ғылымын дамытты», - деп [21:6-9)] сөзін аяқтады.

Кеңес Нұрпейістің тағы бір шәкірті, белгілі тарихшы, профессор Тұяқбай Рысбеков ұстазы туралы: «...белгілі тарихшы-ғалым, жарқынжүзінен ізгіліктің шуағытөгілген ермінез азамат – Кеңес Нұрпейісұлын ғылым жолын алғашаттаған аспиранткезімізденбіледі екенбіз.Осы бірнар тұлғалы, күлгенде көзінен шуақ шашқан ймаңдай, абзал, Кеңес ағамыз туралыөткеншақта жазу біз үшін өте қиын», - деп [22, 9-11 б.) еске алады. Сонымен біргн «Алашорда тарихы – ғалым-тарихшы Кеңес Нұрпейісұлының зерттеулерінің негізгі бағыттарының біріне айналды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін республикамызға белгілі ғалымдар «Алашорда» тарихының «өзек-тілігін» ашуға араласа бастады. Бір кездері осы тақырып бойынша марксистік-лениндік кеңестік тарихнаманың өкілдері тарихи шындықтан өте алыс тұжырымдар жасады. Осылайша, монокоммунистік идеологиялық нұсқа. Бұл мәселе бойынша нақты ғылыми ойдың қоғамдық санада орын луына жолбермегені түсінікті. Бостандықтың өсуі жаңа мәліметтер негізінде тарих ғылымында зерттеуге «тыйым салынған» тарихи оқиғалардың мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Алашорда мен оның жекелеген мемлекет қайраткерлері де бұл мәселені қайта қарауды талап етті. Отан тарихындағы осындай авторлардың ішінде белгілі ғалым Кеңес Нұрпейісұлы-ның бірегей қолтаңбасы бар. Тәуелсіздіктің басында біздің ғалым ағамыз біздің туған тарихымызға ешкім қол тигізе алмайтын алқаптың «Алашорда тарихын» зерттей бастады. Ол алғашқылардың бірі болып Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш партиясының рөлімен орнын мұқият және қатаң ажыратқан ғалым», - деп өз ойын ортаға салды [22, 9-11].

Тарихшы-ғалым А.Т. Капаева: «Кеңес Нұрпейіс экспедицияларға шығып, материал жинап, тарихи оқиғалардың қатысушылары мен куәгерлерінен сұхбат алған. Ол республиканың әртүрлі аймақтарында алты экспедицияда болып, мемуарлар, естеліктер мен тарих бойынша әртүрлі

құнды материалдар жинақтаған», - деп келтірген [23, 19-22]. Ал, доцент Жанат Ахметова: «көрнекті ғалым Кеңес Нұрпейісұлы «Алаш һәм Алашорда» монографиясында архивтік материалдарды пайдалана отырып, халқымыздың, ұлттық-мемлекеттілігіміздің қамын ойлап, жандарын қиған асыл азаматтарына таңылған жаланы ақтап, көптеген ғылыми жұмыстар жүргізген. Сонымен бірге Кеңес аға отандық тарихтың күрделі мәселелерін, атап айтқанда XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын, қосреволюция кезіндегі Алаш партиясының жетекшілікеткен Қазақ автономиясының тарихын обьективті түрде зерттеген ғалым», - деп атап өтеді [24, 32-34]. Ал академик Кеңес Нұрпейіс туралы ойын қорытындылаған Ж.К. Ахметова: «...жан дүниесі нұрға толы Кеңес ағаның шәкірттеріне берген білімі мен тәрбиесі теңдесі жоқ дүние. Өйткені, «Тәрбие мен берілген білім – өлшеуі жоқ қазына...» деп атам қазақ айтқандай, бойында адами қасиеті биік Кеңес ағаның берген білімі соңынан ерген шәкірттері үшін баға жетпес байлық екені рас. Сондықтан да, мен Кеңес ағайдың шәкірті болғанымды үнемі мақтанышпен, құрметпен айтып жүремін. Ол – менің басыма қонған бақ деп білемін».

Қорытынды. XX ғасырдың басындағы «Алаш қозғалысы» деген атпен танымал Алаш ардақтыларының негізгі ұлттық идеологиясын, еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күресі мен рөлін терең зерттеген ғалым Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми еңбектерінің ұлттық тарихты оқытудағы маңыздылығы көрсетілді. Академиктің еңбектері «Алаш қозғалысының» ұлттық идеологиялық мұрасын терең түсіне отырып, отандық тарихтың маңызды кезеңдерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан да академик Кеңес Нұрпейстің ғылыми зерттеу-лері қазіргі ұлттық тарихымызды оқытуда, әсіресе XX ғасырдың басындағы зиялы қауым өкілдерінің идеологиясын басшылыққа ала отырып, тарихи танымы мәселесін түсінуде маңыздылығы өте жоғары деп айтуға болады. Сонымен бірге тәуелсіз еліміздің саяси, мәдени даму бағыттарында жаңа көзқарастар қалыптастыруда маңызы зор. Өйткені, мұндай ұлттық болмысымызды дәріптейтін Алаш зияткерлерінің ұлттық идеяларын дәріптеу тұрғысынан алып қарағанда қазіргі кездегі стратегия-лық маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан, ғалымның ғылыми мұралары өскелең ұрпаққа құнды мәлімет беретін бірегей еңбектердің қатарында. «Алаш қозғалысын» ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалым оның нәтижелері туралы мол еңбектер жазып, Қазақстанда «алаштану» ғылыми мектептің негізін қалаушылардың бірі ретінде тарихта қалды. Тарихи сананы жаңғырту мәселесінің өзекті түйіні ұлттық идея.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Тоқаев Қ. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» // Egemen Qazaqstan. 20 қазан, 2023 жыл. URL: https://egemen.kz/article/351434-prezident-tauelsizdik-%E2%80%93-barinen-qymbat (қаралған уақыты 12 ақпан 2025).

2 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты.Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университетінің баспасы, 1992. – 272 б.

3 Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Атамек», 1995. – 256 б.

4 Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысыБірінші томӨңделіп толықтырылған екінші басылым. – Алматы:«Мектеп» баспаханасы, 2008. – 480 б.

5 Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелері (көмекші оқу құралы). Алматы: Қазақпарат, 2001 – 403 б.

6 Аманжолова Д.А. Алаш исторический смысл демократического выбора. – Алматы: Таймс, 2013. – 400 с.

7 Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті (ғылыми басылым). – Алматы, «Сөздік-словарь», 2001. – 294 б.

8 Әбжанов Х.М., Әлпейсов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы (құжаттық тарихи зерттеулер). – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 228 б.

9 Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлерінің саяси құқықтық казқарастырының эволюциясы. – Алматы: Атамқра,1998. – 360 б.

10 Григорьев В.К. Кадеттер жолын қуған партия //Қазақстан коммунисі. – №5. 1990. – Б.62-69.

11 Нұрпейісов К. Саясипартия болыпсанала ма? //Қазақстан коммунисі. №5.1990. – Б.69-75.

12 Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай,жұлмаламай айтайықшы //Қазақстан коммунисі. №5.1990. Б.75-83.

13 TofflerAlvin. Thethird wave. -New-York: William Morrow and Company, 1980. 544 p. URL:https://ia801200.us.archive.org/9/items/TheThirdWave-Toffler/The-Third-Wave_-_Toffler.pdf (accessed January, 30, 2025).

14 Brzezinski Z. Between Two Ages. America's Role in the Technotronic Era. – New York, William Morrow and Company, 1971. – 308 p. URL: https://archive.org/details/B-001-003-798 (accessed: January, 30, 2025).

15 Хабермас Ю. Философский дискурс о модерне / Пер. с немец. М.М. Беляева. – Москва: Изд.«Весь Мир», 2003. – 406 с.

16 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / Пер. с англ. Т. Велимеева. – М.: Издательство АСТ, 2022. – 640 с.

17 Брайнин С.Х., Шафиро Ш.Ш. Очерки поистории Алаш-Орды. –Алма-Ата: Казахстанское краевое издательство, 1935. – 152 с. URL: https://rev-lib.com/ocherki-po-istorii-alash-ordy/ (дата обращения: 11 февраля 2025 г.).

18 Шоқай М. Таңдамалы. II-томдық. /Құрастырған А.Нүсіпхан. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.

19 Берлібаев Е., Семжанова С. Қазақ зиялыларының орны менрөлі және академик Кеңес Нұрпейіс еңбектерінің ғылыми құндылығы //«Тарихи жад және ұлттық бірегейлік» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы:Қыздар университеті, 2025. – Б. 15-19.

20 Балтабаева К.Н. Государственное преследование и репрессиилидеров и сторонников Алаша(в свете новыхархивных источников) //«Историческая память и национальная идентичность» материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Қыздар университеті, 2025. – С. 62-67.

21 Аяған Б.Ғ. Ұстазым Кеңес аға туралы //Тарихижад және ұлттық бірегейлік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. –Алматы:Қыздар университеті, 2025. –Б. 6-9.

22 Рысбеков Т., Шынтемірова Б. Кісілігі мол кесек тұлға //«Тарихи жады және ұлттық бірегейлік» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қыздар университеті, 2025. Б. 9-11.

23 Капаева А.Т. ИсторияКазахстана XX в(первой половины) в трудах академика К.Нурпеиса //«Историческая память и национальная идентичность» материалы международной научно-практической конференции. – Алматы:Қыздар университеті,2025. С.19- 22.

24 Ахметова Ж.К. Адами қасиеті биік, жан дүниесі нұрға толы Кеңе саға // «Тарихи жад және ұлттық бірегейлік» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қыздар университеті, 2025. –Б. 28-31.

Reference:

1 Toqaev Q. «Tauelsızdık barınen qymbat» // Egemen Qazaqstan. 20 qazan, 2023. URL: https://egemen.kz/article/351434-prezident-tauelsizdik-%E2%80%93-barinen-qymbat (qaralğan uaqyty: 12 aqpan 2025). [In Kaz.]

2 Qozybaev M. Aqtañdaqtar aqiqaty: Oqu quraly. – Almaty: Qazaq universitetı, 1992. 272 p. [In Kaz.]

3 Nūrpeisov K. Alaş häm Alaşorda. – Almaty: Atatek, 1995. –256 p. [In Kaz.]

4 Qoigeldiev M.Q. Alaş qozğalysy. Bırınşı tom. Ondelip tolyqtyrylğan ekınşı basylym. – Almaty: «Mektep» baspasy, 2008.480 p. [In Kaz.]

5 Qoigeldiev M.K. Alaş qozğalysy. Bırınşı tom. Ondelip tolyqtyrylğan ekınşı basylym. –Almaty: Mektep baspasy, 2008. – 480. [In Kaz.]

6 Amanjolova D.A. Alaş istoricheski smysl demokraticheskogo vybora. –Almaty: Taimas, 2013. 400 p. [In Russ.]

7 Mahat D. Qazaq zialylarynyñ qasıretı. – Almaty: Sözdık-slovär, 2001. 304 p. [In Kaz.]

8 Äbjanov H.M., Alpeisov A. Qazaq inteligensiasy men mädeniet turaly. – Almaty: 1992. –228. [In Kaz.]

9 Qul-Mūhammed M. Alaş kairatkerlerı saiasi kuqyqtyq kozqarastarynyñ evolüsiasy. – Almaty: Atamūra, 1998. 360. [In Kaz.]

10 Grigorev V.K. Kadetter jolyn kugan partia //Qazaqstan komunisı. №5. 1990. 62-69.

11 Nūrpeisov K. Saiasi partia bolyp sanala ma? //Qazaqstan komunisı. 1990, №15. 69–75. [In Kaz.]

12 Kakişev T. Şyndyqty būrmalamai, jūlmalamai aitaiyqşy //Qazaqstan komunisı. №5. 1990. 75-83. [In Kaz.]

13 Toffler Alvin. The thirdwave. – NewYork: WilliamMorrowand Company, 1980. 544 p. URL:https://ia801200.us.archive.org/9/items/TheThirdWave-Toffler/The-Third-Wave_-_Toffler.pdf (accessed January, 30, 2025).

14 Brzezinski Z. Between Two Ages. America's Role in the Technotronic Era. New York, William Morrow and Company, 1971. 308 p. URL: https://archive.org/details/B-001-003-798 (accessed: January, 30, 2025).

15 Habermas İu. Filosofski diskurs o moderne / Per. s nem. M.M. Beläeva. M.: Ves Mir, 2003. 416 p. [In Russ.]

16 Hantington S. Stolknovenie sivilizasi [Clash of civilizations] / Per. s angl. T. Velimeeva. M.: İzdatelstvo AST, 2022. 640 p. [In Russ.]

17 Brainin S.H., Şafiro Ş.Ş. Ocherki po istorii Alaş Ordy. [Let's tell the truth without distorting it or tearing it apart] Alma-Ata: Kazahstanskoe kraevoe izdatelstvo, 1935. –152. URL:https://rev-lib.com/ocherki-po-istorii-alash-ordy/ (data obraşenia: 11 fevralä 2025 g.).

18 Şoqai M. Tañdamaly. 2 tomdyq / Qurastyrgan A. Nüsıphan. Almaty: Qainar, 1998. 512 p. [In Kaz.]

19 Berlıbaev E.T.,Semjanova S.A. Qazaq zialylarynyñ orny men rölı jäne akademik K.Nurpeis enbekterının ğylymi qundylyğy //«Tarihi jad jäne ulttyq bıregeilık» atty halyqaralyq ğylymi-tajıribelık konferensianyñ materialdar jinağy. Almaty: Qyzdar universitetı, 2025. 15-19. [In Kaz.]

20 Baltabaeva K.N. Gosudarstvennoe presledovanie i repressii liderov i storonnikov Alaşa (v svete novyh arhivnyh istochnikov) // «İstoricheskaia pämät i nasionälnaia identichnöst» sbornik materialov mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Almaty: Qyzdar universitetı, 2025. 62-67. [In Russ.]

21 Aiağan B.Ğ. Ūstazym Keñes ağa turaly // «Tarihi jad jäne ulttyk bıregeilık» atty halyqaralyq ğylymi-tajıribelık konferensianyñ materialdar jinağy. Almaty: Qyzdar universitetı, 2025. 6-9. [In Kaz.]

22 Rysbekov T.Z., Şyntemırova B.Ğ. Kısılıgı mol kesek tulga // «Tarihi jad jäne ulttyq bıregeilık» atty halyqaralyq ğylymi-tajıribelık konferensianyñ materialdar jinağy. –Almaty: Qyzdar universitetı, 2025. 9-11. [In Kaz.]

23 Kapaeva A.T. İstoria Kazahstana XX v. (pervoi poloviny) v trudah akademika K. Nurpeisa // «İstoricheskaia pämät i nasionälnaia identichnöst» sbornik materialov mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Almaty: Qyzdar universitetı, 2025. 19- 22. [In Russ.]

24 Ahmetova J.K. Adami qasietı bilk, jan düniesı nurğa toly Keñes ağa // «Tarihi jad jäne ulttyq bıregeilık» atty halyqaralyq ğylymi-tajıribelık konferensianyñ materialdar jinağy. Almaty: Qyzdar universitetı, 2025. 28-31. [In Kaz.]

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 03.41.91
ӘӨЖ /УДК/ UDC 903.5(574) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.023

*М.К. Суюндикова *[1], Ж.Р. Утубаев [2]*

[1]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы,*
e-mail: makpal1226@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8184-7830

[2]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы,*
e-mail: utubaev@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-6484-2923

АРШАЛЫ-2 ҚОНЫСЫНДАҒЫ КЕРАМИКАЛЫҚ КЕШЕН

Аңдатпа

Мақалада Орталық Қазақстан өңірінде орналасқан Аршалы-2 ерте темір дәуірі қонысынан тіркелген керамикалық материалдарға жүргізілген морфологиялық және техника-технологиялық талдау нәтижелері қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты қыш ыдыстардың типологиясын, жасалу жолы, белгілі бір мақсатта қолдану аясын анықтау және оларды Орталық Қазақстандағы өзгеде сақ дәуірімен мерзімделетін қоныстардың материалдарымен салыстыру болып табылады. Зерттеу жұмысында қойылған мақсатқа жету үшін морфологиялық, салыстырмалы және А.А. Бобринскийдің техника-технологиялық талдау әдістері жүргізілді. Зерттеу нәтижесі Аршалы-2 қонысының керамикалық кешені негізінен асханалық мақсаттағы жабық пішінді көзелер мен ашық пішінді банка тәрізді ыдыстар екендігін көрсетті. Ыдыстардың сомдалуы, олардың беттеріне түсірілген өрнек түрлері, саз құрамы анықталды. Сондай-ақ бастыпқы шикізат қоспасына құм аралас саз, минералдық және органикалық қоспалардың көп қолданылғандығын көрсетті. Техника-технологиялық талдау нәтижесі ыдыстарды құрастыруда саз таспаларды жапсыру тәсілімен орындалғандығын анықтады. Аршалы-2 керамикасының пішіні және жасалу техникасына қарай жақын баламалары Орталық Қазақстандағы өзгеде сақ дәуірі қоныстарының материалдарымен ұқсас келеді. Сонымен қатар кейбір технологиялық ерекшеліктер жергілікті қыш жасау дәстүрінің тұрақты болғанын және көршілес өңірлермен мәдени байланыс жасағанын көрсетеді. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі Сарыарқаның ерте темір дәуіріндегі қыш өндірісінің ерекшелігін, шаруашылық-мәдени үдерістерін және көрші өңірлермен мәдени байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Аршалы-2 қонысының керамикалық кешені Орталық Қазақстандағы сақ дәуірі тұрғындарының материалдық мәдениетін, қыш жасау дәстүрінің даму деңгейін сипаттайтын маңызды археологиялық дерек көзі болып табылады.

Кілт сөздер: Орталық Қазақстан, Аршалы-2, қоныс, археология, керамикалық материалдар, морфологиялық талдау, техника-технологиялық талдау, асханалық ыдыстар, көзе, банка тәрізді ыдыс, саз қоспасы.

Алғыс: *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026жж. арналған ЖТН BR24992951 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы жобасы шеңберінде дайындалды.*

М.К. Суюндикова *[1], *Ж.Р. Утубаев*[2]

[1]*Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г.Алматы, Казахстан,*
e-mail: makpal1226@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8184-7830

[2]*Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г.Алматы, Казахстан,*
e-mail: utubaev@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-6484-2923

КЕРАМИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС ПОСЕЛЕНИЯ АРШАЛЫ-2

Аннотация

В статье рассматриваются результаты морфологического и технико-технологического анализа керамических материалов, зафиксированных на поселении Аршалы-2, расположенном в Центральном Казахстане и относящемся к эпохе раннего железа. Основной целью исследования является определение типологии керамических сосудов, способов их изготовления и предполагаемого назначения, а также сравнение полученных материалов с керамикой других поселений Центрального Казахстана, датируемых сакским временем. Для проведения исследования были использованы морфологический, сравнительный и технико-технологический методы анализа по А.А. Бобринскому. В результате исследования установлено, что керамический комплекс поселения Аршалы-2 в основном представлен закрытыми формами кухонной посуды – кувшинами, а также открытыми сосудами баночного типа. Были рассмотрены особенности изготовления сосудов, виды орнамента, нанесенного на их поверхность, и состав глиняного сырья. Анализ показал, что в исходную сырьевую массу чаще всего добавлялись песчаная глина, минеральные и органические примеси. Результаты технико-технологического анализа показали, что при формовке сосудов использовался способ налепа глиняных лент.

По форме и технике изготовления керамика Аршалы-2 имеет близкие аналогии среди материалов других поселений Центрального Казахстана сакского времени. Вместе с тем отдельные технологические особенности свидетельствуют о сохранении местных традиций изготовления керамики и наличии культурных связей с соседними регионами.

Полученные результаты позволяют лучше понять особенности гончарного производства Сарыарки в эпоху раннего железа, а также хозяйственно-культурные процессы и связи с соседними регионами. Керамический комплекс поселения Аршалы-2 является важным археологическим источником для изучения материальной культуры населения сакского времени Центрального Казахстана и развития местных традиций изготовления керамики.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, Аршалы-2, поселение, археология, керамические материалы, морфологический анализ, технико-технологический анализ, сталовая керамика, кувшин, сосуд баночной формы, состав формовочной массы.

Благодарность: *Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования BR24992951 Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2024–2026 годы.*

M. Suyundikova[1]*, *Zh. Utubayev*[2]

[1]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan,*
e-mail: makpal1226@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8184-7830

[2]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan,*
e-mail: utubaev@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-6484-2923

THE CERAMIC COMPLEX OF THE ARSHALY-2 SETTLEMENT

Abstract

The article discusses the results of the morphological and technological analysis of ceramic materials recorded at the Early Iron Age settlement of Arshaly-2 in Central Kazakhstan. The main aim of the study is to determine the typology of the ceramic vessels, their manufacturing techniques and possible uses, and to compare the materials with ceramics from other Saka-period settlements in Central Kazakhstan. To achieve this aim, morphological, comparative, and A.A. Bobrinsky's technological analysis methods were used. The study showed that the ceramic assemblage from Arshaly-2 mainly consists of closed forms of kitchenware, including jugs, as well as open vessels of jar-like form. The study examined the manufacturing techniques, types of ornamentation on the vessel surfaces, and the composition of the clay raw material. The analysis showed that sandy clay, mineral, and organic tempers were most commonly added to the initial raw material. The results of the technological analysis indicate that the vessels were formed by joining clay strips. In terms of shape and manufacturing technique, the ceramics from Arshaly-2 have close parallels among the materials from other Saka-period settlements in Central Kazakhstan. At the same time, certain technological features point to the persistence of local pottery-making traditions and cultural contacts with neighbouring regions.

The results of the study contribute to a better understanding of Early Iron Age pottery production in Saryarka, as well as the economic and cultural processes and contacts with neighbouring regions. The ceramic assemblage from Arshaly-2 is an important archaeological source for studying the material culture of the Saka-period population of Central Kazakhstan and the development of local pottery-making traditions.

Keywords: Central Kazakhstan, Arshaly-2, settlement, archaeology, ceramic materials, morphological analysis, technological analysis, domestic pottery, jar, jar-shaped vessel, paste composition.


Acknowledgements: *This study was carried out within the framework of the Program-Targeted Funding Project BR24992951 of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026.*

Кіріспе. Соңғы онжылдықта Сарыарқа аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде ерте темір дәуірімен мерзімделетін жаңа қоныстар анықталып, кешенді қазба-зерттеу жұмыстары атқарылуда. Бұрын сақ тайпаларының археологиялық мәдениетін негізінен жерлеу ескерткіштері арқылы зерттеу басым болса, кейінгі кезеңде анықталған қоныстық ескерткіштер олардың қоныстану жүйесін, тұрғын үй құрылысының ерекшеліктерін, шаруашылығы мен табиғи ортаға бейімделуін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.

Осындай ескерткіштердің бірі Сарыарқаның шығыс бөлігінде орналасқан Аршалы-2 қонысы. Ескерткіш Павлодар облысы, Май ауданы, Жұмыскер елді-мекенінің аумағындағы

Аршалы қыстауынан оңтүстікке қарай 2,4 км қашықтықта орналасқан. Қоныс Аршалы қырының шығыс бөлігіндегі кең алқапты алып жатыр. Оның оңтүстік-батысынан шамамен 100 м жерде табиғи бұлақ ағып өтеді. Географиялық жағдайы бойынша қоныстың үш жағы аласа тау жоталарымен қоршалып, шығыс бөлігі ашық жазық болып келеді. Мұндай табиғи орта ежелгі тұрғындардың шаруашылығына, ең алдымен мал шаруашылығын жүргізуге қолайлы болған.

Аршалы қырындағы алғашқы археологиялық барлау жұмыстары 2020 жылы жүргізіліп, нәтижесінде бірнеше жаңа археологиялық нысандар анықталды [1, 20-б.]. Осы зерттеулер барысында анықталған Аршалы-1 қонысында 2023 жылы археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, тіркелген материалдар ғылыми айналымға енгізілді [2]. 2024 жылғы кешенді барлау жұмыстары барысында Аршалы 2 қонысы анықталып, ерте темір дәуірімен мерзімделетін жаңа археологиялық ескерткіш ретінде тіркелді. 500 ш.м. жерді алып жатқан ескерткіш аумағында барлығы үш нысан тіркелді (1-сурет).



Сурет 1. Аршалы тау жүйесінде орналасқан ескерткіштер. А - Ескерткіштердің ортофото жоспары; Б - Аршалы 2 қонысының қазбадан кейінгі жоспары
Рис. 1. Археологические памятники горного массива Аршалы.
А – ортофотоплан памятников; Б – план поселения Аршалы-2 после раскопок
Fig. 1. Archaeological sites in the Arshaly mountain range.
A – orthophoto plan of the sites; B – post-excavation plan of the Arshaly-2 settlement

Оның екеуі қоныстың орталық бөлігін алып жатса, біреуі ескерткіштің оңтүстік-батыс жағында, тауға жақын орналасқан. № 1 құрылыс шеңбер пішінді, диаметрі 11 м, биіктігі 0,1-0,15 м. № 1 құрылыстан оңтүстік-батысқа қарай 10 м қашықтықта № 2 нысан орналасқан. Ол шаршы пішінді болып келеді, өлшемдері 6×6 м, сақталған биіктігі шамамен 0,3 м. Қабырғалары екі қатар таспен қаланған, ал ішкі бөлігі ретсіз шашылған тастармен толтырылған. № 1 және № 2 нысандардың ерте темір дәуіріне жататындығы олардың жоспарлану ерекшеліктері мен беткі қабатынан жиналған археологиялық материалдар негізінде

анықталды. Ескерткіш аумағынан сақ дәуіріне тән қыш ыдыс сынықтары мен тас құралдары анықталды. № 3 нысан көлемі жағынан қоныстағы ең ірі құрылыс болып табылады. Ол тікбұрыш пішінді, өлшемдері 10×12 м, сақталған биіктігі 0,45 м. Құрылыстың іргетасы тастардан қаланған. Кейбір бөліктерінде саман кірпіштен тұрғызылған қабырғалардың қалдықтары сақталғаны байқалады (2-сурет).



Сурет 2. Аршалы 2 қонысындағы тұрғын үйдің қазбадан кейінгі көрінісі
Рис. 2. Жилое сооружение поселения Аршалы-2 после раскопок
Fig. 2. Post-excavation view of the residential structure at the Arshaly-2 settlement

Қазба авторлары нысан аумағынан тіркелген жұқа әйнек сынықтары мен темір бұйымдардың фрагменттері негізінде құрылыстың кейінгі этнографиялық кезеңге жатады деп тұжырымдайды [3, 135–158-б.].

Аршалы-2 қонысының орналасу ерекшелігі мен жоспары Сарыарқаның ерте темір дәуірі қоныстарымен ұқсас болып келеді. Ұлытау, Ерейментау, Қаркаралы, Баянауыл және Шыңғыстау секілді аласа таулы өңірлерде анықталған ерте темір дәуірінің қоныстары табиғи-географиялық жағдайлары, топографиялық орналасуы және шаруашылығының ортақтығымен сипатталады. Таулы өңірлердегі бұлақтар мен өзен аңғарлары, кең жайылымдық алқаптар ерте темір дәуірі қоныстарының қалыптасуына қолайлы жағдай жасаған.

Аршалы мен одан батысқа қарай орналасқан Ақшиман тауының аралығын кең шұрайлы жайылымдар алып жатыр. Кең жайылымдардың жыл бойы мал жаюға қолайлылығы сол уақытта маусымдық емес, ұзақ мерзім пайдаланылған қоныстардың қалыптасуына ықпал еткен [4, 6-б.].

Материалдар мен әдістер. Мақаланың негізгі материалы Орталық Қазақстанда орналасқан Аршалы-2 қонысында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында тіркелген керамикалық материалдар құрайды. Зерттеу барысында археологиялық қазбадан тіркелген барлығы 281 қыш ыдыс фрагменті оның ішінде 27 ернеу, 248 бүйір және 4 түп бөлігі, сондай-ақ екі ұршық басы, бір қақпақ фрагменті мен бір шүмектің бөлігіне морфологиялық және техника-технологиялық талдау жүргізілді. Зерттеу барысында морфологиялық, салыстырмалы және техника-технологиялық талдау әдістері қолданылды.

Морфологиялық талдау барысында керамикалық материалдардың жалпы пішіні, өлшемдік көрсеткіштері (ауыз, түп диаметрі, қабырға қалыңдығы), жасалу ерекшеліктері қарастырылды. Сонымен қатар, қыш ыдыстар функционалдық мақсатына қарай жіктеліп, типологиялық

топтарға бөлінді. Әрбір ыдыс фрагментінің пішіндік ерекшеліктері сипатталып, өлшемдері алынды және олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Аршалы-2 қонысындағы керамикалық материалдардың басқа ескерткіштердің керамикалық кешендерімен салыстырылды. Нәтижесінде олардың ортақ белгілері мен ерекшеліктері айқындалып, қыш ыдыстардың жақын аналогтары, таралу аймағы және мәдени байланыстары жөнінде қорытындылар жасалды.

Техника-технологиялық талдау А.А. Бобринскийдің әдістемесі негізінде жүргізілді. Зерттеу барысында бастапқы шикізаттың құрамы, саз қоспалары, қалыптау массасының құрамы, ыдысты құрастыру тәсілдері, қыш ыдыстардың бетінің өңделуі және күйдіру түрі секілді технологиялық көрсеткіштер қарастырылды. Сонымен қатар ыдыстардағы өрнектердің ерекшеліктері олардың түрі, орналасуы және түсіру техникасы бойынша сипатталды [5, 8–11-б.].

Нәтижелер мен талқылау. Морфологиялық талдау нәтижесі Аршалы-2 қонысынан анықталған қыш ыдыстардың барлығы асханалық мақсатта қолданылған. Атап айтқанда жабық пішіндегі көзе және ашық пішіндегі банка тәрізді ыдыстар екендігін көрсетеді. Солардың ішінде саны жағынан банка тәрізді ыдыстар басым. Яғни, банка тәрізді ыдыстар 25,9%, көзе 18,5%, ал белгісіз фрагменттердің үлесі 55,6%-ы құрады.

Өрнектелген қыш ыдыстардың ішінде түйінді інжу тәрізді (жемчужный) өрнек басым (40,7%). Сонымен қатар ойықша түріндегі өрнектер (22,2%), сызып салынған өрнектер (14,8%), тырнақ іздері тәрізді (11,1%) және шаншып түсірілген өрнектер (3,7%) құрайды.

Ыдыстардың жақын баламасы сақ дәуірі қоныстарының басқа материалдарымен ұқсас болып келеді. Көзе мен банка тәрізді ыдыстардың басым болуы Едірей-1, Керегетас-2 және Қызылсуир-2 қоныстарынан алынған материалдармен өте жақын. Сонымен қатар бұл нәтиже жартылай көшпелі тұрғындардың шаруашылық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ыдыс түрлерінің кең таралғанын көрсетеді [16, 119-б.]. Сондай-ақ ыдыстардың ернеулеріндегі морфологиялық белгілері де өңірлік ерекшелікті аңғартады. Әсіресе жалпақ болып келген ернеулердің басымдығы Абылай қонысының материалдарына жақын [14, 28-б.]. Аталмыш ерекшелік өңірдегі қыш жасау дәстүрінің тұрақты болғанын көрсетеді.

Техника-технологиялық талдау нәтижесі Аршалы-2 қонысынан тіркелген керамикалық кешенінің шикізат құрамы әртүрлі екендігін көрсетеді. Ондағы басым үлесті құмды саз құрайды (33,3%), одан кейін дала шпаттары араласқан саз (25,9%) және жақсы иленген тазартылған саз (22,2%). Сонымен қатар ұсақ жұмырланған құм араласқан саз (11,1%), слюдалы саз (7,4%) және талькті саздан жасалған бір ғана үлгі (3,7%) тіркелді.

Қалыптау массасының құрамын талдау барысында негізгі қоспа ретінде майда тас пайдаланылғаны анықталды (77,8%). Оның ішінде кварцитті тас – 33,3%, құрамы анықталмаған тас– 29,6%, гранитті тас – 14,8% құрайды. Сондай-ақ құм (14,8%), құрғақ саз (3,7%) қолданылған, ал үлгілердің 3,7%-ында көзге көрінетін минералдық қоспалар анықталмады. Органикалық қоспалар керамикалық кешеннің 81,5% кездеседі, оның ішінде 11,1% жануар қиы екендігі анықталды.


Ыдысдарды құрастыру технологиясын зерттеу нәтижесінде саз кесектерін жапсыру (лоскутно-комковатый) әдіс (21,4%) басым екені белгілі болды. Сонымен қатар таспалап жапсыру (7,1%), жгутпен қалыптау (3,6%) тәсілдері тіркелді. Ыдыстардың түп бөліктерінің өте аз тіркелуіне байланысты ыдыстарды түбінен жоғары қарай көтеру арқылы жасалған ыдыстардың пайызы 7,1% құрайды [3, 135–158-б.].

Аршалы-2 қонысынан тіркелген барлық қыш ыдыстардың *морфологиялық және технологиялық* ерекшеліктері негізінде олардың функционалдық мақсаты бойынша асханалық ыдыстар тобындағы көзе және банка пішінді ыдыстар екендігі анықталды. Сонымен қатар, ыдыстар пішіндік ерекшеліктеріне қарай ашық және жабық пішінді болып екі топқа жіктелді. Бұл топтар рим цифрларымен белгіленді: I – жабық пішінді ыдыстар, оған көзелер енгізілді; II – ашық пішінді ыдыстарға банка тәрізді ыдыстар жатқызылды. Ыдыс түрлері бас әріптермен белгіленді: К – көзе, Б – банка тәрізді ыдыс. Өз кезегінде олар морфологиялық ерекшеліктеріне қарай кіші типтерге бөлініп, латын әріптерімен (a, b, c, d және т.б.) белгіленді.

I топ. Жабық пішінді ыдыстар. Көзелер (К.I). Көзелердің барлығына тән белгі – жоғарғы бөлігінің сыртқа қарай орташа деңгейде иілуі және мойын бөлігінің айқын ажыратылмауы болып табылады. Ернеу бөлігінің пішімделу ерекшеліктеріне қарай көзелер екі түрге бөлінеді (3-сурет).

К.I.a. түрі. Бұл түрге жататын көзелердің ернеу жиектері дөңгелек пішінді, сәл қалыңдатылып, сыртқа қарай қайырылған. Ернеуі қимасында дөңгелек болып келеді (3-сурет: 1–5). Аталмыш түрдегі көзелердің ернеу диаметрлері 12-15 см. Пішіні дөңгелек келген ыдыстар мойын тұсында сәл тарылып, жоғары қарай қайта кеңейе түседі. Түсі қызғылт-қоңыр. Сыртқы беті тегіс емес, дөрекі сомдалған.

К.I.b. түрдегі көзелердің ернеу жиегі тегіс, жалпақ келген. Қимасында төртбұрыш тәрізді келген (3-сурет: 6,7). Пішіндері цилиндр тәрізді көзелердің ернеу диаметрлері 11-14 см. Бұл түрдегі көзелердің бірінде мойын бөлігінде диаметрі 1 см болатын жөндеуге арналған саңылау түсірілгенін аңғаруға болады (3-сурет: 7).



Сурет 3. Аршалы-2 қонысынан табылған көзе ыдыстарының түрлері
Рис. 3. Типы горшков, обнаруженных на поселении Аршалы-2
Fig. 3. Types of pots discovered at the Arshaly-2 settlement

II топ. Ашық пішінді ыдыстар. Банка тәрізді ыдыстар (Б.II). Ыдыстардың барлығының пішіні цилиндр тәрізді. Ыдыстардың ернеу диаметрлері 11-13 см. Жоғарғы бөлігінің пішімделуіне қарай көзелер төрт түрін бөліп қарастыруға болады (4-сурет).


Б.II. a. – түбінен жоғары қарай тік көтерілген ыдыстың ернеуі қимасында «Т» тәрізді (4-сурет: 1,7).

Б.II. b. – бүйірі дөңгелек, сәл шығыңқы болып келген үлгілердің ернеу жиегі төрт бұрышты, ішке қарай еңкіш етіп сомдалған (4-сурет: 2,8). Ыдыстардың бірінде жөндеуге арналған диаметрі 1 см болатын саңылау бар.

Б.II. c. – аталмыш түрдегі ыдыстар сүйір келген шығыңқы білеулі жапсырмасымен ерекшеленеді (4-сурет: 5,6). Түбінен жоғары қарай тік көтерілген ыдыстың жоғарғы бөлігі сәл ішке еңкіш орналасқан. Ернеуі қимасында төрт бұрышты.

Б.II. d. – жоғарыда тоқталған үлгілерден ерекшелігі шығыңқы білеулерінің дөңгелек болуында (4-сурет: 3,4). Ернеу жиегі тегіс, жалпақ, сыртқы бетінің өңделу нәтижесінде ернеуі


сүйір құстың тұмсығы тәрізді келген (4-сурет: 3). Келесі ыдыстың ернеу жиегі қалыңдатылып, сыртқа қайрылған. Нәтижесінде ернеуі қимасында дөңгелек етіліп сомдалған (4-сурет: 4). Бұл түрдегі ыдыстардың шығыңқы білеулерінің мойыннан төмен орналасуы ыдыстардың мойын бөлігін айқын аңғарылуына негіз болғанын көруге болады.



Сурет 4. Аршалы-2 қонысынан табылған банка тәрізді ыдыстардың түрлері
Рис. 4. Типы банкообразных сосудов, обнаруженных на поселении Аршалы-2
Fig. 4. Types of jar-shaped vessels discovered at the Arshaly-2 settlement.

Қазба барысында көзе және банка тәрізді ыдыстармен қатар диаметрі 3,5 см болатын шағын қыш шүмек анықталды (5-сурет: 4). Аталған бұйым қоныста шүмекті ыдыстардың қолданылғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар Аршарлы-2 қонысында інжу секілді түйінді әрі шығыңқы, тік түсірілген ойықты және көлденең сызықты өрнектіктердің (3-сурет: 1,2; 5-сурет: 2,3) басым болуы сақ дәуірінің керамикасына тән негізгі өрнектеу түрлері екендігін көрсетеді.



Сурет 5. Аршалы-2 қонысынан табылған ыдыстардағы өрнек түрлері
Рис. 5. Типы орнамента сосудов из поселения Аршалы-2
Fig. 5. Types of vessel decoration from the Arshaly-2 settlement

Аталмыш өрнектер Алтай, Батыс Сібір және Солтүстік Қазақстан аумағындағы ескерткіштердегі материалдарымен жақын болып келеді. Бұл ерекшелік өрнек салу дәстүрінің кең аумақта таралғанын және мәдени байланыстардың болғанын аңғартады [6; 7]. Мұндай өрнектеу техникасы Орталық Қазақстандағы Абылай, Тағыбайбұлақ, Сарыбұйрат, Керегетас-2, Қызылсүйір-2 және Едірей-3 қоныстарында кездеседі [8, 92-б.; 9, 10-б.; 10, 58-б.; 11, 39-б.]. Сонымен қатар, өрнектердің Кеңөткел-10, Тасқора және Тасқора-1 секілді Солтүстік Қазақстан аумағындағы қоныстарда, сондай-ақ Ертіс алқабындағы ескерткіштерде тіркелуі оның кең аумаққа таралғанын және көрші өңірлермен мәдени байланыстардың болғанын көрсетеді [12, 97–99-б.].

Э.В. Сайконың пікірінше, керамикалық ыдыстардағы өрнектер тек сәндік мақсатта ғана қолданылмаған, сонымен қатар белгілі бір технологиялық қызмет атқарған. Зерттеуші ыдыс бетіне түсірілген өрнектер, әсіресе жұмсақ әрі иілгіш саздан жасалған бұйымдардың кептіру және күйдіру барысында жарылып кетуіне көмектескен. Сондай-ақ ыдыстардың деформациялануына жол бермей, саз массасындағы ішкі кернеуді азайтуға көмектескен. [13, 33–36-б.].

Техника-технологиялық талдау жұмыстарын ҚР ҒЖБМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Археологиялық технология зертханасының меңгерушісі Е.В. Дубягина жүргізді.

Аршарлы-2 қонысының керамикалық материалы Орталық Қазақстанның сақ кезеңіндегі қоныстарынан анықталған керамикалық материалдардың технологиясымен ұқсас екендігін көрсетеді. Шикізат құрамында құмды саздың басым болуы Сарыбуйрат, Абылай және Едірей-3 қоныстарынан алынған материалдармен сәйкес келеді [14, 23–32-б.]. Бұл өңірдегі қыш жасайтын шеберлердің темірге бай табиғи құмды сазды кеңінен пайдаланғанын көрсетеді.

Қалыптау массасында қиыршық тастың негізгі қоспа ретінде қолданылуы В.Г. Ломан мен А.З. Бейсеновтің зерттеулерінде келтірілген Орталық Қазақстанның қыш жасау дәстүрімен толық сәйкес келеді. Қоныстан тіркелген қыш ыдыстарда кварцитті және дала шпаты араласқан майда тастың қолданылуы аймақта шикізат көзінің кең екендігін аңғартады. Сондай-ақ органикалық қоспа ретінде мал қиының пайызы жоғары [15, 368-б.].

Ыдыстарды пішімдеп жасауда денесін қалыптастыру технологиясында саз кесектерін жапсыру (лоскутно-комковатый) тәсілінің басым болуы ерекше назар аударады. Бұған дейін жүргізілген зерттеулерде Орталық Қазақстанда көбіне таспалап қалыптау тәсілі басым болған.

Ал, саз кесектерін жабыстыру әдісі негізінен Солтүстік Қазақстан ескерткіштеріне тән. Сондықтан Аршарлы-2 қонысының керамикалық материалдарынан жергілікті технологиялық ерекшеліктермен әртүрлі мәдени дәстүрлердің өзара байланысуын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Аршарлы-2 қонысының қыш ыдыстары жасалу технологиясы жағынан Орталық Қазақстандағы тасмола мәдениетіндегі керамикалық материалдарға сәйкес келеді. Сонымен қатар ыдыс жасау техникасындағы кейбір ерекшеліктер жергілікті технологиялық бейімделуді немесе мәдени байланыстардың ықпалын көрсетеді. Бұл мәліметтер Аршарлы-2 қонысын хронологиялық тұрғыдан б.д.д. VIII–V ғғ. мерзімделетінін көрсетеді.

Қорытынды.

Жалпы Аршарлы-2 қонысына жүргізілген морфологиялық талдау нәтижесінде керамикалық кешен негізінен асханалық мақсаттағы көзе және банка тәрізді ыдыстардан тұрады. Ыдыстардың пішіндік ерекшеліктері негізінде олар жабық және ашық пішінді екі топқа бөлініп, әр топтың ішінде ернеуінің, мойнының және дене бөлігінің морфологиялық белгілеріне қарай бірнеше түрлері бөлінді. Керамикалық бұйымдар арасынан жөндеуге арналған саңылаулары бар ыдыстар мен шүмек бөлігінің табылуы қыш ыдыстардың ұзақ уақыт пайдаланылғанын, сондай-ақ шүмекті ыдыстардың да қолданылғанын дәлелдейді.

Ыдыс беттеріндегі өрнектерден інжу тәрізді түйінді, шығыңқы, ойықты және көлденең сызықты өрнектердің басым болып келеді. Бұл өрнектеу дәстүрі барлық сақ дәуірі керамикалық кешендеріне тән белгі. Сондай-ақ бұл өрнектердің Алтай, Батыс Сібір және Солтүстік Қазақстан ескерткіштерінде кездесуі мәдени байланыстардың болғанын көрсетеді.

Керамикалық кешенге жүргізілген технологиялық талдау нәтижесі құм аралас саз (33,3%) және дала шпаты қосылған саз (25,9%) басым болған. Кварцит пен гранит ұнтағының негізгі минералдық қоспа ретінде кеңінен қолданылуы олардың көбіне 1:5 арақатынасында (40,7%) кездеседі. Сондай-ақ органикалық қоспалардың жоғары болуы (81,5%) осы өңірге тән қыш жасау дәстүрінің тұрақты белгілері болып табылады. Аршалы-2 қонысындағы қыш ыдыстардың жасалу техникасы Орталық Қазақстан өңіріндегі өзгеде ерте темір дәуірі ескерткіштеріндегі керамикалық материалдармен жақын. Зерттеу нәтижесі Аршарлы-2 қонысындағы қыш жасау өнері жергілікті дәстүрлер негізінде дамыған. Сонымен қатар, керамикалық кешенде анықталған технологиялық және морфологиялық белгілердің әртүрлі болуы ерте темір дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының мәдени құрамы күрделі болғанын көрсетеді. Бұл жағдай Аршарлы-2 қонысының керамикасы жергілікті дәстүрлер негізінде қалыптасып, белгілі бір дәрежеде мәдени байланыстар мен технологиялық тәжірибе алмасудың да ықпалы болғанын аңғарамыз.

Қорыта келгенде Аршалы-2 қонысының керамикалық кешені Орталық Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі жергілікті қыш жасау дәстүрінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Өңірдегі керамика өндірісінің технологиялық тұрақтылығын, көршілес мәдени аймақтармен болған мәдени байланыстарын сипаттайтын маңызды археологиялық дерек көзі болып табылады. Аршарлы-2 қонысынан алынған керамикалық материалдарды кешенді зерттеу Орталық Қазақстан мен Сарыарқа аумағындағы ерте темір дәуірі қыш өндірісінің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Касенова А.Д., Утубаев Ж.Р., Казизов Е.С. О результатах разведки 2021 г. в Северо-Восточной Сарыарке: предварительное сообщение // Маргулановские чтения–2021 (Марғұлан оқулары): материалы международной научно-практической конференции «Великая степь в контексте этнокультурных исследований», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан и 30-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана (г. Алматы, 26–27 октября 2021 г.) / Гл. ред. А. Онгарулы. Т. 2. С. 11–22.

2. Utubayev Zh., Duisenbay D., Shagirbayev M., DubyaginaE. Arshaly settlement and Dongal culture in Northeastern Kazakhstan: results of interdisciplinary research // МАИАСП. 2024. No18. Pp.48–68.

3. Утубаев Ж.Р.,ШағырбаевМ.С., Дубягина Е.В., ЭндоЭ., Дүйсенбай Д.Б. Аршалы-2 ерте темір дәуірінің қонысы: жаңа зерттеулер мен пәнаралық талдаулардың нәтижелері. Қазақстан археологиясы. 2026. No1 (31). 135–158-бб.

4. Бейсенов А.З. Жилище сакской эпохи // Вестник Томского государственного университета. История. 2017а. № 45. С. 72–82.

5. Бобринский А.А. Гончарная технология как объект историко-культурного изучения // Цетлин Ю.Б.,Внуков С.Ю., Глушков И.Г. и др. Актуальные проблемы изучения древнего гончарства (коллективная монография). Самара: СГПУ, 1999. С. 5–109.

6. Хабдулина М.К. Тасмолинская археологическая культура: современное состояние // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 7. Уральск, 2007. С. 181–195.

7. Бейсенов А.З. Поселения и могильники сакской эпохи Центрального Казахстана // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии / Отв. ред. А.З. Бейсенов. Алматы: ИА; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. С. 11–38.

8. Бейсенов А.З. Поселения раннесакского времени Центрального Казахстана // Записки ИИМК. РАН. 2014б. № 9. С. 92–106.

9. Бейсенов А.З. Поселение Сарыбуйрат – памятник раннего железного века Центрального Казахстана // Вестник Университета Кайнар. 2009а. Вып. 4/2. С. 8–11.

10. Бейсенов А.З. Поселение раннесакского времени Едирей-1 в Центральном Казахстане // Алаш (Историко-этнологический журнал). 2009б. No6 (27). С.56–63.

11. Бейсенов А.З. Поселение Тагыбайбулак в Центральном Казахстане // Известия Алтайского государственного университета. 2014а. № 4-1 (84). С. 35–41.

12. Бейсенов А.З. Памятники раннего этапа тасмолинской культуры // Вестник Томского государственного университета. История. 2016. № 1 (39). С. 95–106.

13. Сайко Э.В. Техника и технология керамического производства Средней Азии в историческом развитии. Москва, 1982. 216 с.

14. Бейсенов А.З., Шевнина И.В. Поселения сакского времени Центрального Казахстана: новые результаты исследования состава керамики // Вестник Дагестанского научного центра. 2022. № 86. С. 23–32.

15. Loman V.G. Early Iron Age Pottery Technology of the Kazakh Uplands (Saryarqa) // Oriental Studies. 2024. Vol. 17. No. 2. Pp. 354–372.

16. Бейсенов А.З, Ломан В.Г. Древние поселения Центрального Казахстана. Алматы: Інжу-маржан, 2009. 264 с.

References

1. Kassenova A. D., Utubayev Zh. R., Kazizov Ye. S. O rezultatakh razvedki 2021 g. v Severo-Vostochnoi Saryarke: predvaritel'noe soobshchenie [On the results of the 2021 archaeological survey in North-Eastern Saryarka: preliminary report] // Margulanovskie chteniya–2021 (Margulan Readings): Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii «Velikaya step v kontekste etnokulturnykh issledovanii», posvyashchennoi 30-letiyu Nezavisimosti Respubliki Kazakhstan i 30-letiyu Instituta arkheologii im. A.Kh. Margulana (Almaty, 26–27 October 2021). Vol. 2. P. 11–22. [in Russian].

2. Utubayev Zh., Duisenbay, D., Shagirbayev M., Yerzhanova A., Dubyagina Ye. Arshaly Settlement and Dongal Culture in Northeastern Kazakhstan: Results of Interdisciplinary Research. Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya [Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region]. 2024. No. 18. P. 48–67. [in English].

3. Utubayev Zh. R., Shagirbayev M. S., Dubyagina Ye. V., Endo E., Duisenbay D. B. Arshaly-2 erte temir dauirining qonysy: zhana zertteuler men panaralyq taldaulardyn natizheleri [Arshaly-2 Is an Early Iron Age Settlement: Results of New Research and Interdisciplinary Analysis]. Kazakhstan arkheologiyasy [Kazakhstan Archaeology]. 2026. No. 1 (31). P. 135–158. [in Kazakh].

4. Beisenov A.Z. Zhilishche sakskoi epokhi [The Saka Period Dwelling] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya. 2017a. No. 45. P. 72–82. [in Russian].

5. Bobrinski A.A. Goncharnaya tekhnologiya kak obekt istoriko-kulturnogo izucheniya [Pottery Technology as an Object of Historical and Cultural Research] // Tsetlin Yu.B., Vnukov S.Yu., Glushkov I.G. et al. Aktual'nye problemy izucheniya drevnego goncharstva (kollektivnaya monografiya) [Current Problems in the Study of Ancient Pottery (Collective Monograph)]. Samara: SGPU, 1999. P. 5–109. [in Russian].

6. Khabdulina M.K. Tasmolinskaya arkheologicheskaya kultura: sovremennoe sostoyanie [The Tasmola Archaeological Culture: Current State] // Voprosy istorii i arkheologii Zapadnogo Kazakhstana. Iss. 7. Ural'sk, 2007. P. 181–195. [in Russian].

7. Beisenov A.Z. Poseleniya i mogilniki sakskoi epokhi Tsentralnogo Kazakhstana [Settlements and Burial Grounds of the Saka Period in Central Kazakhstan] // Sakskaya kultura Saryarki v kontekste izucheniya etnosotsiokul'turnykh protsessov Stepnoi Evrazii [The Saka Culture of Saryarka in the Context of Ethnosociocultural Processes of the Eurasian Steppe]. Ed. by A.Z. Beisenov. Almaty: IA; NITsIA «Begazy-Tasmola», 2015. P. 11–38. [in Russian].

8. Beisenov A.Z. Poseleniya rannesakskogo vremeni Tsentralnogo Kazakhstana [Early Saka Settlements of Central Kazakhstan] // Zapiski IIMK RAN. 2014b. No. 9. P. 92–106. [in Russian].

9. Beisenov A.Z. Poselenie Sarybuirat – pamyatnik rannego zheleznogo veka Tsentralnogo Kazakhstana [The Sarybuirat Settlement: An Early Iron Age Site in Central Kazakhstan] // Vestnik Universiteta Kainar. 2009a. Iss. 4/2. P. 8–11. [in Russian].

10. Beisenov A.Z. Poselenie rannesakskogo vremeni Edirei-1 v Tsentralnom Kazakhstane [The Early Saka Settlement of Edirei-1 in Central Kazakhstan] // Alash (Istoriko-etnologicheskii zhurnal). 2009b. No. 6 (27). P. 56–63. [in Russian].

11. Beisenov A.Z. Poselenie Tagybaibulak v Tsentralnom Kazakhstane [The Tagybaibulak Settlement in Central Kazakhstan] // Izvestiya Altaiskogo gosudarstvennogo universiteta. 2014a. №. 4-1 (84). P. 35–41. [in Russian].

12. Beisenov A.Z. Pamyatniki rannego etapa tasmolinskoi kultury [Sites of the Early Stage of the Tasmola Culture] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya. 2016. No. 1 (39). P. 95–106. [in Russian].

13. Saiko E.V. Tekhnika i tekhnologiya keramicheskogo proizvodstva Srednei Azii v istoricheskom razvitii [Techniques and Technology of Ceramic Production in Central Asia in Historical Development]. Moscow, 1982. 216 p. [in Russian].

14. Beisenov A.Z., Shevnina I.V. Poseleniya sakskogo vremeni Tsentralnogo Kazakhstana: novye rezultaty issledovaniya sostava keramiki [Saka Period Settlements of Central Kazakhstan: New Results of Ceramic Composition Analysis] // Vestnik Dagestanskogo nauchnogo tsentra. 2022. № 86. P. 23–32. [in Russian].

15. Loman V.G. Early Iron Age Pottery Technology of the Kazakh Uplands (Saryarqa) // Oriental Studies. 2024. Vol. 17. No. 2. P. 354–372.

16. Beisenov A.Z., Loman V.G. Drevnie poseleniya Tsentral'nogo Kazakhstana [Ancient Settlements of Central Kazakhstan]. Almaty: Inzhu-Marzhan, 2009. 264 p. [in Russian].

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 05.07.31
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 93.930 https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.024

Ш.А. Салимгереева *[1]

Қазақ спорт және туризм академиясы, тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: tabyn07@mail.ru
https://orcid.org/0009-0006-2044-9755

АҚТӨБЕ ӨҢІРІ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ (2016-2026 жж.)

Аңдатпа

Мақалада 2016-2026 жылдар аралығындағы Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық даму ерекшеліктері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ресми статистикалық мәліметтер, халық санағының материалдары және демографиялық көрсеткіштер негізінде өңір халқы санының өзгеру динамикасын, этникалық құрамындағы трансформацияларды, табиғи өсім мен көші-қон үдерістерінің ерекшеліктерін, сондай-ақ урбанизацияның демографиялық дамуға ықпалын анықтау. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, статистикалық, жүйелік талдау және демографиялық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Ақтөбе облысында халық санының тұрақты өсу үрдісі сақталғаны, қазақ халқы үлесінің артуы мен өзге этностар үлесінің салыстырмалы түрде төмендеуіне ішкі және сыртқы көші-қон үдерістерінің ықпал еткені анықталды. Сонымен қатар урбанизация деңгейінің жоғарылауы, қала және ауыл халқының арақатынасының өзгеруі, табиғи өсім мен жас-жыныстық құрылымдағы өзгерістер өңірдің қазіргі демографиялық даму ерекшеліктері ретінде бағаланды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – 2016–2026 жылдар аралығындағы Ақтөбе өңірінің этнодемографиялық дамуы соңғы ресми статистикалық деректер негізінде кешенді түрде талданып, өңірдің қазіргі демографиялық үрдістері мен олардың әлеуметтік-экономикалық даму барысына ықпалы ғылыми тұрғыдан бағалануында.

Кілт сөздер: этнодемография, халық саны, көші-қон, этникалық құрам, демография, Ақтөбе, урбанизация, әлеуметтік құрылым, халық санағы.

Салимгереева Ш.А. *[1]

кандидат исторических наук, старший Казахская Академия спорта и туризма, преподаватель,
Алматы, Республика Казахстан
e-mail: tabyn07@mail.ru
https://orcid.org/0009-0006-2044-9755

ЭТНОЛОГИЧЕСКОЕ И ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОГО РЕГИОНА (2016 г.-2026 г.)

Аннотация

В статье комплексно рассматриваются особенности этнодемографического развития населения Актюбинской области в 2016–2026 гг. Цель исследования заключается в выявлении динамики численности населения региона, трансформации его этнического состава, особенностей естественного прироста, миграционных процессов, а также влияния урбанизации на демографическое развитие на основе материалов официальной статистики, данных переписей населения и демографических показателей. В ходе исследования использованы историко-

сравнительный, статистический, системный и демографический методы анализа. Установлено, что в исследуемый период в Актюбинской области сохранялась тенденция роста численности населения, увеличивалась доля казахского населения, тогда как удельный вес других этнических групп сокращался под влиянием миграционных процессов. Кроме того, проанализированы изменения соотношения городского и сельского населения, уровня урбанизации, естественного прироста и возрастно-половой структуры населения. Научная новизна исследования заключается в комплексном анализе современных этнодемографических процессов Актюбинской области за 2016–2026 гг. с использованием актуальных статистических данных и оценке их влияния на социально-экономическое развитие региона.

Ключевые слова: этнодемография, численность населения, миграция, этнический состав, демография, Актобе, урбанизация, социальная структура, перепись населения.

Salimgereyeva Sh.A. *[1]

Kazakh Academy of sport and tourism, Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer,
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: tabyn07@mail.ru
https://orcid.org/0009-0006-2044-9755

ETHNODEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE POPULATION OF THE AKTOBE REGION (2016-2026)

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the ethnodemographic development of the population of the Aktobe Region during the period 2016–2026. The aim of the study is to examine population dynamics, changes in ethnic composition, natural population growth, migration processes, and the impact of urbanization on regional demographic development based on official statistical data, population census materials, and demographic indicators. The research employs historical-comparative, statistical, systemic, and demographic analysis methods. The findings indicate that the Aktobe Region experienced steady population growth during the study period, accompanied by an increase in the proportion of the Kazakh population, while the share of other ethnic groups declined due to migration processes. The study also examines changes in the urban-rural population ratio, the level of urbanization, natural increase, and the age-sex structure of the population. The scientific novelty of the research lies in its comprehensive assessment of the current ethnodemographic processes in the Aktobe Region during 2016–2026 based on up-to-date statistical data and in evaluating their impact on the region's socio-economic development.

Keywords: ethnodemography, population size, migration, ethnic composition, demography, Aktobe, urbanization, social structure, population census.

Кіріспе. Кез келген мемлекеттің демографиялық дамуы оның тарихи эволюциясының, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінің және этносаяси үдерістерінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Халық қоғамның негізгі өндіргіш күші әрі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін айқындайтын басты ресурс ретінде елдің тарихи дамуының барлық кезеңдерінде шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты халық санының динамикасы, этникалық құрамы, жас-жыныстық құрылымы, көші-қон қозғалысы, қоныстану жүйесі және урбанизация үдерістері тарихи демография ғылымының негізгі зерттеу нысандарының бірі саналады. Бұл көрсеткіш-терді тарихи тұрғыдан зерделеу белгілі бір аумақтың демографиялық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының, этносаяси үдерістерінің және тарихи өзгерістерінің заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан өңірлік деңгейдегі этнодемографиялық зерттеулер Қазақстан тарихының әлеуметтік-

демографиялық даму ерекше-ліктерін жан-жақты түсіндіруде маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақстанның әрбір өңірі өзінің табиғи-географиялық орналасуы, шаруашылық мамандануы, әкімшілік-аумақтық өзгерістері, көші-қон ағындары және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері арқылы халықтың этникалық және демографиялық құрылымының қалыптасуына өзіндік ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда Ақтөбе өңірі тарихи-демографиялық зерттеулер үшін ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Географиялық орналасуы, табиғи ресурстарының молдығы, көлік-коммуникациялық мүмкіндіктері, өнеркәсіптік әлеуеті және Қазақстанның батыс аймағындағы стратегиялық маңызы өңірдің халық саны мен этникалық құрамының қалыптасуына ұзақ мерзімді тарихи факторлардың ықпал етуіне негіз болды. Сондықтан Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық дамуын тарихи-демографиялық тұрғыдан кешенді зерттеу Қазақстанның өңірлік демографиясының даму заңдылықтарын айқындау және тарихи демография ғылымын жаңа деректермен толықтыру тұрғысынан өзекті ғылыми міндеттердің бірі болып табылады.

2016–2026 жылдар аралығындағы кезең Ақтөбе өңірінің қазіргі этнодемографиялық дамуындағы маңызды өзгерістерді қамтиды. Осы кезеңде өңірдің демографиялық ахуалына халық санының өсу қарқыны, табиғи өсім көрсеткіштері, ішкі және сыртқы көші-қон үдерістері, урбанизация деңгейінің артуы, сондай-ақ этникалық құрамдағы өзгерістер елеулі ықпал етті. Экономиканың индустриялық дамуы, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер, әлеуметтік инфрақұрылымның жетілдірілуі және мемлекеттік өңірлік даму саясаты халықтың қоныстану жүйесі мен демографиялық құрылымына тікелей әсер етті. Сонымен қатар өңірдегі этникалық құрамның өзгеруі, қала халқы үлесінің артуы және ауылдық жерлердегі демографиялық үдерістердің ерекшеліктері қазіргі кезеңдегі этнодемографиялық дамудың негізгі сипаттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі 2016–2026 жылдар аралығындағы Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық даму ерекшеліктерін тарихи-демографиялық және статистикалық әдістер негізінде кешенді талдау қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі уақытта Қазақстанның демографиялық дамуына арналған зерттеулерде халық санының өзгеруі, көші-қон қозғалыстары және урбанизация мәселелері қарастырылғанымен, Ақтөбе өңірінің қазіргі этнодемографиялық даму үдерістерін ресми статистикалық деректер негізінде кешенді бағалайтын еңбектердің саны шектеулі. Әсіресе халық санының динамикасын, этникалық құрамдағы өзгерістерді, табиғи және механикалық өсімнің ерекшеліктерін, көші-қон бағыттарын, сондай-ақ урбанизацияның өңірдің әлеуметтік-демографиялық құрылымына ықпалын өзара байланыста қарастыратын зерттеулердің қажеттілігі сақталып отыр. Мұндай зерттеулер өңірлік демографияның теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтырумен қатар, қазіргі демографиялық және әлеуметтік саясатты ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі ғылыми мәселесі – 2016–2026 жылдар аралығында Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық дамуындағы халық санының өзгеруін, этникалық құрамның трансформациясын, табиғи өсімнің, көші-қон қозғалыстарының және урбанизация үдерістерінің өзара байланысын анықтап, олардың өңірдің әлеуметтік-демографиялық құрылымына ықпалын кешенді бағалау болып табылады. Сонымен қатар қала және ауыл халқының арақатынасының өзгеруі, еңбекке қабілетті халықтың құрылымы, табиғи және механикалық өсім ерекшеліктері, өңірдегі этнодемографиялық өзгерістердің негізгі факторлары қазіргі кезеңдегі өзекті ғылыми мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес зерттеудің негізгі ғылыми сұрағы: 2016–2026 жылдар аралығында Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық дамуына қандай демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және көші-қон факторлары ықпал етті және олардың халық санының, этникалық құрамының, табиғи өсімінің, көші-қон қозғалыстарының, қоныстану жүйесінің және урбанизация деңгейінің өзгеруіне әсері қалай көрінді? деген мәселені анықтауға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері Ақтөбе өңірінің қазіргі этнодемографиялық даму үрдістері мен олардың негізгі заңдылықтарын айқындауға, Қазақстанның өңірлік демографиясы жөніндегі ғылыми

білімді толықтыруға, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау, көші-қон саясатын жетілдіру және халықтың тұрақты демографиялық дамуын қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік шешімдерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи танымның объективтілік, тарихилық, жүйелілік және кешенділік қағидаттары құрайды. Аталған қағидаттар Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық даму ерекшеліктерін нақты тарихи жағдайлармен байланыстыра отырып, олардың қалыптасуы мен өзгеру заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи демографияның теориялық-әдіснамалық тұжырымдамалары басшылыққа алынды. Этнодемографиялық үдерістерді талдау кезінде халық санының динамикасы, этникалық құрамның өзгеруі, табиғи өсім, көші-қон қозғалыстары, урбанизация және қоныстану жүйесінің трансформациясы өзара байланыста қарастырылды. Сонымен қатар демографиялық құбылыстардың тарихи сабақтастығы мен әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлардың ықпалы ескерілді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи демография саласында қалыптасқан отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары құрайды. Бұл еңбектер халық санының өзгеруін, этникалық құрамның қалыптасуын, көші-қон қозғалыстары мен урбанизация үдерістерін зерттеудің теориялық және әдістемелік ұстанымдарын айқындауға негіз болды. Аталған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері тарихи демография ғылымының қалыптасуы мен даму тарихын қарастырған М.Я. Солин [1], В.К. Яцунский [2], Ю.А. Поляков, В.З. Дробижев [3] еңбектерінде жан-жақты негізделген. Бұл зерттеулерде халық санының динамикасын, этникалық құрамды, көші-қон қозғалысын және әлеуметтік құрылымды тарихи тұрғыдан талдаудың негізгі қағидаттары айқындалған.

Кеңестік кезеңде КСРО халықтарының демографиялық және этникалық дамуын зерттеуге арналған А. Исупов [4], А.И. Гозулов, М.Г. Григориянц [5] еңбектері жарық көріп, онда халықтың ұлттық құрамы, орналасуы, көші-қон қозғалысы мен этнодемографиялық өзгерістері кеңінен қарастырылды. Бұл еңбектер Қазақстан халқының этникалық құрылымын жалпыодақтық кеңістік аясында бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы тарихи демографияның ғылыми негіздерін қалыптастыруда М.Х. Асылбеков, Ә.Б. Ғали және М.Б. Тәтімовтың зерттеулері ерекше орын алады. М.Х. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалидың монографиясында Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы тұтас тарихи үдеріс ретінде қарастырылып, халық санақтарының материалдары негізінде этнодемографиялық өзгерістер кешенді талданған [6]. Сонымен қатар, Ә.Б. Ғали 1897–1991 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық дамуын, қоныстану ерекшеліктерін, жас-жыныстық құрылымын және көші-қон үдерістерін жан-жақты зерттеген [7].

Қазақстандағы демографиялық үдерістердің тарихи аспектілері М.Б. Тәтімовтің еңбектерінде кеңінен қарастырылып, урбанизацияның, табиғи өсімнің және көші-қон қозғалыстарының халық санының қалыптасуына әсері ғылыми тұрғыдан бағаланды [8]. Ғалым қазақ халқының демографиялық даму ерекшеліктерін, ұлттық урбандалу мәселелерін және тәуелсіздік кезеңіндегі этнодемографиялық өзгерістерді талдауға ерекше назар аударды.

Батыс Қазақстан өңірінің тарихи демографиясына арналған зерттеулер ішінде М.Н. Сдықовтың монографиясының ғылыми маңызы ерекше. Автор халық санақтарының материалдары негізінде Батыс Қазақстан халқының қалыптасуы, этникалық құрамы, көші-қон қозғалыстары, әлеуметтік құрылымы және демографиялық даму кезеңдерін кешенді түрде қарастырған. Сонымен қатар, Э.Н. Масанов, Ж.Б. Әбілғожин, И.В. Ерофеева, А.Н. Алексеенко және Г.С. Баратовалардың еңбектерінде XX ғасырдағы Қазақстан халқының этнодемографиялық өзгерістері, күштеп қоныс аудару, ашаршылық, тың игеру және көші-қон мәселелері тарихи тұрғыдан сараланған.

Қазақстан қалаларының демографиялық дамуы, урбандалу және көші-қон мәселелері отандық тарихнамада жан-жақты зерттелген ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

Әсіресе, елдегі қалалардың демографиялық дамуы, халықтың аумақтық орналасуы және урбандалу үрдістерінің ерекшеліктері И.Д. Никифоров [9], А.И. Құдайбергенова [10], Қ.М. Ерімбетова [11] және Қ.А. Еңсеновтың [12] еңбектерінде қарастырылған.

Өңірлік демография мәселелеріне арналған зерттеулер қатарында Ақтөбе өңірі халқының 1897–2007 жылдар аралығындағы этнодемографиялық дамуы туралы Ш.А. Салимгереевaның [13], А Ақтөбе облысы халқының сапалық көрсеткіштері М. Сергеева, Н. Елеуовтың [14], Шығыс Қазақстандағы шағын қалалар халқының 1959–2006 жылдар аралығындағы демографиялық даму ерекшеліктері, урбандалу, көші-қон және әлеуметтік-экономикалық өзгерістері А.С. Уалтаеваның [15] еңбегінде қарастырылған.

Жоғарыда аталған еңбектер Қазақстан мен оның жекелеген өңірлерінің демографиялық дамуын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін қалыптастырғанымен, Ақтөбе өңірі халқының 1897–2009 жылдар аралығындағы этнодемографиялық дамуын халық санақтарының барлық кезеңдерін қамти отырып, этникалық құрамның өзгерісі, көші-қон үдерістері, урбанизация және әлеуметтік құрылым эволюциясы тұрғысынан кешенді түрде қарастырған арнайы зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты аталған мақалада халық санақтарының материалдары мен мұрағаттық және статистикалық деректер негізінде Ақтөбе өңірі халқының этнодемо-графиялық даму ерекшеліктері тарихи-демографиялық талдау әдістері арқылы кешенді түрде қарастырылады.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, тарихи-жүйелік және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық дамуының қалыптасуы мен эволюциясын кезеңдер бойынша қарастыруға мүмкіндік берсе, тарихи-жүйелік әдіс өңірдегі демографиялық үдерістерді әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістермен өзара байланыста қарасыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар сандық талдау әдістері кеңінен қолданылды. Халық санақтарының (1897, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989, 1999 және 2009) материалдары негізінде халық санының өсімі, этностық құрамдағы өзгерістер, қала және ауыл халқының арақатынасы, табиғи қозғалыс көрсеткіштері мен көші-қон үдерістері статистикалық өңдеуден өткізілді. Демографиялық көрсеткіштердің динамикасын анықтау үшін салыстырмалы-статистикалық және құрылымдық талдау әдістері пайдаланылды. Аталған деректерді кешенді талдау Ақтөбе өңірі халқының 1897–2009 жылдар аралығындағы этнодемографиялық даму ерекшеліктерін объективті бағалауға және оның негізгі даму үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Ақтөбе облысы Еуропа мен Азияның түйісу аймағында орналасқан, қолайлы географиялық орны мен жоғары транзиттік әлеуетімен ерекшеленетін Қазақстанның стратегиялық маңызы бар өңірлерінің бірі. Облыс аумағы 300,6 мың км²-ді құрайды, бұл республика аумағының шамамен 11%-ына тең. Географиялық орналасуына сәйкес, облыс Қазақстанның алты облысымен шектеседі, солтүстігінде Ресей Федерациясымен, ал оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шекаралас.

2021 жылғы 1 қаңтардағы ресми деректерге сәйкес, Ақтөбе облысының халық саны 893,6 мың адамды құрады. Әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша өңір 12 ауданнан және 135 ауылдық округтен тұрады. Облыс құрамында 8 қала орналасқан. Оның ішінде облыстық маңызы бар қала – Ақтөбе, аудандық маңызы бар қалалар – Алға, Жем, Қандыағаш, Темір, Шалқар және Ембі, сондай-ақ моноқала мәртебесіне ие Хромтау қаласы бар. Сонымен қатар облыс аумағында 315 ауылдық елді мекен орналасқан [14, 157-б.].

Халық санының динамикасы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, еңбек ресурстарының қалыптасуын, урбандалу қарқынын және аумақтық даму ерекшеліктерін сипаттайтын негізгі демографиялық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Халықтың сандық және сапалық құрамындағы өзгерістер табиғи өсім, көші-қон үдерістері, әлеуметтік-экономикалық жағдай, денсаулық сақтау жүйесінің дамуы және мемлекеттік демографиялық саясаттың тиімділігі сияқты көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасады. Сондықтан халық санының

өзгеру динамикасын жүйелі түрде талдау өңірдің қазіргі демографиялық ахуалын бағалауға және оның болашақ даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысы Қазақстанның батыс бөлігіндегі ірі индустриялық және көлік-логистикалық өңірлердің бірі ретінде халықтың табиғи және механикалық қозғалысы қарқынды жүретін аймақтардың қатарына жатады. Соңғы жылдары өңірде урбандалу деңгейінің артуы, ішкі және сыртқы көші-қон ағындарының өзгеруі, халықтың жас құрылымындағы трансформациялар және табиғи өсім көрсеткіштерінің құбылуы демографиялық дамудың негізгі ерекшеліктеріне айналды. Осыған байланысты халық санының динамикасын талдау өңірдің демографиялық әлеуетін бағалаумен қатар, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, еңбек нарығын болжау және өңірлік даму саясатын жетілдіру тұрғысынан да ғылыми және практикалық маңызға ие. Осы негізде Ақтөбе облысы халқы санының динамикасын талдау өңірдегі демографиялық өзгерістердің негізгі бағыттарын, олардың қалыптасуына әсер ететін факторларды және халықтың тұрақты дамуының қазіргі үрдістерін айқындауға мүмкіндік береді.

2016–2021 жылдар аралығында Ақтөбе облысында халық санының тұрақты өсу үрдісі байқалады. Егер 2016 жылы өңір халқының саны 834,8 мың адамды құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 893,7 мың адамға жеткен. Демек, бес жыл ішінде халық саны 58,9 мың адамға артып, 7,1%-дық өсім тіркелген. Жыл сайынғы өсім қарқыны салыстырмалы түрде біркелкі сипат алып, демографиялық дамудың тұрақты бағытын көрсетеді.

Халық санының өзгеру динамикасын кезеңдер бойынша қарастырғанда, 2017 жылы халық саны 845,7 мың адамға, 2018 жылы 857,7 мың адамға, 2019 жылы 869,6 мың адамға, ал 2020 жылы 881,7 мың адамға дейін ұлғайған. Бұл деректер өңірде демографиялық өсімнің үздіксіз сақталғанын және халық санының жыл сайын орта есеппен 11–12 мың адамға көбейіп отырғанын көрсетеді [14, 158-б.].

Ақтөбе облысындағы халық санының артуына бірнеше факторлар ықпал етті. Ең алдымен, өңірде табиғи өсімнің оң деңгейде сақталуы, туу көрсеткішінің өлім-жітім деңгейінен жоғары болуы халық санының көбеюінің негізгі көзі болып табылады. Сонымен қатар облыстың өнеркәсіптік әлеуетінің жоғары болуы, мұнай-газ, тау-кен және өңдеу өнеркәсібінің дамуы, еңбек нарығының кеңеюі мен әлеуметтік инфрақұрылымның жақсаруы халықтың өңірде тұрақтануына және көші-қон үдерістеріне оң әсерін тигізді.

Сонымен бірге халық санының өсу қарқыны республикадағы ірі мегаполистермен салыстырғанда біршама баяу болғанымен, оның тұрақты сипаты өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын айғақтайды. Демографиялық өсімнің үздіксіз сақталуы еңбек ресурстарының қалыптасуына, экономикалық белсенді халықтың көбеюіне және өңірдің өндірістік әлеуетінің нығаюына қолайлы жағдай жасайды.

2016–2021 жылдар аралығындағы демографиялық көрсеткіштер Ақтөбе облысында халық санының тұрақты өсім траекториясында болғанын дәлелдейді. Бұл үрдіс өңірдегі табиғи өсімнің оң деңгейімен, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен және урбанизация үдерістерінің жалғасуымен тығыз байланысты.

2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары Ақтөбе облысында халық санының тұрақты өсу үрдісі сақталғанын көрсетеді. Егер 2009 жылы облыс халқының саны 757 768 адамды құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 906 783 адамға жеткен. Осылайша, он екі жыл ішінде халық саны 149 015 адамға өсіп, өсім қарқыны 119,7%-ды құрады. Бұл республика бойынша халық санының орташа өсу қарқынынан (120,3%) сәл төмен болғанымен, өңірдегі оң демографиялық динамиканы айқын көрсетеді [16, 6-б.].

Халықтың қоныстану құрылымын талдау урбандалу үдерісінің күшейгенін байқатады. 2021 жылы облыстың 621 510 тұрғыны (68,5%) қалалық жерлерде, ал 285 273 адам (31,5%) ауылдық елді мекендерде тұрған. 2009 жылмен салыстырғанда қала халқының саны 94 560 адамға (117,9%) өссе, ауыл халқы 54 455 адамға (123,6%) артқан. Бұл облыста қала халқы басым болғанымен, ауылдық жерлердегі табиғи өсімнің де жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді.

Облыс халқының орналасу құрылымында қалалық тұрғындардың үлесі 68,5%, ал ауыл тұрғындарының үлесі 31,5% болды. Бұл көрсеткіштер Ақтөбе облысының урбандалу деңгейі жоғары өңірлердің қатарына жататынын дәлелдейді. Сонымен қатар ауыл халқының үлесі республикадағы орташа деңгейден жоғары болуы облыстың аграрлық және индустриялық даму ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Жыныстық құрылым бойынша халық арасында әйелдердің үлесі 51,4%, ал ерлердің үлесі 48,6% болды. Қалалық жерлерде әйелдердің үлесі 52,0%, ерлердің үлесі 48,0% болса, ауылдық жерлерде әйелдер 50,0%, ерлер 50,0% шамасында қалыптасқан. Бұл көрсеткіштер өңірдегі жыныстық құрылымның салыстырмалы түрде теңгерімді екенін көрсетеді.

Ақтөбе облысының республика халқы құрамындағы үлесі 2021 жылы 4,8%-ды құрады. Бұл өңірдің Қазақстандағы халық саны бойынша орташа ірі облыстардың бірі екенін көрсетеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе облысының демографиялық дамуында халық санының тұрақты өсу үрдісі сақталды. Жыл соңындағы мәліметтерге сәйкес, облыс халқының саны 928,8 мың адамды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 12,1 мың адамға немесе 1,3%-ға артқан. Бұл өңірде демографиялық өсімнің оң динамикасы жалғасқанын және халық санының тұрақты түрде ұлғайып отырғанын көрсетеді.

2018–2022 жылдар аралығындағы халық санының өзгерісін салыстырмалы талдау халықтың үздіксіз өскенін дәлелдейді. Егер 2018 жылы халық саны 869,6 мың адам болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 928,8 мың адамға жетіп, бес жыл ішінде жалпы өсім 59,2 мың адамды немесе шамамен 6,8%-ды құрады. Мұндай көрсеткіштер өңірдің демографиялық әлеуетінің сақталғанын және халықтың табиғи өсімі оң деңгейде қалыптасқанын айғақтайды.

2022 жылы облыстағы табиғи өсім 13 659 адамды құрады. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда төмен болғанымен (14 451 адам), табиғи өсімнің оң деңгейде сақталуы халық санының артуына негізгі ықпал етуші факторлардың бірі болып қала берді. Сонымен қатар 1000 тұрғынға шаққандағы табиғи өсім коэффициенті 14,81‰ болды. Бұл көрсеткіштің 2021 жылғы 16,05‰-ден төмендеуі туу деңгейінің біршама бәсеңдегенін немесе демографиялық өсім қарқынының баяулағанын көрсетеді [17, 8-б.].

Табиғи өсім коэффициентінің төмендеуіне қарамастан, оның оң мәнде сақталуы өңірдегі демографиялық дамудың тұрақтылығын көрсетеді. Бұл жағдай халықтың жас құрылымында еңбекке қабілетті және репродуктивті жастағы тұрғындардың үлесінің жоғары болуымен, сондай-ақ туу көрсеткіштерінің өлім-жітім деңгейінен басым түсуімен байланысты.

Жалпы алғанда, 2022 жылғы демографиялық көрсеткіштер Ақтөбе облысында халық санының өсуі жалғасқанын, алайда табиғи өсім қарқынының біршама төмендеу үрдісі байқалғанын көрсетеді. Сондықтан өңірдің болашақ демографиялық дамуын бағалау кезінде табиғи өсім көрсеткіштерімен қатар көші-қон үдерістерін, урбандалу деңгейін және халықтың жас құрылымындағы өзгерістерді кешенді түрде қарастыру маңызды болып табылады. Бұл факторлар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен еңбек ресурстарының қалыптасуына тікелей ықпал ететін негізгі демографиялық көрсеткіштер болып саналады.

2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Ақтөбе облысының халық саны 938,7 мың адамды құрады. Оның ішінде 702,8 мың адам (74,9%) қалалық жерлерде, ал 235,9 мың адам (25,1%) ауылдық елді мекендерде тұрды. Бұл көрсеткіштер өңірде урбандалу деңгейінің жоғары екенін және халықтың басым бөлігінің қалалық аумақтарда шоғырланғанын көрсетеді. Сонымен бірге ауыл халқының төрттен бір бөлікті құрауы облыстың аграрлық секторындағы еңбек әлеуетінің сақталғанын аңғартады [18, 8-б.].

Демографиялық көрсеткіштердің ішінде нәресте өлімінің деңгейі халықтың денсаулық жағдайын бағалауда маңызды индикаторлардың бірі болып табылады. 2023 жылғы қаңтар-қараша айларында Ақтөбе облысында 1 жасқа дейінгі 166 нәрестенің өлімі тіркелген. Бұл көрсеткіш 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ға жоғарылаған (153 жағдай). Сонымен қатар 1000 тірі туған балаға шаққандағы нәресте өлімінің коэффициенті 9,39‰ құрады. Бұл деректер ана мен бала денсаулығын сақтау жүйесін жетілдіру, перинаталдық және

неонаталдық медициналық көмектің сапасын арттыру бағытындағы шараларды одан әрі күшейту қажеттігін көрсетеді.

Көші-қон үдерістерін талдау 2023 жылы Ақтөбе облысында халықаралық көші-қонның оң серпін алғанын байқатады. Атап айтқанда, қаңтар–қараша айларында Қазақстаннан тыс елдерден облысқа келгендердің саны 70,5%-ға артса, шетелге кеткендердің саны 33,4%-ға азайған. Бұл үрдіс өңірдің халықаралық көші-қон айырмасының жақсарғанын және сыртқы көші-қонның демографиялық өсімге оң ықпал ете бастағанын көрсетеді.

Сыртқы көші-қонның географиялық құрылымында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдері басым орын алады. Есепті кезеңде ТМД мемлекеттерінен келгендердің үлесі 95,8%-ды, ал осы елдерге қоныс аударғандардың үлесі 89,6%-ды құрады. Бұл Ақтөбе облысының халықаралық көші-қон байланыстарының негізінен посткеңестік кеңістік елдерімен қалыптасқанын және өңірдің еңбек, экономикалық әрі әлеуметтік байланыстарының осы мемлекеттермен тығыз екенін көрсетеді.

Ішкі көші-қон көрсеткіштері де өңірдегі халықтың аумақтық орналасуында белгілі бір өзгерістердің орын алғанын дәлелдейді. 2023 жылғы қаңтар-қараша айларында республика ішіндегі қоныс аударушылар саны 18%-ға артқан. Алайда өңіраралық көші-қон бойынша оң көші-қон сальдосы тек Ойыл ауданында (+13 адам) тіркелген. Бұл көрсеткіш облыстың көптеген аудандарында халықтың басқа өңірлерге қоныс аудару үрдісінің сақталғанын және көші-қон теңгерімінің теріс сипатта екенін аңғартады.

Жалпы алғанда, 2023 жылғы демографиялық көрсеткіштер Ақтөбе облысында халық санының өсуі сақталғанымен, демографиялық дамуға әсер ететін факторлардың құрылымы күрделене түскенін көрсетеді. Урбандалу деңгейінің жоғары болуы, халықаралық көші-қонның оң динамикасы және халық санының тұрақты артуы өңірдің демографиялық әлеуетін нығайтатын негізгі факторлар болып табылады. Сонымен қатар нәресте өлімінің артуы мен ішкі көші-қонның теріс теңгерімі демографиялық саясатты жетілдіруді, халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды күшейтуді талап етеді. Сондықтан аталған көрсеткіштер Ақтөбе облысының қазіргі этнодемографиялық даму ерекшеліктерін бағалауда және өңірдің ұзақ мерзімді демографиялық даму стратегиясын әзірлеуде маңызды ғылыми-талдамалық негіз болып табылады.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ақтөбе облысының халық саны 945,1 мың адамды құрады. Оның ішінде 707,9 мың адам немесе 74,9%-ы қалалық жерлерде, ал 237,2 мың адам немесе 25,1%-ы ауылдық елді мекендерде тұрды. Бұл көрсеткіштер облыста урбандалу деңгейінің жоғары екенін және халықтың басым бөлігінің қалалық аумақтарда шоғырланғанын көрсетеді. 2021 жылмен салыстырғанда өңір халқының саны 51,4 мың адамға өсіп, халық санының тұрақты арту үрдісі сақталған.

2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Ақтөбе облысының халық саны 957,8 мың адамды құрады. Оның ішінде 732,3 мың адам (76,5%) қалалық жерлерде, ал 225,5 мың адам (23,5%) ауылдық елді мекендерде тұрады. Бұл көрсеткіштер өңірде урбандалу үдерісінің қарқынды жалғасып отырғанын және халықтың басым бөлігінің қалалық аумақтарда шоғырланғанын айғақтайды.

2026 жылдың қаңтар–мамыр айларында облыстағы табиғи өсім 3724 адамды құрады. Бұл көрсеткіш 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда төмендеген (4046 адам). Табиғи өсімнің азаюы, негізінен, туу көрсеткішінің төмендеуімен байланысты болды.

Есепті кезеңде дүниеге келгендер саны 5939 адамды құрады, бұл 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларымен салыстырғанда 6%-ға төмен. Сонымен қатар қайтыс болғандар саны 2215 адам болып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5%-ға азайды. Демек, өлім-жітім деңгейінің төмендеуіне қарамастан, туу деңгейінің бәсеңдеуі табиғи өсім қарқынының төмендеуіне әсер еткен.

Көші-қон үдерістерін талдау облыста көші-қон сальдосының теріс екенін көрсетеді. 2026 жылдың қаңтар–мамыр айларында көші-қонның жалпы сальдосы –1941 адамды құрады, ал 2025

жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш –1703 адам болған. Бұл облыстан халықтың кету қарқынының артқанын байқатады. Сонымен бірге сыртқы көші-қон бойынша оң сальдо 106 адамды құраса (2025 жылы – 161 адам), ішкі көші-қон бойынша теріс сальдо – 2047 адамға жетті (2025 жылы – 1864 адам). Бұл өңірден халықтың, әсіресе республиканың басқа өңірлеріне қоныс аудару үрдісінің сақталып отырғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, 2026 жылдың алғашқы бес айындағы демографиялық көрсеткіштер Ақтөбе облысында халық санының өсуі негізінен табиғи өсім есебінен қамтамасыз етілгенімен, көші-қонның теріс сальдосы өңірдің демографиялық дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып қала беретінін көрсетеді. Сонымен қатар урбандалу деңгейінің жоғары болуы өңірдегі әлеуметтік-экономикалық даму мен халықтың аумақтық орналасу ерекшеліктерін сипаттайтын маңызды демографиялық көрсеткіш болып табылады.

Талқылау. Зерттеу барысында 2016–2026 жылдар аралығындағы Ақтөбе өңірінің этнодемографиялық дамуы ресми статистикалық деректер негізінде талданып, халық санының өзгеру динамикасы, табиғи өсім, көші-қон үдерістері, урбандалу деңгейі және этнодемографиялық өзгерістердің негізгі бағыттары айқындалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қарастырылған кезеңде Ақтөбе облысында халық санының тұрақты өсу үрдісі сақталған. 2016 жылы өңір халқының саны 834,8 мың адам болса, 2020 жылы 881,7 мың адамға, 2024 жылы 945,1 мың адамға дейін өсті. Ал 2026 жылғы 1 маусымдағы мәлімет бойынша халық саны 957,8 мың адамға жетті. Осылайша, он жылға жуық уақыт ішінде өңір халқының саны 123 мың адамға жуық өсіп, демографиялық дамудың оң динамикасы қалыптасты.


Кесте 1. 2016-2026 жылдар бойынша Ақтөбе өңірі бойынша халық санының көрсеткіші

Көрсеткіштер	Жылдар			
	2016	2020	2024	2026
Жалпы халық саны, адам	834 808	881 651	945 100	957 800
Алдыңғы кезеңмен салыстырғандағы өсім, адам	–	+46 843	+63 449	+12 700
Алдыңғы кезеңмен салыстырғандағы өсім, %	–	+5,6%	+7,2%	+1,3%

Халық санының артуына ең алдымен табиғи өсімнің оң деңгейде сақталуы ықпал етті. Дегенмен зерттелген кезеңде табиғи өсім қарқынының біртіндеп төмендеу үрдісі байқалды. Мысалы, 2022 жылы табиғи өсім 13 659 адамды құраса, 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында бұл көрсеткіш 3 724 адам болды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда төмен екенін көрсетеді. Сонымен бірге туу деңгейінің төмендеуі байқалғанымен, өлім-жітім көрсеткішінің де азаюы демографиялық тепе-теңдіктің сақталуына ықпал етті.

Көші-қон үдерістерін талдау Ақтөбе облысында ішкі көші-қон сальдосының тұрақты түрде теріс екенін көрсетті. Өңірден республиканың ірі қалаларына және экономикалық белсенді орталықтарына халықтың қоныс аударуы жалғасуда. Ал сыртқы көші-қон бойынша жағдай салыстырмалы түрде тұрақты сипатқа ие болып, соңғы жылдары оң көші-қон сальдосы қалыптаса бастағаны байқалды. Бұл Ақтөбе облысының халықаралық еңбек көші-қоны үшін тартымдылығының біршама артқанын көрсетеді.

Диаграмма 1. Ақтөбе өңірі бойынша халық санының көрсеткіші (2016-2026)



Этнодемографиялық тұрғыдан қарағанда, өңір халқының этникалық құрылымында қазақ этносының үлесі басым болып қалыптасты. Сонымен қатар табиғи өсімнің жоғары болуы және көші-қон ерекшеліктері этникалық құрамның өзгеруіне ықпал етті. Бұл үрдіс Қазақстандағы жалпы демографиялық даму заңдылықтарына сәйкес келеді және өңірдегі әлеуметтік тұрақтылық пен этносаралық келісімнің сақталғанын көрсетеді.

Жүргізілген талдау Ақтөбе облысының демографиялық дамуы көпфакторлы сипатқа ие екенін көрсетті. Халық санының өсуі табиғи өсіммен қатар өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетімен, урбандалу деңгейімен және көші-қон қозғалыстарымен тығыз байланысты. Сонымен бірге туу деңгейінің төмендеу үрдісі, ішкі көші-қонның теріс сальдосы және халықтың қалаға шоғырлануы алдағы кезеңде өңірдің демографиялық дамуына ықпал ететін негізгі факторлар ретінде бағаланады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері 2016–2026 жылдары Ақтөбе өңірінің этнодемографиялық дамуы тұрақты халық өсімімен, урбандалу деңгейінің жоғарылауымен, табиғи өсімнің біртіндеп бәсеңдеуімен және көші-қон құрылымындағы өзгерістермен сипатталғанын көрсетті. Алынған нәтижелер өңірдің демографиялық ахуалын ғылыми тұрғыдан бағалауға, болашақтағы әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын айқындауға және өңірлік демографиялық саясатты жетілдіруге негіз бола алады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері 2016–2026 жылдар аралығында Ақтөбе өңірінің этнодемографиялық дамуында халық санының, этникалық құрамының, көші-қон қозғалыстарының және қоныстану жүйесінің өзгерістеріне әсер еткен негізгі үрдістерді кешенді түрде айқындауға мүмкіндік берді. Жүргізілген талдау өңірдің демографиялық дамуы табиғи өсім, ішкі және сыртқы көші-қон, урбанизация деңгейінің артуы және әлеуметтік-экономикалық даму факторларының өзара ықпалымен қалыптасқанын көрсетті. Бұл үдерістер халықтың сандық және сапалық құрамына ықпал етіп қана қоймай, өңірдің еңбек ресурстарының қалыптасуына, қоныстану құрылымының өзгеруіне және әлеуметтік инфрақұрылымның даму бағытына да әсер етті.

Зерттеу барысында Ақтөбе облысында халық санының жалпы өсу үрдісі сақталғаны анықталды. Бұл, ең алдымен, табиғи өсім көрсеткіштерінің оң деңгейде болуы және өңірдің экономикалық тартымдылығының артуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар халықтың жас құрылымында еңбекке қабілетті тұрғындардың үлесі басым болып қалуы өңірдің демографиялық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Дегенмен, ауылдық елді мекендерден облыс орталығына және басқа ірі қалаларға бағытталған ішкі көші-қон ағындарының күшеюі өңірдегі халықтың аумақтық орналасуында елеулі өзгерістер туғызғаны байқалады.

Зерттеу урбанизация деңгейінің артуы Ақтөбе өңірінің қазіргі демографиялық дамуының маңызды факторларының бірі екенін дәлелдеді. Қала халқы санының ұлғаюы өндірістің, қызмет көрсету саласының және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуымен қатар жүрді. Урбанизация еңбек нарығының құрылымына, халықтың қоныстану ерекшеліктеріне, білім беру мен

денсаулық сақтау жүйесіне деген сұраныстың артуына ықпал етті. Сонымен қатар ауылдық аумақтардағы демографиялық әлеуеттің төмендеуі мен еңбекке қабілетті халықтың қалаға шоғырлануы өңірлік даму саясатында ескеруді қажет ететін маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ақтөбе өңірінің этнодемографиялық дамуы тек табиғи өсім көрсеткіштерімен ғана емес, көші-қон қозғалыстарының қарқындылығымен, урбанизация үдерістерімен және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Сондықтан өңірдің демографиялық даму үрдістерін бағалау барысында халық санының динамикасын, этникалық құрамдағы өзгерістерді, жас-жыныстық құрылымды және көші-қон бағыттарын кешенді түрде қарастыру ғылыми тұрғыдан маңызды болып табылады.

2016–2026 жылдар аралығындағы Ақтөбе өңірінің этнодемографиялық дамуы халық санының тұрақты өсуімен, этникалық құрылымның өзгеруімен, урбанизация деңгейінің жоғарылауымен және көші-қон үдерістерінің белсенділігімен сипатталатын күрделі әрі көпфакторлы демографиялық процесс екендігі дәлелденді. Бұл үрдістерді ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу өңірдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге және Қазақстанның демографиялық саясатын жетілдіруге маңызды ғылыми негіз қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Солин М.Я. Развитие народонаселения: экономический аспект. – М.: Мысль, 1980. – 277 с.

2 Яцунский В.К. Историческая демография в СССР // Вопросы географии. – М.: Наука, 1970. – С. 63-69.

3 Поляков Ю.А., Дробиж В.З. Народонаселение СССР и история Советского общества // Вопросы истории. – 1974. – №4. – С. 12-21.

4 Исупов А. Национальный состав населения СССР. – М., 1964. – 235 с.

5 Гозулов А.И., Григориянц М.Г. Народонаселения СССР (статическое изучение численности, состава и размещения. – М., 1964. – 257 с.

6 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 192 с.

7 Галиев А.Б. Население Казахстана в конце восстановительного периода: численность, национальный, социально-профессиональный состав: автореф. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1972. – 26 с.

8 Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 121 с.

9 Никифоров И.Д. Городское население Казахстана (1917-1939 гг. Автореф.канд.ист.наук. – Алма-Ата, 1988. – 27 с.

10 Құдайбергенова А.И. Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект (1917-1991 жж.). тарих ғыл. док. ... дис. – Алматы: Ғылым, 2010. – 32 б.

11 Ерімбетова Қ.М. Кеңес мемлекетінің 1960-1990 жылдардағы Қазақстандағы көші-қон саясаты (тарихи-демографиялық аспект): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 31 б.

12 Еңсенов Қ.А. Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі (1926-1959 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 29 б.

13 Салимгереева Ш.А. Ақтөбе өңірі халқының этнодемографиялық дамуы (1897-2007 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: 2009. – 30 б.

14 Сергеева А.М., Елеуов Н. Ақтөбе облысы халқының өмір сүруінің сапалық көрсеткіштері және оның өңірлік ерекшеліктері // БҚУ Хабаршысы. – 2021. – №3(83). – Б. 154-166.

15 Уалтаева А.С. Население малых городов Восточного Казахстана (1959 - 2006 гг.): автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2009. – 31 с.

16 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – Астана, 2021. – 64 б.

17 Ақтөбе облысының 2022 жылғы алдын ала деректері. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – Ақтөбе, 2023. – 138 б.

18 Ақтөбе облысының әлеуметтік экономикалық дамуы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – Ақтөбе, 2024. – 19 б.

References

1 Solin M.Ya. Razvitie narodonaseleniya: ekonomicheskii aspekt [Population Development: The Economic Aspect]. M.: Mysl, 1980. 277 p.

2 Yacunskii V.K. Istoricheskaya demografiya v SSSR [Historical Demography in the USSR] // Voprosy geografii. M.: Nauka, 1970. P. 63-69. [in Russian]

3 Polyakov Yu.A., Drobizh V.Z. Narodonaselenie SSSR i istoriya Sovetskogo obshchestva [Population of the USSR and history of Soviet society] // Voprosy istorii. 1974. №4. P. 12-21. [in Russian]

4 Isupov A. Nacionalnyi sostav naseleniya SSSR [Ethnic composition of the population of the USSR]. M., 1964. 235 p. [in Russian]

5 Gozulov A.I., Grigoriyanc M.G. Narodonaseleniya SSSR (staticheskoe izuchenie chislennosti, sostava i razmeshcheniya [Population of the USSR (static study of the number, composition and distribution]. M., 1964. 257 p. [in Russian]

6 Asylbekov M.H., Galiev A.B. Socialno-demograficheskie processy v Kazahstane (1917-1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 192 p. [in Russian]

7 Galiev A.B. Naselenie Kazahstana v konce vosstanovitelnogo perioda: chislennost, nacionalnyi, socialno-professionalnyi sostav [The population of Kazakhstan at the end of the recovery period: size, ethnic composition, and socio-occupational structure.]: avtoref. ... kand. ist. nauk. Alma-Ata,1972. 26 p.

8 Tatimov M.B. Socialnaya obuslovlennost' demograficheskih processov [The social conditioning of demographic processes]. Alma-Ata: Nauka, 1989. 121 p. [in Russian]

9 Nikiforov I.D. Gorodskoe naselenie Kazahstana (1917-1939 gg [Urban population of Kazakhstan (1917-1939)]. avtoref.kand.ist.nauk. Alma-Ata, 1988. 27 p. [in Russian]

10 Kudaibergenova A.I. Kenes dauirindegi Kazakhstandagy koshi-kon uderisteri: tarihi-demografiyalyk aspekt (1917-1991) [Migration processes in Kazakhstan during the Soviet era: A historical-demographic Aspect (1917–1991)]. tarih gyl. dok. ... dis. Almaty: Gylym, 2010. 32 p. [in Kazakh]

11 Erimbetova K.M. Kenes memleketinin 1960-1990 zhyldardagy Kazakstandagi koshi-kon sayasaty (tarihi-demografiyalyk aspekt) [Migration policy of the Soviet state in Kazakhstan during the 1960s–1990s (historical-demographic aspect)]: tarih gyl. kand. ... avtoref. Almaty, 2007. 31 p. [in Kazakh]

12 Ensenov K.A. Kazakstandagy koshi-kon procesteri zhane onyn zerttelui [Migration processes in Kazakhstan and their study (1926–1959)] (1926-1959): tarih gyl. kand. ... avtoref. Almaty, 2007. 29 p. [in Kazakh]

13 Salimgereeva Sh.A. Aktobe oniri halkynyn etnodemografiyalyk damuy (1897-2007) [Ethnodemographic development of the population of the Aktobe region (1897–2007)]: tarih gyl. kand. ... avtoref. Almaty: 2009. 30 p. [in Kazakh]

14 Sergeeva A.M., Eleuov N. Aktobe oblysy halkynyn omir soruinin sapalyk korsetkishteri zhane onyn onirlik erekshelikteri [Qualitative indicators of the standard of living of the Aktobe region population and its regional characteristics] // BKU Habarshysy. 2021. №3(83). P. 154-166. [in Kazakh]

15 Ualtaeva A.S. Naselenie malyh gorodov Vostochnogo Kazahstana (1959-2006) [Population of small towns in East Kazakhstan (1959–2006)]: avtoref. ... kand. ist. nauk. Almaty, 2009. 31 p. [in Russian]

16 2021 zhylgy Kazakhstan Respublikasy halkynyn ulttyk sanagynyn korytyndylary / Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosy [Results of the 2021 National Census of the Population of the Republic of Kazakhstan / Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Astana, 2021. 64 p. [in Kazakh]

17 Aktobe oblysynyn 2022 zhylgy aldyn ala derekteri. Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosy [Preliminary data for the Aktobe Region for 2022. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Aktobe, 2023. 138 p. [in Kazakh]

18 Aktobe oblysynyn aleumettik ekonomikalyk damuy. Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosy [Socio-economic development of the Aktobe Region. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.]. Aktөbe, 2024. 19 b. [in Kazakh]

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 974(57) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.025

*У.Т. Ахметова *[1], Ж.Р. Байғалиев[2], Ә.Қ. Мұқтар[3]*

[1]Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессор, т.ғ.д.
Атырау қ., Қазақстан
E-mail: tulegenova_u@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-4274-8602

[2]«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, аға ғылыми қызметкер, магистр
Атырау қ., Қазақстан
E-mail: baigalievzh@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-9483-2278

[3]«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, т.ғ.д.
Атырау қ., Қазақстан
E-mail: muktar64@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-7177-0710

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НУМИЗМАТИКАСЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ САРАЙШЫҚ СОҒЫЛЫМДАРЫ: ТАРАЛУ АЙМАҒЫ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ БАЙЛАНЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада ортағасырлық Сарайшық қаласында соғылған тиындар Жошы Ұлысы нумизматикасы контекстінде жан-жақты қарастырылып, олардың таралу аймағы, хронологиясы және экономикалық-саяси байланыстар жүйесіндегі орны талданады. Зерттеу барысында археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық материалдарға кешенді талдау жүргізіліп, тиындарды атрибуциялау, эпиграфикалық оқылым және типологиялық салыстыру әдістері қолданылды. Сонымен қатар нумизматикалық деректер ғылыми каталогтармен және ZENO.RU дерекқорымен салыстырылды. Зерттеу нәтижесінде Сарайшықта соғылған тиындардың жалпы саны нақтыланып, олардың негізгі эмитенттері ретінде Мүрид, Ұлжай-Темір, Болат, Ильбақ, Тоқтамыс және Дервиш хандардың есімдері анықталды. Нумизматикалық материалдар Сарайшықта ақша соғу ісі негізінен XIV ғасырдың екінші жартысында, Жошы Ұлысындағы саяси тұрақсыздық кезеңімен тұспа-тұс келгенін көрсетеді. Бұл жағдай орталық биліктің әлсіреуі жағдайында қаланың аймақтық экономикалық және әкімшілік орталық ретінде маңызы артқанын аңғартады. Сонымен қатар, Сарайшықта соғылған тиындардың Қазақстан, Ресей және Украина аумақтарындағы археологиялық ескерткіштер мен көмбелер құрамынан табылуы олардың кең таралу географиясын дәлелдейді. Бұл деректер Сарайшық қаласының Еділ-Жайық өңіріндегі халықаралық сауда және ақша айналымы жүйесінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері Сарайшықтың Жошы Ұлысы дәуіріндегі экономикалық, саяси және сауда байланыстарындағы стратегиялық маңызын айқындап, Жошы Ұлысының ақша айналымы тарихын тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Сарайшық, Жошы Ұлысы, ақша соғу ісі, ортағасырлық тиындар, археологиялық қазбалар, ақша айналымы, экономикалық байланыстар, сауда жолдары, нумизматика.

*У.Т. Ахметова [*1], Ж.Р. Байгалиев [2], Ә.К. Мұхтар [3]*

[1]Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, профессор кафедры истории Казахстана и всемирной истории, доктор исторических наук
г. Атырау, Казахстан
E-mail: tulegenova_u@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-4274-8602

[2]Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық», старший научный сотрудник, магистр, г. Атырау, Казахстан
E-mail: baigalievzh@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-9483-2278

[3]Директор Государственного историко-культурного музей-заповедника «Сарайшық», доктор исторических наук, г. Атырау, Казахстан
E-mail: muktar64@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-7177-0710

МОНЕТЫ САРАЙЧУКА В КОНТЕКСТЕ НУМИЗМАТИКИ УЛУСА ДЖУЧИ: АРЕАЛ РАСПРОСТРАНЕНИЯ, ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ СВЯЗИ

Аннотация

В статье всесторонне рассматриваются монеты, чеканенные в средневековом городе Сарайчик, в контексте нумизматики Улуса Джучи, анализируются их ареал распространения, хронология и место в системе экономических и политических связей. В ходе исследования проведён комплексный анализ нумизматических материалов, обнаруженных в результате археологических раскопок. При изучении монет применялись методы нумизматической атрибуции, эпиграфического чтения и типологического сопоставления. Кроме того, нумизматические данные были сопоставлены с научными каталогами и базой данных ZENO.RU. В результате исследования уточнено общее количество монет, чеканенных в Сарайчике, а также определены их основные эмитенты — ханы Мюрид, Улджай-Темир, Булат, Ильбак, Тохтамыш и Дервиш. Нумизматические материалы показывают, что чеканка монет в Сарайчике в основном относится ко второй половине XIV века и совпадает с периодом политической нестабильности в Улусе Джучи. Это свидетельствует о том, что в условиях ослабления центральной власти значение города как регионального экономического и административного центра значительно возросло. В то же время обнаружение монет сарайчикской чеканки на территории Казахстана, России и Украины в составе археологических памятников и кладов подтверждает широкую географию их распространения. Эти данные свидетельствуют о важной роли города Сарайчик в системе международной торговли и денежного обращения региона Волги и Урала.

Результаты исследования позволяют определить стратегическое значение Сарайчика в экономических, политических и торговых связях эпохи Улуса Джучи и способствуют более глубокому изучению истории денежного обращения Золотой Орды.

Ключевые слова: Сарайчик, Улус Джучи, чеканка монет, средневековые монеты, археологические раскопки, денежное обращение, экономические связи, торговые пути, нумизматика.

U.T. Akhmetova *[1], *J.R. Baigaliev*[2], *A.K. Mukhtar*[3]

[1]*Atyrau University named after Kh.Dosmukhamedov, Professor of the Department of History of Kazakhstan and World History, Doctor of Historical Sciences, Atyrau, Kazakhstan*
E-mail: tulegenova_u@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-4274-8602

[2]*State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", Senior Researcher, Master Atyrau, Kazakhstan*
E-mail: baigalievzh@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-9483-2278

[3]*Director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", Doctor of Historical Sciences, Atyrau, Kazakhstan*
E-mail: muktar64@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-7177-0710

THE SARAISHYK MINTS WITHIN THE CONTEXT OF THE ULUS OF JOCHI NUMISMATICS: AREAS OF CIRCULATION, ECONOMIC AND POLITICAL TIES

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of coins minted in the medieval city of Saraishyk within the context of the numismatics of the Ulus of Jochi. It examines their geographical distribution, chronology, and role in the system of economic and political relations. The study is based on a comprehensive analysis of numismatic materials discovered during archaeological excavations. Methods of numismatic attribution, epigraphic reading, and typological comparison were applied in the analysis of the coins. In addition, the numismatic data were compared with scientific catalogues and the international database ZENO.RU. The research results made it possible to clarify the total number of coins minted in Saraishyk and identify their main issuers, including the khans Murad, Uljay-Timur, Bulat, Ilbak, Tokhtamysh, and Dervish. The numismatic materials indicate that coin minting in Saraishyk mainly dates to the second half of the 14th century and coincides with the period of political instability in the Ulus of Jochi. This suggests that during the weakening of central authority, the city's importance as a regional economic and administrative center significantly increased. Furthermore, the discovery of Saraishyk - minted coins in archaeological sites and hoards located in Kazakhstan, Russia, and Ukraine demonstrates their wide geographical distribution. These data indicate that the city of Saraishyk played an important role in the system of international trade and monetary circulation in the Volga–Ural region.

The results of the study highlight the strategic importance of Saraishyk in the economic, political, and trade relations of the Ulus of Jochi period and contribute to a deeper understanding of the history of monetary circulation in the Golden Horde.

Keywords: Saraishyk, Ulus of Jochi, coin minting, medieval coins, archaeological excavations, monetary circulation, economic relations, trade routes, numismatics.

Кіріспе. Ортағасырлық Сарайшық қаласы – Атырау қаласының солтүстігінде 45 км қашықтықта, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылында орналасқан. Жайық өзенінің оң жағалауында орнықкан.

Ортағасырлық Сарайшық — Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда және саяси орталық қана емес, сонымен қатар Жошы Ұлысының (Алтын Орда) қуатты экономикалық индикаторы. Қала аумағынан табылған тиындар кешені аймақтағы тауар-ақша қатынастарының даму деңгейін айқындайтын құнды тарихи дереккөз болып табылады.

Нумизматикалық зерттеулер Сарайшықтың халықаралық саудадағы рөлін, ақша соғу ісінің эволюциясын және мемлекеттік биліктің нығаю кезеңдерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Нумизматикалық табылымдар Жошы Ұлысында орын алған саяси, тарихи география және әлеуметтік-экономикалық үдерістер жөнінде бірегей деректер береді. Жошы Ұлысындағы тиын соғу ісінде биметаллизм жүйесі қолданылған, яғни күміс және мыс ақшалар қатар соғылған. Алтын тиындар Хорезм өлкесінде XIV ғасырдың екінші жартысында шығарылды. Мыс ақшалардың күміс тиыннан айырмашылығы олар негізінен жергілікті маңызы болған және ұсақ сауда айналымының дамуына ықпал етті. Мыс тиындардың көп шығарылуы XIV ғасырға, яғни Жошы Ұлысы империясының қарқынды даму кезеңіне тұспа-тұс келеді. Жошы Ұлысы дәуірінде айналымға шығарылған күміс тиындарда көне ұйғыр, араб, парсы және түркі тіліндегі жазулар кездеседі. Тиындардағы жазбалардың көптілділігі Жошы Ұлысы халқының тілдік алуан түрлілігін және қаланың әлем елдерімен байланысын көрсетеді. Алтынордалық тиындар соғылған кезеңде оның көркемдігіне ерекше көңіл бөлінген. Тиынның дизайндық ерекшелігіне назар аударған ортағасырлық жылнамашы Рашид ад-Дин: «Монеты весьма красивы и изящны, так что кто их приобретет, тому сердце не позволяет их отдать, и он хочет их непременно сберечь» – деп жазады [1, 57-60 б.].


Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағынан және Еділ бойы қалаларындағы археологиялық қазбалар кезінде табылған нумизматикалық материалдарға кешенді талдау жүргізілді. Тиындарды анықтау үдерісінде нумизматикалық атрибуциялау, эпиграфикалық оқылым және типологиялық салыстыру әдістері қолданылды. Тиындардағы жазулар мен таңбалық элементтер негізінде билеуші есімдері, ақша сарайлары және соғылған уақыты айқындалды. Алынған деректер Жошы Ұлысы нумизматикасына арналған ғылыми еңбектер мен каталогтар және ZENO.RU нумизматикалық дерекқорымен салыстырылды. Сонымен қатар, тиындардың табылу аймақтары мен таралу географиясын анықтау үшін салыстырмалы-талдамалық әдіс пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері археологиялық, тарихи және нумизматикалық деректер кешені негізінде сарапталды. Сондай-ақ, нумизматикалық талдаулар нәтижесінде тиындардың статистикалық мәліметтері жинақталды.

Сарайшық нумизматикасы жөніндегі мәліметтер 1937 жылы Н.К. Арзютов, 1950 жылы Ә.Х. Марғұлан және XX ғасырдың 90-жылдарында З. Самашев жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында толыға түсті. Осы кезеңдегі ең көне олжа — Бату ханның немересі Меңгү-Темірдің Үкек қаласында соғылған тиыны. Жошы Ұлысы хандары Өзбек пен Жәнібек тұсында мемлекеттік қуат артып, сауда дамуына байланысты олардың атымен соғылған тиындар Сарайшық және оның маңайындағы ескерткіштерден жиі кездеседі. Жәнібек ханнан кейін билік еткен Бердібек, Құлпа және Наурыз хандардың қысқа мерзімді билігіне байланысты бұл кезең тиындарында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Қыдыр хан тұсында саяси тұрақтылық орнап, XIV ғасырдың екінші жартысында Сарайшықта тиын соғыла бастайды. Қыдыр ханның 761 (1359–1360 жж.) хижра жылында Сарайшықта соғылған тиындары металдың қалыңдығы мен салмағының ауырлығымен ерекшеленеді [2, 18; 21; 22 б.].

Нәтижелер мен талқылау. Жошы Ұлысы әулетінің Шайбан, Тоқа -Темір және Орда-Ежен ұрпақтары арасындағы тақ үшін күресі нәтижесінде 1400–1417 жылдары аралығында 7 хан ауысқан. 2005 жылы Сарайшықтағы V қазбаның жоғарғы мәдени қабатынан, каталогта №170 деп белгіленген осы кезеңге тиесілі тиын табылды. Жошы Ұлысының өзге қалаларынан бұрын анықталмаған бұл тиын үлгісі Сарайшықта соғылған деп болжанып отыр. Жалпы бұған ұқсас тиындар саны – 30 дана. Сонымен қатар, 1413/1414 және 1419/1420 жылдары билік құрған Деруіш хан тұсында да Сарайшықта тиын соғылғаны нумизматикалық материалдармен дәлелденген [2, 25 б.]. «Сарайшық тиындары» кітабында XX ғасырдың 90-жылдарында қазба жұмысында табылған және өңделген тиындар берілген. Жалпы саны – 702. Олардың 647 данасы толық анықталған. Тиындар топтамасы арасында Сарайшық соғылымы да кездеседі. Ол тиындар Тоқтамыс хан соғылымы, жалпы саны – 10 дана. Ең көп табылған тиындар

қатарында Сарай әл-Жәдид – 311 дана, Сарай – 192 дана, Гүлістан және Хорезм – 54 дана, Сарайшық – 10 дана. Сарай әл-Махрус, Ордұ, Қырық Йер және Бақша Сарайдан – 5 данадан, Қырым, Азақ, Самарқанд, Қажы Тарханнан – 4 данадан, Тебриз әл-Жәдид, Бик базар және Баржыннан – 2 данадан, Үкек, Шираз, Йезд, Сығнақ, Ордұ Базар, Бұлғардан – 1 данадан табылған. Аноним тиындар – 81 дана, атрибуциясы анық емес – 33 дана тиын анықталған. Жалпы тиындар жиынтығының 64 % астаналық қалалар Сарай және Сарай әл-Жәдидте, 14 % Гүлістан мен Хорезм қалаларында соғылған. Ал осы тиындар арасында Сарайшық соғылымдарының үлесі – 1,3 % құрайды [2, 26; 29 б.]. Жалпы, археолог З. Самашевтің жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазбалардан табылған тиындардың арасында Жәнібек ханның соғылымы ең көп кездеседі. Барлығы – 169 дана. Одан кейінгі орында Өзбек хан – 136 дана, Тоқтамыс хан – 94 дана және Қыдыр хан – 44 дана. Сондай-ақ, Мүрид ханның – 1 дана, Болат ханның – 10 дана тиыны кездескен [2, 143 б.].

З. Самашевтың зерттеулері Жошы Ұлысы кезеңінде Сарайшық ірі астаналық орталықтармен тығыз экономикалық байланыста болғанын көрсетеді. Табылған тиындардың басым бөлігінің Сарай мен Сарай әл-Жәдид сияқты астаналық қалаларда соғылуы Сарайшықтың жалпы мемлекеттік ақша айналымы жүйесіне белсенді түрде қатысқанын дәлелдейді (1-сурет). Сонымен бірге, аталған еңбекте берілген кейбір атрибуциялар нумизматикалық зерттеулердің соңғы деректері мен әдістемелік мүмкіндіктері тұрғысынан қосымша нақтылауды қажет етуі мүмкін. Жекелеген тиындардың эмитентін, ақша сарайын және мерзімделуін айқындау мәселелері ғылыми ортада әлі де талқыланып келеді, бұл ортағасырлық нумизматиканың күрделі сипатына тән табиғи құбылыс болып табылады. Әсіресе мыс соғылымдары мен сирек типтерді анықтауда интерпретациялық айырмашылықтар орын алуы ықтимал. Осыған байланысты «Сарайшық тиындары» еңбегіндегі мәліметтер зерттеудің деректік негізі ретінде пайдаланылды, алайда ондағы атрибуциялар ғылыми айналымдағы қолданылып жүрген нұсқалардың бірі ретінде қарастырылады. Болашақта жаңа табылымдар мен салыстырмалы материалдардың артуына қарай Сарайшық нумизматикасына қатысты жекелеген мәселелерді қайта қарастыру мүмкіндігі сақталады.



Сурет 1. Тиындардың пайыздық үлесі (З. Самашевтың зерттеуі бойынша) Дайындаған: Ж. Байгалиев

Шығыс нумизматикасына қатысты мол мәліметтерді ZENO.RU – Oriental Coins Database ірі онлайн дерекқорынан ала аламыз. Дерекқорында шығыс, ислам әлемі, Орта Азия, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка аумақтарында соғылған монеталардың фотосуреттері, сипаттамалары мен каталогтық мәліметтері жинақталған. Осы базадан Сарайшық қаласының соғылымдарын да кездестіруге болады [3]. Төмендегі кестеде сайтта орналасқан тиындар, олардың саны мен фотосуреттері көрсетілген. Бірақ сайтта бұл тиындардың табылған орны туралы мәліметтер берілмеген (1-кесте).

Кесте 1. Сайтта орнасласқан Сарайшық тиындары

Атауы	саны	Фотосурет
Мүрид хан (763-764 х.ж) Пұл. 763 х.ж Сарайшықта соғылған	16	
Олжай Темір (769 х.ж) Дирхем. 770 х.ж. Сарайшықта соғылған.	7	
Ильбак хан (775). Дирхем. 775 х.ж. Сарайшықта соғылған.	5	
Болат хан (Пулад-Ходжа) (775). Дирхем. 775 х.ж. Сарайшықта соғылған.	4	
Тоқтамыс хан (782-797). Дирхем. Сарайшықта соғылған.	19	
Деруіш хан (818-822). Ақча.	9	

(Ескерту: кесте ақпараттары ZENO.RU – Oriental Coins Database ірі онлайн дерекқорынан алынған)

Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық Орталық музейінің нумизматикалық каталогында Сарайшықта соғылған Мүрид ханның 9 дана тиыны тіркелген. Сондай-ақ, 6 дана тиынның атрибуциясы әзірге анықталмағанмен, олардың бетінде «гүлөнекті» ою-өрнектің сақталуы ортақ типологиялық белгілердің бар екенін көрсетеді. Аталған нумизматикалық материалдар 1989–2005 жылдар аралығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылып, музей қорына тапсырылған [4, 286 б.].

Нумизмат П.Н. Петров Жошы Ұлысындағы ақша айналымын жан-жақты талдап, нумизмати-калық материалдарды хронологиялық тәртіп бойынша жүйеледі. Зерттеулерінің нәтижесінде ол Жошы Ұлысындағы ақша жүйесінің дамуын бірнеше кезеңге бөліп қарастырады [5, с. 618].

1. XIII ғасыр. Бірінші кезең – Жошы Ұлысының Ұлы Моңғол империясы құрамында болған тұстағы ақша жүйесі. Екінші кезең – тәуелсіз Жошы Ұлысы мемлекеті қалыптасқан кезеңдегі ақша жүйесі. Бұл кезең Меңгү-Темірдің билікке келуінен басталады.

2. XIV ғасыр. Үшінші кезең – XIV ғасырдың алғашқы онжылдығын қамтыған ақша реформалары кезеңі. Бұл уақыт Жошы Ұлысының бірнеше аймағында реформалардың қатар жүргізілуімен ерекшеленеді. Төртінші кезең – Жәнібек пен Бердібек хандардың саяси аренадан кетуімен байланысты, саяси тұрақсыздықтың күшею кезеңі. 760/1360 жж. Жошы Ұлысы үшін ауыр заман болды. Бесінші кезең – Тоқтамыс ханның билікке келуімен және одан кейінгі соғыстар салдарынан елдегі саяси-экономикалық жағдайдың әлсіреуімен сипатталады.

3. XV ғасыр. Алтыншы кезең – Шәдібек хан жүргізген ақша реформасымен байланысты кезең [5, с. 619; 626; 631].

П.Н. Петровтың хронологиялық жіктеулеріне сүйенсек, Сарайшықта тиын соғу ісі төртінші кезеңде басталған. Бұл кезең Жәнібек пен Бердібек хандардың биліктен кетуімен тұспа-тұс келіп, Жошы Ұлысы тарихындағы саяси тұрақсыздық пен ішкі тартыстардың күшейген уақытымен сипатталады. Осындай күрделі жағдайда Сарайшықта ақша соғу дәстүрінің жалғасуы қаланың экономикалық және әкімшілік маңызын айқындай түседі.

Мүрид хан атынан Сарайшықта соғылған тиындардың қала аумағынан салыстырмалы түрде көп табылуы XIV ғасырдың екінші жартысындағы саяси жағдаймен тікелей байланысты. Бұл кезеңде Жошы Ұлысында Еділ бойындағы Сарай билігі әлсіреп, Сарайшықтың рөлі артты. Мүрид хан билігі оның тиындарының Сарай әл-Жәдид, Гүлістан және басқа қалаларда соғылуымен айқындала түседі. Хан бір жылға жуық билік еткен. Сондықтан, оның қалыптарымен билігі аяқталған соң да тиындар соғылып тұрған.

775 хижра жылы Сарайшықта Болат-Қожа (Пулад-Хожда) есімімен тиындар соғылған. Ол турасында ғылымда пікірталастар кездеседі. Болад-Қожа тиындары 766 хижра жылы Гүлістан қаласында да соғылған. Жошы Ұлысының ақша сарайларында табылған осыған ұқсас тиындарды нумизматтар «Болат-Қожа», «Хайр-Болат», «Болат-Темір» деп оқыған. Ф.В. Ермолов, Р.Ю. Рева, Б.И. Леонов «О правителях третьей четверти XIV века с именем «Пулад». Монеты Пулад-Ходжи» атты мақаласында осы мәселеге жауап іздеген. Зерттеушілер «Хайр-Болат» Болат-Қожадан бөлек, басқа адам болса, онда бұл аттың астарында кім жасырынуы мүмкін екендігі туралы әртүрлі болжамдар ұсынады [6, с. 60].

«Сарайшық тиындары» атты еңбекте 764 хижра жылы соғылған тиындарда Қайыр-Болат хан (1362-1363 ж) есімі жазылған. Көмбеден 2 күміс тиын анықталған. Тиынның алдыңғы жағында *«as-sultan al-gadil / Hayir Bulat qan / hullida mulkuhu»* деген жазу сақталған. Аудармасы: «Сұлтан әділетті / Қайыр-Болат / оның билігі ұзақ болсын» делінген. Одан соң, Болат-Хожа хан (1364-1365 ж) атымен соғылған күміс тиын табылған. Бұл тиында да *«as-sultan al-gadil / Hayir Bulat qan / hullida mulkuhu»* деген жазу байқалады. Бұл тиынның айырмашылығы 767 хижра жылы Сарай әл-Жәдид қаласында соғылуында [2, 143 б.]. Осыған ұқсас мысалдар Жошы Ұлысының басқа да ақша сарайларында байқалады. Сарайшықта табылған тиындарда Қайыр – Болат хан деп берілсе, басқа нұсқаларда «Полат-Қожа» немесе «Алп-Қожа» атаулар кездеседі.

П.Н. Петров өз еңбегінде елдегі тұрақсыздық жылдары (1360 ж.) соғылған тиындарда біркелкі «хан» деген немесе «сұлтан» деген жазбалар кездесіп отырғанына назар аударған. Ол: «В Сыгнаке Мубарак-Ходжа с 768/1366-1367 года начал чеканить монету со своим именем и титулом «султан» (иногда встречается еще и титул «хан»)» - деп жазады [5, с. 630]. Негізінде, бұл кезеңде Жошы Ұлысында баршаға бірдей мойындалған хан болған жоқ. Мемлекеттің әртүрлі аумақтарында жоғарғы билікке үміткерлер өздерін хан деп жариялап жатты.

Х.М. Френ жоғарыда аталған Хайр-Болат, Болат-Қожа және Болат-Темір хандардың

әрқайсысын жеке тұлға ретінде қарастырған [7, с. 278]. Зерттеуші А.К. Марков та Эрмитаж музейіндегі каталогта үш есімді бөліп орналастырады [8, с. 468]. Ал П.С. Савельев Хайр-Болат, Болат-Қожа және Болат-Темір есімдерімен белгілі эмитенттерді мәні жағынан бір тұлға деп қарастырып, Болат-Темірді «дүрбелең кезеңнің ханы» деп атаған [9, с. 60]. S. Lane-Pool болса 1881 жылғы «Каталоге восточных монет Британского музея» жинағына «Болат хан» есімін енгізіп, аталған тиындарды бірге орналастырады [10, p. 156. №478-479]. А.Г. Гаев өзінің генетикалық зерттеулері нәтижесінде Болат-Хожа мен Хайр-Болат жеке дара тұлға деп көрсетіп, Хайр-Болат Мүрид ханнан кейін билікке келгенін көрсеткен [11, с. 50]. 1858 жылы П.С. Савельев Тетюш қазынасының құрамын зерттеу барысында Сарайшықта 775 хижра жылы соғылған тиынды анықтап, жариялайды. Ол эмитенттің есімін «Алп-Қожа» деп қана оқуға болатынын атап көрсетеді. Ең қызығы осы қалыппен сол жылы Ильбак хан есімімен де тиындар соғылған. Сондай-ақ, А.К. Марковтың каталогында да осы тиынды кездестіруге болады [6, с. 71]. Сарайшықта 775 хижра жылы соғылған тиындар Болат-Қожаның эмиссиясына жатады, ал оларды «Алп-Қожа» немесе «Құтлық-Қожа» деп қорыту біздіңше ертерек. Сонымен қатар, 764 хижра жылы Сарай әл-Жәдидте «Хайр-Болат» есімімен соғылған тиындарды кім шығарғаны туралы мәселе әлі де нақты шешімін тапқан жоқ. Бұл зерттеуді алдағы уақытта жаңа нумизматикалық жәдігерлер арқылы толықтырып қарастыру қажет.

Олжай-Темірге байланысты да толыққанды ақпарат жоқ. Р.Ю. Рева, А.О. Брагин «Нумизматические свидетельства правления Кунче-хана» атты мақаласында 768–769 хижра жылдары Сарай әл-Жәдидте, сондай-ақ 770 хижра жылы Сарайшықта тиын соқтырған Олжай-Темір хан есімі Құтлық-Темір немесе оның ұлы Темір болуы мүмкін деген пікірді келтіреді [12, с. 89]. 2023 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №12 қазба орнында Олжай-Темірдің күміс тиыны табылды. Тиын 770 (1368) хижра жылында Сарайшықта соғылған [13, 263 б.]. Бұл жағдай Жошы Ұлысындағы «дүрбелең кезеңінде» билеушілердің есімдері әртүрлі нұсқада жазылып, бір тұлғаның әрқалай аталуын көрсетеді, әрі сол кезеңдегі ақша соғу ісінің күрделі сипатын тағы да айқындай түседі.

Тоқтамыс ханның жаугершілік соғыстары нәтижесінде ел ішінде тұрақсыздық, аштық пен ауру өрши түсті. Хан билікке келген соң ақша реформасын жасады. Тоқты хан реформасынан айырмашылығы Тоқтамыс өзіне дейінгі дирхемдерді айналыстан шығармады. Оның орнына оларды толықтырып отырды [5, с. 630]. Ол өз атынан Жошы Ұлысы қалалары Сарай, Сарай әл-Жәдид, Орда, Азақ, Қажы-Тархан, Сарайшық және Маджар қалаларында салмағы 1,42 гр келетін тиындарды айналымға қосты. Жалпы Тоқтамыс хан 13 қалада өз атынан тиындар басып шығарған [14, с. 57-59]. Сол себепті де Сарайшықта соғылған Тоқтамыс хан тиындары Еділ бойындағы қалалар мен олардың маңынан жиі кездеседі. Тоқтамыс хан билігі тұсында елде саяси тұрақсыздық орын алып, ұлыстарда ноғай әмірлерінің билігі нығая бастады. Мысалы, Едіге би хан тағына отырғызған Деруіш хан соғылымдары Сарайшық қаласында табылған. Ю.В. Зайончковскийдің «Данги джучидского хана Дервиша чекана Орду» атты мақаласында Х.М. Френ еңбектеріне сүйене отырып, Деруіш ханның Болгар, Сарайшық және Қажы-Тархан қалаларында соғылған теңгелерін сипаттайды. Ал А.К. Марков Эрмитаж музейі нумизматикалық коллекциясының каталогында Деруіш хан атынан Сарайшық, Бек-Базар (Бик-Базар) және Сарай қалаларында табылған соғылымдарды тіркеген [15, с. 135]. Сондай-ақ, Украинаның Винница облысындағы Гнивень қаласынан табылған көмбеден 2 дана күміс тиын анықталған. Тиын 782 хижра жылғы, Тоқтамыс хан соғылымы. Бірінің салмағы 0,77 гр (Р№223), болса екіншісінің салмағы 0,76 гр (Р№119). (2-сурет). Тиындардың сақталуы жақсы [16, с. 199-200]. Осылайша, әртүрлі зерттеушілердің деректері Деруіш хан тұсындағы теңге соғу орталықтарының географиясы кең болғанын және жекелеген қалалар бойынша атрибуция мәселесінде ғылыми пікірлердің әрқилы екенін көрсетеді.



Сурет 2. Деруіш хан соғылымы (Гулецкий, 2016)

Жалпы алғанда, хронологиялық тұрғыдан Мүрид, Олжай-Темір, Болат және Ильбак хандар тұсында соғылған тиындар Жәнібек қайтыс болуынан кейінгі Жошы Ұлысында басталған саяси тұрақсыздық кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезеңде орталық биліктің әлсіреуі және аймақтық әмірлер мен жергілікті билеушілердің ықпалының артуы байқалады, ал мұндай үдерістердің көрінісі нумизматикалық материалдардан айқын аңғарылады. Тиындардағы соғу орындарының көптүрлілігі, эпиграфикалық ерекшеліктер мен типологиялық айырмашылықтар биліктің бытыраңқыланғанын көрсететін маңызды дереккөз болып табылады. Ал Тоқтамыс пен Деруіш хандардың атынан Сарайшық қаласында соғылған тиындар Жошы Ұлысының күйреуі қарсаңындағы соңғы тарихи кезеңді сипаттайды.

2018 жылдан бастап Сарайшық қаласы аумағында археологиялық зерттеулер қайта жанданып, жүйелі сипат ала бастады. Соңғы жылдары нумизматикалық материалдар мақсатты түрде жинақталып, деректік қордың көлемі мен зерттеу ауқымы едәуір кеңейді.

2019 жылғы археологиялық зерттеулер барысында барлығы 140 дана тиын табылған. Оның ішінде 5 данасы шағын мыс көмбе құрамынан, 32 дана тиын жер бетінен жиналған, ал қалғандары жекелеген олжалар ретінде тіркелген. Аталған нумизматикалық материалдардың ішінде 6 тиын Сарайшық қаласында соғылған. Олардың төртеуі Мүрид хан атынан шығарылған тиындар болса, екі данасының эмитенті әзірге анықталмаған [17, с. 383]

2021 жылы Сарайшық қаласындағы №3 қазба орнында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде барлығы 42 дана күміс тиын анықталды. Аталған нумизматикалық материалдар Сарай, Сарай әл-Жәдид, Сарай әл-Махрус және Гүлістан қалаларында соғылған. Эмитенттік құрамы бойынша бұл тиындар Өзбек, Жәнібек және Тоқты хандардың билік кезеңіне жатады, олардың ішінде сандық тұрғыдан Жәнібек хан атынан шығарылған соғылымдар басым. Сонымен қатар, №3 қазба орнынан шыққан топырақ үйіндісін тексеру барысында қосымша 9 дана күміс тиын табылды. Бұл тиындар Сарай әл-Махрус, Сарай әл-Жәдид және Сарай қалаларында Тоқты, Өзбек және Жәнібек хандардың атынан соғылған. Бұдан бөлек, қазба жұмыстары барысында 2022 жылы Сарайшық қаласының №1 қазба орнынан 396 дана күміс тиыннан тұратын ірі көмбе анықталды. Көмбенің құрамына Тоқты хан, Өзбек хан, Жәнібек хан және Бердібек хан кезеңіне жататын соғылымдар енеді. Аталған тиындар Сарай әл-Жәдид, Хорезм және Гүлістан қалаларындағы ақша соғу орталықтарын көрсетті. Бұл кешенді нумизматикалық деректер Сарайшық қаласының Жошы Ұлысы дәуіріндегі экономикалық айналымға және өңіраралық сауда жүйесіне белсенді түрде қатысқанын айғақтайды [18, 850-853 б.].

2021 жылы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 1861 жылғы А.Е. Алексеевтің топографиялық сызбасы негізінде «Хан моласы» нысанында зерттеу жүргізілді. Бұл қазбадан 28 дана тиын табылды [19, 23 б.].


«Хан моласындағы» қазба жұмыстары 2022 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті археологтарының жүргізуімен жалғасты. Нәтижесінде – 16 дана тиын табылды [20, 35-36 б.].

2023 жылы «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII–XVI ғғ.)» ғылыми бағдарламасы аясында №2 қазбада археологиялық жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде 45 дана тиын анықталды. Аталған нумизматикалық кешеннің құрамына 1 дирхем және 44 дана пұл кірді. Табылған тиындардың арасында Сарайшық қаласында соғылған 5 дана пұл бар. Ол Мүрид ханның 763 хижра жылымен мерзімделген соғылымдарына жатады [21, 49-71 б.].


2023 жылы «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша №3 қазбада зерттеу жұмыстары жүрді. Қазба барысында 52 тиын табылды. Олардың 1-і дирхем. 5 соғылым Сарайшықтікі екені анықталды. 4 тиын Мүрид ханның 763 хижра жылғы соғылымы, 1-і 780 хижра жылы соғылған Сарайшық соғылымы. Эмитент оқылмады [22, 51-68 б.].

2024 жылы №6 қазбадан 59 мыс тиын табылды. Тиындар арасында 1-і 763 хижра жылы Сарайшықта соғылған Мүрид хандікі [23, 37 б.]. Осы жылы №2 қазбадан 36 мыс тиын табылды. Олардың ішінде де 1-і 762 хижра жылы Сарайшықта соғылған Мүрид ханның тиыны. Ал №1 қазбадан жалпы саны 15 тиын табылды. Олардың арасында Сарайшық соғылымы кездеспеді.

2025 жылы №2 қазбадан 50-ге жуық тиын табылды. Олардың қазіргі кезге дейін 22-сі ғана тазаланды. №6 қазбадан 100-ге жуық тиын табылып, 59-ы ғана тазаланды. Төмендегі диаграммада 2018-2025 жылдары Сарайшықтан табылған тиындардың ақша сарайы бойынша (3-сурет) және тиындағы эмитент бойынша көрсеткіштері (4-сурет) көрсетілген.




Сурет 3. 2018-2025 жж. ортағасырлық Сарайшық қаласы қазбасынан табылған тиындардың ақша сарайы бойынша жіктелуі. (Дайындаған: Ж. Байгалиев)




Сурет 4. 2018-2025 жж ортағасырлық Сарайшық қаласы қазбасынан табылған тиындардың эмитенттері бойынша жіктелуі. (Дайындаған: Ж. Байғалиев)

2018–2025 жылдар аралығында анықталған тиындардың басым бөлігі Сарай әл-Жәдид және Сарай қалаларында соғылған үлгілерге тиесілі. Аталған ақша белгілері жалпы олжаның 49,8 %-ын құрайды. Ал Гүлістан, Хорезм және Сарай әл-Махрус қалаларында соғылған тиындардың үлесі 13,3 % деңгейінде. Осы қатарда Сарайшық қаласының үлесі 2,5 %-ды құрайды, бұл XX ғасырдың 90-жылдарымен салыстырғанда айтарлықтай өсім бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, табылған тиындардың 15,3 %-ның атрибуциясын анықтау мүмкін болмады.

2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде жалпы саны шамамен 988 тиын анықталды. Олардың ішінде Сарайшықта соғылған тиындар ерекше орын алады. Атап айтқанда, XX ғасырдың 90-жылдарындағы археологиялық қазба жұмыстары барысында 10 дана тиын табылған. Zeno.ru дерекқорында Сарайшықта соғылған 60 дана тиын тіркелген. Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейінің нумизматикалық каталогында 15 дана тиын сақтаулы. Ал 2018–2025 жылдар аралығындағы зерттеулер нәтижесінде 24 дана тиын анықталды. Сонымен қатар, Ұшқан керуен-сарайы аумағынан 1 данасы табылды. Осылайша, қазіргі таңда бізге белгілі Сарайшық соғылымдарының жалпы саны 110 дананы құрайды (5-сурет). Олардың ішінде: Мүрид хан соғылымы – 49 дана, Олжай Темір соғылымы – 8 дана, Ильбак хан соғылымы – 5 дана, Болат хан соғылымы – 4 дана, Тоқтамыс хан – 29 дана, Деруіш хан – 9 дана, аноним тиындар – 6 дана (6-сурет).



Сурет 5. Сарайшық соғылымдары орналасқан дереккөздер. (Дайындаған: Ж. Байғалиев)



Сурет 6. Сарайшық соғылымдарындағы билеушілердің есімдері. (Дайындаған: Ж. Байғалиев)

Сарайшықта соғылған ақшаның таралу аймағы тек қаланың өз тарихи-археологиялық кешенімен шектелмейді. Археологиялық және нумизматикалық деректер олардың Жошы Ұлысы дәуіріндегі өзге де қалалар мен ескерткіштер аумағынан әр кезеңде табылып отырғанын көрсетеді. Г.А. Федоров-Давыдовтың «Клады джучидских монет» атты еңбегінде Жошы ұлысы аумағынан табылған ірі көлемдегі нумизматикалық көмбелерге қатысты жүйелі мәліметтер келтірілген. Аталған деректер Жошы Ұлысы дәуіріндегі ақша айналымының ауқымы мен аймақаралық сипатын айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, көмбелер құрамында Сарайшықта соғылған тиындардың тіркелуі ерекше ғылыми маңызға ие. Зерттеуші

мәліметі бойынша, 1878 жылы Астрахан облысы Енотаев уезіне қарасты Селитренное ауылының батыс бөлігінде орналасқан мұнара құландысының маңынан 1210 дана күміс теңгеден тұратын ірі көмбе табылған. Аталған көмбедегі 1153 теңгенің мәтінін В.Г. Тизенгаузен оқып, ғылыми айналымға енгізген. Көмбе құрамында хижраның 782 жылы Сарайшық қаласында соғылған екі дана күміс тиын анықталды. Бұл олжадан іріктелген 283 дана тиын қазіргі күні Ресейдің Мемлекеттік Эрмитаж музейінің қорында сақтаулы. Сонымен қатар, 1888 жылы Саратов губерниясы аумағынан 431 дана күміс тиыннан тұратын тағы бір көмбе табылған. Аталған көмбедегі тиындар Жошы Ұлысы кезеңіндегі әртүрлі ақша сарайларында соғылған. Олардың қатарынан хижраның 782 жылы Сарайшықта соғылған 1 тиынның анықталуы Сарайшық ақша өнімдерінің кең аумаққа таралғанын көрсетеді. Аталған теңгенің эмитенті анықталмаған [24, с. 157].

Алдыңғы деректерді толықтыра түсетін тағы бір маңызды нумизматикалық кешен Нижний Новгород өңірімен байланысты. Атап айтқанда, 1848 жылы Нижнеломов уезі аумағындағы Карсаевка деревнясы маңында 630 дана күміс тиыннан тұратын көмбе табылған. Аталған өңір тарихи-географиялық тұрғыдан Сура, Цна және Мокша өзендері бойындағы Мордовия республикасына қарайтын жерлер, сондай-ақ Нижний Новгород облысының Еділ өзені шегіндегі аумағын қамтиды. Көмбеден табылған тиындардың 156 данасын белгілі нумизмат Х.М. Френ бөліп алып, арнайы зерттеген. Бұл материалдар бірқатар архивтік және баспа дерек-көздерінде тіркеліп, ғылыми айналымға енгізілген. Аталған көмбе құрамынан Сарайшықта соғылған теңгелердің кездесуіне қарап оның ақша өнімдерінің Еділ бойының жоғарғы ағысына дейін таралғанын көреміз. Сонымен қатар, Сарайшық соғылымдарының тағы бір тобы 1884 жылы Тамбов облысының Моршанск уезіне қарасты Волхонщина деревнясы аумағынан табылған 530 дана күміс тиыннан тұратын көмбе арасынан анықталды. Көмбедегі тиындардың 525 данасының мәтіні оқылып, атрибуциясын В.Г. Тизенгаузен анықтаған. Оның ішінде хижраның 782 жылы Сарайшықта соғылған 4 дана күміс тиын бар. Алайда көмбедегі күміс теңгелердің едәуір бөлігі, нақтырақ айтқанда 390 данасы қайта балқытуға тапсырылған екен. Қалған нумизматикалық материалдар Ресейдің Мемлекеттік Эрмитаж музейі қорына өткізіліпті [24, с. 160-161].


Сарайшық соғылымдарының таралу аумағын айғақтайтын деректер қатарын 1884 жылы Крапивна уезіне қарасты Казачья станицасынан анықталған нумизматикалық олжа толықтырады. Аталған көмбе аңыздық жануар бейнесі салынған бұйым мен күміс тиындар сақталған қыш құмыра болған. Құмыра ішінен барлығы 191 дана күміс тиын анықталған. Көмбедегі нумизматикалық материалдар арасынан Сарайшықта соғылған тиын да кездескен. Алайда бұл күміс тиынның бетінде соғылған жылы, ақша сарайы немесе эмитенті көрсетілмегендіктен, оның нақты атрибуциясы шектеулі күйде қалып отыр. Сонымен қатар, 1888 жылы шағын көлемдегі күміс тиындар көмбесі анықталғаны бізге белгілі. Өкінішке қарай, көмбенің нақты табылған орны белгісіз. Аталған көмбеден барлығы 4 дана тиын сақталғанымен, олардың атрибуциясы ғылыми тұрғыдан маңызды дерек береді. Сақталған тиындарішінде хижраның 787 жылы Сарай әл-Жәдидте, 790 жылы Ордуда және 782 жылы Сарайшықта соғылған тиындары тіркелген [24, с. 166].

1890 жылы Тула уезінің Китаевка станицасы маңынан салмағы 24 кг болатын тиындар мен құйма көмбе табылды. Тиындардың 1714 данасын В.Г. Тизенгаузен оқыды. Тиындар арасында Жошы Ұлысындағы барлық ақша сарайларының атауы кездеседі. Олардың қатарында хижраның 782 жылы Сарайшықта соғылған тиын да бар [24, С. 174].

Ортағасырлық Биляр қаласында әр жылдарда жүргізілген қазба жұмыстары барысында Сарайшықта соғылған 1 дана тиын кездескен. Тиын 782 хижра жылы Тоқтамыс хан атымен соғылған [25, с. 198]. Сондай-ақ, Г.А. Федоров-Давыдов «Клады джучидских монет» атты мақаласының жалғасы ретінде жазылған «Находки джучидских монет» атты мақаласында Сарайшықта хижраның 782 жылы соғылған тиынды атап өтеді. Ол 1954 жылы Камышин ауданы, Буерачный елді мекені аумағынан табылған күміс тиындар көмбесі арасынан анықталды. Тиындарды С.А. Янина қайта оқыған [25, с. 216].

Ортағасырлық Сарайшық қаласының нумизматикалық мұрасын зерттеу барысында Сарайшық соғылымдарының таралу географиясына қатысты өзіндік заңдылықтар айқындалып отыр. Ташкент қаласындағы Ә.Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының қорларындағы материалдарды зерделеу нәтижесінде, Сарайшық тиындарының қазіргі Өзбекстан мен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі ескерткіштерден кездеспеуі ғылыми тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады. Мысалы, О. Рахматоллаева, Ж. Саломовтың «Нумизматика» атты еңбегінде Өзбекстан аумағындағы ерте кезеңдегі соғылған тиындар сипатталады [26, 16-20 б.]. Ал Т. Эрназарова, Б. Кочневтың «Тангалар утмиш даракчилари» атты шағын трактатында Хорезмшахтар, Шағатай ұлысы және Ақсақ Темір соғылымдары беріледі. Сондай-ақ, осы аймақтағы негізгі ақша сарайлары ретінде Самарқанд, Бұхара, Хожент, Алмалық, Кенжде (Шымкент ауданы), Ташкент, Тараз, Отырар және т.б. қалалар көрсетіледі [27, 26-27 б.].

Жинақталған нумизматикалық материалдар Сарайшықта соғылған тиындардың Жошы Ұлысы мемлекетінің кең байтақ өңіріне таралғанын айқын дәлелдейді. Көмбелердің Еділ бойы маңындағы ортағасырлық қалалардан табылуы Сарайшықтың XIV ғасырдың екінші жартысында, әсіресе 782 хижра жылы Жошы Ұлысының маңызды ақша соғу, сауда және экономикалық орталықтарының бірі болғанын көрсетеді. 782 хижра жылы соғылған тиындар Тоқтамыс хан соғылымы болса керек. Көмбелерден табылған ол тиындардың саны – 13 дана. Тоқтамыс хан тұсында жүзеге асырылған ақша реформасы Жошы Ұлысы аумағында бірыңғай және орталықтандырылған ақша айналымын қалыптастыруға бағытталды. Осы реформаның аясында хан өз атынан кемінде 13 қалада ақша соқтырғаны белгілі. Аталған қалалар қатарында Сарайшықтың болуы оның тек өңірлік маңызы бар қала емес, Жошы Ұлысы деңгейіндегі жалпыұлттық ақша айналымына тікелей тартылған ірі ақша сарайларының бірі болғанын айғақтайды. Әсіресе, 782 хижра жылы соғылған Сарайшық тиындарының Сарайшық, Ұшқан және Еділ бойы қалалары, Саратов және Волгоград, Орталық Ресей, Мордовия, Тамбов, Тула, Татарстанның Тетюш, Биляр аймақтарынан табылған көмбелерден анықталуы қаланың халықаралық және аймақаралық сауда байланыстарының кең болғанын көрсетеді (7-сурет).



Сурет 7. Сарайшық соғылымдары табылған аймақтар картасы. (Дайындаған: Ж. Байгалиев)

2018 жылдан бергі зерттеулердің нумизматикалық материалдары Сарайшықта ақша соғу ісінің хронологиясын нақтылай түсті. Соңғы табылған тиындар арасында негізінен Мүрид хан соғылымдарының кездесуі оның билік кезеңінде Сарайшықтың аймақтық ақша сарайы ретіндегі қызметі ерекше болғанын көрсетеді.

Қорытынды. Зерттеу барысында Сарайшық қаласында соғылған тиындар кешені нумизматикалық, археологиялық және деректанулық тұрғыдан жан-жақты талданды. Жинақталған мәліметтер Сарайшықтың Жошы Ұлысы дәуірінде маңызды ақша соғу, сауда және әкімшілік орталығы болғанын айқындайды. Қазіргі таңда белгілі деректер бойынша Сарайшық қазбасы, Ушқан және ZENO.RU сайттарындағы Сарайшықта соғылған тиындардың саны 110 дана. Ал Еділ бойы қалалары, қазірге Ресей, Украина аумақтарындағы көмбелерден тағы 13 дана тиын табылды. Нәтижесінде Сарайшықта соғылған тиындардың жалпы саны – 123 дананы құрайды. Бұл көрсеткіш XX ғасырдың 90-жылдарына қарағанда елеулі өсімді байқатады.

Сарайшық тиындарының таралу аймағы Қазақстан, Ресей және Украина аумақтарын қамтып, негізінен Еділ–Жайық аралығында шоғырланғанын көрсетеді. Мұндай таралу географиясы қаланың аймақаралық және халықаралық сауда байланыстарының дамығанын экономикалық айналым жүйесіне белсенді қатысқанын дәлелдейді.

Тиындарда бейнеленген хандардың (Мүрид, Олжай-Темір, Болат хан, Ильбак, Тоқтамыс, Деруіш) есімдері Сарайшықта ақша соғу ісінің Жошы Ұлысындағы саяси тұрақсыздық кезеңімен тұспа-тұс келгенін көрсетіп отыр. Бұл жағдай орталық биліктің әлсіреуі кезінде Сарайшықтың рөлі артып, дербес ақша сарайы ретінде қызмет атқарғанын, саяси үдерістердің ықпалында болғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, нумизматикалық деректер Сарайшықтың Алтын Орданың экономикалық және саяси жүйесінде елеулі орын алғанын, ал оның ақша өнімдерінің кең аумаққа таралуы Еуразия кеңістігіндегі стратегиялық маңызын жоғары болғанын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері болашақта Сарайшық нумизматикасын кешенді түрде қарастыруға және Жошы Ұлысының ақша айналымы тарихын тереңірек зерделеуге негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Пачкалов А.В. Нумизматическое путешествие по Нижней Волге / А.В. Пачкалов. – Волгоград: Издатель, 2019. – 232 с.

2 Сарайшық тиындары / З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан, В. Плахов. Алматы, 2006. – 184 б.

3 ZENO.RU – Oriental Coins Database - шығыс нумизматикасына арналған ірі онлайн дерекқор. Пайдалынған уақыты: 11.01.2026

Сайт: https://www.zeno.ru/showgallery.php?cat=1748

4 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы шығыс монеталары. 2-том. Иллюстрацияланған ғылыми каталог (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде). Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2020. – 420 б.

5 Петров П.Н. Деньги и денежная политика Джучидов в XIII – XV вв. / Золотоя Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. – 968 с. + 28 с. цв. Вкл.

6 Ермолов Ф.В., Рева Р.Ю., Леонов Б.И. О правителях третьей четверти XIV века с именем «Пулад». Монеты Пулад-Ходжи. / Сибирский сборник : сборник научных статей / под ред. З. А. Тычинских. – Вып. 6. – Тобольск : Тобольская типография, 2021. – 234 с. 26 : ил.

7 Френ Х.М. Монеты ханов Улуса Джучиева или Золотой Орды с монетами разных иных мухаммеданских династий. -СПб.: Императорская Академия наук, 1832. -112 с.

8 Марков А.К. Инвентарный каталог мусульманских монет Императорского Эрмитажа. -СПб.: Типолитография Н. Зейферт, 1896. -879 с.

9 Савельев П.С. Монеты Джучидов, Джагатаидов, Джелаиридов и другие, обращавшиеся в Золотой Орде в эпоху Токтамыша // Записки Восточного Отделения Императорского Археологического Общества. Т. XII. Выпуск 1. СПб., 1857. С. 180.

10 LanePool S. Catalogue of Oriental coins in British Museum. Vol. VI. Coins of Mongols. London: Printed by order of the trustees, 1881. -384 p.

11 Гаев А.Г. Генеалогия и хронология Джучидов. К выяснению родословия нумизматически зафиксированных правителей Улуса Джучи // Древности Поволжья и других регионов. Сборник статей. Вып. IV. Нумизматический сборник. Том. 3. Нижний Новгород: «Регион», 2002. С.55.

12 Рева Р.Ю., Брагин А. Нумизматические свидетельства правлени Кунче-хана. / Нумизматика Золотой Орды № 6. Казань, 2016. С. 87-94, 157.

13 Мұқтар Ә., Ахметова У., Петров П., Тұраруұлы А., Жұмабаев А. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. – 368 бет.

14 Валеев Р.М. Основные закономерности и особенности монетного обращения Среднего Поволжья и Приуралья в золотоордынский период (XIII – начало XV вв.). / Нумизматика Золотой Орды. Сборник научных статей. Выпуск 1. – Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2011. – 198 с. 50-64 с.

15 Зайончковский Ю.В. «Данги джучидского хана Дервиша чекана Орду / Русь, Литва, Орда в памятниках нумизматики и сфрагистики. Вып. 2. М.: 2016. — 364 с., илл.

16 Гулецкий Д.В., Зайончковский Ю.В. Гниваньский клад начала 2-й четверти XV века. / Русь, Литва, Орда в памятниках нумизматики и сфрагистики. Вып. 2. М.: 2016. - 364 с., илл.163-207 с.

17 Петров П.Н., Муктар А.К., Биккиняев А.К., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. I // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. 2022. № 14. 382–404.

18 Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. клады. ч. II // Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. 2022. № 14. 845-860.*

19 Ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағындағы «Хан моласы» нысанының археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы». Сарайшық. 2021. – 49 б.

20 «Алтынордалық Сарайшық қаласы цитаделін қалпына келтіру бойынша археологиялық жұмыстар (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми-зерттеу жұмысының есебі. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ. Атырау. 2023. – 98 б.

21 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII - XVI ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК. Сарайшық. 2023. – 71 б.

22 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы». Сарайшық. 2023. – 68 б.

23 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі №6 қазбаның ғылыми есебі. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы». Сарайшық. 2024. – 60 б.

24 Федеров-Давыдов Г.А. Клады джучидских монет / Нумизматика и эпиграфика. Издательство «Наука», М. 1960. Том 1. 291 с.

25 Федеров-Давыдов Г.А. Находки джучидских монет / Нумизматика и эпиграфика. Издательство «Наука», М. 1963. Том 4. 261 с. 165-221 с.

26 Нумизматика [Матн] = Методик қўлланма : Тарих / О.Раҳматуллаева, Ж.Саломов; А.Мадраимов. – Тошкент: ТДПУ, 2012. – 127 б.

27 Т. Эрназарова, Б. Кочнев. Тангалар ўтмиш даракчилари, Тошкент, Узбекистон ССР «Фан» нашриёти, 1977 йил, 36 бет, 9 та расм.

References:

1 Pachkalov A.V. Numizmaticheskoe puteshestvie po Nizhnej Volge / A.V. Pachkalov. – Volgograd: Izdatel, 2019. – 232 s. [in Russian]

2 Saraıshyq tıyndary / Z. Samashev, R. Býrnasheva, N. Bazylhan, V. Plahov. Almaty, 2006. – 184 b. [in Kazakh]

3 ZENO.RU – Oriental Coins Database - shyǵys nýmızmatıkasyna arnalǵan iri onlaın derekqor. Paıdalynǵan ýaqyty: 11.01.2026 Saıt: https://www.zeno.ru/showgallery.php?cat=1748

4 Qazaqstan Respýblıkasy Memlekettik ortalyq mýzeıi qoryndaǵy shyǵys monetalary. 2-tom. Illıýstratsıualanǵan ǵylymı katalog (qazaq, orys jáne aǵylshyn tilderinde). Almaty: «Intellservıs» baspasy, 2020. – 420 b. [in Kazakh]

5 Petrov P.N. Dengi i denezhnaya politika Dzhuchidov v XIII – XV vv. / Zolotoya Orda v mirovoj istorii. Kollektivnaya monografiya. – Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2016. – 968 s. + 28 s. cv. Vkl. [in Russian]

6 Ermolov F.V., Reva R.Yu., Leonov B.I. O pravitelyah tretej chetverti XIV veka s imenem «Pulad». Monety Pulad-Hodzhi. / Sibirskij sbornik : sbornik nauchnyh statej / pod red. Z. A. Tychinskih. – Vyp. 6. – Tobolsk : Tobolskaya tipografiya, 2021. – 234 s. 26 : il. [in Russian]

7 Fren H.M. Monety hanov Ulusa Dzhuchieva ili Zolotoj Ordy s monetami raznyh inyh muhammedanskih dinastij. -SPb.: Imperatorskaya Akademiya nauk, 1832. -112 s. [in Russian]

8 Markov A.K. Inventarnyj katalog musulmanskih monet Imperatorskogo Ermitazha. -SPb.: Tipolitografiya N. Zejfert, 1896. -879 s. [in Russian]

9 Savelev P.S. Monety Dzhuchidov, Dzhagataidov, Dzhelairidov i drugie, obrashavshiesya v Zolotoj Orde v epohu Toktamysha // Zapiski Vostochnogo Otdeleniya Imperatorskogo Arheologicheskogo Obshestva. T. XII. Vypusk 1. SPb., 1857. S. 180. [in Russian]

10 LanePool S. Catalogue of Oriental coins in British Museum. Vol. VI. Coins of Mongols. London: Printed by order of the trustees, 1881. -384 p. [in English]

11 Gaev A.G. Genealogiya i hronologiya Dzhuchidov. K vyyasneniyu rodosloviya numizmaticheski zafiksirovannyh pravitelej Ulusa Dzhuchi // Drevnosti Povolzhya i drugih regionov. Sbornik statej. Vyp. IV. Numizmaticheskij sbornik. Tom. 3. Nizhnij Novgorod: «Region», 2002. S.55. [in Russian]

12 Reva R.Yu., Bragin A. Numizmaticheskie svidetelstva pravleni Kunche-hana. / Numizmatika Zolotoj Ordy № 6. Kazan, 2016. S. 87-94, 157. [in Russian]

13 Muqtar Á., Ahmetova Ý., Petrov P., Turaruly A., Jumabaev A. Ortaǵasyrlyq Saraıshyq: tarıhı derekteri, arheologıuasy, nýmızmatıkasy, kartografıuasy. Ujymdyq monografıa. – Almaty: «Qazaq tili» baspasy, 2024. – 368 bet. [in Kazakh]

14 Valeev R.M. Osnovnye zakonomernosti i osobennosti monetnogo obrasheniya Srednego Povolzhya i Priuralya v zolotoordynskij period (XIII – nachalo XV vv.). / Numizmatika Zolotoj Ordy. Sbornik nauchnyh statej. Vypusk 1. – Kazan: OOO «Foliant», Institut istorii im. Sh.Mardzhani AN RT, 2011. – 198 s. 50-64 s. [in Russian]

15 Zajonchkovskij Yu.V. «Dangi dzhuchidskogo hana Dervisha chekana Ordu / Rus, Litva, Orda v pamyatnikah numizmatiki i sfragistiki. Vyp. 2. M.: 2016. — 364 s., ill. [in Russian]

16 Guleckij D.V., Zajonchkovskij Yu.V. Gnivanskij klad nachala 2-j chetverti HV veka. / Rus, Litva, Orda v pamyatnikah numizmatiki i sfragistiki. Vyp. 2. M.: 2016. — 364 s., ill.163-207 s. [in Russian]

17 Petrov P.N., Muktar A.K., Bikkinyaev A.K., Zhumabaev A.Zh. Numizmaticheskie nahodki v srednevekovom gorode Sarajchuk po rezultatam arheologicheskih issledovanij. Ch. I // Materialy po arheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomorya. 2022. № 14. 382–404. [in Russian]

18 Petrov P.N., Ahmetova U.T., Zhumabaev A.Zh. Numizmaticheskie nahodki v srednevekovom gorode Sarajchuk po rezultatam arheologicheskih issledovanij. klady. ch. II // Materialy po arheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomorya. 2022. № 14. 845-860. [in Russian]*

19 Ortaǵasyrlyq Saraıshyq qalasy aýmaǵyndaǵy «Han molasy» nysanynyń arheologualyq zertteý jumystarynyń ǵylymı esebi. «Saraıshyq» memlekettik tarıhı-mádenı mýzeı-qoryǵy». Saraıshyq. 2021. – 49 b. [in Kazakh]

20 «Altynordalyq Saraıshyq qalasy tsıtadelin qalpyna keltirý boıynsha arheologıualyq jumystar (XIII-XVI ǵǵ.)» ǵylymı-zertteý jumysynyń esebi. H. Dosmuhamedov atyndaǵy Atyraý ýnıversıteti KEAQ. Atyraý. 2023. – 98 b. [in Kazakh]

21 «Astanalyq Saraıshyq qalasy Joshy Ulysynyń tarıhı-mádenı mura kontekstisinde (XIII - XVI ǵǵ.)» baǵdarlamasy boıynsha ortaǵasyrlyq Saraıshyq eskertkishindegi arheologıualyq qazba jumysynyń ǵylymı esebi. «Saraıshyq» memlekettik tarıhı-mádenı mýzeı-qorýǵy» RMQK. Saraıshyq. 2023. – 71 b. [in Kazakh]

22 «Qazaqstannyń batys óńirindegi altynordalyq qalalar, kóne kerýen joldary jáne kerýen-saraılar: pánaralyq zertteýler (XIII-XV ǵǵ.)» baǵdarlamasy boıynsha ortaǵasyrlyq Saraıshyq eskertkishindegi arheologıualyq qazba jumysynyń ǵylymı esebi. «Saraıshyq» memlekettik tarıhı-mádenı mýzeı-qorýǵy». Saraıshyq. 2023. – 68 b. [in Kazakh]

23 «Altynordalyq Saraıshyq, Ushqan, Aysaı, Qaraǵaıly eskertkishteri tarıhı-mádenı mura kontekstisinde (XIII-XV ǵǵ.)» baǵdarlamasy boıynsha ortaǵasyrlyq Saraıshyq eskertkishindegi №6 qazbanyń ǵylymı esebi. «Saraıshyq» memlekettik tarıhı-mádenı mýzeı-qorýǵy». Saraıshyq. 2024. – 60 b. [in Kazakh]

24 Federov-Davydov G.A. Klady dzhuchidskih monet / Numizmatika i epigrafika. Izdatelstvo «Nauka», M. 1960. Tom 1. 291 s. [in Russian]

25 Federov-Davydov G.A. Nahodki dzhuchidskih monet / Numizmatika i epigrafika. Izdatelstvo «Nauka», M. 1963. Tom 4. 261 s. 165-221 s. [in Russian]

26 Numizmatika [Matn] = Metodik qўllanma : Tarih / O.Raxmatullaeva, Zh.Salomov ; A.Madraimov. – Toshkent: TDPU, 2012. – 127 b. [in Russian]

27 T. Ernazarova, B. Kochnev. Tangalar o‘tmish darakchilari, Toshkent, Uzbekiston SSR «Fan» nashriyoti, 1977 yil, 36 bet, 9 ta rasm. [in Uzbek].

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/UDS 94(574)
https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.026

Г.Б. Избасарова[1], Д.Ш. Агатаева[2]*

https://orcid.org/0000-0002-4123-7501
[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ақтөбе, Қазақстан, izbassarovagulbanu@gmail.com
https://orcid.org/0009-0008-5541-758X

[2]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті магистранты, Ақтөбе, Қазақстан, agataeva0811@gmail.com

ТАРИХИ КАРТАНЫ ДЕРЕК РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЗАМАН КЕЗЕҢІ МЫСАЛЫНДАҒЫ КЕҢІСТІКТІ ТАЛДАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада тарихи карталар жаңа заман дәуірінде қазақ жерлерінің аймағын зерттеу көзі ретінде қарастырылады. Олардың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді қайта құру үшін ақпараттық әлеуеті негізделеді. Жұмыс Дж. Б. Харлидің деконструктивизм теориясына, Г. Н. Ксенжиктің тарихи-географиялық зерттеулеріне, сондай-ақ қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескеретін А. Сейдімбектың «ауызша тарих» және Г.Б. Избасарованың «менталдық карта» тұжырымдамаларына сүйенеді.

Зерттеу тарихи принциптер мен объективтілік негізінде жүргізіледі. Мақалада Ресей империясының карталарында қазақ жерлерінің орналасуы сипатталады, ал осы карталардың мазмұны Қазақстанның жаңа тарихы бойынша дереккөз ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде карталарды зерттеудің арнайы әдістері ұсынылды. Жаңа дәуір карталарының 13-і бойынша историографиялық талдау жүргізілді, ол барысында олардың тарихи-деректік әлеуеті анықталды. Олардың арасында Ресей Империясының Әскери-топографиялық депосы жасап шығарған «Қырғыз далалары картасы» (1850 ж.) және Джон Таллис басып шығарған «Тәуелсіз Татария» картасы (1851 ж.) бар. Сонымен қатар, 1824 жылғы реформаның барысында Кіші жүз аумағын үш әкімшілік бөлікке бөлуді картографиялық түрде көрсету талданды. Мақалада 1824 жылғы реформаға сәйкес Кіші жүздің әкімшілік шекаралары, сұлтан-билердің орналасуы және карталардың өзгеру динамикасы қарастырылды.

Мақалада ГИС (GIS) технологиялары электрондық карталардағы «жасырын» ақпаратты анықтау және шекаралардың өзгеру динамикасын модельдеу құралы ретінде негізделген.

Зерттеудің мақсаты – қазақ жерлерінің жаңа заман дәуіріндегі (XVIII ғасырдың ортасы — XIX ғасырдың ортасы) территориясын бейнелеген тарихи карталарды зерттеу әдістерін дәлелдеу, сондай-ақ карталардың деректанулық аспектісін ашу. Мақала тарихшыларға және картографиялық мәліметтерді зерттейтін мамандарға арналған.

Кілтті сөздер: тарихи картография, карталар, кеңістікті талдау, әдістеме, жаңа заман, Қазақстан тарихы, Дж.Б. Харли, Г.Н. Ксенжик, А. Сейдімбек, Г.Б. Избасарова, ГАЖ.

Алғыс: *Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен «XVIII–XIX ғғ. Орал-Ембі өзендері аралығындағы қазақтардың кеңістіктің көшпелі менталдық картасы мен этнотерриториялық шекарасы» тақырыбындағы гранттық жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі AP26197703).*

*Г.Б. Избасарова[1] *, Д.Ш. Агатаева[2]*

https://orcid.org/0000-0002-4123-7501
[1] заведующий кафедрой истории Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова, доктор исторических наук, профессор, Актюбинский, Казахстан, izbassarovagulbanu@gmail.com

https://orcid.org/0009-0008-5541-758X
[2]магистрант Актюбинского регионального университета им. Жубанова, Актобе, Казахстан, agataeva0811@gmail.com

МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ КАРТЫ КАК ИСТОЧНИКА: ВОЗМОЖНОСТИ АНАЛИЗА ПРОСТРАНСТВА НА ПРИМЕРЕ ЭПОХИ НОВОГО ВРЕМЕНИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматриваются исторические карты как источники изучения территории казахских земель в эпоху Нового времени. Обосновывается их информационный потенциал для реконструкции политических, социально-экономических и культурных процессов. Работа опирается на теорию деконструктивизма Дж.Б. Харли, историко-географические исследования Г.Н. Ксенжика, а также учитывающие специфические особенности казахского общества концепции «устной истории» А. Сейдимбека и «ментальной карты» Г.Б. Избасаровой.

Исследование основано на принципах историзма и объективности. В статье описано расположение казахских земель на картах Российской империи, а содержания этих карт рассматриваются как источники по новой истории Казахстана.

В результате исследования предложены специфические методы изучения карт. Был проведен историографический анализ 13 карт эпохи Нового времени, в ходе которого был выявлен их историко-информационный потенциал. Среди них имеются «Карта киргизских степей», составленная Военно-топографическим депо Российской империи (1850 г.), карта «Независимая Татария», напечатанная Джоном Таллисом (1851 г.). Кроме того, было проанализировано картографическое отображение раздела территории Младшего жуза на три административные части в ходе реформы 1824 года. В статье изучены возникшие по реформе 1824 г. административные границы Младшего жуза, расположение ставок султанов-правителей, динамика изменений карт.

В статье ГИС (GIS) технологии обоснованы как инструмент для выявления «скрытой» информации в электронных картах и моделирования динамики изменения границ.

Цель исследования — обоснование методов изучения исторических карт на которых изображена территория казахских земель в период нового времени (середина XVIII – середина XIX вв.), как источника, а также раскрытие источниковедческого аспекта карт. Статья предназначена для историков и специалистов, занимающихся исследованием картографических данных.

Ключевые слова: историческая картография, карты, анализ пространства, методология, новое время, история Казахстана, Дж. Б. Харли, Г. Н. Ксенжик, А. Сейдимбек, Г. Б. Избасарова, ГИС.

Благодарность:*Статья выполнена в рамках реализации грантового проекта ИРН AP26197703 "Кочевая ментальная карта пространства и этнотерриториальная граница казахов Урало-Эмбинского междуречья в XVIII–XIX вв.," финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан*

G.B. Izbassarova[1]*, *D. Sh. Agataeva*[2]

[1] *Head of the Department of history of K. Zhubanov Aktobe Regional University, doctor of historical sciences, professor, Aktobe, Kazakhstan, izbassarovagulbanu@gmail.com https://orcid.org/0000-0002-4123-7501*

[2]*Master's student of K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, agataeva0811@gmail.com https://orcid.org/0009-0008-5541-758X*

METHODS OF HISTORICAL MAP RESEARCH AS A SOURCE: POSSIBILITIES OF SPACE ANALYSIS USING THE EXAMPLE OF THE MODERN PERIOD IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article looks at historical maps as sources for studying the territory of Kazakh lands during the Modern Era. It explains their informational value for reconstructing political, socio-economic, and cultural processes. The work draws on J. B. Harley's deconstructivist theory, G. N. Ksenzhik's historical-geographical research, as well as concepts that consider the specific features of Kazakh society, like A.Seidimbek's "oral history" and G. B. Izbasarova's "mental map."

The study is based on the principles of historicism and objectivity. The article describes the location of Kazakh lands on the maps of the Russian Empire, and the content of these maps is considered as a source for the modern history of Kazakhstan. As a result of the research, specific methods for studying maps were suggested. A historiographical analysis of 13 maps from the Modern Era was carried out, revealing their historical and informational potential. Among them are the "Map of the Kyrgyz Steppes," created by the Military Topographic Depot of the Russian Empire (1850), and the map "Independent Tataria," published by John Tallis (1851). In addition, the cartographic representation of the division of the Lesser Zhuz territory into three administrative parts during the 1824 reform was analyzed. The article examines the administrative boundaries of the Lesser Zhuz established by the 1824 reform, the locations of the sultan-rulers' headquarters, and the dynamics of map changes.

The article emphasizes GIS technologies as a tool for uncovering "hidden" information in electronic maps and modeling the dynamics of boundary changes.

The goal of the study is to justify methods for studying historical maps depicting the territory of the Kazakh lands in the modern period (mid-18th to mid-19th centuries) as a source, as well as to reveal the source-critical aspects of the maps. The article is intended for historians and specialists working with cartographic data.

Keywords: historical cartography, maps, spatial analysis, methodology, modern period, history of Kazakhstan, J. B. Harley, G. N. Ksenzhik, A. Seidimbek, G. B. Izbassarova, GIS.

Acknowledgements. *The article was prepared as part of the implementation of the grant project IRN AP26197703 "The nomadic mental map of space and ethnoterritorial border of the Kazakhs of the Ural–Emba interfluve in the 18th–19th centuries", funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

Кіріспе. Тарихи карталар тарих ғылым саласында ұзақ уақыт бойы тек көрнекілік ретінде, яғни иллюстрациялық материал ретінде қарастырылып келді. Оған тек сурет ретінде қарау картада жинақталған кеңістік, тарихи, топонимикалық, этнографиялық секілді ақпараттардың деректік бейнесін толықтай ашуға мүмкіндік бермеді. Шын мәнінде алып қарайтын болсақ, тарихи карта белгілі бір кезеңге қатысты билік құрылымы, аумақтық саясатты, экономикалық стратегияларды, әлеуметтік өзгерістерді бейнелеп көрсететін күрделі түрдегі тарихи дерек болып

табылады. Сондықтан картаны тек көрнекілік құралы емес, өзіндік ерекшелігі бар дербес дереккөз ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Қазақстан тарихын зерттеу барысында жоғарыда көрсетілген мәселе ерекше маңызды. Мемлекет аумағының, шекараларының тарихи түрдегі өзгерісі, көшпелі шаруашылыққа қатысты мәліметтер, қазақ даласының географиялық орналасуындағы ерекшелік-тер, көшпенділердің кеңістік бейнесі жаңа заман кезеңіндегі тарихи карталарда бейнеленген. Қазақ қоғамының көшпелі түрдегі шаруашылыққа негізделуі, аумақтың кеңдігі және жаңа заман кезеңіндегі әкімшілік реформалар тарихи үдерістің кеңістік сипатта өрбігенін көрсетеді. Алайда, Қазақстан тарихына қатысты көптеген карталар әлі күнге дейін деректанулық талдаусыз жатыр.

Қазақстанның жаңа заман кезеңі – Ресей империясының экспанциялық саясаты, әкімшілік-аумақтық реформалар және шекаралық өзгеріс үдерістерімен сипатталады. Жаңа заманға қатысты картографиялық материалдардың үлкен қоры жинақталғанымен, отандық тарихнамада олар көбінесе жазба деректерін толықтыратын визуалды қосымша ретінде қарастырылып келеді [1, 55-67 бб.].

Ұсынылып отырған зерттеу тарихи картаны дерек көзі ретінде жан-жақты, әрі толық түсіндірудің қажеттілігінен туындап отыр. Мақаланың мақсаты – Дж.Б. Харлидің мектебі, Г.Н.Ксенжиктің тарихи географияны зерттеудің, А.Сейдімбектің және Г.Б.Избасарованың қазақ қоғамына сай дәстүрлі кеңістік танымы негізінде жаңа заман карталарын дерек ретінде зерттеудің әдістемесін ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Тарихи картография – тарих, география, экономика, топонимика, геосаясат және тарихи статистика сияқты пәндердің қосындысында дамитын пәнаралық сала болып табылады. Осыған орай, зерттеу барысында келесідей 5 негізгі әдіс қолданылды:

1. Картографиялық әдіс. Бұл әдіс арқылы тарихи мәліметтерді картаға түсіру процесінде біз жәй ғана оқиғалар тізбегін емес, тарихи үдерістердің нақты орны, көлемін және уақыт тоғысындағы өзгерістерін визуалды түрде көре аламыз. Картографиялық әдіс — бұл тарихты «оқу» емес, оны «көру».

2. Тарихи-уақыттық әдіс. Бұл әдіс арқылы белгілі бір кезеңдегі тарихи-географиялық өзгерістердің уақытқа байланысты даму (өзгеру) динамикасын талдай аламыз.

3. Жергілікті-тарихи әдіс. Бұл әдіс белгілі бір аймақтың өзіндік ерекшеліктерін, ішкі құрылымы, дәстүрлі түрдегі шаруашылық және мәдени байланыстарды зерттеуге көмектеседі.

4. Жалпы географиялық әдіс. Физикалық және әлеуметтік географияға тән деректерді біріктіру арқылы табиғи жағдайлар мен адам қызметінің өзара байланысын анықтау үшін көмектесетін, осы әдісті қолданамыз.

5. Центрографиялық әдіс. Тарихи аймақтағы геоорталықтарды анықтау үшін қолданылады. Мысалы, Қазақстанды, Дала өлкесін зерттеген кезде орталық осі бойынша жолдар мен қоныстардың орналасуы анықталады [2, 30-32 бб.]. Осы әдістер арқылы картаны талдай отырып, өзіндік тарихи деректі құрылымдай аламыз.

Сонымен қатар, осы мәселеде Дж.Б. Харлидің деконструкциялық теориясының маңыздылығын атап өткеніміз жөн. Бұл теория бойынша карта «объективті шындық» емес, ол бір қоғамның құндылықтарына негізделген тарихы мен билік (саясат) қатынастарын көрсететін «әлеуметтік мәтін» [3, 1-20 бб.]. Яғни бұл тұжырым карта тек сурет емес, ол белгілі бір тарихи оқиғаларды мәтін түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді. Оның теориясындағы негізгі ұғым — «картографиялық үнсіздік» (cartographic silences). Бұл – картада кейбір нысандардың (мысалы, жергілікті халықтың қоныстарының) әдейі көрсетілмеуі ақпараттың жоқтығын емес, белгілі бір саяси-идеологиялық стратегияны білдіреді дегенді ұқтырады. Дж.Б.Харлидің зерттеуі бойынша, картаны тек картографиялық мәліметтері (масштаб және т.б.) бойынша ғана емес, картаның ішкі мәліметі мен әлеуметтік-саяси астары тұрғысынан талдау қажет. Біз карталарды «сөйлейтін деректер» ретінде қарастыруымыз қажет.

Картадағы сол бос орындарды толтыруда Ақселеу Сейдімбектің қазақ халқының дәстүрлі ерекшелігіне арналған еңбегі арқау бола алады. Зерттеуші тарихи карталарды талдағанда, қазақ

халқының кеңістік туралы дәстүрлі көзқарасын ескерген жөн. Автордың тұжырымдамасы бойынша, қазақтардың кеңістік туралы танымы антропоцентристік негізде пайда болған. Яғни, қазақ халқы үшін кеңістік деген ұғым ру-тайпалық шежіре, топонимдер, ауызша жад арқылы көрініс табады [4, б]. Көшпелілер үшін шекара түсінігі жайылымдық жердің шегі мен нысандардың арасындағы белгіленіп қойған құрылым ретінде қарастырылады. Көшпенділердің ерекшелігі кеңістік оларға геометриялық шектеу емес, ол тарих пен уақыттың үздіксіз көрінісі болып табылатынынын айтқымыз келеді. Осы тұста А.Сейдімбектің кеңістікті қабылдау тұжырымдамасы мен Г.Б. Избасарованың «көшпелілердің менталды картасы» тұжырымдамасын алып қарайтын болсақ, екі концепцияның тығыз байланыста екенін көруге болады.

Г.Б. Избасарова бойынша, менталды карта – ол көшпелі халықтың қоршаған ортамен ғасырлар бойы байланысынан туындаған ақыл ойдың көрінісі [5, 156 б]. Менталды карта номадтардың көшпелі өмір салты қалыптасқан кезінен бастап пайда болған. Қазақтар табиғаттағы айдың белгілі бір фазаларын, Үркер жұлдызын, Шолпан жұлдызының шығуы арқылы көшіп-қону уақытын анықтай алған. Көшпелі қазақтар қасиетті орындар, ата-бабаның зираты, тау, өзен мен құдықтар тиесілі жерлерді жақсы біліп, сол арқылы шекараны анықтады. Көшпенділер үшін шекара картадағы сызықтар арқылы емес, нақты географиялық түрғыдағы нысандар арқылы (өзен, тау, қорымдар) анықтаған. Солайша, қазақтардың кеңістікті пайдалануда өзіндік ерекше тәсілі қалыптасты.

Қазіргі ақпараттық технология заманында тарихшыларға бұрын байқалмай келген заңдылықтарды ашуға көмектесетін геоақпараттық жүйелер платформасы бар. Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ/GIS) технологияларының тарихи карталарды зерттеудегі мәні тек визуалды бейнелеумен шектелмейді, ол — ескі карталарды динамикалық деректер базасына айналдыру және өткеннің кеңістіктік өзгерістерін математикалық дәлдікпен талдау құралы. ГАЖ құралдары (ArcGIS, QGIS) тарихи карталардағы «нөлдік бейнелерді» немесе «картографиялық үнсіздіктерді» (Дж. Б. Харли теориясы бойынша) ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, империялық дәуір карталарында бос қалдырылған жерлерге ауызша тарих деректерін нүктелік қабат ретінде қосу арқылы тарихи ландшафтты толық «оқуға» болады.

Д.Т. Алиаскаров, К.Д. Каймулдинова, Ш.У. Лайсхановтар өз зерттеулерінде электронды форматтағы тарихи-картографиялық қорларды құрудың әдістемесін ұсынды. Сонымен қатар, карталарды электронды дерекке айналдырудың өзіндік алгоритмін көрсетті. Авторлардың пайымдауы бойынша, карталардың деректер қоры мен электронды каталогын жасау процесі төмендегі кезеңдерден тұрады: кеңжолақты немесе 3D сканерлер көмегімен картаның растрлық көшірмесін алу, сканерлеу, Adobe Photoshop, CorelDRAW бағдарламаларында картаның анықтығын арттыру және артық детальдардан тазарту, графикалық редакциялау. Одан кейін картаны ГАЖ ортасында координаттар жүйесіне (мысалы, WGS 84) байлау, полигондық, сызықтық және нүктелік қабаттарды (өзендер, шекаралар, қалалар) анықтау процесі деректер қабатын құру, ал ArcGIS немесе QGIS бағдарламаларында атрибуттар кестесін толтыру, шартты белгілер қою және картаны зерттеу нысанына сәйкес қайта құрастыру [6, 6-8 бб]. Осы әдістерді қолдана отырып, Қазақстанның жаңа заман дәуіріне қатысты карталарды сақтап, бірыңғай дерекқоры мен электронды каталогын әзірлеп, ал екінші жағынан оны дерек ретінде қолдана аламыз. Кейбір карталарға назар аударып қарасақ, бейнелері бұлыңғыр келеді. Сол үшін кеңжолақты немесе 3D сканерлер көмегімен картаның жоғары сапалы көшірмесін ала аламыз, ал бұл топонимдерді зерттеуде өте маңызды.

Бұл әдістер жаңа заманға тиесілі карталарды жай ғана сурет емес, ғылыми тұрғыдан дәлелдемесі бар цифрлық түрдегі дереккөз ретінде сипаттауға үлесін қоса алады. ГАЖ технологиясын қолдану тарихи картаны зерттеу нысанынан (объект) белсенді зерттеу құралына (инструмент) айналдырады. Бұл әдіс тарихшыға тек «не болғанын» ғана емес, оқиғаның «қай жерде, қалай және неліктен» дәл осылай өрбігенін математикалық дәлдікпен дәлелдеуге мүмкіндік береді. Бұл тарихты баяндау деңгейінен нақты географиялық әрі статистикалық талдау деңгейіне көтере алады.

Нәтижелер. Зерттеу барысында қарастырылған әдіснамалық тәсілдер тарихи картаның тек географиялық нысандарды бейнелеуші емес, саяси және идеологиялық мағынаға ие «әлеуметтік мәтін» екенін дәлелдейді. Дж.Б. Харлидің деконструкциялық талдауы арқылы империялық карталардағы «картографиялық үнсіздіктердің» (cartographic silences) астары ашылды. Мысалы, 1850 жылғы «Карта Киргизскихъ степей» еңбегінде қазақ руларының дәстүрлі қоныстану жүйесінің ескерілмеуі — кеңістікті отарлық басқару торына салудың саяси тәсілі ретінде бағаланады. Бұл шетелдік зерттеулердегі «империялық кеңістікті қалыптастыру» концепцияларымен үндес келеді [16, 87 б.].

XVIII ғ. С.Ремезов және т.б. жасаған карталар өлкенің жалпы географиялық жағынан орналасуын көрсететін деректер болды. Яғни, бастапқы кезеңде жасалынған карталар тек қазақ жерінің орналасуы, географиялық ерекшелігін бақылау үшін жасалды. Ал кейінгі 1824 ж. реформадан кейін жасалынған карталарды қарасаңыз, карталардың әкімшілік әрі статистикалық кезеңіне өткенін байқайсыз. Г. Избасарова атап көрсеткендей, қазақ халқының дәстүрлі менталды түрдегі картасы осы кезеңде шекаралық сызықтық көріністерге ауысты.

А.Сейдімбектің «ауызша тарих» әдістемесі ресми картографиядағы ақпараттық лакуналарды (нөлдік бейнелерді) халықтық жады мен этножаралым мәліметтері арқылы толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл империялық бұрмалауларға қарсы «терең картографиялау» (Deep Mapping) құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Г.Б. Избасарованың «менталды карта» концепциясы мен А. Сейдімбектің «кеңістікті түсіну» идеялары арасындағы терең ұқсастық маңызды рөл атқарады. Екі ғалым да қазақ халқының кеңістікті «овременение» (уақытқа байлау) арқылы қабылдайтынын (мысалы, «қас қағымда», «тай шаптырым жер») және шекараны өзендер, таулар немесе маусымдық жайылымдармен айқындайтынын негіздейді.

Дж. Б. Харлидің «картографиялық үнсіздік» теориясы мен А. Сейдімбектің «кеңістікті түсіну» концепциясының синтезі — Қазақстан тарихын еуроцентристік бұрмалаулардан тазартудың кепілі болып табылады. Г.Н. Ксенжик негіздеген әдістер картаны физикалық және административтік объект ретінде талдаса, ГАЖ құралдары оны «цифрлық дерек» ретінде сөйлетеді. Бұл тәсіл халықаралық деңгейдегі «терең картография» (Deep Mapping) және «кеңістіктік гума-нитаристика» (Spatial Humanities) зерттеулерімен үндес келеді. Осылайша, ГАЖ — тарихшыға картадағы «үнсіздіктерді» оқуға және өткеннің кеңістіктік өзгерістерін визуалды модельдеуге мүмкіндік беретін басты зерттеу құралына айналады. Бұл зерттеуде ГАЖ (GIS) технологиялары тікелей қолданылмағанымен, оларды тарихи карталарды электронды форматта «оқудың» және кеңістіктік өзгерістерді визуалды модельдеудің болашақтағы басты зерттеу құралы ретінде пайдалануды ұсынамыз. ГАЖ құралдары (ArcGIS, QGIS) арқылы ескі карталардағы деректерді қазіргі ландшафттық контекстке байлау – Қазақстанның тарихи географиясын заманауи халықаралық стандарттар деңгейінде қайта жаңғыртуға жол ашады [17, 112-118 бб.].

Г.Б. Избасарова бойынша, XIX ғ. реформалардан кейін пайда болған ішкі административтік шекаралар номадтардың ғасырлар бойы қалыптасқан менталды карталарымен соқтығысып (clash of perceptions), кеңістікті қабылдаудың трансформациясына әкелді. Барлық теориялық бағыттардың — Дж.Б.Харлидің саяси сыны, А.Сейдімбек пен Г.Б. Избасарованың мәдени-танымдық тәсілі және Г. Ксенжиктің географиялық әдістерінің ортақ негізі картаны шындықтың бейтарап бейнесі емес, субъективті ақыл-ой конструкты ретінде тану болып табылады.

1824 ж. өзгеріс карталары баяғы көшпенді таптың бос аймағын Ресей патшалығының басқару-заң аясына айналдырудың негізгі құралы болды. Олар карталар қарапайым географиялық сызба емес, кеңістікті ұстану мен «белгілеудің» мықты саяси-заң тәсілі екенін толықтай растайды. Осы карталар жиынтығы XVIII ғ. алғашқы географиялық сипаттамалардан XIX ғ. әкімшілік-құқықтық картографияға ауысудың нақты дәлелі болып табылады. Олар қазақ даласын жай ғана суреттеп қоймады, оны империялық басқаруға қолайлы, қатаң бақыланатын және заңдастырылған әкімшілік аймаққа өзгертті. Карталардағы әрбір сызық пен элемент отарлық үстемдіктің кеңістікті басып алуының күшті құралы ретінде қызмет етті.

XVIII-XIX ғғ. Қазақстанның тарихи карталарын дерек ретінде зерттеудің әдістемелік мүмкіндіктерін саралай келе келесі қорытындыларға келдік:

Әдіснамалық синтез: Тарихи картаны дербес дерек ретінде тану Г.Н. Ксенжиктің деректанулық әдістері, Дж.Б. Харлидің сыни талдауы, А. Сейдімбек пен Г.Б. Избасарованың тұжырымдамаларын бір арнаға тоғыстырып, кешенді түрде біріктіруді талап етеді. Бұл тәсіл карта астарындағы жасырын саяси дискурсты ашуға мүмкіндік береді.

Деректік база: С.У. Ремезов еңбектерінен бастап талданған 10 картографиялық жұмыс, Қазақ даласының этнотерриториялық орналасуы мен әкімшілік өзгерістерін дәл көрсететін аса құнды дереккөздер болып саналады.

Технологиялық перспектива: ГАЖ (GIS) құралдарын тарихи зерттеулердегі электронды деректерді өңдеу мен модельдеудің перспективалы бағыты ретінде ұсынамыз. Бұл технологиялар тарихи топонимдерді дәлдікпен анықтаудың және шекаралық өзгерістердің динамикасын визуалды көрсетудің тиімді тетігіне айналуы тиіс.

Карталарды талдау арқылы біз бірнеше ақпараттарды синтездей алдық. Біріншіден, кеңістікті қабылдаудың түбегейлі өзгеруі орын алды. Г. Избасарованың тұжырымдамасына сай, қазақ номадтарының табиғи бағдарлар мен уақыт өлшемдеріне (мысалы, «тай шаптырым», «үш күндік жер») негізделген дәстүрлі «менталды картасы» империялық сызықтық шекаралармен ауыстырылды. 1824 ж. реформа аясында жасалған карталар Кіші жүзді Батыс, Орта және Шығыс бөліктерге бөліп, бұрынғы еркін жайлау-қыстау кеңістігін қатаң бақыланатын юрисдикциялық лимиттерге байлады.

Екіншіден, карталар билік институттарын нығайтудың құралы қызметін атқарды. 1824 ж. «Орынбор өлкесін басқаруды қайта құру туралы Азия істері комитетінің бекітілген пікірі» бойынша енгізілген сұлтан-билеушілер институтты осы картографиялық деректер арқылы өздерінің жауапкершілік аймақтары мен салық жинау шекараларын нақтылады. Карталардағы әрбір сызық сұлтан-билеушілердің мәртебесін айқындап, олардың империялық басқару аппаратындағы «делдалдық» рөлін заңдастырды.

Үшіншіден, көшпелі ландшафты «физикалық таңбалау» процесі іске асты. Мысал ретінде Сұлтан-билеушілерге арнап салынған стационарлы қазыналық үйлердің (мысалы, 4-сызбадағы Сұлтан Қаратайдың үйі) [14, 200 б.]. жоспарын айта аламыз. Бұл нысандар көшпелі элитаны белгілі бір географиялық нүктеге «байлау» арқылы олардың мобильдігін шектеудің және империялық биліктің кеңістікте «тамыр жаюының» архитектуралық символына айналды.

Төртіншіден, картографиялық деректер этнотерриториялық және әлеуметтік тарихтың баға жетпес қайнаркөзі екені дәлелденді. XVIII ғ. С.Ремезов, И.Красильников еңбектерінен бастап, XIX ғ. әкімшілік карталарға дейінгі құжаттар қазақ руларының қоныстану динамикасын, топонимикалық өзгерістерді және отарлық реформалардың дәстүрлі шаруашылыққа тигізген әсерін зерттеуге мүмкіндік береді.


Ұсынылған әдістеме отандық тарихнаманы еуроцентристік шектеулерден тазартып, Қазақстанның өткенін кеңістік-уақыттық контексте объективті реконструкциялауға жол ашады. Бұл отандық тарих ғылымын халықаралық «Кеңістіктік гуманитаристика» стандарттарына сай дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Осы әдістемелік тәсілдер арқылы карталарды кешенді талдау — Қазақстан тарихын әлемдік картографиялық кеңістікте лайықты дәрежеде көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан, тарихшыларға картаны тек безендіруші элемент емес, дербес, әрі іргелі тарихи дерек ретінде қолданған жөн.

Зерттеу барысында анықталған заңдылықтар мен тұжырымдарды жинақтай келе, қарастырылған мәселенің тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық бағытта да стратегиялық маңызы бар екенін көреміз.

Талқылау. Жаңа заман кезеңіне жататын картографиялық материалдарды теориялық-әдістемелік деконструкциялау және геоақпараттық реконструкциялау алгоритмі арқылы сараптау жасайық.

1. С. Ремезовтың "Сібірдің сурет кітабы" жинағынан алынған карта (1701 ж.). Масштабтық ерекшелігі бойынша XVIII ғ. дейінгі орыс карталарында стандартты математикалық масштаб, бойлық пен ендік секілді өлшемдер болған жоқ. Карта патша I Петрдің тікелей тапсырмасы бойынша Ресей империясының шығыс шекараларын түгендеу және жаңа жерлерді игеру мақсатында жасалынды. Центриографиялық әдіс тұрғысынан карта қазақ қалаларының (16 қала) Сырдария мен Талас өзендерінде орналасқан орталықтарын дәл көрсетеді. Картадағы «Казачьи орды» қолтаңбасы тарихнама тұрғысынан Қазақ хандығының этнотерриториялық локализациясының бірқатар сызықтық дәлелдерінің алғашқы көздерінің бірі болып табылады. С. Ремезов осы картаны жасауда, қазақ даласына саяхат жасаған Ф.Скибин мен М.Трошиннің мәліметтерін пайдаланған. Географиялық дәлдікпен Арал теңізін Каспийден бөлек нысан ретінде көрсетеді. С.Ремезов қазақ жерінің шекараларын Еділден бастап, Ертіске дейін, оңтүстікте Түркістан мен Ташкентке дейін созылып жатқанын көрсеткен. Бұл XVII ғ. соңында қазақ жері бытыраңқы емес, біртұтас географиялық және саяси аймақ ретінде қабылданғанын дәлелдейді. С. Ремезовтың картографиялық мұрасы — жаңа заман дәуіріндегі қазақ даласының «цифрлық паспортының» алғашқы нұсқасы. Ол қазақ жерін «иесіз кеңістік» емес, нақты шекарасы мен саяси атауы бар «Казачья Орда» ретінде бекітті.



1-сурет. Семён Ульянович Ремезовтың «Сібірдің сызба кітабы» (Чертёжная книга Сибири), 1701 ж. [7]


2. Ф.Страленбергтің «Великая Татария» картасы (1730). Ф.Страленберг 1721-1722 жж. Тобыл қаласында айдауда болған кезде, Орта Азияның этнографиясы мен географиясын зерттеді. Картаның көлемі 65х100 см. Еуразияның 32° мен 75° ендігі мен 50° мен 185° бойлығы арасындағы көлемді алып жатыр. Картаның пайда болуына Ресей империясының «белгісіз Азияны» тануға деген құштарлығы себеп болды. Ол алғаш рет Орал тауларын Еуропа мен Азияны бөліп тұратын табиғи шекара ретінде ғылыми негіздеп көрсетті. Бірақ Дж.Б. Харли теориясы бойынша карта тақырыбында «Magnae Tartariae» (Ұлы Татария) атауының қолданылуы — бұл еуропалық ғылыми санадағы Орта Азияның біртекті (гомогенді) кеңістік ретінде қабылдануының көрінісі. Страленберг сол кезеңдегі еуропалық картографиялық негізге сай. Еділден бастап Жапон теңізіне дейінгі үлкен шығыс аумағын «Великая Тартария» деп атады. Аймақ саяси субъектілерге емес, этникалық-географиялық «үлкен аймақтарға» (Татария Московская, Татария Независимая, Татария Китайская) бөлінген. Бұл – «эпистемологиялық басып алу», яғни

аймақтың ішкі болмысын еуропалық жіктеу жүйесіне бағындыру. Дж.Б. Харли теориясының ең маңызды тұсы – картада «үнсіз» қалған, айтылмаған факторларға көңіл бөлуде. «Тәуелсіз Татария» аймағында табиғи нысандар мен ірі қалалар анық графикалық символдармен (мәселен, Түркістан, Бұхара) берілгенімен, көшпелі халықтың ішкі рулық шекаралары, киелі орындар мен дәстүрлі заңдылық-тары туралы ақпарат мүлдем жоқ. Бұл еуропалықтарға «бұл жерлерде нақты мемлекеттік құрылым жоқ, демек оны заманауи мемлекет үлгісіне келтіріп, игеру қажет», – деген идео-логиялық ой береді.




2-сурет. Ф.И. Страленбергтің «Ұлы Тартария» (Magnae Tartariae Tabula) картасы, 1730 ж. [8]

3. Келесі қарастыратан картамыз – И.К. Кириловтың «Ландкарта генеральная о Российской империи...» еңбегі (1755). И.К. Кириловтың бұл еңбегі 1755 ж. И.И. Красильниковтың бастамасымен «ландкартаның» шығуына түрткі болады. Картада Кіші жүздің бір бөлігі, сонымен қатар Хиуа мен Бұқара хандықтарының аумақтары көрсетіледі. Дж.Б. Харлидің деконструкция теориясы бойынша бұл картада Орынбор губерниясы мен «Степь кочующих киргизъ-кайсаковъ» арасындағы «шекаралық сызықтардың» пайда болуы — кеңістіктің империялық бақылауға өте бастағанының саяси көрінісі. Картада көшпелілердің ішкі әлемі «нөлдік бейне» ретінде бос қалдырылған. Картаның мақсаты – қазақ даласын Ресей империясының әкімшілік-саяси аумағына енгізу болды. Картографиялық үнсіздік бойынша картада империялық бекіністер (Орынбор, Ор т.б.) анық таңбаланғанымен, қазақ руларының дәстүрлі қоныстары мен киелі жерлері мүлдем көрсетілмеген. Бұл — Дж.Б.Харлидің теориясына сүйеніп айтсақ, жергілікті халықты өз жерінен «графикалық түрде ығыстыру» және аумақты «иесіз» (Terra Nullius) ретінде көрсету тәсілі. И.И. Кирилов топонимдерді орыс тілінің транскрипциясына икемдеп жазу арқылы кеңістікті менталды иемдену процесін жүзеге асырды. Картаның маңыздылығы Орынбор экспедициясы нәтижесінде жиналған топографиялық түсірілімдер мен қазақ жүздерінің шекаралары туралы деректер Қазақ жерінің батыс және солтүстік-батыс аймағын зерттеуде болып табылады.



3-сурет. И. Кириловтың «Ландкарта генеральная о Российской империи...» картасы (1755). [9]

4. Я. Боувердің «Кіші және Орта қырғыз-қайсақ ордаларының картасы» (1787-1794) екінші Орынбор экспедициясының материалдары мен Ресей империясының әскери-барлау мәліметтері негізінде жасалған. Картаның деректік негізін И.И. Красильников картасы, П.И. Рычковтың «Орынбор топографиясына» жинаған қосымша материалдары мен XVIII ғ. 30-40-жж. И.Кирилов пен И.Муравиннің зерттеулері мен деректері құрайды. Картаның басты мақсаты — Кіші және Орта жүз қазақтарының рулық қоныстарын, көш жолдарын және империяның жаңадан салынған әскери шептерін (Горькая, Ертіс шептері) бір жүйеге келтіру болды. Я. Боувердің еңбегі сол кезеңдегі ең нақты әскери-топографиялық құжат болып саналды. Г. Ксенжиктің концепциясы бойынша, карта – империяның ішкі кеңістігін игеру құралы. Я. Боувер картасындағы әскери шептер мен бекіністердің орналасуы қазақ жерін «ішкі аймаққа» айналдырудың алғашқы қадамдарын көрсетеді. Бұл – даланы жай ғана бақылау емес, оның ресурстары мен халқын империялық құрылымға енгізудің картографиялық моделі. Тарихи-уақыттық әдісті қолдану арқылы бұл қолжазба картада Кіші және Орта жүздердің Ресеймен шекаралас аймақтардағы қоныстану динамикасын бақылауға болады. Карта Ресейлік бекініс желілерінің салынуына байланысты дәстүрлі көші-қон жолдарының алғашқы өзгерістерін бейнелейді.



4-сурет. Я. Боувердің «Кіші және Орта қырғыз-қайсақ ордаларының картасы», 1787–1794 жж.

5. А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының картасы» (Карта земель, принадлежащих киргиз-казакам или киргиз-кайсацким ордам и степям, 1831 ж.) еңбегіне талтау жасап көрелік. Картаны жасақтау барысында Орынбор шекара комиссиясының архивінде жинақталған қолжазба түріндегі карталар мен баспа түріндегі экспедициялық есептер пайдаланылған. Сонымен қатар, А.И. Левшин өзінің зерттеулерінде П.И. Рычков, П.С. Паллас, И.К. Кириллов секілді ғалымдардың материалдарын пайдаланды. Жалпыгеографиялық әдіс бұл картаның Қазақстанның солтүстігіне апаратын керуен жолдары, сауда орталықтары және жүздер арасындағы ішкі шекаралар туралы кешенді мәлімет береді [10, 264 б] А.И. Левшиннің картасы — қазақ даласының физикалық және саяси ландшафтын біртұтас сипаттаған алғашқы ғылыми туындылардың бірі. Бұл карта автордың әйгілі «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» атты іргелі еңбегіне қосымша ретінде басылған. Ол 1820-жж. реформалардан кейінгі қазақ даласының ең алғашқы ғылыми-этнографиялық картасы болып саналады.


Ақселеу Сейдімбектің ұстанымы тұрғысынан қарасақ, А. Левшин картасының құндылығы — онда үш жүздің (Кіші, Орта, Ұлы) қоныстарын, ірі рулық бірлестіктердің жайлау-қыстауларын алғаш рет ғылыми жүйелеуінде. Алайда, А. Левшин бұл этникалық территорияны табиғи тұтастық ретінде емес, империяның әкімшілік шеңберіне сыйып тұрған аймақ ретінде көрсетті.

Г.Ксенжиктің теориясына сәйкес, бұл карта – даланы «инвентаризациялау» құралы. А. Левшин қазақ жерін Ресейдің «ерекше басқарылатын» бөлігі ретінде бейнеледі. Оның картасы — даланың ресурстарын империялық басқару жүйесіне «байлаудың» жоспары.



5-сурет. А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының картасы», 1831ж.

6. 1825 ж. жарық көрген Азиялық Ресейдің жалпы картасына зерделесек, ол 1822-1824 жж. аумақтық реформалардан кейінгі жаңа көрініст бекітіп көрсеткен тарихи дерек. Карта Санкт-Петербургтегі топографтар корпусының басшысы Федор Федорович Шуберт нұсқаулығымен дайындалды. Карта XIX ғ. I жартысындағы Ресей империясының Азиялық бөлігін, оның ішінде Қазақ даласын бейнелеп көрсеткен деректің бірі. Картада жаңа реформа орталықтары Орынбор мен Омбы нақты көрсетілген. Картадағы Каспий, Арал, Сырдария және солтүстік аумақтағы бекіністер желісінің нақты белгіленуі кеңістіктің транзиттік түрдегі және стратегиялық аймақтарды бақылау үшін бейнеленгенін көрсетеді. Картаның тарихи, әрі саяси мәнін ашатын болсақ, 1825 ж. карта М.М. Сперанский мен Г.С. Батеньковтың реформаларынан кейінгі Орта жүз аумағының жаңа әкімшілік келбетін көрсетеді. Картаның басты мақсаты — қазақ даласын ресми түрде «ішкі округтерге» бөліп, оларды империялық басқару вертикалына бағындыру болды. Картада қазақтардың дәстүрлі аймақтық жолдарының орнына «сызықтық шекаралармен» қоршалған жасанды округтер (Қарқаралы, Көкшетау т.б.) көрсетілген.



6-сурет. Азиялық Ресейдің жалпы картасы, 1825 ж.

7. 1850 ж. Ресей империясының Әскери-топографиялық депосы жасаған «Карта Киргизскихъ степей» атты құжатты дерек ретінде талдасақ, қазақ жерлері екі ведомствоға бөлінген. Бұл карта С.Иваниннің бастамасымен жасалды. Карта XIX ғ. ортасындағы Қазақ жерінің саяси әрі географиялық тұрғыдан зерттеуде маңызды дерек болып табылады. Екі


ведомствоның біріншісіне, яғни Орынбор ведомствосына Кіші жүз (Малая Орда) және Бөкей ордасы, ал Сібір ведомствосына Орта жүз және Ұлы жүздің бір бөлігі кірген. Бұл бөлініс қазақ хандығының дербестігі жойылып, Ресейдің әскери-әкімшілік басқаруына енгенін білдіреді. Картада қазақтар («Киргиз-Кайсаки») мекендейтін аймақтар оңтүстікте Хиуа, Қоқан хандықтары және Бұхара әмірлігімен шектескені көрінеді. Дж.Б. Харли теориясы бойынша бұл карта империялық биліктің қазақ жерлеріндегі әскери-әкімшілік бақылауын заңдастырған маңызды құрал. Онда бекініс желілері мен жаңадан құрылған әкімшілік пункттердің орналасуы кеңістікті отарлық игеру стратегиясын ашады. Карта қазақ жүздерінің әкімшілік бөлінісінің эволюциясы мен Орта Азия хандықтарымен арадағы шекаралық байланыстарды көрсетеді. Картада Орынбор казактарының дистанциялық жүйесі мен Сібір казақтарының округтік жүйесі көрсетілген. Картадан Орынбор, Троицк, Орск, Петропавл, Семей секілді шекаралық түрдегі бекіністермен қатар, қазақ даласы ішіндегі жаңа әскери қалалардың (Ақмола) көрсетілгені империяның қазақ жерінің ішкі аумағына тереңірек енгенін бейнелейді.



7-сурет. Карта Киргизскихъ степей, 1851 ж.

8. Келесі дерек – 1851 ж. Джон Таллис (John Tallis) басып шығарған «Independent Tartary» (Тәуелсіз Тартария) картасы. Бұл карта Орта Азия тарихын зерттеуде маңызды дерек болып табылады. Осы кезеңде көрсетілген жерлер әлі Ресей империясының құрамына толық кірмегендіктен, еуропаның картографтары оны «тәуелсіз» деп атады. Картаның солтүстік әрі орталық бөліктеріне қарасақ, «Kirghiz» ордасының Ұлы, Орта, Кіші жүз деп бөлінген аймақтары көрсетіліп тұр. Картаның бұрыштарына көңіл бөлсек, көшпенділердің тұрмысына сай бейнеленген керуендерді, жылқы шаруашылығына байланысты көріністерді көреміз. «Тартария» деп аталатын термин еуропалықтар үшін, Каспий теңізінен бастап, Тынық мұхитына дейінгі аймақтың толық атауын білдіреді [11,77 б]. Этнографиялық тұрғыдан алғанда, картада қазақ жүздері аймақтарының белгіленуі халқымыздың әлеуметтік құрылымының сыртқы өңірлерге де мәлім

болғанын айғақтайды. Картаның дереккөз ретіндегі ерекшелігі – Қазақстанның Ресей империясының құрамына толық түрде өткенге дейінгі соңғы тәуелсіз кезеңнің картографиялық куәгері деп айта аламыз. Сонымен қатар, карта «Үлкен ойын» стратегиясындағы Англия және Ресейдің Орта Азияға деген қызығушылығын айқындайтын визуалды түрдегі дерек болып табылады.



8-сурет. 1851 ж. Джон Таллис (John Tallis) басып шығарған «Independent Tartary» (Тәуелсіз Тартария) картасы

9. Орынбор және Сібір губерниясының шекаралық жерлерінің картасы 1758 ж. пайда болды. Бұл карта Орынбор экспедициясының нәтижелерін қорытындылау мақсатында жасалды. 1750-жж. соңында Ресей империясы қазақ жерінің солтүстік және батыс шекараларын «әскери шептер» (линиялар) арқылы бекітуді аяқтады. Карта — Жайықтан Ертіске дейінгі орасан зор аумақты алғаш рет біртұтас әскери-әкімшілік жүйе ретінде көрсеткен ресми құжат. Картада қызыл түрдегі крест белгілерімен «Горькая шебі» сияқты шептер бейнеленген. Картаның батыс бөлігіндегі Жайық пен Арал теңізінің арасы Кіші жүздің территориясы (картада жүздерді «Орда» деп атайды) ретінде көрсетілсе, орталық пен солтүстік шығысында Орта жүздің, оңтүстік шығысқа қарай, Іле және Шу өзендерінің бойы Ұлы жүзге тиесілі екені көрсетілген. Бұл дерек, қазақтардың әлеуметтік құрылымының ерекшелігіне байланысты бөлінуі мен олардың географиялық түрдегі орналасуын көрсететін жаңа заман кезеңіне тиесілі карта болып табылады [12, 135 б.].

Картада Қазақ жері бүртұтас этникалық аймақ, кеңістік ретінде суреттелген. Картаның ортасында «Степь кочующихь киргиз-кайсаков» деген атаумен, үш жүздің (деректегі өз атауы «Меньшая», «Средняя», «Большая» ордаларының) территориялық аумақтары нақты көрсетілген. Бірақ картографтардың көшпелі халық ландшафты туралы аз мәліметтер білгені көреді. Себебі, қазақ даласының ішкі аумағындағы нысандар аз көрсетілген. Геосаяси тұрғысынан қарастыратын болсақ, карта қазақ жерін Ресей империясы мен Орта Азияның хандықтарымен байланыс-тыратын аймақ ретінде қарастырғаны байқалады.


Г. Ксенжиктің теориясы бойынша, 1758 ж. карта — қазақ даласын «буферлік аймақтан» «ішкі колонияға» айналдырудың көрінісі. Шекаралық шептердің картада басымдыққа ие болуы — империяның қазақ жерін өз құрамына «іштей сіңіру» процесінің басталғанын білдіреді.



9-сурет. Орынбор және Сібір губерниясының шекаралық жерлерінің жер картасы, 1758 ж.

10. Торғай облысы Ырғыз ауданының әкімшілік бөліну картасына тоқталсақ, бұл карта 1867-1868 жж. әкімшілік реформалардан кейінгі Торғай облысының құрылуы кезеңіне жататын дерек көзі. Картаның масштабы 1 дюймде – 80 верст. Картаның басты ерекшелігі – әкімшілік бөліністі рулық орналасумен біріктіріп жасауында. Картада Ырғыз уезінің 14 болысы бейнеленген. Атап өтсек, Талдық, Бақсай, Қызылжар, Аманқұл, Кенжеғарин, Тауыз, Теректі, Төлегеу, Темірастау, Қағасай, Шіңгіл, Қазығұл, Ордақонған, Құланды. Центрографиялық әдіс бойынша картада Ырғыз қаласы (г. Иргизъ) мен теміржол желісі басты коммуникациялық орталықтар мен осьтер ретінде белгіленген. Картада қазақ руларының атаулары («Төртқара», «Алтын», «Шекті», «Шөмекей», «Қаракесек», «Тілеу», «Уақ», «Қарақырғыз») арнайы рим цифрларымен және латын әріптерімен («IV», «VI», «V», «Ш», «С», «Х») кодталған. Бұл — көшпелілердің этникалық құрылымын империялық статистикалық есепке алудың белгілі бір тәсілі [13, 19 б.].

Картада тек Кіші жүздің руларына ғана емес, Орта жүз бен Ұлы жүздің де руларының осы аймақтағы үлесі көрсетілген. Картада теміржол желісінің бейнеленіп көрсетілуі, дәстүрлі қоғамның модернизациялауға ұшырағанын, басқарудың жаңа форматын көрсетеді.



10 сурет. Торғай облысы Ырғыз ауданының әкімшілік бөліну картасы

Жоғарыда талданған он картографиялық дерек, Қазақ даласын кеңістік тұрғысынан жалпылама қарастырса, картографиялық деректер ішінде, жеке бір мәселеге қатысты мәлімет беретін карталар да бар. Соның бірі - 1824 ж. реформа барысында жасалынған 3 ерекше карталарды атап өтсек болады. 1824 ж. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы жарғы» Қазақстанның батыс аумағындағы дәстүрлі саяси жүйені өзгертіп, хандық билікті жойған реформалардың бірі. Оның орнына биліктің жергілікті жердегі бақылауы үшін, аға сұлтандар институты енгізілді. Г.Избасарованың тұжырымдамасына қарай, 1824 ж. өзгерістен кейін көшпелілердің табиғи бағдарларға сүйенген «менталды картасы» империялық сызықтық шекараларымен ауыстырылып, көшпелі қауымның ішкі құрылымы өзгеріске ұшырады. 1824 ж. «Жарғы» бойынша қазақтардың бір әкімшілік үлестен немесе болыстан басқасына жергілікті төрағалардың арнайы рұқсатынсыз өтуіне тыйым салынды. Картадағы шептер салық жинау (кибиточный сбор) алаптарын анықта-ғандықтан, әкімшілік көшпелі халықтың өз бетінше қоныс

аударуын қатты бақылады. Бұл қазақ тайпаларының мезгілдік жайлауларды еркін түрде таңдау мүмкіндігін жоғалтты [14, 178-180 бб.].

Бірінші мен екінші карталарды талдайтын болсақ, 1824 ж. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы жарғы» бойынша, Кіші жүз аумағының Батыс, Орта, Шығыс деп нақты бөліктерге бөлінгенін көреміз. Батыс бөлік: Каспий теңізінен бастап Илецк қалашығына дейін, одан соң Темір өзені арқылы Арал теңізіне дейінгі созылып жатқан аумақты қамтиды. Аталған аумақта Байұлы рулары (тана, алаша, қызылқұрт т.б.) көшіп-қонды. Орта бөлік: Степная бекінісінен Жабық-Қарағай таулары мен Қарсақ-Басы көлі арқылы Сырдарияға дейінгі аумақты алып жатыр. Мұнда Әлімұлы рулары және Жетірудың бір бөлігі орналасты. Шығыс бөлік: Уй өзенінен бастап, Тобылдың жоғарғы ағысы мен Қарсақ-Басы көлі арқылы Сырдарияға дейін жетті. Бұл бөлікте табын, арғын, қыпшақ, найман, керей рулары қоныс аударды.

Бірінші картада Батыс бөліктің Орта бөлікпен шекарасының межелері көрсетілген. Картаның солтүстік нүктесінде Илецкий городок пен Илецкая бекіністері анық бейнеленген. Батыс бөліктің Орта бөлікпен шекарасы осы Илецк қалашығынан басталып, Арал теңізіне дейін сызылған. Шекара сызығының бойында Елек, Темір, Жайық, Ойыл, Жем өзендерінің арналары көрсетілген. Бұл карта Батыс бөліктің сұлтан-билеушісі (Қаратай Нұралиев) басқаратын аумақтың заңды түрдегі шеңберін көрсетеді. Дереккөз бойынша, картада көрсетілген Батыс бөлік аумағында Байұлы тайпалық бірлестіктің алаша, қызылқұрт, тана, ысық, серкеш, адай, беріш, есентемір таз секілді рулары қоныстанған [15, 313 б.].

Екінші картада Орта бөліктің Шығыс бөлігімен шекарасы Степная бекінісінен Жабық-Қарағай таулары мен Қарсақ-Басы көлі арқылы Сырдарияға дейін бейнеленген. Картаның төменгі бөлігінде «Бұхара» иеліктерімен шектесетін тұсы мен Қызылқұм шөлі көрсетілген. Карта Орынбор қазақтарының Орта бөлігі мен Шығыс бөлігінің арасындағы заңды бөліністі айқындайды. Бұл аумақта негізінен Әлімұлы бірлестігінен шекті, қаракесек, қарасақал, төртқара, шекті рулары, ал Жетірудан жағалбайлы, керейт, тама рулары қоныс аударған. Сонымен қатар, Сырдарияның төменгі жағалауында Байұлы бірлестігінің жаппас, алтын рулары қоныс аударған. Карта Орта бөліктің сұлтан-билеушісі (Темір Ералиев) басқаратын кеңістікті заңды түрде бекітті. 1843 ж. деректер бойынша Орта бөлікте 22 205 киіз үй тіркелген [15, 350 б.].


Үшінші карта «Ведомствоаралық шекаралық даулардың визуалды айғағы» деп аталады. Бұл картада Орынбор ведомствосының Шығыс бөлігі мен Батыс Сібір ведомствосының арасында шекаралық межелері көрсетілген. Ресми түрдегі меже Уй өзенінен (Степная бекінісі) басталып, Қара-Әли-Аят, Тоғызақ, Жыланды-Аят және Тобыл өзендерінің жоғарғы тұстағы ағыстарымен өтеді. Саяси контекст тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл картаның жасалуына Батыс Сібір және Орынбор губернаторлары арасында болған ұзақ аумақтық даулар себеп болды [15, 349 б.]. Яғни, шекараның анық болмауы (ресей әкімшілігінің түсінігі бойынша) қазақ руларының бір ведомствадан екіншісіне қарай рұқсатсыз өтуіне және басқарудағы түсініспеушіліктерге, қиындықтарға алып келген. Картадағы шекаралар туысқан руларды әртүрлі әкімшілік ведомстволарға (Орынбор және Сібір) бөліп тастады. Мысалы, Арғын және Қыпшақ руларының кейбір үлестері Орынборға генерал губернаторына бағынса, бір үлесі Сібір ведомствосында қалды. Бұл жағдай қазақтардың өз руларымен бірге көшіп-қонуына бөгет жасап, оларды Орынбор мен Сібір губернаторларының арасындағы «даулы нысанға» айналдырды. Сонымен қатар, жайылымдардың, қоныс аудару аймақтарынының шектелуі, көшпелі халықтың шаруашылығының дағдарысы мен халықтың біртіндеп отырықшы процесіне өтуге түрткі болды. Көшпенділер еркін далада қоныс тебетін аумақтары азаюына байланысты, стационарлы қыстаулар салына бастады

Әрбір карта Кіші жүздің нақты бір әкімшілік бөлігінің аумағын, шекарасын айқындауға арналған. Барлық 3 карта 1824 ж. реформаның нәтижесінің көрінісі болып табылады. Барлық үш карта да қазақ халқының дәстүрлі түрдегі көшпелі қоғамына тән емес сызықтық шекараларды енгізілген. Егер бұрын қазақ руларының жайылымдық жерлері табиғи нысандармен және рулық келісімдер арқылы жүзеге асырылса, бұл карталардан саяси түрде әкімшілік бөліністің айқын көрінісін көре аламыз. Бұл карталардың ортақ мақсаты – сұлтан-билеушілердің билігінің шегін


анықтау болды. Осы реформа бойынша сайланған әр сұлтан тек өз бөлігінде ғана билігін жүргізуге тиісті болды. Сонымен қатар, бұл карталардағы сызықтар киіз үй салығын жинаудың нақты аймақтарын да айқындады.



11 сурет. Орынбор қызғыздарының Орта бөлігі мен Батыс бөлігінің арасындағы шекара



12 сурет. Орынбор қырғыздарының Шығыс бөлігі мен Сібір қазақтарының арасындағы шекара



13 сурет. Орыбор қазақтарының Шығыс бөлігі мен Орта бөлігінің арасындағы шекара

Қорытынды. Зерттеудің негізгі түйіні – тарихи картография жәй ғана қазақ даласының географиялық орналасуын емес, XVIII ғ. бастап XIX ғ. ортасына дейінгі аумақта қазақ жерінде орын алған саяси, әлеуметтік, мәдени аспектілерін ашып көрсете алуында. Ол үшін зерттеушіге теориялық біліммен қатар, тарихи карталарды талдаудың әдістемесін де жақсы білу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Ksenzhik G. N. Visual sources on the formation of the border of Kazakhstan in the XVIII – early XX centuries // Bulletin of history. — 2025. — № 1 (116). — P. 55–67.*
2. *Ксенжик Г.Н. Историческая география степных областей Казахстана (XIX – начало XX вв.): Монография. — Алматы: Айғаным,2015. — 406 с.*
3. *Harley J.B. Deconstructing the Map // Cartographica. — 1989. — Vol. 26. — No. 2. — P. 1-20.*
4. *Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. — Астана: Фолиант, 2008. — 728 б.*
5. *Izbassarova Gulbanu B. Nomadic Mental Map of Space: The Concept of Border and Space among Nomadic Qazaqs. Qazaq Historical Review, 2025. Vol. 3, No. 2, 153–166.*
6. *Алиаскаров Д. Т., Каймулдинова К. Д., Лайсханов Ш. У. Цифрлық жаһандану жағдайында тарихи-картографиялық қорларды құрудың әдістемесі // География және су ресурстары. — 2024. — № 4. — 6-8 бб..*
7. *Ремезов С. У. Чертёжная книга Сибири / С. У. Ремезов. — Санкт‑Петербург : тип. Академии наук, 1882 (репринт оригинала 1701 г.). — [23] с. : ил. ; 28 см*
8. *Страленберг Ф. И. Великая Татария // Das Nord- und Ostliche Theil von Europa und Asia. — 1730. — Карта.*
9. *Кирилов И. К. Ландкарта генеральная Российской империи: карта. — Санкт-Петербург, 1755.*
10. *Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей / Соч. Алексея Левшина. – СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832. – Ч. 1: Известия географические. – 264 с.*
11. *Nurlan Kenzheakhmet. The European maps of the Kazakh Steppe and Central Asia. Qazaq Historical Review, 2023. №1 (1). P. 56-121.*
12. *Rasskasov Sergei V. «The Steppe of Nomadic Kirghiz-Kaisaky: the Qazaq Steppe on Russian maps of 18th –19th centuries and the Early Modern cartography as source for studying the geographical imagination of the Central and North Asia. Qazaq Historical Review, 2023. №1 (1), 122-139.*
13. *Ксенжик Г. Н., Карин Е.Т. Қазақстан тарихы бойынша картографиялық материалдардың жинақталған каталогын талдау (XVII – XX ғасырдың басы). Qazaq Historical Review. 2023. №1(1). 6–21 б.*
14. *Избасарова Г.Б. Казахская степь Оренбургского ведомства в имперских проектах и практиках первой половины XIX века. - М.: ИП Лысенко А.Д. PRESS-BOOK.RU, 2018. - 484 с.*
15. *Ресей мемлекетінің тарихи архиві (РГИА). 1291қор, 81 тізім, 95а іс.*
16. *Knowles, A. K. Past Time, Past Place: GIS for History. ESRI Press,2002. – 202 p*
17. *Gregory, I. N., & Ell, P. S. Historical GIS: Technologies, Methodologies, and Scholarship. Cambridge University Press, 2007. – 227 p.*

References:

1. *Ksenzhik G. N. Visual sources on the formation of the border of Kazakhstan in the XVIII – early XX centuries // Bulletin of history. — 2025. — № 1 (116). — P. 55–67.*
2. *Ksenzhik, G. N. Istoricheskaia geografiia stepnykh oblastei Kazakhstana (XIX – nachalo XX vv.): Monografiia.* — Almaty: Aiganym, 2015. — 406 p.
3. *Harley J.B. Deconstructing the Map // Cartographica. — 1989. — Vol. 26. — No. 2. — P. 1-20.*
4. *Seidimbek, A. Qazaqtyñ auyzsha tarihy: Zertteu. — Astana: Foliant, 2008. — 728 b.*
5. *Izbassarova, G. B. Nomadic Mental Map of Space: The Concept of Border and Space among Nomadic Qazaqs. Qazaq Historical Review, 2025, Vol. 3, No. 2, pp. 153–166.*
6. *Aliaskarov, D. T., Kaimuldinova, K. D., Laishanov, Sh. U. Cifrlyq jahandanu jağdaiynda tarihi-kartografiyalyq qorlardy qurudyn adistemesi. Geografiya zhane su resurstary, 2024, No. 4, pp. 6–8.*
7. *Remezov, S. U. Chertezhnaia kniga Sibiri. Saint Petersburg: Tipografiia Akademii nauk, 1882 (reprint of 1701). — 23 p.*
8. *Stralenberg, F. I. Velikaia Tatariia. In: Das Nord- und Ostliche Theil von Europa und Asia. 1730. Map.*

9. Kirilov, I. K. Landkarta general'naia Rossiiskoi imperii. Saint Petersburg, 1755. Map.

10. Levshin, A. I. Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei. Saint Petersburg: Tipografiia Karla Kraia, 1832. Part 1: Geographical data. — 264 p.

11. Nurlan Kenzheakhmet. The European maps of the Kazakh Steppe and Central Asia. Qazaq Historical Review, 2023. №1 (1). P. 56-121.

12. Rasskasov Sergei V. «The Steppe of Nomadic Kirghiz-Kaisaky: the Qazaq Steppe on Russian maps of 18th –19th centuries and the Early Modern cartography as source for studying the geographical imagination of the Central and North Asia. Qazaq Historical Review, 2023. №1 (1), 122-139.

13. Ksenzhik, G. N., Karin, E. T. Qazaqstan tarihy boiynsha kartografialyq materialdardyn jinaqtalgan katalogyn taldau (XVII – XX gasyrdyn basy). Qazaq Historical Review, 2023, No. 1(1), pp. 6–21.

14. Izbassarova, G. B. Kazakhstanskaia step' Orenburgskogo vedomstva v imperskikh proektakh i praktikakh pervoi poloviny XIX veka. Moscow: IP Lysenko A.D. PRESS-BOOK.RU, 2018. — 484 p.

15. Rossiiskii gosudarstvennyi istoricheskii arkhiv (RGIA). F. 1291. O. 81. D.95a.

16. Knowles, A. K. Past Time, Past Place: GIS for History. ESRI Press,2002. – 202 p

17. Gregory, I. N., & Ell, P. S. Historical GIS: Technologies, Methodologies, and Scholarship. Cambridge University Press, 2007. – 227 p.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC: 947(54) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.027

А.Қ. Шорманова[ID] *[1], *Г.Е. Абикенова*[ID] [2]

[1]*Абай атындағы ҚазҰПУ т.ғ.к. Алматы, Қазақстан.*
E-mail: ai.shormanova@gmail.com
https://orcid.org/0009-0003-2517-3725

[2]*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ т.ғ.к., қауымдастырылған профессор. Алматы, Қазақстан.*
E-mail: agulzhazira@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-3774-341X

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСЫРЫЛУЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ РЕСМИ БАСЫЛЫМДАРДА: САҚТАЛУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ОБЪЕКТИВТІЛІГІ (XIX ғ. 2-ші жартысы).

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген ресми басылымдардағы, оның ішінде «Дала уалаятының газеті» мен «Түркістан уәлаятының газеті» беттерінде жарық көрген материалдарды негізге ала отырып, қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту саласының ұйымдастырылуы мәселелері деректанулық тұрғыдан қарастырылады. Аталған ресми басылымдар беттерінде сол тұстағы қазақ балаларының білім алуы, оларды оқыту мәселесіне қатысты материалдар топтастырылған. Мектеп үйлерінің ашылуы мен ондағы білім беру ісінің барысы мен материалдық базасы, оқытуды ұйымдастырудағы ерекшеліктер беріледі. Десек те, аталған кезеңде патшалық үкіметтің отарлау саясатының басым болуы, соған орай рухани тұрғыдан отарлаудың басты мүмкіндігі оқу-ағарту арқылы жүргізілгендіктен, мәселені қарастыруда басылым беттеріндегі материалдарды деректанулық тұрғыдан негіздеу қажет. Ресми басылымдардағы Қазақстанның оқу-ағарту саласына қатысты деректер ірі ауқымды статистикалық және құрылымдық ақпаратты алу үшін өте құнды әрі таптырмас қайнар көз. Алайда, олардың объективтілігін қамтамасыз ету

үшін бұл мәліметтерді сол кезеңдегі архивтік құжаттармен, жеке тұлғалардың естеліктерімен (мемуарлармен) және «Қазақ», «Айқап» сияқты ұлттық бағыттағы бейресми баспасөз материалдарымен салыстыра тексеру қажет.

Соған орай мақалада XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген ресми басылым беттеріндегі білім беру ісі, мектептерді ұйымдастыру, оқу-ағарту саласының мүмкіндіктері, оқыту бағыттары мен барысы туралы мәселелер деректанулық тұрғыдан талданады. Олардағы деректер сол тұстағы оқу-ағарту саласының дерек көзі болумен бірге оның сақталу формалары мен объективтілігіне көз жеткізуді қажет етеді.

Кілт сөздер: оқу-ағарту, ресми басылымдар, газет, дерек көздері, рухани отарлау

А.К. Шорманова[1], Г.Е. Абикенова[2]*

[1]Кандидат исторических наук, КазНПУ имени Абая, Алматы,
E-mail: ai.shormanova@gmail.com

[2]Кандидат исторических наук, доцент
Казахского национального университета имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан.
E-mail: agulzhazira@mail.ru

СВЕДЕНИЯ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ОФИЦИАЛЬНЫХ ПУБЛИКАЦИЯХ: ФОРМЫ СОХРАНЕНИЯ И ОБЪЕКТИВНОСТЬ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX ВЕКА).

Аннотация

В данной статье с позиций источниковедческого анализа рассматривается организация системы образования в казахском регионе на основе материалов, опубликованных во второй половине XIX века в официальных периодических изданиях - «Киргизская степная газета» и «Туркестанские ведомости». Эти издания содержат комплекс сведений, касающихся обучения и школьного образования казахских детей в тот период.

Здесь описываются открытие школ, состояние учебного процесса и материально-технической базы, а также особенности организации обучения. Однако, учитывая, что в этот период господствовала колониальная политика царского правительства - а образование служило главным инструментом духовной колонизации, при рассмотрении данного вопроса необходимо провести критический анализ источников, содержащихся в публикациях того времени. Данные о сфере образования Казахстана, содержащиеся в официальных публикациях, служат чрезвычайно ценным и незаменимым источником обширной статистической и структурной информации. Однако для обеспечения объективности этих сведений необходимо сопоставлять их с архивными документами того же периода, личными воспоминаниями и материалами неофициальной прессы национального направления - такими как издания «Казак» и «Айкап».

В данной статье представлен источниковедческий анализ сведений, содержащихся в официальных публикациях второй половины XIX века и касающихся образования, организации школьного дела, возможностей образовательной сферы, а также направленности и методики обучения. Хотя данные, приведенные в этих публикациях, служат первоисточником для изучения образовательной ситуации той эпохи, необходимо также оценить их объективность и особенности сохранения.

Ключевые слова: образование, официальные публикации, газета, источники, духовная колонизация.

A.K. Shormanova[1]*, *G.E. Abikenova*[2]

Candidate of Historical Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty. Kazakhstan. ID: 57210985418.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan.

INFORMATION ON THE ORGANIZATION OF THE EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN OFFICIAL PUBLICATIONS: FORMS OF PRESERVATION AND OBJECTIVITY (SECOND HALF OF THE XIX th CENTURY).

Abstract

This article examines the organization of the education system in the Kazakh region from the perspective of source analysis, drawing on materials published in the second half of the 19th century in official periodicals – «Kirgizskaya Stepnaya Gazeta» (Kazakh Steppe Newspaper) and "Turkestanskie Vedomosti" (Turkestan Gazette). These publications contain a wealth of information regarding the schooling and education of Kazakh children during that period.

This section describes the opening of schools, the state of the educational process and material-technical infrastructure, and the specific organizational aspects of instruction. However, given that the Tsarist government's colonial policy prevailed during this period - with education serving as a primary instrument of spiritual colonization - a critical analysis of the sources found in publications from that era is essential when examining this subject. Data on Kazakhstan's education sector found in official publications serve as an extremely valuable and indispensable source of extensive statistical and structural information. However, to ensure the objectivity of this information, it is necessary to cross-reference it with archival documents from the same period, personal recollections, and materials from the unofficial nationalist press—such as the publications "Qazaq" and "Ayqap".

This article presents an analysis of the information contained in official publications from the second half of the 19th century regarding education, the organization of the school system, the capabilities of the educational sector, and the orientation and methodology of instruction. Although the data presented in these publications serve as primary sources for studying the educational landscape of that era, it is also necessary to assess their objectivity and the specific circumstances of their preservation.

Keywords: education, official publications, newspaper, sources, spiritual colonization.

Кіріспе. Қазақстан тарихының өзіндік ерекшеліктерге толы кезеңдерінің бірі – XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басы болып келеді. Бұған дейін де қазір де зерттеушілер назарын аудартатын бұл кезең бір жағынан Ресей империясының қазақ жерін өзінің қол астына толықтай біріктіріп, одан әрі әлеуметтік-экономикалық және рухани саласына тереңдей еніп, отарласа, екіншіден бұл тұста ұлттың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестің жаңа кезеңінің басталуы және сол жолда қызмет еткен ұлт зиялыларының қалыптасу кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезең отаршылдықтың да, ұлт-азаттық күрестің де жаңа деңгейге көтерілуімен ерекшеленді. Бұл күрес өмірдің бар саласын, оның ішінде оқу-ағарту саласын да қамтыды. Себебі, оқу-ағарту саласы қарама-қарсы күштің негізгі құралы болды және оны әрқайсысы өз мүддесіне сай негіздеуге тырысты. Соның ішінде империя отарлаушылары өзіне бағынышты бұратана халықтарға белгілі бір дәрежеде білім беріп, сол халықтарды біртіндеп орыстандырып, рухани тұрғыдан кіріктіруді көздеді. Бұл мақсатты ойды қалыптастыруда отарлық жүйе тарапынан ұйымдастырылған ресми газеттер «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» айрықша жұмыс жасады деуге болады.

Нәтижесінде 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап Ташкент қаласында шыға бастаған «Түркістан уалаятының газеті» мен 1888 жылдың басынан бастап Омбы қаласында шыға бастаған «Дала уалаятының газеті» тарих ғылымы тұрғысынан қарағанда, қазақ тарихының дерек көздерінің жаңа тобы – қазақ тіліндегі мерзімді басылымдардың дүниеге келуінің бастауы болды. Мерзімді басылымдардың деректік орны мен маңызы туралы зерттеуші Қ.Атабаев: «Деректердің аса бір үлкен тобын белгілі бір формаға ие болған, қоғамдық мәні бар, әлеуметтік - мәдени міндеттер атқарған мерзімді басылымдар - газеттер мен журналдар құрайды. Газет - журналдардан тарихшылар тақырыпты зерттеу барысында өздеріне қажетті мәліметтер таба алады - деп, жазды [1, 35 б.].

Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдар болып табылатын аталған газеттер беттерінде халқымыздың саяси, әлеуметтік, экономикалық өмірімен қатар, оқу-ағарту тарихына қатысты деректер көптеп сақталған. Өздерінің бағыт - бағдары мен сипаты жағынан ресми басылымдар тобына жататын бұл газеттерде кезінде қазақ балаларын оқыту мәселесіне арналған біршама материалдар басылған. Бұл материалдар құнды дерек көзіне айналып отыр. Демек, тарихшылар осы газеттерді дерек көздері ретінде пайдалана отырып, XIX ғасырдың үшінші бөлігіндегі қазақтар арасындағы оқу-ағарту мен білім беру ісінің тарихына қатысты мәліметтер тобымен танысып, оны пайдалана алады.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмысы барысында деректану ғылымының деректердің пайда болуының объективтілігі мен субъективтілігі, алғышарттары мен тарихи жағдайлары, сақталу формалары мен ерекшеліктері, деректерді сыныптау және сыннан өткізу қажеттігі сияқты теориялық қағидаларға, объективтілік, партиялық және тарихилық принциптеріне негізделген. Негізінен еліміздің өткен тарихын жалпы адамзат тарихының тінінде (контекісінде) қарау, баспасөз мәліметтерін ұлттық мүдде тұрғысында талдау сияқты методологиялық бағыт - бағдар ұстанылды. Соның ішінде «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» сынды отаршыл империя тарапынан ұйымдастырылған ресми баспасөз құралдарында ұсынылған оқу-ағарту саласына қатысты материалдар талданады. Олардыңжарияланымында жалпы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өлкесіндегі саяси жағдайлар, шаруашылық пен мәдениет, оқу ошақтарының ұйымдастырлы мен олардың оқыту тәсілдері, бағыттары бойынша мәліметтер топтасқан. Аталған материалдармен таныса отырып, негізінен жұмысты қарастыруда сол ресми басылымдарда жарияланған мақаларды деректанулық тұрғыдан саралау негізге алынды. Біріншіден, мақаланвң бастапқы авторларын анықтау және оны алғаш қай тілде жазылғанын негіздеу, екіншіден ол қазақ тілінен орысшаға немесе орысшадан қазақшаға аудару барысында толық сәйкестік бар екендігіне көз жеткізу болса, екіншіден жазылған мақаланың объектіивтілі-гіне мән беру, үшіншіден мақаланың мақсатты ойын анықтау және онда көрсетілген статистика-лық материалдарды сол уақытта қатар жазылған өзге авторлар еңбектерінде кездескен жағдайда салыстыру қажеттігі туындайды. Соған орай жұмыста еліміздің соңғы жылдары көптеп пайда болған, ұлттық дерек көздеріне деректанулық талдау жасалынған еңбектері басшылыққа алынды.

Нәтижесінде XIX ғасыр соңында жарық көрген «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» ресми басылымдарында оқу-ағарту саласына қатысты алынған нақты ақпараттың толықтық және шынайылық деңгейін анықтау мақсатында синтетикалық және аналитикалық талдау жасау, жүйелеу, сыныптау, салыстыру, сынау сияқты деректанулық әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. «Түркістан уалаятының газетінде (бұдан әрі – «ТУГ“), „ Дала уалаятының газетін” де (бұдан әрі“ДУГ”) дерек көздері ретінде пайдалануға бүгінгі зерттеушілердің де, келешек зерттеушілердің де толық мүмкіндіктері бар. Олай дейтініміз, XIX ғасырдың соңындағы қазақ елінің саяси өмірі, шаруашылығы, мәдениеті, тарихы жайындағы түпнұсқадағы материалдар сол қалпында, қазақ және орыс тілдерінде берілген “ДУГ” 4-ші кітабы, 1994 жылы “Ғылым” баспасынан Үшкөлтай Субханбердинаның құрастыруымен шықса, “ТУГ” 2003 жылы жеке кітап түрінде қайта басылып, жарыққа шықты [2].

“ТУГ” материалдарын қазіргі жазу таңбасына түсіріп, жинақ ретінде шығарушылар М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба және текстология орталығының қызметкерлері: Ү. Субханбердина, П. Әуесбаева, С. Қосандар. Жинақ “Ғылым” ғылыми баспа орталығында шыққан. Таралымы - 500 дана. Көлемі - 35 баспа табақты құрады [3]. Ал Ү.Субханбердинаның 1999 жылы шыққан “Қазақ халқының атамұралары” [4] деп аталатын кітабына енген, осы газеттердің мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерінің де зерттеушілерге тигізер көмегі мол. Ол зерттеушілерге өздеріне керекті материалдарды көп қиындықсызақ тауып, өз уақыттарын үнемдеуге көмектеседі.

Жинақтар газеттердің микрокөшірмелері мен фотокөшірмелері арқылы дайындалған. Газеттердің микрокөшірмелері мен фотокөшірмелерін 1956 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Бас библиографы Үшкөлтай Субханбердина, Ленинград (қазіргі Санкт –Петербург) қаласындағы М.Е. Салтыков - Щедрин атындағы мемлекеттік кітапхана қорында сақтаулы тұрған түпнұсқадан түсіріп алып, Орталық ғылыми кітапханаға өткізген. Демек, Ү. Субханбердина “Мәдени мұра” бағдарламасында көрсетілгендей, мәдени мұраларымызды жинау ісімен бұдан 50 жыл бұрын айналыса бастаған.

Дегенмен, «ТУГ” жинағына кезінде газет бетінде жарияланған материалдардың түгел енбегендігін, олардың тек бір бөлігін ғана жинақтан табуға болатындығын ескертеміз. Мысалы, біздің тікелей зерттеу объектіміз болып табылатын оқу-ағарту ісі туралы газетте барлығы 16 мақала жарияланған болса, солардың тек алтауы ғана жинаққа енген. Демек, көп жағдайда зерттеушілерге әлі де түпнұсқамен жұмыс істеуге тура келді. Мәселен, аталған басылымдарда жарияланған оқу-ағарту ісіне қатысты материалдардың тақырыптары мен жылдары және жалпы сандары төмендегі 1 және 2 кестелерде көрсетілген [5].

1 кесте - “Түркістан уалаяты газетінде” көтерілген оқу-ағарту мәселелері:

Тақырыптар	Жылдары				Барлығы
	1875ж.	1876ж.	1877ж.	1878ж.	
1. Әр жердегі оқу-ағарту жағдайлары туралы		2			2
2. Қыздарды оқыту туралы	-	1	-	-	1
3. Мектеп-медресе ашу	1	2	-	-	3
4. Оқу-ағарту мәселесі	-	-	-	1	1
5. Оқу-ағарту ісіне қаражат жинау	-	-	-	1	1
6. Орыс тілінде оқыту қажеттілігі туралы	2	1	2	-	5
7. Орталықта оқитын қазақ шәкірттері туралы	1	1	-	1	3
8. Бала тәрбиесі туралы	-	-	-	1	1
Барлығы	4	7	2	4	17

2 кесте - “Дала уалаяты газетінде” көтерілген оқу-ағарту мәселелері:

Тақырыптар	Жылдары					Барлығы
	1894 ж.	1895 ж.	1896 ж	1897 ж.	1898 ж.	
1 . Жазу туралы	-	-	-	1	-	1
2. Қыздарды оқыту туралы	-	1	-	1	-	2
3. Мектеп- медресе салу	1	2	2	-	-	5
4.Медресе жағдайлары	-	1	-	-	-	1
5. Мұғалімдер жағдайы	-	-	1	-	-	1

6. Ғылым мен білімнің, орысша оқудың қажеттілігі	1	3	1	3	1	9
7. Оқыту жолдары	-	-	-	1	-	1
8. Оқу-ағарту тарихы туралы	-	-	-	1	-	1
9. Бала тәрбиесі туралы	-	-	-	-	1	1
Барлығы	2	7	4	7	2	22

Әрине, бұл кестелердің шартты түрде жасалынған кестелер екендігін айтуымыз керек. Оларда берілген мәліметтерді толыққанды дәл мәліметтер деп қабылдауға болмайтындығы түсінікті. Себебі кейде бір мақалада оқу ісіне қатысты бірнеше проблемелер туралы айтылған. Сондықтан олар бірнеше мақала ретінде кестеде көрсетілген. Ал, кейде тікелей оқу-ағарту мәселесіне арналмаған, қазақтардың өмір тіршілігіне, қоғамдық-әлеуметтік проблемаларына қатысты мақалаларда да оқыту, білім беру туралы құнды мәліметтер кездеседі. Сондықтан олар да кестеге енгізілгендігін атап өту керек.

Дегенмен, газеттерде жарияланған оқу ісіне қатысты мақалалардың тақырыптарын анықтап, олардың сандарын есептеу, барлық статистикалық мәліметтер сияқты, газеттердің осы мәселедегі ұстанған жалпы бағыт-бағдарын, оларды шығарушылардың позициясын, мақсаттарын анықтап, кейбір қортындылар жасауға мүмкіндік береді.

Деректану ғылымының тараптарынан шыға отырып, біз ең алдымен, ол мақалаларадың кездейсоқ пайда болмаған объективті дүниелер екендігін айтуымыз керек. Демек, олар белгілі бір қоғамдық сұраныстардың салдарында пайда болған, сондықтан оларда қазақтарды оқыту тарихына қатысты мәліметтер сақталынған. Мәселе, тек сол мәліметтердің толықтық және шынайылық деңгейлерінің қаншалықта екендігінде. Мақалаларға деректанулық талдау жасаудың мақсаты да соларды анықтау болып табылады.

Патша үкіметінің шешімімен, оның жергілікті әкімшілік органдарының қаражатына және тікелей бақылаумен шығып тұрған газеттерде қазақтарды оқыту туралы мақалалардың пайда болуы, яғни олардың дерек көздері ретіндегі объективтілігі, сол газеттердің XIX ғасырдың соңындағы Қазақстан тарихының дерек көздері ретіндегі объективтілігімен, яғни олардың жалпы жарыққа шығу себептерімен тікелей байланысты. Ол Ресейдің Қазақстанды отарлауды одан әрі тереңдетуін негіздеп береді.

XIX ғасырдың 60 жылдарының ортасына қарай қазақ жерлері толығымен Ресей империясының меншігіне айналып, ендігі басты мақсаты өзінің отарлау саясатын рухани салада жалғастыру болды. Ал, оның жолдарының бірі жергілікті халықтың ой-санасын отарлау арқылы оларды орыстандыру еді. Мысалы, “Туркестанские ведомости” газетінің бірінші нөмерінде: “біздің пайымдауымызша, Түркістан өлкесінің қазіргі әкімшілігінің міндеті мынадай: орыс өкіметіне бағынған халықтарды екінші мәрте жеңу, бірақ оларды қара күшпен емес, ақылмен және рухани басымдықпен жеңіп шығу... Егер орыс халқының рухани орасан зор күш қуаты жәрдемдеспесе, Орта Азияға орныға бастаған орыс элементі де жойылып кетуі мүмкін делінген” [6].

Міне, “сол орыс өкіметіне бағынған халықтарды”, яғни қазақтарды да, “ақылмен және рухани басымдылықпен”, “екінші мәрте” жеңудің жолдарының бірі ретінде отарлаушылар, сол кездегі бұқаралық ақпарат құралдарының бірден-бір түрі, баспасөз құралдарын шығару деп білді. Сондықтан да алғашқы отарлық ресми газет беттерінде жарияланған басқа да мақалалар сияқты, оқу-ағартуға қатысты мақалалардың да сол орыс отарлаушыларының мақсат-мүддесіне сай басылғандығы түсінікті.

Сонымен қатар, ол мақалалардың пайда болуының тарихи жағдайын да, сол газеттердің пайда болуының тарихи жағдайымен байланысты қарастыруымыз қажет. Ал, ол газеттердің пайда болуының тарихи жағдайының басты ерекшелігі, олардың жергілікті патша әкімшілігінің қатаң бақылауы арқылы, яғни цензура арқылы шығып тұруында. Бұл зерттеушілер ерекше көңіл бөлуге тиіс болатын факторлардың бірі. Мысалы, патша өкіметінің құпия бақылаушыларының бірі (негласный надзор) Н.И. Ильминский өзінің 1889 жылы обер-прокурор К.П. Победоносцевқа жазған хатында: “Об особом “прибавлении” к Акмолинским ведомостьям (“Дала уалаятының

газеті” туралы айтылып отыр) я давно писал Г.А. Калпаковскому, что эту газету надо ограничить официальной лишь частью, а не официальную часть лучше бы прекратить, ибо при неумелых и необразованных переводчиках (в доказательство чего я привел примеров), требующих бдительного наблюдения и опытного руководства, рискованно отваживаться на помещение трудных, научных и политических статей... притом они выходят вон из программы, разрешенной бывшим генерал-губернатором”- депжазған [7, 33 б.]. Бұл келтірілген мысалдан газеттердің “қырағы бақылау” және “тәжірибелі басқару” жағдайында шығып тұрғандығын байқауға болады. Ал Н.И. Ильминский сияқты жоғары дәрежелі миссионердің бұл мәселеге осылайша ерекше көңіл бөлуі соның дәлелі.

Жоғарыда айтылғандай, 2003 жылы жарық көрген, қазіргі жазу таңбасына түсіріліп, қайта жарияланған “ТУГ” мен көрнекті библиограф-ғалым, зерттеуші Ү. Сухбанбердинаның құрастыруымен шыққан “ДУГ” төрт томды жинағы және осы газеттердің мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштеріне деректанулық талдау жасау, №1 және №2 таблицаларда көрсетілгендей, оқу-ағарту мәселесіне қатысты мақалалар “ТУГ” беттерінде негізінен 1875-1878 жылдары жарияланса, “ДУГ” - де 1894-1898 жылдар аралығында жарияланған. 1870 жылы шыға бастаған “ТУГ” және 1888 жылдан шыға бастаған “ДУГ” дәл осы жылдары бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, басқа жылдары неліктен мерзімді басылымдардың шығарушылары мен авторларының қазақ балаларын оқыту туралы ешнәрсе айтпағандықтары әзірге белгісіз. Тек бұл жағдайдың кездейсоқ қалыптаспаған жағдай екендігі анық.

Екі газеттің де жергілікті халықты оқыту мәселесіне бірнеше жылдан кейін ғана көңіл бөлулері, мүмкін, кездейсоқ сәйкестік болар. Дегенмен, отарлаушы елдің мүддесіне сай, патша үкіметінің жергілікті әкімшілігінің қаражатына және солардың тікелей бақылауымен шығып тұрған газеттердің, қазақ халқы үшін өмірлік маңызы аса үлкен мәселелерге бір жылдары ерекше көңіл бөліп, қалған жылдары ұмыт қалдыруы, сол үкіметтің жергілікті жерде жүргізіп отырған саясатымен байланысты болғандығы түсінікті.

Оқу-ағарту ісіне қатысты мақалалардың орыс отарлаушыларының саясатына байланысты жарияланып отырғандығын, сол мақалаларға деректанулық талдау жасау арқылы оңай көз жеткізуге болады. Мысалы, №1 кестеде көрсетілген жылдар аралығында аталған мәселеге қатысты “ТУГ”- де 8 тақырып бойынша барлығы 17 мақала жарияланған. Міне, солардың бесеуі “Орыс тілін оқытудың қажеттігін” дәлелдеуге арналған. Ол жалпы мақалалардың үштен біріне жуық. Бұл факті “ТУГ”-ін шығарушылардың оқу туралы мақалалар жариялаудағы басты мақсаттары орыс тілін насихаттау болғандығын дәлелдейді.

Сонымен қатар, газетте қазақтар арасында мектеп-медресе ашу туралы үш мақала, әр жердегі оқу-ағарту жағдайы, орталықта оқитын қазақ шәкірттері туралы 2 мақаладан жарияланған. Ал, қазақ халқы үшін аса маңызды мәселе болып табылатын оқу-ағарту мәселесі, қыздарды оқыту, бала тәрбиесі тақырыптарына 12 жыл ішінде небәрі бір мақаладан ғана жарияланған. Бұл айғақтың да газеттің сипатын анықтай түсетіндігі көрінеді.

Мақалалардың пайда болуына қатысты тағы бір ерекше көңіл аудартатын ерекшеліктердің бірі, ол “ТУГ” беттерінде жарияланған оқу-ағарту туралы мақалалардың көбінің авторларының көрсетілмеуі. Мақалалар негізінен: “Әр түрлі хабар”, “Орыс газеттерінен”, “Көкшетау қаласынан хабар”, “Газетке бір адам жазыпты” деген сияқты айдарлармен берілген. Тек бір ғана мақала, дәлірек айтсақ, 1876 жылдың 28 январындағы 3 нөмірінде басылған “Оқу-жазу адамға көп пайдалы, Оқу жазу тақырыпты» атты мақаланың ғана авторы “Хасанов”- деп, көрсетілген. Бұл, бізге оқу-ағарту мәселесіне қатысты мақалаларды жеке авторлардың субъективті дүниелері емес, жалпы газеттің бағыт-бағдарына, шығарылудағы мақсатына сай пайда болған объективті дүниелер ретінде қарауымызға мүмкіндік береді [5, 67 б].

№2 кестеде көрсетілген жылдар аралығында “ДУГ” аталған мәселелерге қатысты 9 тақырып бойынша 22 мақала жарияланған. “ДУГ” басқа газеттерден ерекшелігі сонда, онда мақалалар міндетті түрде екі тілде бірдей басылып отырған. Сондықтан қазақ тілінде жазылған 16 мақала орыс тіліне аударылып басылса, 6 мақала орыс тілінен қазақ тіліне аударылып басылған.

Мысалы, Орынбор және Торғай облыстарындағы қазақтар арасындағы орыс оқуы туралы жазылған "Нужды народного образования в киргизской степи" атты, 1898 жылғы газеттің 13 нөмірінде жарияланған мақаланың соңында "Байқау түсіндірме аудармашы Дүйсенбаевтікі" деп жазылған. Бірақ, мақалалардың көбінде аудармашылар туралы ешнәрсе айтылмаған.

Деректану ғылымы үшін деректің алғаш қай тілде пайда болғандығын, оны кімдердің жасағандығын анықтаудың маңызы үлкен. Өйткені, деректерде сақталынған мәліметтердің шынайылық деңгейі, яғни ғылыми құндылықтары осы фактормен тығыз байланысты. Егер, осы талап тұрғысынан қарайтын болсақ, онда оқыту және білім беру туралы "ДУГ» мақалалардың 14-ін қазақ тілінде Барлыбек Сыртанов, Отыншы Әлжанов, Қорабай Жапанов, Сұлтан Аппасов, Рахымжан Дүйсенбаев, Шәкәрім Құдайбердиев сияқты XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында еңбек етіп, халқына кеңінен танымал болған зиялыларымыздың жазғандығын айтуымыз керек. Қазақ тілінде жазылған екі мақаланың авторлары әзірше белгісіз. Өйткені, олардың біреуі өз мақаласының соңына "Омбы қазағы" деп, екіншісі "Дала баласы" деп қол қойған. Ал, орыс тілінде жазылған мақалалардың біреуін Добросмыслов, екеуін белгілі миссонер А.Е. Алекторов жазған. Қалған мақалалардың авторлары көрсетілмеген.

Сонымен қатар, жоғарыда айтқанымыздай, тікелей оқу-ағарту мәселелеріне арналмағаны-мен, қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық - әлеуметтік проблемаларына қатысты басқа да мақалаларда оқыту, білім беру туралы құнды мәліметтер кездеседі. Мысалы, "ДУГ" 1896 жылғы 21 июльдегі "Алатау баласының" (Барлыбек Сыртановтың бүркеншік есімі) "Қазақ халқының қазіргі һәм ілгері күні турасынан бірнеше ойға келген сана" деген мақаласында, автор қазақ шаруасына, тұрмыс халіне, Ресейге бағынған соң болған қазақ еліндегі өзгерістерге тоқтала келе: "Ғылымның жарығының соңынан ерген халық көбейді, ақылдың қуатымен, ғылымның табысымен рахатқа батып жатыр"-деп, ғылымның пайдасы туралы айтқан [8]. Әрине, мұндай мақалаларда оқу, білім тарихының дерек көздері ретінде пайдаланылды.

Зерттеу тақырыбына сай іріктеп алынған мақалаларда XIX ғасырдың соңындағы қазақ халқы үшін оқудың, ғылым мен білімнің аса қажеттігі, қазақтар арасында оқудың керектігін терең түсініушіліктің кең өріс алуы, ғылымға деген ұмтылыстың көріністері туралы мәліметтер, Қазақстанның әр түрлі қалалары мен аудандарында ашыла бастаған мектеп-медресе салдыру арқылы балаларды оқытудың кең тарай бастағандығы, қазақ байлары арасына да осы істе демеушілік көрсетушілердің жер-жерден шыға бастағандары туралы мәліметтер, оқу-ағарту ісінің қиындықтары мен проблемалары, арап жазбасына өзгерістер енгізудің қажеттілігі туралы ұсыныстар т.б. мәліметтер бар. Міне, осыларды бір жүйеге келтіріп, деректанулық талдаудан өткізу, XIX ғасырдың соңындағы қазақтарды оқуға, білімге тарту тарихынан құнды мәлімет алуға көмектесері күмәнсіз.

Деректану ғылымының талаптарына сай мақалаларды мазмұндарына қарай сыныптау 22 мақаланың 9 ғылым мен білімнің және орысша оқудың қажеттілігін дәлелдеуге арналғандығын көрсетеді. Бұл ерекше көңіл бөлуді қажет ететін факті. Біріншіден, бұл мақалалардың газеттің негізгі мақсатына, яғни жергілікті халықты орыстандыру, дәлірек айтсақ рухани отарлау, олардың арасынан өздеріне адал қызмет ететін шенеуніктер мен мамандар даярлау саясатына сай келетіндігін дәлеледейді. Демек, "ДУГ" мұндай мақалалардың пайда болуының объективті алғышарты - отаршылдық болғандығы күмәнсіз. Екіншіден, ғылым мен білімнің керек екендігін айта отырып, оның қазақтарға орыс тілі арқылы ғана келетіндігін дәлеледеп мақала жазушылар-дың көбінің қазақтар болғандығы да факті. Бұл да уақыт ерекшелігінен туындаған объективті құбылыс. Демек, ондай мақалалардың пайда болуының тағы бір алғышарты - табиғи қажеттілік.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында халқымызға аса қажет болған ғылым мен білімнің негізінен орыс тілі арқылы ғана келуі мүмкін екендігі тарихи шындық еді. Ресей империясының қарамағына толық өткен қазақтар үшін ғылымның, өнердің оларға орыс тілі арқылы келуі заңды құбылыс болатын. Сол кездегі зиялыларымыздың Каир қаласында білім алған Ғабдулғазиз Мұсағалиев сияқты бірді-екілісі болмаса, көпшілігі Ресей қаларында оқып, білім алғандары рас.

Осы тақырыпқа қалам тартқан қазақ авторларының орыс тілін білу арқылы өз қандастарын ғылым мен білімді меңгеруге шақыруларын ешкім де өз халқын орыстандыру мақсатында жасаған деп айта алмайды. Сондықтан қазақ авторларының орыс тілін білуге шақыруларын өмірдің қажеттілігінен туындаған іс деп қарауымыз керек. Оның тағы бір дәлелі, дәл сол жылдары Абайдың:

“Адамның бір қызығы-бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім,
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім”-деп, өз балаларын орыс оқуына беруі.

Абай тек өз балаларын ғана орыс оқуына беріп қойған жоқ, өзгелерді де осыған шақырды. Ол өзінің “Жиырма бесінші сөзінде”: “Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек...Орыстың ғылыми өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйрететін, мені көріп және үйреушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазірде орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны бір жағынан бұзып жатыр. Сөйтсе де осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық... Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!”- деп, орыс оқуының пайдасын жеріне жеткізе айтқан [9, 119-120 бб.]

Абай айтқан “орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісілер» қазақ арасынан XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шыға бастады. Сол кезеңде Әлихан Бөкейханов бастап, тарих аренасына шыққан алаш зиялыларының бәрі дерлік орыс тілінде білім алғандықтарын ескерсек, бұл мәселенің бір жақты қарауға болмайтын, күрделі мәселе болғандығы айқындала түседі. Оның тағы бір дәлелі белгілі абайтанушы ғалым Тұрсын Жұртпаевтың “Егемен Қазақстан” газетінде жариялаған деректі мақаласы.

Т. Жұртпаев нақты құжаттық дерекке сүйене отырып, Абай өліміне де себеп болған дәл осы қазақтарды орыстандыру мақсатында қазақтар арасында орыс оқуын тарату болған деген болжам айтады. Ол өзінің “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған “Абай және әулиелер” деген мақаласында Абайдың қолына түскен бір құпия хат туралы айта келе: “1882 жылғы 1 низамнан басталған миссионерлік саясат 1888 жылғы 2 низамның тұсында нақтылана түсіп, 1892-1898, 1902 жылдары оны жүзеге асыратын жоспар жасалынды. Сондай хаттың бірі Абайдың да қолына түсті. Бұл хат ақынның дүниеден түңілуіне негізгі себеп болды. Абай мұны рухани қорлық деп түсінді.

Одан әрі Т. Жұртпаев құпия хаттан мынандай үзінді келтірген: “Содан кейін мына тәсілге көшу ұсынылады: барлық мектептердің мұғалімдерінен “мұғалім” деген инспектордың арнайы бекіткен куәлігін талап ету керек, ал инспекторға қазақ мұғалімдеріне куәлік беруді әдейі тыңдатып сыдыр санға салып, қасақана кешіктіру туралы алдын ала тапсырылып қойылуы тиіс. Куәліксіз сабақ берген мұғалімдер қатаң түрде заң арқылы жауапқа тартылсын. Осы тәсілмен молдалардың санын кемітіп, ол міндет ауыл старшындарына жүктелсін. Поптарға белгілі адамдар ғана мұғалімдікке алынсын. Содан кейін ретінде қарап сылтау тауып: “старшындар өзінің ақымақтығынан және істің мәнісін білмегендіктен ананы-мынаны бүлдірді – міс”, деген тағы да басқа молдалар туралы лақап таратып, ауыл мектептерінің молдаларының қолынан алып, поптың ықпалына еріп, айтқанына көнетін және үнемі қол астында жүретін адамға тапсыру керек”, деген саясат еді.

Шіркеуді қазақ өлімі мен тойына дейін араластырып, бүкіл ішкі рухын билеп, қолқасын өкпесімен қоса суырып алғысы келді. Ең қасиетті рәсімнің бірі – жаназа мен жерлеуге қол сұқты. Қилы-қилы қитұрқы насихаттар мен уағыздар жүргізді. Мұндай сұрқия әрекетті жүзеге асыру үшін діни басқарма төмендегілерге құпия түрде әлгі хат арқылы: "Өлген қазақтарды жерлеуге поп басшылық етуі тиіс, ал қазақтар өлген адамдары туралы оларға міндетті түрде хабар беруі керек. Өлік тек поп рұқсат бергеннен кейін үш күннен соң ғана жерленуі тиіс. Өлген адамның жаны әлі шыққан жоқ, тірі көмуге болмайды, ол о дүниеде жұмаққа бармайды-мыс,"- деген сылтау айту керек. Мұндай тәртіптің киргізілуін: "қазақтар кісі өлімі туралы үнемі жалған ақпар береді, ал дененің іріп,еті босағанға дейін көмілген адамның неден өлгенін анықтау мүмкін емес. Сондықтан да қазақтардың арасындағы дақпырт пен дауды болдырмау үшін өлген кісіні жерлеу кезінде міндетті түрде попқа көрсету қажет", деп нұсқау жолдады.

Ұлттың рухани тұтастығын ыдыратудың аса қауіпті әрі аяр, ұзақ жылдарға арналған жоспарын Абай өлерінен бір жыл бұрын білді. Архиерейдің нұсқауында зерттеушілер Н.М. Ядринцевпен В.В. Радловтың ұсыныстары толық ескерілді. Онда қазақ арасына орыс оқуы дендеп кірген соң: "... қазақтардың өз атынан бізге шоқындырушы уағызшы керек деген арыз ұйымдастыру керек. Бұл міндетті орындауға жіберілген адам /уағызшы/ қазақтардың барлық талаптарын орындауға, көмектесуге міндетті. Оларды өзімен бірге ерітіп жүріп бойын үйретсін, Өзімен қол беріп амандасқан қазақтардың өкіліне сый-сияпат көрсетсін, өзіне тартсын. Дінге үйір қыла берсін, сөйте жүріп: "қазақтардың дініне ешкімде қысым көрсетпейді", - деп пікір тарата берсін, ал олардың уағызға келуі және тыңдауы өздеріне пайдалы, бір-біріне қастық жасамауға, шындықпен өмір сүруге көмектеседі деп сендірсін. Қазақтарды осылайша тыныштандырып алған соң мынандай ұсыныс жасау керек: "мұның барлығын қазақтардың өзі сұрап жасаттырып еді, ол үшін милиондаған сом қаржы кетті, қазақтардың өзі уағызшы сұрап еді, ол да қанағаттан-дырылды, соның бәріне қарамастан қазақтар үкіметті алдады, сол үшін жазаға тарту керек", - деп жарлық жасау керек. Қазақтарды жазаға тарту туралы мәртебелі ағзамнан пәрмен сұралады. Пәрмен берілгеннен кейін қазақтарды жазалау үшін әскер жабдықталады және олар крестті алға ұстап жорыққа аттанады. Қазақтардың бәрінде шоқындыруға және православие дініне кіруге мәжбүр етеді. Ал бұл талапты өз еркімен орындамағандарды қырып салу керек", - деп кесімді үкім шығарылып қойған еді," - дейді Т. Жұртпаев [10].

Т. Жұртпаевтың болжамы негізсіз емес. Жүрегі "қайраң елім, қазағым" - деп соққан ақынға мұндай мазмұндағы құпия хатпен танысу, өз ұлтының келешегіне отарлаушылар тарапынан дайындалып жатқан "жоспарын" білу, олардың астыртын істердің мән-мағынасына көз жеткізу оңай әсер етпегендігі түсінікті. Екіншіден, өзінің дүниеге келген уақыты жағынан ол хаттың қазақ тіліндегі ресми басылыммен сай келуі, сол басылымның қазақтар арасында орыс оқуын енгізу туралы жазу мақсаты көтеріліп отырған ойды дәлелдей түседі.

"ДУГ" осы сала бойынша 5 мақала мектеп-медресе салу ісіне, екі мақала қыздарды оқытуға арналса, жазуға, медресе мен мұғалімдердің жағдайына, оқыту жолдарына, бала тәрбиесіне және оқу-ағарту тарихына бір-бір мақаладан арналған. Әрине, бір жағынан, қазақ қоғамы үшін аса маңызды мәселелерге газеттің 14 жылда бір немесе екі мақала ғана арнауы, сол газеттің ресми сипатта болуына байланысты болса, екінші жағынан, сол бірлі-екілі мақалалардың да пайда болуының өз алғышарттарының болғандығы түсінікті. Сондықтан, екі мақаланың пайда болу себептеріне тоқталайық.

Біріншісі, қазақша жазу мәселесіне арналған, "ДУГ" шығарушылардың бірі және газеттің белсенді авторы Рахымжан Дүйсенбаевтің "Хәріп турасының сөзі" атты мақаласы болса, екіншісі А. Алекторовтың "Ең соңғы айтылуы" атты Добромысловқа қайтарған жауабы.

Газеттің 1897 жылғы 10 нөмірінде жарияланған мақаласында Р. Дүйсенбаев: "Өзге жұрттардың әліпбиінде неше түрлі тыныстар бар, бізде о да жоқ. Қазақ тілінде әлі қиын көп кітаптар жазылмаған соң, бұлар керегі жоқ секілді көрінеді, қиын бірдеме жаза бастасаң бұл аса керек. Және де қазақ жазуында біреудің есімін құрмет тұтқаныңды көріп, басына жазуға үлкен харіп тер де жоқ", - деп жазған [11].

Қазақ тілінде жазуға байланысты мұндай мақаланың пайда болу себебі туралы зерттеуші Ү.Субханбердина: “Газет араб әрпімен қазақ тілінде және орыс тілінде қатар шығып тұрды. Араб жазуының қолайсыздығы-онда ешқандай тыныс белгілері және бас әріптің жоқтығы болатын. “Дала уалаятының газеті” шыға бастаған алғашқы жылдардағы нөмірлерінде ешбір тыныс белгісі қолданылмаған. Тыныс белгілерінің жоқтығы газеттің тілін ауырлатып, түсінігін кемітуге себеп болды”, - дейді [12, 34-35 бб].

Демек, мақаланың пайда болуының негізгі алғышарты қазақ тілінде дұрыс жаза білуге деген қажеттілік. Бұл мәселенің маңызы туралы алда айтылады. Ал, екінші мақаланың пайда болу себебі туралы А. Алекторов өз мақаласында айтқан.

“ДУГ” 1897 жылғы 5 нөмірінде жарияланған мақаласында А.Е. Алекторов: “Торғай облысындағы орыс оқуының историясы һәм оның қазіргі жайы” деген Васильевтің басып шыққан кітабы 1886 (1896 болуы керек. Жинақта қате басылған) жылғы 28 июльде шыққан қазақ газетінің 30 нөмірінде біз сол кітаптың жақсы-жаманын көрсетіп, қысқа қылып жазап едік, жарты жылдай өткен соң газеттің 15 декабрьде шыққан 50 нөмірінде Добромыслов менің жазғаныма қарсы жауап жазыпты”-дейді [13, 571 б.].

Демек, А. Алекторовтың мақаласының пайда болуының басты себебі, өзінің В.Васильев еңбегіне жазған пікіріне қарсы Добромысловтың сын мақала жазу болған. Ал, ол мақалада А.Добромыслов: “Біз ойлап едік, А.Алекторов мырза қызмет жайынан Торғай облысындағы орыс ғылым, біліміне жақын, таныс тұрған себепті һәм өзі ғылыми адам болған себепті В.Васильевтің кітабын тегістеп қарап, санаға салады ғой» - деп, А.Алекторовты кінәлай келе: “Васильевтің кітабы Торғай облысындағы орыс оқуының жайынан не заманнан бері қарай жиылған әр бір ұлықтардың бұйрығы һәм өзге қабарларын бір жерге жиюға әуелгі қылған ұмтылуы” - дейді [13, 570 б.].

Егер, А.Добромысловтың бұл айтқандарын қазіргі тарихнама ғылымының тіліне аударсақ, онда В.Васильевтің 1895 жылы жарық көрген кітабы Торғай облысындағы “орыс оқуының” тарихына қатысты пайда болған, деректерді бір жерге жинап, жүйелеуге жасалынған алғашқы әрекет. Демек, ол осы мәселенің тарихы тура жазылған тұңғыш тарихнамалық факті болып табылады. Бірақ, А.Алекторов мұндай тұжырымның шындыққа сай еместігін, Торғай облысындағы “орыс оқуының” алғаш тарихын жазған Н.И. Ильминский болғандығын ал, В.Васильевтің еңбегінің содан көшірілгендігін айтып, оған нақты дәлелдер келтіреді.

Н.И. Ильминскийдің 1891 жылы Қазан қаласында шыққан “Алтынсары ұғлы турасынан ойға келгені” атты еңбегінің Ы. Алтынсариннің өмірі мен қызметі және Торғай облысындағы мектептер ашу тарихы жан-жақты айтылған тұңғыш еңбек екендігін айта келе Алекторов: “Бұрын қаралып жазылған ескі істерді қайтадан, қарап жазған, оқушылар көніңіздер, А.Добромыслов ойлағандай онша үлкен іс емес. Ильминскийдің жазған кітабы 396 бет, В.Васильевтің жазғанынан жүз беттей артық. 1858 жылдан 1889 жылғы 17 июльге шейін жазған. Енді сұрауға рұқсат қылыңыз, бірді-жарым керексіз сөзден басқа Васильев мырза жаңадан оған не қосуға шамасы келеді, не қосты?” - дейді [14, -23 б.]. Одан әрі А.Алекторов екі автордың кітаптарының нақты беттерін бір-бірімен салыстыра отырып, В.Васильевтің еңбегінің көптеген беттерінің Н.И. Ильминский еңбегінен көшіріліп алынғандығын дәлелдейді [15].

Қазақстан тарихнамасындағы келеңсіз жағдайлардың бірі-біреудің еңбегін көшіріп алып, пайдаланып кету әрекеті осылай басталған. А. Алекторов мақаласын дерек көзі ретінде пайда болуын сынау осындай қорытынды жасауға алып келеді.

Қорытынды. Қорыта айтсақ, XIX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап шыға бастаған “ТУГ” мен “ДУГ” беттерінде басылған қазақтар арасындағы оқу, білім беру ісіне қатысты мақалалардың пайда болуын, деректану ғылымының талаптарына сай пайда болуын сынау біріншіден,олардың қазақтар тарихының жаңа жазба деректер тобын құрайтын, өзіндік ерекшеліктері бар-мерзімді басылымдарда оқу-ағарту және білім беру туралы мақалалардың пайда болу объективтілігі, сол басылымдардың пайда болу объективтілігімен және сол уақытта қалыптасқан қалыпты жағдайлармен тікелей байланысты болған. Атап айтқанда, орыс отаршылдары оқу арқылы қазақтарды рухани отарлау, оларды ұлттық негізінен айыру, мәңгі

жаулап алу мақсатын көздеуі, екіншіден ресми басылым беттерінде ұлт зиялыларының қазақ жастарын орысша оқуға шақыруы, үшіншіден ресми басылымдардың жарық көрген жинақтарына газеттердегі осы мәселелерге қатысты материалдар толық енбеген, сондықтан зерттеушілерге әлі де болса түпнұсқамен жұмыс істеуге тура келетіндігін айқындауға болады. Сол себепті де кез-келген өткен тарихымызға қатысты материалдарды, әсіресе отарлық жүйе тарапынан жарық көрген ресми басылым материалдарын пайдалануда деректанулық тұрғыдан саралау, салыстыру мен талдау жұмыстары арқылы дерек көзі ретінде пайдалану тарих ғылымы үшін аса маңызды болып қала береді. Бұл әсіресе аталған кезең бойынша зерттеу жүргізіп жүрген жас зерттеушілер назарына ұстайтын мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. (1870-1918). - Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 358 б.

2 Дала уалаятының газеті. Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902. – Алматы:Ғылым,1994. - 816 б.

3 Түркістан уалаятының газеті: әдебиет, тарих, мәдениет, саясат. 1870-1882. Жинақ. - Алматы: Ғылым, 2003. - 602 б.

4 Қазақ халқының атамұралары: мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. (Айқап, Қазақ, Алаш газеттері). – Алматы; 1999, - 833 б.

5 Шорманова А.Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстандағы оқу-ағарту және білім беру тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас). Кандид дисс. –Алматы, 2007. -124 б

6 Жақып М. "Түркістан уалаятының газеті" және орыс баспасөзі // Жұлдыз. - 1996. - №12. - 188-189 бб.

7 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газетінің тілі. – Алматы, 1971. - 332 б.

8 «Алатау баласы» / Барлыбек Сыртанов Қазақ халқының қазіргі һәм ілгері күні турасынан бірнеше ойға келген сана // ДУГ. Жинақ. Адам, Қоғам. Табиғат. – Алматы: Ғылым, 1994. - 541 б.

9 Абай. Ибрахим Құнанбаев шығармалары. - Алматы: Жазушы. – 200 б.

10 Жұртпаев Т. Абай және әулиелер // Егемен Қазақстан. - 2001. - 27 маусым.

11 Дүйсенбаев Р. Харіп турасының сөзі. Дала уалаяты газетіндегі мақалалар жинағы. – Алматы. – 1998. - 583 б.

12 Субханбердина Y. «Дала уалаятының газетіндегі» қазақ тілі, әдебиет сыны. Дала уалаятының газетіндегі мақалалар жинағы. 5-кітап. – Алматы: Ғылым, 1995. - 216 б.

13 Алекторов А. Е. Ең соңғы айтылуы. Дала уалаятының газетіндегі мақалалар жинағы. – Алматы. – 1998. - 571 б.

14. Алекторов А.Е. Очерк народного образования Тургайской области. Летопись 1744-1898 гг. – Оренбург: Типолитография П. Сачкова, 1900. – Вып. 2. – 123 с.

15 Атабаев Қ.М. "Мерзімді басылым XIX ғ. алғы мен XX ғ. басындағы Қазақстан тарихының дерек көзі". - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 192 б.

References:

1. Atabaev Q.M. Qazaq baspasözi Qazaqstan tarihynyñ derek közi. (1870–1918). - Almaty: Qazaq universiteti, 2000. - 358 b.

2. Dala ualayatynyñ gazeti. Adam, qoğam, tabiğat. 1888 j.–1902 j. – Almaty: Ğylym, 1994.- 816 b.

3. Türkistan ualayatynyñ gazeti: ädebiet, tarih, mädeniet, sayasat. 1870–1882. Jinaq. – Almaty: Ğylym, 2003. - 602 b.

4. Qazaq halqynyñ atamuralary: mazmundalğan bibliografiyalıq körsetkiş. (Aiqap, Qazaq, Alash gazetteri). – Almaty, 1999. - 833 b.

5. Shormanova A.Q. Qazaq baspasözi Qazaqstandağı oqu-ağartu jäne bilim beru tarihynyñ derek közi (XIX ğ. soñy men XX ğ. basy). Kandid dissertatsiyası. – Almaty, 2007. - 124 b.

6. Jaqyp M. "Türkistan ualayatynyñ gazeti" jäne orys baspasözi // Juldyz. - 1996. - №12. - 188–189 bb.

7. Äbilqasymov B. Alğaşqy qazaq gazetiniñ tili. – Almaty, 1971. - 332 b.

8. «Alatau balasy» / Barlybek Syrtanov Qazaq halqynyñ qazirgi häm ilgeri küni turasynan birneşe oyğa kelgen sana // DUG. Jinaq. Adam, qoğam, tabiğat. – Almaty: Ğylym, 1994. - 541 b.

9. Abai. Ibrahim Qunanbaev şyğarmalary. – Almaty: Jazushy. – 200 b.

10. Jurtpaev T. Abai jäne äulieler // Egemen Qazaqstan. - 2001. - 27 mausym.

11.Düyseñbaev R. Harip turasynyñ sözi. Dala ualayaty gazetin-degi maqalalar jinağı. – Almaty, 1998. - 583 b.

12.Subhanberdina Ü. «Dala ualayatynyñ gazetin-degi» qazaq tili, ädebiet syny. Dala ualayatynyñ gazetin-degi maqalalar jinağı. 5-kitap. – Almaty: Ğylym, 1995. - 216 b.

13.Alektorov A. E. Eñ soñğı aytylu. Dala ualayatynyñ gazetin-degi maqalalar jinağı. – Almaty, 1998. - 571 b.

14. *Alektorov A.E. Ocherk narodnogo obrazovaniya Turgayskoy oblasti. Letopis 1744-1898 gg. – Orenburg: Tipolitografiya P. Sachkova, 1900. – Vyp. 2. – 123 s.*

15. Atabaev Q.M. "Merzimdi basylym XIX ǵ. alǵy men XX ǵ. basyndary Qazaqstan tarihynyń derek kózi". - Almaty: Qazaq ýniversiteti, 1998. - 192 b.

ҒТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 03.81.37
ӘӨЖ/УДК/UDC:574 https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.028

Амангелді Құралай[1]*, *Ахмет Ташағыл*[2]

[1]*PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*
Қазақстан, Алматы.
e-mail: kurallay08@gmail.com
https://orcid.org/0009-0000-5886-6155

[2]*Профессор, доктор,Фатих Сұлтан Мехмет Вақыф университеті,*
Түркия, Ыстанбұл.
e-mail: atasagil@hotmail.com
https://orcid.org/0000-0002-1435-8877

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ РӨЛІ: «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ» МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Мақала XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тарихы бойынша негізгі дереккөздердің бірі – «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары» көптомдық жинағын деректанулық талдауға арналған. Зерттеу мақсаты – материалдардың қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуын, жер пайдалану, демографиялық жағдайын және тарихи-географиялық ерекшеліктерін сипаттаудағы рөлін айқындау. Зерттеу барысында деректанулық талдау, жүйелеу, тарихи-салыстырмалы және жалпылау әдістері кешенді пайдаланылды.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдарының» ғылыми құндылығы ондағы деректердің алуан түрлілігімен ғана емес, оларды жинаудың әдіснамалық принциптерімен де ерекшеленеді. Материалдар арнайы ұйымдастырылған статистикалық экспедициялар барысында сауалнамалар, сандық есептеулер, далалық бақылаулар, картографиялық жұмыстар барысында жиналды, бұл өз кезегінде ақпараттың жоғары жүйелілігін және салыстырмалылығын қамтамасыз етті. «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарынан» алынған мәліметтер шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қолданылғанын және қазіргі заманғы тарихи зерттеулер үшін өзекті тақырып екенін атап өту қажет.

Зерттеу барысында «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары» дереккөзін жүйелі талдау негізінде бірқатар маңызды қорытындылар жасалды. Аталған мәліметтер жинағын саралау XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы қазақ қоғамының дамуының тұрақты әлеуметтік-экономикалық және тарихи-географиялық сипатын қайта құрастыруға негіз болды. Сондай-ақ империялық білімнің қалыптасу тетіктерін тереңірек түсінуге жол ашты.

Кілт сөздер: Ресей империясы, империялық статистика, ғылыми экспедиция, жер өлшеу, отарлық басқару, қоныстандыру, қазақ қоғамы.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған AP26101427 – «Ресей империясының Түркістан өлкесіндегі ғылыми-зерттеу экспедициялары мен комиссия-лары: қызметі мен нәтижелері (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы)»

*Kuralay Amangeldi**[1], *Ahmet Tasagil*[2]

[1]*PhD candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.*
e-mail: kurallay08@gmail.com
https://orcid.org/0009-0000-5886-6155

[2]*Prof. Dr., Fatih Sultan Mehmet Vakıf University, Turkey, Istanbul.*
e-mail: atasagil@hotmail.com
https://orcid.org/0000-0002-1435-8877

THE ROLE OF THE RUSSIAN EMPIRE'S STATISTICAL EXPEDITIONS IN FORMING THE SOURCE BASE FOR THE HISTORY OF KAZAKHSTAN: THE CASE OF THE «MATERIALS IN KYRGYZ LAND USE»

Abstract

This article presents a source-critical analysis of the multi-volume collection “Materials on Kyrgyz Land Use”, one of the most important primary sources for the study of Kazakh society in the late XIX – early XX centuries. The aim of the research is to determine the significance of these materials for understanding the socio-economic development of the Kazakh population, patterns of land use, demographic conditions, and the historical and geographical characteristics of the region. The study employs a combination of source criticism, systematization, comparative historical analysis, and generalization methods.

The scholarly value of “Materials on Kyrgyz Land Use” lies not only in the diversity of the information it contains but also in the methodological principles underlying its compilation. The materials were collected during specially organized statistical expeditions through questionnaires, quantitative calculations, field observations, and a cartographic surveys, which ensured a high degree of systematicity and comparability of the data. It should be noted that the information contained in “Materials on Kyrgyz Land Use” has been widely utilized by both domestic and international scholars and remains highly relevant for contemporary historical research.

The comprehensive analysis of “Materials on Kyrgyz Land Use” has led to several important conclusions. Examination of this body of data makes it possible to reconstruct the stable socio-economic and historical-geographical characteristics of the development of Kazakh society in the late XIX – early XX centuries. Furthermore, the source provides valuable insights into the mechanisms through which imperial knowledge was produced and institutionalized.

Keywords: Russian Empire, imperial statistics, scientific expedition, land surveying, colonial governance, resettlement policy.

Acknowledgements **:** This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP26101427 - Scientific Expeditions and Commissions of the Russian Empire in Turkestan: Activities and Outcomes (end of the 19th - beginning of the 20th century))

Амангелди К. *[1], *Ахмет Ташагыл* [2]

[1]*PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы.*
e-mail: kurallay08@gmail.com
https://orcid.org/0009-0000-5886-6155

[2]*Профессор, доктор наук, Университет Фатиха Султана Мехмета Вакыф, Турция, Стамбул.*
e-mail: atasagil@hotmail.com
https://orcid.org/0000-0002-1435-8877

РОЛЬ СТАТИСТИЧЕСКИХ ЭКСПЕДИЦИЙ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОЧНИКОВОЙ БАЗЫ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: НА ПРИМЕРЕ «МАТЕРИАЛОВ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ»

Аннотация

Статья посвящена источниковедческому анализу многотомного сборника «Материалы по киргизскому землепользованию», являющегося одним из важнейших источников по истории казахского общества конца XIX – начала XX века. Цель исследования заключается в определении роли данного комплекса материалов в изучении социально-экономического развития казахского населения, особенностей землепользования, демографической ситуации и историко-географических характеристик региона. В ходе исследования комплексно использовались методы источниковедческого анализа, систематизации, историко-сравнительный метод и метод обобщения.

Научная ценность «Материалов по киргизскому землепользованию» определяется не только разнообразием содержащихся в них сведений, но и методологическими принципами их сбора. Материалы были получены в ходе специально организованных статистических экспедиций посредством анкетирования, количественных подсчетов, полевых наблюдений и картографических работ, что обеспечило высокую степень системности и сопоставимости собранной информации. Следует отметить, что сведения, содержащиеся в «Материалах по киргизскому землепользованию», широко использовались как отечественными, так и зарубежными исследователями и сохраняют свою актуальность для современных исторических исследований.

В результате комплексного анализа источника «Материалы по киргизскому землепользованию» был сделан ряд важных выводов. Изучение данного массива данных позволило реконструировать устойчивые социально-экономические и историко-географические характеристики развития казахского общества конца XIX – начала XX века, а также способствовало более глубокому пониманию механизмов формирования имперского знания.

Ключевые слова: Российская империя, имперская статистика, научная экспедиция, землеустройство, колониальное управление, переселенческая политика.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации научно-исследовательского проекта по гранту Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP26101427 – «Научно-исследовательские экспедиции и комиссии Российской империи в Туркестанском крае: деятельность и результаты (конец XIX – начало XX века)»

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресейдің Қазақстанды отарлау процесі патша үкіметі жүргізген әкімшілік реформалар нәтижесінде қазақ халқының саяси тәуелсіздігінің жойылуына әкелген жаңа кезеңге бет бұрды. Осы реформалармен қатар, әкімшілік билік «артық» деп танылған қазақ жерлерін қоныс аударушылар мүддесіне берудің ғылыми негізделген шаралары жүргізілді. Отарлау саясаты аясындағы ғылыми ізденістер Ақмола, Семей, Орал-Торғай, Жетісу облыстары аумағын кеңінен қамтыды. Аталған өңірлерден

жиналған деректер кейіннен «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» деген атаумен жарық көрді [1, 10-б.]. Бұл дереккөздер жинағын талдау – Қазақстанды отарлау тарихының ең маңызды айғағы ретінде ұлттық тарихтың әлі жеткілікті зерттелмеген қырларын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Қазақстан аумағында бұл статистикалық экспедициялардың қызметіне дейін мұндай ауқымды, жан-жақты ғылыми зерттеу жұмыстары бұрын соңды жүргізілмеген [2, 4-б.]. Көптеген зерттеушілер статистикалық экспедициялардың хронологиялық шеңберіндегі айырмашылықтарға қарамастан, оларды ғылыми зерттеу жұмыстарының біртұтас кешені ретінде қарастырады. Ғылыми экспедициялар нәтижесінде 1898 және 1915 жылдар аралығын қамтитын 27 томнан тұратын «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» атты көптомдық жинағы жарық көрді.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» Ф. Щербина бастаған экспедиция материалдарының 13 томынан, П. Скрыплев экспедициясымен жинақталған 7 томнан және П.Хворостанский экспедициясы дайындаған 7 томнан тұрады. Аталған жинақтар Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Сырдария облыстары және қазіргі Өзбекстанның құрамындағы Ферғана және Наманған облыстарын қамтыған ауқымды зерттеу нәтижесі болды.

Жекелеген жинақ томдары хронологиялық ауқымы жағынан да, аумақтық қамтуы бойынша да бір-бірінен ерекшеленеді. Ф. Щербина экспедициясы 1896-1903 жылдары Ақмола, Семей, Торғай, П. Скрыплев экспедициясы 1906-1913 жылдары Сырдария, 1904-1912 жылдары П.Хворостанский экспедициясы Торғай және Орал облыстарын қамтыды. Аталған дереккөздердің басты ерекшелігі – жиналған материалдардың барлығы бір уақытта емес, әр уақытта жарық көруі. Бұл өз кезегінде зерттеу жұмыстарының ұзақтығы мен кезеңділігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық негізін 1898-1915 жылдар аралығында жарық көрген «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» жинағында жарияланған мәліметтер құрайды. Бұл көптомдық дереккөз Ресей үкіметінің Қазақстан территориясында ұйымдастырған статистикалық жобаларының нәтижесі болды.

Зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің мәліметтері кеңінен пайдаланылды: № 362 «Сырдария облысының мемлекеттік мүлік басқармасы», № 33 «Сырдария облысы бойынша қоныс аудару істері басқармасының меңгерушісі», № 8 «Ақмола, Семей, Жетісу облыстары бойынша мемлекеттік мүлікті басқару (Ауыл шаруашылығы және мемлекеттік мүлік министрлігі)», № 501 «Ақмола-Семей егіншілік және мемлекеттік мүлік басқармасы», № 317 «Ақмола уезі бойынша қоныс аудару істері бөлімінің меңгерушісі», № 469 «Семей уезі бойынша қоныстандыру істері бөлімінің меңгерушісі», № 457 «Торғай-Орал ауданының Ақтөбе уездік қоныстандыру басқармасы», № 184 «Сырдария облысы Әулиеата уезі бойынша қоныс аудару бөлімінің меңгерушісі», № 479 «Павлодар уезі қоныс аудару басқармасы», № 643 «Петропавл уездік қоныс аудару басқармасы», № 454 «Сырдария облысы Шымкент уезі бойынша қоныс аудару ісінің меңгерушісі», № 29 «Торғай-Орал ауданының қоныс аудару басқармасы», № 25 «Торғай облыстық басқармасы» [3].

Ақмола, Семей, Торғай облыстарында жүргізілген табиғи-тарихи зерттеулерге қатысты құнды құжаттар № 8, № 501, № 317, № 469, № 479 және № 643 қорларында жинақталған. Аталған қорлардағы дереккөздер далалық аймақтардың тарихи даму динамикасы, демографиялық жағдайы, этнографиялық құрылымы, ботаникалық ерекшеліктері туралы мәліметтерді жүйелі талдауға мүмкіндік береді.

Одан бөлек бұл қорларда Ф.А. Щербина басқарған ғылыми экспедицияның құрамы, міндеттері, материалдық қамтамасыз етілуі туралы қосымша деректер сақталған.

2.2 Зерттеудің әдіснамалық негізін Қазақстан Республикасы архивінің құжаттар кешені, көптомдық экспедициялар жинақтары және отаршыл әкімшіліктің қызметіне қатысты жарияланған статистикалық, этнографиялық материалдарды жүйелі түрде талдау құрайды.

Біріншіден, жүйелілік принципі коммуникациялық және әкімшілік-басқару қызметтерінің ішкі сатылық құрылымын, олардың қызмет ету логикасын, әлеуметтік-мәдени жіктеу мен аймақтық ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу міндеттерін орындау үшін жалпы құрылымдық-жүйелі көзқарас, жалпылау, синтез, интерпретация және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Ресей империясының тапсырысымен жүргізілген экспедициялардың негізгі мақсаты қазақ өлкесін отарлау болғанына қарамастан, олар жинақтаған материалдар Қазақстан тарихын зерттеу мәселесінде құнды дереккөз болып табылады.

Ф.А. Щербина экспедициясы өзінің зерттеу жұмыстарын сызбалық бағдарлама құрудан және Дала өлкесіне қатысты энциклопедиялармен танысудан бастап, дала өлкесінің есептерін, санақ комитетінің құжаттарын пайдаланды. Алдын ала бақылау барысында жиналған әдістемелік тәсілдер негізінде экспедицияның бағдарламасы жетілдіріліп, қайта жасалды. Экспедиция бағдарламасын Ф. Щербинаның өзі дайындады. Бағдарлама 17 тарау мен 93 шағын бөлімнен тұрды. Атап көрсетсек:

1. Рулық негізі
2. Шаруашылық ауылдарының тарихы
3. Жерді пайдалану түрлері
4. Мал шаруашылығы
5. Бидай жинау
6. Жер өңдеу
7. Бау-бақша шаруашылығы
8. Орман және тоғайлы жерлер
9. Жерді жалға алу
10. Өнеркәсіп және жалақы
11. Салықтар және міндеткерліктер
12. Қырғыз отбасыларының ерекшеліктері
13. Жалпы шаруашылық істері
14. Сауда
15. Несие
16. Халық қажеттіліктері
17. Табиғи-климаттық жағдай [4, 3-б.].

Ф.А. Щербина қолданған әдіс кейінгі статистер жүргізген зерттеу бағдарламаларына іргетас болды.

Деректің бейтараптылығы мен сенімділігіне кері әсер ететін факторлардың да болғанын айта кету қажет. Ф.А. Щербина өз зерттеуі барысында кездескен қиындықтар туралы былай көрсетеді:

1. Аумақтың көлемділігіне байланысты бір жерден екінші жерге бару үшін күш пен уақыт жұмсалды;
2. Зерттеушілердің қазақ тілін білмеуі үшінші тұлға – тілмашты қажет етті;
3. Зерттелетін аймақтың беймәлімдігі.

Әрбір фактор өз кезегінде жұмыстың өнімділігін азайтып, оның мерзімінен бұрын аяқталуына кедергі келтірді [5, 2-б.].

Аталған деректің әрбір томының құрылымында мәтін, кесте (статистикалық), карта кездеседі. Дегенмен, томдардың мәтіні біріңғай жоспар негізінде дайындалғанына қарамастан, олар бір-бірінен құрылымдық жағынан ерекшеленеді. Мұнда әрбір уездің сипаттамасы, аумағы, табиғи ерекшеліктері, рулардың орналасу мен көшіп-қону аумағы, уез шаруашылығы және олардың басқа уездерден айырмашылығы көрсетілген. Сонымен қатар жер пайдалану формалары, жерді иелену үлгілері, мал шаруашылығы мен егіншілік, қолөнер, жерді жалға алу және уез тарихы туралы мәліметтер кездеседі.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» шығу тегі бойынша жазба дереккөздердің ерекше түрін құрайды. Себебі дереккөздің жарыққа шығуына жекелеген тұлға емес, білікті зерттеушілер тобы әрекет етті.

«ҚЖПМ» құрамына білікті статисттер, агрономдар, тіркеушілер, топографтар, гидрогеологтар мен ботаниктер кірген статистикалық партиялар және зерттеу экспедицияларымен құрастырылды. Бұл мамандар арнайы тәсілдер арқылы мәліметтерді жинаумен қатар, оларды жүйелеп, көптомдық жинақ етіп басып шығарды.


Картографиялық дереккөздерді пайдалану – тарихи-географиялық мәліметтерді анықтау, жинақтау және құрылымдық талдау жасауда маңызды рөл атқарды. Негізгі материалдарға қолжазба және баспа карталар, сызбалар мен олардың түсіндірме сипаттамалары жатады.

«ҚЖПМ» дереккөзінің 2-ші томы кестелерден тұрады. Зерттеліп отырған уездердің өзіндік ерекшеліктері болған жағдайда кестелер толықтырылып отырды.

Қазақстанның физикалық географиясы, елді мекендері, халқының қоныстануы, көші-қон үдерісі, экономикалық даму және саяси-әкімшілік құрылымы туралы құнды мәліметтер XIX–XX ғасырлардағы картографиялық дереккөздерде кеңінен сипатталады. Аталған кезеңнің карталары астрономиялық тірек пункттерін қолдану арқылы геодезиялық түсірілімдер нәтижесінде жасалған. Сондай-ақ градустық тормен және дүниенің төрт бағытын қамтитын масштабпен бағдарланған. Дегенмен, олардың мазмұнындағы кейбір мәліметтердің әлі де сыннан өтпеген дереккөздер есебінен дайындалғанын атап өту қажет.

Қазақстан аумағындағы картографиялық жұмыстардың жандануы сол уақытта өлкедегі экспедициялық зерттеулердің ауқымының кеңеюімен байланысты болды. Аталған көптомдық мәліметтерін өңдеу нәтижесінде уездік шектер мен жайылымдардың формалары көрсетілген «Қырғыздардың жер пайдалануы және жайылымдық аудандар» атты арнайы карта әзірленді. Атап айтқанда, Ақмола статистикалық партиясы және аға топограф Славецкийдің жетекшілігімен дайындалған Ақмола уезіндегі қазақтардың жер пайдалану картасы. Бұл картографиялық материал 1 ағылшын дюйміне 15 верста сәйкес келетін масштабта жасалған.

Қазақстан аумағына рулардың қоныстануы бойынша әзірленген карталар да өзіндік деректанулық құндылыққа ие.



№ 1. Сырдария облысы Шымкент уезінің картасы // «Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области - Чимкентский уезд» - Т. 1. – П. Скрыплев. Ред. - Ташкент, 1908. – 643 б.

Зерттеу нәтижесінде «ҚЖПМ» томдарының әр бөлімі өзіндік әдіснамалық тәсілдермен ерекшеленетіні айқындалды. Олардың бір мүддеге қызмет еткеніне қарамастан, сол кезеңдегі қазақ қоғамының тарихын зерттеуде маңызды дереккөз болып қала бермек.

«ҚЖПМ» арнайы экспедициялардың қазақ қоғамын жан-жақты зерттеуі нәтижесінде жарық көрді. Сондықтан ең алдымен дереккөздің жарыққа шығуына себеп болған ғылыми экспедициялардың мақсаттарын және олар пайдаланған әдіс-тәсілдерді талдау қажет.

Қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамын зерттеуші С.Е. Толыбеков экспедицияның құнды материалдарын пайдаланып, оған жоғары бағасын берді. Дегенмен автор патша өкіметінің отаршылдық сипатын ашық жазады: «Бұл экспедициялар қазақ жерін пайдаланудың негіздері мен нысандарын нақтылауға, орташа шаруашылықтың өмір сүруіне қажетті экономикалық жағдайларға талдау жасап, әрбір қазақ қожалығының жер көлемінің нормасын анықтауға тиіс

еді» деп, зерттеу жұмыстарының қоныс аударушылар пайдасына жерлерді тартып алу мақсатында жүргізілгенін жасырмайды [6, 56-б.].

Ғылыми әдебиетте патша үкіметінің отарлау саясатының шынайы мазмұны әлі де жеткілікті түрде қарастырылмаған. Енді осы сұрақтарға талдау жасауға тырысамыз.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде патша үкіметі жүргізген қоныстандыру саясатының астары кеңінен ашылады. Олардың зерттеулерінде патшалық биліктің аймақты бағындыру, ел тұтастығын бұзу, орыстандыру саясатын жүзеге асыру, қазақ жерлерін шикізат көзіне айналдыруға бағытталған іс-әрекеттері жан-жақты сараланған. Қазақстанды отарлау Ресейдің басты мақсаты болды, бірақ ол аймақтардың географиялық ерекшеліктерін, халық тығыздығын, халықтың отарлаушыларға қарсы тұру мүмкіндіктерін ескере отырып қазақ жерінің әр өңірінде түрлі жолмен жүзеге асырылды. Соған сәйкес, отарлаудың әдістері де түрлі болды.

Шын мәнінде «ҚЖПМ» Ресейдің отарлау саясатының жемісі еді. Арнайы ұйымдастырылған экспедициялар жергілікті халықтың кәсібін зерттеуді, империялық билік айқындаған бос жатқан жерлерді анықтауды және оларды қоныстанушыларға беруді көздеді. Патша үкіметі осындай әдіспен қазақтардың ұлан-ғайыр жерін отарлауды және қоныс аудару мәселесін шешуді қалады.

Ресейдегі аграрлық мәселедегі қайшылықтар және шаруалар қозғалысының күшеюі патша үкіметінің қоныс аудару мәселесін шұғыл шешуге итермеледі. Осыған орай, XIX ғасырдың 70-80 жылдары Орталық Ресейдегі шаруаларды қоныс аудару қарқынды түрде жүргізілді. Зерттеушілердің пайымдауынша, империяның ішкі губернияларындағы жер тапшылығы мәселелерін Ресейдің еуропалық бөлігіндегі халықтарды шеткі аймақтарға қоныс аударту арқылы реттеу жоспарланды. Осы кезеңде Қазақстан шаруа-қоныс аударушылармен белсенді қоныстанған аймақ болды.

1891 жылы 25 наурызда «Дала облыстарын басқару» туралы ереже қабылданған соң қазақ жерлерін отарлау жаңа деңгейге өтті. Ережедегі 119, 120-баптар бойынша көшпелілер қоныстанған аумақтар, жер байлықтары, ормандар және тоғайлар мемлекет меншігі болып саналды. Дегенмен Ресей үкіметі шаруашылық дәстүрлерді ескере отырып, осы баптар негізінде жерлер көшпелілерге мерзімсіз пайдалануға берілетінін көрсетті [7, 396-б.].

Осылайша, қазақ жері Ресей мемлекетінің меншігі ретінде танылып, қазақтардың өзі жерді жалға пайдаланушы жағдайына түсті. 120-бапқа берілген бірінші толықтыруда: «Көшпелілер жерінің ықтимал артық бөліктері Мемлекеттік мүлік министрлігінің қарамағына өтеді» деп көрсетілді. Аталған ереже ресми түрде күшіне енгеннен кейін қазақ жерлерін отарлау үдерісі жүйелі түрде жүргізілді: әрбір қазақ шаруашылығына тиесілі жер мөлшері белгіленіп, жердің «артық» бөліктері негізінде қоныс аудару қоры құрылды. Осы қор арқылы Ресейдің орталық өңірлерінен қоныс аударған шаруаларға жер қайта бөлініп берілді.

Патша үкіметі отарлауды ұлғайту мақсатымен орыс шаруаларын шет аймақтарға, соның ішінде қазақ жеріне қоныстандыруға ерекше мән берді. Осы мақсаттар негізінде бірнеше саяси институттар құрылды. Қоныс аудару істерін реттеуге Сыртқы істер министрлігі жанынан қоныс аудару жөніндегі бас басқарма құрылды.

1896 жылы Ф.А. Щербина жетекшілігімен ұйымдастырылған экспедиция – осы жоспардың алғашқы жемісі. Экспедиция алдына қойылған міндет – орыс шаруалары үшін «артық» жерді анықтау және оларға бөліп беру болды [5, 1-б.].

Аталған міндеттерді орындау барысында көшпелі қазақ қоғамының шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін зерделеу және халық бұқарасын ауылдық қауымдастықтарға жіктеу арқылы дәстүрлі өндіріс жүйесін топтастыру мәселелері алға шықты. Жүргізілетін шаралар барысында әр шаруашылық бойынша төрт түліктің санын анықтау, аймақтың табиғи-ландшафтық және этнографиялық өзіндік сипатын тарихи тұрғыдан қарастыру басты міндеттер қатарына енді [1, 59-б.].

Ф.А. Щербина бастаған экспедицияның мақсаты қоныс аударушыларға арналған «артық жерді» анықтау болғанын автордың мына сөздерінен көруге болады: «Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігі 1895 жылы Сібір далалық облыстарында қоныс аудару учаскелерін

ұйымдастыру үшін бұл аймақтарда шаруашылық-статистикалық және табиғи-тарихи зерттеулерді ұйымдастыруды қажет деп тапты...» [5, 3-б.].

Зерттеуші Т.П. Волкова «Қырғыздардың жер пайдалану материалдары...» жинағындағы мәліметтерге алғаш ғылыми талдау жасаған статист П.П. Румянцев екенін жазады [2, 4-б.]. Ол өзінің «Киргизский народ в прошлом и настоящем» атты зерттеуінде Ф.А. Щербина экспедициясы жинаған материалдардың құндылығына жоғары баға берді және ол қолданған зерттеу әдіснамасымен толық келісетінін көрсетеді [8].

Іс жүзінде экспедицияның қалыптасуында және «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарының...» жариялануына бастау болған және оның әдіснамалық негіздерін әзірлеуде статистмаман А. Кауфман үлкен үлес қосты. Статист Ақмола, Семей, Орал-Торғай, Сырдария облыстарына қызметтік сапарлары кезінде Ф. Щербина, П. Скрыплев, П. Хворостанский жетекшілік еткен зерттеу ізденістерінің бағыт-бағдарын айқындап берді [9]. А. Кауфман өз «есептерінде» Ф.А. Щербина экспедициясының әдістерін зерделеп, кейінірек «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарының...» мәліметтерін орыс шаруаларының шаруашылығын зерттеуде пайдаланды [10].

Қазақ жерін отарлау экспедицияларына қатысқан I Мемлекеттік Думаның депутаты Т.И. Седельниковтың ғылыми зерттеу шаралары туралы пікірлері ерекше маңызды. Ол экспедиция мүшесі бола тұра, «артық жерлерді» анықтау және қоныстандыру саясатының қазақ халқы мүддесіне және әлеуметтік-экономикалық процестерге қайшы келетінін өз еңбектерінде көрсетуге тырысады: «Такимъ авторитетнымъ изслѣдователямъ» и «знатокамъ» степи, какъ Ф.А. Щербина*) и А.А. Кауфманъ, работавшимъ по организаціи совершенно незаконнаго отобранія киргизскихъ земель подъ переселенческіе участки, весьма удобно и выгодно было отыгрываться на признаній «своебразныхъ условій кочевого быта» въ тѣхъ случаяхъ, когда они лицомъ къ лицу сталкиваются съ нуждами и потребностями самихъ киргизовъ, какъ осѣдлыхъ-земледѣльцевъ, иначе имъ пришлось-бы, пріостановивши казенную колонизацію степи, выгодную съ недавнихъ поръ «истино-русскимъ землевладѣльцамъ», заняться сложнымъ» [11, 5-б.].

«ҚЖПМ» дерегі патша үкіметінің қазақ даласын отарлау мақсатымен жүргізген зерттеулерінде маңызды әдіснамалық және анықтамалық құрал ретінде пайдаланылды. Ә. Бөкейхан, Т.Шонанұлы сияқты ұлттық интеллигенция өкілдерінің еңбектерінде қазақ жеріне қоныстандыру, көшпелілердің жер мәселелері отаршылдық, қанау саясаты ретінде көрініс тапқан.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары» кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдары зерттеу жұмыстарында мүлде қолданылмады. Себебі бұл дерек кеңестік тарихнамада теріс бағасын алып, В.И. Ленин атап өткен «орташа» есептеулер себебінен де ондағы мәліметтерге күдік туындады.

Тек соғыстың соңғы жылдары, 1945 жылдан бастап «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарына» қайта ғылыми қызығушылық байқалды. Аталған кезеңнің ізденушілері ең алдымен оларды патша үкіметінің аграрлық-отарлық бағытын, қазақ халқының шаруашылық-тұрмыстық және жер қатынастарының мәселелерін сараптау ісінде басшылыққа алды. Осындай авторлардың ішінде О.А. Ваганованы, Е. Бекмахановты, Б. Сулейменовты, А.Б. Турсунбаеваны, Л.М. Ауэзованы, Т.К. Литвинованы, К.М. Туманшинаны, С.А. Сундетовты, А.Б. Галлерді атауға болады.

В.С. Черников экспедиция жинаған материалдардың мазмұнындағы мал шаруашылығына қатысты мәліметтердің объективтілігін негіздеуге тырысты. Н.В. Алексеенко дереккөздердегі демографияға қатысты мәліметтерді басқа статистикалық зерттеулермен салыстырып, оның шынайылық деңгейін анықтауға ұмтылды [12, 55-б.].

Э. Масановтың 1966 жылы жарық көрген «Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР» атты тарихнамалық еңбегінде қазақ халқының этнографиялық тарихын зерттеу жүйеленіп, едәуір көлемде фактологиялық материалдар ғылыми айналымға енгізілді [13]. Автордың аталған еңбегінде Ф.А. Щербина, П.А. Скрыплев, В. Кузнецов,

П.А. Хворостанский, П.П. Румянцев және В. Переплетчиков жетекшілік еткен экспедициялар туралы жалпы мәліметтер келтірілген. Э. Масанов экспедиция нәтижесінде жарық көрген еңбектерге, олардың мазмұнындағы этнографиялық мәліметтерге жалпы сипаттама беріп, ғылыми зерттеу жұмыстарының отаршылдық мақсатта жүргізілгенін баса айтады. Дегенмен, статистикалық материалдардың ғылыми құндылығын жоққа шығармайды.

Т.П. Волкова Ф.А. Щербина экспедициясы нәтижесінде жинақталған материалдарға толыққанды деректанулық талдау жасаған алғашқы зерттеушілердің бірі [14, 172-б.]. Оның Ф. А. Щербина жетекшілігімен ұйымдастырылған экспедиция құрамын талдауға, [15, 52-б.] зерттеу жұмыстарына қолданылған бюджеттік статистиканы есептеу әдістеріне арнаған бірқатар маңызды ғылыми мақалалары жарияланды.

Г.А. Ерменбетова «Материалы экспедиции В. Кузнецова в исследовании земельных отношений в казахском ауле начала XX века» атты өзінің кандидаттық диссертациясында корреляциялық талдау әдісін қолдану арқылы В. Кузнецов экспедицияларының көрсеткіштерін өзара салыстырып, деректердің объективтілігін тексерді [16]. Аталған экспедиция материалдарын Ф.М. Мийманбаева да өз зерттеулерінде пайдаланып, дереккөз мазмұнын жоғары деңгейде бағалады [17, 771-б.].

П. Скрыплев, П. Хворостанский, А. Переплетчиков жетекшіліктерімен ұйымдастырылған экспедициялардың да кешенді талдауды қажет ететін, өзекті зерттеу нысандары екенін атап өткен жөн.

Зерттеуімізде шетелдік ғалымдар интерпретациясы, соның ішінде Ресей империясының шекаралас аймақтарының тарихын зерттеуші маман Ян Кэмпбэллдің еңбектері ерекше қызығушылық тудырады. Автордың 2017 жылы жарық көрген «Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe» монографиясында 1731–1917 жж. патша үкіметінің Қазақ өлкесінде жүргізілген отарлық мақсаттағы саясаты қарсылықтарға қарамастан прогрессивті сипатқа ие болды және уақыт өте келе күшейді деген мағынаға саяды. Я. Кэмпбэлл далалық өлкелерді империя құрамына қосудың алғашқы кезеңдерінде Ресей әкімшілігінің қазақ өлкесін басқару туралы нақты стратегиясы, өлкенің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері туралы білімі болмағанын атап өтеді. Дегенмен, әкімшілік және ғылыми тәжірибе жинақтау барысында отарлық басқару және далалық кеңістікті игерудің тұрақты концептуалдық және танымдық үлгілері біртіндеп қалыптасты [18, 30-б.]. Нәтижесінде автор 1860 жылдардағы реформалар қарсаңында аймақтың әкімшілік құрылымы туралы біржақты көзқарастың болмауы қарсылық жағдайды тудырды деп көрсетеді.

Қорытынды. Экспедиция және статистикалық партиялармен жинақталған материалдардан қазақ этносы тарихы жөнінде маңызды мәліметтер алуға болады:

- тарихы және этнографиясы;
- географиясы және климаты;
- экономикасы және шаруашылығы;
- халқының құрылымы мен саны;
- әлеуметтік және ру-тайпалық құрылымы;
- елді мекендердің топографиясы мен атаулары;
- ру-тайпалардың шежіресі және қоныстану аймағы;
- қазақ жерлерінің отарлануы;

Дереккөздердің маңыздылығын және ерекшеліктерін ескере отырып, мынадай тұжырым жасаймыз:

1. Қазақстан аумағында зерттеу жұмыстары ауқымының кеңеюі (Ақмола, Семей, Торғай және Сырдария) өлке тарихының жан-жақты зерделенуіне негіз болды;

2. Қазақстан аумағында зерттеу аяқталмай, барлық материалдар жүйеленіп, өз уақытында жарияланды. Бұл деректің сенімділігін арттырады.

3. Дереккөзді әзірлеген және кітап түріндегі басылымға дайындаған зерттеушілер (Ф. Щербина, А. Бөкейхан, Л. Чермак, П. Скрыплев, В. Хворостанский) жоғары білімді мамандар болды, бұл дереккөздің сенімділігіне ықпал етті.

4. «ҚЖПМ» материалдары қайта басылып шығарылмады және бізге түпнұсқа күйінде жетті.

5. «ҚЖПМ» мазмұны ру-тайпалық құрылымдарға байланысты құнды статистикалық мәліметтермен қамтылған.

Қазақ интеллигенциясының өкілі Ә. Бөкейхан «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарын» жинақтауға атсалысып, қазақ қоғамының ру-тайпалық құрылымын зерттеуге маңызды үлес қосты.

«Қырғыздардың жер пайдалану материалдары» XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеуде өзіндік ерекшелігі бар тарихи дереккөз деп санауға негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тасилова Н.А. «Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию…» как источник по истории Казахстана (конец XIX – начало XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 150 с.

2. Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные по исследованию степных областей: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Москва, 1982. – 17 с.

3. ҚР МА. 29-қ., 1-т., 13-іс. – 65-п.

4. Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области. Чимкентский уезд. Т. 1. – Ташкент, 1908. – 643 с.

5. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей / под ред. Ф.А. Щербины. Акмолинская область. Кокчетавский уезд. Т. 1. – Воронеж, 1898.

6. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII–XIX вв. – Алма-Ата, 1959. – 110 с.

7. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1960. – 440 с.

8. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – СПб.: Переселенческое управление, 1909. – 66 с.

9. Кауфман А.А. Материалы по вопросу об организации работ по образованию переселенческих участков в степных областях. – СПб., 1897. – 149 с.

10. Кауфман А.А. Русская община в процессе ее зарождения и роста. – Москва, 1908.

11. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи (киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства). – СПб.: Дело, 1907. – 79 с.

12. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав. 1870–1914 гг.). – Алма-Ата, 1981. – 155 с.

13. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1966. – 322 с.

14. Волкова Т.П. К изучению и использованию данных дореволюционной бюджетной статистики казахских хозяйств // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 171–197.

15. Петрова Т.П. К вопросу о составе экспедиции Ф.А. Щербины по исследованию степных областей Казахстана // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1980. – № 4. – С. 50–55.

16. Ерменбетова Г.Ә. XX ғасырдың басындағы қазақ ауылындағы жер қатынасын зерттеуде В. Кузнецов экспедициясының материалдары: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. – 31 б.

17. Мийманбаева Ф.Н., Команджаев А.Н., Команджаев Е.А. Правовые основы землевладения и землепользования переселенцев в Семиречье в конце XIX – начале XX в. // Oriental Studies. – 2019. – Т. 12. – № 5. – С. 771–786.

18. Campbell I.W. Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731–1917. – Ithaca; London, 2017. – 288 p.

References

1. Tasilova N.A. «Materialy po kirgizskomu (kazakhskomu) zemlepolzovaniyu...» kak istochnik po istorii Kazakhstana (konets XIX – nachalo XX vekov) ["Materials on Kirgiz (Kazakh) Land Use" as a Source for the History of Kazakhstan (Late 19th – Early 20th Centuries)]. Almaty: Kazakh University, 2017. 150 p. (In Russ.).

2. Volkova T.P. Materialy po kirgizskomu (kazakhskomu) zemlepolzovaniyu, sobrannye i razrabotannye po issledovaniyu stepnykh oblastei [Materials on Kirgiz (Kazakh) Land Use Collected during the Study of the Steppe Regions]. Abstract of PhD diss. Moscow, 1982. 17 p. (In Russ.).

3. QR MA. 29-q., 1-t., 13-is. – 65 p.

4. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu v Syr-Darinskoi oblasti. Chimkentskii uezd [Materials on Kirgiz Land Use in the Syr-Darya Region. Chimkent Uezd]. Vol. 1. Tashkent, 1908. 643 p. (In Russ.).

5. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei [Materials on Kirgiz Land Use Collected and Compiled by the Expedition for the Study of the Steppe Regions]. Vol. 1. Akmolinskaya oblast, Kokchetavskii uezd. Voronezh, 1898. (In Russ.).

6. Tolybekov S.E. Obshchestvenno-ekonomicheskii stroi kazakhov v XVII–XIX vv. [The Socio-Economic System of the Kazakhs in the 17th–19th Centuries]. Alma-Ata, 1959. 110 p. (In Russ.).

7. Materialy po istorii politicheskogo stroya Kazakhstana [Materials on the History of the Political System of Kazakhstan]. Vol. 1. Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1960. 440 p. (In Russ.).

8. Rumiantsev P.P. Kirgizskii narod v proshlom i nastoyashchem [The Kirgiz People in the Past and Present]. St. Petersburg: Resettlement Administration, 1909. 66 p. (In Russ.).

9. Kaufman A.A. Materialy po voprosu ob organizatsii rabot po obrazovaniyu pereselencheskikh uchastkov v stepnykh oblastyakh [Materials on the Organization of Works on the Formation of Resettlement Plots in the Steppe Regions]. St. Petersburg, 1897. 149 p. (In Russ.).

10. Kaufman A.A. Russkaya obshchina v protsesse ee zarozhdeniya i rosta [The Russian Commune in the Process of Its Formation and Growth]. Moscow, 1908. (In Russ.).

11. Sedelnikov T. Borba za zemlyu v kirgizskoi stepi (kirgizskii zemelnyi vopros i kolonizatsionnaya politika pravitelstva) [The Struggle for Land in the Kirgiz Steppe (The Kirgiz Land Question and Government Colonization Policy)]. St. Petersburg: Delo, 1907. 79 p. (In Russ.).

12. Alekseenko N.V. Naselenie dorevolyutsionnogo Kazakhstana (chislennost', razmeshchenie, sostav. 1870–1914 gg.) [Population of Pre-Revolutionary Kazakhstan (Size, Distribution, Composition, 1870–1914)]. Alma-Ata, 1981. 155 p. (In Russ.).

13. Masanov E.A. Ocherk istorii etnograficheskogo izucheniya kazakhskogo naroda v SSSR [An Outline of the History of Ethnographic Studies of the Kazakh People in the USSR]. Alma-Ata: Nauka, 1966. 322 p. (In Russ.).

14. Volkova T.P. K izucheniyu i ispolzovaniyu dannykh dorevolyutsionnoi byudzhetnoi statistiki kazakhskikh khozyaistv [On the Study and Use of Pre-Revolutionary Budget Statistics of Kazakh Households] // Voprosy istoriografii i istochnikovedeniya Kazakhstana (dorevolyutsionnyi period). Alma-Ata, 1988. Pp. 171–197. (In Russ.).

15. Petrova T.P. K voprosu o sostave ekspeditsii F.A. Shcherbiny po issledovaniyu stepnykh oblastei Kazakhstana [On the Composition of F.A. Shcherbina's Expedition for the Study of the Steppe Regions of Kazakhstan] // Izvestiya Akademii nauk KazSSR. Seriya obshchestvennykh nauk. 1980. № 4. Pp. 50–55. (In Russ.).

16. Ermenbetova G.A. Materialy ekspeditsii V. Kuznetsova v issledovanii zemelnykh otnoshenii v kazakhskom aule nachala XX veka [Materials of the V. Kuznetsov Expedition in the Study of Land

Relations in Kazakh Villages at the Beginning of the 20th Century]. Abstract of PhD diss. Almaty, 2002. 31 p. (In Kaz.).

17. Miimanbayeva F.N., Komandzhaev A.N., Komandzhaev E.A. Legal Foundations of Land Ownership and Land Use of Settlers in Semirechye in the Late 19th – Early 20th Century // Oriental Studies. 2019. Vol. 12. No. 5. Pp. 771–786.

18. Campbell I.W. Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731–1917. Ithaca; London, 2017. 288 p.

ҒТАХР/ МРНТИ/ IRSTI 03.23.07
ӘӨЖ/УДК/ UDC94(470) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.029

*А.А. Нұратай *[1], Ж.Б. Кундакбаева [2]*

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, PhD докторант
Қазақстан, Алматы, e-mail: aigulnuratay@gmail.com
https://orcid.org/0000-0003-1328-3890

[2]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан, Алматы, e-mail:janbekkun@mail.ru
https://orcid.org/0000-0003-3074-6332

КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Мақалада кеңестік кезеңдегі Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне қатысты зерттеулердің негізгі бағыттары мен мәселелері қарастырылады. Отандық тарихнамадағы қайта қарастыру қажет тақырыптардың бірі – тау-кен өнеркәсібінің тарихы. Мақалада тақырып 1920-1991 жылдар аралығында ғалымдардың назарында тұрақты түрде болғандығын және кеңестік көптеген ғалымдар осы тақырыпты зерттеумен айналысқандығы дәлелденеді. Қазіргі таңда мәселені жүйелі түрде зерттеу үшін және тақырыптың жаңа бағыттарын анықтау үшін кеңестік тұжырымдамаларды қайта қарау өзектілігі туындады. Бұл кезеңде тау-кен өнеркәсібінің қалыптасуы және ондағы шетелдік капиталдың рөлі, жекеленген зауыттар мен фабрикалардың құрылуы, жұмысшы табының пайда болуы мен қайшылықтары көптеп қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты кеңестік тарихнамадағы Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне қатысты зерттеулерді саралау. Кеңестік тарихнамадағы идеологиялық ерекшеліктерге байланысты тақырып уақыт өте келе әртүрлі тұжырымдамалармен толықтырылып отырғандығы көрсетіледі. Жұмыста тарихнамалық еңбектердің мазмұнын талдау арқылы, ғалымдардың назарынан шет қалған тақырыптар айқындалды. Нәтижесінде, тау-кен өнеркәсібінің зерттелу деңгейі анықталып, кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулерден тыс қалған тақырыптар көрсетілді. Сонымен қатар, бұрын ғылыми айналымда жеткілікті деңгейде қарастырылмаған мәселелер айқындалып, оларды жаңа деректер мен заманауи әдіснамалық ұстанымдар негізінде зерттеудің бағыттары белгіленді. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі тарихын кешенді зерделеуге және оның отандық тарихнамадағы орнын нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар осы саладағы бірқатар зерттеулердің негізіне айналатындығы сөзсіз.

Кілт сөздер: тау-кен өнеркәсібі, шетелдік капитал, кеңестік тарихнама, капитализм, жұмысшы табы, мәселенің зерттелуі.

***Алғыс айту**: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде жүзеге асырылған ғылыми жоба аясында дайындалды. Жобаның тақырыбы: AP23489355 «Қоғамдық тарих әдістерін пайдалана отырып, Қазақстан тарихындағы танымал әңгімелерді жаңғырту»*

Нуратай А.А[1], Кундакбаева Ж.Б.*[2]

[1]*PhD докторант, Казахский Национальный университет им.аль-Фараби, Казахстан, Алматы.*
e-mail: aigulnuratay@gmail.com
https://orcid.org/0000-0003-1328-3890

[2] *доктор исторических наук, профессор*
Казахский Национальный университет им.аль-Фараби, Казахстан, Алматы.
e-mail:janbekkun@mail.ru
https://orcid.org/0000-0003-3074-6332

ИССЛЕДОВАНИЯ ГОРНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Аннотация

В статье рассматриваются основные направления и проблемы исследований, касающихся горнодобывающей промышленности Казахстана в советский период. Одна из тем, которую необходимо переосмыслить в отечественной историографии, – это история горнодобывающей промышленности. В статье утверждается, что тема постоянно привлекала внимание ученых с 1920 по 1991 год, и что многие советские ученые занимались изучением этой темы. В настоящее время актуализируется пересмотр советских концепций для систематического изучения проблемы и выявления новых направлений темы. На данном этапе рассматривается становление горнодобывающей промышленности и роль в ней иностранного капитала, создание отдельных заводов и фабрик, возникновение и противоречия рабочего класса. Основная цель статьи-дифференциация исследований в советской историографии, касающихся горнодобывающей промышленности Казахстана. Показано, что в связи с идеологическими особенностями советской историографии тема со временем пополняется различными понятиями. Анализом содержания историографических трудов в работе выделены темы, оставленные без внимания ученых. В результате был определен уровень изученности горнорудной промышленности и показаны темы, выходящие за рамки идеологических ограничений советского периода. Эти результаты, несомненно, станут основой ряда исследований в этой области.

Ключевые слова: горнодобывающая промышленность, иностранный капитал, советская историография, капитализм, рабочий класс, исследование проблемы.

***Благодарность:** Статья подготовлена в рамках реализации научно-исследовательского проекта по гранту Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP23489355 – «Модернизация популярных нарративов в истории Казахстана методами публичной истории».*

A.A.Nuratay[1]*, *Zh.B.Kundakbayeva*[2]

[1]*PhD student, al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty.*
e-mail: aigulnuratay@gmail.com
https://orcid.org/0000-0003-1328-3890

[2]*Doctor of historical sciences, professor*
al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty.
e-mail:janbekkun@mail.ru
https://orcid.org/0000-0003-3074-6332

RESEARCH ON THE MINING INDUSTRY OF KAZAKHSTAN IN SOVIET HISTORIOGRAPHY

Abstract

The article discusses the main directions and problems of research related to the mining industry of Kazakhstan during the Soviet period. One of the topics that needs to be rethought in Russian historiography is the history of the mining industry. The article claims that the topic constantly attracted the attention of scientists from 1920 to 1991, and that many Soviet scientists were engaged in studying this topic. Currently, the revision of Soviet concepts is being updated in order to systematically study the problem and identify new areas of the topic. At this stage, the formation of the mining industry and the role of foreign capital in it, the creation of individual factories and factories, the emergence and contradictions of the working class are being considered. The main purpose of the article is to differentiate research in Soviet historiography concerning the mining industry in Kazakhstan. It is shown that due to the ideological peculiarities of Soviet historiography, the topic is updated with various concepts over time. The analysis of the content of historiographical works highlights topics that have been ignored by scientists. As a result, the level of knowledge of the mining industry was determined and topics beyond the ideological limitations of the Soviet period were shown. These results will undoubtedly form the basis of a number of studies in this field.

Keywords: mining industry, foreign capital, Soviet historiography, capitalism, working class, problem research.

Acknowledgement: *This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23489355) «Modernization of popular narratives in the history of Kazakhstan using public history methods».*

Кіріспе. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі тақырыбы бірқатар ғалымдардың зерттеулерінен орын алды. Бірақ, осы тақырып аясындағы тарихнамалық жұмыстар сирек кездеседі. Соған қарамастан, тау-кен өнеркәсібінің тарихнамасын зерттеу бүгінгі таңда маңызды екендігі сөзсіз. Себебі, осы бағытты қайта қарастыру арқылы жаңа зерттеу тақырыптарын айқындауға болады. Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі тақырыбын қайта қарастыру арқылы экономикалық тарихтың жаңа тұстарын және Отандық тарих ғылымындағы сирек қарастырылған зауыттар мен фабрикалардың тарихын, әлеуметтік тарих бағыттарындағы мәселелерді қайта зерделеу мүмкіндігі ашылады. Осындай түйіткілді мәселелерге қатысты архив деректерінің шектеулігіне, шетелдік тарихнаманың аздығына және идеологиялық ахуалға байланысты тақырыптар толық ашыла қойған жоқ. Салыстырмалы талдау жүргізе отырып, хронологиялық ерекшеліктерді атап өткен жөн. 1920-1930 жылдардағы тарихнамада авторлардың көп бөлігі тау-кен өндірісіндегі капитал прогрессивті болмады әрі модернизацияға толықтай алып келген жоқ деп тұжырымдады. Аталған кезеңдегі ғалымдар идеологиялық ерекшеліктерге де сай шетелдік компаниялардың жұмысына империалистік, эксплуатациялық баға берді. Және бірқатар зерттеушілер тау-кен өндіріс орындарының техникалық дамуының прогрессивті жағын мойын-

дамады. Ал, 1940-1970 жылдардағы зерттеушілер тау-кен өндірісіндегі жұмысшы табының қалыптасуына және өндіріс орындарындағы зауыттардың тарихына қойды. 1980-жылдарға қарай біртіндеп экономикалық тарихтың жүйесі қалыптаса бастады. Осы кезеңде тау-кен саласындағы зерттеулердің тақырыптары тереңдетіліп, жаңа аспектілері де қарастырыла бастады. Қалыптасқан теориялар жаңа бағыттармен толықтырылды, саланың әртүрлі бағыттары, соның ішінде өндіріс өнеркәсібі, технологиясы, әлеуметтік бағыттары зерттелді. Осыған қарамастан, мәселе жүйелі және кешенді түрде қарастырылған жоқ. Сонымен қатар, зерттеуде тарихнамалық деректердің мазмұндық ерекшеліктері мен тұжырымдарының бір-бірінен айырмашылығы қатты байқалады. Сондықтан, мәселені түбегейлі қарастырмас бұрын, кеңестік тарихнаманы талдау өзекті орынға ие.

Материалдар мен әдістер. Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібінің тарихнамасын зерттеуге сол уақыт аралығында жарық көрген монографиялар, диссертациялық жұмыстар, мақалалар мен зерттеу еңбектері пайдаланылды. Мақалада Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібінің тарихына арналған 1920 жылдан бастап 1991 жылға дейінгі жұмыстар пайдаланылды. Бұл тарихнамалық жұмыстардың барлығы дерлік аталған кезеңдегі тақырыпқа байланысты мәселелерді және олардың ерекшеліктерін айқындауға көмек береді. Сонымен қатар, мақалада әр тарихнамалық дерекке сипаттама беріліп қана қоймай, авторлардың ғылыми тұжырымдарына шолу жүргізілді. Тарихнамалық жұмыстардың ішінде экономикалық сипаттағы және статистикалық зерттеулер де топтастырылды. Осы еңбектер арқылы тау-кен өндірісінің пайда болуына әсер еткен шетелдік компаниялардың, олардың капиталының бағыттары көрсетілді. Мақаланы жазу барысында тарихнамалық деректің қай кезеңде жазылғандығы, деректердің объективтілігі және оның мазмұны қарастырылды. Тарихнамалық жұмыстарды жүйелеу барысында кеңестік тарихнамадағы көзқарастардың өзгерісі анық байқалды. Көптеген жұмыстар талданып, Қазақстандағы тау-кен өндірісінің тарихнамасының біртұтас бейнесі жинақталды. Хронологиялық принциптен бөлек проблемалық-тақырыптық ерекшеліктерді ескере отырып, жинақталған зерттеулер бірнеше топтарға бөліп қарастырылды. Зерттеу барысында жинақталған тарихнамалық жұмыстар бірнеше бағыттар бойынша зерделенді. Бірінші бағытта тау-кен өнеркәсібінің алғашқы даму сатыларының себебі болған шетелдік капиталдың енуі қарастырылды, бұл бағыттағы жұмыстарға П.Ольдің, С.Рониннің, Л.Эвентовтың, Ц.Фридманның еңбектері жатады. Екінші бағытта зерттеушілердің нысанында жекеленген тау-кен орындары, зауыттар мен фабрикалардың дамуы тақырыптары зерттеледі, бұл бағыттағы еңбектер қатарында В.Пазухиннің, Е.Ділмұхамедовтың, Е.Бекмұхаметовтың жұмыстары жатады. Бұл бағытта авторлар архив құжаттарына негізделген, стастистикалық тың ақпараттар береді. Үшінші бағытта, авторлар тау-кен орындарындағы жұмысшы табының қалыптасуы мен жағдайын зерттейді. Олардың қатарына В.Рушановтың, Г.Чулановтың, Е.Ділмұхамедовтың, С.Игібаевтың жұмыстары кіреді. Авторлар тек жұмысшы табының мәселелерін ғана емес, тау-кен өндіріс орындарының әлеуметтік аспектілерін де зерделейді. Зерттеу барысында пайдаланылған салыстырмалы-тарихи әдіс, проблемалық-хронологиялық жүйелеу, ретроспективалық көзқарас осы тақырып аясында болашақта зерттеу нысанына айнала алатын мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Тарих ғылымындағы тарихилық қағидаты фактілерді талдауға, оған баға беруге және зерттеушінің ғылымға қосқан үлесін көрсетуге ықпал етті.

Нәтижелер. Жалпы Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі туралы тарихнамалық бағытта жұмыстар жоқтың қасы. Алайда, Отандық тарихнамада кеңестік зерттеулерге шолу жасаған тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә.Төлебаев. «XIX–XX ғғ. басындағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуының тарихнамасы» жұмысында тау – кен саласындағы шетелдік инвестициялар туралы және кен, зауыт, фабрикалар туралы зерттелген жұмыстардың барлығын топтастырып, жүйелейді [1]. «Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгіні (тарихнамалық аспект)» монографиясында капиталистік қатынастардың тарихын толықтыру үшін көптеген жұмыстарды зерттеп, бағыт береді [2]. Солардың ішінде, шетелдік компаниялар және олардың инвестицияларының мәселелері, жекеленген кәсіпшіліктер мен кәсіпкерлердің тарихы,

акционерлік қоғамдар және олардың қазақ жеріндегі іс-әрекеті тақырыптарын зерттеу өзекті деп көрсетеді.

Кеңестік тарихнаманың ерекшеліктері мен мәселелері, сонымен қатар хронологиясына байланысты барлық еңбектер үшке бөліп, топтастырылды. Кеңестік кезеңдегі жұмыстардың көпшілігі дерлік идеологиялық шектеудің шеңберінде қалғандығы байқалады. Зерттеушілер жұмысшы табы мәселесін ғана емес, теміржолдар, зауыттар мен фабрикалардың тарихына да тоқталып өтеді.

Талқылау. Кеңестік кезеңде тау-кен саласын қарастырған алғашқы зерттеулердің бірі «1914-1919 жылдардағы Батыс Сібір көмір өнеркәсібі ауданы» атты Б.И.Шлайнның мақаласы. Автор өз жұмысында өлкедегі тау-кен саласының қалыптасуын зерттейді. Бұл еңбек сол кезеңдегі экономикалық тарихтың жарқын мысалы десек те болады себебі кен іс тақырыбын қозғаған алғашқы зерттеушілердің бірі. Мақалада қазақ жеріндегі тау-кен ісі, оның қалыптасуындағы шетелдік инвестициялардың рөлін айқындайды, бірақ, зерттеуші бұл саланың дамуына ықпал еткен себептердің бірі шетелдік капиталдың өлкені шикізат көзі ретінде ғана қарастырғандығын атап кетеді [3, с. 8].

Ресей империясы тұсында қазақ даласындағы тау-кен өнеркәсібінің пайда болуына ықпал еткен бірден-бір себеп шетелдік компаниялардың жұмысы болып табылады. Шетелдік капиталдың енуі туралы жазылған статистикалық зерттеудің бірі П.В.Ольдің жұмысы. Бұл зерттеу жұмысында автор шетелдік капиталды тау-кен саласы барынша қызықтырды деп атап кетеді. Еңбек көптеген статистикалық ақпараттарға, бухгалтерлік есептерге, акция мен облигациялардың жарғыларына, шетелдік биржалар мен несиелік банктердің мәліметтеріне сүйеніп жазылғандығын байқауға болады. Қазақстанның тау-кен өнеркәсібі Ресей империясының бір бөлігі ретінде зерттеліп, шетелдік капиталдың аумақтағы ену барысы талданады [4, с.27]. П.В.Оль өз еңбегінде революцияға дейінгі зерттеулерге қысқаша шолу жасап, кеңестік кезеңдегі экономикалық тарих саласына үлес қосты. Оның еңбегі кейінгі кезеңдердегі зерттеулерге негіз болды.

Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібінің тарихын қарастыру бағытында қазақ тау-кен саласын ғана емес, жалпылама экономикалық және тарихи зерттеулердің теориялық жұмыстарына да тоқталған жөн. Тақырыпты толық зерделеу үшін А.Д.Брейтерманның «Ресейдің мыс өнеркәсібі және әлемдік нарық» монографиясы пайдаланылды. Себебі, аталған зерттеуде Ресей империясының аумағындағы барлық тау-кен орындарына шолу жасалып, шетелдік капиталдың тау-кен өнеркәсібіндегі рөлі, шетелдік капиталдың өлкедегі қызығушылық деңгейін сипаттаған. Хронологиялық ерекшеліктерге сай бұл жұмыс іргелі жұмыстардың бірі, себебі, тау-кен саласының дамуындағы жалпылама «ішкі қайшылықтарды» көрсетеді. Алайда жұмыстың кеңестік теорияларға негізделгендігін байқауға болады[5].

Экономикалық бағыттағы және тау-кен саласындағы жүйелі зерттеудің бірі С.Рониннің кітабы болып табылады. Автор өз жұмысында кеңестік тарихнаманы біршама толықтырды. Бұл еңбекте С.Ронин тау-кен саласындағы шетелдік капиталдың тарихы туралы құнды статистикалық ақпараттарды көрсетеді. Бірақ, өз жұмысында зерттеуші мәліметтерді талдаудан бас тартады. Сонымен қатар, ол жұмысында шетелдік капиталдың объектілерін, инвестицияның негізі проблемаларын, шетелдік және жергілікті банктердің өзара әрекеттесуін қысқаша түрде көрсетеді [6]. Кеңестік тарихнаманың ерекшелігіне сай зерттеу жұмысында тау-кен саласы артта қалған ретінде сипатталып, шетелдік компаниялардың жұмысы өлкені қанау субъектісі ретінде бағалайды. Сол кезеңдегі тарихнамалық жұмыстардың көпшілігі сияқты бірқатар өнеркәсіп салалары шетелдіктердің қолында шоғырланып, шетелдіктердің тарапынан үстемдік етілді деген тұжырымдардың негізделуіне әсер етті [6, с. 104-105].

Тікелей қазақ жеріндегі тау-кен аспектілерін зерттеген жұмыс В.Пазухиннің «Қырғыз даласындағы металлургия» деп аталады. Автор мамандығы бойынша тау-кен инженері қызметін атқарғандықтан өз монографиясында Қазақстандағы тау-кен саласына қатысты кәсіпорындар мен зауыттардың техникалық және экономикалық ерекшеліктерін қарастырған.

Бұл жұмыста автор Орал, Торғай, Семей, Ақмола облыстарындағы кәсіпорындар туралы толыққанды ақпарат беруге тырысады [7,с.208]. Монографияда тау-кен саласындағы алғашқы акционерлік қоғамдардың қызметі, өндірістің ұйымдастырылуы және жұмысшы табының жағдайын егжей-тегжейлі сипаттайды. В.Пазухиннің еңбегінде алғашқылардың бірі болып Спасск мыс кеніші, Риддер акционерлік қоғамы, Екібастұз қоғамы және Қырғыз тау өнеркәсібі қоғамына қатысты тың ақпараттармен тарихнаманы байытты.

Кеңестік тарихнама қазіргі зерттеулерге негізгі арқау болып табылады. Бұған дәлел болып В.Пазухиннің монографиясындағы аса бай архив құжаттары дәлел бола алады. Ол архив деректерін пайдалана отырып, Отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып акционерлік қоғамдардың жұмысын зерттеді [7, с.90]. Бұл еңбек диаграмма, схемалармен толықтырылып, сол кезеңдегі маркстік-лениндік тұжырымдамаларға емес, қатаң фактология мен сенімді деректермен зерттелген. Зерттеуші өзінен кейінгі ғалымдарға бағыт-бағдар бере отырып, акционерлік қоғамдардың генезисін зерттеуді негізге алуға кеңес береді, яғни, осы тақырыптарды әр қарай толықтыру маңызды екендігін атап өтеді.

Қазақ даласындағы тау-кен саласына қатысты келесі көлемді әрі маңызды еңбектердің бірі П.Галузоның «Түркістан-колония» жұмысы. XIX ғасырдың ортасында қазақ жеріне деген шетелдіктердің қызуғышылығы тау-кен орталықтарының пайда болуында деп көрсетеді. «1865 жылдың соңы, 1866-1867 жылдары тау-кен аумақтарына рұқсат қағазын алуға барлығы қызбалықпен ұмтылды, алтын ғана емес басқа да тау-кен пайдалы қазбаларына бірінші жетуді көбісі қалады» деп көрсетеді. Орта Азия эксплуатацияға ұшырайтын, үстем тап өкілдері тарапынан қаналатын объект ретінде қарастырылды [8, с.13].

Автор аймақты жаулап алу оның экономикалық дамуы үшін емес, Ресей империясының аймақтарындағы зауыт, тау-кен өнеркәсібінің өнімдерін алуға және шикізатты сатуға мүдделі болғандығын нақты көрсетеді. П. Галузоның байқауы бойынша, шетелдік капитал тек аймақтағы байлықты игеру ниеттелеген [8, с.14]. Ол өзінің еңбегінде аумақтағы капиталистік қатынастардың дамуы мен шетелдік капиталдың енуін үш бағытта қарастырды: сауда, мақта шаруашылығы және тау-кен ісі. Бірақ, XIX ғасырдың соңына қарай тау-кен ісі ойдағыдай дамымайды, себептерінің ішінде тау-кен іздестіру, барлау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген жоқ, кездейсоқ және алыпсатарлық сипатта болды. Капитал ұзақ мерзімді инвестицияларға ұмтылмады, белгілі кен орындарын жыртқыштық сипатта пайдаланумен шектелді, бұл кеннің тез сарқылуына алып келген деп көрсетеді [8, с.15-16].

П.Галузоның пайымдауынша, өлкедегі тау-кен саласының дамуына кедергі жасаған факторлардың біріне барлау жұмыстарының әлсіздігі және бұрыннан белгілі кен орындарын қайтадан басып алумен сипатталды, бұл ұтымды ұйымдастырылған тау-кен ісін қалыптастыру мүмкіндігін бұзды. Капиталдың, технологияның және нақты инвестициялық саясаттың болмауы тау-кен өнеркәсібін аймақ экономикасының екінші және тұрақсыз саласына айналдырды деп қорытындылайды [8, с.16].

Хронологиялық жағынан сәл кешірек жазылған бірақ шетелдік капиталдың қызметі жөніндегі маңызды жұмыстың бірі Л.Эвентовтың «Орыс өнеркәсібіндегі шетелдік капитал» зерттеуі. Бұл еңбекте шетелдік капитал Ресей империясының өнеркәсібінің дамуының үлкен бөлігі ретінде шетелдік капитал деп көрсетіледі. Автор шетелдік капиталдың үнемі қайта қарастырылып, зерттелу керектігін ескертеді. Өз жұмысында ол шетелдік капитал мәселесінің көпқырлы әрі күрделі екендігін жазады. Қолданыстағы статистикалық деректерді саралау маңыздылығы айқындалды [9, с.15-16]. Бұл еңбекте шетелдік капиталдың өлкедегі өнеркәсіпке енуі, акционерлік қоғамдардың несие жұмыстарын қалай жүргізгендігін көрсетеді [9, с.14]. Л.Эвентов осы тақырыпқа қатысты тарихнамалық шолу жасай отырып, тау-кен саласының даму деңгейін нақтылайды [9, с.22-23]. Жүйелі деректерді пайдалана отырып, автор шетелдік инвестициялардың таралу бағыттарын, ондағы Орал, Оңтүстік аудандардың даму деңгейін көрсетеді. Автор осы арқылы Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі перифириялық аумақта қалыптасқан, жекеленген сала болмағандығын, керісінше, бұл сала жалпы империялық

өнеркәсіптің үлкен бөлшегі болғандығын нақтылайды [9, с.63]. Қазақстан аумағындағы Шығыс және дала аймақтарында орналасқан кәсіпорындар Л.Эвентовтың пікірінше, Ресей империясының жалпы дамуы мен әлеуетінің артуына ықпал етті деп көрсетеді. Осы бағыттардың қалыптасуының нәтижесінде Ресей империясы халықаралық тауар-ақша жүйесінің бір бөлігіне айналды деп жазады [9, с.66].

Кеңестік тарихнамадағы Орталық Азиядағы тау-кен тарихын зерттеген автор П.Иванов және оның «К истории развития горного промысла в Средней Азии» очеркісі болып табылады. Автор жұмыстың кіріспесінде тау-кен тарихын зерттеу күрделі мәселе екендігін атап өтеді. Себебі, жүйелі әрі объективті экономикалық деректер мен зерттеулердің аздығы бірден көзге түседі. П.Ивановтың пікірінше, тарихи бағытта жазылған жұмыстардың көпшілігі жекеленген аймақтың экономикалық даму деңгейі, экономикасының дамуы мәселесін емес, саяси тақырыптарды жиі сипаттайды. Сонымен қатар, сол кезеңнің өзінде автор шетелдік тарихнама мен деректердің маңыздылығын негіздейді [10, с.2]. П.Иванов тау-кен тақырыбының ауқымды екенін атап өтеді.

Кіріспе. «Тарихты тұлғалар жасайды» («Ұлы адамдар» теориясы) деген қағида шотланд философы және тарихшысы Томас Карлейлдің (XIX ғасыр) еңбектерімен байланысты, автор «тарихты Ұлы тұлғалардың өмірбаяны» деп тұжырымдады. Бұл қағида өзінің өміршендігін дәлдеп келеді. Қоғамның даму барысын, ондағы орын алған тарихи оқиғаларды жеке тұлғасыз елестету мүмкін емес. Кеңестік жүйе кезеңде қоғамдық және саяси өмірге белсенді атсалысқан Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Сара Есова, Нәзипа Құлжанова және т.б. сынды қазақ әйелдері тарихтан белгілі. Олардың ізбасары іспетті тұлғалардың бірі 12 жыл (1963-1975 жж.) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиум хатшысы, VI—VIII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1963-1974 жж.), Азия және Африка елдерінің Қазақ ынтымақтастық комитетінің төрайымы (1963-1976 жж.), кейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Бас архив басқармасы (1975-1982 жж.) басшысы қызметтерін атқарған Бижамал Рамазанқызы Рамазанова.

Саналы еңбек жолын ауыл мектебінің мұғалім (1941) қызметінен бастап, мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтеріліп, тек республикаға ғана емес Одақ көлемінде де үлкен беделге ие болды. Бижамал Рамазанқызының аянбай еңбек еткен үшін қоғамдық-мемлекеттік қызметінің жоғары бағаланғандығы екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен (1948, 1956) және екі рет "Құрмет Белгісі" орденімен (1966,1971), Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Президиумының Құрмет грамоталарымен (1966, 1977), кейінірек Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасы (2002), "Парасат" және "Құрмет" (2004) ордендерімен марапатталуынан көрінеді.

Бижамал Рамазанқызы республикада архив ісінің дамуы мен өркендеуіне үлкен үлес қосты. Б. Рамазанова Бас архив басқармасын басқарған кезде архив қорының жинақталуына, архив мекемелерінің материалдық-техникалық базасының нығаюына баса көңіл бөліп, ведомстволық сақтау ісі жолға қойылды, аса бағалы құнды құжаттарды архив қорына жинақталды. Сонымен қатар, оның бастамасымен архив ісіне қатысты аймақтық ғылыми-әдістемелік кеңестер құрылды және архив саласы бойынша әдістемелерді әзірлеуге бар күшін салды. Яғни, осы уақытта дейін Б.Р. Рамазановаңың архив саласындағы қызметі отандық архивтану ғылымында арнайы зерттелген жоқ. Оның осы бағытта атқарған қызметінің мол тәжірибесі кейінгі жас буынға үлгі болуға тиіс. Сондықтан, Бижамал Рамазановаңың өмірі мен мемлекеттік-қоғамдық қызметін

және шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу тақырыптың өзектілігінің тағы бір айқын дәлелі.

Материалдар мен әдістер. Жеке текті құжаттармен жұмыс жасауда зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін құрайды: деректанулық талдау, биографиялық, тарихи-антропологиялық ақпараттық. Деректанулық талдау әдісі жеке текті құжаттардың түпнұсқалығын бағалауда, оқиғаны объективті көрсету үшін олардың құндылығын анықтауда қолданылады. Өмірбаяндық (биографиялық) тәсіл жеке текті деректермен тікелей байланысты және тұлғаның өмір жолының ерекшеліктерін және оның мемлекеттік және қоғамдық пен шығармашылық қызметін зерттейді. Қазіргі таңда «Ғұмырнама» деген ғылыми бағыт қалыптасты. Яғни, бұл тәсіл тарихи зерттеуде олардың ақпараттық әлеуетін талдау және ашу кезінде маңызды. Тарихи-антропологиялық тәсіл: жеке тұлғаны оның әлеуметтік шеңбері және күнделікті өмірін жеке текті құжаттар негізінде зерттеуге негізделген. Ақпараттық тәсіл жеке текті дереккөздерін тарихи ақпараттың тасымалдаушысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, олар өткен тарихтың нақты шындығын көрсетеді.

Құрылымдық-функционалдық талдау теорияның ең танымал бөлігі. Яғни, жеке текті құжаттар шығармашылық әрекеттің көрінісі ретінде қарастырылады. Жеке тұлғаның күнделікті өмірін, оның жеке кәсіби мен жеке тәжірибесін, көзқарастарын зерттеуде феноменологиялық тәсіл пайдаланылды.

Зерттеудің деректік негізін Б.Р.Рамазановаңың жеке қорындағы құжаттар, естеліктері мен мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалалары құрайды. Бижамал Рамазанқызы Рамазановаңың құжаттық материалдарын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне 2000 жылы сыйға тартты. 1982, 1990 және 2001 жылдары жасалған ғылыми-техникалық өңдеуден кейін тізімдеме құрастырылды: №1 тізімдеме (1935-1982 жж.), №1 (тізімдеме жалғасы) (1957-1982 жж.), №1 (тізімдеме жалғасы) (1942-2001 жж.). Яғни, оның мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметтерін айғақтайтын деректер ҚР Орталық мемлекеттік архивінде №Р-997 Б.Р.Рамазанова-ның жеке қорында сақталған. Ғылыми-техникалық өңдеуді жүргізу кезінде істер хронологиялық, номиналды және тақырыптық белгілерге сәйкес жүйеленді. Тізімдеме 8 бөлімнен тұрады: 1) Б.Р. Рамазановаңың өмірбаяндық құжаттары; 2) Б.Р. Рамазановаңың қолжазбалары; 3) Б.Р. Рамазановаңың хат-алмасулары; 4) Б.Р. Рамазановаңың сыйлық жазбалары; 5)Б.Р. Рамазанова туралы құжаттар; 6) Б.Р. Рамазановаңың бейнелеу құжаттары; 7) Б.Р. Рамазановаңың қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша жиналған құжаттары; 8) Б.Р. Рамазановаңың туыстары туралы құжаттары. Б.Р.Рамазановаңың №Р-997 жеке қорындағы құжаттар ғылыми айналымға алғаш рет тартылды. Оның жеке қорында шығармашылық материалдары, баяндамалары, лекциялары, жеке құжаттары, депутаттық қызметі туралы және отбасына қатысты фотоқұжаттары, философия ғылымдарының кандидаты атағын алуына (1970 ж.) орай жинақталған құжаттары, жұбайы Шапағат Әлбазаровқа (еңбек ардагері, майдангер) қатысты мәліметтер, балалары Бауыржан мен Бақытжандардың жазған хаттары, қоғам қайраткерлері мен қаламгерлердің қолаңбалары, т.б. жеке істерге топтастырылған. Еліміздегі архив саласын дамыту бағытында Қызылорда, Арқалық, Целиноград (қазіргі Астана), Зырянов мемлекеттік архивтерін салу, Руднев аудандық архив филиалына орын бөлу, архивтегі оқу залдары мен қызмет бөлмелерін жабдықтау, газет, журнал редакцияларына жарияланған суреттердің фототекасын жасау, мемлекеттік сақтауға өткізу туралы т.б. толып жатқан қызмет мәселелеріне байланысты ұсыныс, пікір, сұраныстар №997 – қор, 1 тізімдеме, 453 істе сақталған. Сондай-ақ, қоғамдық қызметтеріне байланысты құжаттар жинақталған.

Дереккөзінің келесі тобын Б. Рамазановаңың естеліктері мен еңбектері құрайды [1-6]. Оның шығармашылық мұрасына қатысты шынайы ғылыми баға беру қайраткер өмір сүрген тарихи кезеңнің тыныс-тіршілігін терең түсінуге ықпал етері сөзсіз. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, аналитикалық және қорыту әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Мемлекет және қоғам қайраткері Б. Рамазановаңың өмірі, қоғам-дық-саяси қызметі және шығармашылық мұрасы ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеу нысанасына алынып қарастырылған емес. Б. Рамазановаңың қоғамдық-саяси, мемлекеттік және архив саласындағы қызметтері мерзімді басылымдарда жарық көрді.

Б.Рамазанқызын мемлекеттік және қоғам қайраткері ретінде таныту мен кеңірек насихаттауға бағытталған жариялнымдардың басым көпшілігі мерейтойларға арналды. Қайраткер Б.Рамазановаңың азаматтық болмысы мен қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметіне арналған еңбектер қатарында М. Есенәлиев [7, 3 б.], Ә. Әбіласан [8, 3 б.], Х. Әміренов [9, 10 б.], А.Сеитова [10, 73 б.], А. Баратқызы [11, 3 б.], А. Ахaнбайқызы [12, 4 б.], Т. Алдабергенқызы [13,11 б.] мақалаларын ерекше атауға болады.

Б. Рамазановаңың архив ісіне қосқан үлесі А. Аққалидың мақаласында жан-жақты талданды [14, 4 б]. Ал, В. Чупров өзінің мақаласында Б. Рамазанова Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасын басқарған кезде мемлекеттік архив қорының құжаттарын сақтау және сақтауды қамтамасыз ету саласында түбегейлі өзгерістер басталды, ол кезде төмен деңгейде болған мемлекеттік архивтердің материалдық-техникалық базасын нығайту қолға алынды. Б. Рамазановаңың көмегімен алғаш рет микрофильмдеу және аса құнды құжаттардың сақтандыру қорын құру үшін импорттық жабдық орнатылды, оған қол жеткізу ол кезде өте қиын болды, валюта қатаң шектеулі мөлшерде бөлінді, ал архивтер үшін бұл қол жетімді емес еді - деп еске алды В. Чупров [15].

Б.Р. Рамазановаңың мемлекеттік және депутаттық қызметіне баға берген оның замандасы С.Үмбетов, оның жеке қасиеттері туралы былай жазады: «Жеке өмірде, мансаптық өсуде де қиын жолдан өтіп, Бижамал апай адам табиғатының басты құндылықтарын – таза, пәк жанды, мінсіз адалдықты және адамдарға деген үлкен риясыз сүйіспеншілікті сақтап қалды. Өкінішке орай, қазір бәрімізде осындай қасиеттер жиынтығы жетіспейді. Ұлы адамдар кетеді, олармен бірге үлкен құндылықтар да кетеді. Бижамал Рамазановаңы жастар үлгі тұтады, осындай тұлғаға қарап үйренеді және оны құрметтейді деген сенімдемін». Оның тағдыры-адам даналығының, азаматтық патриотизмнің және жоғары интеллекттің жарқын өнегесі. Мұндай әйелдерді ұлттың анасы деп атайды. Сондай-ақ, ол архивтердің жұмысын жоғары деңгейге қойып, оның маңыздылығын заңнамалық негізде көтерді [16].

Б.Рамазановамен бірге жұмыс жасаған қызметкер М. Шаймерденова еске алады: «Мен тарихшы ретінде бақыттымын, еңбек жолым Қазақстанның Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив басқармасының басшысы Бижамал Рамазановамен басталды. Ол бізді Одақтың орталық қалаларына оқуға, біліктілікті арттыру курстарына жіберді, Қазақстанның жоғары оқу орындары мен Мәскеу тарих-архив институтына түсу үшін ұсыныстар берді. Оның қолдауымен көпшілігіміз осы бірегей институтта екінші жоғары білім алдық... Мен Орталық мемлекеттік архивінің жанынан өткен сайын, барлық еңбек жолынан өткен кезім (архивариустан бастап археограф қызметіне дейін) еске түседі, әсірессе Бижамал Рамазанқызы архив ғимараттын қайта қалпына келтіруге көп үлесін қосты, ғимараттың ішінде және сыртында сапалы жөндеу жұмыстары жасалды. Мұның бәрі архивтің маңыздылығын арттырып, қызметкерлерді қуантты» [17]. Қазақстанның архив ісінің дамуына Б. Рамазанова өз септігін тигізді.

Ал, Е. Грибанова өзінің мақаласында Б. Рамазановаңың естелігіне археографиялық тұрғыда баға берді. Автор естеліктің құрылымын тақырыптық белгілер бойынша талдайды, атап айтсақ, Ұлы отан соғысы, Партиялық-кеңестік номенклатура қайраткерлері, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым, тәркілеу, ұжымдастыру, аштық, тың игеру, тіл. 82 партиялық және мемлекеттік қайраткерлер, Ұлы Отан соғысының батырлары, ғалымар, әдебиеттанушылар туралы қарастырылады. Автор Бижамал Рамазанова өзінің оқырмандарына оның адамдарға құрметі, оларға көмектесуге деген ұмтылысы туыстық байланыстарға емес, олардың кәсібилигіне негізделгенін еске салады [18, 74 б.]. Бижамал Рамазанова жоғары лауазымда қызметте жүрседе ізеттілікті, шыншыл, мейірбан, ең асыл адамгершілік қасиеттерін жоғалтпағанын байқаймыз.

Бижамал Рамазанқызының мемуары туралы, оның естелігіндегі Рақымжан Қошқарбаевтың батылдығы Е.В. Чиликованың мақаласында зерделенеді [19, 146 б.].

Сонымен, Б. Рамазанова жөнінде танымдық сипаттағы мақалалар республикалық, облыстық мерзімді басылымдарда жарияланып, онда қайраткердің қоғамдық-мемлекеттік қызметінің әрбір кезеңдерінен толымды ақпараттар береді.

Белгілі қоғам қайраткері Бижамал Рамазанқызына қатысты жеке архив қорындағы құжаттарды, естеліктерге талдау жасағанда оның қоғамдық, ұйымдастырушылық және шығармашылық қызметін жан-жақты саралаған, ғылыми тұрғыда баға берген арнайы зерттеулердің жоқтын қасы. Сондықтан, Б. Рамазановаңың мемлекет және қоғам қайраткер ретінде, архив саласына қосқан үлесі, оның ғылыми-шығармашылық мұрасы әлі де болса толық және тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Бижамал Рамазанқызы Рамазанова 1927 жылдың 21 маусымында Талдықорған облысы, Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында шаруа жанұясында дүниеге келді. Оның өз қолымен 1948 жылы 13 қантарда жазған өмірбаянында былай көрсетеді: «Әкесі Есіркепов Рамазан шаруамен айналысты, 1929 жылдан Ақсу ауданы Қызыл-ағаш ауылында колхозшысы,1934 жылдан 1941 жылға дейін Қоғалы ауданы Киров совхозында жұмысшысы болып жұмыс атқарды. Анасы Есіркепова Вазепа үй шаруасымен айналысты» [20, 1-2-пп.].

Бижамал Рамазанқызы өзінің әкесі Есіркепұлы Рамазан туралы «Әкем Есіркепұлы Рамазан орысша, арабша сауатты, көзі ашық кісі болды. Көп балалы отбасында дүниеге келсе де, ақ пен қызылдың соғысында 1922-26 жылдары Ақсу ауданының Қызылағаш өңірінде бауырларынан айырылып, тұл болып қалады. Өзінің айтуынша, Қапалда қызметте жүріп, аман қалса керек. Өзі ата-анадан жалғыз болды, мен де оның жалғыз тұяғы едім. Қасынан бір елі қалдырмайтынды. Шалғы да шалдым, орақ та ордым, шеге де қағып, ат та ерттедім. Аттың құлағында ойнайтынды маркұм, мен де ат жалында өстім десем артық емес. Өздері жасы ұлғайған кездерінде өмірге келсем керек, содан да болар, өмірбақи елім-жұртым, ата-бабам қалды демеді, мен қайда барсам да бірге көшіп жүрді», - деп өз ойымен бөліседі [13, 11 б].

1942 жылы 28-гвардияшылар атындағы Шанхай орта мектебін аяқтап [21, 10-п.] осы жылы Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданына қарасты Түрген педагогикалық училищесінің 2 айлық курсына оқуға қабылданды [22, 2-п.]. 1942 жылдың қыркүйек айынан 1945 жылдың сәуір айына дейін Шанхай орта мектебінде, одан кейін 1945 жылдың маусым айына дейін Гвардия ауданының Қаракемір орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарды. 1945 жылы Б. Рамазанова Талдықорған облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы болып тағайындалды. 1947 жылы Кеңес Одағының Коммунистік партиясы қатарына қабылданды. 1948 жылы Қазақстанның Лениндік Коммунистік жастар одағының (ЛКЖО) IУ съезінде Орталық Тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды. Б.Рамазановаңың өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі 1948 жылы Талдықорған облысы, Қаратал аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүргенде 21 жасында Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталуы [15].

1950 жылы Талдықорған қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1951-1954 жылдары ЛКЖО-ның кадр бойынша Талдықорған облыстық комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. Осы жұмыспен қатар, ол жоғары білім алды, 1955 жылы Алматы қаласындағы мұғалімдер институтын сырттай, ал 1959 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын сырттай бітірді [15].

Бижамал Рамазанқызының қоғамдық-саяси көзқарастарының шыңдалуына партиялық қызметі үлкен ықпал етті. 1953 жылдан бастап Қазақстан ЛКЖО ОК мүшесі болып сайланды. 1953-1954 жылдары Мәскеудегі Орталық комсомол мектебінде оқиды, 1954-1957 жылдары Қазақстан ЛКЖО Талдықорған облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істейді [23, 7-п.]. 1955-1959 жылдары Талдықорған облыстық еңбекші депутаттар Кеңесінің депутаты, облыстық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет етті [24, 7-п].

Бижамал Рамазанова жақсы ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерін және өзін принципті қызметкер ретінде көрсете алды, осындай қасиеттері үшін оны Алматы қаласына жіберді. 1959 жылы Алматы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. Оны аяқтаған соң Алматы облыстық партия комитеті бюросының мүшесі болып сайланды. 1963 жылы № 35 Қаратал сайлау округінің еңбекшілері оны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидатурасын ұсынады, наурыз айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1963 жылы 6 наурызда

республиканың Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиум хатшысы болып тағайындалды [25]. 1975 жылға дейін осы қызметі атқарды. 1963, 1967, 1971 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып бірнеше рет сайланды. 1966-1972 жылдары республика Коммунистік партиясының ОК тексеру комиссиясының мүшесі. 1970 жылы Б.Р. Рамазанова философия ғылымдарының дәрежесін алу үшін кандиаттық диссертациясын сәтті қорғады. 1973 жылы КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебінде оқыды. 1975-1982 жылдары-Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасының басшысы болып қызмет атқарды. Жауапты лауазымдарды атқара келе, Бижамал Рамазанқызы қарапайым және ашық тұлға ретінде қала берді, көптеген қатардағы азаматтарға өз қолдауын көрсетті [15].

Бижамал Рамазанова қоғамдық қызметтерге белсенды атсалысты. 1966 жылдан бастап кеңестік әйелдер комитетінің мүшесі, 1963-1976 жылдары Азия және Африка елдерінің қазақ ынтымақтастық комитетінің төрағасы болып қызмет етті. Мемлекет тарапынан Бижамал Рамазанқызының қоғамдық-мемлекеттік қызметі жоғары бағаланды. Алайда сіңірген еңбектеріне қарамастан зейнеткерлікке шыққанан кейін (1982 ж.) белсенділік танытып, Мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтында, Алматы құрылыс-жол институтында оқытушы болып қызмет атқарды. Сонымен қатар, түрлі қоғамдық комиссияларды басқарды, Алматы қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесі төралқасының мүшесі болды. 2020 жылы 93 жасында дүниеден озды.

Бижамал Рамазанқызы 1975-1982 жылдар аралығында Бас архив басқармасын басқарған кезінде архив ісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырады.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1978 жылдың 6 қаңтардағы №9 «Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Бас архив басқармасының орталық аппаратының штаттық бірлігі және құрылымы туралы» қаулысында басқарма басшысы Қаржы министрлігімен келісе отырып, орталық аппараттың 39 штаттық бірлігін бекітті. Басқарма құрамында басқарма басшысының орынбасары және алқаның 7 мүшесі болды. Аталған қаулының қосымшасында Бас архив басқармасының орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері көрсетілді:

1) Ұйымдастыру бөлімі.
2) Ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстар бөлімі.
3) Жинақтау, іс жүргізу және ведомстволық архивтер бөлімі.
4) Құжаттарды ғылыми пайдалану және ақпараттық бөлімі.
5) Екінші бөлім.
6) Қаржы және жоспарлау бөлімі.
7) Құрылыс және шаруашылық бөлімі [26, 185 б].

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасының міндеттері:

– Қазақ КСР министрліктері мен ведомстволық архивтердің құжаттық материалдарын сақтау бойынша іс-шараларын жүзеге асырады;

– мемлекеттік архив қорына құжаттарын қабылдауға тапсыратын республикадағы мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың санаттарын анықтайды;

– мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың архив және іс жүргізу қызметтерінде міндетті түрде пайдалануға тиісті ережі, нұсқаулықтар, әдістемелік құралдарын әзірлейді және басып шығарады;

– Республикадағы архив мекемелерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасайды;

– құжаттардың ғылыми және тәжірибелік құндылықтарына сараптамалық өлшемшарттарын анықтайды;

– ережеге сай құжаттарды анықтау және пайдалануды ұйымдастырады;

– архив ісі мен іс жүргізу теориясы және тәжірибесіне қатысты ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар мен кеңестер өткізеді;

– Одақтас республикалардағы архивтік және ғылыми мекемелермен байланыс орнатады;

– Халықаралық архив Кеңесінің және халықаралық ұйымдар жұмысына қатысады [27, 5-п].

Бас архив басқармасы өзінің қызметі бабында республикадағы архивтік құжаттардың сақталуын, жинақталуын, архив мекемелерінің жұмыстарын бір жүйеге келтіруде көптеген жұмыстар атқарды. Басқарма басшысы мемлекеттік архив қоры құжаттарын сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік архивтердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға барлық күшін салды.

1976 жылы 24 ақпанда өткен Қазақстан Коммунистік партиясының XIV съезі жұмысының қорытынды есебіне арналған Бас архив басқармасының жабық партиялық жиналысында Б.Рамазановаңың жетекшілігімен республикада архив ісін дамыту жөнінде бірқатар ұйымдастырушылық және тәжірибелік іс-шараларын өткізгендігін мынандай ақпараттардан көреміз. Мысалы, 412 мың істің тізімдемесін жетілдіріп, жалпы іс жүргізу және жеке текті құжаттардың каталогын жасауда – 55 мың іс, 157 мың карточка әзірленді, оның ішінде киноқұжаттарға – 15 мың, фото-құжаттарға – 50 мың, фоноқұжаттарға – 7 мың карточкалар жасау ісі қолға алынғандығы баяндалды [28, 13-п].

1976 жылы 31 – наурызында Бас архив басқармасының басшысы Б.Р.Рамазанова Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа жолдаған қызметтік хатында республика архивтерінің қорында 4 млн. астам құжаттардың жинақталғандығын, 12 мың мекеме, ұйым және кәсіпорындар жыл сайын мемлекеттік сақтауға 180-200 мың бірлік іс, 5 мың фотоқұжат, 160 мың кинотаспа деректер тапсырылатындығын баяндай келе, мемлекеттік архивтердің кезек күттірмейтін аса маңызды проблемаларын, олардың шешудің тиімді жолдарын көрсете келе, оны жүзеге асыру үшін қолдау, көмек қажеттігін айтты. Мәселен, кинотаспалар, дыбыс жазбалары, фотонегативтер – өзіндік сақтау ережелері бар мұралар. Мұның үстіне олар әр түрлі химиялық тәсілдермен жүйелі түрде өңдеуден өткізіліп, жаңартылып тұруы керек. Осыған байланысты аталмыш құжаттар түрлерін сақтауға лайықталған орын, арнайы ғимарат бөлу, тез жанатын үлдірлердегі (пленка) мұраларды «Қазақфильм» киностудиясы арқылы отқа төзімді үлдірлерге көшіру, өшуге айналған мәтіндерді қалпына келтіретін электрографикалық «Ксерокс-100» ағылшын аппаратын, «Раймайор – 312» ротопринтін алу т.б. мәселелері жөнінен көмек көрсету сұралды [29, 73-п.].

Сонымен қатар, Б. Рамазанова партияның XXVI съезі шешімдері аясында жасаған баяндамасында архивтердің материалдық-техникалық жабдықталуы заман талабына сай келмейтініне, төмен жағдайда тұрғанына көзін жеткізіп, оның шешу жолдарын ұсынды:

– Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар архивіне жаңа ғимарат салу (оны салу үшін 450-500 мың рубль қаражат бөліну керек);

– Алматы облысының мемлекеттік архивін басқа жерге көшіру немесе жаңа ғимарат салу;

– Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар архиві қорында сақталған 260 мың метр киноқұжаттар жанғыш негізде болғандықтан, оларды жанбайтын негізге көшірмелеу жұмыстарын 4-5 жылдың көлемінде «Кинофильм» киностудиясында іске асыру. Бұл киноүлдірлер қазақ халқының 1921-1960 жылдар аралығындағы тарихи оқиғалар туралы аса құнды дереккөздері болып табылады.

– Алматы, Орал, Жезқазған, Талдықорған облыстарының мемлекеттік архивтерінің 20-дан астам филиалдарының ғимараттары құжаттарды сақтау үшін жарамсыз, сондықтан да жоғарыда аталған 4 облысқа және 6 филиалға (Алексеевка, Сарқанд, Урицкий, Фурманов, Шар, Шу) ғимарат салуды алдағы бесжылдық жоспарына енгізу [30, 1-3-пп.).

Осы ұсыныстар Орталық комитетінің бюросында арнайы қаралды. Республиканың Бас архив басқармасына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы С.Имашев, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы С.Такежанов, Қаржы министрі Р.Байсейітов қол қойған жауап хат 5 мамыр күні жіберілді [31, 3-п.]. Бижамал Рамазанқызының іскерлігінін арқасында архивтер техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ол туралы архив қызметкері М. Шаймерденова былай еске алады: «80-шы жылдары республикада бірінші болып «Ксерокс» импорттық көшіру-көбейту аппараты келіп түсті. Оған дейін құжаттарды фотографиялық және микрофильмдеу тәсілдерімен көшірдік. Бұл үрдіс, әсіресе техникалықпен конструкторлық

құжаттаманы калькаға қолмен ауыстырғанда және көшіру арқылы көбейту керек болған кезде өте ұзақ уақытты алатын. Сонымен қатар, жұмыс рәсімі өте күрделі және ыңғайсыз болды. Есімде, өз құжаттарын сапалы және көп шығару үшін архивке партияның орталық комитеті және министрлер кеңесі өтініш білдіретін» [17].

Ол басшылық жасаған кезеңде қысқа мерзім ішінде Целиноград, Маңғышлақ, Қызылорда облыстары архивтерінің ғимараты пайдалануға берілді, Шымкент мемлекеттік архивінің жаңа ғимаратының құрылысы басталды, сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Шымкент облыстарында мемлекеттік архивтерінің 3 филиалының архив қоймалары салынды.

Бижамал Рамазанова әрқашан бірегей құжаттардың сақталуына баса көңіл бөлді, нәтижесінде Мәскеу мен Новосібір комбинаттарымен шартқа қол қойылды, осыған сай XIX ғасырдың 20-жылдарындағы сирек кездесетін тарихи құжаттар жанбайтын негізге аударыла бастады: нитронегіздегі кинофото құжаттармен дыбыс жазбалар триацетат үлдіріне ауыстырылды. Нитронегіздегі құжаттарды жойылды, себебі, олар өрттің шығу көзі ретінде қауіп төндірді [17]. Сондай-ақ, оның қолдауымен сол кездері тапшыл болған микрофильмдеу және аса құнды құжаттардың сақтандыру қорын құру үшін импорттық жабдықтар орнатылды, осы салаға бөлінетін қаржы да қатаң әрі шектелген мөлшерде бөлініп отырды, ал архивтер үшін бұл қол жетімді емес еді [15]. Осыған қарамастан өзінің қайратты мінезімен, еңбекорлығымен мәселенің тиімді шешілу жолдарын тапты.

«Біздер мәдени игіліктердің мұрагеріміз» атты радиохабарға арнап берген сұхбатында «Республикада 15 мемлекеттік архивінің ғимараттары жаңадан салынды. Мемлекеттік архив жүйесін техникалық аспаптармен қамтамасыз ету ісі, атап айтқанда, құжаттарды қалпына келтіре алатын ғылыми негіздегі лабораторияның жұмысы жақсарды. Киноүлдірлер үшін магниттік қондырғыштар, фильм қарайтын аспаптар, құжаттарды қағаздан шағын таспаларға түсіретін және олардың ұзақ жыл сақтауын қамтамасыз ететін аппаратуралар алынды [32, 1-п.].

Құжаттарды сақтау мақсатында мұқабалау жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы, газет-журнал типографиялары, жергілікті типографиялардың көмегімен 50 мыңға жуық құжаттарды сақтайтын қораптар жасалды. Республика бойынша 500 мың бірлік іс мұқабаланып түптелген қораптарға салынып сақталды. Алдағы жылдармен салыстырғанда 240 мың бірлік іске артық жасақталды. Бас архив басқармасы архив қоры құжаттарының сақтық көшірмелерін сақтаудың оңтайлы шараларын қарастыру мақсатында қаражат бөлу мәселесін шешіп, 50 мың металл қорапқа тапсырыс берді. Қораптарға барлық сақтық көшірмелерімен қатар, 1982-1990 жылдарға арналған құжаттарды сақтау жоспарланды [33, 20-п.].

Архивтерді фотоқұжаттармен толықтыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Бижамал Рамазанова құжаттардың бұл категориясы, негізінен, газет, журнал редакцияларында жасалатынын, бірақ фототекалар бойынша жұмыс жүргізу үрдісі қалыптаспағандықтан көбінесе фототілшілер қолында қалатындығын, сондықтан мемлекеттік архивтердің негативтерді іріктеп ала алмайтынын айта келіп, осы мәселеге байланысты газет, журнал редакцияларына жарияланған суреттердің фототекасын жасау, кейін оларды мемлекеттік сақтауға өткізу туралы нұсқау-ұсыныс жасайды [34, 9-10-пп.].

1979 жылы өткен Қазақ КСР Бас архив басқармасының кеңейтілген алқалық мәжілісіне Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі С.О. Жандосов, орынбасары С.Т.Темірбеков, КСРО Бас архив басқармасы басшысының орынбасары Ф.М.Ваганов, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің ғылыми бөлімінің референті Л.Б.Шарипова және орталық, облыстық архивтердің ғылыми қызметкерлері қатысты. Алқалық мәжілісте Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқарамасының игі істерінің бірі тарихи құжаттарды сақтауға ерекше көңіл бөлініп отырғандығы және оның айғағы ретінде бірнеше облыстық мемлекеттік архив мекемелері үшін арнайы ғимараттардың салынғандығы айтылды. Архивтерге 450 мың іс, оның ішінде 3-4 мың киноқұжаттар, 21,9 мың фотоқұжаттар, 1,2 мың фоноқұжаттар, 15,5 мың ғылыми-техникалық құжаттар келіп түсті. 1975-

1978 жылдары, яғни 3 жылда 1258 мақалалар баспасөз бетінде жарық көрсе, 545 радио, 197 телехабарлар, 107 фотоқұжаттық көрме ұйымдастырылды, 35 плакат, альбом, буклет, брошюрлар дайындалды. Осы кезеңде мемлекеттік архивтердегі оқу залдарында 502 мың зерттеушілер ғылыми жұмыстармен айналысты [35, 89-п.]. Демек, Б.Р.Рамазановаңың қажырлы еңбегінің нәтижелері.

Бижамал Рамазанқызы отандық архивтану ғылымының дамуына да өзінің септігін тигізді. Архив мекемелерінің ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарын одан әрі жетілдіру мақсатында Бүкілодақтық құжаттану және архив ісінің ғылыми-зерттеу институтымен, КСРО Орталық мемлекеттік Халық шаруашылығы архиві, Орталық мемлекеттік қазан революциясы архивтерімен тығыз қарым-қатынас орнатылды. Мекемелердегі құжаттарды реттеу барысында мемлекеттік маңызы бар түрлі-түсті металлургия, геология, теміржол, көлік туралы мұраларды сала бойынша сақтауды қолға алды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде «История государственных учреждений КазССР (1920-1936 гг.)» [36] атты 17 баспа табақ анықтамалық 500 данамен жарық көрді.

1976 жылы Б.Рамазанова Вашингтонда өткен Халықаралық архившілердің конгресінің делегаты болса, 1980 жылы Лондондағы кезекті 9-шы Халықаралық архившілердің конгресінде баяндама жасады, Кеңес одағынан баяндама жасаған тек екі республика болды [37, 122-п.]. Архив ісінің мәселелеріне арналған баяндамасында ол бүкіл шетелді қазақ халқының тарихымен таныстырды.

Республикадағы архив мекемелерінде ғылыми-зерттеу және ғылыми- ақпараттық жұмыстарын сапалық жағын көтеру мақсатында аймақтық ғылыми- әдістемелік кеңестер құруды қолға алды. 1975 жылы алғаш рет Целиноград қаласында аймақтық ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Бұл кеңестің құрамына Орталық, Солтүстік Қазақстан облыстарының мемлекеттік архивтері кірді. Аймақтық ғылыми-әдістемелік кеңестердің пайда болуы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің қалыптасуына және архив ісінің әдістемелерін әзірлеуге елеулі үлес қосты.

Б.Рамазановаңың архив басқармасында қызмет атқарған кезеңі атаулы жылдармен тұспа-тұс келді, яғни Қазан революциясына 60 жыл, КСРО-ның құрылғанына 50 жыл, Ұлы Жеңіске 30 жыл, тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығына байланысты архив қорындағы құжаттар негізінде «Фронотвой привет тебе, Казахстан!», «В братским единстве», «Советы и ревкомы в Казахстане», «1971 год в Казахстане» т.б. құжаттар жинақтары жарық көрді [6, 128 б].

1979 жылғы 4 сәуірдегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Іс жүргізу мен архивтердің мәселелері республикалық байқауын өткізу туралы» өкіміне сәйкес, Б.Р.Рамазановаңың жетекшілігімен бірінші рет құжаттармен жұмыс істеуді жолға қою, іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесін, құжаттардың біріздендірілген жүйесін енгізу және республикадағы ведомстволық архивтердегі құжаттардың сақтау жағдайларын жақсарту бойынша ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Осы жылдары іс жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулықтар, еңбекші-депутаттар, колхоздар мен совхоздардың ауылдық аудандық кеңестерінің атқару комитеттерінің істер номенклатурасы әзірленіп, енгізілді. Осы шаралар мемлекеттік архивтерді толыққанды жинақтауға, іс жүргізудің жай-күйін және мекемелердегі құжаттармен жұмыс жасау мәдениетін жақсартуға ықпал етті [15].

1981 жылы алғашқы рет Бас архив басқармасының ұйымдастыруымен Жоғарғы және орта арнаулы білім министрлігі мен Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып, екі мәрте алқалық отырыс өткізілді. Өткізілген алқалық отырысының күн тәртібінде аталған министрліктерде іс жүргізу, құжаттармен жұмыс, министрлікке қарасты мекемелерде құжаттардың архивте сақталуы туралы маңызды мәселелер талқыланды. Бас архив басқармасы тарапынан 18 облыстағы архив мекемелеріне әдістемелік көмектер көрсетіліп, жұмыстары тексерілді. Сонымен қатар, республика көлемінде архивтер жүйесін жетілдірудің іс-шаралары жүзеге асырылды. Мысалы, Алматы қалалық мемлекеттік архиві, Алматы облысы мемлекеттік архивінің Ұзынағаш филиалы құрылды [30, 4-5 бб.].

1971-1975 жылдары мемлекеттік архив қызметкерлері 239 ақпараттық құжаттар дайындаса, ал 1975-1980 жылдар аралығында 449 ақпараттық құжаттар дайындауының өзі Б.Рамазановаңың архив саласындағы ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол екенін көрсетеді [14, 4 б].

Бижамал Рамазанқызы жас архившілерге әрайым қолдау көрсетіп, жұмысқа деген жоғары жауапкершілікті сезіндірді, жас мамандардың шығармашылық бастамасына сенімін қатайтып, көтеріп, ынталандыра білді. Оған дәлел мына мәлімет: 1976 жылы Қазақ КСР Бас архив басқармасының ұйымдастыруымен ғылыми жұмыстар байқауы өткізілді. 1977 жылдың наурыз айында байқаудың нәтижесі жарияланып, архив қызметкерлері М.Х. Абилова, Н.И. Байчиков, И.Н. Бухонова, В.И. Демин, С.Е. Черныхтың ғылыми жұмыстары марапатталды. 1975-1980 жылдары Қазақстан архив мекемелерінің қызметкерлері Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков, Рига, Баку қалаларындағы мемлекеттік архивтерінің микрофильм лабораториясы жұмыстарымен жан-жақты танысып, тәжірибе алмасты.

Сонымен, Б.Рамазановаңың республикада архив ісін өркендету бағытында атқарған қызметінің мол тәжірибесі жас архившілер үшін үлгі. Қазақ халқының мұрасы - архив қорларындағы құжаттарды келешек ұрпаққа сақтау мәселесіне ерекше назар аударып, оны іс жүзінде асыруда өзінің басқару шеберлігін танытқан қайраткер.

Қорытынды. Кеңестік жүйе жағдайында қоғамдық қайраткер ретінде қалыптасып, қазақ халқының мүддесіне қызмет етіп, парасаттылықпен, іскерлікпен және ұқыптылықпен әрекет жасап, байыпты шешім қабылдап, республикадағы архив ісінің дамуы мен өркендеуіне өзіндік үлес қосқан тұлғалардың бірі – Бижамал Рамазанқызы Рамазанова болып саналады.

1975-1982 жылдары Қазақ КСР Министрлер жанындағы Бас архив басқармасының басқарған кезінде архив құжаттарын сақтау, пайдалану және архивтерді құжаттармен толықтыру, аса құнды құжаттарды жинақтау, архив мекемелерінің материалдық-техникалық базасын күшейту, іс жүргізу, ведомстволық сақтау ісі сынды кезек күттірмейтін аса маңызды күрделі мәселелерін оңтайлы шешудің тиімді жолдарын іздестіріп, оны жүзеге асыруға ықпал етті.

Бижамал Рамазановаңың пікірінше құжаттық жад барлық уақытта және кез келген елде архив қызметінің басты нысаны. Оның «Архив – халықтың тарихи жадының дерек көзі және еліміздің болашағы» деген қағидасы бүгінгі күнде де өзектілігін және мәнін жоғалтқан жоқ.

Бижамал Рамазанқызы Рамазановаңың Қазақстандағы архив ісі саласындағы атқарған ерен еңбегі және оның өткен өмір жолы жастар үшін үлгі-өнеге болары анық. Оның мемлекеттік, қоғамдық-саяси қызметіне және шығармашылық мұрасына шынайы баға беру Б.Р. Рамазановаңың күнделікті өмір сүрген тарихи кезеңнің оқиғалары мен ерекшеліктерін, сол уақытта қалыптасқан интеллектуалды ортаны терең әрі жан-жақты зерттеуге ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Рамазанова Б.Ұмытылмас екі сапар: ой толғау. Алма-Ата: Қазақстан, 1965.67 б.

2 Рамазанова Б.Р. Өскелең елдің өркенді қыздары. Алматы: Білім, 1979.

3 Рамазанова Б.Р. Елім деп соққан жүректері. Ойтолғау. – Алматы, 2006. 240 б.

4 Рамазанова Б. Р. Тарихи кездесулер: естелік. Алматы: Дайк-Пресс, 2018. 399 б.

5 Рамазанова Б.Р. 60 лет Советскому архивному делу. Алма-Ата: Общество Знания,1978. 20 с.

6 Рамазанова Б.Р. Некоторые итоги и перспективы развития архивного дела в Казахской ССР // Советские архивы. 1977. №4. 128 с

7 Есенәлиев М. Топжарған ғұмыр // Егемен Қазақстан. 1997.17 шілде. 3 б.

8 Әбіласан Ә. Өмір жолы өнеге // Алматы ақшамы. 2002. 18 маусым. 3 б.

9 Әміренов Х. Бижамал биігі. Мемлекет, қоғам қайраткері Б. Рамазанова туралы // Жетісу. 2006. 10 маусым. 10 б.

10 Сеитова А. Сама Рамазанова // Байтерек. 2007. № 4. С.73-74.

11 Баратқызы А. Біздің Бижамал // Жетісу. 2007. 10 шілде. 3 б.

12 Аханбайқызы А. Ғибратты ғұмыр иесі // Егемен Қазақтан. 2017.7 тамыз. 4 б.

13 Алдабергенқызы Т. Бижамал Рамазанова // Ардагер газеті. 2008. 10 сәуір. 11 б.

14 Аққали А. Архив ісінің ардагері // Үшқоңыр. 2017. 1 қыркүйек. №35 (346). 4 б.

15 Чупров, 2017 – Чупров В. Жизнь посвященная людям // Огни Алатау. 2017. 26 июня. URL: https://ognialatau.kz/news/cat-11/327/ (дата обращения: 06.01.2026).

16 Умбетов, 2023 – Умбетов С. Личность с особым магнетизмом // Огни Алатау. 2023. 6 октября. URL: https://ognialatau.kz/news/cat-11/26676/ (дата обращения: 07.01.2026).

17 Шаймерденова, 2020 – Шаймерденова М. С судьбой страны свою судьбу сверяя // Казахстанская правда. 2020. 30 июня. URL: https://kazpravda.kz/n/s-sudboy-strany-svoyu-sudbu-sveryaya/ (дата обращения: 08.01.2026).

18 Грибанова, 2021 – Грибанова Е. Мемуары Б. Рамазановой «Исторические встречи»: прочтение архивистом // Ақпараттық-әдістемелік бюллетень. 2021. №1 (31). С.73-83.

19 Чиликова, 2024 – Чиликова Е.В. Р. К 100-летию Р. Кошкарбаева: источники о подвиге и награде Героя // Жаңа архив. Научно-методический журнал. 2024.Т.3.№2. С. 142-152.

20 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т (жалғасы)., 76-іс. 1-2-пп.

21 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 2-іс. 10-п

22 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 1-іс. 2-п

23 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 68-іс. 7-п

24 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 3-іс. 7-п

25 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 6-іс.

26 Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980 гг.). Сборник законодательных и руководящих документов. – Алма-Ата, 1980. – 310 с.

27 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 447-іс. 5-п.

28 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 132-іс.13-п.

29 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 591-іс. 73-п.

30 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 45-іс. 1-3-пп.

31 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 591-іс.3-п.

32 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 433-і. 1-п.

33 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 65-іс. 20-п.

34 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 451-іс. 9-10-пп.

35 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 65-іс. 89-п.

36 Государственные учреждения Казахской ССР. Справочник. Органы управления социально-культурным строительством, административно-политические органы и органы правосудия Казахской АССР (1920-1936 гг.) / под ред. Б.Р.Рамазановой, М.Ж.Хасанаева. – Алма-Ата, 1983. – 131 с.

37 ҚР Орталық мемлекеттік архиві, 997-қор. 1-т., 66-іс. 122-п.

References

1 Ramazanova B. Ūmytylmas ekı sapar: oi tolğau [Two unforgettable trips: contemplation]. Alma-Ata: Qazaqstan, 1965.67 p. (In Kaz.).

2 Ramazanova B.R. Öskeleñ eldıñ örkendı qyzdary [Prosperous girls of a growing country]. Almaty: Bılım, 1979. (In Kaz.).

3 Ramazanova B.R. Elım dep soqqan jürekterı. Oitolğau ["I don't know," I said. Contemplation] – Almaty, 2006. 240 p. (In Kaz.).

4 Ramazanova B.R. Tarihi kezdesuler: estelık [Historical meetings: a memoir]. Almaty: Daik-Pres, 2018. 399 p. (In Kaz.).

5 Ramazanova B.R. 60 let Sovetskomu arhivnomu delu [60 years of Soviet archival work]. Alma-Ata: Obschestvo Znaniya, 1978. 20 p. (In Russ.).

6 Ramazanova B.R. Nekotoryie itogi i perspektivyi razvitiya arhivnogo dela v Kazahskoy SSR [Some results and prospects of archival business development in the Kazakh SSR] // Sovetskie arhivyi. 1977. №4. 128 p. (In Russ.).

7 Esenäliev M. Topjarğan ğūmyr [A bright life] // Egemen Qazaqstan. 1997.17 şılde. 3 p. (In Kaz.).

8 Äbılasan Ä. Ömır joly önege [Life path to example] // Almaty aqşamy. 2002. 18 mausym. 3 p. (In Kaz.).

9 Ämırenov H. Bijamal bıgı. Memleket, qoğam qairatkerı B. Ramazanova turaly [Bijamal Heights. About the state and Public Figure B. Ramazanova] // Jetısu. 2006. 10 mausym. 10 p. (In Kaz.).

10 Seitova A. Sama Ramazanova [Ramazanova herself] // Bayterek. 2007. № 4. P.73-74. (In Russ.).

11 Baratqyzy A. Bızdıñ Bijamal [Our Bijamal] // Jetısu. 2007. 10 şılde. 3 p. (In Kaz.).

12 Ahanbaiqyzy A. Ğibratty ğūmyr iesı [The owner of an instructive life] // Egemen Qazaqtan. 2017.7 tamyz. 4 p. (In Kaz.).

13 Aldabergenqyzy T. Bijamal Ramazanova [Bijamal Ramazanova] // Ardager gazetı. 2008. 10 säuır. 11 p. (In Kaz.).

14 Aqqali A. Arhiv ısınıñ ardagerı [Veteran of the archival business] // Üşqoñyr. 2017. 1 qyrküiek. №35 (346). 4 p. (In Kaz.).

15 Chuprov V. Jizn posvyaschennaya lyudyam [A life dedicated to people] // Ogni Alatau. 2017. 26 iyunya. URL: https://ognialatau.kz/news/cat-11/327/ (дата обращения: 06.01.2026). (In Russ.).

16 Umbetov S. Lichnost s osobyim magnetizmom [A personality with a special magnetism] // Ogni Alatau. 2023. 6 oktyabrya. URL: https://ognialatau.kz/news/cat-11/26676/ (дата обращения: 07.01.2026). (In Russ.).

17 Shaymerdenova M.S. Sudboy stranyi svoyu sudbu sveryaya // Kazahstanskaya pravda. 2020. 30 iyunya URL: https://kazpravda.kz/n/s-sudboy-strany-svoyu-sudbu-sveryaya/ (дата обращения: 08.01.2026). (In Russ.).

18 Gribanova E. Memuaryi B. Ramazanovoy «Istoricheskie vstrechi»: prochtenie arhivistom [B. Ramazanova's memoirs "Historical meetings": reading by an archivist] // Ақparattyiқ-ədistemelik byulleten. 2021. №1 (31). P.73-83. (In Russ.).

19 Chilikova E.V. K 100-letiyu R. Koshkarbaeva: istochniki o podvige i nagrade Geroya [On the 100th anniversary of R. Koshkarbayev: sources about the Hero's feat and award] // Jaңa arhiv. Nauchno-metodicheskiy jurnal. 2024.T.3.№2. P. 142-152. (In Russ.).

20 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997 (continuation). Description 1. Case 76. P. 1-2.

21 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 2. P.10.

22 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 1. P.2.

23 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 68. P.7.

24 QR Ortalıq memlekettik arkhivi[Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 3. P.7.

25 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 6.

26 Arhivnoe stroitelstvo v Kazahskoy SSR (1918-1980 gg.). [Archival construction in the Kazakh SSR (1918-1980).] Sbornik zakonodatelnyih i rukovodyaschih dokumentov. – Alma-Ata, 1980. – 310 p. (In Russ.).

27 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 447. P.5.

28 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 132. P.13.

29 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 591. P.73.

30 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 45. P.1-3.

31 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 591. P.3.

32 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 433. P.1.

33 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 65. P.20.

34 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 451. P.9-10.

35 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 65. P.89.

36 Gosudarstvennyie uchrejdeniya Kazahskoy SSR. [State institutions of the Kazakh SSR] Spravochnik. Organyi upravleniya sotsialno-kulturnyim stroitelstvom, administrativno-politicheskie organyi i organyi pravosudiya Kazahskoy ASSR (1920-1936 gg.) / pod red. B.R.Ramazanovoy, M.J.Hacanaeva. – Alma-Ata, 1983. – 131 p. (In Russ.).

37 QR Ortalıq memlekettik arkhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Fund 997. Description 1.Case 66. P.122.

ӘӨЖ/УДК/ UDC 94(574) (092)
МРНТИ 03.20
https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.90.3.032

*С. Жуматай***[1], Г.К. Муканова*[2], С.У. Баяхметов*[3]

[1]докторант, НС, Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Астана, e-mail: kopeev95@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-9667-6205

[2] кандидат исторических наук, профессор, ВНС, Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Астана, e-mail: gulnar.mukanova1963@gmail.com
https://orcid.org/0000-0002-9222-5893

[3] доктор PhD, ВНС, Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Астана,
e-mail: bayakhmetserik@gmail.com
https://orcid.org/0000-0003-4527-6900

КАЗАХИ - ВЫПУСКНИКИ МЕДРЕСЕ БУХАРЫ, ЦЕЛИТЕЛИ КОНЦА XIX - НАЧАЛА XX ВВ. ШАЙМЕРДЕН КОСШЫГУЛОВ

Аннотация

Введение. Изучение истории формирования целительской практики в степных областях Казахстана в новое время актуально в свете выявления новых данных о ее реализаторах, в сравнении с ранее известными фактами. *Цели и задачи.* Реконструировать исторические этапы формирования школы степного казахского целительства в условиях российского владычества в Центральной Азии на примере конкретных лиц, владевших даром целительства. *Материалы и методы.* В ходе исследований были выявлены и подвергнуты критическому анализу нарративные устные источники, архивные материалы и дореволюционные и советские издания, а также другие документы. Методика изучения характеризуется применением классических приемов анализа и синтеза, дедукции и индукции, принципа историзма и др. *Результаты.* Исследование позволило выявить определенную взаимосвязь между учебой казахских подростков в медресе Бухары и – проявлении целительских способностей указанных выпускников в отношении сородичей, по возвращении в родные края. *Выводы.* В имперский

период имеются определенные свидетельства складывания школы степного казахского целительства, к которой следует отнести казахских выпускников медресе Бухары, вклад которых в сохранение здоровья населения недооценивался и при жизни, и в советский период. Данный аспект истории отечественного здравоохранения достоин глубокого изучения и увековечения имен тех, кто способствовал сохранности здоровья и численности казахского этноса при отсутствии официальных медицинских стационарных служб.

Ключевые слова: история, Центральная Азия, казахи, медресе, Бухара, степное целительство, здоровье, этнос, тауипы

Благодарность: *Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования проекта AP26197075 «История целительства и народной медицины Казахстана XIX – начала XX вв.»*

С. Жұматай[1], Г.Қ. Мұқанова[2], С.У. Баяхметов[3]*

[1]докторант, ҚР ҒЖБМ Тарих және этнология институтының филиалы, ғылыми қызметкер, Қазақстан, Астана,
e-mail: kopeev95@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-9667-6205

[2]Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР ҒЖБМ Тарих және этнология институтының филиалы, Қазақстан, Астана,
e-mail:gulnar.mukanova1963@gmail.com
https://orcid.org/0000-0002-9222-5893

[3]PhD докторы, ҚР ҒЖБМ Тарих және этнология институтының филиалы, Қазақстан, Астана,
e-mail:bayakhmetserik@gmail.com
https://orcid.org/0000-0003-4527-6900

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БҰХАРА МЕДРЕСЕЛЕРІН БІТІРГЕН ҚАЗАҚ ТҮЛЕКТЕРІ, ЕМШІЛЕР. ШАЙМЕРДЕН ҚОСШЫҒҰЛҰЛЫ

Аңдатпа

образования, механизмы формирования профессиональных компетенций будущих учителей и вопросы методической подготовки в преподавании исторических знаний. Кроме того, рассматривается взаимосвязь теоретической и практической подготовки в обучении учителей истории, содержание учебных планов и образовательных программ. В ходе исследования было установлено, что основными компонентами системы профессиональной подготовки в высшем учебном заведении являются теоретические знания, педагогический опыт, научно-исследовательская работа и методическая подготовка. Помимо научных основ исторических знаний, важную роль в формировании профессиональной компетентности студентов в университете играют развитие современных педагогических технологий, критического мышления и исследовательских навыков. В статье описаны основные факторы, способствующие профессиональному формированию учителей истории. Одновременно предлагаются направления совершенствования системы высшего педагогического образования и повышения квалификации будущих учителей истории. Результаты исследования позволят улучшить содержание подготовки учителей истории в высших педагогических учебных заведениях и повысить эффективность системы педагогического образования.

Ключевые слова: история, педагогика, университеты, преподавательский состав, профессиональный, высшее образование, компетентность, опыт.

Duisenbaikyzy A.

PhD Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: aitolkynduisenbaikyzy@gmail.com

THE PROCESS OF PROFESSIONAL TRAINING OF HISTORY TEACHERS IN THE SYSTEM OF HIGHER PEDAGOGICAL EDUCATION (ON THE EXAMPLE OF ABAY KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY)

Abstract

The article considers the history, stages of development and features of the process of professional training of history teachers in the system of higher pedagogical education. The object of the study was the experience of training future history teachers at the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. The work analyzes the content of pedagogical education, mechanisms for forming professional competencies of future teachers, and methodological training issues in teaching historical knowledge. In addition, the interrelationship of theoretical and practical training in the training of history teachers, the content of curricula and educational programs are considered. During the study, it was determined that the main components of the professional training system in a higher educational institution are theoretical knowledge, pedagogical experience, research work, and methodological training. In addition to the scientific foundations of historical knowledge, the development of modern pedagogical technologies, critical thinking, and research skills play an important role in the formation of students' professional competence within the university. The article describes the main factors contributing to the professional formation of history teachers. At the same time, directions for improving the system of higher pedagogical education and increasing the professional training of future history teachers are proposed. The results of the study will allow us to improve the content of history teacher training in higher pedagogical educational institutions and increase the effectiveness of the pedagogical education system.

Keywords: history, pedagogy, universities, teaching staff, professional, higher education, competence, experience.

Кіріспе. Кез келген мемлекет пен қоғамның тарихи дамуында халық ағарту ісі мен педагог кадрларды даярлау мәселесі ерекше стратегиялық маңызға ие болып келеді. Себебі білім беру жүйесінің сапасы елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтауда, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда білім беру жүйесі қоғамның өркениеттік деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, қоғам дамуының әр кезеңінде білім беру мазмұны мен оны жүзеге асыратын педагог кадрлардың кәсіби даярлығы уақыт талабына сәйкес жаңартылып, жетілдіріліп отырған.

Жоғары білім беру жүйесін жетілдіру мен оның мазмұнын жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі – мамандарды кәсіби даярлау үдерісін ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу болып табылады. XX ғасырдан бастап педагог кадрларды даярлау жүйесі құрылымдық, мазмұндық және ұйымдастырушылық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырады.

Кеңестік кезеңде қалыптасқан пәндік-бағдарлы мамандар даярлау жүйесі ұзақ уақыт бойы білім беру саласының негізгі моделі ретінде қызмет атқарды. Бұл жүйеде болашақ мұғалімдердің белгілі бір пән бойынша терең теориялық білім алуына басымдық берілді. Алайда уақыт өте келе қоғамның әлеуметтік сұраныстары мен білім беру саласындағы жаһандық өзгерістер педагог кадрларды даярлау жүйесін қайта қарастыруды талап етті. Нәтижесінде тәуелсіздік кезеңінде ұлттық білім беру жүйесі халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу үдерісімен қатар жаңартылып, білім беру мазмұны жаңа талаптарға сәйкес жетілдіріле бастады. Осы тұрғыдан алғанда тарих пәні мұғалімдерін даярлау мәселесі ерекше маңызға ие. Себебі тарих пәні жас ұрпақтың ұлттық тарихи санасын қалыптастыруда, тарихи жадты сақтауда және азаматтық-патриоттық құндылықтарды орнықтыруда маңызды қызмет атқарады. Тарихты оқыту арқылы қоғамның өткен тәжірибесі сараланып, ұлттық бірегейлік пен тарихи сабақтастық мәселелері айқындалады. Сондықтан тарих пәні мұғалімдерін даярлау үдерісі тек педагогикалық білім берумен ғана шектелмей, болашақ мамандардың ғылыми-тарихи ойлау қабілетін дамытуға, тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдай алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Қазақстан Республикасында мұғалім кадрларын даярлау жүйесі әр тарихи кезеңде өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Ресей империясы кезеңінде педагог кадрларды даярлау жүйесі негізінен мұғалімдер семинариялары арқылы жүзеге асырылды. Алайда бұл жүйеде бірқатар құрылымдық және мазмұндық мәселелер орын алды. Атап айтқанда, мұғалімдер семинарияларына дайындық деңгейі төмен талапкерлердің қабылдануы, оқу бағдарламаларында аймақтық ерекшеліктердің жеткілікті дәрежеде ескерілмеуі, мұғалімдердің материалдық жағдайының төмендігі салдарынан олардың басқа қызмет салаларына ауысуы, сондай-ақ оқу орнын тәмамдаған түлектердің ауылдық жерлерде қызмет атқарудан бас тартып, қалалық аймақтарда қалуға ұмтылуы сияқты мәселелер кеңінен байқалды. Бұл жағдайлар педагог кадрлар тапшылығының сақталуына және білім беру жүйесінің тиімділігіне кері әсерін тигізді.

Мұғалімдер семинариялары Ресей империясының Халық ағарту министрлігінің қарамағында болып, олардың қызметі мемлекеттік білім беру саясатының аясында ұйымдастырылды. Аталған оқу орындарын қаржыландыру мемлекеттік қазына және жергілікті басқару органдарының қаражат көздері есебінен жүзеге асырылды. Бұл өз кезегінде мұғалімдер даярлау жүйесінің орталықтандырылған сипатта дамуына ықпал етті [1, 715-б.].

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог кадрларды сапалы даярлау мәселесі ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие болып отыр. Жаһандану үдерісі, білім беру кеңістігінің кеңеюі, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және білім беру мазмұнының жаңаруы педагог кадрларды даярлау жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, олардың ғылыми-теориялық даярлығын жетілдіру және педагогикалық қызметке бейімдеу мәселелері қазіргі жоғары білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда XX ғасырдағы Қазақстандағы жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тарих мұғалімдерін

кәсіби даярлау үдерісінің қалыптасуы мен даму тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерттеу ерекше өзектілікке ие.

Кеңестік кезеңде мұғалімдер даярлау жүйесі педагогикалық институттар мен университеттердің тарих факультеттері арқылы жүзеге асырылып, олардың оқу бағдарламалары бірыңғай мемлекеттік стандарттар негізінде қалыптастырылды.

XX ғасырдың 30–50-жылдарында Қазақстанда педагогикалық жоғары оқу орындарының желісі қалыптаса бастады. Бұл кезеңде педагогикалық институттарда тарих пәні мұғалімдерін даярлау ісі жүйелі түрде жүргізіліп, оқу бағдарламаларына жалпы тарих, КСРО тарихы, Қазақстан тарихы, археология, этнография, тарихты оқыту әдістемесі сияқты пәндер енгізілді. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында педагогикалық практика маңызды орын алды. Педагогикалық практика арқылы студенттер мектеп жағдайында сабақ жүргізу, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру және оқушылардың тарихи білімін қалыптастыру дағдыларын меңгерді.

1960–1980-жылдары жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде белгілі бір дәрежеде тұрақтылық қалыптасып, тарих пәні мұғалімдерін даярлау ісі мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан жетілдіріле түсті. Бұл кезеңде тарих ғылымының дамуы, мектеп бағдарламаларының жаңартылуы педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларының мазмұнына да әсер етті. Сонымен қатар тарихты оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізіліп, тарих пәнін оқытудың дидактикалық негіздері қалыптасты. Осылайша XX ғасырдағы Қазақстандағы тарих пәні мұғалімдерін даярлау тәжірибесін зерттеу қазіргі педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде маңызды ғылыми-әдіснамалық негіз бола алады. Өйткені тарихи тәжірибені талдау арқылы педагог кадрларды даярлау жүйесінің эволюциясын анықтап, оның тиімді және әлсіз тұстарын саралауға мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тарих пәні мұғалімдерін даярлаудың мазмұнын жаңарту, әдістемелік негіздерін жетілдіру және ұлттық білім беру моделін дамыту бағытында маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында Қазақстандағы жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихына қатысты ғылыми еңбектер, диссертациялық зерттеулер, оқу-әдістемелік еңбектер және тарихи-танымдық басылымдар құрайды. Зерттеу барысында Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы, педагог кадрларды даярлау мәселелері, тарихи білімнің қалыптасуы және тарих пәні мұғалімдерін кәсіби даярлау ерекшеліктері қарастырылған ғылыми еңбектер кеңінен пайдаланылды.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің даму тарихы мен әлеуметтік-мәдени алғышарттарын талдауда К.К. Кунантаеваның [2] Қазақстандағы әйелдер білімінің дамуына арналған зерттеуінің ғылыми маңызы зор. Бұл еңбекте XX ғасырдың алғашқы жартысындағы білім беру жүйесіндегі әлеуметтік өзгерістер, соның ішінде педагогикалық кадрларды даярлау ісіндегі гендерлік ерекшеліктер қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстандағы жоғары білім мен ғылым саясатының қалыптасуы мәселелері Х.М. Әбжанов пен Ғ.Қ. Кенжебаевтың [3] еңбегінде жан-жақты талданған.

Қазақстандағы педагогикалық теорияның қалыптасу тарихы мен даму бағыттары А.Н. Ильясованың зерттеуінде кеңінен қарастырылып, педагогикалық білім беру жүйесінің теориялық негіздері айқындалған [4]. Ал Қ.Қ. Құнапинаның [5] еңбегінде Қазақстан ғылымының даму тарихына қатысты мәселелер талданып, ғылыми кадрларды даярлау мен ғылым жүйесінің қалыптасуы туралы маңызды мәліметтер берілген.

Педагогикалық және мәдениет саласының мамандарын даярлау тәжірибесін зерттеуде С.Х. Байдильдинаның [6] және Г.К. Балахметованың [7] еңбектері пайдаланылды. Бұл зерттеулерде Қазақстандағы педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінің тарихи аспектілері мен институционалдық дамуы қарастырылған. Сонымен қатар, мектептегі тарихи білім беру мазмұны мен әдістемелік негіздерін талдауда Т.Т. Тұрлығұлдың еңбегі маңызды дереккөз ретінде қолданылды [8].

Қазақстандағы тарихи білімнің қалыптасуы мен даму үдерісін зерттеуде Б.Т. Берлібаевтың [9] ғылыми еңбегі маңызды орын алады. Автордың зерттеуінде 1920-2000 жылдар аралығындағы тарихи білім беру жүйесінің эволюциясы, тарихшы мамандарды даярлау ерекшеліктері мен ғылыми бағыттары талданған.

Зерттеу барысында қазіргі кезеңдегі болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселелерін Қырғыз Республикасы мысалында қарастыру мақсатында М.А. Мураталиеваның ғылыми мақаласы пайдаланылды [10]. Бұл еңбекте қазіргі білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің даму тарихына қатысты «Абай университеті. 90 жылдық тарихынан» [11] және «Тарихтың тағылым айдыны» [12] атты ғылыми жинақтар зерттеудің маңызды дереккөздері ретінде қолданылды. 2024 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының педагогикалық кадрларын даярлау тарихын зерттеуде Г.К. Астеместің «ҚазПИ педагогикалық кадрларының тарихын зерделеу (1970–1991 жж.) контекстінде болашақ мұғалімдерді дайындауда цифрлық технологияларды енгізудің әдістемелік негіздері» атты PhD диссертациясы маңызды ғылыми дереккөздердің бірі болып табылады [13]. Зерттеу жұмысында 1970-1991 жылдар аралығындағы ҚазПИ-де педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінің тарихи тәжірибесі талданып, сол кезеңдегі оқу үдерісінің құрылымы, оқытушылар құрамының қалыптасуы және болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мазмұны қарастырылған. Аталған еңбектерде университеттің қалыптасу кезеңдері, тарих факультетінің дамуы, профессорлық-оқытушылық құрамының қалыптасуы және тарихшы мамандарды даярлау тәжірибесі туралы құнды мәліметтер берілген.

Зерттеу барысында тарихи-ғылыми талдау, салыстырмалы-тарихи, жүйелік талдау, деректік талдау және хронологиялық әдістер қолданылды. Тарихи-ғылыми талдау әдісі арқылы жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдері анықталды. Салыстырмалы-тарихи әдіс Қазақстандағы педагогикалық кадрларды даярлау тәжірибесін әртүрлі кезеңдерде салыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. Жүйелік талдау әдісі жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау процесін кешенді түрде қарастыруға жағдай жасады. Ал хронологиялық әдіс зерттеу барысында тарихи процестердің даму кезеңдерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап тарих пәні мұғалімдерін даярлау ұлттық көзқарас тұрғысынан жаңартыла бастады. Осыған байланысты жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері мен практикалық бағыттары жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Осы негізде ғылыми мақаланың мақсаты – XX-XXI ғасырлардағы Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің мазмұндық, құрылымдық және әдіснамалық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдау және оның тарихи эволюциясын айқындау деп анықталды.

Кез келген қоғамда педагогикалық оқу орындарының негізгі мақсаты – білімді, білікті мұғалім дайындауды мақсат тұтады. Кәсіби педагог мамандарын дайындау тарихында әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған сұрақ бар, ол – «кәсіби деңгейі жоғары мұғалімді қалай дайындауға болады?»,-деген мәселе. Білім алушы шәкірттердің этноұлттық, этнодіни құрамы мен оқуға қабылдау жүйесінде ерекшеліктер болғанын атап өткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда Ресей империясының өңірлік аймақтарда тарих мұғалімдерін дайындау тарихы мен тәжірибиесін талдау, білім беру жүйесі мен аймақтық ерекшелігі, мамандар әлеуеті, материалдық-техникалық базасы, оқу-тәрбие үрдісі мен мұғалім мамандарын даярлау механизмін зерттеу қазіргі күннің талабынан да өзекті. Әр түрлі кезеңдегі білім беру жүйесінің әлеуетін байланыстыратын және бұл үрдістің қалыптасу деңгейінің Отандық тарихнамада зерттелмегенін ескерсек, жұмыстың өзекті тақырыпты зерттеуге арналғандығын тағы да нақтылай түседі.

Қазақстандағы педагог кадрларды даярлаудың жетекші орталықтарының бірі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті тарих мұғалімдерін даярлау ісінде үлкен

тәжірибесі бар білім ордасы. Университеттің көпжылдық тарихы, оқу-әдістемелік базасы мен ғылыми мектептері еліміздегі педагогикалық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. 2018 жылы Абай университетінің 90-жылдық мерейтойына арналған кітаптың алғы сөзінде: «Алғашқы қазақ жоғары оқу орнын ұйымдастырушылардың түсінігінде ол жоғары білімді педагог кадрлар даярлайтын оқу орны болуымен қатар қоғамда ғылыми ізденістерді өрістететін ғылыми орталыққа айналуы тиіс еді» [4-б.], - деген сөзден жоғары және орта оқу орындары үшін оқулықтар мен педаг ог кадрлар қалыптастырушы білім ордасына айналу міндетін орындағаны белгілі. Осыған байланысты мақалада XX-XXI ғасырлардағы Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің мазмұндық, құрылымдық және әдіснамалық ерекшеліктері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұдан әрі – Абай атындағы ҚазҰПУ) тәжірибесі негізінде қарастырылады.

Аталған оқу орнының білім беру мен маман даярлаудағы қызметіне қатысты ғылыми-педагогикалық еңбектерге жасалған талдау негізінде бұл үдерісті 3 тарихи кезеңге бөліп сипаттаймыз:

1-кезең. Қалыптасу кезеңі (1928-1939 жж.). Бұл кезеңде Қазақстанда кәсіби педагог кадрларын даярлау жүйесінің негізі қаланды. 1928 жылы ҚазПИ-де тарих-экономика бөлімшесі ашылып, алғашқы студенттер қабылданды. 1931 жылы алғашқы 21 түлек даярланып шықты. Бұл кезеңде тарих мамандарына «орта мектеп мұғалімі» емес, техникумдар мен жұмысшы факультеттеріне арналған тарих-экономика пәнінің оқытушысы біліктілігі берілді. 1934 жылы институт құрылымында тарих-география факультеті ашылды. Осы кезеңде тарих мамандарын даярлаудың алғашқы оқу жоспарлары мен бағдарламалары қалыптасты.

2-кезең. Кеңестік идеологиялық білім беру жүйесі кезеңі (1940-1980 жж.). Бұл кезеңде тарих мұғалімдерін даярлау үдерісі тез қарқын алды. Оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізіле бастады. 1950-1960 жылдары педагогикалық білім беру жүйесі кеңейіп, оқу мерзімі 5 жылға дейін ұзартылды. Институттың материалдық-техникалық базасы нығайып, профессор-оқытушылар құрамы қалыптасты. Тарих факультетінде «Қазақ КСР тарихы», «Жалпы тарих», «КСРО тарихы», «Тарих және қоғамтануды оқыту әдістемесі» кафедралары жұмыс істеп, болашақ тарих мұғалімдерін даярлау жүйесі тұрақты сипат алды.

3-кезең. Жаңару және ұлттық мазмұнның қалыптасу кезеңі (XX ғасырдың 90-жылдары). Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тарих мұғалімдерін даярлау мазмұны түбегейлі өзгеріске ұшырады. Білім беру жүйесінде ұлттық тарихты оқытуға басымдық беріліп, жаңа оқу бағдарламалары мен әдістемелік бағыттар қалыптасты. Тарихшылардың ғылыми зерттеулері кеңейіп, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары енгізілді. Университет еліміздегі жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының бірі ретінде тарих мұғалімдерін даярлаудың ғылыми-әдістемелік орталығына айналды.

Талқылау. Кеңестік кезеңде тарих мұғалімдерін даярлау идеологиялық бағытта жүргізілді. Әзірленген оқу бағдарламалары, пәндер құрамы мен оқу мазмұны маркстік-лениндік теорияға негізделіп, КСРО тарихын басым оқытуға бағытталды. Оны бір мысалы ретінде Қазақстандағы педагог кадрларды даярлаудың жетекші орталықтарының бірі болған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұрынғы Қазақ мемлекеттік университеті) 1920-1930 жылдар кезеңінде оқу бағдарламасына жасалған талдауда Х. Досмұхамедовтың пікірі ұсынылған. Онда: «... ең өзекті мәселенің бірі – қазақ тобының білім деңгейін қоғамтану ғылымдары арқылы, орыс-қазақ тілдерін бірдей меңгерту арқылы көтеруге болады», - деген тұжырымға келуі тегін емес-ті. Қазақтың тарихын студент жастарға дұрыс жеткізуді мақсат етті. Алайда қоғамтану пәндеріне бөлінген сағат көлемін орталық белгілеген мөлшерден асыруға болмайтын да еді [11, 41-б.].

Кеңестік кезеңдегі мектеп және жоғары білім беру жүйесіндегі оқу бағдарламасы тарих пәні бойынша қабылданбай, 1921 жылы «қоғамтану» курсы ретінде енгізілді. Бұл процесс 1930 жылдарға дейін жалғасты. Кейіннен тарихты оқыту әдістемесінде жаңа этап басталып, тарих

оқытылатын пәнге айналды. 1933 жылдың жазында тарих бойынша бағдарламалар шығарылса, 1939 жылы тарих жалпы және КСРО тарихы пәні бойынша бағдарламалар жаңартылды [8, 56-б.]. Бұл мәселеде Б.Т. Берлібаевтың ғылыми зерттеу жұмысында 1935 жылы Бүкілодақтық тарихшылар кеңесінде «ЖОО-ның студенттеріне, орта мектеп оқушыларына, аспиранттарға КСРО тарихы мен жалпы тарихтан дәріс берудегі оқу жоспарының үлгілік жобалары, тарихшылар даярлаудың құрылымдық ұстанымдары, ЖОО-ның ережелері, тарихтан сабақ берудің әдіс-тәсілдері т.б тарихи білімге қатысты мәселелер көтеріліп, оның шешімдері, шын мәнінде, КСРО тарағанша басшылыққа алынды»,-деп нақтыланады. Алайда, 1959 жылғы 3-қазанда КСРО Министрлер Кеңесінің «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» қабылданған қаулысында одақтас республикалардың тарихын оқыту қажеттігі мен оның маңызы атап көрсетілді. Бірақ бәрібір, бұл қаулының шешімінің орындалу нәтижесінде де одақтас республикалар тарихына, оның ішінде Қазақстан тарихына да, КСРО тарихының жанынан берілген қосалқы «мәртебеден» басқа өзгеріс бола қойған жоқ болатын [9, 5-б.].

Соғысқа дейінгі жылдарда ҚазПИ профессор-оқытушылар құрамы мен ұжымының абырой-беделі асқақтай түсті. Институт орта мектептердің білікті мұғалімдерін даярлап шығара бастады, мамандар даярлаудың сапасы анағұрлым жақсарды, студент шәкірттерді оқытып-тәрбиелеудің салауатты, салиқалы дәстүрі қалыптасты. Тіл мен әдебиет, тарихқа қоса жаратылыстану ғылым-дары саласы бойынша да алғашқы зерттеулер жүргізілді. Сөйтіп, 1930-жылдардың аяқ кезінде тәжірибені жинақтауы, материалдық-техникалық базаның нығайтылуы, білікті ғылыми-педа-гогикалық кадрлар қатарының көбеюі жағынан ҚазПИ-дің оқу-ғылыми орталығы ретінде рөлі өлшеусіз өсті [12, 24-б.].

1928 жылы ҚазПИ-дің тарих-экономика бөлімшесіне 1928 жылы қыркүйек-қазан айынан бастап оқу қатарына студенттер қабылданып, оқу үдерісінде тарих пәнін жүргізу іске асырылады бастады. 1931 жылы 27 желтоқсанда тарих-экономика бөлімшесі өзінің алғашқы 21 студентін (18 ұл, 3 қыз) түлетіп ұшырды. Олар институтты 1931 жылы 27 желтоқсанда аяқтап, жоғары білім туралы куәліктерін 1932 жылы 15 тамызда алды. Сол кездегі тарих-экономика бөлімін бітіруші-лерге берілген біліктілік орта мектеп мұғалімі деңгейінде емес, техникум, училище, жұмысшы факультеттеріне арнайы дайындалған тарих-экономика пәнінің «оқытушысы» дәрежесінде берілгендігін ерекше атап өткеніміз абзал. Бұлар республиканың ағарту саласы үшін даярланған, ҚазМПИ-ден түлеп ұшып, өмірге жолдама алған тұңғыш тарихшы мамандар еді [12, 55-б.].

Кейіннен осы түлектердің арасынан республикаға еңбегі сіңген үздік ұстаз – С. Карпунин, осы оқу орнында түлектер арасынан оқытушылық қызмет атқарған тарихшылар – С. Бақшылов, Е.Ақылбеков, А. Баймурзин, Б. Аспандияров, сырттай оқитын бөлімнің директоры қызметін атқарған – Мұхтар Жанғалин сынды азаматтардың педагог мамандарды тәрбиелеп, оқытуға қосқан үлестері зор.

ҚазПИ-дің Тарих факультетінің жеке факультет ретінде қалыптасуы 1934 жылдан бастала-ды. Жоғарыда жазылғандай тарих-экономика бөлімшесі 1934 жылға дейін педагогикалық институттың құрамындағы бөлімше еді. Кейіннен ҚазМПИ директоры Ш.Х. Сакаевтың 1934 жылғы 22 қыркүйектегі №137 бұйрығы негізінде тарих-география факультеті ретінде құрылды және алғашқы деканы болып Сандар Жағыпарұлы Асфендияров тағайындалды [12, 57-б.]. Осы кезден бастап жаңадан ашылған факультетте тарих мамандарын даярлаудың жаңа оқу жоспары мен бағдарламасын әзірлеудің жұмыс тобы құрылды және оның С. Асфендияров басқарды.

1934-1935 оқу жылында факультетте барлығы 3 курс, әрбір курс 1 топтан құрылды. Студенттер факультет құрамындағы тарих және география сынды 2 бөлімшеде оқыған. Соның ішінде тарих бөлімшесінде 1 курста – 22, 2 курста – 16, 3 курста – 13 студент, барлығы 51 студент білім алды. Бұл студенттердің білім алуы бойынша аз сандық көрсеткіш еді.

1934-1935 оқу жылынан бастап осы жағдайды ескере отырып, оқытуды 4 жылдық мерзімге ауыстырды. Студент санының азаюына қатысты мәселелерді шешу мақсатында факультет деканы Х.М. Әділгереев оқытушы-профессорлардан құралған арнайы топ ұйымдастырып,

республиканың басқа да қала мектептеріне кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу мақсатында іссапарға жіберілді. Жаңа оқу жылында тарих факультетінің 1-курсына 30 студент, оның ішінде 29 ұл, 1 қыз оқуға қабылданды.

1935 жылдан бастап тарих факультеті өз алдына жеке факультет болып қайта құрылды. 1937-1938 оқу жылында факультет тарихындағы айтулы жылдардың бірі ретінде алғаш рет 16 түлегін ұядан ұшырды [12, 61-б.].

1948 жылы институттың 20 жылдық мерейтойы тойланған айтулы жылдардың бірі болып саналды. Мерейтой қарсаңында тарих факультетінің 34 түлегі (15 ұл, 19 қыз) оқуды аяқтап, қолдарына жоғары білім туралы дипломдарын алды [12, 72-б.].

XX ғасырдың 50-жылдары Қазақ КСР халық ағарту жүйесінің дамуында жаңа кезең басталды. Мұғалім кадрларын даярлау ісінің эволюциясы, атап айтқанда екі жылдық оқу мерзімі бар мұғалімдер институттарының толыққанды оқу бағдарламасы жүзеге асырылатын педагогикалық жоғары оқу орындары мәртебесіне көтерілу үдерісі қарқынды жүргізілді.

Қазақ КСР мектептері үшін педагог кадрларын даярлаған жоғары оқу орындары қызметінің жаңа кезеңі оқу үдерісінде ғана емес, саяси-идеологиялық бағытта да тиісті өзгерістер енгізуді талап етті. Педагог кадрлар даярлайтын оқу орындарының материалдық-техникалық базасы, оқу-әдістемелік және мәдени-ағартушылық қызметі, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі біртіндер көтеріле бастады.

1953-1954 оқу жылында тарих факультетінде 34 студент (32 ұл, 2 қыз) оқуды аяқтап, тарихшы мамандығын алды. Бұл кезде оқытушылар құрамы доцент А.В. Муротовский, аға оқытушылар Т.Ә. Көшкінбаева, Б.Ш. Шымырбаева тәрізді жас мамандармен толықты.

1930-1950 жылдар аралығында тарих факультетіндегі студенттер саны мен олардың гендерлік құрамы әртүрлі өзгерістерге ұшырады. Төмендегі кестеде тарих факультетінің студенттер құрамына қатысты мәліметтер ұсынылған.

Кесте 1 – Тарих факультетінің түлектеріне қатысты мәлімет

Жыл	Студент саны	Өзгеріс
1931	21	Бастапқы кезең
1934–1935	51	+30 студент (айтарлықтай өсім)
1937–1938	16 түлек	Бітірушілер саны аз
1948	34 түлек	Соғыстан кейінгі кезеңде өсу
1953–1954	34 түлек	Тұрақты деңгей сақталған

1930-жылдардың басында факультет енді ғана қалыптасу кезеңін бастан өткеріп, студенттер саны салыстырмалы түрде аз болды. 1931 жылы алғашқы түлектер саны 21 студентті құраса, олардың басым көпшілігі ер студенттер болды (85,7%). 1934–1935 оқу жылында факультеттегі студенттер саны 51-ге жетіп, айтарлықтай өсім байқалды. Бұл кезеңде жоғары білім жүйесінде ер студенттердің үлесі өте жоғары болды. Ал 1948 жылы жағдай біршама өзгеріп, тарих факультетін тәмамдаған 34 түлектің ішінде қыз студенттердің үлесі 55,9%-ға жетіп, ер студенттерден жоғары болды. Бұл соғыстан кейінгі кезеңде әйелдердің жоғары білім алу мүмкіндіктерінің кеңейгенін көрсетеді. Алайда 1953–1954 оқу жылында гендерлік құрылым қайтадан өзгеріп, ер студенттердің үлесі 94,1%-ға дейін өсті. Жалпы алғанда, 1930–1950 жылдар аралығында факультеттегі студенттер саны біртіндеп өсті. Дегенмен, 1953-1954 оқу жылында қайтадан ер студенттердің үлесі 94,1%-ға дейін өсіп, факультеттегі гендерлік құрамның тұрақсыз динамикасын көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеліп отырған кезеңде студенттер санының біртіндеп артуы және 1940-жылдардың соңында тұрақты деңгейге жетуі тарих факультетінің институционалдық тұрғыдан қалыптасу процесін айқындайды.

1940 жылдың аяғы мен 1950 жылдың алғашқы жартысы республикада саяси қуғын-сүргіннің жанданған кезі еді. Енді адамдар саяси себеппен ғана емес, өздерінің еңбектері үшін де

жауапкершілікке тартылды. Осындай саяси қуғын-сүргін жылдарында өз ұстанымынан таймағаны үшін 1951 жылы «КСРО тарихы» кафедрасының меңгерушісі Х.М. Әділгереев Шымкент қаласына жер аударылып, «Шымкент мұғалімдер институтында» доцент, Марксизм-ленинизм кешкі институтының тарих кафедрасы меңгерушілігін арқарды [12, 71-б.].

Х. Әділгереев – қоғам өмірінің барлық салалары үшін тарихшы мамандар даярлап, жоғары мектеп ісін ұйымдастыруға зор үлес қоса білген тарихи тұлғаның бірі. 1934 жылы 17 қазанда «тарих-география» факультетін басқару тізгінін қолына алысымен тарихи білім беру ісіне ұйытқы бола жүріп, тарих факультетін аяғынан тік тұрғызуға бар күшін салды.

Х.М. Әділгереев 1934-1939 жылдары тарих факультетінде декан болумен қатар, 1937 жылы 1 желтоқсанда құрылған «КСРО тарихы» кафедрасына алғаш меңгеруші болып тағайындалып (бұйрық №1-278, 01.12.1937), тарих факультетімен қоса «КСРО тарихы» кафедрасын да қатар басқарды [14, 220-п.].

Оның ұстаздық қызметі барысында Абай атындағы Қазақ педагогика институтында өмірінің соңына дейін тарихи білім беру ісінде лекторлық шеберлікпен танылып, ғылыми кадрлар даярлау жолында академик Ақай Нүсіпбеков, тарих ғылы-мының докторы, профессорлар Тәжен Елеуов, Ғазиз Әбішев және Нығметолла Киікбаев тәрізді болашақ қазақ тарихының білгірлерін жетелеп, ғылым кеңістігіне шығара білудегі еңбегі зор [15, 55-б.].

1959-1960 оқу жылы оқу бағдарламаларын қайта даярлау, жаңа профильді мамандықтарды ашу басымдықтарын, өндірістік, педагогикалық тәжірибе және т.б. шараларды талқылаумен басталды. Осы жылдары республикада педагогикалық кадрларды даярлайтын Алматы мемлекеттік педагогикалық институтында жаңа мамандықтар ашылып, оқу мерзімі 5 жылға ұзартылды [11, 91-б.].

1950 жылдардың соңында Алматы мемлекеттік педагогикалық институтында кадрлар даярлау үш факультетте жүзеге асырылды. Тарих-филология факультетінде – 6, физика-математика факультетінде – 3, жаратылыстану-география факультетінде – 5 кафедра жұмыс істеді. Осы факультеттердегі студент контингенті келесідей болды: Тарих-филология факультетінде – 760, физика-математика факультетінде – 669, жаратылыстану-география факультетінде – 671 [11, 91-б.].

1959-1960 оқу жылында «Жалпы тарих» және «КСРО халықтарының тарихы», сонымен қатар жалпы институттық «КОКП тарихы» кафедрасы жұмыс істеді. Осы жылғы профессор-оқытушылар құрамын кафедраларға шағатын болсақ: «Жалпы тарих» кафедрасында – 9, оның ішінде 6 ғылым кандидаты, 3 аға оқытушы, ал «КОКП халықтарының тарихы» кафедрасында – 11, оның ішінде 4 ғылым кандидаты, 7 аға оқытушы, «КОКП тарихы» кафедрасында – 8 ғылым кандидаты, 4 аға оқытушы, 3 ассистент барлығы – 15 оқытушы жұмыс істеген. Жалпы 3 кафедра бойынша оқытушылар саны – 35. Бұл кезде «Жалпы тарих» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент А.Ахметжанов, «КСРО халықтарының тарихы» кафедрасын т.ғ.к., доцент А.И. Кузнецов, «КОКП тарихы» кафедрасын т.ғ.к., доцент Ф.П. Рыбаков басқарды [12, 76-б.].

1961-1962 жылдары Алматы мемлекеттік педагогикалық институты 550 орынға студент қабылдау керек болған, бірақ 1072 студент құжат тапсырды. Оның ішінде тарих мамандығына 100 студент қабылданды [11, 91-б.].

1970-жылдары ҚазПИ-дің тарих факультетінің түлектерінің (тарихшы студенттер) көпшілігі республиканың түкпір-түкпірінде оқу-тәрбие жұмыстарының төрінен, әкімшілік істердің биігінен көрініп, мектеп директорлығынан бастап, ректор дәрежесіне дейінгі, тіпті президент әкімшілік істерін ұйымдастырушы ұстаз-ғалымдар ретінде өздерін көпшілікке байқатып отырды.

ҚазПИ-дің 1973 жылғы түлегі Ж.Қ. Қасымбаевқа университеттің ректоры Қ.А. Қасымовтың кезінде жан-жақты қолдау көрсетілді. Ол 1982 жылы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі ретінде 2004 жылға дейін қызмет етіп, ел тарихының гүлденуіне өлшеусіз қызмет етті. Студенттерге дәріс берудің майталманы Ж.Қ. Қасымбаев – Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындарының студенттері үшін Е.Бекмахановтан кейін үлгілік бағдарлама шығарып,

тәуелсіздігін алған еркін елдің ұлттық тарихын оқытудың жолын қалыптастырған әдіскердің-ұстаздардың бірі [12, 35-б.].

1980 жылдары тарих факультетінде «Қазақ КСР тарихы», «Жалпы тарих», «КСРО тарихы», «Тарих және қоғамтануды оқыту әдістемесі» тәрізді 4 кафедра жұмыс істеді. Осы кезеңде тарих факультетіндегі оқу үрдісі мен оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда барлық кафедраның алдына қойылған негізгі міндет: болашақ тарихшы мамандарды даярлаудың сапасын арттыру мәселесі. Осы мақсатта оқытушы-профессорлар құрамының оқу пәндерін жүргізудегі, студент-тердің өзіндік және саяси-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы, арнайы курстар мен семинарлар, дипломдық және курстық жұмыстарға қатысты мәселелерді талқылау күн тәртібіндегі басты міндетке айналды.

КСРО Ағарту министрлігінің 1982 жылғы 22 қазандағы №32 нұсқауының негізінде барлық кафедралардың жұмыс жоспары мен оқу бағдарламасына өзгертулер енгізілді. Осы кезеңде «Жалпы тарих» кафедрасы бойынша

1980 жылдары тарих факультетінде қайта құрудың жаңа бастамалары мен нақты қадамдары жасалды. Тарихи білім берудегі қиын міндеттер мен жастарды тәрбиелеудегі күрделі мәселелер факультет ұстаздары тарапынан өз шешімін тауып отырды. Осы мақсатта факультет студенттеріне дәріс жүргізуге және оқытушылар мен аспиранттарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету үшін орталықтағы жоғары оқу орындарынан білікті ғалымдар мен жетекші мамандар шақырылды.

Жоғары оқу орнындағы мұғалім даярлау мазмұнында іргелі даярлыққа ерекше мән беріледі [10, 167-б.]. Аталған қағидатты жүзеге асыру оқу пәндерінің мазмұнында ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделген ұзақ мерзімді әрі инвариантты базалық білімдер жүйесін айқындауды көздейді.

Жоғарыда біз қарастырған жоғары оқу орындары Қазақ КСР халық ағарту жүйесіндегі жетекші білім мекемелері ретінде тарих мамандарын даярлауға өлшеусіз үлес қосты. Оқу орындарының түлектері институттарда, ғылыми-зерттеу мекемелерінде және орта білім беру жүйесінің кадр тапшылығын азайтуға ықпал етті.

Қорытынды. 1920 жылдан бүгінгі күнге дейін еліміздегі тарихи білім беру жүйесі ғылыми тұрғыдан айқындалып, мазмұны жағынан жетіліп, даму бағыты нақтыланды. Ұлттық тарихи білімді дербес пән ретінде қалыптастыру, оны оқытудың тиімді жолдарын айқындау және жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Типтік оқу бағдарламалары мен оқу құралдары әзірленіп, білім беру үдерісіне енгізілді. Сонымен қатар, тарихи білімді инновациялық тұрғыдан жетілдіру мәселесін қарастырғанда, кеңестік кезеңде жинақталған практикалық тәжірибенің де маңызы зор екені байқалады. Яғни, сол дәуірде қалыптасқан әдістемелік негіздер мен оқыту тәжірибесі бүгінгі тарихи білім беру жүйесінің дамуына белгілі бір деңгейде тірек болып, өзінің тұғырлық мәнін толықтай жоғалтқан жоқ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті республикадағы халық ағарту саласын білікті педагог кадрлармен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Университеттің қызметі педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындарының қоғамдық-білім беру кеңістігіндегі маңызын арттыруға бағытталды. Осы мақсатта білім беру басқармаларының, жоғары оқу орны басшылығының, орта мектеп директорлары мен халық ағарту ісінің тәжірибелі ұстаздарының өзара ынтымақтастығын күшейту көзделді. Соның нәтижесінде Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық және мұғалімдер институтының республикадағы жалпы білім беретін мектептермен байланысы нығайып, мектеп бітіруші түлектерді педагогикалық мамандықтарға тарту жұмыстары жүйелі әрі қарқынды түрде жүргізілді. Бұл шаралар болашақ мұғалімдерді даярлау ісінің сапасын арттыруға, сондай-ақ еліміздің білім беру жүйесін кәсіби кадрлармен қамтамасыз етуге ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Садыкова А.С., Сайфулмаликова С.С. Подготовка педагогических кадров для Степного и Туркестанского края в учебных округах Российской империи // Bylye Gody. – 2019. – Vol. 52. Is. 2. – С. 714-725.

2. Кунантаева К.К. Развитие женского образования в Казахстане (1920-1975 гг.).: диссертация докт. ист. наук. – Алма-Ата, 1979. – 340 с.

3. Әбжанов Х.М., Кенжебаев Ғ.Қ. Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым саясат. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 308 б.

4. Ильясова А.Н. Проблемы развития педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг.).: диссертация докт. пед. наук. – Алматы, 1997. – 300 с.

5. Құнапина Қ.Қ. Қазақстан ғылымы тарихының кейбір проблемалары (1991-1997).: тарих ғыл. канд. диссертация. – Алматы, 1999. – 117 б.

6. Байдильдина С.Х. Қазақстанда мәдениет пен өнер мамандарын даярлаудың тарихи тәжірибесі (1930-1970 жж.).: тарих ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1999. – 29 б.

7. Балахметова Г.К. Подготовка педагогических кадров в Казахстане (1970-1985 гг.): исторический аспект.: автореф. канд. ист. наук. – Алматы, 1999. – 30 с.

8. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.

9. Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.): тар. Ғыл. доктор. ғыл. дәр. дайынд. автореф. – Алматы, 2010. – 53 б.

10. Мураталиева М.А. Проблемы профессиональной подготовки будущих учителей истории в современных условиях // Мир науки, культуры, образования. –2019. – №4(77). – С. 166-167.

11. Абай университеті. 90 жылдық тарихынан / М. Қойгелдиев, Б.О. Жангуттин, З.Б. Мырзатаева, Ш.Б. Тілеубаев. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Ұлағат, 2018. – 360 б.

12. Тарихтың тағылым айдыны (Абай атындағы ҚазҰПУ-дық тарих факультеті 75 жыл) / Құраст. Кенжебаев Ғ.Қ., Берлібаев Б.Т., Манкеев Н.Б. т.б. – Алматы: Атамұра, 2009. – 288 б.

13. Астемес Г.К. ҚазПИ педагогикалық кадрларының тарихын зерделеу (1970-1991 жж.) контекстінде болашақ мұғалімдерді дайындауда цифрлық технологияларды енгізудің әдістемелік негіздері: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2024. – 170 б.

14. ҚазҰПУ мұрағаты. 1-Л, 1-тізбе, 15-іс, 220-п.

15. Кенжебаева Ғ.Қ., Манкеев Н.Б. Х. Әділгереев тарихшы-ғалым және ұлағатты ұстаз // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2011. – №4(31). – Б. 54-58.

References

1. Sadykova A.S., Saifulmalikova S.S. Podgotovka pedagogicheskih kadrov dlya Stepnogo i Turkestanskogo kraya v uchebnyh okrugah Rossijskoj imperii [Preparation of pedagogical personnel for the Steppe and Turkestan regions in the educational districts of the Russian Empire] // Bylye Gody. 2019. Vol. 52. Is. 2, 714-725. [in Russian]

2. Kunantaeva K.K. Razvitie zhenskogo obrazovaniya v Kazahstane (1920-1975) [Development of female education in Kazakhstan (1920-1975)], Alma-Ata, 1979. 340 s. [in Russian]

3. Abzhanov H.M., Kenzhebaev G.K. Tauelsiz Kazakhstan: zhogary bilim, gylym sayasat [Independent Kazakhstan: higher education, science and politics], Almaty, 2009. 308 b. [in Kazakh]

4. Ilyasova A.N. Problemy razvitiya pedagogicheskoi teorii Kazakhstana (1900-1960) [The problem of the development of pedagogical theory in Kazakhstan (1900-1960)], Almaty, 1997. 300 s. [in Russian]

5. Kunapina K.K. Kazakhstan gylymy tarihynyn keibir problemalary (1991-1997) [Some problems of the history of science in Kazakhstan (1991-1997)], Almaty, 1999. 117 b. [in Kazakh]

6. Baidildina S.H. Kazakhstanda madeniet pen oner mamandaryn dayarlaudyn tarihi tazhiribesi (1930-1970) [Historical experience of training culture and art specialists in Kazakhstan (1930-1970)], Almaty, 1999. 29 b. [in Kazakh]

7. Balahmetova G.K. Podgotovka pedagogicheskih kadrov v Kazakhstane (1970-1985): istoricheskii aspekt [Training of teaching staff in Kazakhstan (1970-1985): historical aspect], Almaty, 1999. 30 s. [in Russian]

8. Turlygul T.T. Mektepte Kazakhstan tarihyn okytudyn teoriyasy men adistemesi [Theory and methodology of teaching the history of Kazakhstan at school], Almaty, 2003. 256 b. [in Kazakh]

9. Berlibaev B.T. Kazakhstanda tarihi bilimnin kalyptasuy men damuy: tarihi-teoriyalyk zertteu (1920-2001) [The formation and development of historical knowledge in Kazakhstan: a historical and theoretical study (1920-2001)], Almaty, 2010. 53 b. [in Kazakh]

10. Muratalieva M.A. Problemy professionalnoi podgotovki budushchih uchitelei istorii v sovremennyh usloviyah [The problem of professional training of future teachers of history in modern conditions] // Mir nauki, kultury, obrazovaniya. 2019. №4(77), 166-167. [in Russian]

11. Abai universiteti. 90 zhyldyk tarihynan [Abai University. 90 years of history] / M. Koigeldiev, B.O. Zhanguttin, Z.B. Myrzataeva, Sh.B. Tileubaev. Almaty, 2018. 360 b. [in Kazakh]

12. Tarihtyn tagylym aidyny (Abai atyndagy KazNPU-dyn tarih fakulteti 75 zhyl) [The learning environment of history (75 years of the Faculty of History of the Abai Kazakh National University)] / Kenzhebaev G.K., Berlibaev B.T., Mankeev N.B. Almaty, 2009. 288 b. [in Kazakh]

13. Astemes G.K. KazPI pedagogikalyk kadrlarynyn tarihyn zerdeleu (1970-1991) kontekstinde bolashak mugalimderdi daiyndauda cifrlyk tekhnologiyalardy engizudin adistemelik negizderi [Methodological foundations of the introduction of digital technologies in the training of future teachers in the context of studying the history of the pedagogical staff of KazPI (1970-1991)], Almaty, 2024. 170 b. [in Kazakh]

14. KazNPU muragaty [KazNPU archive], 1-L, 1-tizbe, 15-is, 220-p. [in Kazakh]

15. Kenzhebaeva G.K., Mankeev N.B. H. Adilgereev tarihshy-galym zhane ulagatty ustaz [Kh. Adilgereev is a historian-scientist and a great teacher.] // Abai atyndagy KazNPU Habarshysy, 2011. №4(31), 54-58. [in Kazakh]